

84.5Каз-Ц
С 32

ҚАДАҚТЫҢ 100 РОМАНЫ

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

ТАР ЖОЛ,
ТАЙҒАҚ КЕШУ

ҚАЗАҚТЫҢ **100** РОМАНЫ

Сәкен СЕЙФУЛЛИН
ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ, КЕШУ

Роман

058220



Алматы
"Жазушы"
2009

84.51523

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44
С 32

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару” бағдарламасы

Жобаның жетекшісі

ҚР ҰҒА академигі *Рымғали Нұрғали*

Редакциялық алқа:

Әлібек Асқаров
Рахманқұл Бердібаев
Есенбай Дүйсенбайұлы
(жауапты редактор)

Мұхтар Құл-Мұхаммед
Есенғали Раушанов
Берік Шаханов

Сейфуллин С.

С32 Тар жол, тайғақ кешу: Роман-эссе. – Алматы: “Жазушы”
2009. – 432 бет. – “Қазақтың 100 романы” сериясы.

ISBN 978-601-200-207-2

Дәуір ұранына сәйкес қазақ топырағында тарихи-революциялық тақырыпқа барған тұңғыш роман-эссе – “Тар жол, тайғақ кешу”. Шығармада 1916–1919 жылдардың оқиғалары қамтылады.

Әрине, таптық ұстанымға сүйенген автордың Алашорда арыстары жайындағы қайсы бір пікірлері бүгінгі көзқарасқа көп ретте қайшы келетіні де рас. “Тар жол, тайғақ кешу” – ең алдымен тарихи, әдеби факт және көркем мәтін.

Ал әр мәтін әр заманда әртүрлі оқыла береді.

С 4702250201-041
402(05)09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-200-207-2

© “Жазушы” баспасы, 2009

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛЫ — 1916 ЖЫЛ

Омбының учительская семинариясын бітіріп, 1916 жылы май айында Ақмола уезіне келдім. Күзге қарсы Ақмола уезінде Нұра өзенінің бойындағы Бұғылы елінде жаңа ашылмақ ауылдық школаға бала оқытуға тағайындалдым. Оқу басталуына екі-үш айдай бос уақыт болған соң, сол жылы жалпы Россияда болған ауыл шаруашылығының санақ қызметіне кірдім.

Ақмола уезінің барлық қазақ елін оңтүстікке және солтүстікке бөліп, екі жағынан екі санақ комиссиясы шықты. Оңтүстікке шыққан санақ комиссиясының бастығы Томск университетін сол жылы ғана бітірген Асылбек Сейітұлы болды. Солтүстікке баратын санақ комиссиясының бастығы мен болдым. Біз бес кісіміз. Аралап есебін алатын еліміз — он екі болыс ел.

Жаздың басы. Елге шықтық. Ақмола қаласынан күнбатысқа қарай шыға отыз бес шақырым Есіл бойындағы елге барып түстік. Елінің болысын, старшындарын жинап, келген жұмысымыз туралы түсіндіріп, елді жинатып, малының, жанының, егінінің, соқа-саймандарының нұсқаларымыз бойынша санағын ала бастадық. Ол елдің санағын алып болып, Есіл бойын жағалап, екінші елге жүріп кеттік. Және ол елдің санағын алып болып, Ақмоланың «Ақсирақкөл» деген Атбасармен шектес, ең шеткі бір елге барып түстік. Елінің көбі Шұбыра деген жерде. Болыс, старшын, тілмаш, поштабайлармен Шұбыраға келдік.

Шұбыра деген — қалың, жиі, сулы томар. Томардың іші, айналасы, маңы — жайқалған көк шалғын. Ұшы-қиыры жоқ тәрізді, ылғи белес. Әр белестің асты ойпаң томар. Маңайда көрінген тау да жоқ, орман да жоқ, адыр да жоқ, жалғыз-ақ белес-белес пен көк иір қалың томар. Шұбыра-

ның қалың ел отырған жерінде кішкене өзенсымақ бар. Белес те, томар да, жай ойпаң жер де — бөрі де көгал. Бөріне де тұтас жасыл кілем жайғандай. Жасыл кілемге түрлі жібекпен кестелеп түр салғандай. Жаздың басы. Жаздың тамылжып тұрған жас уақыты. Суы молырақ томардың басында, өзен өлкесіне жағалай, айнала жайылып тізіліп отырған қалың ел. Бізге оңаша, бір томардың басына үй тікті. Болыс, старшын, тілмаш өздеріне де бізбен қатар бір үй тікті. Көк шалғынға тіккен үйлерге төсеніш керек те емес. Сонда да көк шалғын үстіне кілем төседі. Үйге қазақша дөңгелек аласа үстелдерді әкеліп орнатты. Тіккен үйге кіріп, қағаздарымызды жайып тастап, жиналған жұрттан санақ ала бастадық.

Он екі болыс елдің бір шеті мен бір шеті мың шақырымдай.

Бұл ел бай. Бай ел күйлі. Қымыздың мол уақыты. Қазақ ұйқысы қанып тұрғаннан кешке шейін мең-зең, алқа-салқа болып қыдырып қымыз аулауда.

Жұрттың көбі жұмыссыз болса да санақ алған жерден шықпайды. Сылқылдаған босбелбеу, арамтамақ, буына семірген бұқалардай мырзалардың баққаны күнде кешке ойын, күлкі, сауық, қызойнақ, ән салу, өлең айту. Жақсы әнші, домбырашылар көп. Бас қосып жиналса, күжілдеп-күйлдеп, сылқ-сылқ күліп, бірін-бірі сықақ қылғаннан басқа жұмыстары жоқ. Болыстың, старшынның, билердің бөрі — жуан, дүмді мырзалар. Жиналып отырып сөйлескендеріне қарап отырсаң, бөрі де көкке тойып топтанып, топырақ шашып, күжілдеген бұқалар тәрізді. Маңқиған семіз өгіздер тәрізді. Жалғыз-ақ ертеден кешке шейін қыбырлап, күнге күйіп қап-қара болып, маңдайларынан тері шып-шып шығып, пысынап, байдың жұмысын қылып малайлар жүреді, малшылар жүреді. Күн ыстықта қап-қара болып түтігіп, мал бағатын да малайлар, күнге шыжып шыбындаған асау биелермен арпалысып сауын сауып, қымыз жасайтын да малайлар. Жапан түзді қыдырып, еріндері кезеріп, тезек теріп әкеліп, от жағып, ас пісіретін де малайлар. Өзінің қолымен жасаған ісінің рахатын көре алмайтын да жалғыз-ақ сол малайлар.

Қазақ малын жасырады. Жасырмайтын қазақ кемде-кем.

Шұбырадағы елдің санағын алып болдық. Енді жүрмекпіз. Бірақ ешкім асықпайды. Біз де асықпаймыз. Шұбыра-

дағы елді қиып тастап кеткіміз келмейді. Бұл елден шыққан соң, баратын еліміз алыс. Болыс пен тілмаш, старшын бір-екі күн жатуымызды сұраған соң, бір-екі күнге тоқтадық. Қара сабаның жанды құмар қылатын төтті иісі аңқыған сары қымызы. Бағлан тоқтының еті. Таза ауа, көкорай шалғын, сыңсыған бай бейбіт ел кімді айналдырмайды.

Күн төмен түскен уақыт еді. Күннің денеге жібек торғындай ыстық лебі қайтып, жер де, аспан да көк торғындай еді. Жер-дүние тып-тыныш. Сол кезде барлық жаратылыс жаздың жұпарына мас болып манаурап тұрған тәрізді. Жер-дүние тып-тыныш. Шұбырадағы сыңсып отырған ел де тып-тыныш. Белеске шығып қарасаң, төңірек қаптаған мал, бырдай болып тізілген ел...

Үш жігіт атқа мініп, бой көтеріп келуге шықтық. Аттарымыз да сейдін, көңіл де сейдін. Белеске шықтық, томарларды араладық. Күнбатысқа қарай жүгіртіп кетіп, елдің ең шетіне шықтық. Атбасар уезі мен Ақмоланың шекарасына келдік. Бір белеске шығып, аттарымыздың басын тартып, жан-жаққа қарап тұрдық. Аттарымыз ойқастап, жер тарпып, ауыздықтарын қарш-қарш шайнайды. Төңірек ылғи бір белес, ылди, ойпан. Тұтасқан қап-қара көк. Қалың көк шөп, көк шалғын тұтасып, жер-дүниені қаптаған тәрізді. Жер үсті қап-қара көк теңіз тәрізді. Күн еңкейген мезгіл еді. Алтын күн аспаннан сұлу жерге еңкейген тәрізді. Күннің алтын шұғыласы көк теңіздей тұнған төңіректі неше құбылтады. Ақырын ескен майда ескек тұтасқан көк теңізді ақырын ғана қозғайды. Қара көк жердің қиырсыз үсті тұтасыменен ақырын ғана ырғалады. Жер үсті ұшы-қиыры жоқ алқара көк теңіздей құлпырады. Теңіздей ырғалады. Құлпырған жердің қиырсыз шеті аспан көкпен қабысқан тәрізді. Төңірек тып-тыныш. Күнбатыста, Атбасарға қарайтын жақта, алыстан бұлдырап қатар жатқан екі көл көрінеді... Қара көк қамыстары мұнартады. Сол елдің жігіті — жолдасымнан, мұнартып бұлдыраған көлдерді сұрадым.

— Анау не көл? — дедім.

— Ол — Өүпiлдек, Алакөл, — деді.

— Уай! Өүпiлдегің өлгі, көдімгі өлендегі «Өүпiлдек» пе?— дедім.

— Ие, сол өлендегі Өүпiлдек. Сол өленді шығарған қызды алған адам, сол Өүпiлдекті мекен қылатын елдікі ғой. Елі

қазір сол көлдің ар жағында отыр. Бірақ бұл жерден көрінбейді, — деді.

— Е, е, өлендегі Өүпілдек осы десейші... Ол келіншек қазір өлген ғой, ө? — дедім.

— Иә, өлген, бейшара, сол қайғыдан өлді ғой! — деді...

Ұшан-теңіз белестердің ортасында, ат үстінде, өлгі көлдерге қарап тұрдық...

«Сүйгеніне бара алмаған, малға сатылған сорлы қыз қайғыдан өлді ғой...»

...Көз алдыма келіп елестеді: Оның жылағаны... Сатылып барған жерінен Өүпілдек көлін жағалап, неше рет жаяу қашқаны көз алдыма елестеді... Тап осындай тып-тыныш жер мен көк... Төңірек тым-тырыс, елсіз, шалқыған көл. Жылап келіп, көл жағасында отырған жалғыз әйел. Манаураған жер мен көк — меніреу. Меніреу жаратылыс көздің жасын көрмейді. Жылаған жанның қайғысын сезбейді. Жалғыз-ақ еңіреген әйелмен бірге көлдің қамыстары ғана теңселіп сыбдырласып, сусылдасып сөйлейді. Көлдегі құстар ғана еңіреген әйелмен бірге сыңсып, шулап жырлайды... Әйел жылайды... Әйел жырлайды.

Қамысы Өүпілдектің мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше!
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Барар ем қалқажанға өлденеше!..

Қар басты Өүпілдектің қамыстарын,
Айтады өркім көрген қасірет-зарын.
Түседі қайғылыға қара тұман,
Кім білер сол тұманның ашыларын?!

Еріксіз Өүпілдекті мекен еттім,
Жасым жас, он алтыға жаңа жеттім!
Айырған екі ашықты еңіретіп
Ісіне бар ма шара күдіреттің!..

Тағы да көп сурет көз алдыма елестеп, біраз Өүпілдекке қарап тұрып қайттық...

Кешке жақындағы бір ауылда ел жігіттері ойын жасады. Ойын жасаушы жігіттердің бастықтары – старшындар, болыстың тілмашы, Байсейіт және басқа пысық жігіттер.

Ойынға бізді де шақырды. Біз төрт кісіміз. Екеуі ноғай жігіт, біреуі орыс, төртіншісі мен. Орыс Михаил деген шал-

дау кісі. Екі ноғай жас жігіттер. Екеуі де мұғалім. Біреуі Ғалымжан, Ақмоладағы қалалық ноғай мектебінің мұғалімі. Біреуі Нұрғайын, қазақ арасында орысша мектепте учитель. Ойынға Михаил мен Нұрғайын бармады. Нұрғайынның сол күні бір тісі ауырған еді. Ойынға Ғалымжан екеуіміз бардық.

Ішін жөндеген, жағалай кестелі тұс киіз ұстап, кілем төсеген, безеген, оңаша отау үй. Лық толған қыз-келіншек пен бозбала. Біз Байсейіт пен Ғалымжан және бес-алты ел жігіттері — бәріміз отауға кіріп келдік. Бізді күтіп жатыр. Жоғары, араластырып отырғызды. Жұрт отауда дөңгелек айналып отыр. Бізге таяу, бізге қарсы бір өнші старшын мен тағы да сондай бес-алты бастық жігіттер келіп отырды. Біраздан соң болыс пен бес-алты ірі кісілер де келіп, төрге шығып отырды. Болыс пен біраз ғана ірі кісілерден басқа жігіттер мен қыз-келіншек араласып отыр. Байсейіт, Ғалымжан үшеуімізді де бірыңғай қатар, қыздардың араларына отырғызған. Жағалай қымыз беріп жатыр. Қымыз ішіп болғанға қарамай-ақ жұрт дуылдасып ойнап отыр. Қыз-келіншектер барын киген. Қозғалса, шаштарына таққан күміс шолпылары, білезіктері сылдырайды. Жібек киімдері көлдің қозғалған көк құрағындай судырлайды. Бәрі де әдеппен сызылып, қасындағы жігіттермен аңдысып сөйлесіп отыр. Күні бойы қымыз ішкен жұрт тағы да қымыз ішкен соң тегіс қызып алды. Екі-үш жерде шам жанулы. Отау лық толған. Отау сықырлайды. Болмай кіріп кеткен бала-шағаларды шығарып, есік жақта екі-үш жігіт жүр. Өнші старшын жігіт біздің қарсы алдымызда домбыраны безеп, сыңқылдатып шертіп отыр. Отырған жанның бәрі де тіпті ішпей мас. Қоп-қою сары уыз қымыз. Көкпеңбек болып жайнаған жаз. Жаздың барқыттай жұмсақ кеші. Неше түрлі кілем, тұс киіз, перде ұстап безеген отау. Арқаның жұтынған, мөддіреген сұлулары. Бәрі қосылғанда кімді мас қылмас, кімді балқытпас. Түрлі ойын ойналып жатыр. Ойынның бәрінің де шарты өлең мен өн болып шығып жатыр. Домбыра қолдан-қолға көшеді. Өнді бір жігіттен бір жігіт асырып салады. Бір қыздан бір қыз асырып салады. Жеке-жеке де салады. Екі-екіден қосылып та салады. Неше түрлі құбылған, бұралған, кестелі, өрнекті сұлу өн естіледі. Неше түрлі өлең естіледі. Ғалымжан екеуіміздің арамыздағы қыз жеке өн салды. Тағы бір қызбен қосылып салды.

Бір кезде Байсейіт екеуіміздің арамыздағы қыз өн салды. Бұл бір — орта бойлы, қара торы жастау қыз. Жасы не он бес, не он алтыда, көп болса он алты, он жетіде. Бұған өн салатын кезек келгенде отырған жұрт тына қалды.

Кейбір бастық жігіттер:

— Қабиба домбырамен айтсын, домбырамен! — деді. Өзге қыздар домбырамен айтқан жоқ еді.

— Бұл бала домбырамен айтушы ма еді? — дедім.

— Иә, иә, домбырамен айтатын бала, — десті.

Қабиба домбыраны алды. Дуылдап отырған жұрт теп-тегіс тынған. Домбыраны алып, жөнделіп, қозғалып отырды. Мен де қозғалып, Қабибаның орнын кеңіттім.

Қабиба маған қарап жымыяп:

— Отыра беріңіз бұрынғыңыздай, — деді.

— Қане, қане, шырағым, бөгелме, ана қасында отырған сый балалар лебіңді естісін!.. — десті.

Қабиба домбыраны дыңылдатып бұрап, күйге келтіріп, әдемі сүйріктей саусақтарымен пернелерді сыдыртып, желдіртіп домбыраны қағып-қағып жіберді.

— Е, шырағым!.. — деп болыспен қатар отырған үлкендер қозғалып қойды.

Кеудесін қозғап, ілгері керіңкіреп тастап, Қабиба домбырамен бірге шырқап қоя берді.

Үйдегі лық толған жұрт тым-тырыс. Барлық жұрттың көзі Қабибада. Сылдыраған әдемі дауыспен Қабиба шырқады. Өнінің, дауыстың ырғағына ертіп, домбыраны да шырқатты... Жаз күні жырлаған бозторғай шырқап-шырқап, мың құбылтып даусын құйқылжытып, көкке қарай өрлейді. Қалтыраған, сылдыраған дауыспен бірге қанаттарын қалтыратып қағып, биік шарыққа көтеріледі. Бір уақытта төңкеріліп, ұйтқып, құйқылжыған дауыспен төмен түседі. Бір уақытта шарқ ұрып серпілген дауыспен қайта көкке шығады. Көкте жүріп шыр көбелек айналып, тағы мың құбылтып жырлайды. Бір уақытта дөңгеленіп тұра қалып, бір нокатқа қадалып, қанаттарын қалтыратып, әдемі, зарлы сұлу дауыспен жырды үзілтіп-үзілтіп, түйдек-түйдек тізбектейді. Сөйтіп, бозторғай мың құбылтып жырлайды...

Бозторғайдың жырын тыңдайсың. Жалғыз сен емес, бозторғайдың жырын жер мен көк те тыңдайды. Бозторғайдың жыры маужыраған жер мен көкті тербетеді... Міні, тап сол бозторғай Қабиба да бозторғайдай шырқап сұлу

даусын көкке өрлетті. Бұл да даусын көкте неше түрлі құбылтып төңкерді. Бұл да даусын қалтыратып, неше түрлі құбылтты, неше түрлі ойнатып даусын төмен қалықтатты. Және неше рет шарқ ұрып серпілдіріп даусын көкке шығарды... Бір уақытта даусын үзіп Қабиба тоқтатты. Отырған жұрт өрең қозғалды. Өнге сұқтанды. Өдемі дауысқа сұқтанды. Қабиба домбыраны таяу отырған бір жігіттің алдына сұлық қоя салды. Жұрт тұс-тұсынан Қабибаға: «Тағы да, тағы да!» — деп жабырлады. Біз де тағы да айтуын сұрадық. Қабиба тағы да айтты. Тағы да үш-төрт өнге салды. Енді Қабибаның өнінен басқа өн естігіміз келмеді. Ойын қызды. Жұрт Қабиба өнінің өсерімен әуеленіп алды. Менің қасымдағы Ғалымжан тугалы қазақтың мұндай ойынын, мұндай өн естіген жоқ екен. Енді Ғалымжанның есі шығып кетті...

Таң атып келе жатқанда ойын тарқады.

Біз жаяу үйге қайттық. Үйге келіп жатып ұйқыға кіргенше, Ғалымжанның ақыл-есі кіріп жеткен жоқ.

Үйге қайтып келе жатқанымызда:

— Ну Сәкен, қазақты мен жаңа ғана білдім! Шарық музыкасының не екенін жаңа ғана аңладым. Қазақ болмағаныма ырза емеспін. Қазақ ішінде өспегеніме ырза емеспін! — деді. Және: — Үйленбей тұрған кезімде қазақтың мұндай екенін білсем, қаладан безіп, қазақ арасына сіңіп кетер едім! — деді.

Шұбырадан аттандық. Ендігі баратын еліміз алыс. Таң ертеден қос-қос атпен кешке шейін жүгіртіп, ара қонып, өрең жеттік.

Ақсирақкөл елінен (Шұбырадан) шығып келіп санағын алған еліміз Моншақты елі, Қарабұлақ елі, Қызылтопырақ елі, бұлар — үш болыс ел.

Бұл елдердің санағын алып болып, Қанжығалы Қоржынкөл еліне келдік. Қоржынкөл елі Семей губерниясының Павлодар уезімен шектес болады. Қанжығалы Қоржынкөл еліне июньнің ақырғы кезінде келдік. Елі болыстыққа таласқан екі партия. Бір партияның басы болыс, екінші партияның басы тағы да бір жуан, былқыл мырза. Болыстары әмірін еліне қаттырақ жүргізіп, тізесін елге қаттырақ батырып, көпшілікті өзіне қарсы қылып алған екен. Бір болыс елдегі мың жарымдай үйде болыс жағында жүз шамалы-ақ үй қалған екен. Бірақ болыс қалам қолында болған соң қасқырдай дүрдііп, бұрыннан ықтап қалған елді

беттескенде әлі де қорқытатын түрі бар екен. Болыс ауылына күн бұрын хабар жіберген едік. Ауылы Ащыкөл, Қасқаат деген қатар екі өдемі көлдің басында екен. Күн төмен салбырап тау басына таянған кезде бір белес төбеден асып түсіп, «Ащыкөлдің» құбыла жақ үстінен шыға келдік.

Көлдің бір жақ басында аз ғана үйлі екі-үш ақ ауыл. Екінші жақ басында тағы да аз ғана үйлі екі-үш ауыл. Төрт-бес атты кісі көлдің бергі басында, көлге жылқы жауып жүр екен. Қара жолмен көлге қарай ентелетіп келе жатқан бізді көріп, жылқы жауып жүрген атты кісінің бірі бізге қарай жүрді. Келе жатқан адам жүзіктің көзінен өткендей өдемі жарау атқа мінген, астында ақ күміс ер-тоқымы күнмен шағылысып, жарқ-жарқ етеді. Өдемі қара ат жігіттің астында. Үстіндегі күміс ер-тоқымды жарқылдатып, ойқастап, сылаң-сылаң етеді. Қара аттың үстіндегі ұзын аққұба жігіт. Үстіндегі киімдерінің жалғыз-ақ шапаны қазақша. Өзгесі өдемі қала киімдері. Баста өдемі панама қалпақ, аяқта өдемі бөтеңке. Мен тани кеттім. Бұл — Төлеубай. Бұл — қазір осы Қоржынкөл елінің болысының тілмашы. Болыс — осы Төлеубайдың әкесімен бір туысқан Олжабай дейтін кісі. Төлеубай менімен жасынан ашына еді. Екеуіміз Ақмолада бірге оқып жүргенде бір үйде бір жыл бірге жатқан едік.

— Ассалаумөлекім!

— Уәликімсәләм!

— Уа, мал-жан аман ба?

— Уа, шүкір! Ой-бой-ой! Көрісетін күн де болады екен ғой!

Амандастық. Оқып жүргендегі таныспен шұрқырасып, қуанысып, шүйіркелесіп қалдық.

Бізді болыстың кандидаты-орынбасары, немере інісінің үйіне әкеліп түсірді. Біраз сөйлескеннен кейін Төлеубай маған қарап:

— Сен есіттің бе, қазақтан әскер жұмысына жігіт алатын болыпты дейді ғой?.. Бізге он тоғыз бен отыз бірдің арасындағылардың есебін алып жібер деген отношение бар, — деді.

Мен:

— Жоқ... Біз ондай сөзді естігеніміз жоқ. Қалай алады екен, кімді алады екен?.. Қашан алады екен?.. — деп бұл хабарды естімегенімізді білдірдім.

— Бұл хабарға жұрт нанар-нанбасын білмейді, үрпін-кіреп, құлағын түріп қана отырған түрі бар. Осы хабардың анығын біліп келуге, көкем қалаға кетіп еді. Кеше келмекші күні еді, келе алмады... Енді бүгін келер деймін, — деді...

Бұл туралы және басқа да түрлі әңгімелесіп отырдық.

Болыстың ауылы қатар біткен екі әдемі көлдің жағасында, ауыл көкорай шалғынның үстінде. Біз отырған үй — алты қанат ақ отау, іші таза. Жасаулы емес, бірақ төсеніштер жақсы. Кереге-уықтары сырлы... Тысқа шығып-кіріп, самауырды жөндеп қайнатып, басқа шай жабдықтарын ыңғайлап, болыс орынбасарының қатыны жүр.

Күн қызарып батуға таянған. Күннің күндізгі ыстығы қайтқан. Көл басының ауасы жанға жұмсақ, қоңыр майда мезгіл. Домбыра тартып, малдасын құрып болыстың орынбасары отыр. Іргеге жағалай қабаттап салған көрпелердің үстінде және іргеге жағалай тастаған дінкиген кірлеу тартқан ақ тысты жастықтарға сүйеніп біз жатырмыз. Күн ыстықта жолды-жолсыз жерлермен жүрген соң, солқылдақ арбаның соққанынан шаршап қалған екенбіз. Жастыққа шынтақтап қисайып жатырмыз.

Дөңгелек аласа үстелді жасады. Шашақты, гүлді көкшіл дастарқанды жайды. Қызыл көрден шыны аяқтарды сылдыратып жасап, қымызға илеген, жаңа пісірген ақ бауырсақты дастарқанға төкті. Үлкен қылып шаққан түйір секерді үстелге жаудырды. Екі шыны табакқа сары май салып, күжілдетіп ақ самауырды келтіріп, шайға ишарат қылды... Үстелге иіріліп отырып шайды іштік. Ол екі арада маңайдағы үш-төрт көлдің басындағы елдің адамдарын жинатуға болыстың тілмашы бұйрық қылып, кісі шаптырып жіберді.

Кеш батқан соң сонда түнеп, ертеңінде тілмаш өз үйіне қонаққа шақырып, сонда бардық. Жұрт аздап жиналып жатыр... Түс уақтысында қаладан тілмаштың әкесі, болыстың ағасы Барекен келді. Ауыл жігіттері сәлем беріп алдынан шығып, атын ұстап, аттан түсіріп алып, құрдай жорғалап, есік ашып енгізіп, күтіп жатыр. Үйде отырған біраз ел кісілері түрегеліп, Барекенмен қол ұстасып амандасты. Біз де амандастық. Жұрттың бөрінің екі көзі Барекенде. Төсек жағына, төрдің алдына шығып, Барекен шаршаған түрмен, бірдемеге қатты күйінген түрмен, «уһ!», «аһ...» деп, екі иығынан дем алып шешініп жатыр.

Жұрт амандасып:

— Қаладан не хабар бар? — деді.

Барекең отырып жатып: «Уһ! Шүкір... Не хабар сұрай-сындар... Қазақтан кісі алатын болды ғой. Міні, жарлығы!» — деп, қалтасынан бүктелген, жуан өріптермен орысша басқан бір жарнаманы алып, тілмаш баласына тастай берді.

Баласы алып оқыды.

Жағалай отырған жұртта және тыстан кіріп, есік алдында иін тіресіп, телміріп қарап тұрған жұртта үн жоқ, бөрінің өңдері қашып кеткен. Жарнаманы Барекең баласына тастай бергенде, үйдегі барлық қазақтың өңі қашып кетті. Жарнаманы маған берді. Мен де алып қарадым.

«25 июньде патша ағзамның жарлығы бойынша қазақ халқының он тоғыз бен отыз бір жастың арасындағы еркегі өскерлік жұмысқа алынады...» — деп, Ақмола губернаторының қылған жарнама бұйрығы екен. Үйдегі жұрт үрейленді. Менен мұның «мөнісін» сұрады.

— Мен не дейін?.. Өскер жұмысына кісі керек болған соң, қазақтан алайын деген ғой!.. — дедім.

Өскердің қара жұмысы дегенге нанбайды.

— Бұл өншейін алдаған іс қой. Солдаттың нағыз өзі ғой бұл... Ой, құдай-ай, бұл не деген сұмдық?.. Ой, пірім-ай! — десті. Жұрт тіпті үрейленді...

Ол елдің санағын тезірек алып, өрмен жүріп кеттік. Болыс ауылынан шыға, екі-үш шақырымдай жердегі Қасқаат көлінің басындағы бір ауылға қондық. Ертеңінде екі бөлініп жүрдік. Ғалымжан мен Михаил бір бөлек Спасск, Қарағанды еліне кетті. Біз, Нұрғайын екеуіміз, қасымызда бір қазақ поштабайымыз бар, Сілеті бойындағы елге кеттік. Жүріп отырып, жүз шақырымдай жердегі екінші болысқа — Сілеті еліне жеттік.

Болыстың өз ауылына бармай, бергі бір қалың еліне түстік. Елге ымырт жабыла барғанбыз. Барысымен, тынығып жатып, ертеңіне ар жағындағы, ауылы елу шақырымдай жердегі болысына кісі жібердік.

Ол күні болыс келмеді. Бөлек тігіп берген бір жаппада біз тынығып жатырмыз. Күн ыстық. Ел, суы жоққа тандық бір өзенше жардың жағаларында ел қалың, өзі кедейлеу. Қазақтар жиналып жүр. Болыс пен тілмаш келмейді, біз іс бастай алмай жаттық.

Сол елдің старшыны келген. Старшын бір саба қымыз әкеліп, біз жатқан жапаның ішіне енгізіп қойды. Қымызды ішіп жатырмыз, жақсы қымыз. Әкелген тоқтыны сойып, етін сол үйдің жанынан қазған жерошаққа асып жатыр. Үйдің маңайында жиналған қазақ ыстық күнге күйіп, топтанып әр жерде отырып, жемтікке үймелеген күшігендерше үймелесіп сөйлесіп жүр. Үйдің ішіне жағалай жайылған киіздің үстіне кілем төсеп және жағалай іргеге көрпе төсеп, іргеге жағалай жастық тастаған. Жастықтарға сүйеніп, көрпелердің үстінде біз жатырмыз. Анда-санда тысқа шығып келеміз.

Күннің ыстығының әсерінен, жаңа ішкен қымыздың әсерінен тершіп, омырау түйемізді ағытып, желпініп, өздерімізбенен әлекпіз.

Күн төмен түскенде болыс пен тілмаш келді. Екеуі де ат қағып, күнге күйіңкіреп келген екен. Аттарынан түсіп, үйдің жанында тысқа шығып тұрған бізбен амандасты.

Болыс келген соң қазақтар топтанысып, көбірек жиналысып қалды. Болыс пен тілмаш үйге кірді. Әңгімелесіп отырдық. Шай іштік. Шай ішіп болған соң, болыс пен тілмаш тұрып, бір үйге барып орнығуға, таяу ауылға кетті.

Кешке болыс пен тілмашты шақырып алып, ертең ерте санаққа кірісуге керекті қағазды даярлатып, әр старшының списоктерін даярлатып, жатқанша іс істеп отырдық.

Санаққа керекті істерді бітіріп, ас жеп, жаттық. Жазғы түн қысқа, таң өте тез атады...

Күн көтеріліп, сөске болғанша ұйықтадық. Көп ұйықтай берер едік, біз жатқан оңаша үйдің сыртынан шыққан көп адамның күңіренген жылауы оятты.

Түсім ғой деп біраз жаттым. Күңіренген, ызындаған, жылаған дауыс құлағымға күңгірт естіледі.

Ызындаған дыбыс бірте-бірте жақындап, анығырақ естілді. Әйелдердің дауыстары төрізді. Шулаған, жамыраған дауыстар, оларға араласқан еркектердің сөйлеген дауыстары естілді. Үйге біреу кіріп, қасымыздағы жігітті оятып, екеуі сөйлесіп күлісті. Кірген кісі күбірлеп:

— Ақымақ қатындар, өкірген сиыр төрізді-ау өздері! Бұларға не жоқ екен?.. Бәрі, осы, таң атпай жиналысып, шуласып жылауда, — деді.

Оған біздің қасымыздағы жігіт тамсанып күбірледі.

— Онысы несі, анығына жетпей, өкірген сиырдай шуласқаны? Ө-әй, қатын ит-ай, ақымақтығың осы-ау! — деді.

Көзімді аштым. Үйдің іші көтерілген күннің ыстығынан ысыңқыраған. Түндік ашылған жоқ. Азырақ бір жақ шеті қайырыңқыланған. Үйдің іші жарық. Біздің жолдаспен сөйлесіп отырған жігіттің қағаз пакет салған үлкен аспа былғары қалтасы бар. Қайыс өткізіп омырауына асқан жарқыраған жез знагы (белгісі) бар. Тайдың тұяғындай. Әр жеріне жезден белбеу салған жалпақ қара қылышы бар. Бұларының бәрін шешіп алып, керегеге, тұсына қыстырып қойды. Өзінің қара бешпетінің иығына таққан өрген қызыл жіптен погон «шені» бар. Түріне, сыртқы белгілеріне қарағанда, қаладан келген шабарман жасауыл екенін айтпай-ақ білетін.

Мен басымды көтердім.

Жасауыл менімен амандасты... Үйдің артында едәуір жерде жылаған, ызыңдаған дауыс әлі естіліп тұр. Жасауылдан қысқаша жөн сұрап, үйдің артындағы шудың жайын сұрадым.

— Ақымақ қатындар ғой, таңертең Омбы жақтан келген біреулердің сөзінен және мен келген соң бет алдына үрейленіп, «балаларымызды солдатқа алады» деп, жиналысып, жыласып жатыр. Ақымақ қой, жылағанда қолдарынан еш нәрсе келмейді, әйтеуір, ақымақтықпен далбаса қылады, — деді.

Тез тұрып киіндім. Нұрғайын да тұрып киінді... Өңгіме былай болған екен:

Біздің жатқан еліміз Омбы уезімен шектес. «Өскер жұмысына қазақтың он тоғыз бен отыз бір жастың арасындағысы тегіс алынады» деген соң, Омбы уезіндегі жүрген осы елдің бір-екі жігіттері қорқып, қашып келіпті. Келгенде олар әңгімені көпіртіп, түрлендіре сөйлеп, бірте-бірте өндеп: «Ойбай, солдат алатын болды. Мына жақта, Омбы уезінде алуға кірісіп жатыр. Қара жұмысқа дегені өтірік. Соғысып жатқан майданның ең алдына апарып қазақты шеп қылмақ дейді. Енді өлгеннен басқасы жоқ...» — деп келіпті. Және олар келіп отырғанда, қаладан түнделетіп, біздің жатқан жерімізге мына жасауыл келіпті. Жасауылдан ауыл адамдары бұл хабардың мәнісін сұраса, ол одан сайын қорқытты:

— Е, несі бар! Рас, бөріңді солдатқа алады. Алса қайтеді екен?.. Бармайсыңдар ма?.. Бұл патшаның жарлығы. Патшаның жарлығы екі емес. Онан да Құдай деп, даярлана бөріңдер. Мына мен болыстарыңа үскірікпен бұйрық өкеліп отырмын. Бөлем, енді сендер де солдат болыңдар... — депті.

Енді қазақтың үрейі кетпей қайтсін!..

«Ой, Алла-ай! Ой, Құдай-ай, бұл не деген сұмдық!.. Құдай-ай, пірім-ай, бұл не деген заман болды! Алла-ай! Ақсарбас! Ой, Алла-ай, бозқасқа!.. — деп, қазақ өгіздей өкіріп жылай бастаған. Қатындар күңіреніп, шуласып, балаларын, бауырларын айтып, азан-қазан болып, ауыл-ауылдан топтанысып шығып, жиналысып жылап, біз жатқан үйдің тұсына келген...

Біз тұрған соң қатындар топтанысып, біздің үйдің жанына келді. Қатындармен бірге біраз еркектер де келді.

Қатындар шулап, жамырап сөйлеп келеді:

— Балаларымызды солдатқа алуға келген екенсіңдер! Сендердің «санақ аламыз» дегендерің солдатқа алуға жарайтын адамдардың санын алайын дегендерің екен. Сен қазақ болсаң да орысқа сатылып, бізді орысқа ұстап берейін деп келген екенсің! Шырағым, қазақ емес пе едің?.. Мұсылман емес пе едіңдер?.. Бұларың қалай?.. Жап-жас баласыңдар. Бұл не қылғандарың?.. Өсте ме екен?.. Біз саған санақ бергізбейміз. Өзің келген ізіңмен қайт. Бізге тиме, — десті.

Бөрінің өндері қашқан. Үріккен. Үрейі ұшқан. Айтқан сөзге түсінбейді. Сөзді тыңдамайды. Қатындардың көбінің қолында таяқ, шоттың сабы. Еркектер әдейі қатындарды сөйлетіп қоя беріп, өздері үндемейді. Бірақ осыны өздері білдіртпеген болады. Қатындарды тоқтатып басқан болады. Бірақ ішкі қулықтары қатындардан да жаман көрінеді. Халыққа ақыл ғып айтып, істің мәнісін түсіндіріп сөйледік. Болысын, тілмашын шақырып, әрең деп тоқтаттық. Біздің санағымыздың кісі алынатын іспен байланысының жоқ екенін айттық. Әрең деп қатындарды тоқтатып, еркектерді жинап, шала-пұла санақ алған болдық.

Бірақ халықтың бізге қарауы өзгерді. Ел бізге нанбайтын тәрізді, «үкіметке керекті адамның санын алып берейін деп жүр» деп жорығандай түрі бар.

Елде мінетін арба жоқ. Бөрін тығып қойса керек. Ауылдың старшыны бір арбаны әрең тауып өкеп жекті. Біз де жүріп кеттік. Болыс пен тілмаш та ауылдарына асығып

жүріп кетті. Манағы қаладан келген жасауыл қазақтың он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы жастарын өскери қара жұмысқа алу туралы бұйрық әкелген екен. Бұйрық тығыз. Тез сол он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы жастардың санын алып, қалаға жеткізуге болыс-болысқа бұйырыпты. Сол себепті болыс ауылына асығыс жүріп кетті.

Біз ол елден шығып, Ақмола уезі мен Павлодар уезінің шекарасындағы Өлеңті деген өзеннің бойындағы, қара жол аузындағы мал докторы тұратын жерге соқпақпыз.

Екі ара екі жүз шақырымдай жер, елі сирек... Біз әлгі жатқан ауылымыздан шығып күншығыс-оңтүстікке қарай жүріп, бес шақырымдай жердегі сол елдің бір ауылына келдік. Тез лау бере қоймаған соң, қасымыздағы жігіт өзі салт атқа мініп, желі басынан ат ұстамақ болып жүріп, ауылдың бір жігітімен шаң-шұң жанжалдасып қалды. Біз байдың үйінде отыр едік. Біздің жігіт түсі бұзылып ентигіп, үйге кіріп келді. «Бір жігіт ат бермей, өзімді боқтап, ұрып жіберді. Ат беретін емес...» — деді.

Мен тысқа шығып азырақ ашу қылып, байға ақырып, қыр көрсетіп, қағаз-қарындаш алып, байдың және жанжал қылған жігіттің есімдерін қағазға жазып алған болдым. Бай азырақ қорқып, тезірек ат ұстатып, лау берді.

Жүріп кеттік. Мінген атымыздың бірі байдың желісінің басынан ұсталған тоқпақ жалды көк айғыр. Көк айғырға біздің жігіт салт мінді. Айданқырап жүріп кеттік. Ендігі мақсат қазақтан санақ алу емес, Өлеңтідегі мал докторына тезірек жетіп, сол жердегі малдың санын алып, қалаға тура қайту. Енді қазақтан санақ алуға болмайтынын білдік.

Жолшыбай бір-екі ауылға түстік. Еркегі көбірек ауыл ат беретін түрі жоқ және жылқылары да шамалырақ, келейлеу ел екен. Қазақ елеуренкіреп алған төрізді.

Кешкі күн батуға айналғанда, бір жалғыз ауылға келдік.

Жылқылары жоқ кедей ауыл екен. Бірен-саран мініп жүрген аттарын тығып, бізге көлік берген жоқ. Мініп келген өзге аттарымызды сол ауылдан қайырып, әлгі байдың көк айғырын алып қалғанбыз. Енді жалғыз соған арбаны өрен деп жегіп, шүү деп жүріп кеттік. Айғыр асау екен. Тулап, арбаны дала мен тауға ала жөнелді. Жолсыз жермен арбаны анда-санда аяғын жерге бір-бір тигізіп, қаңғалақ ойнатып, тарсылдатып алып қашып келеді. Айғыр тулай шабады. Айғырдың басына жігіт ие бола алмай, әлі жетпей келеді.

Божы тізгіннен ұстап мен де жігітпенен қосыла тарттым. Болатын емес. Біз бір төбеден асқанда, қамыттың құлақ бауынан арбаның тертесі сыпырылып кетіп, салдыр-гүлдір етіп, асты-үстіне келіп, опыр-топыр болды... Арбаның астында қалып, тез аунап, домалап ұшып түрегелдік. Бел жібі аттың ершігіне ілініп қалып, арбаның алдыңғы белдік екі дөңгелегімен, белжіптің бір ұшы байланған тертесін айғыр тепкілеп сүйретіп, бізді айнала шауып жүрді.

Қамалап айғырды ұстадық. Айғыр қалш-қалш етеді. Өрең деп арбаны жинап, айғырдың көзін белбеумен тартып, ернін қайыспен бұрап, қайта жегіп, ақырын жүріп кеттік.

Күн батты. Ел көрінбеді. Кеш болды... Ымырт жабылды... Ел жоқ. Дыбыс жоқ. Күнбатыс құбыла жақ — адыр. Күншығыс жақ — дала. Төңірек тым-тырыс. Тірі жан жоқ. Аспан бұлтты. Жаңбыр болмаса игі еді деп қорқамыз. Бір тарлау жолмен жүріп келеміз. Жол жалғыз аяқ соқпақ болды. Аяңдап келеміз... Көп жүрдік. Бір мезгілде айғыр болдырды. Жаю жүрдік. Айғыр салт арбаны аяңдап тартып келеді. Әбден түн болды. Тұрып тыңдап-тыңдап жүреміз. Дыбыс жоқ. Соқпақ бірте-бірте азайып, ақырында, бір шөпті, құрақты, кең ашылы құлмақанды сусыз көлге келіп бітті. Соқпақ біткен соң кедір-бұдыр томарларға, шұқанақтарға соқтығып келеміз. Дүлейге түсіп кеттік. Мұрынға сусыз сортаң көлдің сасық иісі келеді. Қопаның ащы иісі келеді. Сүріне-жығыла өрең дегенде көлдің арасынан шығып, жолсыз беталды оңтүстікке қарай жүре бердік. Аяңнан артық жүрмейміз. Арбаның жанында жаяуымыз. Айдалаға шықтық. Аспандағы қалың бұлт бірте-бірте ажырап ашылды. Бұлт тарқап, аспан ашылса да түн қаранғы. Бір уақытта соқпақ кез болды. Соқпаққа түстік. Жолдас жігіт көк айғырдың үстінде, біз екеуіміз арбаның соңында салпақтап жаяу келеміз. Жүріп-жүріп таңға таянғанда, бір жерге келіп, атты доғарып жаттық. Атты қаңтарып арбаға байлап тастадық. Өзіміз арбаның қасына жерге ұйықтап қалдық. Жаздың қысқа таңы тез атты. Таң адырдан асып, талаурап-таңдақтанып келе жатқанда-ақ ояндық. Тұрып арбаны жөндегенше жер жүзі көрініп қалды. Қасымыздағы төбеге шығып қарадық. Бет алдымызда, құбыла жақта, қаптап жатқан жылқы көрінді. Түндегі жүріп келген соқпағымыздың беті солай екен. Соқпаққа түсіп жүріп кеттік. Айғырдың көзін таңып алғамыз. Жігіт

17 0 5 8 2 2 0

айғырдың үстінде. Нұрғайын екеуіміз арбадамыз. Жылқыға таянып, бір белге шыға келгенімізде, алдымызда төрт-бес ауыл көрінді. Қатарына келгенде жылқыдан бізге қарай бір-екі жылқышы шықты. Біз жылқыдан ат мінуге ойлап, жылқышыға бұрылып жолықтық. Бұл жылқышы астындағы атын жегіп, шеткі ауылға келдік. Павлодар уезіне қараған елдің шеті екен. Ауыл жаңа тұрған екен. Еркегі аз, бірлі-жарымды еркек, қатын, бала жиналып келді.

— Кім боласыздар?.. Қай жақтан келесіздер? — деп танырқасып жатыр.

Енді өтірік айттық. Санақ алушы едік демей: «Жер өлшеуші землемерміз, Ақмола, Омбы, Павлодар уездерінің шекарасын көріп жүрміз», — дедік.

«Енді Өлеңтідегі докторға барамыз», — дедік.

Менің үстімдегі киімдер семинария школасының формасы: сары түймелі киімдер болған соң, мен «жер өлшеуші төренің өзі» бола қалдым. Нұрғайын тілмаш бола қалды. Мен қазақша білмеймін. Орысша сөйлеймін. Нұрғайын перевод қылады. Бір қазақтың үйіне түстік. Шаршап келген бетімізбен мен жастыққа қисайып жатырмын. Нұрғайын отыр. Жігіттеріміз арбаның қасында, үйге кірмей тұрғанымызда, жиналған қатындар және бір еркектер мені «орысқа ұқсамайды, қазақ төрізді екен» десті.

— Япырым-ай, құдды қазақ! Аусайшы! Ей, қазақ баласы ғой мына төре, шырағым, өзі қазақша біле ме? — деді бір аққұба қатын.

— Қазақша білмейді. Бұрын әкесі қазақ екен, орысқа шоқынып кеткен. Бұл өзі әдейі қазақ арасын аралап жүргенде қазақты жақын тартып жүр! — деді Нұрғайын.

— Е, е, алда байғұс-ай! Солай ма! Бәсе, қазақтан аумайды, көзін қарашы! — деді әлгі қатын.

Енді тағы да бетіме қарап, айналдыра бермесін деп, шаршаған болып, бетімді бүркеп жатырмын. Бірен-саран үйге кіріп, сөз сұраған кісілермен Нұрғайын сөйлесіп отыр. Көп сөйлеген қазақтарды өтініп үйден шығарып жібереді.

— Төре шаршап келіп еді, оянып кетер, бара тұрсаңыз қайтеді, — деді. Және: — Төре оянғанша, сонсоң мына шайын ішіп болғанша, аттарды даярлап қойыңыздар, — дейді. Қазақтар үйде болмаған кезде, маған ептеп орысшалап қояды. Азырақ көздің шырымын алып, шай іштік. Көк айғырдың иесі келіп, айғырын алып кетті.

Ол ауылдан лау мініп, тез жүріп кеттік.

Сол күні бесін ауған кезде Өлентідегі мал докторына келдік. Доктордың қасында мал фельдшері қазақ Құсайын Қо-жамберліұлы біздің ағайын. Менімен бір тұқымдас жігіт. Құсайын қатын- баласымен сол жерде екен. Енді соларға келіп, кенелдік те қалдық. Ол күні сонда қонып, ертеңінде Ақмолаға қарай жүріп кеттік. Сол Қанжығалының Ереймен елі деген екінші бір болысының ауылына келдік. Қазақ өбден ереуілдеп, атқа мініп алған. Қонған ауылдың еркектері көрінбейді. Бір жерде жиналыста болса керек. Бізді байдың қатындары мен малайлары бір иесіз үйіне түсірді. Қаранғы үйде жаттық. Ертеңінде бір жайдақ арбаға жаман түйені жегіп, екінші ауылға апарып салды. Бірте-бірте сатылап, алғашқыда айтқан Қанжығалының Ащыкөл басындағы бірінші болысының ауылына келдік. Өбден еліріп, атқа мініп алған ел. Гу-гу сөз. Топ-топ жиналыс. Жұрттың сөзі «солдатқа қазақты алу» әңгімесі, қазақтың оған «бармауға тиісті» екендігі. Көңілдеріне қиғаш сөз айтқанды дұшпан деп біледі. Жұрт өбден көтерілген.

Төлебай мен ағасы Олжабай және Барекенмен әңгімелесіп, бой жазып қалдық.

Ол ауылдан шығып, қалаға қарай жүрдік. Топ-топ, кеу-кеулеген қазақ. Көзіне орыс көрінсе, жүндей тұтпек. Бәрі қолдарына түкіреді. Кешке бір қазақтың ауылына келдік. Өте қорқынышты. Санақ алуға шыққанымызды біліп отырған елдің жастары бізге сенбейтін тәрізді. Қазақ енді лау бермек түгіл, өзімізді аман жіберуі екіталай. Біз түскен үй бізді танитын, баласы азырақ орысша оқыған Жаһуда деген кісінікі болып шықты. Біз үйге кіріп отырысымен, атқа мінген, елірген төрт-бес қазақ жігіттері үйге кіріп, бізді «тергеп», жөн-жобаларымызды сұрай бастады. Біз патшаның әділ емес екенін айтып, қазақтың кемшіліктерін айтып отырдық. Үйдің иесі Жаһуда ақсақал бізбен таныс кісі болған соң, біздің өзіміз патшаны жамандап отырған соң, көтерілген жастар бізден ешбір ілік таба алмаған соң желіккендік қыла алмады.

Енді орыс поселкелеріне кіріп, сол поселкелерді басып қалаға келдік. Қала үрейленген. Қала қорқуда екен. Жалпы қазақ көтерілген. «Қазақ қалаға келіп, қаланы шауып алмақ дейді» деген сөз жайылған. Қаланың тұрғын орыстарында үрей жоқ.

«...Тінәлі деген елге барған Иванушкин деген приставты Тінәлілер өлтіріп тастапты. Оған әскер шықпақ. Омбыдан әскер келеді» деген хабарды жұрт алып қашып жүр. «Губернатор Ечура Масальский келе жатыр» дейді. «Алыстағы қырдың қазақтары әскер даярлап жатыр. Өздері ортасынан пәлен жерде пәленді хан сайлапты. Түлен жерде түленді хан сайлапты. Өздері мылтық пен оқ-дәрі даярлап жатыр дейді. Найза, қанжар, айбалта істеп жатыр дейді. Оқ өтпейтін киімдер жасап алыпты дейді. Жастарды жинап әскер ісіне үйреніп жатыр дейді деген сөздер дүңк-дүңк етеді.

Қалада бір жұмадай болдым. Қала әбден елеңдеп, үрейленіп алыпты. Жұрттың бұрынғы ойын-күлкісі жоқ... Ақмола уезінің оңтүстік жағына доктор Асылбек Сейітұлы бас болып кеткен санақшылар да келді. Оларды Тінәлі-Темеш деген біздің елдер ұстап, ұрып, неше күн көгендеп байлап, шаштарын алғызып, намаз оқытып, қамап отырған жерінде, Ақмоладан барған бір Балуан Жұман деген саудагер босатып алыпты.

Губернатор келді. Управаға қазақтың даладағы және қаланың маңындағы ақсақалдарын, билерін, старшындарын, байларын жинап, губернатор сөз сөйледі. Жай бұқара халық та көп жиналды. Мен де губернатордың сөзін тыңдауға барып тұрдым.

Губернатордың түсі жазғытұрғы күйттеніп шабынған бура тәрізді. Түсі суық, өте қаһарлы. Жұрт бөріктерін қолына ұстап, иін тіресіп жиналып тұрды. Байлары, билері алдында, тілмаш арқылы губернатордың бөріксіз бастарға айтқан сөзі мынау: «Ақмола қазақтары патшаның әскери қызметіне бармауға, патшаның жарлығына мойынсұнбай, бунт шығарып, көтеріліс жасамақ болып жатыр», — деген хабарды естіп келдім. Қазақтың мұнысы құтырғандық, ақымақтық. Орыстың әскеріне, орыстың қару-жарағына қазақ қарсы тұра ала ма?.. Қазақ бұл ақымақтығын тастасын!.. Сендер, ақсақалдар, болыстар, байлар — қазақ халқының қадірлі адамдарысыңдар. Сендер бір жұманың ішінде ел-елге шығып, қазақты әскер жұмысына баруға көндіріп келіңдер. Өйтіп келмесендер, өздеріңді жазаландырамын. Қырға, әр елге әскер шығарып, қазақты қойдай қырдырамын!.. Қазақты шалғымен шапқан шөпше шаптырамын! Пулемет дегенді білесіндер ме, бір минутте пәлен оқ атады.

Оқты жаңбырша жаудырады! Сол пулеметпен әскер шығарамын!.. Бір жұмада сендер барып, хабар алып келе алмасаңдар, әскерді қырға, жан-жаққа шығарып, жол бойы көрінген қазақты атқыза беремін! Пулеметтерді оқ өтпейтін автомобильге салып алып жүреді. Қазақ қойша қырылады... Көсітіндер ме!.. Білдіңдер ме?.. Бір жұмада бөрің жан-жақтағы елге шауып, қазақты көндіріп келмесендер, өздерінді абақтыға жабамын, қырға тұс-тұстан әскер шығарамын... 15 минут өзді-өздерің ақылдасыңдар. 15 минуттан соң маған жауап бересіңдер», — деді.

Жиналып тұрған ақсақалдардың, байлардың сұрлары кетті. Өндері қашты, бөрі дағдарды. Жандары мұрындарының ұшына келді. Ақсақалдар қауқылдап састы. Тысқа шығып, қораның ішіне алқа-қотан, малдастарын құрып отырды. Жемтікке үймелеген күшігендерше қожырайып отырысып, сөйлесіп ақылдасты.

— Ой, Алла-ай, енді қалай қыламыз? — десті.

Кейбіреулері:

— Ұзағырақ мұрсатана сұрайық, елдің көбі алыс қой, — деді.

Дағдарған бастар жамырасып:

— Сүйтейік! Сүйтейік! — десті. Губернатордан бір жұмадан гөрі ұзағырақ мұрсатана сұрамақ болды. 15 минуттан соң бөріксіз бастар терең толқыған ағын тасқын судан қорқып үймелеген қойларша, топырласып губернаторға барып, ұзағырақ мұрсатана сұрап еді, губернатор көнбеді.

Губернаторға қарсы сөз айтар кісі қайда?.. Барлығы бір ауыздан, жандарын шүберекке түйіп, толқыған, көтерілген елді тыйып, тоқтатып, бір жұманың ішінде көндіріп келуге елге шықпақ болды. Көбі елдің көнбейтінін біледі. Бірақ бөрі де губернатордың қаһарына шыдай алмағандықтан елге шықпақшы.

Ақсақалдар, байлар қысылып, лаждары құрып, тез елге шықпақ болып, күніреніп тарқады. Ауыр күрсініп «Ой, Алла-ай» десті.

Тез, аласұрып даярланып, әр «отағасы» өзінің «қадірі жүрер» деген еліне шықты.

Сүйтіп, ақсақалдар мен байлар шабуылдап кетті.

Мен де елдің хал-жайын көруге ақсақалдардың ізімен елге шықтым.

ҚАЗАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

(1916 жыл)

Ақмола қаласынан қырдағы елге қарай мен де жүрдім. Кейбір поселкелерді басып, көбінесе қазақ арасымен келе жатырмын. Қалаға таяу поселкелермен аралас отырған қазақ елі қорқып, бұғыңқырап, жай қобалжып отырған түрі бар. Бұл елдердің кейбір жігіттері ғана аттарын байлап, істің қалай болуын байқап отырған тәрізді. Ат байлаған жігіттердің бәрі-ақ реті келсе, алыстағы жасақ жинап жатыр деген елдің біріне қашып кетпек. Бірақ өйткенмен де қалаға таяу елдердің көбі онша көтерілген көрінбейді. Кейбір ауылдар ақырындап жылжып көшіп, іргелерін аударыңқырап отырған жайы бар. Бірақ жалпы елде бір түрлі ауыр меніреу қайғы, меніреу қорқыныш бар. Орыспен қазақ арасы жаман.

Орыстар, поселке мұжықтары қазақтарға: «Көп жерге ие болып отырып, патшаның өмірі бойынша әскери жұмысқа бармай, наразылық білдіріп жатырсындар», — деп қас болады.

Қазақтар да: «Жерімізді, суымызды бір алды, енді адамымызды алып, германның оғына айдап шеп қылайын дегені — бізді біржола құртайын дегені. Германға барып қырылғанша, өз жерімізде шейіт боламыз», — деп, жалпы орыстарға қас.

Астыртын жауласу әсіресе алыс жердегі, шеткі орыс поселкелері мен қазақ арасында жаман көрінеді.

Ақмоладан оңтүстікке қарай, біздің ауылға қарай жүргенде жолда, Нұра деген өзеннің бойында, Захар поселкесі бар. Ақмоладан жүз елу шақырымдай. Захарда сол Ақмола уезінің жырақ оңтүстігін бағып отырған пристав тұрады. Сол Захарға келдім. Приставка жолықтым. Қазаққа жаны ашыған болып отыр...

Ең шеткі поселкеден шеткі қазақ ауылына мені орыс жемшігі өрең апарды. Апарып, тез түсіріп тастап қайтты. Бұл ауыл — біздің Торқа деген елдің Жолболды деген ауылы. Маған жақын ауыл еді. Қазақтар жиналып келіп, үймелесіп, жабырласып амандасып, менен әр түрлі сөз сұрап жатыр. Мен Көпбай отағасының үйіне кіріп отырдым. Ағайын

болған соң және алыс жерден келе жатқан соң, мені күтті. Қаланың хал-жайын сұрады: «Орыстар не қылар екен?» — дейді... «Әскер шығайын дегені рас па?» — дейді. «Қалай болар екен?», «Не қылар екен?» — дейді.

Бұл шеткі жердің қазақтары жиналысып, едәуір күпілдеп, қозғалып алған көрінеді. Орыспен соғыспақ. Өр жігіт атын байлап, сойыл, найза, айбалталарын сайлаған. Ауыл араларында келе жатқан, кетіп бара жатқан топ-топ атты кісілер. Қолдарында, тақымдарында сайғақ. Шошайған сайғақтарының ұштары күнге шағылысады. Жасына, үлкеніне бір меңіреу күш біткен. Бәрі де төуекелге бел байлаған. Нұраның өлкесіндегі ел Өлсен қажыны өздерінің ортасынан хан сайлап алған.

Айтқан уайым сөз ешкімнің құлағына кіретін емес... Винтовка, пулемет, зеңбірекке қарсы қолдарындағы құлаш төс ағаштың, найза, шоқпардың күшін бір сынамай, жиналған жұрттың тоқтайтын түрі жоқ.

«Жерімізді, суымызды алып, енді өзімізге ауыз салған орыспен соғысып, шейіт кетсек, арманымыз жоқ!» — деседі.

Киіз үйде қабаттасып, дөңгелей айналып отырып, гуілдеп сөйлеп, судай тасиды. Еш сөзге табан тіреп, ақылға келетін түрі жоқ сияқты.

Онда қонып, ертең ерте өзіміздің елге қарай жүрдім. Кешке елге жеттім. Біздің ел тіпті мықтап көтерілген. Жұрт жиналып сөйлесуде. Шаруада ешкімнің жұмысы жоқ, өзі бұрын да салақ, жалқау ел, оның үстіне, көрі-жасы түгел көтеріліп алыпты. Хан сайламақ. Хандыққа Өмет қажыны лайықтаған. Және бір-екі қажыны оған үезірлікке лайықтаған. Жастардың көбі найза, қанжар, айбалта соқтырып жатыр. Ауыл араларында топ-топ болып ат үстінде жүрген жігіттердің найза, айбалталары жарқ-жұрқ етеді. Жұрт гуілдеп өбден көтерілген.

«Германияға, Керманға барып өлгенше, өзіміздің кір жуып, кіндік кескен жерімізде өлгеніміз жақсы», — деседі.

«Не болса да төуекел», «Қазаттыққа шығамыз», «Ниеті қазат», «Қазаттыққа шыққан сауап», «Қазатта жүріп өлген кісі шейіт», — деседі.

Қатын-бала, кемпір-шал еңіреп жылауда. Өсіресе еңіреп, көзінің жасын көл қылып отырған — жігіт балалары бар сорлы аналар. Ана сорлының қайғысы қара тұман. Іштен шыққан баласы — көзінің ағы менен қарасы. Германға

барса да, жоқ бармай, сол жерде орыспен соғысып шейіт болса да, сорлы анаға оңай тимейді. Ана сорлы күндіз-түні баласын ойлап уһлеп, аш өзегі өртеніп, көз жасын көл қылып төгеді...

Біздің елмен жапсар ағайын Қареке деген екі болыс ел Қияштың Нұрланын хандыққа белгілепті. Нұрлан көп жыл болыс болған кісі еді. «Ел адамдары» соны лайықтапты. «Тінәліде он бес мың әскер жиналыпты. Қырық дүкен құрып, мылтық соғып жатыр» дейді. «Оқ өтпейтін киім жасапты» дейді. «Дөрі жасап жатыр» дейді. «Қуыныш қажы хан болыпты» дейді. «Біздің жаққа жиналындар деп сәлем айтыпты» дейді. «Тінәлі жаққа пәленше, түгенше ат салыпты» дейді. «Тінәліден бергі өзіміздің Қарағаш елі сарбаз жинапты» дейді. «Шоңкеңнің (Шоңның) Оспанын хан көтеріпті» дейді. «Оспан біздің елге кісі салыпты» дейді. «Тінәліден Ғалауытдин деген молда шығыпты. Кәпір женіледі. Мен әскердің алдында боламын, ешкімге оқ дарымайды депті» дейді деп халық гу-гу етеді. «Тінәлінің ар жағында, Торғай дуанына қараған елдер де хан сайлапты. Атбасарға қараған елдер де хан сайлапты дейді.

Қайтсе де ел Германға бармасқа бет алған. Бір үрпиген, бір көтерілген ел, бірдемеге соқпай қайтар емес.

Әр жерде шарифат айтатын молдалар шыққан. Бұл молдалар: «Қазақтан солдат алмаймын» деген уәдесін бұзған патшаға қарсы соғысу «күнә емес» екенін және «енді қазаттыққа шығудың күллі мұсылманға сүннәт» екенін қуаттап, елге пәтуә таратып жатыр.

«Қарқаралы уезіне қараған елдер де көтеріліп, әскер жиып жатыр дейді. Бір Күмісбек деген молда шығыпты» дейді. Елге: «Қорықпаңдар: еншалла, мұсылман жеңеді. Орыс келсе, көздерін шаң қаптар. Ата алмас қазақты. Атса да, оғы тимес депті», — дейді.

Оған жұрт әбден еліккен. Жұрт «Ой, Құдай-ай, бере гөр!» — дейді...

«Қой жайып жүрген бір шал Өнуәрбекті көріпті. Аспанмен айырпланмен ұшып барады екен. Қойдың қасына келіп қоныпты. Шал шошып қалыпты, Өнуәрбек тез айырпланнан түсіп шалға келіп: «Қорықпа, мен Өнуәрбек. Елді байқауға келіп едім. Елдің бөріне айт, қорықпасын. Мен тағы да келемін. Қазір асығыспын», — деп, өзі тағы да ұшып кетіпті дейді.

«Тінәлімен хабарласу керек. Енді даярлану керек!» — деп күжілдейді.

Әлгі Ақмола губернаторының әмірі бойынша елге шыққан ақсақалдардың сөздері жұртқа өтпесін көзбен көрдім.

Мен «бұл қорқатын іс емес, бүлінбей-жарылмай, қайта, қазақ жастары солдатқа барып, әскердің өнерін үйреніп алып келіп, мылтықпен патшаға қарсы тұру керек», — деп айтып көрдім. Әрине, онымды тындайтын болмады. Бірақ табан тіреп соғысатын емес, қыр көрсетіп, көше қашатын тәрізді. Не қылса да әскер жұмысына бармасқа лаж қылатыны анық білінді.

«Қаладан әскер шығайын деп жатыр» деп, үркуге қопаңдауда. Орыс поселкелеріне жақын кейбір елдер қырға қарай, қалың қазақтың ішіне қарай, жылжып көше бастап жатыр. Бұлардың көше бастағаны отырған елді онан сайын қопаңдатты.

«Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы жастардың орысқа спескесін берме», — деп ел болыстарға қыр көрсетіп қойды. Болыстарды қалаға барғызбай қойды. Спасск заводына кетіп бара жатқан біздің елдің бұрынғы ескі болысының баласын, сол жылғы болыстың інісін әлгі «ханның» бір уәзірі жолдан тосып, бір ауылда кездесіп, ұрып, ауылға қайтарды.

Уәзір болыстың інісіне: — Сен қайда барасың? — деген.

Анау: — Заводқа барамын, — деген.

Уәзір: — Заводта не жұмысың бар? — деген.

Анау: — Уат тебе рас! (вот тебе раз!) — деген.

Уәзір жігітті қамшымен салған: — Мә саған, уат тиби-нас! — деген.

Жұрттың гүілдесіп жиналуы да күннен-күнге өршіп көбеюде. Елдің қопандап, үрейленуі де күннен-күнге күшеюде. Орыс поселкелеріне жақындау отырған кейбір елдердің үркіп, алыстағы ел ішіне қарай көшуі де көбейді. Жұрт күнірене бастады. «Тінәліге әскер шықты» деген сөз жайылды. Жұрт атқа тегіс мінуге айналды. Айбалта, найзаларын жарқылдатып, жігіттер топ-топ болып шыға бастады. Қатын, бала, кемпір, шалдың бұдан да жаман жылауына жөне елдің науыт болуына көз жетті. Елдің өзі де оны сезеді. Бірақ жұрт өлімге бел байлап, орыстың әскерімен бір соғысып, үрікпек. Өлген өлген жерде, қалған қалған жерде жосымақ... Жұрт күніреніп алды. Жұрт

жерімен, суымен қоштаса бастады. Қолдан келер іс жоқ. Салқын қанмен елдің толқынына қарап отыруға шыдай алмай, жүрекке ас батпады. Көкірек қасіретке толды. Күніреніп «уһ» дегенде көкірегінен жалын шығып, еңіреген ананың көз жасын көріп, дүниеден, малдан, жаннан безіп, өлімге шындап бел байлаған елдің азаматтарын көріп, елдің текке қанға боялып, патшаның солдаттарынан қатын, бала, қарындас жәбір, зорлық көретінін біліп, жалғыз басқа күндізтүні қайғылы қара тұман үймеледі. Сезгіш жүректің нәзік тамырлары шертіп қалса, үзіліп кететіндей күйге келіп, қатты бұралған домбыраның ішегіндей жүректің нәзік тамырлары сызылып, ақырын еңіреп қалтырайды. Бір жағы үрейленіп, бір жағы меніреу күшпен өлімге бел байлаған ел ешбір сөзге түсінбейді... Ел тұңғыық, жалпақ теңіздей қозғалды... Тұңғыық қара теңізге қара дауыл соқтықты. Теңіз шайқалып күніренді. Тұнып жатқан меніреу күшін күніреніп, толқып көбігімен сыртқа шашты. Күніреніп толқыған надан елді ақылға келтіру қиын...

Не қыларымды білмей, босқа дал болып мен жүрдім. Ана сорлы жылайды. Маған тете інім де жылайды. О да шейіт болуға бел буған...

Қалаға жүрдім. Жалпы ел малдан безіп, бас қайғысына түскен тәрізді болса да, бай ағайындар кедей туысқаннан малын артық көреді. Екі бай ағайыннан Захар поселкесіне шейін жегіп қайыруға ат сұрап ала алмадым. Мыңға жақын жылқылары бар, бірақ маған жегуге беретін аты жоқ!.. Бір ағайынның арбасын алып, бір-екі нашарлау ағайындардың бір-екі атын сұрап жегіп, Сатай Жанқұттыұлы екеуіміз қалаға жүрдік.

Тамыз айы. Егін алып болған кез. Күн әлі жылы. Жүріп отырып, кешке өзіміздің Есен өзенінің күнбатыс жақ қырқасындағы бір құдықтарға келсек, бір ел бет-бетімен қонып жатыр екен. Ел әбігер. Еркектердің бәрі де ат үстінде. Шуласып төрт түлік мал бір-біріне араласқан. Малдың дені құдық басында қағысып топырлап тұр. Күн батқан, ақшам уақыт. Елдің бәрінің тіккендері жаппа, жаппалардың қасында шашылып жиналмай жатқан жүк. Қыбырлаған қатын-бала. Біреуге жолығып сұрастырсақ, өнеугі, қаладан келе жатып соққан өзіміздің Жолболды деген ағайын еліміз екен. Қонуға бір үйге келіп түстік. Жаппаға кіріп отырдық.

Хал-жайын сұрап білдік. Бұл ел сол күні шеткі орыс поселкелерінен келген 25-тей солдатпен ереуіл жасасыпты.

Солдаттар мылтық атып, бір-екі жігіттің астарындағы аттарын жаралапты. Солдаттардың бастығы Захардағы пристав екен. Бұл ел приставтың бір қазақ жасауылын тұтқынға алып, көше қашып, осы араға келген екен. Өңгіме былай басталыпты: шеткі бір поселкенің он екі аты жоғалыпты. Сол аттарды, орыстар бұрынғы әдеті бойынша төлетуге осы таяу отырған ауылдарға ат иелерін ертіп жиырма шақты солдат пен пристав келіпті. Ел, бұл он екі атты ұрлаудан аман болған соң, бұрынғыдай төлей бермей, ереуіл жасапты. Солдаттар мылтық атыпты. Қазақтар шабуыл жасапты. Екі атына оқ тиіпті. Солдаттар бата алмай қайтыпты. Қазақтар көше жөнеліпті... Сүйтіп, біз отырған үйге жиналған ағайындармен сөйлесіп отырдық...

Өлгі тұтқынға алған қазақ поштабайды атымен, қару-саймандарымен маған қосып жібермек болды және приставқа: «он екі аттан аманбыз, төлетуге закон көтерсе төлейік. Бірақ бұл атты іздеуге бізге мұрсатана бер», — деп хат бермек болды. Өңгіме ішінде мынандай бір уақиға естілді: өлгі жиырма бес солдат шеткі поселкеде отырып, сол поселкенің жанынан қырдағы елге қарай үш жүз түйемен астық алып бара жатқан Қарқаралы уезіне қарайтын Шұбыртпалы деген елдің қалашыларын ұстапты. Қалашы қарсылық қылыпты. Қалашының бастығы Ағыбай батырдың немересі екен. Құр қол белсеніп, «Ағыбайлап» атын орғытып, мылтықты әскерге қарсы шығыпты. Әрине, әскер құр қол қалашыларды быт-шыт қылыпты. Пристав қалашыны науыт қылып, ұрып-соғып, екі адамын өлтіріп, бір түйесін атып, астықтарын шашып-төгіп, нәрселерін талап, Захар поселкесіне апарып қамап қойыпты. Өлгі қолға түскен поштабайдың астындағы күміс ерлі көк ат, сол қалашылардың бастығы, Ағыбайдың немересі Сейіткемелдің аты екен... Ауылдың үш-төрт адамы алдымыздағы үш-төрт шақырымдай Есен өзенінің бойындағы Усабай бидің ауылына шейін бізбен еріп жүрді. Усабайдың ауылына түстендік. Приставқа жазбақ қағаздарын жазып, Усабайдың мөрін басты. Біз жүріп кеттік. Үлкен түсте Есеннің бойында отырған Усабайдың ауылынан шығып, қара жолмен, ылғи бұлаң құйрық жүріспен жүріп отырып, кешке ең шеткі поселкеге келдік. Бұл поселке өлгі ауылдарға жала салып, жанжал қылған поселке. Поселкемен ол ауылдардың арасында қазір ешбір ел жоқ. Жол бойы бізге тірі жан

кездескен жоқ. Тірі қара көрінген жоқ. Қырдағы қазақтардың шеті — сол біз шыққан Усабайдың ауылы. Поселкенің, орыстың шеті — осы біз келген Қосқора поселкесі.

Поселке үлкен емес. Поселкеге кірдік. Біреуден қонатын үй сұрадық. Өткен-кеткендер түсетін үйді көрсетті. Соған келдік. Келсек, үйдің маңайында топтанған мұжықтар, бәрі жиылыс қылып, кеңесіп болып, үйден шығып тұрған тәрізді. Мұжықтар иіріліп бізге келді. Жөнімізді айттық.

Мұжықтар біздің қасымыздағы жасауыл поштабайды тани кетті. Оның бізбен қалай келгенін айттым. Мұжықтар поштабайдың қайтып келгеніне қуанар десем, бәрі шуылдап, гүжілдеп, поштабайға ентелеп келіп ұрсып, балағаттап, кейбіреулері боқтап, поштабайдың өзін айыптай бастады. Айыптағанда: «Қазақтардың қолына сен өзін әдейі барып түстің...» — деді. «Өзің әдейі қазаққа кеткің келді», — деді. Мұжықтар маған да ала көздерімен қарап қойып, поштабайды боқтап жатыр. «А, а, иттің баласы! Сен неге қазақтардың қолына бардың? Сволочь! Поганый! Өлтіру керек сені! Алдауыш!..» — деп кіжінді.

Поселкеде солдаттар бар екен. Соның бір-екеуі келді. Келе-ақ бізге қожандап күжілдей бастады.

Бізді «қазақтардың бақылаушысы» деді.

Бізді тұтқынға алмақ болды. Арбадан түстік. Мұжықтар аттарымызды байлап қойды. Поштабайдың атына біреуі мініп кетті. Біз үйге кірдік. Мұжықтар да толып үйге кірді. Старостасы келді.

Маған ақырып: «Сен кімсің?..» — деді.

Мен жөнімді айттым. Мұжықтар қамалап, көрленіп, жеп қояйын деп тұр.

— Жоқ, біз білеміз, сен бунт қылып жатқан қазақтардың бастығысың! Сен әдейі біздің қаланың жайын білейін деп келдің! Сендердің мақсұттарың біздің қаланы шаппақ!.. Біз білеміз!.. — деді.

— Қағазың бар ма? — деді.

Мен қағазымды көрсеттім. Оқыды. Староста азырақ басылды. Бірақ өзге мұжықтар басылатын емес. Бәрі гүжілдеп үйге лық толып болды. Елеуреп, қозғалып, бәрі едірейіп түксиіп алды.

— А-а, қағаз деген не?.. Қағазды олар жасап ала алмай ма? Бұлар шпион (жасырын бақылаушы). Бұларды өлтіру керек! — деді.

Түрлері жаман. Қандары қашқан. Бәрі ентелеп, иін тіресіп гу-гу етеді. Бәрінің де есі кеткен.

«Өлген деген осы»... Түртіп қалса, шырт етіп тұтанып кетейін деп тұр. Біреуі бастаса, өзгесі жүндей түтіп әкетпек. Мұжықтардан адам нұсқасы кетіп қалды...

«Иә, өлді деген осы. Ойда жоқта өлді деген осы! Япырым-ау, шынымен біткені ме?» — деген ойлар найзағайдың оғындай жылдам тізбектеліп, басқа келіп елестеп тұр.

Мен старостасына: «Сен осы поселкенің бастығысың, мыналар не қылса да, түбінде закон алдында сен жауап бересің. Сен Ақмола оқу инспекторының менің атыма берген қағаздарын оқыдың. Мыналардың барлық істерінің пәлесі саған қалады. Сен мыналарды бас, тарқат. Керек болсам, мен қашпаймын!..» — дедім.

Старостаның азырақ есі кірді. Өлтіруден басқаны айтпай тұрған ентелеген мұжықтарына ақырды:

— Тоқта, сөйлемендер... Ертең сендер үшін мен жауап бере алмаймын! — деп ақырып еді, мұжықтар едәуір басылып қалды.

Сол арада поселкедегі солдаттардың үлкені (старшии) келді. Келе-ақ тергеп, бізді тінтті. Пышақтарымыз бар еді, алды. Сандығымызды ашып көрді. Қағаздарымызды алды. Сүйтіп, екі солдат алып келіп, мылтықтарымен бізді күзеттіріп қойып, өзгелері тарқады.

Екі солдат бізді түнімен күзетіп отырды. Тысқа рұқсат сұрап шығамыз. Солдаттар мылтықтарымен бірге шығады. Староста мен бір-екі мұжық және бір-екі солдат қайта-қайта келіп отырып кетеді. Келіп отырып, біресе: «Ақмоладан жаңа үш жүз солдат келді»... — деп кетіп, біресе: «Он шақты пулемет келді. Оның біразын көшеге құрып қойдық. Бұл пулеметтер ылғи осында тұрады», — деп, өзді-өзі бізге естіртіп сөйлесіп кетеді. Мен азырақ сөздеріне қатынасамын. Қасымдағы жолдасым (Сатай Жанқұттыұлы) орысша білмейді. Екі көзі шарасынан шығып, зәресі қалмай отыр. Өте қорқыныш кезде жолдасыма сөз қатуға болмады. Енді мұжықтар тарқаған соң, сөз қатып, «қорықпа» деп қойдым. Жолдасымда үн жоқ... Мұжықтар көрленіп, қолдарына түкіріп алған көрінді. Қазақпен әбден жауласып алыпты. Қазақ пен орыс ештеп бірінің-бірі шетке шыққандарын өлтіре бастаған.

Біз ұйықтауға кірістік. Мұжық үйінің бір бөлмесіне жер еденге төсек салып жаттық. Солдаттар отырды... Таң атты. Ертең ерте бір мылтықты солдат, екі мұжық пен староста бізді конвойлап, Захар поселкесіндегі приставқа алып жөнелді.

Түс кезінде Захарға келдік, Захарға таянғанда, Захардың төңірегіндегі қырлардың басында түйеге мінген біреулер жүрді. Күнмен шағылысып, түйедегі адамдардың қолдарында бірдемелер жарқ-жүрқ етеді. Таяна келіп сұрастырып қарасам, Захарды күзетіп жүрген солдаттар екен. Мінгендері банағы айтқан солдаттар ұстаған, Қарқаралыдан астық алуға келген шұбыртпалы түйелері екен. Захарды күзетіп, қарауылдап жүргендері — қазақтардан қорқады.

Приставқа алып келді. Өнеугіден пристав менімен таныс. Өнеугүні қаладан келе жатқанда танысқанбыз. Пристав жүгіріп тысқа шығып, амандасып, келіс түріміздің мәнісін сұрады. Пристав күліп, конвойды қайтарып, бізді босатты. Конвой приставқа ырза болмай кетті. Пристав үйіне кіріп отырдық. Сөйлестік, пристав елдің жайын сұрады. Елдің надандығын айттым. «Жолболдының» қағазын бердім. Науыт болып приставтың қолында қамаулы жатқан үш жүз түйелі қалашының жайын сұрап, босатуын өтіндім.

— Қалаға шабарманмен қағаз жіберіп қойып едім. Ертең бүгін хабар келеді. Сол келген соң ретіне қарай көрейін, — деді.

Қалашылармен жолығуға рұқсат сұрадым. Қалашылардың бастықтарын алғызды. Қалашылар келді. Бастықтары — екеу, біреуі — Шұбыртпалы Ағыбай батырдың немересі Сейіткамал екен, көп таяқ жеп, беттеріне жара түсіп жүдеп қалған екен. Сөйлестім. Көңілдерін жұбатып сөздер айттым... Қазақтарды қайта алып кетті.

Ақмоладан келетін хабарды күтіп жаттым. Қасымдағы жолдасыма (Сатайға) приставтан қағаз алып беріп, елге, елдің бастықтарына, «ханына» хат жазып беріп қайтардым...

Захарда бір қазақ жоқ. Елдің халі қайғылы. Нақақтан-нақақ шашылып, төгіліп, қорлық көріп, көп кісісі атылып, қырдың қалашылары жатыр. Барлығы бір жерде иірулі. Күзеткен солдаттар олардың маңайынан ешкімді жүргізбейді... Ол күні жаттым... Ойымнан қалың надан елдің

қазіргі халі, олардың ілгергі болашағы кетпеді. Бір өте қымбат адамым алыста қалғандай жүрек күйеді де жанады. Жүректің өзі нәзік, өзі сезгіш тамырлары шертіп қалса, үзілгелі тұрғандай. Азырақ леп берсе, қозғалып, дыңылдап жылап жібергендей. Жата алмаймын. Отыра алмаймын. Бас, ақыл қалың тұманның құрсауында. Не көптің ішінде жоқ, не қалада жоқ. Адасқан, күллі дүниеде жалғыз қалған сияқты бір жанмын. Уһ! Жалғыздық!..

Тысқа шығып, көшеде жүріп, дүкеннің алдына келдім. Дүкен Кәрім Мұқсынов деген ноғайдікі екен. Ноғайдың елуге келген қартайғандау қатыны тысқа шығып, мені көріп үйіне шақырды. Кірдім. Ноғай өзі қалада екен. Екі жігіт баласы солдатта. Қолында келіні жөне он екі, он үш жасар еркек баласы ғана бар екен.

Үйіне кіріп сөйлесіп отырдым. Балаларын айтып, қамықты. Екі қамыққан көңіл әңгімелесіп отырдық. Шай қойды. Шай іштік. Сөйлесіп отырмыз. Жүктің үстінде тұрған сырнайға көзім түсті:

— Оны кім ойнайды? — дедім. Бәйбіше:

— Үлкен баламның гармоні (сырнайы) еді. Қазір мына ендігі қарап отырған кішкене балам ойнайды, ойнасын, тындағың келсе? — деді. Мен:

— Дұрыс, ойнасын, тындайын! — дедім.

Бәйбіше баласына:

— Қарағым, ағаң тындасын, бір күй ойнап жіберші! — деді.

Бала гармоньды алып ойнатты. Гармонь екі қатар тілді — двухрядка. Баланың өзі гармоньнан үлкен де емес. Бала гармоньды алып қозғағаннан-ақ мұңды, қасіретті күй сарнап жылай бастады. Бала гармоньды ойнатты. Күй қасіретті. Күй жалынды... Дірілдеп сызылған нәзік дыбыс. Дірілдеп жылаған, күйінген сарын біресе күйініп зарлады. Біресе еңіреп жылады. Біресе қалтырап, жүректің мұңды қасіретін шақты. Біресе елжіреп, былқылдап, үзіліп-үзіліп өксіді... Бала гармоньды ойнап отыр. Мойындарымызды салып, жылаған күйді тындап, екі қамыққан қасіретті біз отырмыз. Жылаған күйге қосылып, еріп, елжіреп, ақырындап жүрек те қозғалды. Жүректің не нәзік сезгіш тамырлары ақырындап еңірей бастады. Көңіл де еріді. Жан қорғасындай балқыды. Бірте-бірте жылау күшейді. Бәйбіше де жылады. Мөлтілдеп аққан көздің жасын жеңімен

сүрте бастады. Елжіреген, күйінген жүрек менің де барлық жан-төнімді билеп алып кетті. Көзіме ыстық жас келді, біраз шыдадым. Кернеген қасірет қоймады. Еңіреген күй мені де қосып алып кетті. Менің де көзімнен ыстық жас ағып қоя берді... Біраздан соң тұрып, бөйбішеге қарамай, шығып кеттім...

Қалың бұқара, езілген елге қорқыныш кіргенде, сорлылардың қасында бола алмадық. Күш қайда?.. Көкірек күйеді...

Ертеңінде Ақмоладан приставтың шабары келді. Қаладағы бастық ұлық «тұтылған қалашыларды Ақмолаға әкелсін» депті.

Қалашылар қалаға айдалмақ болған соң, ендігі жәбірленгенін көрейін деп, артыма қарамай, тез Ақмолаға жүріп кеттім.

Ақмолаға келдім. Бұғылыдағы ауылдық школаға шықпақпын. Біраз ғана күн өтті. Қалада жүрмін. Қалашыларды әкеліп, бір суық подвалға қамап тастады.

Қырға лек-лек әскер шығып жатыр. Талай елді шауып, талай қазақты әкеп түрмеге жауып жатыр. Алыстағы ел үріккен. Мал таланған. Жан тонауға түскен. Жазасыз жан атылған. Екі-үш «хан» болған надан сорлыларды әкеп түрмеге қамап тастады. Ұсталып, абақтыға жабылған «хандардың» бірі — Әлсен қажы. Бір-екеуі Шоң балалары. Қазақтар түрмеге сыймай, подвалдарға да қамап жатыр. Түрмедегілерден хабар алынады: «Бунт бастықтарын» түрменің ұлықтары күнде дүрелейді. «Хандардан» күнде жауап алып, ұрып қояды дейді. Әлсен қажыны ұрумен түрмеде өлтірді. Қалаға әскер, офицерлер толып кеткен. Жақындағы ел қорқып, «адам бермек» болған.

Қалаға жақын, «адам бермек» болған елдердің билеушілері қалаға келіп жатыр... Таланған қазақ елдерінің төуір, асыл нәрселері орыс поселкелеріне толып кеткен. Киіз, текемет, кілем, самауыр, шылапшын, ішкік, күміс ер, жүген, құйысқан, күміс білезік, сақина, жүзік, тоқым және басқа осындай нәрселер поселкелерге, одан Ақмолаға толып кеткен.

«Он бес мың әскер жинап жатыр» деген Тінәліге әскер шығып, автомобиль шығып, автомобильмен біраз әскер қайтып келді. Тағы да көбейіп шығып жатыр, Қарағаштағы Шоң елінен әрі Көнек елі деген, біздің ағайын, бір болыс

Тоқа болатын. Елінің мықтысы Тақыр Омар деген кісі еді. Қатардан қалмайтын малы аз болған соң ел «Тақыр Омар» атаған. Сол Тақыр Омардың ауылына бір бастығы мен жеті солдат барыпты. Омар бәрін алдап үйге түсіріп, жетеуін де өлтіріпті... Біз санаққа шығатын Қанжығалы деген елге әскер шығып, елін шауып жатыр. Әскерді ертіп жүрген біз көрген болыс Олжабай деп естиміз. Партия уақытында өшіккен ауылдарын патша әскеріне аралатып жүріп, қыстауларын өртетіп, нақақ адамдарын аттырып жатыр деп естиміз. Қырдағы ел қиратылып, әрмен қарай үркіп жатыр. «Үріккен елдің жұрттарында бесіктегі жас балалар, аурулар, кемпір-шалдар қалып жатыр» деп естиміз. «Дүние, мал-мүлік шашылған. Кейбір жерлерде көше қашып бара жатқан ел жасау мүліктерін, үй саймандарын молаларға тығып жатыр» деседі. Бұл хабарлардың бәрі де шын болып шықты. Жер қазып, нәрселерін өлген кісінің қабыры төріздендіріп қойып кетеді екен. Солдаттар талай моланы бұзып, қоймай тауып алған. Талай шын молаларды қоймай іздеп, талқандап бұзған.

Солдатқа кез болған ел туғалы көрмеген жөбірін көрді. Атылған адам... қып-қызыл дүре. Жөбір-зорлық көрген қыз-қатын, жылаған бала. Асты-үстіне келген ел... Қысқасы, қырға қара пөле тигендей болды.

Бір күні көшеде келе жатып, семинарияда бірге оқыған бір казак-орыс баласына ұшырастым. Қырдағы бір елден жаңа ғана қайтып келіпті. Үстінде жалтыраған, сылдыраған прапорщик офицер киімі бар. Амандастық, халдерімізді сұрастық. «Қазақтың бунтын басуға» келген екен.

— Өз қолыңмен казак өлтірдің бе, неше казак өлтірдің?— дедім.

Зиранов күліп:

— А-а... Өз қолыммен бес-ақ казак шауып өлтірдім, — деді.

Міне, хал осындай болған!..

Енді Бұғылы елінің ауылдық школына жүріп кеттім. Жаңа ашылған школға барып орнығып, балаларды жиып, оқыта бастадым. Бұл Бұғылы елі — қалаға жақын болғандықтан, бунт жасамаған ел. Ел қаладан алпыс шақырымдай жерде. Нұранның бойында.

Біраз күн өтті... Жақындағы және орта төңіректегі казак басылды. Жалғыз-ақ біздің Тінәлі мен бірсыпыра

алыстағы ел басыла қойған жоқ. Оларды енді еппен, алдап шақыру тәсіліне кірді. Әскердің көбі қайтты. Басылған елдің он тоғыз бен отыз бірдің арасындағыларын алмақ болды. Ақмола уезінің үш жерінде жастарды қарап алатын комиссия ашылды. Елдің көбі Ақмоланың өзінде қаралмақ. Болыстар тізімдерін беріп жатыр. Бай да, кедей де балаларын, інілерін қалдыруға аласұруда. Ел тіпті сасып үрейленген. «Қорықпа» деп ақыл айтсаң да құлақтарына кірмейді.

Болыстар, билер, старшындар «атқа мінді». Комиссиялардың төңіректерінде «жеңгелер» жүре бастады. Өркім баласын, інісін алып қалу үшін бар малын ортаға салды. Кедейлер шабылды. Оларға жәрдем қылар, болысар кісі жоқ. Бар малын қулардың құлқындарына тықты. Байлардан қара жұмысқа баратын кісі жоқ. Болыстардың, билердің құлқындарына тыққан малдарының арқасында оларды түрлі сылтаумен алып қалмақ болып жатыр. Ел топ-тобымен қалаға шұбырды. Жылау зораймаса, басылған жоқ.

Жігіттерді алып жатыр. Нашардың жылауы күшейді. Нашар мен момын енді әдемі шабылды.

Алыстағы ел кісілерін берген жоқ. Біздің болыстағы екі мыңдай үйден қырық, елу-ақ кісі «жарайтын» болыпты. Өзгелерінің бәрін ақшаны алып-алып, «кейінгіге» қалдырыпты.

Ел шабылуда. Ұлықтардан ынсап кеткен. Кім ақшаны көп берсе, соның баласын қалдырады. Жұрт малдан шығып кетті. Байға білінетін емес. Кедей сыпырылып жатыр. Біздің жастарды Спасск заводында қарап жатыр.

Біздің елдің болысы — Спасскідегі Сейіткамалов деген байды «жеңге» қылып, елдің ақшасын сол бай арқылы начальникке төгіпті. Начальник те лықиған, Сейіткамалов та лықиған. Малы жоқ өте кедейлер ғана кетуі керек. Ардан, ұяттан безіп, қиянаттың, жауыздықтың дәуірі енді ашықтан-ашық жүрді...

Ақмола уезінің бастығына барлық болған және болып жатқан жәбіршіліктің бәрін айтып, бөтен атпен хат жаздым. Хатымда сөзімнің артын салмақты қылып: «Кім біледі, өлі әділдік те келер, жауыздардың да жазаларын тартатын уақыты жетер», — дедім.

Ештене болған жоқ.

Мен тағы қалаға жүрдім.

Қаланың халі сұмдық. Сендей соқтыққан халық. «Сауданы» жұрт ашық сөйлеп жүр. Ақша іздеген халықта қисап жоқ. Арам, қу саудагерлер соңыра қой алуға, ақшаны қазақтарға арзан қойға беріп шытырлатып жатыр. Әрине, ақша бергенде қойдың жарты бағасын береді.

Олай барса да таланған, былай барса да алданған сорлы халық.

«Шабылмасандаршы, қорқатын не бар енді? Балаларын бара берсін! Енді өздерің құрысындар ғой», — деп, Мүсәпір деген кісінің үйінде жиналып отырған қазақтарға сөз сөйледім. Болмайды, тіпті болмайды.

Ақмола толған қазақ. Ақмоланың өзінде тұрған қазақтың жастары «солдатқа барамыз» деп топтанып көшеде сенделуде. Күндіз-түні қымызшы-қымызшының үйлерін жағалап, қымыз ішіп, өлең айтып, жырлап, домбыра, гармонь тартып, ойнап, гулеп, жылап, мас болуда. Бұрын солдатқа баратын поселкелерден және қаладан жиналған орыстың жастары прием уақытында гармонь тартып, топтанып жүріп, бұзақылық жасаушы еді. Дәл сондай болып енді біздің қала қазағының жастары да жүр. Бұларда да гармонь. Бұларда және домбыра. Бұлар да жырлайды. Бұлар да жылайды.

Бір күні қаланың таныс жатақ жігіттері мені ертіп кетті. Қолдарында гармонь. Жырлайды. Бірге кеттік. Қымызшы-қымызшылардың үйлерін аралап қымыз ішіп, жырлап, гармонь ойнап жүрміз. Мен жай қымыз ішіп қана еріп жүрмін. Жігіттер жырлайды. Көбінесе ноғайша жырлайды. Ноғай күйіне қазақша жыр қосады... Күйінген жанға, ашы қасіретке ноғай күйі лайықты. Ноғай күйі күйікті. Қымызға қызып, күйініп, күйікті күймен жылайды.

Бастым бақыр ақшаға,
Жүгіріп түстім бақшаға.
Бастым бақыр ақшаға,
Жүгіріп түстім бақшаға.
Жиырмаға келген шақта
Керек болдым патшаға...
Жиырмаға келген шақта
Керек болдым патшаға... —

деп жырлайды.

Ноғай күйі күйікті!.. Қарманып, жырлап жылайды. Күйініп, жырлап қақсайды!.. Мен туғалы ноғай күйінен күйікті, ащы, зарлы күйді өлі естігенім жоқ!..

Бір үйге келіп, он шақты жігіт сыра ішіп отырдық. Жігіттер қызу. Біреуі гармонь ойнап отыр. Өзгелері қосылып, кезек-кезек жырлайды. Бір мезгілде үйге Қилыбай деген жігіт келді. Қилыбай — Ақмолада белгілі жігіт. Сері. Жігіттер Қилыбайды ұстай алды. «Өн сал» деп жабылды. Қилыбай өнді қоя берді. Ішті. О да қызды. Менің қасыма келіп отырды. Мені құшақтап: «Уһ!» — деді. «Енді солдатқа кетеміз ғой...» — деп жылады.

— Е, сен қалай солдатқа кетесің? Сен отыз бірден асқан жоқ па едің? — дедім. Қилыбай өзі отыз бірден асқан жігіт еді.

— Ойбай, отыз бір құрғырдан асқанмын ғой, бірақ сонда да кететін болдым, — деді.

— Е, қалайша? — дедім.

— Өлгі қаланың жігіттерінің есебін алып, қай жылы туғанын, жасын жазып жүріп алды ғой, сонда, Құдайдың күдіреті, өз-өзімнен бүлдіргенім ғой, — деді.

— Қалайша? — дедім.

— Бір үйде келіншектермен қалжындасып тұр едім. Қолдарына жігіттердің атын, жылын жазып жүрген түбір кінағасы бар, кеңсенің кісілері келді. Иттің бөрі мені таниды ғой. Сол жерде менің жасымды сұрады. Сонан соң мен ана келіншектердің көзінше отыз бірден асқанмын деп айта алмай, жиырма бестемін дедім. Түбірге жазып алды. Сонан соң іліктім де қалдым. Қазір енді жүресің деп тұр.

— Ой, шіркін-ау, о не қылғаның?.. Енді соңынан неге жөнетпедің? — дедім.

Сыраға қызып алған Қилыбай шала тілмен, орысша-қазақшаны араластырып сөйлейді. Бұлғандап қояды. Жылап қояды.

— Оны артынан жөндей алмадым. Жөндеуге болмады. «Не мүмкін» болды. «Не могу... не мүмкін» болды. Енді «не могу», «не мүмкін» еді, «не мүмкін» дейді. Мен:

— Ой, «не мүмкіннің» құрысын! — дедім.

Міне, қалың қайғының ішінде осындай да күлкі болды. Жұрт алынған жігіттер жатқан үйге жиналды. Бір күні алынған жігіттердің алдын жібермек болды.

Дүкен қылуға қызыл қыштан салған үлкен үй. Бұл үйге — жігіттерге мен екі-үш келгенмін. Үйдің манайы топырлаған халық. У-шу, жылау. Кететін жігіттердің жақындары бір кіріп, бір шығады. Тыстағы жұрт күтуде... Біз де күтіп тұрдық. Міне, біраздан соң солдаттар шұбатылған арбалы көліктерді әкелді. Арбалы көліктер шұбатылып, жігіттер жатқан үйдің алдында тұрды. Жиналған жұрт телміріп қарап тұр. Солдаттар үйге кіріп, бір мезгілде жігіттерді шығарып, тұрғызбай көлікке мінгізіп, шұбатып жөнелте бастады.

Азан-казан, у-шу, жылау. Айқай-ұйқай, жыламаған жан жоқ. Қатын-қалаш, бала-шаға естен адастырды... Жігіттерді көп жерге шейін жұрт шұбырып, шулап шығарып салды...

Мен ертеңінде школама қайттым. Күндер өтті...

Қыстың ақыры болды. Ақпанның ақыры. Орыс газетін алып оқып жүреміз. Петроградтағы дума айналасының шуы бізде де сезіле бастады. Министрлер жиі түсе бастады. Бірдемені сезгендей жүрек ақырын лүпілдеп күтеді.

«Патша жақын арада түседі» деген иман көкірекке бекіп орнауда. Жүрек күтуде.

Бір күні қуаныш хабар сарт ете түсті:

Патша өкіметі құлады!..

III

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫ

(Керенский заманында)

«Патша түсті» деген хабар келгенде, қазақ оқығандарының арасында, әсіресе оқыған жастардың арасында жүрегі жарыла қуанбаған адам аз шығар.

Патшаның не себепті түскеніне алғашқы уақытта қазақ елі түсіне алған жоқ. Бірақ қазақ елінің бәрі ақ патшаның түскеніне жалпы қуанды. Патшаны қазақ елі, «жерімізді алды, суымызды алды, өзімізді қорлады, солдат алатын болды, дінімізді жояйын деп жүр...» деп, жек көруші еді. Орыс патшасымен соғыс қылған жұрттың тілеуін тілеуші еді. Жапониядан жеңілгенде, қазақ елі: «Ө-ө, бәлем!.. Шоқ!» — дегендей болып еді. Оның үстіне, 1916 жыл қазақ жүрегіне қан қатырып, кек болып еді.

«Патша түсті» деген хабарды алысымен Омбыдан, Ақмоладан хат ала бастадым. Омбыда, Ақмолада бірге жүрген, бір ниетті жолдастардың бәрі-ақ алды-артына қарамай, патшаның түскеніне мән болып, жиылыстарға — топтарға араласып, «жалпы қазақтың пайдасын қорғап», әлеумет істеріне, саясат істеріне қатынаса бастаған көрінеді. Әрине, алғашқы күндерде большевиктерді білмейді.

Тез Ақмола қаласына келдім. Елде де, қалада да патша түскен соң топ-топ жиылыс. Гу-гу сөздер. Күн сайын жиылыс. Күн сайын митинг.

Екі күнде бір комитет сайлау. Екі жердің бірінде бюро сайлау.

Жиылыс сайын, митинг сайын сөйлейтін «ораторлар» — шешендер, көсемдер шыққан. Бұрын көп көрінбей, білінбей жүретін адамдар жиылыс майданына шыққан. Жиылыс сайын шығып сөйлейтін болған. Қала халқы гу-гу қайнаған. Екпіндеген. Барлы-жоқты, жөнді-жөнсіз сөз жүндей сабалған. Неше заманнан бері халықтың айтуға аузы бармай жүрген сөздер енді бұрқ-бұрқ қайнап шыққан. «Николай жауыз, қан ішкіш, Николай залым...» деген сөздер әркімнің-ақ аузында. Бұрынғы приказшік, шолақ саудагер, алыпсатар, учитель, техник, мұғалім, хатшы, переводчик, фельдшер, доктор және басқа осындай адамдардың бәрі енді әлеумет пен саясат майданына шығып, «халық атынан» сөйлеп, көсем болып алыпты. Қала халқы жік-жікке бөлінген. Мәселен, қазақ-орыс, мешан, мұсылман (татар-қазақ), учительдер қауымы, қаладағы солдаттар. Бұлардың әрқайсысының өздерінің бөлек-бөлек жиылыстары бар. Қала менен даланы басқаруға жалпы комитет сайлаған. «Құрама комитет» (Коалиционный комитет) бұрынғы приставтарды түсіріп, олардың орнына жаңа кісілер сайлаған. Крестьянский начальниктер түсірілген. Уез түсіріліп, оның орнына комиссар сайланған.

Мен де келіп, қаладағы қайнап жатқан қалың сөздің ортасына кіріп кеттім. Мен қалаға келсем, қалалық-уездік құрама комитет сайланайын деп жатыр екен.

Сайлау туралы сөз болады деп қала қазақтарының «көсемдері» медреседе жиылып жатыр екен.

Мен де бардым. Медресенің бір үлкен бөлмесіне лық толған қазақ. Сөзді бастап отырған оқыған жігіттер. Мен де сөзге кірістім. Ортаға түскен әңгіме «не қыламыз?» деген

мәселе. Патша түскен соң, халыққа саяси ерік тиген соң, бұқара халық не қыларын білмейді. Бұл мен киліккен жиналыста «не қыламыз?» деген мәселеден мынадай сөздер туған:

«Елде қазір үкімет жоқ... Оған не қыламыз? Елді билеу керек. Қалай билеу керек? Бұрынғы болыстарды не қылуымыз керек?.. Мына, қалада сайланайын деп тұрған уездік-қалалық құрама (коалиционный) комитетке қырдағы ел атынан кісілер кіре ме? Қанша кіреді, қалай?..» деген талқыға түскен.

Өркім ойындағысын айтады. Өркім не қыларын білмейді. Тәжірибе жоқ, тәртіп жоқ, жоба жоқ.

Сөйлеген кісілер көбінесе күрмеліп, малтығып, көт айнала сөйлейді. Көбінесе тура ұсыныс кіргізе алмайды. Көбінесе бір сөзден бір сөзге көшеді. Бірақ әйтеуір сөз көп... Біраз сөйлеп отырып, ертең тағы да жиналмақ боп тарқадық.

Ертеңіне ноғай-қазақ болып тағы да медресеге жиналдық. Ноғайдың бір-екі оқыған шолақ саудагерсымақтары өзгеден гөрі «көсемдік» қылады екен: Сейіт Латыпов, Шәріп Ялымов, — бұлар ағып тұрған сөз. Өздері батыл, өздері екпінді, өздері «күллі мұсылман атынан» сөйлейді екен.

Бұл жиналыстағы әңгіме мынау: «Ертең қалалық жаңа уездік құрама комитет сайланғанда, көбіне-азына қарамай, әр халықтан, әр таптан, әр қауымнан, әр ұйымнан кісілер бірдей кіреді екен. Мәселен, мұсылманнан, казак-орыстан, мешандардан, славодкадан, солдаттардан, учительдер қауымдарынан — бәрінен құрама комитетке кісі бірдей кіреді екен.

Бұған жұрттың көбі риза емес. Жалғыз-ақ казак-орыс риза. Бұл сөз кеште әрбір жерде әңгіме болып жатыр екен.

Сейіт Латыпов бізге бұл әңгімені түсіндіріп айтты:

— «Біз мұсылман қазақ-татар халқы болып, бұған қарсы болуымыз керек. Біз көп бола тұрып, орыстың әр түрлі уақ бөліктерімен бірдей болмауымыз керек. Құрама комитет (коалиционный комитет) болмасын. Сайлау жалпы болсын. Жұрттың бәрі сайлауға бірдей кіріссін. Комитетке сайланатын кісілердің списокесін өркім өзі жазып берсін. Жазған қағазын бүктеп, сайлау жәшігіне өркім өзі салсын. Сонан соң, «кімде-кім дауысты көп алса, сол комитетке өтсін», — делінді.

Бұл сөзді бәріміз де мақұл таптық.

— Бұлай болса, ертең бұрынғы қала басқармасының үйіне (Управоға) Омбыдан осы комитет сайлауын басқаруға келген бір комиссар жұртты жинайды. Сол жиналған жерде сөз сұрап алып: «Құрама комитетке» біздің барлық мұсылман халқы риза емес деп айтайық. Онан соң осы риза болмауды бастап отырған учитель қауымының бастықтары Горбачев, Колтунов деген кісілер. Олар семинарияда тұрады. Мұсылман атынан қазір бір-екі кісі соларға барып сөйлесіп қояйық, — деді.

Мұны да мақұл таптық.

Ертең мұсылман атынан сөйлеуге жұрт Латыповты сайлады, қасына мені қосып берді. Сол жиналыстан кейін семинарияға барып, әлгі учительдердің бастықтарымен сөйлесуді және сол Латыпов екеуімізге тапсырды.

Біз семинарияға келіп, Горбачев пен Колтуновқа кірдік. Екеуі бір үйде отыр екен.

Бұларды менің көргенім сол еді. Екеуі де семинарияның оқытушылары. Революцияның нұсқауына түсінген адамдар екен. Жастары отыз, қырыққа келген. Біз «мұсылман халқының» құрама комитет туралы қылған қаулысын айттық.

Бұлар мұсылмандардың бұл қаулысын тәуір көріп қалды. Бізге сайлау реттерін және басқа да сондай төртіп реттерін түсіндіріп айтты.

— Ертең бұл сөзді айтатын жалғыз сіздер болмайсыздар, ертең бұл наразылықты жұрттың бәрі де айтар. Біздің учительдер қауымы азғантай болып отырып, үлкен қауымдармен бірдей комитетке кісі кіргізіп, көпшіліктің ақысын жемейді. Бұл «құрама комитет» дегенді шығарып отырған бұрынғы жаман құлықты адамдар. Бұлардың мұнысын істетпеу керек. Енді бөлінетін ештеме жоқ. Сайлау жалпыға бірдей, көпке бірдей болуы керек, — деді.

Біз біраз сөз сұрап, қош айтысып шықтық.

Ертеңінде Омбыдан келген комиссар бұрынғы қала басқармасының үйінде жиылыс құрды.

Біз де келдік. Жұрт жиылып жатыр. Үлкен үйге жұртлық толып, иін тіресіп тұр. Омбыдан келген комиссар — бір семізше офицер төрде отыр. Қасында төрт-бес кісісі бар. Алдарында көк шұға дастарқан жапқан өдемі үстел. Жиылыс ашылды. Жиылыс ашылған соң әркім сөз алып, әлгі «құрама комитеттің» сайлау тәртібіне риза еместігін айта бастады.

«Мұсылмандардың атынан» Латыпов айтты. Латыпов сөйлеудің ретін біледі. Өзі батыл және ысылыңқыраған жігіт.

Көпшілік бірыңғай наразы болған соң «құрама комитет» болмайтын болды. Уақытша комиссия сайланып, қайтадан жалпы құпия ретпен уездік-қалалық комитет сайланатын болды.

Орыс, қазақ, татар сөйлесіп списке жасадық. Және бір спискені орыстардың бір жігіті жасапты.

Сонан соң тағы да жік-жік болып, бес-алты списке жасалып, сайлау болды. Сайлаудың ішіне біз де кірістік. Қазақтан комитетке бір-екі-ақ кісі өтті. Қазақтан кісінің аз өткен себебі — қазақтың сайлау тәртіптеріне әбден түсінбегендіктері болды.

Сайланған комитет елге үгіт-насихат, баяндама қылдыруға кісілер жібермек болды.

«Комитет кісі жіберуді маған тапсырды», — деп Ялымов оқыған қазақтарды медресеге жинады. Бардық. Кейбір оқусыз адамдардың да жиналыстардан қалмайтыны келді. Ақмола жатақтарының пысық бір бастығы біздің Балапан деген кісі келді. Ялымов жиналысты ашып көпіріп, «өзім-өзім» деп сөйлеп отырды. Қырға бірнеше кісі шығаратын болдық.

Ялымов Ақмоланың ноғайы. Өзі біраз оқығандау. Өзі кіре конторында қызмет қылады. Және кішкене бақал дүкені бар. Шолақ көпес. Әрине, жүрген-тұрған саудагер қулар пысық келеді. Сол пысықтықпен, енді патша түскен соң «барлық мұсылмандардың атынан» сөйлеп жүр. Қалалық комитетке қазақтың, ноғайдың күшімен кірген, мінезі екіұрық, жындылау адам еді.

Қырға қазақ еліне кісі шығаруға әлгі медреседе жиылып, сөйлесіп отырғанымызда, бір сөздің ретінен Ялымов пен біздің Балапан қағысып қалды. Балапан:

— Қырға ылғи қазақ жігіттерін жіберу керек, — дейді. Ялымов ноғай жігіттерін көбірек шығарғысы келеді. Ноғай болғанда, көбі сол балаған саудагерлері болады.

Осы ретте Балапан екеуі қағысып қалды.

Ялымов Балапанға ақырды. Үстелді қойып қалып, түрегеліп Балапанға ежірейді. Бапан қанша көсем, пысық болғанмен, қаланың кедейі, жатағы... азырақ бөсеңсіп қалды. Бірақ қорыққан жоқ.

Ақырында, қырға қазағы бар, ноғайы бар бірнеше кісілер шығатын болып тарқадық. Тысқа шыққан соң кейбір жігіттер қалжындап Балапанға күлді:

— Ялымов сізге ақырып тастады-ау! — десті.

Ертеңінде Балапан менің пөтеріме келді.

— Ялымов деген бір ит қой өзі... Мұндай итті өнеугүні қайдан сайладық осы? — деді.

Мен қалжындап күліп:

— Бірақ өзіңіз кеше одан қаймығып қалдыңыз ғой! — дедім.

Бапан:

— Жоқ, мен кеше өзім қапыда қалдым... Ол маған үйдеп айтуға «неимейш права» (не имеешь право) екен. Оны өзім сонынан біліп қалдым! — деді.

Балапанның осы сөзі осы күнге шейін Ақмола жігіттерінің аузынан қалмайды.

Тез бұдан кейін тағы да комитет сайлауы болды.

Қысқасы, аз уақытта Ақмолада талай жиылыс болып, талай рет комитет сайлауы болды...

Уездік комитет атынан қырға кісілер шығып, қазақ арасына да комитет сайлауын кіргізе бастады. Сансыз жиылыстың, сансыз сайлаудың жуан ішінде жүрдік.

Сөз көп. Пәтуа жоқ. Жиналыс көп, тиянақ жоқ. Үкімет әлсіз. Үкімет комитеттің қолында болмай, ақырында Керенский үкіметінің уездік комиссары келді. Уездің өмірі соның қолында болды. Бірақ оның өмірі де қуатты, күшті емес. Жұрттың бәрі өзі бек, өзі төре. Сот дағдарып, милиция әлсіз бола бастады. Үкіметке бағыну азая бастады.

Николай заманында ел жеген болыстар, ел жеген приставтар, крестьянский начальниктер бос жүрді. Кейбіреулері бұрынғы орындарынан түссе де жазаларын тартпай, кеңшілікте жүрді. Оларды жазаландырайын деген үкімет жоқ болды. Бұрынғы-бұрынғы емес, әсіресе кешегі 1916 жылғы қазақтың бунтында, қазақ жастарын қара жұмысқа алған қарсанда, қазақты жеген, қазақты қан қақсатқан жаман адамдардың, залым ұлықтардың жазаларын тартпай бос жүргендеріне іш күйетін болды. Не қылуға білмей, құр тек әр жерде айтып құр жүгіріп жүрдік.

Спасск заводында тұрып, 1916 жылғы қазақ жастарын «приемнан қалдырам», — деп, заводтағы бай Сейітқамалұлыменен бірігіп, елді тұздықтап соққан начальник

Гаякович дегенді және Ақмолада тұрып, Ақкөл поселкесінде тұрып, жастарды қарағанда елді тоқтыша домалатып сойған Орлов деген начальникті тұтқынға алып, сотқа беріп, жазасын тартқызайық дегеніме ешбір демеу таба алмадым. Біраз тыпырладым да қойдым. Жазалы адамды жазаландыратын пәтуалы, қуатты, әділ сотты, күшті үкіметті табу қиын бола бастады. Жұрт өз бетімен кетті. Жұрттың көбі бостандықты өз еркімен, өзінше түсіне бастады.

Біреуді біреу басынып, бір лайықсыз іс істесе, «бұл қалай?» десең:

— Е, бұл слауода! (свобода) — дейтін болды.

Қазақстанның әр жерінде-ақ уездік, облыстық съездер ашыла бастады. Сәуір кезінде Омбы қаласында Ақмола облысының облыстық қазақ жиылысы деген болды. Жиылысқа біз Құсайын фельдшер мен Байсейітті жібердік. Бұлармен бірге өз беттерімен қырдың бір-екі жуандары да кетті. Бірі Тама Жантөре, бірі жоғарыда айтылатын Қоржынкөлдің Олжабай болысы. Сол жиылыста Облыстық қазақ комитеті сайланды.

Жиылысқа Орынбордан, «Қазақ» газетінен Міржақып келді. Тез одан соң Ақмолаға облыстық комитеттен екі қазақ жігіті — Әділұлы, Кеменгерұлы деген комиссарлар келді. Олар келген соң, уездік қазақ комитетін аштық. Қазақ комитеті қазақ істерін басқаратын болды. Бірақ күш, үкімет уездік комиссардың қолында.

Әлі де уездік съездер (жиылыстар) болып жатыр. Кеңестер болып жатыр. Әрбір кеңеске қазақ атынан, уездік қазақ комитетінен кісілер кіргізіп жатырмыз.

Қазақ комитетінің төрағасы — Дүйсенбайұлы деген қазақ адвокаты, оның орынбасары мен мүшелері: Әділұлы, Кеменгерұлы, Шегенұлы, біраздан соң Айбасұлы және тағы басқалар. Ақмола уезінің бірсыпыра іс билетіндерін қызметке жинап алдық. Қазақша баспахана орнатып, газет шығармақшы болдық. Ақша жинап, Дүйсенбайұлын машина мен қаріп сатып әкел деп Қазанға жібермекші болдық. Мені уездік комитеттің төрағасы қылды. Енді қайтадан Ақмола уезінің барлық қазақ елдеріне комитет сайлаушы кісілер жібердік. Болыстық комитеттерді қалай сайлау керек екенін, елге қандай «уағыз» айтудың керек екенін айтып және бұрынғы елді езген, жөбірлеген адамдар болыстық комитеттерге сайланбауларын тапсырып, сайлауға

шыққан комиссарларымызға нұсқа жасап бердік. Және шығаратын газетімізді елден алатын кісілерден ақша жинап келуге «газетке жазылу дәптерлерін» беріп жібердік.

Ақмола уездік комиссары мен қазақ комитетінің арасы енді жаман бола бастады. Өйткені себебі мынау: мен бір жұмыспен елге шығып кетіп едім. Бір күні бір митингіде уездік комиссар Петровты біздің Рахымжан Дүйсенбаев Қазаннан қайтып келген бетінде сәгіпті. Петровтың бір жаман сөзіне қарсы шығып сөйлеп, Петровты провокаторсын (провокактор) депті. Өрине, бұған комиссар шамданып, Дүйсенбаев «мені жөбірледі... балағаттады...» деп сотқа берді. Біз Дүйсенбаевты қорғап, Омбыға — облыстық комиссарға, облыстық қазақ комитетіне, облыстық Совдепке Петровты айыптап, өзімізден басқаға білдіртпей телеграмма бердік.

Қазақ комитетінің үш-төрт мүшелері сол комитетте жататынбыз. Дінмұхамбет Әділұлы, Бірмағамбет Айбасұлы, Кеменгерұлы, мен — төртеуіміз бір бөлмеде жататынбыз.

Күндегідей бейқам ұйықтап жатыр едік... Түн еді. Біреу келіп есікті қақты. Ояндық. Есік аштық. Бұ кім десек, қағаз таситын поштабай екен.

— Немене? — дедік.

— Сіздерге повестке! — деді.

— Ө? Көне?.. Не қылған түн ішінде повестке?..

Оқыдық. Рас, повестка. Орыстың уездік комитеті бізді асығыс мәжілісіне түн ішінде шақырыпты. Үрпиісіп бірімізге біріміз қарастық. Тағы поштабайға:

— Бұл не қылған жиылыс?.. Кім бар онда? — дедік.

— Білмеймін не қылған жиылыс екенін. Маған «шақырып кел» деп, осы қағазды берді. Комитеттің мүшелері өздері ғана жиылысып отыр! — деді.

— Барайық, — деп бөріміз де тез киініп алып жөнелдік.

Қазақ комитетінің мүшелерінің бәрін де шақырыпты. Тысқа шығып, жүгіріп, өзге мүшелерді де пәтерлерінен тұрғызып алдық. Жолшыбай Баймағамбет Өгізтайұлы деген қазақ комитетінің бір мүшелерінің есігін қағып оятып алдық.

Баймағамбет — патша заманында начальникке тілмаш болған кісі. Орышаны тәуір білетін адам.

— Ойбай, қазір асығыс жиналысқа шақырып жатыр, жүріңіз! — дедік. Баймағамбет шошып кетті, састы.

— Е, немене екен? Немене екен? — дей берді.

Қорықса да болмай алып жүрдік. Ай қараңғы. Түн ішінде көше-көшемен дедектеп бір топ «қазақ комитеттері» келе жатырмыз. Қала жым-жырт ұйықтап жатыр. Көшеде адамдар көрінбейді. Аспан ала бұлт. Ашылған бұлттардың араларынан күлімдеп жұлдыздар ғана қарайды. Албастының көзіндей, қараңғыда терезелері жылтырап, тұнжырап үйлер тұр.

Біз өңшең «қазақ комитеттері» сау аяндап келеміз. Баймағамбет қорқып сөйленеді:

— Япырым-ай, ә?.. Неге шақырды екен?.. Не болып қалды екен?.. Бір сұмдық болды ғой. Ө-ай, балалар-ай! Осы байқандар деп талай айтып едім, болмаушы едіңдер. Ал енді! Бір сұмдық болған ғой. Патша орнына қайта мінген ғой, — дейді.

Орыс комитетіне келдік. Мүшелері жиылып отыр екен. Уездік комиссар отыр. Бәрі жай, ызбарлы. Асыққан кісілердің түрі жоқ. Іштерінде тағы да бір Мартылого деген жігіт отыр. Бұл комитет мүшесі емес, «эсер» партиясының хатшысы.

Жиылысты ашты. Сөзді қозғады.

Өңгіме былай екен: біздің Омбыға, үш адреске, комиссар Петровты қаралап соққан телеграммामызды Петров біліп қойған екен. Сол туралы орыс комитеті өзара сөйлесіп, түн ішінде бізді қолға алуға шақырған екен.

Салғаннан бізді бүріп алды да кетті. Петров та шешен, орыс комитетінің өзге мүшелері де шешен. Әсіресе Петров пен Колтунов деген семинарияның екеуі күжілдеп, жұлқынып бізге көрлерін төкті.

— Бұл өтірік донос!.. Бұл үкімет кісісін өтірік қаралау!.. Дәлелмен, документпен Петровтың айыбын мойнына қойындар, әйтпесе, өтірік жала үшін сотқа берілесіндер! — деп, үстелді қойғылап шаптықты-ай келіп.

Бізге документті дәлел жоқ. Састық. Айтыстық. Петров шаптығып, жұлқынып сөйледі. Долданады.

— Жазасыз өтірікпен мені айыптап, «провокатор» деп Омбыға телеграмма соқтындар. Провокаторды атады. Мені атылсын дегенді не дәлелмен айттындар? Қайда дәлелдерің? Салындар мынау үстелге. Енді не мен өлемін, не тегіс сотқа беріліп, тиісті жазаларыңды тартасындар!.. — деп қылышын жерге түйіп-түйіп қояды. Біресе жылайды. Ол жыласа, кейбір орыстар да жылайды.

— Менің революцияға еңбегім сіңген еді. Өз солдаттарымды ертіп, ең алдымен патшаға қарсы шыққанның бірі мен едім. Мен көрі революционердің баласы едім. Патапенко деген жазушының пәлен кітабындағы «Саша» деген бала мен едім. Енді осынша қаралап, жазықсыз күйе жағатын, мен не қылдым!? — деп жылайды. Айтыс жаманға айналды. Шиеленді. «Қазақ комитеттері» қорқып, қашуға айналды.

Баймағамбет «тысқа шығып келем» деп кетіп, келмей өшті. Сұлтан кетті. Үсекең кетті. Құсайын кетті. Және басқалары кетті... Айтыста қалған: Бірмағамбет Айбасұлы, Дінмұхамбет Өділұлы, Кемеңгерұлы, мен — төртеуіміз-ақ. Өзге комитеттері тайды. Ақырында, біз жеңілдік.

Артынан кешікпей, біздің телеграммамызбен Омбыдан екі комиссар келді. Бір орыс, бір қазақ (Хомутов пен А. Сейітұлы). Олар біздің комитеттің мәжілісіне келді. Мәжіліс «жанжал бітті» деген соң, олар қайтты.

Солайша іс бара берді. Өйтеуір, даңмен комитет ісін жүргізген болып жатырмыз. Болмаса, қолда күш жоқ. Тіпті жалпы үкіметте күш жоқ. Закон жоқ. Біздің істеп жатқан үлкен бір ісіміз: қалыңмалды құртып, өйелдерді сүйгеніне жіберіп жатырмыз.

1916 жылы елдерін қақсатып жылатқан екі болыстың үстінен 120 шамалы арыз келді. Істері адам айтарлық емес. Біз не қыларымызды білмедік. Орыс сотына берейік десек: «Біз қазақ ісіне кіріспейміз», — деп орыс соты алмайды.

«Осы жүз жиырма арызды тексеріп, мына жазалы адамдарды жазаландырсаңыз екен», — деп, Омбыдағы қазақ комитетіне жібердік. Бұл облыстық комитетке біздің істеген үлкен бір сынымыз болды. Облыстық комитет бұл арыздарды біраздан соң, ешбір жөнді нұсқау айтпай, өзімізге қайтарды. Біз облыстық комитеттің мұнысына наразы болдық. Бұл үстінен жүз жиырма арыз берілген екі болыс уездік комитеттегілерге өте белгілі адамдар еді. 1916 жылы елді шулатқандары жұрттың құлағынан өлі де кеткен жоқ еді. Бұларға сот жасамаған соң, Ақмоланың облыстық қазақ комитетінің өзіне көңіліміз толмайтын болды. Бұл екі жауыз болысқа ештеңе істемеген соң, облыстық комитет «жауыздыққа қарсы болады» деп ойлаудан қалдық. Және облыстық комитеттің мүшесінің бірі, өлгі екі болыстың бірінің інісі Төлебай еді. Бұл өлгі 1916 жылы мен ауылына санақ алуға баратын Қоржынкөл болысының інісі Тө-

лебай — менің оқып жүргендегі жақын танысым. Үстінен елі сексен арыз беретін болыс, сол Төлебайдың сондағы болыс болатын ағасы Олжабай. Бұл Олжабай өзі шешен-пысық адам болған соң, алғашқы, патша түскен кезде Ақмолаға келіп, жиылыстарда сөйлеп, аз уақыт «көсемдік» қылған. Сол қарсаңда болған облыстық съезге өз бетімен барып, өзінің ауылдағы інісін облыстық қазақ комитетіне мүше қылып өткізіп келген. Бұған біз риза болған жоқпыз да. Елінен, үстінен сексен шамалы арыз келген соң, Олжабай қолға түспей, Ақмоладан қайтып кеткен. Олжабай болыстың үстінен арыз берушілер — көбінесе өлгі 1916 жылы патшаға қарсы қазақ ереуіл жасағанда Олжабайдың көрсетуімен шабылған, атылған қазақтардың айналасы.

Бұл туралы біз Ақмоланың облыстық комитетіне талай қағаз жазып, талай телеграмма жібердік. Облыстық комитетке «араларыңнан Төлебайды шығар» деп талай телеграмма соқтық.

Облыстық комитет біздің сөзімізді тыңдамады. Төлебайды шығармады. Міне, сонан соң өлгі арыздарды облыстық комитеттің өзіне «не қылар екен» деп жіберіп, оны да аяқсыз қайырған соң, облыстық комитеттің кімдікі екеніне енді әбден көзіміз жететін болды. Сонымен, Ақмоланың уездік қазақ комитеті мен облыстық қазақ комитетінің арасы жақсы болмай, бір-біріне қарсы бола бастады.

Іс сөйтіп бір қалыпта жүре берді. «Жас қазақ» деген жастар ұйымын ашқанбыз. Ұйымның мақсаты: халық арасында заң, білім тарату және саясат істеріне қатысу. Қауымның қысқаша жобасы болды. Қауымның басқармасы болды.

Төрағасы — Сәкен Сейфуллин, мүшелері: Әділұлы, Айбасұлы, Асылбекұлы, Серікбайұлы, Нұркеұлы.

«Жас қазақ» ұйымын ашқан сағаттағы жазылған мүшелерінің саны қырық-елу шамасындай еді. Соңынан одан көбейді. Бәрі қазақтың азды-көпті оқыған жастары. «Жас қазақ» ұйымының ісін жүргізетін хатшысы, ақша есебін басқаратын казначейі болды. Мөр, штамп болды. Күзге қарсы шапеграппен «Айна» деген журнал шығарды. Ұйымның баспаға басылған, таралған жобасы болды. Жобада ұйымның саясаты ретінде, мемлекет құрылысы ретінде қабыл алған жолы мынадай еді:

...«Жас қазақ» Россияның ең дұрыс жобалы төңкерісшіл партиясымен бірге майданға шығады. Онсоң Россияның

кұрама (федеративная) республика болуын қуаттайды»... Міне, осындай еді.

Бұл «Жас қазақ» ұйымы 1913 жылы Омбыда оқып жүргенде өзіміз ашқан «Бірлік» ұйымы тәрізді. Айырмасы сол: «Бірлік» патша үкіметінен жасырын ұйым еді. Ал «Жас қазақ» жасырын емес. Және «Жас қазақ» әлеумет, үкімет істеріне де көріне қатынасатын болды.

Жақсы болсын, жаман болсын, қазандай қайнап, қазақ комитеті мен «Жас қазақ» істері жүре бастады.

Қырдағы елдерде болыстық комитеттер сайланды. Көп жерде бұрынғы ел жеген адамдарды комитеттерге кіргізбей тастадық. Әйелдерді сайлауға кіргіздік. Әйелдердің бостандығын еркін қорғадық, қалыңмалды құрығымыз жеткен жерде алғызбайтын болдық. «Атастырып» қойған күйеуін жақтырмаған қыздарды, қатындарды босатып, сүйген жігіттеріне тоқтаусыз жіберетін болдық. Ақмола уезінің қазақтарының соты да, милициясы да, үкіметі де уездік қазақ комитеті болды.

Қазақ комитетінің алдынан қазақтардың топ-топ аты кетпейтін болды. Шұбап қазақтың қыз-келіншектері комитетке келіп, «бостандық қағаздарын» алып кететін болды. Бір күнде он сегіз әйел «бостандық қағаз» алған кезі де болды.

Комитеттің ісі солайша жүре берді. Ақмола облысының басқа уездерінде де осындай уездік комитеттер ашылған. Бәрі де әлінше істерін жүргізуде. Әр уездің және қазақтың әр облысының істеп жатқан істері газеттер арқылы және кей жерлерден алып тұратын хаттар арқылы белгілі. Қазақтың әр уезінде-ақ, әр облысында-ақ әлінше іс жүріп жатыр. Бәрінде де осындай комитет бар. Істің жүрісі бір жерде екпінді, бір жерде баяу, шабан.

Әр жерде-ақ газет шығара бастады. Семейде «Сарыарқа» газеті, Ташкентте «Алаш» газеті, соңынан «Бірлік туы». Бөкейлікте, Астрахань қаласында «Ұран» газеті, Ақмолада «Тіршілік» газеті, Орынборда бұрынғы белгілі «Қазақ» газеті.

«Сарыарқаны» басқарған — Қалел Ғаппасұлы. Жазушылары: Ермеков, Бөкейханов, Тұрғанбаев және басқалар.

«Алашты» басқарған — Көлбай Тоғысов.

«Бірлік туын» басқарған — Мұстапа Шоқайұлы. Жазушылары: Болғанбаев, Төреқұлов, Қожанов және басқалар.

«Ұранды» басқарған — А. Мұсаұлы. «Тіршілікті» — басқарған — Рақымжан Дүйсенбаев пен Садуақас Сейфоллаұлы (мен). Жазушылары: Асылбеков, Өмірбай Дөнентаев және басқалар.

«Қазақты» басқарған — Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов. Жазушылары: Бөкейханов, тағы солар. Бұл газеттер, «Тіршіліктен» басқасының бәрі, бір бетте болды. Бәрі Орынбордағы «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді. Бәрінің құлақ күйін «Қазақ» газеті бұрап беріп, нұсқау беріп отыратын болды. «Қазақтың» басындағылар Қазақстанның әр жеріндегі ниеттес адамдарына нұсқа беріп, хат жазып жатты. Газеттердің бәрі көзжұмбай ұлтшыл болды. Ұлтшыл болған соң, еріксіз байшыл газет болды. Бәрінің ортақ туы «Қазақ» газеті болды.

Міне, осы газеттерді оқып, Қазақстанның қай жерінде не болып жатқанын сырттан бақылап жаттық. Қазақ комитеттерінің көбінің-ақ саяси жолы, әлеуметтік ісі, біздің Ақмоланың облыстық комитеттерінен өзгеше емес, көбі-ақ бір қалыпта. Комитеттердің басында қазақтың бұрынғы үлкен оқығандары: адвокат, судья, доктор, чиновник, переводчиктер — байдың балалары. Ал бұларды билеуші — молдалар, ишандар, бұрынғы жуан болыстар. Мысал келтірейік.

«Алаштың» «тіреулері» — жуандар, қазіреттер.

Орал облысында. Сол қарсаңда қазақтардың облыстық съездері болды. Орал облысының уез-уезінен облыстық қаласына (Орал-Текеге) қазақтар жиналды. Жиылыс қаланың ат ойын үйінде (цирке) болды. Съезд ашылды. Басқарма сайланды. Басқарма цирктің ортасында үстел құрып қойып отыр, съезд адамдары цирк ішінде жағалай толып отыр. Және цирк ішінде айнала иін тіресіп, съезді көруге, тыңдауға келген көп халық тұр. Іштерінде бірін-саран оқыған әйелдер де бар. Қарап тұрсаң, съезге Орал губерниясының қазақтарының «қаймағы» жиналған. Ылғи «қасқа мен жайсаң». Съезді меңгеріп отырған, барлық Қазақстанға белгілі, зор оқығандар: Қалел Досмұқамбетов, Жанша Досмұқамбетов, Ғұбайдолла Өлібеков, тағы да көп зор оқулылар. Құрылып отырған съезге қарап жібергенде, осының бәрін көріп, ө дегенде кісінің көңілі толғандай. Көңілі толмай қайтеді!.. Ылғи зор, оқыған, көзі ашықтар. Іштерінде оқыған әйелдер де бар... Жұрттың бәрі тізіліп

орындақта отыр... Бірақ өзгеден бөлек бір-ақ кісі жерде. Жерде болғанда, ол кісі қара жерде емес, астында төселген кілем бар. Екі иініне екі кісі мінгендей ұзын бойлы, толық. «Мәйегі аузынан шыққан» манаураған манаптай. Үстінде шұға шекпен. Белінде күміс кемер белбеу. Басында кәмшат бөрік. Шүйдесі тоқпақтай. Шекесі торсықтай. Төңірекке көзінің астымен қарап қояды. Съездің басқармасына қарап қояды. Съезді басқарып отырған алты-жеті білгіштер де иесіне қараған аңшының иттеріндей әлгі «жердегі жалғызға» қарап қояды.

Міне, «жердегі жалғыз» цирктің төңірегіне қарады. Қаһарлы көзі орысша киінген бір-екі қазақ әйеліне түсті. «Жердегі жалғыз» қабағын түйді.

— Әне бір селтигендер кім? — деді.

Съезд селк еге түсті. Ортадағы басқарма да селк етті.

— Ол, біреуі Исаның үйіндегі келініңіз... Біреуі Айтжанның үйіндегі келініңіз! — десті.

— Тәйт, өрі! Шықсын!.. Бұл әйелдер жиналатын жер емес! — деді «жердегі жалғыз»...

Тез съезден әйелдерді шығарды...

Бір мәселе бітіп, екінші мәселе басталғанша жұрт жай өңгімелесе бастады.

«Жердегі жалғыз» да әркімге сөз тастап отыр.

Мұның сөзін жұрт жерге түсірмейді. Тастаған сүйекті қаққан тазыша қағып алады. Біреу жауапты ұнамсыз қайырса, «жердегі жалғыз» сөзін қайтадан найзағайдай қылып тастайды. Бір кезекте Өлібековке:

— Ей, Ғұбайдолла! Петрборға бардым деп жүрсің ғой, бара бер! Бірақ Орал облысында қыртпай жүр! — деді.

Бір кезекте молдаларға:

— Ей, молдалар! Шылым тартпаңдар, бастарың ауырмайды, — деді.

«Жердегі жалғыз» жұрттың бөріне зіл тастайды. Оған қарсы келер білгіш жоқ.

Бұл кім?

Бұл — Сырым батырдың ұрпағы Салық, белгілі жуан Салық болыс. Патшаның болысы...

Міне, енді съезд (кеңес) бітті. Салық болыс съездің басқармасына, білгіштерге қарап: «Ей, қазір әлгі он алтыншы жылы өлгендердің моласына барып құран оқимыз, жүріңдер, бірің қалмандар!» — деді. Жұрттың бөрі Салықтың

көтінен шұбырды. Цирктен шығып, қаптап молаға барды. Облыстық съезд жүгініп отырды. Қалел, Жанша, Ғұбай-долла және басқа «көсем» білгіштер алдында. «Табарақ» басынан аяғына шейін оқылды.

Міне, жуанның үкімі осындай еді!.. Бұл жалғыз Оралда емес, әр облыста-ақ осындай еді. Тек бір жерде өте күшті, бір жерде бөсеңдеу еді. Өлгі біздің Ақмоланың облыстық комитеті үстінен сексен арыз бар Олжабай деген күшті болысқа ештеңе қылмай, қайта оның туған інісін комитетке мүше қылып ұстап отырғандығы өзге жерде болмаған іс емес еді.

Жаңағы Оралдағы Салық болыс сол бетімен соңынан Күнбатыс Қазақстандағы «Алашорда» үкіметінің мүшесі болды. Ал Олжабай болыс Қолчак уақытында Ақмолада Алашорданың уездік әкімінің бірі болды.

Ақмолада. Оралдағы Салық төрізділер біздің Ақмолада да тыныш қарап жатқан жоқ, олар да біз отырған комитетті қамады. Олар да біздің көзімізді жоғалтуға күштерін салып бақты. Бізді «дінсіз» деп, «елді бұзушылар» деп сөз жүргізіп бақты. Талай жерде бізбен айқасып, ереуілдеп жүрді. Бірақ оларды біз топтап, қуалап жүрдік. Бір күні мынадай іс болды.

Біздің комитеттің кеңесі еді. Күндіз сағат он екі кезі. Комитет кеңесіне «Жас қазақ» ұйымының да мүшелері келіп отыр еді. Кеңес құпиялау болған соң, бөтен кісілерді кіргізбей, есік алдында поштабай тұр еді. Комитеттің айналасында, алдында, күндегідей қақтыққан, қайнаған жұрт. Бір мезгілде есіктің сыртынан тасыр-тұсыр шықты. Күжілдеген сөздер естілді. Есіктің сыртында тұрған поштабайдың даусы шықты. Есікке таласқандай болды. Күжілдеген дауыстар көбейіп, есікті солқылдатты... Қызарып, қысылып, есікті қысып ашып поштабай үйге кірді.

— Бірталай кісі «кіреміз» деп болмайды, — деді.

— Ол кімдер? — дедік.

— Басы Сыпан болыс, — деді.

Сыпан болыс — Ақмолада мықты, атақты, белгілі болыстың бірі. Патша заманында жиырма бес жыл болыс болған. Бірақ Салықтай емес, қу, «ақылды», «сыпайылау» адам.

— Кіргізбе, кеңес құпия, — дедік.

Поштабай шықты. Тағы да күжілдеген дауыстар шықты. Шаң-шұң, опыр-топыр болды. Есікті жұлып алып, коми-

теттің кеңесі үстіне бір топ кісі, Сыпан болыстар кіріп келді.

— Сіздерге не керек? — дедік.

— Не керек болсын, біз де осы сөздеріңнің ішінде боламыз, — деді Сыпан.

— Жоқ, біздің кеңесіміз қазір құпия, сіздерге отыруға болмайды, — дедік.

— Қазір не құпия бар? Қазір құпия болмайды. Біз де отырамыз, — деді.

Азырақ қызараңдастық. Біздің комитеттің мүшесі қазнашымыз Нұржан Шегіұлы деген жолдасымызға Сыпан болыс:

— Ей, Нұржан! Сен былшылдама! Көтінді қыс! Сенің ол отырған орның керек болса, маған оп-оңай! — деді.

Сүйтіп, біраз ереуілдесіп, комитеттің сөзін бөліп, Сыпан болыс нөкерлерімен шықты.

Оралдағы, Жымпитыдағы Салық болыс төрізді емес, Сыпан жанжалға бармайтын адам. Салық Жымпитыда, бір ретте, уездік комитетті көп кісілермен келіп шауып, бір комитет мүшесінің көзін ұрып шығарған.

Енді бір күні мынадай іс болды:

«Жас қазақ» ұйымының жиылысы еді. Жиылыс қазақ комитетінің кеңсесінде болып жатыр. Жиылыстың төрағасы болып отырған мен. Жағалай отырмыз. Менің екі жақ жанымда ұйым басқармасының хатшылары, мүшелері: Әділов, Айбасов, Нұркин, Асылбеков. Біздің алдымызда бізге қарап Серікбаев, Дөнентаев және басқалар отырған.

Күн батуға таянған. Үйдің іші лық толған иін тірескен кісі. Олардың терлеген лебінен үйдің іші қапаланып ысыған. «Жас қазақ» ұйымының көп мүшелері және жай кісілер де есіктен төрге шейін сығылысып, орын жетпегендері самаладай самсап түрегеп тұр.

Кеңес болып жатыр. Бір мезгілде иін тіресіп тұрған жұрт қозғалды.

— Бұл кім? Неге итересіндер? Қайда кимелеп барасың?

— Е, не керек? Не болды? — десті.

Кейбіреулер кимелеп, омыраулап, төрге қарай өрлеп келеді. Сөйленіп отырған сөз бөлінді. Анырайып қарадық.

Молдалар кие-жара омыраулап, біз отырған төрге келді. Бес-алты молда — бәрі де Ақмола уезінің атақты молдалары, өулиелері, Ғалауетдин қалпе, Омар молда, тағы да басқа молдалар.

— Е, шаруаларың бар ма еді? — дедік.

Молдалар күмілжіңкіреп:

— Көп шаруамыз жоқ, — деді.

Біз сөзімізді сөйлей бердік, молдалар отырды. Ғалауетдин менің қасыма келіп отырды.

Сөз сөйленіп жатыр.

Бір мезгілде Ғалауетдин молда маған:

— Сөкен «мырза», кішкене сөздеріңізді бөле тұрыңыздар! — деді.

— Неге? — дедім.

Сөйленіп тұрған сөз өзінен-өзі қойыла қалды.

Жұрт қарай қалды.

— Қазір енді күн кешкірді. Намаздыгер уақыт болды. Сөздеріңізді қоя тұрып, кешкі намазға барыңыздар! — деді.

— Біздің қазір уақытымыз жоқ, қалпе! — дедім.

— Неге уақытыңыз болмайды? Бұл сөздерге уақытыңыз болғанда, намазға уақытыңыз болмай ма? Жүріңіздер намазға! — деді Ғалауетдин.

— Біздің дәретіміз жоқ еді, қалпе! — дедім тағы да.

Қалпе түсін суытып:

— Дәрет аласыздар, тастаңыздар енді сөздеріңізді, жүріңіздер, намаз өтіп кетеді! — деді.

Пәле бүйірден қадалды. Мен ыза болып, тез жолдастарға айнала қарап жіберіп, қарсы алдымда отырған Бөкен Серікбайұлына қарадым. Бөкен маған қарап қойып, қыпқызыл болып, қалпеге көзімен қадалып отыр екен. Бөкен менің бетіме қарап жіберді де, қалпеге:

— Ей, молда! Шатпа!.. Шайнама! — деді.

Бөкенге таяу, терезенің алдында отырған Өмірбай:

— Маған сөз берші, Сөкен! — деп ұшып түрегелді.

Сөз бердім.

Молдалар қалш-қалш етеді. Иін тірескен жұртта үн жоқ. О-ой, сөкті-ай кеп Өмірбай молдаларды!

— ...Сендер, елді алдаушы арамтамақтар... Сүм, көлгір, былжыраған қаяр бұзылғандар!.. Өздеріңнің не қылып жүретіндерің естеріңде бола ма?.. Бізде не ақыларың бар?.. Біз тозақта күйіп жатсақ, сендер қолдарыңның ұшын бермей-ақ қойыңдар! — деп, молдалардың ит терісін басына қаптады.

Быт-шыт болып молдалар кетті.

Молдалар мен болыстардың, барлық жуандардың беті, ниеті бір. Бәрінің шабуылы да бір.

Міне, сөйтіп, Қазақстанның көп жерінде комитет істері осылардың ықпалымен жүрген.

Міне, «Алашорданың» тіреуінің зоры молдалар мен болыстар болған. Тағы да мысал келтірейік.

«Алаш» ханның үйінде

Колчактың, алашорданың заманы еді. «Алашорда» үкіметі екі бөлек жерде. Күншығыстағысы Семейде. Күнбатыстағысы Орал облысында, Жымпиты қаласында. Семейдегі «алашорданың» бастығы — Әлихан Бөкейхан, Жымпитыдағы орданың бастығы — Досмұқамбетов Жанша. Мүшелері: Қалел, бағанағы Салық болыстар.

Бір күні кешке, «Күнбатыс алашорда» үкіметінің бастықтары жай кеңесіп отыр еді. Кеңес «Орданың» кеңсесінде емес, Қалелдің пәтерінде еді. Ордаға Қуанай қазірет келген. Сол Қуанай қазіретті «алашорда» үкіметі құрметтеп, Қалелдің пәтерінде қонақ қылып сыйлап отырды. Үкіметтің сөзі қазіреттің алдында сыпайы, әдепті: — «Тақсыр», «қазірет», «құп!» — деседі.

Ызбарланып қазірет отыр. Бетіне қарағанда: «Қытай жұртының құдайы ма бұл?» — деп ойлайсың. Қуанай қазіретті білмейтін Орал облысында бала жоқ. Қуанай қазіретті Үпіндегі, Қазандағы ноғай-башқұрттың мүфтилері де біледі. Мүфти де Қуанайды сыйлайды. Қуанай «әулие»... Міне, қазірет жайылып Қалел Досмұқамбетұлының үйінде отыр. Қазірет босқа сөз сөйлемейді. Қазіреттің әрбір сөйлеген сөзі ем. Қазірет ызбарланып, айнала қарап қояды. Үкімет мүшелері, молладан қорыққан балаларға ұқсап, сызылып отыр. Қазіретке қарап аңшының иттеріндей қайпақтайды. Үкімет бастығы Жанша отыр. Киімдері өдемі, орысша, әскери, жапонның жандаралы төрізді.

Жанша қараған кісінің көзіне толарлық. Парсы жұртының, Қызылбастың әскер бастығы Рзахан төрізді. Жаншаға қараған көз тоярлық, Жанша — алашорданың бастығы. Жанша — «қазақтың ханы»... Бірақ Жанша жалаң бас, шашы өсіңкіреген. Жаншаның басында көк сауығтты дулыға жоқ. Не маңдайына асыл тастар орнатқан, тастары құлпырып неше түрлі от шашқан қарқаралы төжі жоқ. Тым

шілік сол.

Бір мезгілде ол кемшілікті өзі сезгендей Жанша бір қолымен шашын сипады. Сүзіліп қарап отырған қазіреттің ызғарлы бетінің бір тамыры жыбыр етті. Сол жақ көзінің алды қалт етті. Томағасын жұлып алған бүркіттей қазірет басын көтеріп алды. Жаншаға көздерін аш бүркіттей қадады. Қазіреттің бет қимылын аңдып отырған үйдегілер селк етті. Бәрі де Жанша мен қазіретке қарап тына қалды.

Қазірет:

— Тәйт!.. Бөркінді неге кимейсің?!.. Қарапшы, шашын жалбыратып отырғанын!.. Сендерді біз «қалипаның» орнында дейміз!.. Әр намаздың соңынан бата қыламыз!.. Сендер бүйтесіндер... Киіп отыр бөркінді! — деді.

Отырғандар састы. Ептеп, қалбалақтап шайып-жуды.

Қазірет кейіп: «Намазға да салақ деп есітемін», — деді.

«Тақсырлап» отырып, қазіретті жадыратты. Сонсоң Қалел:

— Тақсыр, қызметтен уақытымыз аз болады. Істен қолымыз босамайды. Біз жұма күні ғана мешітке барайық, бізге намазды жай күндерде үйде оқуға рұқсат қылыңыз!— деді. Ақырында, қазірет алашорда үкіметіне жұма күнінен басқа күнде намазды үйде оқуға рұқсат қылды. — Бірақ жұма намазынан қалмандар! — деді.

— Құп, тақсыр! — деді.

Міне сурет!.. Бұл жалғыз Орал облысында болған жоқ, бұл барлық Қазақстанда болған жалпы сурет.

Жуан болыстар мен «көдірлі» молдаларды «Алашорда» өзіне күш қылды. Жиылыстарына бұларды әдейі арнап шақырды. Бұлардан ылғи «бата» алып отырды.

Енді өзіміздің әңгімеге келейік — Ақмола комитетіне келейік.

Ақмолада

Комитет ісі, жоғарғы айтқандай, бір қалыпта жүріп жатты. Жұрт басы ауырса да комитетке келетін болды. Қазақ комитетін ғана біледі. Сот та, милиция да — бәрі де комитет. Күндіз-түні топыр. Комитет қазандай қайнап жатты. Бірақ жоғарғы үкіметтен ешбір жоба жоқ. Ешбір нұсқа жоқ. Комитет қазандай қайнайды. Бірақ өкімшілік

күші жоқ. Орыстардың комитетінде тіпті іс жоқ. Аты бар, ісі жоқ.

Ақмоланың өкімшілігі Керенскийдің комиссары прапорщик Петровтың қолында. Бірақ оның да күші жоқ. О да ештеңе істей алмайды. Бұл жалғыз Ақмолада емес. Керенский заманында барлық жерде-ақ жалпы солай болған. Жалпы қозғалған халықты Керенскийдің өкімшілігі тоқтата алар ма?.. Неше заманнан бері шеңгелдеп басқан қалың мұзды талқан қылып тасыған дарияны милиция мен сот тоқтата алар ма?

Алыс болса да, жалпы Қазақстанға құлақ күйін бұрап отыруға тырысқан Орынбордағы «Қазақ» газеті еді. Жалпы қазақ оқығандарының рухына жел беруге әрекет қылып отырған «Қазақ» газеті еді. Өйткені «Қазақ» газеті өзге газеттерден бұрынырақ шыққан (1913 жылы шыққан) өркенді газет болды. Өркендеген бұл газет қазақ халқы жақсы жерден, судан айырылып, патшадан қорлық көріп, тұрмысы өзгеріпкіреп: «Жерім-ай! Суым-ай!.. Қорлық-ай!» деген заманда шықты. Және сол тұрмыс өзгерістерінің әсерінен қазақтың оқуға ұмтылған жастары көбейіп, талпына бастаған қарсаңында шықты. Және бұл газеттің басындағы шығарушылар: «Жерім-ай!.. Суым-ай!..» деген зарды мұң қылып, жыр қылып айтушылар болды. Сондықтан олар қазақ оқығандарына көсемдік қылды. Сол көсемдікті бұлар 1913 жылдан «Қазақ» газеті арқылы үгіт қылып келіп, патша түскен соң күшейтті. «Алаш-орданың» ұраншысы осылар болды.

Бұлар патша түскен соң «Қазақ» газеті арқылы «жалпы қазақтың жиылысы болсын» деген сөзді таратты.

1917 жылы сәуірдің екісінен сегізіне дейін Орынборда Торғай облысының съезін жасады. Торғай съезіне Орал, Семей, Сырдария, Бөкей облыстық комитеттерінен өкілдер шақырды.

Торғай съезінде жалпы қазақ халқының мәселелерін қозғады. «Қазақстандық жалпы съезд құрылсын» деп қаулы шығарды. Съезге жоба жасап, шақырылатын уақытын, орнын белгілеуге сегіз кісіден бюро сайлады. Сайланған бюроньң басы «Қазақ» газетінің шығарушылары: Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатов, Қадырбаевтар болды.

Сөйтіп, «Қазақ» газетінің жазушылары бас болып, Торғайдың облыстық жиылысында съезд шақырылатын бюро сайланып, жалпы қазақ жиылысын құрмақ болды.

Бюро кешікпей «Қазақ» газетінде: «Жалпы съезд болады» деп жар салды. Съезд — «Бірінші жалпы қазақ съезі» болмақ. Съезд Орынборда 1917 жылы шілденің 20-сы кезінде ашылмақ.

«Қазақ» газетінде Қазақстанның әр облысында съезге қанша өкілдер шақырылғаны жарияланды. Іле Орынбордан телеграмма келді. Съезде қаралатын мәселелерін қозғады. Қаралатын мәселелер:

- 1) *Жалпы Россияның мемлекет құрылысы.*
- 2) *Қазақ облыстарының автономиясы.*
- 3) *Жер мәселесі.*
- 4) *Милиция мәселесі.*
- 5) *Земство.*
- 6) *Оқу.*
- 7) *Сот.*
- 8) *Дін мәселесі.*
- 9) *Әйелдер мәселесі.*
- 10) *Учредительное собраниеге даярлану.*
- 11) *Жалпыроссияның мұсылман советі.*
- 12) *Қазақтың саясат партиясын жасау.*
- 13) *Жетісу оқиғалары.*
- 14) *Жалпыроссия федералистерінің Киевтегі съезіне қазақтан кісі жіберу, Петербордағы оқу комиссиясына кісі жіберу.*

Міне, съездерінде қаралатын мәселелер осылар.

Съезге әр облыстан «сайлап жібер» деген өкілдерінің саны аз. Бұл өкілдерді уездік комитеттер жібермек. Немесе облыстық комитеттердің өзі-ақ жібере салмақ. Комитеттердің жіберетін адамдарынан басқа съезге тағы телеграмма арқылы арнап кейбір белгілі кісілерді шақырды.

— Кім шақырды?..

— Өлгі Бөкейхановтар шақырды.

— Қандай белгілі кісілерді шақырды?

— Манағы айтқан, Салық болыс төрізді «дүние тұтқасын ұстағандарды» шақырды. Қуанай қазіреттер төрізді «өулиелерді» шақырды.

Біздің Ақмола облысының атынан баратын екі өкіл болып, облыстық комитеттің екі мүшесі кетті Омбыда отырып өздерін-өздері сайлап кетті: Асыл Сейітов (доктор), Мағжан Жұмабаев (учитель). Біз Ақмоланың уездік комитетінде отырып, тек өншейін болып жатқан істі телеграмма, хат, газет арқылы ғана біліп отырдық.

Кешікпей Омбыдан фельдшер Шаймерден Әлжанұлынан хат алдым. Мен Шаймерденмен Омбыға оқуға барған жылымда таныс болып едім. Ол Омбыда адам фельдшерінің школында оқыған еді. Шаймерденмен өте жақын дос болып кетіп едім.

1913 жылы Омбыда ең әуелі жасырынып жастар ұйымын — «Бірлікті» ашқанымызда, Шаймерденді ұйымның басқармасының төрағасы қылып сайлап едік. Шаймерден сонда-ақ төңкерісшіл еді. «Бірліктің» бір орман ішінде болған жиылысында Шаймерден: «Кішкене баспа машина алайық, баспаға басып қазақ арасына патшаға қарсы сөз тараталық», — деп ұсыныс кіргізіп еді. Және «революция болса, қайтеміз» деген сөз болғанда: «Революция болса, қолымызға қару алып, революцияшылдармен бір боламыз», — деп еді.

Бұл сөздерді көпшілік жаратпап еді. Жалғыз-ақ Шаймерденге мен қосылып едім.

Мұнымызды кейбіреулер күлкі қылып еді. Міне, енді сол Шаймерден маған Омбыдан жазған хатында былай депті:

«Сәкен!

Мен Орынборға ана мырзалардың жиылысына кетіп барамын. Мақсұтым — Бөкейхандарға қарсы шығып, олардың жолының теріс екенін айтпақ.

Сен де олардың кім екенін жұртқа жариялап, түсіндіріп айта бер! Қош! Тағы да хат жазармын...

Шаймерден».

Біз де енді қарап отыра алмадық, бұл жиылған съезден не күтуге болатынын айта бастадық.

Уездік комитеттің жалпы жиналысын аштық. Комитеттің ортасына Орынборда болып жатқан съездің — I жалпы қазақ съезінің қарайтын мәселелерін салдық.

Баяндама жасап пікір алысқаннан кейін, Орынбор съезінің қарайтын мәселелері туралы қаулы шығардық. Қаулымыз «Жас қазақ» ұйымының жобасымен болды. Біздіңше, ең зор мәселе — Россияның болашақ үкіметінің түрі. Мұны біз үлкен қауіпті мәселе деп білдік. Қауіпті болмай қайтеді? — Съезде ылғи жуан болыстар (жаман да болыстар емес, жуан болыстар), үлкен ақсақалдар, қазіреттер болса, олар қандай үкімет жасамақ?..

Міні, сол себепті болашақ үкімет құрылысын үлкен зор мәселе деп білдік.

Бұл туралы біздің комитеттің шығарған қаулысы бойынша, Орынбордағы съезге телеграмма соқтық. Телеграмманы жазған Бірмағамбет Айбасұлы еді.

Телеграмманың мазмұны мынадай еді: «Біз федеративная республикаға ғана дауыс береміз. Басқа түрге қарсы боламыз».

Біздің телеграмма съездің ашылуына дәл барыпты. Біздің осы телеграмманың жөнімен Ақмола облысының атынан барған Сейітов федеративная республиканы қуаттап сөйлепті. Съезд шақырушылардың ағасы Бөкейханов кадет партиясының жобасын съезге алғызбақ болыпты, едәуір далбасалапты. «Россия үкіметі Англия үкіметіндей патшасы бар, парламентті болуы жөн», — деп таласыпты. Бірақ көпшіліктен жеңіліпті. Съезд федеративная республиканы дұрыс тауыпты. Бұл сөзді съезден кейін Ақмолаға келгенде Сейітов сөйледі.

Іс солай жүріп жатты. Қажы, молдалар, болыстар бізге қас болып алды. Бізді «дінсіз», «елді бүлдіргіш» деп сөз жүргізіп жүрді.

Қайтып келіп «Тіршілік» деген газет шығара бастадық.

Кешікпей тамызда Ақмоланың уездік съезі болды. Съезге Ақмоланың әр болысынан өкілдер келді. Омбыдан облыстық комитеттен әлгі Орынбордағы съезге барған Асылбек Сейітұлы келді. Орынбор съезінің баспаға басылған қаулыларын өкелді. Съездің қалай болып өткенін сөйледі.

Съезде Бөкейхановтардың кадет партиясының жобасын жүргізбек болғанын айтты. Россия мемлекетінің үкімет құрылысы ағылшындікіндей, конституция парламентті болғаны дұрыс деп таласқанын айтты. Ақырында жеңіліп, (федерацияға) федеративті республикаға көнгенін айтты. Және жалпы қазақ («Алаш») партиясын жасауға қаулы қылғандарын айтып, баспаға басылған қаулыларын оқыды. Болашақ учредительное собраниеге (жалпы Россия мемлекетінің үкімет құрылысын жасайтын съезге) Қазақстанның барлық облыстарынан қазақ өкілдерін белгілегендерін айтты. Маған: «Сені де Ақмола облысынан белгілеген өкілдердің спискесіне (тізіміне) кіргіздік», — деді.

— Және Рақымжан Дүйсенбаевты белгіледік, — деді.

— Белгілеген кісілеріңнің бетін білмей, белгілеп қоюларың жөн бе?.. Соңыра өркім орыстың әр партиясымен кетсе қайтесіндер?.. — дедім.

— Неге өйтсін!.. Жалпы қазақтың өз партиясы болады ғой, — деді.

— Олжабай төрізді адамдардың батасын алған партияда біз болмайтын шығармыз, — дедім. Біраз Сейітовпен қағысып, айтысып қалдық.

Ақмоланың уездік қазақ съезі ашылды. Съезге келген адамдардың көбі не болыстардың «атұлтандалары», не інілері, не құдалары болып шықты. Өздері өкіл болмаса да, бізге тістерін қайрап жүрген болыстар, байлар, молдалар жиналып келітті.

Съездің маңайы сыбыр-сыбыр сөз. Топ-топ жиылыс. Съездің көпшілігі ірі болыстар мен ірі молдалардың ықпалына түсіп алған төрізді.

Бізбен «бір жолдамыз» деп жүргендер, комитетте бізбен бірге қызмет қылып жүрген, бұрынғы орыс төрелерінің переводчик-тілмаштары болған қазақ оқығандары болыстармен, молдалармен жампандасып, сөйлесіп, құшақтасып алды.

Комитет сайлауы болды. Комитетке «Жас қазақтың» бастықтарынан ешкімді кіргізбеді. Сөйтіп, біз комитеттен шығып қалдық.

Комитетке ылғи байлардың, бұрынғы азулылардың, молдалардың адамдары кірді. Төрағасы — доктордың фельдшері Құсайын Қожамбердіұлы. (Құсайын сайлау боларда ауып кетті.) Мүшелері: Мәтен молда, бұрынғы судьяның переводчигі Ерденбаев және судьяның переводчигі Сарман Шүленбаев, бұрынғы болыс және переводчик Үсен Қосаев, басқа осындай адамдар.

Жаңарған қазақ комитеті өзінің кім екенін тезінен-ақ іс жүзінде көрсете бастады.

Бостандық, теңдік, әділдік іздеген адамдарға қазақ комитетінің енді ешбір пәтуасы болмады. Ондай адамдар «Жас қазақ» ұйымына келетін болды.

Біз «Тіршілік» газеті мен «Жас қазақ» ұйымын күшейте бердік.

«Тіршілік» газетінде байларға, болыстарға, молдаларға қарсы жазып жаттық. Комитеттің кімдікі екенін бұқараға сездіріп жаттық. Менің «Тіршіліктің» бір нөміріне басқан «Күзетші иттер» деген өлеңіме комитеттің төрағасы Құсайын Қожамбердіұлы едәуір шамданып жүрді. Бірақ не қылсын?.. Комитет, губерниялық комитеттің әмірі бо-

йынша, елден ақша жинамақ болды. Үй басына жеті жарым сомнан. Байдан да жеті жарым сом, кедейден де жеті жарым сом. Өздерінің батагөйлері, мың-мың жылқылы байлар — Сағынайдың Нұрмағамбеті, Олжабайлардан да жеті жарым сом, Ақмоладағы жатақ Балапаннан да жеті жарым сом!

Комитет ісінің бәрі де осындай. Бұл өншейін жүзден бірін ғана келтірген мысал.

Әрине, біз бұған қатты қарсы тұрдық. «Тіршілік» арқылы да, әсіресе ауызша сөз жүргізіп, комитетке жөнді ақша бергізбедік.

Осы күні кейбіреулер «Ақмолада шыққан «Тіршілік» газеті «кедейшіл» болса да, діншілдіктен аман емес еді», — дейді.

1925 жылы жазғытұрым Ташкенде «Ақжол» газетінің Жалпықазақстандық тілшілер съезінде, Байтасұлы деген жігіт «Қазақ баспасөзінің тарихы туралы» деген баяндама жасапты. Баяндамасында алғашқы революция кезінде шыққан газеттердің қандай болғанын өзінше бұза, шалапұла айтып келіп:

«... Ақмоладағы «Тіршілік» сондағы газеттердің бөрінен кедейшіл болды. Бірақ бұ да діншілдік, ұлтшылдықтан аман болған жоқ», — депті.

Бұл — өншейін бос сөз. Әрине, ол уақытта төжірібесіз, білімге кедей кезде шыққан газет сүрінбей, жығылмай кетті деу де қате. Әуелі осы уақытта да газеттердің талайының кейде шектен шыға жайылғандарын көреміз. «Тіршілік» діншіл де болған жоқ. Ұлтшыл да болған жоқ. Ұлтшыл болса, «алашқа» қосылар еді. Ал діншіл болды ма, жоқ па? Мынадан аңғаруға болады.

«Мүфти керек» деген сөздер Орынбордағы «Қазақ» газетіне 1917 жылы жазылып жатты. Міне, осы туралы сол 1917 жылы «Тіршілік» газетінің бас жазушысы Рахымжан Дүйсенбаев «Тіршіліктің» бір нөміріне басмақала жазды.

Бұл мақаланы «Тіршіліктен» «Қазақ» газеті алып көшіріп те басты. Басқанда, «біздің пікірімізге қарсы пікір» деп басты. Сол мақаланы енді «Қазақ» газетінен алып, біз мұнда келтірейік. «Қазақ» газеті былай деп көшіреді:

Газеттерден:

«...Ақмолада жаңа шыға бастаған «Тіршілік» газеті «Мүфти қазаққа керек пе» деген басмақаласында қазір мүфтиге қарау керек еместігін жазады.

Біз қазақ мүфтиге кірісу керек деген пікірдеміз.

Бірақ бұ да бір газеттің пікірі болғандықтан, оқушының сынына салуды мақұл көрдік. «Тіршілік» газеті жазады: «Біздің қазақтың көбі мүфтиге қарамайды», — деп талпынады.

Оның неге керек екенін өзі де көп анық білмейтін сықылды. Көбінің мүфтиге кіреміз дейтіні ноғайлармен сөйлескенде, өзілдермен айтатын сықылды:

«Сендер, қазақ, мүфтиге қарамайсың, орысқа қарайсың», — деп, соны қайсыбіреулері бойына мін көреді. Расында, ноғайдың мүфтиі де орысқа қарайды. Орысқа, патшаға қарамай кеткен бұған шейін ешкім жоқ.

Ноғайлардың мүфтиі қайта орысқа, ұлыққа сөз тасып, халыққа жақсылық ойлағандарының үстінен көрсетіп тұратын қулар, шпион екен. Ол жақында Николай патша түскен соң ашылды. Мүфти болғанмен, ноғайларда артықша дін күшейіп, не білімі артылып кеткен ешнәрсені біз бұл күнге шейін байқамадық.

Біздің қазақ өуелде мүфтиге қараған да еді. Онан шыққалы отыз жылдай-ақ болды. Шыққан мәнісі: мүфтидің жер турасында қылғандары. Қазақтың атқамінерлерінің жер дауларынан алатын пайдасы кетіп, көп жұмыстар өз уақытынан шыққан себепті.

Орыстар дін турасында архиерейлер сайлауды патшалық жұмысы емес біліп, өркімнің дін өз жұмысы деп қалдырып тұр.

Біз біреудің ескісін кимесек жүре алмаймыз ғой. Бұлар дін бастығын қалдырып жатқанда, біз оны жаңадан сайлап жатырмыз.

Ғылымнан көрініп тұрады: дін бастығы зорайған сайын, халық надан болып бұзылады, ғылым, білімнен қалып, дінді тұту керек, бірақ аса шиелендірмей тұту. Жалпы қара халыққа неғұрлым төре, чиновник, ұлық аз болса, соғұрлым пайдалы. Молдалардан мүфти қылып, қазақ қоқырайтып бір ұлық шығарып алса, қайтып құтылуы қиын болар. Талай жұртта солай болған.

«Не хақты бер, ат қоярынды бер, ысқат-жаназанды бер!..» — деп, жалғыз сиырдың бұзауын қуып кетіп отырса, сол қиын болар.

1891 жылы, 25 мартта шыққан Степное положение бойынша, молда белгіленіп шығарылмады. Сөйтсе де әліпті таяқ деп білмейтін ауылнай старшина жаназаға, некаққа,

ат қойғанға әр жерде-ақ патшалық алымнан кейін қалмай, белгілі алым алып тұратын әдет шығарған еді.

Қазақ әзір мүфтиді қоя тұрып, өзге бас билігін түзетсін.

Мүфтилікті қоя тұру керектігін және не екенін түсінбегендігін Ақмолаға ахон сайлауы көрсетті.

«Қазақ». 1917 жыл.

*Рахымжан Дүйсенбайұлы
2 декабрь, № 253»*

Міне, осы мақала діншіл газеттің мақаласы ма?.. Ол уақытта осындай мақаланы «Тіршілік» газетінен басқа ешбір қазақ ойына алған жоқ та. Өйткені олардың тар жолына мұндай мақалалар дұрыс емес еді.

Олардың туы да «алаш», ұраны да «алаш» болды. Қуаты, батагөйі — бай-ақсақалдар, мықты болыстар, «әулие» қазіреттер болды... «Тіршілік» газетінің жазушылары «Жас қазақ» ұйымы еді. Қуаты Ақмола жатақтары еді. Ақмоланың қаласына да, уезіне де қазақ комитетінен «Жас қазақ» ұйымы қадірлі бола бастады. «Жас қазақ» басқармасы реті келіп қалғанда кейде комитетке бұйрық жазатын да болды. Әсіресе әйел мәселесін комитеттің бұрмалауына «Жас қазақ» ұйымы жібертпеді.

Қазақ комитетінің халық алдында қадірі қалмады. Ірі мәселелерді «Жас қазақ» ұйымының ұйғаруы болмаса, өз бетімен істей алмады. Комитет кеңесін «Жас қазақтың» бір мүшесі бақылап отыратын болды.

Қазақ комитеті қалайша қадірлі болсын?.. Комитетке кіріп алып, бұрынғы ел жеуге үйреніп қалған переводчик, молда, мырзалар тағы да елге тұмсықтарын тықты. Тағы да бұрынғы жуандар, молдалар тайрандайтын болып алды. Тағы да жауыздық істеле бастады.

Ал бұлардың бөріне біздің «Жас қазақ» қарсы тұрып, терістікті жұртқа әшкере қылып жариялай берді. Ондай түрде комитетте не қадір қалсын!..

«Жас қазақ» ұйымы қанша алысқанмен комитет аздап бұқпантайлап, өзінің бықсыған шатақ істерін істей берді.

Бір күні «Жас қазақ» ұйымы комитетпен белдеспек болды. «Комитетті қуу керек!» деген сөз қозғалды. Кеңеспек болдық.

Сол күзге қарсы Ақмолада екі класты орыс-қазақтың школасы ашылған. Школдың бір оқытушысы мен. Пәтерім

школмен бірге. «Жас қазақ» жиылысын кешке жасырын сол біздің школда жасамақ болдық.

Інірде жұрт саябыр болған кезде, жұрт біздің школға жиналды. Жиналысқа бірен-саран «Жас қазақ» ұйымында жоқ адамдарды да шақырдық.

«Жас қазақтың» бастықтары тегіс болды. Сол кезде Омбыдан келген Байсейіт Өділұлы да болды. «Тіршілік» газетінің бас жазушысы Рахымжан Дүйсенбайұлы болды.

Жиылысты аштық. Жиылысқа мен төрағалық қылдым. Байсейіт хатшылық қылды. Біраз кеңескеннен кейін, комитетті қууға қаулы қылдық.

Комитеттің не себепті қуылатынын, терістіктерін айтып, қағазға тізіп жазып, қарар шығардық. Бұл шығарған қарарды төрт-бес қағазға даралап көшіріп жазып, қаланың, орыстың мекемелеріне мағлұмат үшін тапсырмақ болдық.

План мынадай:

Ертең ерте мекемелерде қызмет басталған кезде, бөрі бір уақытта, біздің кісілер өр жерге барып, зор ұйымдарға, мекемелерге өлгі шығарған қаулыны тапсырмақ. Сонан соң жиылмақ жер қылып белгілеген комитеттің қасындағы Асылбекұлының үйіне жиылмақ. Сол жерден жазу жазған екі-үш ту көтеріп, комитетке бармақ болдық.

Өркімге міндетті іс тапсырдық. Байсейіт пен Жұмабай уезный комиссарға барып, біздің қарарды тапсырмақ. Мен бір жолдаспен гарнизондағы солдаттарға барып қарарды тапсырып, ауызша да қысқаша баяндама қылмақпын. Біреулері орыс комитетіне барып, қарарды тапсырып, баяндама қылмақ. Бір-екі жолдас керек сөздерді жазып, ертең ерте жиналатын Асылбековтың үйіне екі-үш туды даярлап тұрмақ.

Дүйсенбаев пен Серікбаев және біреулер жатақтағы қара бұқара қазақтардың жиналатын базарына барып, топ жиып, қысқаша сөздер сөйлеп, қарарды оқып, бұқара халықты комитетке қарай алып келмек.

Сөйтіп, түнде «Жас қазақ» жиылысы тарқады.

Ертеңі жасалған план бойынша өркім өз міндетін істеп, уәделі жерге жиналды.

Гарнизон маған «сендердің тілеуіңдеміз» деген сөз айтты.

Асығып уәделі үйге келдік. Туларды да өкелді. Жолдастар жиналып жатыр. Жиналып болды. Уездік комиссарға барған кісіміз келді.

Комиссардың түрі жаман. «Ереуіл жасатпаймын, қойыңдар!.. Тыңдамасандар, арестовать егем бәріңді!» — деп айтты деп келді. Енді көшеге шығу ғана қалды дегенде, комитетке астыртын жіберген бір жолдас жүгіріп келді.

— Ойбай, комитетке үш-төрт милиционер және бір-екі орыс пен комиссар келді, — деді.

— Е, қайтеміз, келсе!.. Бәрібір!.. Барамыз!.. — деп дуылдап көшеге шықты.

Комитетке бардық. «Жас қазаққа» бірталай жатақ бұрыла қосылды. Топталып шұбырып комитетке келдік. Топырлап, сиғанымызша комитет үйіне кірдік.

Комитеттің мүшелерінің көбі астыңғы үйдің есігінен шығып, қашып кетіпті. Керенскийдің комиссары бізге қарсы шықты. Біздің сөйлеуге белгілеп қойған екі кісіміз Керенский комиссарымен шартта-шұрт айтыса қалды. Комиссар комитетті қорғайды. Біздің екі кісі қаралайды. Біз өзгеміз иін тіресіп ентелеп тұрмыз. Комитетке симаған көпшілігіміз тыста. Көп тұрмай, комиссармен айтысуға мен де кірісе кеттім. Сөйлеткен екі кісіміздің екеуі де ел жігіттері еді. Екеуі де тайсалмай сөйлеп тұр. Бірі Құсайын Жалмағамбетұлы деген, бірі тағы бір ел кісісі.

Комиссарлар қасында Ақмоладағы «эсер» партиясының жауапты хатшысы бар екен. Ол бір сөйлемпаз адам екен. О да сөзге кірісті. Бірақ ол әншейін жай ғана тоқтау айтты. Ал комиссар аузынан жалыны шығып, бұрқылдап сөйледі. Бізді қорқытады. Ақырында комиссар түсін, дауысын өзгертіп сөйлеп, он бес күнге мұрсатана сұрады. Он бес күнде комитетті қайта сайламақ болды.

Біз тарқадық...

Енді сол күннен кейін халыққа «комитеттің бұты бес тиын да болмай қалды. Тиындай да қадірі қалмады».

Он бес күн өтті. Комиссар комитетті тарқатпады. Біздің кісілер тағы да сөз жүргізді...

Базардағы жиылған бұқараға Рахымжан Дүйсенбаев барып, комитеттің байдікі, болыстікі екенін айтып сөз сөйледі.

Школада отырған мені шақырды. Біз де бардық. Жұрт тағы да қызып, «комитетті күштеп тарқатамыз...» деп, тағы да комитетке қарай гу-гулеп топтанып, шұбап жөнелді. Тағы да топырлап барды.

Комитет мүшелері қорқып, комитетті құлыптап кетіп қалған екен.

Үйдің қожасы бір шал есік алдында шығып тұр екен.

Жұрт тағы да тарқады...

IV

СОВЕТ ҮКІМЕТІ ЗАМАНЫНДА

Кешікпей «Петроградта Керенский үкіметі құлап, үкіметті большевиктер алды» деген телеграмма сап ете түсті.

Октябрь төңкерісінен кейін әлеумет, саясат майданындағы күрестеріміз бұрынғыдан да екпінді болды. Мыс қазандай қайнады.

Жиылыс-митинг, талас-тартыстар жиіленді.

Дүйсенбаев, Асылбеков, Серікбаев, Нұркин, Бекмұқамбетов, Әділов, Қангелдин Уәли мен Көшербай, тағы басқа жолдастар, фронттан қайтқан Монин, Гривогоз, Лозной, Коломейцев, Репшнейдр деген солдаттармен және Екібастұз заводының жұмыскері Бачок дегенмен, Трофимов деген левой эсер адвокатпен, Горбачев деген семинария учителімен, Ақмоладағы эсер партиясының хатшысы әлгі Мартылого деген левой эсер және басқа орыс жолдастармен бәріміз бірыңғай Ақмолада Совет орнату жолында талас-тартыс майданына шықтық.

Талай жиылыс, талай митинг өткіздік. Совет орнатуға «қалпымен» казак-орыс қарсы. Өрине, байлар, төрелер, офицерлер қарсы. Алаш ниетіндегі қазақ комитеті қарсы. Керенскийдің өзі жойылса да, Ақмоладағы отырған комиссары қарсы.

Қысқасы, қарсы күш қалың. Біз тіпті азбыз.

Жұрт гулейді. Жиналыстарда иін тіреседі. Ұрысады, керіседі.

Орынборда болған бірінші қазақ жиылысының қарары бойынша күллі Қазақстанда «Алаш» партиясы деген жасалды. Оның губерния-губернияда облыстық комитеттері ашылды, уез-уездерде комитеттері ашылды. Біздің «Тіршілік» газетінен басқа газеттерде «Алаштың» жобасы жарияланды. Бұл газеттер күпірген мақалалар жазып, «алаш, алаш!» деген күйге бастады. «Алаш» партиясының жобасын эсер, меньшевик партияларының, Кадет партиясының жобаларынан құрастырып алды.

Бірақ «Алаш» өзінің бұл құрғақ жобасын да іс жүзінде қолданған жоқ, іс жүзінде Колчак ағасының тәртіптерін қолданды...

Барлық Алаш ағасы деп Әлихан Бөкейханды оқығандар көкке көтерді. «Алаш» бастықтары да тыпырлап, аласұрып сөз таратып, бар күштерін салып, әрекеттерін жасады.

Дон-Кихотша, Бөкейхан Сібір съезіне келді. Омбыға келді, Семейге келді, баяндама жасады. Оқыған мырзалар, оқып жүрген мырза болам деушілер Бөкейханның жолын тосып қарсы алды.

Омбыда, Семейде Әлекенді Құдайдан сұрап алған жалғыздай құттықтады. Мұны аз ғана көз алдына келтіру үшін 1917 жылғы қарашаның 21-індегі «Қазақ» газетінің 251-нөміріндегі Бөкейханды Семейде қалай, кімдер күтіп алғанын жазған «Сарыарқа» газетінен көшірген мақаланы келтірейік.

Газеттерден:

«ӘЛИХАННЫҢ СЕМЕЙГЕ КЕЛУІ

Әлихан Томскідегі Сібір съезінен қайтып, баяндама оқуға Семейге барған еді. Семей халқының Әлиханды қалай қарсы алғаны жөнінде «Сарыарқа» газетінде бір мақала басылып шыққан.

Әлихан Семейге 21 октябрь күні келетіндігі күн ілгері мәлім болған екен. Сол күні алдынан шығып, құрмет көрсетуге Семей қазақтары бұрынғы губернатор мекемесі, қазіргі «Бостандық үйіне» ағыла бастаған. Семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, мұғалімдер бір рет, тұрғын саудагерлер, қырдан келгендер «сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай» дегендей қуанышпен, отарбаның келуін тосқан еді дейді.

Мұнша халықтың артықша зор құрметпен, қуанышпен, сағынып күткен адамы:

Ел үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген,
Ұрадай сасық ауа, темірлі үйде
Зарығып, Алаш үшін бейнет көрген.

Заманда басқан аяқ кейін кеткен
Жасымай, Алашына қызмет еткен!
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын «бақ жұлдызына» көзі жеткен.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған,
«Көркейер қайткенде Алаш» деген ойдан
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Әлихан Нұрмағамбетұлы Бөкейханов еді, — дейді «Сары-арқа».

Өлгі көше толып ағылған қазақтың бөрі «Бостандық үйіне» барып толды. Арналған кісілер халықты реттеп отырғызды.

Бүгін Әлиханмен жұрт көрісіп, амандасып тарасын, қарсы алу тойымыздың үлкені ертең, Алаш қаласында болсын деп қаулы қылынды. Қозыбағаров және басқалар жас балаларға және қара халыққа Әлиханның өмірін, қылған қызметтерін сөйледі. Сөйтіп отырғанда поезды тосып, автомобильмен әкелуге жіберген екі кісі құрметті қонақты «Бостандық үйіне» түсірді. Жұрт амандасып болғаннан кейін, қара халық атынан Шайық Мұсатайұлы Әлиханның келгеніне құтты болсын айтты.

Онан соң комитет атынан Ахметжан Қозыбағарұлы сөйледі. Ахметжаннан кейін оқытушылар атынан мұғалім Маннан Тұрғанбайұлы сөйледі.

«Сүйікті баспымыз! Еңбегің жанды, ұлтыңның жандана бастағанын көзің көрді, өзінің оқытушы екенін жасырып жүретін оқытушылар мынау отырған. Бұрынғы келгендерінде дидарын көрсетпей, жауып қойған да уақыттары болды. Жүзі қаралардан қорқып, біз де бүйтіп көрініп, алдыңыздан шыға алмаушы едік. Құдай бізді бүйтіп қарсы алуға жеткізді. Біз, оқытушылар, пікіріңізді жайып, еліңді тірілтуге даярмыз. Көп жаса, басшымыз, сені көрумен өзімізді бақытты санаймыз», — деді.

Жалпы жастар атынан С.М.Торайғырұлы былай құттықтады:

«Көш бастаған еріміз!
Қуанышта еліңіз.
Төбеміз көкке жеткендей,
Көкіректен бүгін кеткендей,

Сізді көріп, шеріміз.
Еліңіздің бұл шағын,
Алаш туын һәм бағын
Көзбен көріп, түленді
Көптен бергі теріңіз.
Алаш туын қолға алған,
Қараңғыда жол салған
Арыстаным, келіңіз!»

Оқушылары атынан Аймауытұлы мынаны айтты:
«Қараңғыда қан жылап, қаңғырған күнде басыңды Алаш
жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз!

Сізді көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткі-
зерлік емес. Өмірінде жүрген жолың біз, інілеріңе, жағып
қойған шам- шырақ.

«Жасасын сүйген Алашын!

Көп жаса, сабазым!»

Басқалар тарапынан да осы секілді сөздер сөйленіп болған
сон, Өлихан мынаны айтты:

«Ағалар, інілер! Мені бұлай қарсы алғандарына рақмет,
бірақ ұғыну керек: бостандықты туғызған мен емес, орыс
ерлері. Мен олардың жолында жолдастықта жүрген
кісімін. Жүз жылдан бері бостандық үшін асылған, атылған
солар. Төңірі жарылқасын соларға бұрын айтуға керек.

Бостандыққа қуансаңдар, мені «басшымыз» деп айтқан-
дарың шын болса, міне, мен өле-өлгенше сендерге қызмет
қытуға уағда беремін. Сендер уағда бересіңдер ме, бостандық
жолымен болуға? Бостандық жолында болсаңдар, нашарды
жебеу керек; партияны қойып, бірігуге, бас пайдасы мен
жұрт пайдасын бірдей көруге, барлық күштеріңді ғылым
жолында жұмсауға керек.

Міне, бостандық болғалы осыларды қылып отырған
шығарсыңдар, бостандық өзінен-өзі сендерге түк әкеліп
бермейді», — деді.

Міне, Өлиханды осылай қарсы алды.

Содан кейін Орынборда «Алаш» партиясы атынан жал-
пы-ресейлік учредительный собраниеге барлық Қазақстан
губернияларынан белгіленген адамдардың тізімдері (списке)
«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 14 қарашада 250-ші нө-
мірінде жарияланды. Ол тізімдері міне:

*І. «Алаш» партиясы атынан учредительный собрание-
ге аталған депутаттар: Торғай облысынан № 1 списке:*

1. Ахмет Байтұрсынұлы, 2. Ахмет Бірімжанұлы, 3. Сағындық Досжанұлы, 4. Абдолла Темірұлы, 5. Телжаман Мұрынұлы, 6. Елжан Оразұлы, 7. Өлихан Бөкейханұлы.

II. Ақмола әм Семей облысынан списке № 5

1. Өлихан Бөкейханұлы, 2. Айдархан Тұрлыбайұлы, 3. Әлімхан Ермеқұлы, 4. Қалел Гаппасұлы, 5. Асылбек Сейітұлы, 6. Мұқыш Поштайұлы, 7. Ережеп Итбайұлы, 8. Жақып Ақпайұлы, 9. Сейілбек Жанайдарұлы, 10. Райымжан Мәрсеқұлы, 11. Жұмағали Тілеуліұлы, 12. Биәкмет Сәрсенұлы, 13. Рақымжан Дүйсенбайұлы (Рақымжан Дүйсенбайұлын сыртынан жазып кірістіріп қойған). 14. Ахметжан Қозыбағарұлы, 15. Мағжан Жұмабайұлы, 16. Өбікей Сәтбайұлы, 17. Садық Мешінбайұлы, 18. Безгек Өскенбайұлы, 19. Салмақбай Күсемісұлы.

III. Орал облысынан

1. Қалел Досмұқамбетұлы, 2. Жанша Досмұқамбетұлы, 3. Нұрғали Ермағамбетұлы, 4. Ғұбайдолла Әлібекұлы, 5. Сәлімгерей Қаратілеуұлы, 6. Омар Есенқұлұлы, 7. Ғайса Қашқынбайұлы.

IV. Жетісу облысынан списке № 2

1. Мұқаметжан Тынышпайұлы, 2. Шибалин (орыс), 3. Отыншы Әлжанұлы, 4. Ашқайский (орыс), 5. Ғабдоллин, 6. Ниязбекұлы, 7. Мырзақан Төлебайұлы, 8. Бабкин (орыс), 9. Пропкин (орыс).

списке № 3

1. Ыбырайым Жайнақұлы, 2. Шандириков (орыс), 3. Садық Аманжолұлы, 4. Дүр Сауранбайұлы, 5. Базарбай Мөметұлы.

V. Бөкей ордасынан списке № 1

1. Уәлитхан Танапұлы, 2. Бақыткерей Құлманұлы.

списке № 2

1. Қадым Сармоллаұлы, 2. Сәлімгерей Нұралыханұлы.

Бұл жалпы тізімде Сырдария облысынан белгіленген кісілерінің тізімі ғана жоқ.

Совет үкіметіне қарсы «Алаш» бастықтары жанталасып кірісті. Совет үкіметін орнатушы большевиктерді жамандап, балағаттап, «Алаш» газеттері гүжілдеп жар салып жатты. «Большевиктер немістерге сатылып, астыртын ақша алып келіп, Россияны бүлдіріп жатыр». «Большевиктер өңкей бұзықтар», «ел талаушылар», «елден, жұрттан шыққан қулар», — деп дүрілдетіп жатты.

«Қазақ» газетінің жоғарғы айтылған 14 қарашада шыққан 250-нөмірінде «Алаш» партиясының бастығы Бөкейханұлы біраз серіктерімен қол қойып, жар шашты. Онысы мынау:

«Алаш ұлы қазақ пен ардақты қырғыз ағайынға

«Ескі үкіметті аударып, бостандық алған кезде Россиядағы жұрттың қуанышы күшті, ынтымағы мол, үміттері зор еді. Жұрттан асқан данышпан, көсем, шешен, жүйріктерінен үкімет сайланып, іс түзелуге бет алып «қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай» замандар туған сияқты болған еді. Онан кейін «ит қарнына сары май жақпаған» сияқты бостандықтың жақсылығы жамандыққа айнала бастады. Орыс жұртының надандығы, партия бастап ел ерткен адамдардың арамдығы бостандықтың қуанышын қорқынышқа айналдырды. Көптің пайдасын ойламай, ер партия өз пайдасын көздеп, халықты қару орнына ұстап ерқайсысы көздеген мақсатына жеткісі келді.

Социал-демократ деген жұмысшылар партиясы солдаттарды құрал орнына ұстап, ақы жағын көбейту, жұмыс жағын азайту мақсатында болды. Социал-революционер партиясы жер біткенді мұжыққа тегін алып береміз деп көңілін аулап, көп мұжықты өзіне ертіп алу мақсатында болды. Бұл екі партиядағы адамдар социалистер деп аталады. Социалистердің большевик деген бір тобы немістен ақша алып, астыртын ақылдас болып, орыстың солдаттарын азғырып соғыстан шығарып отыр және Россияны ішінен шірітіп, аздырып-тоздыру үшін өзді-өзін атыстырып лаңға түсіріп отыр.

Социалист партияларының түпкілікті мақсаты дүниедегі нәрсенің менікі-сенікілігін жоғалту, мал-мүлік бәрін ортаға салып, ортақ пайдалану жолына түсіру.

Қазіргі сынаптай толқып, ауытқып, мемлекет іші тұрақты орнықпай тұрған шақта түпкі көздеген мақсатына жетіп қалайық дейтін социалистер бар. Мешеу қалған Россия түгіл, мәдениет жүзінде алда жүрген мемлекеттерде адам баласы мал-мүлкін ортаға салып ортақ пайдаланатын халге жеткен жоқ. Күшпен істетпесе, ырзалықпен ортаға

мал-мүлкін салатын ешкім жоқ. Солай болған соң социалистер халықты ортақтыққа көндіру үшін күш жұмсамаса болмайтын болды.

Бүтін мемлекеттегі жұртты зорлықпен көндіріп, мал-мүлкін ортаға салдырып, ортақ пайдалануға түсіруге көп күш керек. Ондай күш қару-жарақтар асынған, ұрыс-соғыс ғылымын үйренген жиын және дайын тұрған атты-жаяу әскерлерде ғана болады.

Жұртты социалист жолына күшпен саламыз деген партиялар мемлекет күшін қолына алу үшін өзгеріс болысымен солдатпен қосылып «советтер» жасады. Жұмысшылар және солдаттар депутаттарының советі дейтініміз сол социалистер жасаған советі.

Ескі үкімет өліп, жаңа үкімет туғанда бұл советтер де қатар туып, өкіметпен қатар қабырғаласып қалмастан келе-келе енді мемлекет билігін өкімет қолынан бүтіндей алып, жұртты өкімшілік күшімен социалист жолына түсірмек болып тұр. Орыс солдаты аяғының астынан арғы жерге көзі жетпейтін қараңғы соқыр. Жұрттың мал-мүлкін ортаға салдыртып, тегін мал тауып береміз деген социалистер уақытша үкіметті солдат күшімен алып, абақтыға салып, Петроградта өздерінен министірлер сайланып елге өкімшілік жүргіземіз деп жатыр. Жұрт онысына көнбейміз деп жатыр. Мал-мүлкін ортаға үлеске сала қою оңай емес. Ырзалықпен жұрт көнбесе күшпен көндіреміз деп, социалистер көнбеген жерлердің адамын қырғынға, мал-мүлкін талауға ұшыратып жатыр. Осы күнгі әр жерде болып жатқан «большевик» бунты деген бүліншілік сол халықты зорлап, күшпен социалист жолына түсіреміз дегендердің ісі. Немісті қойып, енді Россия өзімен соғысып кетті. Солдаттар «большевиктер» жағында, атты казактар халық жағында. Петроград, Мәскеу, Қазан, Саратов, Самара, Ташкент сияқты солдат көп жерінде большевиктер жеңіп тұр.

Орынбор, Орал, Дон сияқты атты казактар көп жерлерде «большевиктер» қорқып, қозғала алмай отыр. Жаяу әскер көп, атты казактар аз, елдің бойын қорғауға атты казак жетпейді. Соғыстан Россия іске аспай шығып тұр. Солдаттар еліне қайтып келе жатыр. Бұрын солдаттарды еліне қайтарарда қару-жарағын тонап алып қайтарушы еді. Оны істейтін өкімет абақтыда жатыр. Солдаттар қару-жарағы-

мен қайтпақшы. Поселке-поселкесіне барып, менікі-сенікі жоқ, бәрі ортақ боларға тиіс деп «большевик» дініне кіріп келген солдаттар келген жерінің бөрінің мал-мүлкін, жер-суын ортақ пайдаланамын деп бүлікті шығармақшы. Қару-жарағы қолында, келеді де алады. Бермеймін дегенді ұрады, қырады, дегенін қылады. «Анархия», яғни жүгенсіздік қалып деген осы болар.

Бұзықты тыятын халық қалаған өкімет абақтыда жатса, оның орнына большевиктен болған өкімет — мал-мүлік ортаға салынсын, талауға түссін десе, алдырған-жұлдырған, шабылған, таланған, орылған, қырылған кімге барар? Кімге паналар? Мұндай шақта әркім өзіне-өзі берік болып, өз қақына өзі ие болып, өз мал-мүлкін өзі қорғамаса, ешкім қорғап бермейді. Мұндай лайсан заманда әр жұрт өз қамын өзі ойлап, өзгеге жем болмас жабдығын өзі істемесе, өзгелер істеп бермейді. Атты казактардың қару-жарақтары сай, азаматы дайын. Оның мал-мүлік, жер-суына большевиктер тиісе алмайды. «Тастаған шоқпар» сорлының маңдайына тиеді деген, біздің қазақ сияқты қару-құралдан түк жоқ сорлы жұрттар мұндай бейтәртіп жүгенсіздік шақта қорлық-зорлықтың неше түрін көріп, адамы қырғынға, мал-мүлкі, жер-суы талауға түсетіні шөксіз. Жазғы болған жалпы қазақ съезінде осы анархия болатын құқық сездіріліп, қазақ милициясын күшейту керек деген сөз қозғалып еді, ол кезде бірақ «анархия» болатын түрі байқалғанмен, нақ болып жатқан жері бола қоймаған соң айтылған сөз аударылып, ақтарылып қаралмастан қалып еді. Қашан төбемізден келіп түскенше ұйқымызды қия қоймайтын мінезіміз бар ғой.

Енді әуелі жан керек болса, екінші, жан үшін мал керек болса, түсініп оянатын шағың жетті, өлмес қамыңды қылмай арманда болып, артынан өкініп жүрмендер. Айту борыш біздікі, істеу-істемеу ерік халықтікі. «Анархия» әлегінен біздің қазақ тысқары қала алмайды. Өсіресе орыс-қазақ сыбайлас, аралас отырған жерлерге «анархия» шағы тиетіні шөксіз. Біздің ойлауымызша, «анархиядан» өзін қорғау үшін қазақ-қырғыз айрықша милиция жасау керек, ол милиция «анархия» боларлық құқықты жерлерде болып, елді большевик жолындағы адамдардың қорлық-зорлығынан құтқару керек.

Сол милицияны қалай жасап, қалай қазақ-қырғызды большевиктер өлегінен аман алып қалу жайын кеңесуіміз бір керек.

Екінші, Россия ішінен іріп-шіріп, азып-тозып, тігісінен сөгіліп пара-пара болып кетуі ықтимал.

Россия ондай күнге ұшырағандай болса, біз қалай етпекшіміз, оның жайын кеңесу бұл тағы керек. Сондықтан қазақ-қырғыз болып бас қосатын бір жалпы съезд жасамай болмайды. Съездің нағыз керек кезі осы шақ. Мұнан соң зор түскендей халық жұмыс болмақшы да емес.

Съезд бүкіл қазақ-қырғыз болған жерлердің әр уезінен елге беделді екі ақсақалдан шақырылып, әр областной комитеттен екі зиялыдан шақырылып телеграмма беріліп тұр. Съезд жиылатын орын — Орынбор. Күні 5/XII.

Милиция жасауға азамат, ат және ақша қазақтың өзінен табылады. Бізге тиісті қару-жарағы большевиктерге қарсы қазір күш көрсетіп тұрған атты казактар. Біз де большевиктерге қарсы амал қылатын болған соң біздің милиция жасаймыз деген ісімізді өздеріне көмек көріп, атты казактар қару-жарақ жағына қарасса деген үмітіміз бар.

5 декабрьде Орынборда атты казактардың да съезі болмақшы. Екі съезд уақыты бірге болған соң қару-жарақ жағынан да, қалай милиция жасап, қалай төртіптеу туралы да атты казак съезі мен қазақ-қырғыз съезіне келген адамдар ақылдасар.

Алаш ұлы қазақтан, ардақты қырғыз ағайынымыздан өтінеміз, қаралатын мәселе зор болғандықтан, жаңа істейтін іс тез үлгеріліп, тез жарыққа шығуы қажет болғандықтан, шақырылған адамдар түгел және мезгілімен келіп кетсе екен деп.

Съезд шақырушылар: Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Бірімжанұлы, Сағындық Досжанұлы, Жанұзақ Жәнібекұлы, Файзулла Ғалымжанұлы, Камеледдин Арғынғазыұлы, Ғабдұлхамит Жүндібайұлы, Ғазімбек Бірімжанұлы.»

Орынборға Бөкейханұлдары тағы да екінші жалпы қазақ съезін шақырды. Қазақстанның губерния-губерниясына, уез-уезіне екінші съезге шақырып телеграмма берді. Телеграмма қазақ газетінің жаңағы айтылған 14 қарашада шыққан 250-нөмірінде басылды. Газетке былай деп басылған:

«Екінші жалпы қазақ съезі

Заман жаманға айналды. Келешек қараңғы, қорқыныш зор. Осындай бүліншілік заманда аяқ асты болып қорлықта қалмауымыздың қамын кеңесу үшін екінші жалпы қазақ съезіне шақыруға қаулы қылып Орынбордағы оқыған қазақтар төмендегі телеграмманы қазақ облыстарына және уездеріне беріп отыр.

Телеграмма сөзі

«Бүкіл мемлекет қазір бетімен жайылып кетті, кешікпей талан-тараж қырғынға айналатын түрі бар. Алалық, алты ауыздық, біреуге-біреу сенбеу күшейді, әр адам, әр халық өз қамын ойлап, өзін-өзі қорғайтын күн туды. Бұл болып жатқан оқиғалардың түбі неге соғатынын жалпы қазақ артық сезе қоймайтын шығар. Бұл оқиғалардың түрі жаман, қам қылмай, қол қусырып отыра берсек, алдымен қазақ халқы сорлайтын түрі бар. Соның үшін біз жанымызды, малымызды қорғау жайын ойлау керек. Өзімізді-өзіміз қорғау үшін бізге жалпы қазақ милициясын құру керек. Бұл мәселе шұғыл және аса зор болғандықтан, төменде қол қоюшылар халыққа сенімді қызметті ақсақалдарды және оқығандарды шақырып, өз күшімізбен қазақ милициясын құру жайын кеңесуге жалпы қазақ съезін жинауға қаулы қылдық. Егер біз өзімізді-өзіміз қорғай алмасақ, бүліншілік зорайып, қиыншылыққа айналғанда қазақ халқы құрбан болады.

Соның үшін милиция құрудың үстіне съезде қазақ халқының жұрттығын жоғалтпау үшін не қылу керек деген зор мәселе де қаралады.

Алаш баласының басына бір сын, бір күн туды. Өтінеміз, қалай да болса 5 декабрьге қарсы Орынборға әр уезден жұртқа қадірлі екі ақсақалдан және әр областной комитеттен екі оқыған кісіден жіберіңіздер.

5 декабрьде Орынборда бүкіл казак-орыс әскерлерінің съезі де болады, бізге олармен де сөйлесу керек.

Бұл телеграммада айтылған, уез басы екі ақсақал және областной комитеттен шақырған екі зиялының үстіне айрықша телеграмма беріп, мынау кісілер де шақырылды: «Ұран», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттерінен және жаңа ашылған қауымдардан бір-бір өкілдерден, қазы Омар Қарашұлы, қазы Қайырша Ақыметжанұлы, қазы

Ғабдолла Ешмұқамбетұлы, Ақмет ишан Оразбайұлы, Қожамбет Оразайұлы, Құрмамбек Бірімжанұлы, Құлмамбет Қанқожаұлы, Шөкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Басықараұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Қалел Досмұқамбетұлы, Жанша Досмұқамбетұлы, Уалитхан Танашұлы, Бақыткерей Құлманұлы, Жанқожа Мергенұлы, Ишанғали Арабайұлы, Ораз Тәтиұлы, Шонан ақсақал, Отарбай қажы Құндыбайұлы, Ақметкерей Қосуақұлы, Нұрлан Қияшұлы, Нұрмағамбет Сағынайұлы, Шаңгерей Бөкейұлы, Есенқұл қажы Маманұлы, Мұқаметжан Тынышпайұлы, Салық Қырпықұлы, Сапар Наурызбайұлы және Илияс қажы Жанқараұлы.

Съезд шақырушы комиссия ағалары: Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сағындық Досжанұлы, Елдос Омарұлы.»

Бұл телеграммада біздің «Тіршілік» газетінен де арнап өкіл шақырылған екен. Және әрбір ашылған қауымдардан бір өкіл келсін деген екен. Біз газетіміз «Тіршілік» атынан да, қауымымыз «Жас қазақ» атынан да өкіл жібермедік. Телеграмманың айтуынша, әр уез екі ақсақал сайлап жібермек. Және оның үстіне арналып шақырылған «қадірлі» жуан байлар, «қасиетті», «шарапатты» қазірет, ишандар, қажылар бар. Бұл арналып шақырылғандардың ішінде біздің Ақмоладан Нұрлан Қияшұлы бар, Нұрмағамбет Сағынайұлы бар, бұл екі ақсақал, әрине, ескі қазақтың қадірлі, ел аузына қараған адамдары. Өзіміздің Нұрлыекен (Қияшұлы) Николай түскенше жиырма алты жыл болыс болған. Патшадан, жандаралдан алған наградалары бар. Мың жарымдай жылқысы болған. Отыз болыс уыз үйлі Қуандықтың «күрзісі». Нұрмағамбет әлгі 1916 жылы біз көрген, патша заманында, Николай наследник күнінде Омбыға келіп той қылғанда, патшаның баласына тарту-таралғы, сый апарған. Сыйға оюлы, сырлы алтындаған ақ үй апарған. Үш айғыр үйірлі қысырақ апарған. Бірі ылғи ақ шұбар, шұбарлығы ақ қағаздың үстіне тамған қарадай. Бірі ылғи мақпал қара, бірі ылғи кіршіксіз қылан. Патшаның өзінен және баласынан алған мақтау, награда, шендері көп. Нұрмағамбет бүкіл Ақмолаға мөшһүр салтанатты пан, өлшеусіз бай. Өзі қажыға да барған, болыс та болған.

Нұрмағамбет бірнеше болыс момын керей деген елдің жұрты аузына қараған ақсақалы. Бірақ біздің «Нұрлыекен де», Нұрмағамбет те хат білмейтін адамдар.

Өрине, сонымен, екінші «жалпы қазақ» съезі де осындай Қазақстанның ылғи күрзі ақсақалдарының, қажы, ірі жуан болыс, қазіреттерінің съезі болды.

Орынборда екінші «жалпы қазақ» съезі шақырылып ашылды. Съезд желтоқсанның бесінде ашылып, он үшінде бітті. Съезге жиналғандар: баяғы «Алаш», «Алаштың» қаймағы, «Алаштың» көкжалдары.

Біздің Ақмола уезінен съезге Камалиддин қалпе мен Құл Бәуенұлы деген көпес барды.

Съезде өскер жасамақ болды, ақша жинамақ болды, «Алашорда» деген үкімет құрмақ болды. Үкіметке кісілер сайлады.

Қазақша айтқанда «уөзірлер» сайлады.

Бұл екінші жалпы қазақ-қырғыз съезінің кейбір мағлұматтарын «Сарыарқа» газетінен мұнда келтірейік.

«Сарыарқа» газетінің 1918 жыл 25 ғинуарындағы 29-нөмірінде «Жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы» деген ұзын мағлұматты «Қазақ» газетінен көшірген. Ол мынау:

«Жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы...»

Съезд Орынборда 5—13 декабрьде болып өтті. Съезге Қазақстанның барлық 8 облыстарынан өкілдер келді.

Съезд шақырушылар: Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдос Омарұлы, Сағындық Досжанұлы және Міржақып Дулатұлы.

Съезге түрлі ұйымдардан және газеттерден: Мұртаза Нұрсейітұлы, Абдрахман Мұртасынұлы, Әбілғазиз Өлкешұлы, Бернияз Күлейұлы, Әбілқамит Жүндібайұлы, Әбілғазиз Мұсаұлы, Қошмұқамбет Кемеңгерұлы және Қайретден Болғамбайұлы.

Арнап шақырылғандар: Бақыткерей Құлманұлы, Жанша Досмұқамбетұлы, Омар қазы Қарашұлы, Әбіл қазы Ешмұқамбетұлы, Мәди қазы Мақұлұлы, Қалел Досмұқамбетұлы, Ишанғали Арабайұлы, Ақыметкерей Қосуақұлы, Уәлитхан Танашұлы, Жанқожа Мергенұлы, Салық Қарпықұлы, Отарбай қажы Құндыбайұлы, Мұстафа Шоқайұлы және Илияс Жанқараұлы.

Съезд бастығына сайланғандар: Председателі Бақыткерей Құлманұлы.

Серіктер: Әлихан Бөкейханұлы, Қалел Досмұхамбетұлы, Әзімхан Кенесарыұлы, Омар Қарашұлы.

Секретарьлары: Дәулетше Күсепқалиұлы, Міржақып Дулатұлы, Сейдазым Көдірбайұлы.

Жиылыс ашылар алдында Әлихан: «Былтырдан бері шаршы топта сөйлеп бөйге алған, осы съезге шақырылған, ардақты шешен Ораз ақсақал Төтиұлы өлді. Жиылысты марқұм Оразға дұға қылып басталық», — деді.

Жиылған жұрт марқұм Ораздың рухына дұға қылып, кеңеске кірісті...

Съезге қаралуға қойылған мәселелер: 1. Сібір, Түркістан автономиясы және юго-восточный союз туралы, 2. Қазақ-қырғыз автономиясы, 3. Милиция туралы, 4. Ұлт кеңесі, 5. Оқу мәселесі, 6. Ұлт қазынасы, 7. Мүфтилік мәселесі, 8. Народный суд, 9. Аульное управление, 10. Азық-түлік мәселесі.

Автономия мәселесі: Түркістан автономиясының министрі Мұстафа Шоқайұлы Түркістан автономиясы жайын баяндады.

Мұстафа сөзіне қарағанда Жетісу және Сырдария облысының қазақтары Түркістан автономиясына өлі қосылмағандығы байқалады.

Түркістан уәлаятының өкілдері қазақ-қырғыз баласының басы қосылатын кез осы екенін және Алаш автономиясы жарияланса өздерінің қосылатынын білдірді.

Орынбор қазақ-қырғыз әскерлерінің 3-округі өкілі Меншелин съезді құттықтап «Қазіргі бүліншіліктен құтылу үшін, юго-восточный союзға қосылындар», — деді.

Комиссия атынан: Қалел Ғаббасұлы «Автономия және милиция кеңесі» туралы баяндама қылды.

Автономия туралы Қалелдің баяндамасын тексеріп, октябрь аяғында Уақытша үкімет түскенін, Россия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді өкіметтің жоқтығын, өкімшілік жоқ болған соң халық арасы бұзылып, пышақтасып кететіндігін, бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке ұшырап, күннен-күнге халықтың күйі нашарлауын және бұл бүліншілік біздің қазақ-қырғыздың басына да келуін мүмкін деп ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды билейтін үкімет керектігін ескеріп, съезд бірауыздан қаулы қылды.

I. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы

және Өмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері. Бірыңғай іргелі халқы қазақ, қырғыз.

Халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық жерлі автономия құруға;

II. Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын.

III. Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі, суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын.

IV. Алаш автономиясының мизамын Бүкілроссиялық учредительный собрание бекітеді.

V. Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады. Алаш автономиясының қолында жерсіз халықтар болса, оларға ұлт және мәдени автономия беріледі.

VI. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша ұлт кеңесін құруға, мұның аты «Алаш Орда» болсын.

«Алаш Орданың» ағасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды, Алаш Орданың уақытша тұратын орны Семей қаласы. Алаш Орда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады.

VII. Алаш Ордасы халық милиция...

VIII. Алаш Орда тез уақытта Алаш автономиясының учредительный собраниясын (құрылтайын) шақыруға міндетті болсын. Алаш құрылтайының сайлау тәртібі жалпы россиялық құрылтай сайлауы ретінде болсын.

IX. Алаш Ордасына съезд тапсырады:

1. Ұлт қазынасына қарыз ақша алуға.

2. Өзге автономиясы көрші халықтармен одақтасуы жөнін сөйлесуге, мұның шарттарын бекітуші Алаш құрылтайы. Ұлт құрылтайына «Алаш Ордасы» автономия мизамының жобасын даярлап кіргізеді.

Автономияны қашан жариялау тақырыпты съезд екі пікірге айрылды. Бірсыпыра өкілдер автономияны қазір жариялайық дейді. Екінші жағы автономияны ресми жариялауды Алаш Ордасына тапсыралық. Өуелі милициямызды құрып алайық. Түркістан қазағымен сөйлесейік және арамыздағы жат жұрттармен келіселік, сонан кейін жариялансын. Мұнымыз саяси әдіс болар деді.

Бұл мәселені шешу үшін өкілдердің аттары аталып, тас салынды.

Алаш автономиясы күні бүгін ресми жариялансын деп тас салғандар 33 кісі.

Автономияны ресми жария етуді арамыздағы жат жұрттармен сөйлескенше һәм милициямызды құрып алғанша тоқтата тұруды лайық көріп тас салғандар 42 кісі. Азшылықта қалған өкілдер көпшіліктің қабыл еткен қаулысына көнбей, автономияны қазір ресми жариялат дейді. Егер қазір жария етілмесе, біз Түркістан автономиясына қосыламыз дейді.

Сонан кейін съезде Алаш баласының бытырамауын мақұл көріп, қазір бытыраса түбінде қосыла алуы қиын болатынын ойлап, бірауыздан мынадай қаулы қылды: Бір айдың ішінде Алаш Ордасы Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып ала алмаса да бір айдың ішінде халыққа білдіреді. Бір айдың ішінде Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына ресми автономиялы етуге ерікті.

3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса және алашқа автономия жария етілмесе өркім өз күнін өзі көреді.

Егер Түркістан қазағы бір айда бір қосылса, автономия қашан жария етуді ықтиярды Алаш Ордасына берілсін.

Милиция мәселесі: бұл мәселе хақындағы баяндаманы тексеріп карап және оны күнде мемлекет ішінде бассыздық, талан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін съезд төмендегі қаулыны қабыл етеді.

Ешбір тоқтаусыз милиция түзеуге кірісуі тиіс. Милиция түзеудің уақытша тәртібі мынадай.

Х. Бөкейлік, Торғай, Ақмола, Орал, Семей және Жетісу облыстарында милиция саны 13 500 болуға тиіс, әрбір облыста бұлардың саны мынадай болуға тиіс:

Бөкейлікте	1000
Оралда	2000
Торғайда	3000
Ақмолада	4000
Семейде	1500
Жетісуда	2000

XI. Милиция түзеуге мынадай шығын керек.

Қару-жарақ сатып алу үшін 8 109 000 сом, милиционердің бір жылғы еңбекақысы, өзінің тамағы, пәтері, атының жемі 3 302 100 сом, офицерлердің еңбекақысы 324 000

сом, инструктордың еңбекақысы 974 000 сом, милиция басқарып тұратын мекемелердің расходы 180 000 сом, офицерлік өнерін үйрететін азаматтар расходы 1 100 000 сом...

Барлығы 42 886 000 сом.

Бұған оқу комиссиясы мен Алаш Орданың өзінің және бөгде шығындарын қосқанда жоғарыдағыменен барлығы 44 000 000 (қырық төрт миллион) сом болады.

Осы айтылған 44 миллион сом әрбір облысқа халықтың санына қарай былайша бөлінеді.

Бөкейлікке 3 542 050 сом,

Оралға 7 556 000 сом,

Торғайға 6 601 500 сом,

Ақмолаға 6 703 450 сом,

Семейге 9 729 500 сом,

Жетісуға 9 867 500 сом.

Бұл айтылған сомалар әрбір уезге және болыстарға халықтың санына қарай бөлінеді.

Әр болысқа түскен ақша байға байша, жарлыға жарлыша бөлінеді.

Алаш Ордасына сайланғандарға съезд кісі басына 800 сом айлық еңбекақы кесті.

Алаш Ордасының пәтер, мекеме, жүріс-тұрыс және басқа расходтарын белгілеу Алаш Ордасының өз міндетінде.

«Алаш Ордасына» мына адамдар сайланды:

1. Бөкейліктен — Уәлитхан Танашұлы.
2. Оралдан — Қалел Досмұқамбетұлы.
3. Ақмоладан — Айдархан Тұрлыбайұлы.
4. Торғайдан — Ақмет Бірімжанұлы.
5. Семейден — Қалел Ғаппасұлы.
6. Жетісудан — Садық Аманжолұлы.
7. Сырдариядан — Мұстафа Шоқайұлы.

Облыстардан тысқары:

8. Әлихан Бөкейханұлы.
9. Жанша Досмұқамбетұлы.
10. Әлімхан Ермекұлы.
11. Мұқаметжан Тынышпайұлы.
12. Бақыткерей Құлманұлы.
13. Жақып Ақбайұлы.
14. Базарбай Мәметұлы.
15. Отыншы Әлжанұлы.

Оларға орынбасарлыққа сайланғандар:

1. Ғайса Қашқынбайұлы
2. Түсіпбек Жақыпбайұлы.
3. Ережеп Итбайұлы.
4. Сатылған Сабатайұлы.
5. Есенғали Қасаболатұлы.
6. Батырқайыр Ниязұлы.
7. Мұқыш Поштайұлы.
8. Сейілбек Жанайдарұлы.
9. Сәлімгерей Нұрлыханұлы.
10. Омар Алмасұлы.
11. Сейдазым Кәдірбайұлы.
12. Асфандияр Кенжеұлы.
13. Штабс-капитан Бегімұлы.
14. Есен Тұрмағамбетұлы.
15. Жанек Сұлтанбайұлы.

«Алашорданың» бастығына:

Әлихан Бөкейханұлы, Бақыткерей Құлманұлы және Айдархан Тұрлыбайұлы тасқа салынды.

	Сайлаушы	Сайламаушы
Әлиханды	40	18
Бақыткерейді	19	39
Айдарханды	20	38

Сөйтіп, «Алашорданың» бастығына Әлихан Бөкейханұлы сайланды.

Оқу комиссиясына:

1. Ахмет Байтұрсынұлы,
2. Мағжан Жұмабайұлы,
3. Елдес Омарұлы,
4. Бидахмет Сәрсенұлы,
5. Телжан Шонанұлы.

Халықтан милиция және оқу комиссиясы, «Алашорданың» расходына жиналатын ақша өзiрге ұлт қазынасынан болып табылады.

Түпкілікті ұлт қазынасын түзеу «Алашорданың» міндеті.

Азық-түлік мәселесін және өкілдердің бұл туралы берген мағлұматын съезд тексеріп, мынадай қаулы қылды:

1) Азық-түлік жұмысын сайланған земстволар ешбір тоқтаусыз өз қолына алады.

2) «Алаш Орда» әрбір облыстан астықтың ұзын санын біліп, астығы жоқ жерге астығы мол облыстардан астық алып беруге міндеткер.

3) Қырғыз-қазақ сатып алынған астықты азық-түлік комитеттері тоқтатпас үшін «Алаш Орда» қам қылады. Алаш автономиясы жақын арада жарияланатын болған соң программада көрсетілген мүфтилік, народный сот, аульной управление съезде қаралмай, кейінге қалды.

Уақытша автономия құрылғанын айтып, Алаш құрылтай жинағанша қазақ-қырғыз Орынбор мүфтилігі қарауында болады. Болашақ Алаш құрылтайына, Орынбор мүфтилігіне сайланған қазақ қазылары қазақ-қырғыз мекеме шариғиасын құру хақында жоба кіргізуге міндеткер.

Ел ішіндегі народный сот ешбір жұмыс бітіре алмайды және халыққа сенімді емес. Ел ішінде ұрлық күннен-күнге күшейіп бара жатыр. Соның үшін ұрлықты тыятын уақытша сот құру және соттың тәртібін түзеу «Алашорданың» міндетінде.

Съезд жабылды 13 декабрьде 1917 жылда.

«Қазақ»

Газеттен:

Және сол «Сарыарқа» газетінің 1918 жыл, 22 қаңтардағы 28- нөмірінде Әлімхан Ермекулұлы жазған басмақаласында былай дейді:

«Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің Алашты
Қорлығына бермейміз!!
Өлер жерден кеттік біз.
Бұл заманға жеттік біз
Жасайды, Алаш өлмейміз:
Жасасын, Алаш жасасын!
Жасасын, Алаш жасасын!

Декабрьдің 12-күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты Алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді, үлкен ауылдарға қонсы қонып шашылып жүрген қазақ-қырғыз жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт Отанды болды, автономия бізге өмірлік мақсұт еді.

Алыстағы жұлдыз еді, іштегі дертті айта алмай, күрмеліп жүрген қызыл тіл бұл күнде дүние жүзін жаңғыртып Алаш ұранын шақырып отыр, Алаш! Алаш!

Көтер басты, уақыт жетті, сүртелік көзден аққан қанды жасты, Алаш автономиясына құран оқылып, ат қойылған

жалпы қазақ съезінде, ел ішінен келген қария ақсақалдардың еңіреп жылағаны болып еді.

Өзгелер ұмтылып жергілікті ұлттық автономия алып жатқанда 6 миллион қазақ халқы, тұтас жері бар қазақ жұрты қарап отырып қалса, жұрттығын жоғалтып өзін-өзі тірідей көмгені. Иншалла! Сенеміз, Алаш туының астына жиылмайтын қырғыз-қазақ баласы болмас, тірілген Алаш Ордасын құлатпас деп, Жасасын Алаш автономиясы!

(Әлімқан)

Газеттен:

Және «Сарыарқа» газетінің сол нөмірінде Ғаббас жазған «Алаш автономиясы» деген мақаласында былай дейді:

«Алаш автономиясы: Орынбор қаласында өткен декабрьдің 5-нен 14-не дейін созылған екінші жалпы қазақ-қырғыз съезі бір айдан соң, жерлік ұлттық автономиясын жұртқа жария қылуға қаулы қылысып, қазақ-қырғыз үкім жүргізуге ортасынан 15 кісілік уақытша өкімет «Алаш Орда» сайлап тарқасты. Не себепті бір ай уақыт кескендігін газетіміздің өткен нөмірінде жазғанбыз.

Ел басынан милиция қызметіне алынатын жігіттердің ат-тонын, сайманын тездікпен дайындап, айтқан жеріне жеткізу керек. Қазақ-қырғыздың уақытша үкіметі «Алаш-орда» Алаш қаласына келіп, Алаш автономиясын жариялағаннан кейін, қазақ-қырғыз балалары бағынатын өкіметіміз осы деп сеніп, ант беріп, басқа өкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек.

Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, неше-неше қиын-қыстау жерлерден бұл күнге дейін аман өтіп, тарих жүзінде жоғалмайтын беріктігін көрсеткен Алаш ұранды қазақ-қырғыз балалары жұртқа түскен, мына, өмір сынынан да аман-есен аяғын шалдырмай өтер деп сенеміз...

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің Алашты
Қорлығына бермейміз!
Өлер жерден кеттік біз.
Бұл заманға жеттік біз.
Жасайды Алаш, өлмейміз,
Жасасын Алаш, жасасын!»

(Ғаббас)

Қазақтың ақындары «Алаш», «Алаш!» деген көптірмелі өлеңдерді газет бетіне толтырып жатты. Бұл араға бір өлеңдерін келтірейік:

Алашқа

(Омар Қарашұлының өлеңі)

Ау, Алаш, көзді бүгін ашар күнін,
Қарманып, ілгері аяқ басар күнін!
Шығарып бір жеңнен қол, бір жерден бас,
Адымдап асқар белден асар күнін.

Теңізім, телегейім, қайран елім.
Кемерлеп толқын атып тасар күнін!
Ақ күміс, қызыл алтын жиғанынды
Құрбан қып осы жолға шашар күнін.

Терезең теңгеріліп қатар тұрса,
Уһ! – деп сонда жүрек басар күнін!

Ау, Алаш, заман жайын білеміз бе?
Құлаққа айтқан сөзді ілеміз бе?
Заманның ыңғайынан аман өтіп,
Зырлаған желмаяға мінеміз бе?

Өнерлі білімдінің қылған ісін
Майданда, мұны байқап көреміз бе?
Күш қосып құралдардың, бас қорғаудың
Жолына белді буып кіреміз бе?

Болмаса күнде бір ел қырғын тауып,
Жылулап бастан-аяқ жүреміз бе?

Тағы да Омар қалпе Қарашұлының бір өлеңін келтірелік.

Алаштың азаматтарына

Ақ жүрек азаматтар, асқар күнін,
Дұшпанды алдан байқап, жасқар күнін
Дұрыстық ел қамында еткен істі
Қол соғып, қошеметтеп, қостар күнін.
Күш қосып, қол ұстасып, сөз бекітіп,
Арадан алалықты тастар күнін.

Адасқан қойдай шулап өрген елді,
Бұлтармай, оң бағытта бастар күнін!
Анқылдап Алаш ұлы сеніп отыр,
Орнынан шығып соны растар күнін!

(Омар Қарашұлы)

Сөйтіп, «Алаш» үкіметі» жасала қалды. «Үкімет» жасауға оқығандар қандай құмар.

Орынборда осы айтылған екінші жалпы қазақ-қырғыз съезінің ашылатын қарсаңында, «Қазақ» газетінің 1917 жылы декабрьде, 254-ші нөмірінде «Түркістан автономиясы» деген телеграмма басылған. «Қазақ» басқармасына келіп жарияланған телеграммада былай дейді:

«Қоқан. 2-декабрь. 27-ноябрьде Қоқанда өлейет мұсылман съезі болды. Жерлі Түркістан автономиясы жарияланды. Халық шаттықпен қарсы алып тұр. Уақытша ұлт мәжілісі — жаңа үкімет сайланды. Гинуарда Түркістанның учредительное собраниясі шақырылады.

Үкіметтің уақытша тұратын орны Қоқан қаласы.

Қайретден Болғанбайұлы»

Баяғы «Қоқан автономиясы» деген осы. Қоқанда «Алаштың» біраз оқығандары сарттардың, ноғайлардың байларымен жиналып отырып, өздерін өздері барлық Түркістанның «үкіметі» қылып сайлап, автономия жариялаған. Үкіметтің бастығы — Мұқаметжан Тынышбайұлы, мүшелері: Мұстафа Шоқайұлы және басқалар.

Міне, бұл үкіметтерін «сайлағаннан» кейін Мұстафа Шоқайұлы Орынборға — «екінші жалпы қазақ-қырғыз» съезіне барған.

Съезде Жетісу мен Сырдария қазақтарының Түркістан автономиясына қосыла қоймағанын аңғартқан.

Сөйтіп, ол ерің екі үкіметке мүше болған...

«Алаш» партиясының губерниялық комитеттері газеттердің жүзінде жарияланып жатты. Бұл араға «Алаш» партиясының екі-үш губерниядағы комитетінің тізімдерін кіргізе кетейін.

«Қазақ» газетінің 1917 жылы 18 желтоқсанда шыққан 254-нөмірінде былай деген:

Ақмола облысы

Омбыда областной «Алаш» партиясының комитеті ашылғандығы «Қазақта» жазылып еді. Комитетке сайланған адамдар:

Асылбек Сейітұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Мұхтар Саматұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Бекмұхамбет Серкебайұлы, Айбасұлы, Ерқосай Мұқышұлы, Ережеп Итбайұлы, Дінмұхамбет Әділұлы, Қошмұхамбет Кеменгерұлы, Мұсылманбек Сейітұлы, Жұмағали Тілеуліұлы, Ос. Ахметұлы, Бірмұхамбет Айбасұлы, Құсайын Қожамбердіұлы, Қажы Ахмет Көкенұлы. «Алаш» комитеті әр уезге учредительное собрание сайлауын халыққа түсіндіруге кісі шығарды. Бұлар Ақмола облысының 5 уезінде «Алаш» комитетін ашты... — деп «Қазақ» газетіне тілшісі жазады.

Тағы сол «Қазақ» газетінің 1917 жылы 2 желтоқсанда шыққан 253-нөмірінде былай дейді:

«Алаш» партиясы

«Семейде областной «Алаш» партиясының комитеті ашылған хабарын жазып едік. «Сарыарқаның» соңғы нөмірінде бұл туралы мынадай мақала басылды:

«Алаш» партиясының Семейде уақытша областной комитеті ашылды. Комитетке кірген кісілер:

Әлімхан Ермеқұлы, Рақымжан Мәрсекұлы, Имам Әлімбекұлы, Ақметжан Қозыбағарұлы, Тұрағұл Құнанбайұлы, Қалел Ғаппасұлы, Сыдық Дүйсенбіұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Әнияр Молдабайұлы, Бияхмет Сәрсенұлы, бұлардан басқа уез басы бір кісі кіруге орын қалдырылды... Комитеттің председателі Қалел Ғаппасұлы, жолдасы Ақметжан Қозыбағарұлы, секретары Сыдық Дүйсенбіұлы, қазынашысы Әнияр Молдабайұлы, құрметті председателі Әлихан Бөкейханұлы...» — деп «Қазақ» газеті «Сарыарқадан» көшіреді.

Және «Қазақ» газетінің 1917 жылы 14-қарашада шыққан 250-нөмірінде былай деген:

«Алаш» партиясы

«Алаш» партиясының Орынборда Тургайский областной комитеті ашылды. Комитетке Орынборда тұратын он қазақ

және төрт уезден қазақ, барлығы он төрт ағза сайланды. Орынбордағы ағзалар:

Ахмет Бірімжанұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Омар Жәнібекұлы, Мержақып Дулатұлы, Ғабділхамит Жүндібайұлы, Сағындық Досжанұлы, Ғазымбек Бірімжанұлы, Камаладин Арынғазыұлы, Ғабділкәрім Досжанұлы (Торғайдан), Телжан Шонанұлы (Бірғыздан), Есенғали Нұрмақамбетұлы (Ақтөбеден), Мырзағазы Есполұлы (Қостанайдан). Алаш партиясының областной комитет председателі Әлихан Бөкейханұлы, серігі Ахмет Байтұрсынұлы, секретары Мержақып Дулатұлы, қазынашысы Жанұзақ Жәнібекұлы.

«Алаш» партиясының ағзалық жарнасы бір сом», — деп «Қазақ» газеті жазады.

«Қазақ» газетінің 253-нөмірінде «Сарыарқадан» көшірілген мағлұматында «Алаш» партиясына кіруге қазіргі шарт: «Кіндік комитетінің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын, «Алаш» партиясының программасын жөн көрген... адам кіреді», — дейді...

Учредительное собрание сайлауын өткізуге біздің Ақмола облысының Омбыда ашылған облыстық «Алаш» комитетінен Ақмолаға Мұхтар Саматұлы келді. Ол кезде Мұхтардың Бөкейханұлдарына сеніп жүретін кезі еді.

Ақмолада «Алаштың» уездік партия комитетін ашты, учредительное собрание сайлауын өткізуге әрекет қылды. Қазақ дауысын «Алаш» спискісіне бергізуге әрекет қылған болды.

Ақмоланың өлуге таянған қазақ комитетіне Мұхтар келген соң азырақ жан кірді.

Мұхтар комитетке орнады. Мұхтарды көрейін деп қазақ комитетіне бардым. Амандастық. 1913—1916 жылдарда Омбыда оқуда жүргенде «Бірлік» ұйымын ашысқан жолдаспыз.

— Сен «Үш жүздің» партиясына кіруге ризалығыңды бердің бе? — деді, мен:

— Жоқ. Маған «Үш жүз» партиясының да, «Алаш» партиясының да керегі жоқ. Екеуіне де қосыла алмаймын. Бірақ «Алаш» партиясынан «Үш жүзді» тәуір көремін, — дедім.

— Мына учредительное собраниеге қатысқанда қай жағында боласың?

— Қайда болатынымды өзiм бiлемiн. Бiрақ «Алашта» да, «Үш жүзде» де болмаспын, — дедiм.

Айтқандай, Омбыда облыстық «Алаш» партиясымен жарыса «Үш жүз» партиясы деген ашылды.

Бұл партияны ашушылар сол Омбыдағы Мұқан Әйтпенұлы, Көлбай Тоғысұлы, Шаймерден Әлжанұлы, тағы басқалар. Бұлар партиясының атын «социалшыл» «Үш жүз» партиясы деген. Партияларының тiзiмiне сырттан Ақмола қаласындағы бiздi кiргiзiп алышты.

«Үш жүз» партиясы жасалғаннан «Алаш» партиясының басындағыларды боқтай, сөгe түрегелдi.

Қызылжар қаласында «Үш жүз» деген газет шыға бастады. Газетiнiң бетiн «Алаштың» көсемдерiн сөгуге толтыра бердi.

Әрине, «Алаш» партиясының «көсемдерi» де «Үш жүз» басындағыларды сөгуден кенде қалған жоқ. Бұлар да боқтады. Қайта бұлар сөгудi, жамандауды «Үш жүзден» асырып жiбердi. Әйткенi бұлар сөзге шеберiрек. Бұлар саны көп, бұлардың бастықтарының бәрi де зор оқығандар. Және әр облыстарда шығып жатқан қазақ газеттерiнiң, «Тiршiлiктен» басқасының, бәрi бұлардiкi едi. Семейдегi «Сарыарқа» газетi, Ташкендегi «Бiрлiк туы» деген газет, Астрахандағы «Ұран» деген газет, Орынбордағы «Қазақ» газетi – бәрi де Омбыдағы «Үш жүздiң» бастықтарын сөгiп бақты. Әрине, кiмдi болса да сөгуге сөз табылады. Ондай сөзге әсiресе «Алаштың» шешендерi шеберiрек болып шықты.

Әрине, шеберлiктi бәрiнен Орынбордағы «Қазақ» газетi асырды. Өзге «Алаш» газеттерiнiң «Қазақ» газетi ағасы болған соң, шеберлiктi асырмай қояр ма? «Шеберлiктерiн» көзбен көру үшiн және «Үш жүзге» көзқарастарын аңдау үшiн «Қазақстан» және «Сарыарқадан» «Үш жүздi» балағаттаған бiраз ғана сөздер келтiрелiк.

«Сарыарқаның» 26-шы нөмiрiнде былай дейдi және мұны 260-шы нөмiрiнде «Қазақ» көшiрiп басқан:

Газеттен:

«ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН АРАМЗАЛАР

Бостандық болғаннан берi жұрттың көзi ашылып, қайда болса да ынтымақ, бiрлiк табылып, қалың қазақ iшiне береке ұйтқысы орнағандай болып түр едi. Қазақтан басқа ел қағынып, жүгенсiздiк ұлғайып, азаматтарының соңына ерген

жұртты арамза қулары азғырып, адастырып тұр еді. Бізден де ұяттан кеткен, ардан безген арамзалар шығып, газет таратқан болып, ел ішіне өрекет шашқалы жүр. «Алаштың» туын ұстаған, асқар белдей ерлерімізді жынданған итке ұқсап, арамзалар қапшақ болып, жынын құсып, уын шашып жүр. Түрі адамға ұқсағанмен, пікірі айуан сияқты адамдар. «Үш жүздің» партиясы» деп атақ байланып, ел ұйтқысы болған «Алаш» партиясының адамдарын арам аузымен былғамақ болып жүр. Төрт аяқты қасқырға астыртын у салушы еді, ал оған деген у мынау:

«Үш жүз» партиясы — анық содырлы-сойқанды, жүзі қаралар партиясы. Бұл — жұртқа келген үлкен дерт. Сөзіне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану — алаш балаларына борыш. Қазақтың баяғыдан бері аяқ астына басылып, көрген қорлығы, көрген зорлығы мен зомбылығы аз емес. Енді «Үш жүздің» қуларына айтамыз: «елімізді ертпеніздер, ел қылып ұстау сендердің қолдарыңнан келетін іс емес. Ел де есін біледі; сендердің сондарыңнан еріп, жарға қамалып жығылмайды. Халықты өуре қылмай, өлген мүжықтың қойнында қалаш табылатын болса, соны іздеп қарандар!

Біз «Алаш» партиясының соңынан ереміз; анық көшбасшыларымыз сонда.

Семейдің уезный Земствосының мүшелері: Ахметжан Аңдамасұлы, Айтмұхамбет Болатұлы, Дініслам Төңірбердіұлы, Жамшырбай Шөлембайұлы, Темірші Жүсіпұлы, Сыдық Дүйсенбіұлы, Құрмамбай Мұздыбайұлы, Бөйсеке Есіркепұлы, Майлыбай Есенбайұлы, Иманбазар Қазанқапұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, Қалдыбай Буданбайұлы, Көкпай Жанатайұлы.

Және «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 12 ноябрьдегі 25-ші нөміріндегі «Түрік-татар қамқоры» деген мақалада былай дейді.

Газеттен:

«... 14 ноябрьде Омбыдағы «Алаш» партиясының областной комитетінен мынандай телеграмма алдық:

«Алаштың» дұшпандары «Алаш» партиясын халыққа теріс түсіндіріп, өтірік хабар таратып жүр. «Қазақта» Алаш партиясының жобасы басылып шықса екен...»

Мұнан соң 17 ноябрьде Омбыдан мынандай бір телеграмма алдық.

«Белгілі кадет Бөкейханұлы ашқан «Алаш» партиясының программасымен қанағаттанбай қазақтар (?) өз алдына «Үш жүз» атты социалист партиясын ашты. Партияның мақсаты федерацияны жақтау, жана түрік-татар қауымдарын біріктіру, учредительное собранияға жеке списке кіргізу. Президиум бастығы Әйтпенұлы. Секретары Көбеков».

Бұл телеграммаларды екі әдіспен, бірін «Қазаққа», бірін «Жаңа уақыт» газетіне жіберіпті.

Ноғайлар ойлайды ғой: «Ә, түрік-татар қауымдарын біріктіретін де қазақтан бір ер туған екен» деп.

Ноғайлар қайдан білсін, ол «ердің» қандай ер екенін. Бір есептен олай ойламас та: Қазан губерниясынан Фатихолла деген бір белгісіз ноғай «түрік-татар қауымдарын біріктіріп жатырмын» деген телеграмма берсе, біздің ішіміз елжірей қояр ма еді?

Әйтпенұлы деп телеграмма беріп отырған кісінің аты — Мұқан. Мұқанды өзге жұрт білмегенімен, Омбы уезі жақсы біледі. Омбы уезінің мақтауымен біз де білетін едік. Түрік-татар қауымдарын біріктірмек үшін «Үш жүз» атты партия аштым деп отырған біз білетін Мұқан екені рас болса, құдая, ондай қамқорыңнан «Үш жүздің» баласын сақтай көр дегеннен басқа тілегіміз жоқ.

Бірақ «Үш жүзді» біз қате түсініп отырған шығармыз, бұл басқа «Үш жүз» шығар. Олай болса осындай ақшаның арзандаған кезінде тым болмаса «бір мың» демей, партиясының атын «Үш жүз» қойғаны тағы түсініксіз.

Біз ойлаймыз: Мұқан «большевик» дертіне мүбтәлә болып «социалист» партиясын ашып жүр-ау деп. Болмаса өз пайдасын білмейтін жігіт емес еді, социалист болса, былтырғы 25 июньнен бергі «еңбегі көптің ортасына үлеске түсіп кетпей ме?..»

Және «Қазақтың» 1917 жылдың 26 қарашасындағы 252-ші нөмірінде: «Үш жүздің» қулары» деген «Мадияр» Дулатұлы жазған мақалада былай дейді:

Газеттен:

«ҮШ ЖҮЗДІҢ» ҚҰЛАРЫ

...Омбыда лай судан балық аулайтын Мұқан деген жігіт бар. Бұл жігіт бостандық болғаннан бері жүгенсіз кетіп, ойына келгенін істеп, халыққа зиянын күшейтіп бара жатқан соң, Ақмола облысының қазақ комитеті құр-құрлап тоқтау салады. Ауыздықтап еркіне жібермеді. Сонан кейін бастығы Мұқан, жолдастары «Алашқа» аты шыққан Көлбай, Шаймерден деген бір жынды кеңесіп, областной комитеттің мүшелерін тұтқын қылмақ болып, елу-алпыс кісі ертіп комитетке барып мүшелерін қамап алады.

Комитет председателі Айдарханның үйіне барып, өзі үйінде жоқ екен, қызметкерлерін ұрып, жанжал шығарады. Сөйтіп жатқанда Айдарханның үйінен телефонмен хабар тиіп, милиция және казак-орыс келіп «ұстаудағы» комитет мүшелерін босатады да, батырлардың өздерін жауып тастайды. Дознание болып, істері бұл күнде тергеуде. Бұл күнде батырлар кепілмен бе, залогпен бе, шыққан секілді.

Енді жоғарғы өңгіме жұртқа жария болып кетті, біреуді абақтыға жабамын деп жүріп, өздері жабылып қалды; қарап жүріп, ақмақтықтарынан сотты болды. Областной комитетпен енді ұстаспасын ба?

Земство сайлауы болғалы отыр. Мұқандардың гласный член болғысы қатты келеді... Не қыларын білмей, ауыздығын шайнап тұрған кезде, қала округінің (Ақмола және Семей облыстарының) учредительное собрание сайлауы және онымен бірге списке беретін срогі да кешігеді. «Атын шығару үшін жер өртеуге даяр» қулар қуанады.

— Тұра тұр, бөлем, құдай берді, бір сойқанды салайық, — сендер «Алаш» партиясын ашсаңдар, біз «Үш жүз» партиясын ашамыз. Сендер списке кіргізсеңдер, біз де списке кіргіземіз, — деп, табаны күректей тоғыз кісіні тоғытып комиссияға беріп кеп қалады.

Керек болса, міне! Міне, списке! Списке кіргізу деген қиын жұмыс емес. Қол қоятын жүз кісі тапқан кісі списке кіргізе

береді. Бірақ гөп спискенің санында емес, маңызында және халықтың пәтуасында. Ақмола, Семей екі облыста он уезд ел бар. Бостандық болғалы неше съезд болды. Мұның бәрінде де жұртқа қалаулы, таза қызмет ететін адамдар аталды. 21—26 июльде болған жалпы қазақ съезінде де жұрттың бөйгеге қосып жүрген азаматтары лайықтанды. Сол неше рет халықтың кеңесі лайықтаған адамдарына, екі облыс ел түгел тоқтап, талас шығармай, бір списке кіргізді. Ол спискедегі адамдардың кім екені «Қазақ» газетіне жазылып келеді.

Енді бүгін аяқ астынан «сен солай ет!» деген жұрт жоқ. Жұрттан шыққан төрт-бес қу қосылып, өздерінің ақмақтықтарынан көрмей, Ақмоланың областной комитетінен кек алмақ болып, партия ашады, списке кіргізеді.

Міне, екі списке, жоғарыдан төмен қарай, жарыстыра екеуінің адамдарын салыстыр:

«Алаш» атынан

- | | |
|--------------|--------------|
| 1. Әлихан. | 6. Әлімхан. |
| 2. Айдархан. | 7. Қалел. |
| 3. Асылбек. | 8. Жақып. |
| 4. Мұқыш. | 9. Сейілбек. |
| 5. Ережеп. | |

«Үш жүз» атынан

- | | |
|----------------|------------------|
| 1. Қасен қожа. | 6. Сұлтанмахмұт. |
| 2. Көлбай. | 7. Байсейіт. |
| 3. Шаймерден. | 8. Қазі. |
| 4. Мұқан. | 9. Әлиасқар. |
| 5. Үсен. | |

Міне, халық таразысының екі табағына екі спискені сал, кандидаттарын жеке-жеке өлше, адамшылығын, ақылын, намысын, қайсысын қалайды, соған тасынды сал! Көре-біле тұрып адассаң, алдында талай асу бар. Арманда кеттім деп жүрме!

Мадияр».

Әрине, «Үш жүздің» газеті де «Алаш» көсемдерін сөгуден кенде қалған жоқ. Бірақ «Үш жүз» партиясының адамдарынан, дұшпанын жамандап, сөгуге «Алаштың» шешендері жүз есе шеберліктерін көрсетті. Оған мысал үшін жаңағы сөздерді келтірдік. «Үш жүз» партиясына жазылғандардың дені Омбы қаласының жатақтары, жәмшіктері, кедейлері еді. Мәселен, іштерінде атақты балуан

Қажымұқан да бар еді. Қажымұқан жұмыскер жалшы болатын. Ал «Алаш» партиясына кіргендер барлық үлкен оқығандары, «ақжағалары», Қазақстанның «сыпалары», төрелері, төре болайын деп жүрген жастары, ылғи гимназиядан тәрбие алған «Алаштың» «бөбектері».

Өрине, қандай іске болса да, қандай сөздер болса да жатақтар мен жәмшіктерден оқыған, «сыпалар» шебер болады. «Оқыған сыпалар» боқтауға да шебер, сөуге де шебер, мақтауға да шебер. Дұшпанына ор қазуға да шебер, орға құлатуға да шебер. Надан жатақтар мен надан оқымаған жәмшіктер неге болса да олақ, неге болса да дөрекілеу келеді. Қажымұқанның жуан білегі болмаса, дауласып, юрист Жаншаны жеңе алар ма!.. «Сабасына қарай піспегі» дейді. Оқыған сыпалардың (Алаштың) көсемдері оқымаған жатақ жемшіктердің көсемдерінен он есе қу болмағанда қайтсін!

«Үш жүздің» шығарған газеті де дөрекі болды. «Сабасына қарай піспегі» деген төрізді, «Алаш» «көсемдерін» жамандағанда, тек дөрекі тілмен сөге береді. Айқын ережесі болған жоқ.

Дұшпанға қарсы шыққан кейбір былғаныштарының өзін былғайтынын білмеді.

«Үш жүз» партиясы жасаларда, білек қайратын көрсетпек болып, азғана ереуіл жасап алыпты. Болашақ «Үш жүз» бір күні қол күш жұмсапты. Балуан Қажымұқанды алдына салыпты.

1917 жылы 19 қазанда, басы Мұқан Әйтпенұлы болып (балуан Қажымұқан да бар), Шаймерден Әлжанұлы, Әбдірахман Қылышбайұлы болып, Омбыдағы «Үш жүз» партиясын жасайтын адамдар жиналады.

«Алаш» көсемдерінің қылықтарын тексеріп, кеңеске салады.

«Алаш» көсемдерінің бұқараға зияны болмаса, пайдасының жоқ екенін әбден айқын көрген соң, Омбыдағы «Алаш» партиясының ордасы болып отырған Ақмоланың облыстық қазақ комитетінің басында отырғандарды қууға қаулы қылады.

Үкімет Керенский қолында. Үкіметтен жатақтарға, жемшіктерге, қара жұмыскерлерге қайыр жоқ. Не де болса, өздерінің қол күштерін жұмсамақ болады. Бастықтары әлгі айтылған М. Әйтпенұлы, Ш. Әлжанұлы, А. Қылышбай-

ұлы — бәрі Омбы уездік қазақ комитетінің басындағы адамдар. Міне, соларды алдына салып, жүз шамалы жатақ, жемшік Ақмоланың облыстық қазақ комитеті мекемесіне жөнеледі... Балуан Қажымұқанның қолында қызыл ту...

Қолдарында қызыл ту, туларында нашар қара бұқараның тілеген, айтқан сөздері.

Облыстық қазақ комитетінің мекемесіне келеді. Комитеттің есігін алады. Әйтпенұлы, Әлжанұлы, Қылышбайұлы, он шақты жатақ адамдарымен мекемеге кіріп, облыстық қазақ комитетінің мүшелерін отырған орындарында ұстайды. Тұтқынға алады. Кейбіреулерін ұрады. Облыстық қазақ комитетінің төрағасы адвокат А. Тұрлыбайұлын таба алмайды. Бір тобы іздеп Тұрлыбайұлының пәтеріне барып, таба алмай келеді.

Сонан соң облыстық қазақ комитетінің мүшелерін: Сейітұлы мен Жұмабайұлын айдап, Тұрлыбайұлының пәтеріне келеді. Тұрлыбайұлының пәтерін қамап алып, бекітулі есігін тепкілейді. Ол екі арада Керенский үкіметінің атты әскері келіп, милиция отряды келіп, жатақтар тобының өзін қамап алып, тұтқындағы Сейітұлы мен Жұмабайұлын босатып, ереуіл жасаушылардың өзін тұтқынға алады...

Міне, «Үш жүз» партиясын жасар алдында Омбы жатақтарының бір ереуілі осы.

Бұл туралы сол 1918 жылы 21 қазанда облыстық қазақ комитетінде, өзінің кеңесінде жасаған қарарын келтірелік. Қарары орысша жазылған. Оны қазақшаға аударамыз, ол қарары мынау:

АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕСІ

№ 122. 1917 жыл, 21 октябрь.

Кеңесте болғандар: Тұрлыбайұлы, С. Жантасұлы, М. Жұмабайұлы, А. Сейітұлы, Е. Мұқышұлы, Е. Токбайұлы, Қ. Торсанұлы және қосып алған мүшелері: Е. Итбайұлы, М. Саматұлы, М. Сейітұлы.

Қаралған мәселе: М. Сейітұлы мен М. Жұмабайұлының 19 октябрьде болған оқиға туралы баяндамасы.

...«Осы 1917 жылы, 19 октябрьде, сағат бір-екі шамасында, облыстық қазақ комитетінің мекемесіне Омбы уезінің хатшысы А.Қылышбайұлы келді. Қастарында үш қазағы

бар. Қазақтардың жеңдерінде «Омбы уезінің милициясы» деген жазулы шүберегі бар. Бұлар ешбір сөз айтпастан облыстық қазақ комитетінің төріне шығып, төрағасының отыратын бөлмесіне кірді.

Кірісімен Қылышбайұлы қасындағы «милиция» қазақтарын телефонның қасына қойды да: «Телефонға облыстық комитеттен ешкімді жіберме», — деп бұйырып, Әлжанұлы екеуі отырды.

Отырып: «Облыстық комитеттің өзге мүшелері қайда? Және Тұрлыбайұлы қайда?» — деп сұрады.

Бес-он минут өтпей, облыстық комитет кеңсесіне елу-алпыс қазақ ертіп, Омбы уезінің қазақ комитетінің төрағасы Мұқан Әйтпенұлы келді.

Мұның қасындағы қазақтардың да алты-жетеуінің жеңдерінде «милиция» деген шүберегі бар.

Әйтпенұлы ерген қазақтарына қарап, облыстық қазақ комитетінің хатшысы Сейітұлын көрсетіп:

— Ең алдымен мынаны тұтқынға алу керек, — деді.

Бұған Сейітұлы тұрып:

— «Уақытша үкіметтің лұқсатынсыз Әйтпенұлы ешкімді тұтқынға ала алмайды», — деп еді, Әйтпенұлы өзінің «милиционерлеріне» күш жұмса деп, әдептен тысқары бұйрық қылды.

«Милиционерлер» М.Сейітұлын облыстық комитеттің төрағасының бөлмесінде отырған Жұмабайұлы, Торсанұлы, Әділұлының үстіне күшпен енгізді.

Бұдан кейін Әйтпенұлы жиналған топқа сөз сөйледі.

Топты зорлау, талау, қиянат жасауға азғырды.

— «Ақсақалдар, отағасылар, үлкен аға, кіші інілер! Мен сіздердің араларыңызда өстім. Менің кім екенімді білесіздер. Сіздерді жақтағандық үшін, патшаның заманында менің қандай мехнат шеккенімді білесіздер. Және мені барлық Ақмола облысы біледі. Бұрын сіздер менің сөзіме сенуші едіңіздер. Өлі де маған сіздерді сенеді деп білем», — деді.

Жиналған топ: «Сенеміз! Сенеміз!» — деп гуілдеді.

— Сіздер қара бұқарасыздар. Облыстық қазақ комитетінің мүшелері монархист-патшашыл, облыстық қазақ комитеті сіздердің тілектеріңізбен, сіздердің дегендеріңізбен бір мәселені шешті ме? — деді.

Жиналған топ: «Жоқ! Жоқ! Өйтіп көрген жоқ!» — деді.

Облыстық комитет не істесе де өз ниетімен істейді. Өз әмірін, өз күшін жүргізеді. Қазақ халқы ұшырап отырған

пәленің бәрі және қазақ халқының шаруасының күйзеліп бара жатқаны осы облыстық қазақ комитетінің бәлесінен. Уездік және болыстық комитеттерге облыстық комитеттің қағаздарын көрсен, ылғи бұйыру, әмір қылу. Мұнысы қазіргі бостандық қағидасына тура келе ме? — дейді.

Тындап тұрған топ: «Жоқ! Жоқ! Тура келмейді!» — деп гүжілдеді. Әсіресе топтың ішінде Күдерінің, Сәрсенбайдың, Нұртазаның, Құдайбергеннің, Садуақастардың дауыстары басым шықты.

— Олай болса, бұдан былай бұл патшашылдардың облыстық комитеттің басында отыруы жөн бе? Менің ойымша жөн емес! — деді.

Топ күжілдеп, Әйтпенұлының бұл сөзін мақұлдап, облыстық комитеттің төрағасы Тұрлыбайұлын және жоқ мүшелерін тауып, «Енді комитет қызметін мойнымнан тастадым» дегізу керек, — деді.

Тұрлыбайұлын тауып әкелуге Әйтпенұлының өзі шығып, қасына «милиционерін» алып іздеп кетті. Отыз, қырық минуттан соң, өзінің «милиционерлерімен» Әйтпенұлы қайтып келді...

Топқа айтты: «Тұрлыбайұлы қашып кетті. Бірақ үйіндегі екі ит ұрылды», — деді (біреуі көшір, біреуі аспазшы).

Кейбір ақсақалдардың лұқсатымен топқа облыстық қазақ комитетінің хатшысы М. Сейітұлы мынадай сөз сөйледі:

— Мен Әйтпенұлының жақын туысы едім. Мұны өзгеден гөрі мен артығырақ білемін. Бұл өзі қызба, бір нәрсеге реті келген жерде қол созып қалатын нақұрыстау мінезі бар адам еді. Қазір сіздердің жабайылығыңызбен пайдаланып, сіздерді бассыздық жолына салып тұр. Қара күш жұмсауға азғырып тұр. Әрине, сіздер істейін деп тұрған істеріңіздің не екенін өздеріңіз де анық біліп тұрған жоқсыздар. Мұнын зор қате екенін білмейсіздер. Әйтпенұлы үшін өздеріңіз жауап беретіңізді білмей тұрсыздар! — деді.

Бұл сөзден кейін Әйтпенұлы бір түрлі ашуланып, біреуге қарап:

— Әттеген-ай! Әлгі иттің осы уақытқа шейін менің алты-атарымды қайтармағанын! Қолымда болғанда, қазір іске асар еді, — деді.

Бұдан соң Бөгенбайұлы деген хатшысы Әйтпенұлының айтуымен «жиылыс» атынан облыстық қазақ комитетінің қазіргі мүшелерінің кейбіреулерінен басқасына сенбеулік білдіруге қаулы жазды.

Қаулының ақырында: «Октябрьдің 20-да, сағат 12-де, облыстық қазақ комитетінің қара бұқараға сенімсіз мүшелері енді бұдан былай облыстық қазақ комитетінің қызмет міндетін мойындарына алмайтындығын білдірсін», — деген қарарды жазды.

Бұл «қаулыға» қол қоймағаны себепті топқа көрсетіп, Әйтпенұлы және былай деді:

— Халық! Міне, сенің дегенің жазылған қаулы. Сейітұлы сенің бұйырғаныңды орындауға мойынсұнбай тұр. Бұған қалай қарайсыздар? Мен мұны тұтқынға алуды дұрыс табамын, — деді.

Сол арада Сейітұлын тұтқынға алды. Және Жұмабайұлын тұтқын қылды. Жұмабайұлына Әлжанұлы айтты: «Сіздің тағдырыңыз менде. Сіздің диктаторыңыз мен», — деді. Сонан соң тұтқынға алған мүшелерді айдап, топ «милиционерімен» Тұрлыбайұлының пәтеріне қарай жүрді. Жолшыбай кездескендерге Әйтпенұлы: «Міне, біз патшашылдарды айдап келеміз», — деп отырды.

Тұрлыбайұлының пәтеріне келіп, топ пәтерді қамап алып, Әйтпенұлы, Әлжанұлы, Қылышбайұлы үшеуі қонақ есігін барып қағып: «Тұрлыбайұлын шығар», — деді.

Ол арада Әйтпенұлы бірнеше милиционерлеріне қимадан түсіп, ешбір бөгетке қарамай, күшпен қақпаны ашуға бұйырды.

Ондағы мақсат — топ артқы есікпен Тұрлыбайұлының пәтеріне кірсін деу.

Аз уақыттан соң қонақ есікті ішінен біреуі ашып, бір қару-жарақ асынған адам шыға келіп:

— Мен милиция бастығының орынбасарымын. Сіздерге не керек? — деді.

Есік алдында тұрған Әйтпенұлы, Әлжанұлы, Қылышбайұлы сасқалақтап: «Мына халық Тұрлыбайұлы шықсын деп тұр», — деді.

Оған милиция бастығының орынбасары: «Тұрлыбайұлы шықпайды. Айтыңыздар маған, сіздерге не керек?» — деді.

Оған үшеуі айтты: «Ендеше сіз оған айтыңыз: мына халық оған бірауыздан сенбейтіндігін білдірді. Сол себепті, халықтың қаулысы бойынша, Тұрлыбайұлы ертең сағат 12-де Күдері Мусиннің үйіне келіп, өзінің мойнындағы қызмет міндетін қалдырғандығын айтуы міндетті», — деді.

Ол екі арада қала милиционерлері және атты әскер жетіп келіп, топты қамап алды. Топты, Әйтпенұлын бас қы-

лып, облыстық комитет мүшелерімен екінші аудан комиссарына алып кетті...»

Бұл баяндаманы тыңдап, облыстық комитет, өзінің Ақмола облыстық съезінің сайлаған басқармасы екендігін еске алып және облыстық комитетін қайта сайлауға жалғыз-ақ Ақмоланың болыстық съезінің ғана еркі барлығын еске алып және Күдері мен Нұртаза төрізді бұрын қылмысты болған адамдар бастаған Омбы қаласының жатақтарының дегені бүтін облыс граждандарының дегені емес екендігін еске алып, облыстық комитет мынандай қарар қылды:

«Жоғарғы айтылған Омбы жатақтарының ереуілін ілтипатқа алуға тұрмайтын іс деп табуға; бұларды адастырған Әйтпенұлы, Әлжанұлы, Қылышбайұлы және басқалар деп табуға; Бұл бастықтардың әрекетін әлеуметтің тыныштығын, тәртібін бұзу ниетпен істеген әрекет деп табуға; Әйтпенұлының бұйрығы бойынша істеген «милиционерлердің» қылған күшін законға қарсы деп табуға; Және мұны сот алдында жауапқа тартуға.

Бұл туралы Ақмоланың облыстық құрама-қоспа комитетіне білдіруге және тағы да басқа тиісті үкім иелеріне білдіруге...» қол қойды:

Ақмоланың облыстық комитетінің төрағасы:

	<i>Тұрлыбайұлы.</i>
Орынбасары:	<i>А. Б. Сейітұлы.</i>
Мүшелері:	<i>Мрқышұлы,</i>
	<i>Жұмабайұлы,</i>
	<i>Жантасұлы.</i>
Хатшысы:	<i>М. Б. Сейітұлы...»</i>

Міне, Омбы қаласының жатақтары, жәмшіктері жасаған Октябрь төңкерісінің алдындағы ереуілге Ақмоланың облыстық қазақ комитетінің қарары осы.

Жоғарыда айтылған оқиға туралы және Ақмола уезінен Омбыға барып оқып жүрген нашар балаларға берілсін деп, Ақмоладан жинап жіберілген ақшаны, әлгі облыстық комитет оқудағы нашар балаларға бермегендігін мен өзіміздің «Тіршілік» газетіне жаздым.

Менің шын сөздерімді «өтірік» деп, Орынбордағы «Қазақ» газетіне (1917 жылғы 13 желтоқсанда шыққан 254-ші нөмірінде) Ақмоланың облыстық комитеті «Ашық хат»

жазды. Менің жазған мақалам қазір қолда жоқ болғандықтан облыстық қазақ комитетінің «ашық хатын» ғана бұл жерге келтірейін. Ол мынау:

Ашық хат

«Осы ашық хат «Қазақ» бетінде жария болуын өтінеміз. Ақмолада шығатын «Тіршілік» газетінің 4-ші нөмірінде «Шамиль» деп қол қойған бір адамның «Ақмола облысының жандарал қазақ комитеті» деген бір мақаласы басылды. Ол хабардағы сөздердің бәрі бастан-аяқ өтірік болғандықтан, облыстық қазақ комитеті ол хабарлардың дұрысын ашып беруді өзіне міндет көреді.

Облыстық қазақ комитетін қумақ болған тіпті Омбы қазақтары емес, оны істейміз деп жүрген Мұқан Әйтпенұлы, Абдырахман Қылышбайұлы, Шаймерден Әлжанұлы, бесалты жолдастарымен. Омбының қырық-елу жатағының аңқаулық надандықпен бұлардың неге жүргенін білмей, артынан ергенінен басқа түк жазығы жоқ. Аттары аталған адамдардың мінез-құлқы Омбы төңкерілісіне мәлім. Олардың еш уақыт, еш комитетке риза болмайтыны айдай анық. Жаз ішінде сайлаусыз зорлықпен уезной комитетке кіріп алып, күзге шейін жанжал қиянатпен комитетті сайлатқызбай, октябрьдің 20-да сайлау болатынын білген соң 19-да облыстық комитетті зорлап бекітіп аламыз деген адамдар осылар. Бұлардың әрқайсысы сол 19 октябрьде ұсталып, абақтыға үш күннен жатып шықты, істері қазір де тергеуде.

Омбының уезной комитеті жаңадан сайланды. Облыстық комитет 1 ноябрьде тарайды деген сөзді біз жаңа естіп отырмыз. Міне, бірінші декабрь де өтіп кетті. Өлі де пәлен айда тарайды деген кесімді сөз жоқ. Облыстық земство ашылып, жұрт ісі төртіпке салынбай, облыстық комитет тарамайды. Қазақ істерін иесіз далаға тастап кете алмайды.

Облыстық комитетке түскен ақша есебі тіпті өтірік жазылған. Шыны мынау:

Омбы уезі комитетке және стипендияға берген ақшасы 1200 сом. Қалған бермегі 5300 сом. Қызылжар уезі комитет және стипендияға берген ақшасы 4620 сом. Қалған бермегі 11500 сом. Көкшетау уезі комитет және стипендияға берген ақшасы 4400 сом, қалған бермегі 18000 сом. Ақмола уезі

комитет және стипендияға берген ақшасы 8500 сом. Қалған бермегі 25500 сом.

Әр уездің берген және бермек ақшасының шамасы осы. Шамиль мырзаның айтқан бір саны да бұларға жанаспайды. Шамиль мырза Ақмола уезінің балаларына областной комитет стипендия бермейді екен дейді, ол өтірік.

Ақмола уезінен қазына школдарында оқып жүрген екі-ақ бала бар. Дінмұқамбет Өділұлы және Өшім Омарұлы. Бұл балалардың екеуі де областной қазақ комитетінен ақша, стипендия алып тұрады.

Бұлардан басқа «қусуси» оқып жүрген ақмолалық үш бала бар. Съезд қаулысы бойынша областной комитет үкімет мектептерінде оқушы шәкірттерге ғана стипендия бере алады. Өзгеге беруге билігі жоқ. Оның үстіне, бұл үш бала үшеуі де белгілі бай балалары. Сондықтан Шамиль мырзаның «Балалар Омбының көшесінде қаңғырып жүр» деген қамқорлығы — күр жел сөз.

Дәлелсіз, қисынсыз өтірік елдің тынышын, газеттің құнын кетіреді, жаман ой, жапқан жала, шашқан өсек жалғыз газет бетінде тексерілумен қалмас, закон тексеруіне де түсер.

(Ақмоланың облыстық қазақ комитеті)

Әрине, облыстық комитеттің бұл «ашық хатта» айтқандарының бәрі өтірік, шын болса, хаттың аяғындағы айтқанындай, сотқа берер еді. Сотқа берген жоқ.

Ал комитетті Омбы жатақтарының шындап құмақ болғанын бұл «ашық хаттан» бұрын жазылған өз документтері айқын көрсетеді.

Және стипендия бермеген «қусуси оқып жүр деген үш бала — белгілі бай балалары» дегені тіпті өтірік. Үш «қусуси» баланың бірі — Ақмоланың қызы Гүлшарап Атшабарқызы. Бір қарасы жоқ кедей жатақ қызы. Бірі осы күнгі Жанайдар Садуақасұлы. Бірі — қазіргі Қамза Жүсіпбекұлы және Нілді заводының маңындағы бір ауылдың баласы Қасенбек Құлатайұлы деген бала бар-ды. Бұл Қасенбек деген бала да қаражатсыз баладан. Қасенбек осы соңғы жылдарға шейін милиционер болып жүрді.

Ұлы Октябрь төңкерісінің алдындағы Керенский үкіметінің және біздің «Алаш» көсемдері тәрізді Керенский — Малюковтардың шәкірттері отырған комитеттердің қара бұқараға, қара жұмыскерлерге, жатақтарға қадірі жапа-

лақтың жұмыртқасындай да емес еді. Оған бір дәлел жаңағы уақиға, әңгіме.

Жаңағы айтылған уақиғадан кейін Омбы жатақтары Әйтпенұлын, Шаймерден Әлжанұлын, Қылышбайұлын бас қылып, «Үш жүз» партиясын жасады. Дұрыстыққа келгенде, бұл бастықтар саясатқа үлкен олақтық қылды. «Алашқа» қарсы шығып, сол «Алаштың» күрес тәсілдерін қолданды. Қолданғанда үлкен ебейсіздікпен қолданды. Әйтпесе партияны «социалшыл» деген соң, «Үш жүз» деп несі бар еді. «Социалшыл» деген соң, күреске «Алаштың» тәсілдерін қолданып не керек еді? Мәселен, Бөкейханұлын және кейбір «Алаш» көсемдерін мінегенде: «орыстан қатын алған», «балалары орыс», «дін бұзған» дегендері және «сары орыстың бәрі орыс» дегендері — үлкен шатасқандық. Өз жолын өзі анық білмегендік. Әрине, ол уақытта бәріміз де сара жолды қолмен сипалап жүрген кезіміз еді. Бірақ сонда да әлгіндей сөздер тым оғаш шыққан қате.

Бізді сырттан билеп партиясына жазып алған Шаймерденге мұны айтып мен хат жаздым. Және бұл партияның беті мен әдісі олай болатын болса, біз қосыла алмайтынмызды айттым.

Менің хатыма жауап болған жоқ, «Үш жүз» бастықтары «Алаш» көкжалдарын керексіз сөздерді айтып қазақша боқтай берді. Біз «Үш жүзге» қосыла алмайтынмызды білдіріп, «Тіршілік» газетіне жаздық. Және мен «Қазақ» басқармасына да бұл туралы телеграмма бердім. Бірақ «Үш жүздің» «Алашты» қалай сөксе де әйтеуір сөге беруін, жалпы саясатқа онша зиян болар дегеніміз жоқ.

«Жақсы-жаман болсын, «Үш жүз» өзіне, бірақ тіпті кіршік жуытпай мақтап жатқан «Алаш көсемдерінің» кім екенін жұртқа жариялай беруі зиян да болмас деп ойладық.

Осы күні кейбіреулер бізді «Үш жүзге» қосылып еді деп те айтатын тәрізді. Мұны айтатын не Ақмола облысынан алыс облыстың адамдары, не әдейі басқа мақсат көздейтін адамдар болады.

Біздің «Үш жүзге» қосыла алмайтынмызды «Тіршілікке» жазғанмыз былай тұрсын, менің «Қазақ» газетіне телеграмма бергенім былай тұрсын, әуелі сондағы «Алаш» партиясын ашып және учредительное сайлауын өткізуге Ақмолаға келіп жатқан Мұхтар Саматұлы көзімен көрген. Мұның бұл туралы Орынборға соққан телеграммасы «Қа-

зақ» газетіне басылған. «Қазақ» газетінің 259-шы нөмірінде 1918 жылы 12 қаңтарда хабар ретінде былай деген:

«Мұхтар Саматұлы басқармаға телеграмма берді: 26 — 31 декабрьде болатын сайлауға керекті нәрселер жетпей қалды. Сайлау кейін болуын сұранып тұрмыз. «Үш жүз» партиясы көрсеткен Ақмола кандидаттарының бәрі тасқа түспейтін болды...»

Біз «Үш жүзден» бөлек екенімізді білдіреміз деп тасқа түспедік. Әйтпесе, «Алаш» партиясынан қорыққанымыз жоқ. Және «Үш жүз» партиясынан бойымызды аулақ қылғанда, бұл партияның бастықтары «Алаш» партиясының бастықтарынан кем адамдар деп және теріс адамдар деп бой тартқанымыз жоқ. Қайта «Үш жүздің» ішінде Шаймерден тәрізді, Ысқақ тәрізді артық адамдар бар еді. Революцияға «Үш жүзден» «Алаш» зияндырақ еді. Жақсы болсын, жаман болсын, «Үш жүздің» бастықтары 1917 — 18 жылы, ердің ерін сынайтын тарихи күндерде қызылдар жағында болды, революция жағында болды.

Бізді «Үш жүзге» қосылды деп шатпақтар (демагогия) деп, учредительное собрание сайлауына белсеніп кірісе алмай қалдық. Кіріскенде Ақмола қазақтарының қалың бұқарасы біздің жақта болатын еді. Оны сол учредительное собрание сайлауынан бірнеше күн ғана кейін болған земство сайлауында көрдік. Бұл земство сайлауына біраз қатынасып едік. Земствоның уездік жиылысында зор көпшілік (90 проценті) біздікі болды. Оны, сонда Ақмолада болған «Алашорданың» Нұралин тәрізді, Сейітұлы, Абылайханұлы тәрізді адамдары және басқа адамдары көзімен көрген.

Бұл енді өзiрге осымен бiтсiн...

Саясат майданы қазандай қайнады. Ескілік пен жаңалық қан майданға шықты. Қартайған дәуір мен жас дәуір белдесті. Талас-тартыс, қайнаған күрес майданы қызды. Алғашқы күндерде Ақмолада совет ұранын көтерген біздің «Жас қазақ» ұйымының бастықтары мен үркердей ғана он шақты орыс еді. Күн сайын санымыз күшейіп шығатын болдық.

Спасск заводының жастары «Жас жүрек» деген қауым ашты. Бұлар біздің «Жас қазақпен» байланыс жасап, «Жас қазақтың» заводтағы бұтағы болып жүрді. «Жас жүректің» басындағы бір түрік жігіті «Тіршілік» газетіне сөз жазып тұрды.

Жиналыстарда, митингілерде көбінесе біз үстем болатын болдық.

Кинотеатр үйіне үлкен жиылыс шақырдық. Театрға халық лық толды. Сыймаған жұрт анталап босағаны сықырлатады. Жұрт иін тіреседі. Жиылысты аштық. Ақмолада совет үкіметін орнату деген мәселені қозғадық. Жиналған жұрт екі дай болып, сөз басталысымен қызыл кеңірдек таласқа кірді. Өркім жиылыс басқармасынан сөз алып, әр жерден тұрып сөйлейді. Мен «Тіршілік» газеті атынан Совет үкіметін қуаттап сөйледім, жұртқа үлкен әсер етті. Жұрттың өкпесі көтерілді, танауы желбіреді. Кейбір ауыздардың бұрқырап көбігі шықты. Кейде жұрт бір-бірін тындамай, у-шу болып қалады. Иін тірескен, бірін-бірі қысқан, ентелеген жұрт, кейбіреулердің сөзі ұрыс-керіспен бітеді. Кейбіреулердің сөзі қол шапалақтатып, шулатып бітеді. Жұрт өбден қызды: жиналған құрғаған дәріге күкіртті тартып қалса лап етіп жанып кететіндей төрізді. Ақырында олай тартысып, былай тартысып, «уақытша ұйым совдеп» (организационный совдеп) сайладық. Өрбір сайлайтын кісіні жұрт биікке шығарып көріп, кім болғанын, кім екенін біліп алып, дауысқа салды.

Сайланған кісілер мыналар болды: 1. Бачок — Екібастұз заводының жұмыскері. 2. Монин — солдат. 3. Гривогуз — солдат. 4. Лозной — солдат. 5. Коломейцев — солдат. 6. Шафран — жұмыскер, ұста. 7. Пьянковский — жұмыскер. 8. Кондратьева — әйел, суретші. 9. Богомоллов — жабайы қызметкер. 10. Репшнейдр — солдат. 11. Бөкен Серікбайұлы — высшая начальная школаны жаңа бітірген жігіт. 12. Абдолла Асылбекұлы — жабайы қызметкер. 13. Нұрғайын Бекмұқамбетұлы — оқытушы. 14. Байсейіт Өділұлы — жабайы қызметкер. 15. Жұмабай Нүркеұлы — оқытушы. 16. Тұрысбек Мыңбайұлы. 17. Байсейіт Жұманұлы. 18. Қапыз Физзатуллин. 19. Маназарұлы — жай қызметкер. 20. Мартылого — жұмыскер шаштараз. 21. Грязнов, онсын мен — Сәкен Сейфоллаұлы, тағы басқалар.

Митинг тарқар кезде біреу келіп: «Керенскийдің комиссары Петров қашты» деген хабарды айтты.

Петров Керенский үкіметінің Ақмола уезін басқаруға қойған комиссары. Қағазға қол қойғанда, жиналыста сөйлеген кездерінде «уақытша үкіметтің комиссарымын» (Комиссар временного правительства) дейтін бұл Петров —

жаздыгүнгі өлгі бір жиналыста Дүйсенбайұлы «сен провокаторсың» дейтін Петров.

«Уақытша үкіметтің комиссары қашты» деген хабар жұртты едеуір толқытып тастады. Біз дереу Гривогузды бас қылып, екі солдатқа Петровты қуғыздық.

Митинг тарқаған соң, уақытша ұйым Совдептің бірінші жиылысы болды.

Бірінші жиылыста тез съезд шақыруға қаулы қылып, жан-жаққа баяндама жасау үшін кісі шығармақ болдық. Онан соң әр мекемеге комиссар сайладық. Әр мекемеге «сайланған комиссарларымызға бағынасыздар» деп қарар шығардық. Ертеңінде біздің уақытша Совдептің қарарын алып барған біздің комиссарларымызды мекемелер мазақ қылып қайтарды. Күш жұмсауға — қолда күш жоқ. Тез съезд жасауға әрекет қылдық. Уақытша үкіметтің комиссары қашып кетті. Біздің уақытша Совдепті қала танымады. Қала бір-екі күн үкіметсіз болды. Олай тартысып, былай тартысып, қаланың әр мекемесінің басындағылары, мешандары, бұқараның бірынғайлары жиылыс жасап, «Халық советі» дегенді сайлап, бір Петракеев деген кісіні уақытша уездік комиссар қылды. Петракеев социал-демократ еді. Әрине, өкімшілікті Петракеев меңгеріп өкете алмады. Өкімшілікті қалай меңгеріп өкете алсын?.. «Халық советі» дегені ертеңінде-ақ өз-өзінен бытырады.

Ө дегенде өкімшілікті жарыса жүргіздік. Біраздан соң біздің уақытша Совдеп үстем бола берді...

Елден жаңа сайланып келген земствоның уездік жиылысы болды. Земство сайлауын жүргізіп жатқан — сол жылы жаздыгүні құрылған земство комитеті. Земство сайлауына біз де қатысқамыз. Болыс-болысқа Земство сайлауына кісілер шыққан. Қазақ арасына шыққандарға біз — «Жас қазақ» бастықтары нұсқау беріп жібергеніміз. Бұл шыққан сайлаушылардың кейбіреулері біздің «Жас қазақтың» мүшелерінен болған.

Сол қарсаңда Омбыдан, қазақтың облыстық комитетінен — доктор Асылбек Сейітұлы мен капитан Миғаш Абылайханұлы келді. Бұлардың келген мақсаты: Ақмола уездік «ұлт советін» жасамақ. Екінші түрмен айтқанда, уездік «Алашорда» кеңесі. Және қазақтан ұлт милициясын жасамақ. Тағы жөне «Алашордаға» Орынборда болған екінші съездің қаулысы бойынша Ақмолаға түскен ақшаны

жимақ. Бұлар қазақ комитетіне келді. Онда отырған қазақ комитеттерімен сөйлесті. «Алаш» партиясының атынан Омбыдан келіп учредительное собрание сайлауын өткізіп жатқан Мұхтармен сөйлесті.

Біз де бардық. Жаңағы айтқан үш мәселе ортаға түсіп кеп қалды.

Біз салғаннан қарсы болдық. Біздің жақтан сөйлейтін Абдолла екеуміз. Комитет лық толған қазақ, көбі қырдан келіп жүргендер. Араларында кейбір елдердің мықтылары бар.

Комитет мүшелері түгел. Төрағасы Құсайын фельдшер, мүшелері: Мәтен молда, Сарман переводчик, Құсайын переводчик, Үсен болыс және сол комитеттің қолдаушылары: Олжабай болыс, Бақжан болыс, Төлебай тілмаш, Нұралин, Олжабай болыстың інісі — облыстық комитеттің мүшесі және Мұхтар Саматұлы. Айтысып жатырмыз. Комитетте иін тірескен жұрт. Айтысқа астағы балуан күресіне қарағандай қарап тұрған төрізді. Тартысып-тартысып, ол күні тарқадық.

Ертеңінде тағы жиналды. Жиналған жұрттың көптігінен комитет үйі сықырлап солқылдайды. Тағы да тартыстық. «Комитеттер» көмекке шақырып, Ялымұлы Шәріп деген екіұрықтау, сөйлемпаз саудагер ноғайды алғызды.

Біз де оған қарсы қазақ педагог курсының оқытушысы бізбен жолдас Уәли Қангелдіұлын шақырып алдық. Ол да ноғай жігіт. Тағы да айтыстық. Тағы да ештеңеге келе алмай, ертеңінде комитеттің қорасына үлкен митинг жаппақ болып тарқадық.

Ертеңіне комитеттің үлкен қорасына қазақ лық толды. Күн аяз, суық еді. Қыстың басы. Жұрт қалың киінген. Жиналған жұрттың буы аспанға шығады. Көбі — қырдан, әр елден келіп жүргендер. Талай көрі, жас болыстар да бар. Жұрт иін тіресіп, теңіздей толқысып тұрды.

Митинг ашылды. Митингте төрағалыққа Көшербай Жаманайұлы деген бір қала жатағын сайладық.

Көшербай біздің жолымыздағы кісі еді. Өзі хат білмейтін адам. Бірақ дарқан шешен еді. Дарқан шешен екені патша түскен соң ғана білініп, шешендікке Ақмолада ешкімді алдына салмаған адам еді. Митингті ашып, Көшербай сөзді ортаға салды. Шығып алып кезек-кезек айтыса бастадық. Сөз қызды. Бұл дертті белдесу, не беріп шығатын, не алып

шығатын күн. Екі күннен бері олар да, біздер де халық арасына сөз жүргізгеміз.

Бүгінгіміз енді қоян-қолтық белдесу. Кезек-кезек сөйлейміз. Телміріп тыңдап тұрған жұртты ерітуге күшті саламыз. Көмей құрғады, арқа бусанды, маңдай терледі, шақылдаған аяз естен шықты. Маңдайға тұрған қырау термен еріп, буы аспанға ұшты.

— «Алашорда» деген не?.. «Алашорда» деген осы төңкеріс заманында бұрынғы қазақ халқының желкесіне мінген хандықты қалай орнатудың өрекеті. Біздің қазақ халқына хандық керек пе?.. Хандық керек емес. Хандардың қылығын қазақ халқы көріп болған. Іштерінен «хан боламын» деген мырзалардың далбағының қалың қазақтың бұқарасына, қалың кедейіне керегі жоқ. Николайдан құтылған нашар халық желкесіне тағы енді «хан тақсырды» мінгізе алмайды. Хан кімге керек? Хан байға керек, хан болысқа керек. Хан «төре боламын» дейтін мырзаларға керек. Бірақ бұлар керек қылғанмен, үш жүз жыл патша болған Роман ұлының тұқымын жойған Россияның түрлі ұлтты жұмыскерлері қазақ нашарларының желкесіне ханды мінгізіп қойып отырмайды. «Хан болам» деушілердің, төре болам деушілердің бұл есінде болсын. Бұқара халық бұлардың далбағына ермеуі керек. Қазақтан ақша жинамақ. Ақшаны кімге жинамақ?.. Ақшаны жаңағы «төре, хан болам» деушілерге жинамақ. Қазақтан милиция жинамақ. Милиция кімді, нені қорғамақ?.. Жаңағы «хан болам» деушілердің хандығын қорғамақ. Кімнен қорғамақ?.. Хандарға, патшаларға қарсы большевиктерден қорғамақ. Большевиктер кім? Большевиктер — қалың жұмыскерлердің, жалшылардың, кедейлердің тілегін көздегендер. Большевиктердің соңындағылар кім?.. Большевиктің соңындағылар — барлық қалың жұмыскерлер, жалшылар, қалың бұқара кедейлер. Мына соғыстан қайтып жатқан поселкелердегі қалың солдаттар. Және сол поселкелердегі қалың кедей мұжықтар. Қазақстан халықты қорғауға милиция жинағанда, ол милицияның жауласатыны — жаңағы айтқан орыстың жұмыскерлері, солдаттары, қалың кедей мұжықтары.

«Хан болам», «төре болам» деген мырзалар үшін текке қан төгуге қазақ халқының күші тасып, қаны тасып бара жатқан жоқ. Далбақтағандар далбақтап көрсін. Бұқара

халық, қырдағы момын ел бұларға ермеу керек. Қазақтан ақша да, солдат та бермеуіміз керек! — дедік.

Жұрт біздікін қоштады... «Алашордаға» ештеңе бермейтін болып қаулы қылдық. Сөйтіп, тарқадық...

Земствоның уездік жиылысы ашылды. Біздің «Жас қазақ» ұйымының мүшелерінің көбі Земствоға өкіл болып өткен.

Өкіл болып өткен жиылысқа келдік. Біздің Совдептің де біраз кісілері келіп отыр. Жиылыс гимназияның үйінде. Екі қабат, үлкен қызыл қыштан салған үй, гимназияның залына қаз-қатар қойылған үстелге өкілдер отырып жатыр. Кейінгі үстелдерге жай кісілер отырып жатыр. Жиылысты ашатын сол «земство комитетінің» төрағасы Чернов деген доктор.

Өкілдерге төтті ақ нан, май, сыр, секер мен шай дайындап қойған екен.

Екінші бөлмеде шай ішкендер шай ішіп жатыр. Жұрт қаз-қатар отырып болған соң, доктор Чернов жиылысты ашты. Жиылыс толық. Қаланың келмеген ұлығы жоқ. Бұрынғы судьялар, тергеушілер, инспекторлар, докторлар, тағы басқалар.

Мен алдыңғы қатарда отырдым. Доктор Чернов жиылысты ашты. Ашып тұрып:

— Граждандар, жиылыстың ісіне кірісуден бұрын уақытша үкіметке тура қызмет қылуға граждандық ант қылу керек. Мен мына қағаздан оқып тұрайын, сіздер іштеріңізден айтып тұрыңыздар... Орындарыңыздан тұруларыңызды өтінемін! — деді.

Өкілдер тұрды, біз де тұрдық.

Алдында біз — Совдеп кісілері сөйлесіп алғамыз. Сөйлескенде, «Земство Совдептің қарамағында болсын. Өйтпесе тарқалсын» — дескеміз. Ал уақытша үкіметке ант қылдырады деген ойда жоқ. Өкілдердің дені — қазақ. Қазақтың жүзден сексені ия тоқсаны — айқын біздің «Жас қазақтың» соңында болатындар. Жұрт түрегеліп тұр. Чернов тездетіп, ант қағазын оқып шығып, қағазын алдындағы үстелге қойып:

— Қане, енді, граждандар, мына қағазға жағалай қол қойып шығыңыздар! — деді.

Жұрттың алды қол қоюға қимылдап, жүре бастады.

Мен:

— Маған кішкене сөз беріңізші, — дедім.

Чернов:

— Сөйлеңіз, — деді.

Мен:

— Жаңағы оқығандарыңызға жұрттың көбі түсінген жоқ. Жөндеп қайта қазақшаға аударсаңыз екен! Және сіз «уақытша үкіметке тура қызмет қылуға» дедіңіз. Түсіндірсеңіз екен — бұл қандай «уақытша үкімет?» — дедім.

Чернов сасыңқырап:

— Ендеше, сіз қазақшаға аударыңыз! — деді.

— Мен сіздердің тілмаштарыңыз емеспін ғой, — дедім.

Кейін отырған кейбір солдаттар, біздің Совдептің кейбір кісілері және орыс өкілдерінің кейбіреулері ду ете түсті.

— А-а, ол Керенскийдің «уақытша үкіметіне» ант қылдырмақ қой!.. Біз білеміз сіздің қулығыңызды!.. Бұл контрреволюция!.. Мұндайларды арестовать қылу керек!.. Қазір, осы жерде ұстау керек! — деді.

Жұрт ереуілдеп ұшып түрегеліп, арттағы жұрт төрдегі отырған Черновтарға қарай жүріп, кейбіреулер қорқып шыға жөнеліп, тұрған орындықтар салдырлап құлап, жұрттың кейбіреулері онан сайын үрейленіп, қорқып қаша жөнеліп, онан сайын орындықтар сартылдап құлап, қашпағандар ереуілдеп тұрып, жұрттың аяғының тасырлағаны мен құлаған орындықтардың сартылы, «арестовать», «контрреволюция» деген кіжінген айқайлар гимназияның ішін шу қылды.

Орнында жалғыз-ақ Чернов қалды. Бірақ Черновтың қаны қалмады, аппақ болып кетті.

«Тоқтатсаңызшы! Қойғызсаңызшы!» — деді.

Мен бір үстелге шығып дауыстап, бір жағынан Монин шығып дауыстап, жұртты бастық.

Басылған жұртқа Чернов:

— Сіздер түсінбей босқа дауыстайсыздар, мен «уақытша үкімет» деп қазіргі уақытша үкіметті айттым. Қазіргі Совет үкіметі де «уақытша» болған себепті солай айтып едім. Учредительное собраниеге шейін қандай үкімет болса да, уақытша болатын болған соң солай айтып едім, — деді. Олай деп, былай деп земство жиылысын аштырмадық. Содан земство тіпті ашылмай қалды.

«Алашордаға» ақша жинамаққа келген Абылайханұлы, Сейітұлы өлі де үміт үзбей Ақмолада жатып алды. Бұларды «түтқынға алып, жауып тасталық»... — деп, біздің уақытша

Совдеп мүшелерінің кейбіреулері сөз шығарды. Мұны естіп Абылайханұлы, Сейітұлы, Нұралыұлы, Саматұлы бір түнде Ақмоладан қашып кетті. Оларды ұстап өуре болатын да кісі жоқ еді, біз тек артынан күліп қана қалдық.

Кешікпей Ақмола уезінің 1918 жыл, ақпан айында, біз шақырған өкілдер жиылысы ашылды.

Жиылысқа келген өкілдердің көбі майданнан қайтқан мұжық солдаттар. Кедей мұжықтар, кедей бұқара қазақтар және Спасск заводының жұмыскер өкілдері.

Уақытша Совдеп жиылысты ашты: жиылыс екпінді, көтеріңкі болды. Жиылыс өкілдері бірауыздан Совет үкіметін «өз үкіметіміз» деп жариялады. Жиылыста сол қарсанда жұрттың талқысына түсіп тұрған мәселенің бәрі қаралды.

Өкілдер екпінді. Сөз көп. Қызу. Съезд кеңесі митинг тәрізді. Съезд көшеге шығып, қаланы аралап та митинг жасады. Біз съездің басындамыз.

Съезге Ақмоланың казак-орысы қосылған жоқ. Қырын қарайды, «біздің билігіміз өзімізде, өз алдымызға автономиялы боламыз», — дейді. Съезд казак-орыс ішіне барып та митинг қылып, сөз сөйлеп, казак-орыстың еңбекшілерін Совет үкіметімен бірлікке шақырды.

Біздің «Алашорда» бастықтары Орынборда казак-орыс атаманы Дутовпен бірлесіп ақыл қосып жатқаны «Қазақ» газетіне жазылып жатқан. Қазақтан жасалатын милицияға бас болатын офицерлер сол Орынбордағы казак-орыс офицерлері оқитын юнкер школында оқиды деп те «Қазақ» газетіне жазған.

«Алашордаға» милиция жасауға, оған ақша жинауға және «Алашорданың» ақмолалық «ордасын» жасауға келген әлгі Абылайханұлы, Сейітұлы, Нұралыұлы, Саматұлы қашпай тұрғанда, Ақмоланың уездік казак комитеті арқылы Ақмола казак-орыстарымен де астыртын байланыс жасап жүр деп естігеміз-ді.

Қазақтың қалың еңбекші халқының мақсұты, тілегі олардікінен басқа екенін казак-орыстарға білдіруге, съезд қаланың казак-орыс жағына келіп тұрып митинг қылғанда, біз, қазақтар көбірек сөйледік. Съездің елден келген өкілі Тұрысбек Мыңбайұлы екеуміз сөйледік. Казак-орыстың еңбекші халқын бірлікке шақырып, «...біздің «Алашорда», сіздердің Дутов, Каледин тәрізді атаман, жандарал, офи-

церлеріңіз — еңбекші халықтың желкесінен түспейін деп жүрген арамтамақтар. Еңбекші казак-орыс бауырлар! Бұлардың соңына еріп, бұлардың алдауына, азғыруына еріп, текке бүлініп жүрмейік. Бірлесейік!..» — дедік.

Тұрысбекті көтеріп биікке шығардым. Тұрысбек өзінің доғал-олақ орысша тілімен орысша сөйлеп, казак-орыс атамандары мен «Алашорданы» сөккеннен сөгіп, қызып кетіп, сөздің ақырында қазақшалап боқтап-боқтап жіберді...

Сонымен съезд бітті. Уездік қалалық Совдеп сайланды. Сайланғандар мыналар:

1. Бачок — Екібастұз заводының жұмыскері, бояушы, суретші.
2. Катченко Захар — жұмыскер, украин.
3. Шафран — Орал жұмыскері.
4. Серікбайұлы — высший начальнийда оқыған жігіт. Жабайы қазақ баласы.
5. Олейников — мұжық, солдаттан қайтқан жігіт.
6. Богомолов — Ақмоладағы жабайы қызметкер, көрі революционер.
7. Лозной — Ақмолада жемшік, солдаттан қайтқан жігіт.
8. Асылбекұлы — хатшылық қызметкер, жабайы қазақ баласы.
9. Бекмұқамбетұлы — қазақ арасында жүрген мұғалім, ноғай, жарлы жігіт.
10. Нұркеұлы — ауылдық школдың оқытушысы, жабайы қазақ баласы.
11. Шегин — қала жатағы, аз оқыған адам.
12. Қара Байсейітұлы — қала жатағы, оқымаған адам.
13. Арын Малдыбайұлы — қала жатағы, кедей, қажырлы, бірсөзді, оқымаған, аз ғана хат білетін, табанды, пысық, ақылды, адал жігіт.
14. Тұрысбек Мыңбайұлы — шала оқыған жігіт, елдікі.
15. Жайнақұлы Баймағамбет — елдің кісісі, кедей. Он шақты ауыз орысша білетін оқымаған, қажырлы, баспасөзді пысық адам.
16. Өубөкір Есенбақұлы — аз ғана қазақша хат білетін, орысша аз ғана тіл білетін, кедей жігіт, бірсөзді, қажырлы, ер жігіт. Ақмолада аға сұлтан, дуанбасы болатын Құдайменде төрелердің төлеңгітінің баласы. Жасынан кедейшіл болып, төрелермен жағаласып өскен адам.
17. Ғизатуллин Қапез — қала ноғайы, жарлы жігіт. Қосшығұлұлы деген қазақ көпесінің қызметкері.
18. Ғалім Өубөкірұлы — шалақазақ, жарлы жігіт, Қосшығұлұлының қызметкері.
19. Баттал Смағұлұлы — хатшылық қызметкер. Аз ғана оқыған жігіт.
20. Өділұлы Байсейіт — қала школын бітірген жігіт, хатшылық қызметкері, жабайы қазақ баласы.
21. Павлов — Ақмолада кеңсе қызметкері.
22. Монин — Ақмоланың жабайы орыс баласы, жас жігіт, солдат.
23. Кривогуз — солдат.
24. Мартылого —

жұмыскер, шаштаразшы. 25. Щербаков — Спасск заводының жұмыскері. 26. Пьянковский — жұмыскер, монтер. 27. Мартынов — Спасск заводының жұмыскері. 28. Кондратьева — әйел, суретші. 29. Трофимов — адвокат. 30. Базұлы — уақ қызметкер. 31. Мелекотов — поселке мұжығы. 32. Стегалин — поселке мұжығы, аз оқыған адам. 33. Грязнов — уақ қызметкер. 34. Және Грязнов — о да уақ қызметкер. 35. Коломейцев — майданнан қайтқан солдат. 36. Көкім Маназарұлы — уақ қызметкер. 37. Құсайын Қожамбердіұлы — фельдшер, т.б.

Совдептің төрағалығына Бачокты сайладық. Екі орынбасарының біріне Серікбайұлын, біріне Захар Катченконы сайладық. Президиумына (басқармасына) бұлардан басқа: 1. Мен, 2. Кривогуз, 3. Монин, 4. Әділұлы, 5. Павлов, 6. Кондратьева сайланды.

Енді бұл Совдепке Ақмоланың мекемелері лажсыз бағынды. Совдептің әр мүшесін әр қызметке, біліміне қарай тағайындадық. Әр мекемеге комиссарлар сайладық. 1. Павлов пен Монинді ақша, қазына банктерінің комиссары қылдық. 2. Богомоллов пен Асылбекұлын азық-түлік комиссары қылдық. 3. Мені оқу комиссары қылды. 4. Верба деген мүшені почта-телеграф комиссары қылдық. 5. Стегалин мен Малдыбайұлын жер-су комиссары қылдық. 6. Жұмабай Нұркинді тергеуші қылдық, трибунал мүшесі қылдық. 7. Съезд өткен соң Омбыдан Дризге деген жолдасты, Совдеп мүшесі болмаса да, трибунал төрағасы қылдық. 8. Пьянковскийді еңбек комиссары қылдық. 9. Мелюкомов дегенді саулық комиссары қылдық. 10. Тұрысбек Мыңбайұлын бас қылып екі-үш қазақ жігітті қазақ істерін басқаратын бөлім басқармасы қылдық. Және қайтадан соттар сайладық. 11. Кременской деген жолдасты сот қылдық. 12. Шафранды қазынаға алған диірмендердің комиссары қылдық. 13. Грязнов деген жолдасты және Әділұлын уездік милиция бастығы қылдық. Қысқасы, жолдастардың бәрін де әр қызметке тағайындадық.

Іске кірістік. Іс қиын.

Жаңа қызметкерлердің көбі — жөнді оқу білмейтіндер, оның үстіне, төртіп жаңа. Губерниядағы Совдеппен байланыс шамалы. Одан нұсқалар, жобалар уақытында, жөндемді келіп тұрмайды.

Мекемелердегі бұрынғы қызметкерлердің бәрі-ақ істерін тастап шықты. Істегендері не әдейі теріс істейтін болды, не нем кетеді қылатын болды.

Өркімнің-ақ мойнына алған жүгі ауыр болды.

Қызметтен толас уақыт аз. Совдептің мәжілісі жиі. Сөз көп. Іс көп. Дамыл жоқ болды.

«Тіршілік» шығып тұрады. Ресми редактор Рақымжан. Бірақ ауыр ісінің көбі менің мойнымда. Оның үстіне, мен школда беретін сабағымды да қоймадым. Және кешке ересектер оқитын курс ашып, мен онда да сабақ беретін болдым. Қысқасы, күні бойы, кеш бойы тынбастан қызметте аласұрып жүретін болдық.

Ақмолада уездік қазақ комитеті өзінен-өзі пышыраған. «Қазақ комитеттерінің» бастықтарын шақырып алып, есеп сұрағанбыз. Олар қатты қорыққан. Қазақшылап арамызға фельдшер Наурызбай Жолайұлы түсіп жайластырған. Комитет бастықтарын Құсайын Қожамбердіұлын және Шегеұлын советке кіргізгенбіз. Қазақ комитеттерінің мүшелері есеп сұрағаннан қатты қорқатыны — ақша жағында көп шатақтар бар еді. Оны біз сезуші едік. Әсіресе біздің қадағалағанымыз Омбыда, Ақмоладан оқып жүрген нашар балаларға жәрдемге деп елден комитет жинап алған көп ақша болатын.

Бұл ақшаны бастап жинаған біз болатынбыз. Біз комитеттен шығып қалған соң, сол ақшалардың көбін «қазақ комитеті» Омбыдағы оқып жүрген Ақмоланың нашар балаларына жібермей, өздері жұмсап қойған. Ал жіберген ақшаны Омбыдағы облыстық қазақ комитетіне жіберген. Облыстық қазақ комитеті бұл ақшаны тиісті иелеріне бермей, тіпті Ақмола уезінікі емес және мұқтаж емес өз жақындарына берген. Ақмоладан Омбыға оқуға барған Жанайдар Садуақасұлы, Қамза Жүсіпбекұлы, Қасенбек Құлтайұлы, Гүлшарап қыз тәрізді ақшаға мұқтаж балалар тентіреп, өздеріне арналып жиналған ақшаларының бір тентірін да ала алмай қалған. Бұл туралы Омбыдағы балалар бізге хат жазып жататын.

Біз мұны «Тіршілік» газетіне жазғанбыз. Бұл туралы жоғарыда да айтылды. Комитетке барып жүретін «Жас қазақ» ұйымының мүшесі арқылы жанжал көтергенбіз.

Есеп сұрағанда, қазақ комитеті мүшелерінің қорқатыны осындай істері еді. Қазақ комитетінің мүшелері, Наурызбай

фельдшердің үйінде, бізге жылаған соң, біз біраз кейіген сөзімізді айтып-айтып қойдық.

Сонымен, Ақмолада Совдептің ісі қазандай қайнай берді.

Ол екі арада Омбыдан: «Облыстық қазақ комитетінің» «алашшыл» мүшелерін қудық. Комитет қайта сайланды. Комитетке: Әйтпенұлы, Әлжанұлы, Торсанұлы, Тоғысұлы және басқалар кірді...» — деген телеграмма алғанбыз. Және «Ақмола уездік комитетін қайта сайлап, бізге білдіріңіздер...» — деген телеграмма алғанбыз. Бірақ біз Ақмола-ның қазақ комитетін тек тарқатып жіберіп қойдық. Қайта комитет сайлауды теріс деп таныдық...

Бір күні Омбыдағы оқып жүрген балалардан мынандай бір телеграмма алдық: «Ақмола. Сейфоллаұлына, Омбыда оқып жүрген жастардың «Бірлік» атты ұйымының беті «алашордашыл» болып, революцияға қарсы болғандықтан, оқып жүрген біраз жастар «Бірліктен» бөлініп ұйым жасап, демократ-совет ашты. Советтің басқармасына мынандай адамдар сайланды: Жанайдар Садуақасұлы, Таутан Арыстанбекұлы, Қамза Жүсіпбекұлы, Сейітқазығұлы, Әбілқайыр Досұлы...» (Ақмолинск. Сейфуллину. Часть учащейся молодежи, не согласные с контрреволюционным направлением алаш-ордынской молодежи «Бирлик», откололась от нее. Организовали демократический совет учащихся. В президиум избраны: Арыстанбеков, Садвакасов Жанайдар, Жусупбеков, Досов, Сейтказиев).

Бұған қуанып қалдық. Бұл жастармен біздің бұрын да байланысымыз жақсы еді. Енді тіпті жиі хат арқылы байланысты үзбейтін болдық. Айтқандай, бұлардың қасындағы Дінмұқамбет Әділұлы Омбыда большевиктердің қызыл партизан отрядтарына кіріп кеткен. Отряд аты: «Өлемнің бірінші партизан пролетариат отряды» (Первый международный партизанский отряд.)

Бізге Дінмұқамбет бір-екі хат жазып, телеграмма соғып кеткен. Бір хатында маған большевиктерді мақтап: «Россияда большевиктерден басқа партия кемшілікте жүрген адам баласына теңдік бермейді», — деген. «Алаш Орда» ұлық боламын дегендердің ісі. Сендер де Ақмолада большевиктермен ғана бірге бола беріндер...» — деген.

Екінші хатында тағы да осындай сөздерді айтып келіп: «Мен енді мұндай уақытта қарап отыра алмаймын, адам баласының бақыты үшін майданға жөнелдім...» — деген.

Қайнаған қалпында іс жүре берді. Көбінесе істі өз білімімізбен істейміз. Жоғарыдан үзілмей келіп тұрған айқын жоба, нұсқалар жоқ... Петроградтағы Совет үкіметі декрет үстіне декрет шығарып жатыр. Ол декреттерді сымсыз телеграмма (радио) арқылы ғана аламыз. О да көбінесе түсінікті болып келмейді.

Көп аймақтар байларының, төрелерінің азғыруымен Совет үкіметін тани қоймай жатты. Совет үкіметіне қарсы әрекет қылып, соғысып жатқан жерлер де көп.

Біздің Ақмоладан басқа Қазақстанның өзге жерлерінің көбі-ақ Совет үкіметін дос көре қоймай жатты. Шыбықсыз телеграммамен кейде: «Петроградта Совет үкіметі құлады...» — деген хабар келіп қояды. Газеттерде де сондай хабарлар жазылып қояды. Мысал үшін газеттерден сөз келтірейік.

«Қазақ» газетінің 1917 жылы, 2 желтоқсанда шыққан 253-нөмірінің «Сүйінші хабар» деген басмақаласында бүй дейді:

Газеттен:

«СҮЙІНШІ ХАБАР

29/XI. Орынбор губерниясының комиссары шыбықсыз төте телеграфпен сөйлесіп, Петроградтан анық хабар алды.

Петроградтағы студенттер, юнкерлер, күрістер, барша большевиктер істеріне ырза болмай, зығырлары қайнап, бармақтарын шайнап, күйіп отырған адамдар, жаңа партиялар көтеріліп, большевик үкіметін түсіріп, басшыларының бәрін абақтыға салыпты.

Петроград большевиктері мұндай болғаны Россияда зор сүйінші оқиға болған, большевиктерден басқа жұрттың бәрі Николай үкіметі түскеннен артық қуанбаса, кем қуанбайды. Қандай қуаныш оқиға екені большевиктер әкім болғанда істеген істерін айтпаса көзге көрінбейді.

Большевиктердің мақсаты халықты лайсаң күйге түсіріп, лай судан оңай балық ұстайын деген еді. Әуелі Петроград, Мәскеу, Қазан, Сарату, Самар, Уфа сияқты қалаларды зеңбірек, пулемет, мылтық астына алып, адамын қырып, мал-мүлкін талады. Қатын-бала, кемпір-шал демей өлтіріп, қалалардың көшесін қанға бояды, екінші мемлекет мәшinesінің тетігін босатып, темір жол, пошта, телеграф сияқты халық жүріп-тұрып, хабарласып отырған істерге лаң салып,

оны шатастырып, былықтырып болды. Үшінші мемлекет қазынасын талау жасап, ақша шығаратын орындардан шыққан ақшаларды халыққа таратып, алыс-беріс қылатын банк, казначейство сияқты орындарды жабылуға жақындатып, халықты ақшасыз қалдыруға таяды.

Төртінші заң-закон, жол-жоба, құқұк дегеннің бәрін жоғалтып, сот-судья, адвокат, палата, сенат сияқты ақ-қараны тексеретін орындарды жабуға жарлық шығарды.

Бесінші үй біткеннің билігін иесінен алып, үй комитеттерінің билігіне беруге жарлық қылған еді. Енді бітегене тұрғанда, барша мал-мүлік билігін мал-мүлік комитетіне беруге жарлық шығарыпты. Оған жетпей омақаса құлады. Аз уақыт еткен әкімшілігі үшін жатқаныңнан тұрма деп қарғыс айтушы көп, алғыс айтушы жоқ. Большевиктер әкім болып тұрғанда мемлекет өлі зор қауіпте еді. Пошта, телеграф, отарбалар кешікпей тоқталатын еді.

Азық-түлік бар жерлер болса, жоқ жерлерге азық-түлік тасылмай халық аштан қырылмақ еді. Ақша тоқталып, шықпай банк казначейство жабылып, ақшасыз алыс-беріс істелмей барша кәсіп қарекеттері тоқталатын еді. Тергеп, тексеріп бұзықтарға тыйым салатын мекемелер жоғалып, адам аң дәрежесіне жетіп, ел бұзылып, бұзақылар құтырып, жұрт бүлініп лаңға түсетін еді.

Адамның басы қорлық-зорлығын көріп, мал-мүлкі большевиктер жасаған комитеттер билігіне беріліп, ел мал-малданып, жан-жанданудан қалатын еді. Осының бәрі болғанда, елдің ел болуынан өзі екіталай еді.

Мұндай күйге ел рууман өлі заманында түскен емес.

Өлі де болса алдымызда нендей күйге түсеріміз белгісіз. Халық қараңғылығы, надан қараңғы халық жақсы-жаман, ақ-қараны өзі ақылға салып аша алмай, не айтса соған нанып, кім бастаса соған еріп кетеді. Халық сондай болған соң алдымызда не боларын көз жетіп болжау қиын. Қалайда Петроградта болған оқиға жақсылықтың басына жорыла тұруға жарарлық. Большевиктердің нағыз күшті жерінде халық жеңіп, большевиктерді абақтыға тыққаны, большевиктер ісінің шикілік иісі шыққаны. Зеңбірек, пулемет, барша қару-жарақ қолында тұрған көп солдат түгел большевик жағында тұрса, Петроград халқына жеңдіре қоймас еді. Солдаттар арасына саңылау түсіп, сана кірген боларға керек. Солдаттардың есі еніп большевиктер ісінің

шикілігін байқап, халық жағына шыққан болса, онда Россия ісі түзелерге бет алған деп жоруға болады. Олай болса, большевиктер күшейіп өкімшілік етіп тұрған қалалардың бәрі де большевиктердің қорлық-зорлығынан кешікпей-ақ құтылар деп үміттенсек адаса қоймаспыз...»

Міне, «Қазақ» газетінің біртүрлі сөзі осындай... патша түскеннен кейін шыққан қазақ газетінің бәрі-ақ тоқтамастан шығып жатыр. Бәрі де большевиктер үкіметін жамандаудан кенде емес. Мысал үшін газеттерден және бір сөз келтірейік.

1918 жылы 17 қаңтарда шыққан 260-нөмірлі «Қазақ» газетінің «Саяси хал» деген басмақаласында былай дейді:

Газеттен:

«САЯСИ ХАЛ

5 январьда Россия құрылтайы жиылды. Және большевик күшімен қуылды.

Біздің оқушыларға белгілі сентябрьде мемлекет мәжілісі құрылғаны. Большевиктер бұл мәжілістен шығып кеткен еді. Себебі, мемлекет мәжілісі Россия құрылтайын жимайды. Біз большевик, қару-жарақ жұмсасақ та құрылтайды қиямыз деген еді.

Октябрь аяғында мемлекет мәжілісін большевик күшпен таратты, уақытша үкіметті абақтыға салып жоғалтты.

Шынымен большевик Россия құрылтайын жимақ болғанда күш-қуаты қолында 28/XI-ге құрылтайды жиюға ыждағат етуге керек еді. Большевик үкіметі астанада құрылтай сайлауының комиссиясын абақтыға салды. 28 XI жиылған құрылтай депутатты қуды.

Онда депутат саны 400-ге толмай құрылтай ашқызбаймын деп еді.

5 январьда 500-ден аса депутат жиылған еді.

Бұларды мылтық жұмсап тағы қуып Россия құрылтайын тарқатты. Николай түскеннен бері жұрттың сүйенген таянышы құдайдан соңғы құрылтайы еді. Құрылтай басына бұтын көтеріп большевик сарыды.

Енді Николай өлді. Енді қамшы жоғалды, енді билік халықта, жұртта билік. Жұртта болса жұрт жалпы жасырын, төте сайлаумен шығарған депутат мәжілісі құрылтайда деген едік. Билік жұртта деп өзгеге кезек бермей айқайлап алдымен шабатын большевик еді. Большевиктің

мұнысы Аллалап отырып қонған үйдің қатынына қол салатын жалған қожа ісі болып шықты.

Соғысты тоқтатамын, бітім қыламын деп қараңғы солдатты ертіп алып, демагогияға сүйеніп іс жүргізген еді, бітім жоқ. Құрылтай ашылған күні, көп жұмысшылар, өзге көп қала кісілері «бар әкімшілік құрылтайға» деп ту алып көшеге шыққан. Осы топты большевик әскері шатырдан пулемет астына алып, көп кісіні өлтіріп, қуып тастаған.

1905 жылы 9 январьда астанадағы неше мың жұмысшылар бостандық бер деп Николайға барғанда, Николай бұларға пулемет бостандығын көрсеткен еді.

Большевик Николайдың аяғын құшты. Николайдың да, мұның емшектес інісі большевиктің де пулеметтеп жатқаны жалпы жұрт, екеуінің де сүйенгені қараңғы солдат.

Құрылтай алдымен жұртқа беделді үкімет сайламақ еді. Құрылтайға сүйенген күшті үкімет босаған тізгінді жиып алып тежеп ұстап, тентек бастықты тиып, жұртқа пайдалы төртіп шығарып, елді билемек еді. Құрылтай өзі Россия мемлекетіне негізгі закон шығарып мемлекет күшін түзетіп, жұртқа пайдалы бітім қылып, жақсы сапарға жұрт тілегін тартпақ еді.

Бұл мақсұттың бөрі 5 январьдағы пулемет оғымен құйын соққан көлдей ұшты, орыс жұртының ұлтшылдары жұртына жаны ашыры, қабырғасы қайысатыны аз да қалды. Ақылды ұлт пайдасын демагогия, қараңғылық басты. Сыртпен бітім жоқ. Соғыстан бұрын Германия 70 млн. еді. Енді орыспен бітім қылмақ, адамын 143 млн. қылып. Олай болса бұрынғы 160 млн. Россия мемлекетінде 87 млн. қалды. Бұл болмайтын бітім емес.

Украина, Дон, Кавказ, Түркістан, Сібір, Орынбор өзге неше ішкі қалалар большевикпен соғысып жатыр. Майдандағы солдат өлді, үйіне қашып жатыр. Мұжық, солдат біз большевик дініне кірдік деп қаланы пулеметшіктер, бай мұжықты талап жатыр.

Темір жол тоқтады. Астаналар астық сатып алатын халықтар, майдандағы әскер жұтап жатыр.

Біздің қазақ жері өзір бұл Россия лаңынан аман. Алаштың баласы аман қалар ма, жоқ па? Болжап болмайды. Қорқамын, жалпы жұрттың қараңғылығынан, басшы былай деп, тонын айналдырып киіп, жұрт білегін өзінің соқыр тиынға айырбастағанынан.

Аға, іні Алаштың азаматы, бір күнгі үй ара уақ істі таста, мына қараңғы қара бұлт Россия лаңынан Алаш баласын қорғайтын жолға шық.

Россия мемлекеті енді жақын арада үйірге қосылмайды. Біз бірліктен айрылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз.

Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар.

Жалпы жұртқа мұрындық бол.

Әлихан»

Алаш газеттерінің бәрі де большевиктерді «өкімет орнына отыру үшін жұртқа жақсы атты көрінбек болып жүрген жаман ниетті адамдар...» деп оқушыларын ұғындырып жатты. Әрине, «адасқанның алды жөн...»

Мысал үшін «Қазақ» газетінің 1918 жылы 12 ғинуарда жоғарғы мақала келтірген нөмірінің алдында шыққан 259-нөмірінде, «Демагогия» деген басмақаласында бұй дейді:

Газеттен:

«ДЕМАГОГИЯ

Европа тілінде «Демагогия» деген сөз бар. Ол сөздің мағынасын толық көрсетіп, баспа-бас төлеуіне тұрғандай қазақта сөз жоқ, тұлпар төлеуіне тұғыр бергендей етіп «Демагогияны» қазақша айтсақ, жұртқа жақсы атты көріну болады. Жұртқа жақсы атты болу бар, жақсы атты көріну бар. Екеуінің арасы айыра білген адамға жер мен көктей. Халыққа жақсы атты болған адамдар ақыл мен білімімен, таза құлқымен жақсы атты болған, жақсы атты көрінетін адамдарда оның бірі де болмай тұрып халыққа жақсы көрінбек, алдыңғылар ақыл жағын ала іс қылғанда, соңғылар көңіл жағын аулай іс қылады. Неғұрлым халық саңылаулы болса, ақыл жағын қуаттайды. Неғұрлым халық қараңғы болса, көңіл жағын қуаттайды.

Қараңғы халықты өзіне ертіп, қару-қара қыламын дегендер халықтың ақыл жағын қойып, көңіл жағын ала іс қылады. Солай істеушілердің өздері Европа тілінде демагог деп, істері демагогия деп аталады. Биылғы орыс бүліншілігі, былтырғы қазақ бүліншілігі демагогия деп қандай істер айтылатынын түсіндіреді.

Осы күні орыстар соғысып жатқан жауын тастап өзі-өзі ұрысып, бірін-бірі жаудан жаман қырып жатыр. Мұнысы ақыл жағынан қарағанда ақымақтан басқаға кел-

мейді. Ит екеш ит те қораға қасқыр шауып жатқанда өзді-өзі таласпайды. Орыста иттің есіндей де ес қалмай отырғаны демагогияның салдары.

Бостандық болғаннан кейін әр партия жұртты өзіне қаратып, елді өзі билеп, өзі түзу деген жағына жүргізбекші болды. Біреулері ақыл жағын ала іске сүйене іс қылады, біреулер жұрттың көңіл жағын аулай нәпсісіне сүйене іс қылады, ақыл жағын ала іс қылғандар Россия мемлекеті бұрынғы ұлы мемлекет болған дәрежесінен, абыройынан айырылмау жағын көздеді, көңіл жағын аулай іс қылғандар жұрттың қазіргі көңілі тілеп тұрған жағынан қызықтыра іс қылады. Халықтың білімді саңылаулы табы ақылға қонымды жағына ерді. Халықтың қараңғы табы көңілге жағымды қызықтырған жағына ерді. Россия мәдениет жүзінде кейін қалған, саңылаулысы аз, қараңғысы көп мемлекет екені белгілі. Сондықтан ақыл жағы азда қалып, көңіл жағы көптік алды.

Елді қызықтырудың өзі екі түрлі болады: біреулер баяғыдан бері мұжықтың ынтығын күртқан жер еді деп әуелі құдай, екінші жерге еңбек сіңірген деп, жер біткенді мұжыққа тегін бергіземіз деп қызықтырды. Тегін жер береміз деген соң мұжықтар бұған еріп кетті. Бірақ олардан да гөрі ол ертуге ептірек адамдар табылады. Олар жерден де гөрі ынтығырақ болып тұрған жақтан қызықтыратын іс қылады. 4 жылдан бері өлгені өліп, қалғаны қашан үйімізге қайтамыз деп зарығып отырған майданда неше миллион солдат бар. Россияның қару-жарақ бар күші соларда. Оларды кім өзіне қаратып, ертіп алса, қара күштің бәрі сонда болмақ. Бұларды ертіп алдау да елді ертуден де оңай болды. Өйткені ақыл салып, ар жағын ойлайтын адамдар олардың арасында аз. Көбі қараңғы. Қараңғының ақылы көңіліне жақын, ақылға қарамайды. Соғыстан қашып, үйін сағынып қайтқысы келіп тұрған солдаттарға үйіне қайтарамын дегеннен артық көңіліне жағымды нәрсе болар ма?

Россияның билігі қолымызға тисе тез бітім жасап, елге қайтарамыз деушілер шығып еді, солдаттар оларға еріп кетті. Мұның бәрінің ақыры не болып шықты. Россия ұлы мемлекеттің бірі еді. Бұл күнде қатардан қалып, оның үстіне өзді-өзі ұрысып, бірін-бірі талап, өртеп, бүлініп жатқаны мынау. Жасалған бітім де жоқ, берілген жер де жоқ.

Құр ланнан басқа жұртқа түскен түк пайда жоқ. Соғыс лаңынан қажыған халық бүліншілік лаңына түсіп, киерге киім, ішерге азық таппай, күні бүгін аман, ертең не бола-рына көзі жетпей, жинаған мал-мүлкі кімнің қолына кететінін білмей отыр. Соның бәрі демагогияның лаңы. Бәрі халықтың ақыл жағын алмай, нәпсі жағын аулай іс қылғанының салдары.

Былтырғы біздің қазақтың бүліншілігі де осындай демагогиядан болған.

25 июнь жарлығы туралы халыққа басшылық етуші екі түрлі болған. Біреулер: «Қазақ қарсы тұрып, күш қылып, ешнәрсе өндіре алмайды. Қырғын-сүргін көріп әлекке түскенше сұраған адамын беріп, тыныш отыру керек», — деген. Екіншілері: «Бермеу керек», — деп, елді желіктірген. Сонда қабағынан қан тамып тұрған Роман үкіметінің тұсындағы қазақ қарсылық қылып, адам бермей құтылып кетеді деп бермеу керек деген емес, олай айтушылардың есебі өзгеше болған. Халыққа шын жаны ашитындар ел бүліншілікке түсіп әуре болады деп аяғанда, балық ұстауға лай су таба алмай жүргендер, сауын қылып сауып қалғысы келген.

Алысып әлі жетпей жүргендер, халықты құтыртып қолына қару қылып ұстап, кіжініп жүргендерінен өшін алғысы келді. Халықты өзіне қарата алмай жүргендер, осындайда халық қамын жеп, халық үшін жаны ашитын сияктанып, жұртқа жақсы атты көрініп қалғысы келген.

Соғыс жұмысына барғысы келмей тұрған жұртқа барма деп айтса, халық көңіліне ұнайтынын білуге данышпандық керек емес. Халық өзі қып етсе лып етіп, кетейін деп отырған жағына бастасақ ере жөнелетіні мәлім. Жер деп ынтығы құрып отырған мұжық жер береміз дегендерге ергені сияқты, үйін сағынып отырған солдаттар қайтарамыз дегендерге ергені сияқты, қазақ та адам берме деген жаққа еріп, әуре болып барып тоқтағандар қандай бүліншілікке түсетіні Николай тақтан түспегенде белгілі болатын еді. Бағына бостандық болып, қырғын-сүргіннен қазақ аман құтылды. Демагогияның кесапаты қандай екенін өз басынан кешіріп көрмеген қазақ болса, басына түскен бүліншіліктен көріп отыр.

Халыққа демагогия жолымен басшылық етушілер Европа тілінде демагог деп аталады деп жоғарыда айттық.

Былтырдан бері қазақтар да демагогтан құр емес. Орыстың осы күнгі демагогтары еліктіріп қазақтан да демагогтар шығып, елді бүлдіргісі келеді. Бірақ тілін жұрт ала қоймаған соң амалы құрып тұр.

Бұл сөзді жазып отырғанда мақсұт — демагогия деген қара халықты алдайтын адамдардың әдісі барын білдіру, халықты демагогтардан сақтандыру. Біреулер тонын айналдырып киіп, ұлтшыл болып келіп, демагог сөзін сөйлер, біреулер жалтыраған түймесін жұлып тастап, жұртшыл болып келіп, демагог сөзін сөйлер. Біреулер мойнындағы кресін жұлып мұсылманшыл болып келіп, демагог сөзін сөйлер, сақ болуымыз керек...»

Уа, шіркін! «Алашекендер» сөйтіп мөлтендепті. «Алаш» бастықтары әскер жасауға талпынды. Кей жерлерде жасала да бастады. Сонымен қатар таратқан өкімет сөздері де жүріп жатты. «Қазақтың» сол 259-нөмірінде «Офицерлер даярлау» деген мақалада былай дейді.

Газеттен:

«ОФИЦЕРЛЕР ДАЯРЛАУ

Россия мемлекетінің қазіргі бейтәртіп бүліншілік күйінде қазақ басын бағып, аман қалайын десе істейтін шарасы тез милиция жасау. Ол милиция автономия болса да керек, болмаса да керек. Майданда соғыс тоқталғанына көп болды. Майдандағы әскерлер қайтқаны қайтып, қайтпағаны большевиктерге қосылып елмен соғысып жатыр.

Большевиктерге қосылып жатқандар оңай олжаның адамдары. Шаруасы бар солдаттар ел соғысына қатыспаймыз деп екі жақта да үйіне қайтып жатыр. Қайтқан солдаттар қару-жарағымен қайтып келеді. Майдандағы солдат қолында не қару-жарақ болса, сонысымен келеді. Орыстың поселкесінде адамы солдатқа бармағаны жоқ. Әр поселкеде майданға барып жатқан адамы біреу-екеу емес, бірнешеу, солай болған соң орыс поселкелерінде соғыс әдісін үйреніп, соғыс қару-жарағын асынған бойында еліне келген адамдардың басы құралған. Олар қолында қару тұрған соң өзінің күшті екенін біледі. Олар зорлық қылайын десе қолынан және келеді. Солдаттардың бұзықтары большевиктерге қосылып, елге келген түзіктерін бұлар күштімін деп себепсіз зорлық қыла бермес деп, жұбата беруімізге болар ма, болмайды. Екі-үш айдан соң жаз келеді. Мұжыққа

жыртатын жер керек болады. Қазақ арасында отырған орыстар жер керек болса, қазақтан аламын демей кімнен аламын дер? Жері бар помещиктердің жерлерін, малдарын, мүліктерін ішкі жақтың мұжықтары қалай алғанын майданнан қайтқан солдаттардың көргені көріп, көрмегені естіп келіп жатыр. Жерге менікі, сенікі жоқ. Жер құдайдікі, онан соң кім еңбек сіңіріп пайда шығарса, соныкі деген сөздер қайтқан солдаттардың да, мұндағы мұжықтардың да құлағына бостандық болғаннан бері сіңіп болған.

Ішкі жақтағы мұжықтардың ісін көріп отырған адамдар шошитын түрі бар. Өлі жетсе мұжықтар ақылды керек қылмайтын көрінеді, мұнымыз жөн бе, жөн емес пе деп ойлану деген халықта тіпті жоқ көрінеді.

Қысқасы, мұжық әлі жетпейтін жерде ақылды керек қылып ойланады. Өлі жетіп тұрған жерде мұжық ақылға салып, алды-артын тексеріп іс қылады деп ойлағанда керек.

Осы жағынан шошылған милиция мәселесі автономиядан бұрын қозғалған, милициямызды жасамай жатып шашылып отыра берсек, жаз болысымен жер тақырыпты талай шатақ шығатыны шексіз, сонда мұжықты қазақ ақылмен тоқтата алмас. Айбынмен тоқтатар. Сол айбын милиция болар. Қазақ милициясы бар деген соң қазақты басынып, басып-көктеп іс қылудан кім де болса тартынар. Осыны ұғыну керек. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген.

Оны баптап, баяндап айтпай-ақ осылай ұғындырса да түсінерлік нәрсе ғой. Шынын айтамыз деп сырын айту болып кетеді.

Қазақ баласын қорғауға милиция керек. Милицияны үйрететін офицерлер керек. Ол екеуі де қазір жоқ. Милицияны қалай жасау жағы декабрь съезінің қаулысында түгел айтылған, енді айтайық деп отырғанымыз офицер болуға қандай білімі бар адамдар алынатынын түсіндіреміз:

Юнкер школының бастығымен шарт мынаған келіп тірелді. Юнкер школына кіруге атты казактарға деген толып жатқан шарттары бар екен. Олардың бәрін қазақ туралы тексермейтін болды. Қазақ жастарын өзі оқытпақшы, жақсысын берсе жақсылығын өзі көреді, қазақтың жаманын берсе, жамандығын өзі көреді, сондықтан жақсысын берер дегенге келтіреді. Сондықтан бергендерінді аламыз дейді. Бірақ орысша жақсы «грамотный» адам болсын дейді,

яғни орыс тілін және жазуын жақсы білетін адам болса болғаны дейді. Өлшеуі осы, өлшеуімен сынап аламыз дейді. Әлгі айтылған екі білімнің кіретін адамда шамасы қандай екенін байқамай алуға болмайды; шамасын білмей алып қойып, орысша оқу-жазуды бастан үйрету мүмкін емес еді.

Ал, Алаштың азаматтары! Юнкер школына кіру өлшеуі осы. Айтылған шама қатарлы орысша білімі барларың және ұлтын қорғау жолында қызмет істейтін талабы барларың юнкер школына кіруге ниеттерің болса, «Қазақ» басқармасына кешікпей білдірулерің керек. Қайда оқығандарыңды да білу ақыл. Бір рет алатыны 24 кісі, 1/II-де оқу басталмақ. Оқу үйінде барлар 1 февральға келіп кіруге оған дейін ниеттерін басқарма школ бастығымен сөйлесіп, жұмыстың бөріні бітіру керек.

Юнкер школына жастар кіруге әзірге ең аз болса, 30 мың сомдай керек. Ол ақшаны «Алаш Орда» жастар школға кірместен бұрын даярлау керек. Қазір Алаш Орданың қолында съезд тарқарда берген Отарбай қажы Қондыбайұлының 12 500 сомынан басқа ақша жоқ. Елден ақша тез жиылмайтыны мәлім. Солай болған соң байлар Отарбай қажының істегенін істеп, Алаш автономиясын өуелгі кезде көтермелеп жіберулері тиіс еді.

Ноғайлар автономия болса ұлт қазынасына деп байларынан ақша ағыл-тегіл болып құйылып қалады. Біздің байлар да өуелі өздері үшін, екінші ұлт игілігі үшін шабандық қылмай Алаш Ордасына ең болмағанда қарызға қаржы беретін жөні жоқ па?..»

Шіркіндерің солай сарнап жатты...

Олар өйтіп жатқанда, біздің іс қайнаған қалпында жүре берді. Совет үкіметі күн сайын күшеюде. Большевиктерге қарсылық қылып жатқан аймақтар күн сайын әлсіреуде. Біздің көзімізді қадап, құлақтарымызды түріп, алыстан бағып отырған жеріміздің бірі — Орынбор. Орынбор казак-орыстарын Дутов деген атаманы бастап, Совет үкіметіне қарсы тұрып, большевик әскерімен ереуілдесіп, қағысып жатқан. Орынборға біздің көзімізді қадайтынымыз — «Алашорданың» басқармасы Орынборда. Барлық Қазақстанға нұсқау беріп, «Алаштың» ордалық туын көтеріп отырған «Қазақ» газеті Орынборда. Ал «Алашорданың» орталық үкіметі Орынбордан кетпек хабарын газеттен көргеміз...

1918 жылдың қаңтар айында Орынборды большевиктер алды. Атаман Дутов қашты деген хабар алынды.

Енді біраз күнде Орынбордағы «Алашорданың» бастықтары: Бөкейханұлы, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Омарұлдары Орынбордан қашқан бетімен біздің Ақмола уезін басып, Семей өтті. Біз білмей қалдық. Бұлар қонып кеткен бір ауылдың қазағы екі күннен соң, Ақмолаға келіп маған айтты. Бұлар жолындағы Спасск заводына соғар деп, мен тез Спасск заводының жұмыскерлер советіне уездік Совдептің атынан телеграмма бергіздім. Екі күннен соң «олар өтіп кетті...» деген заводтан жауап телеграмма алдық...»

Орынборды большевиктер алған соң «Қазақ» газетінің жаңа шыққан нөмірлері келді. Газеттің шығарушысы жаңа адам — Әбілхамит Жүндібайұлы деген кісі. Қайта шыққан «Қазақ» газетінің 1918 жылы 27 (14) ақпанда шыққан 261-ші нөмірінде жазылған «Орынбор жайы» деген мақалада, Орынбор алынғаннан кейінгі түрді және алынар қарсаңдағы түрді былай жазады.

Газеттен:

«ОРЫНБОР ЖАЙЫ

Бір айдан бері большевиктермен соғысқан казак-орыс әскері мен юнкерлер 17 январьдың түнінде жеңіліп, Орынборға қарай қаша бастады.

Қаладағы барлық өкімшілікті өз қолында ұстаған отанды қорғау комитетінің адамдары, — казак-орыстардың басы атаман Дутов, Орынбор комиссары Архангельский және басқалар қашып кеткендіктен қала иесіз қалды.

Осындай аумалы сағаттарда қаланың халі қыл үстінде тұрғандай еді. Жаман ойлы бұзық адамдар иесіз қалаға тиіп, неше түрлі талан-тараждар істесе, әй дейтін өже, қой дейтін қожа жоқ еді. Сондықтан Орынбордағы мұсылман Қарби комитеті қалаға большевиктер кіріп, өкімшілік орныққанша, өзін Орынборға өкім екендігін жария етті.

Өзінің күнілгері қамын қылып, жиып қойған жігіттерін қару-жарақ асындырып, үкімет пен халық мекемелерінің бәріне қарауыл қойды.

Қарби комитеті тұрған башқұрттың керуен сарайы мұсылманның егі тірлігін көрсететін бір орда түрін алды. Керуен сарайдың ауласында қару-жарақ асынған мұсылман солдаттары мен дружинаға жазылған ноғай жігіттері

«ерсілі-қарсылы» жүріп жатты. Жегулі аттар, автомобильдер даяр тұр еді. Қалада төртіп сақтау жалғыз мұсылман Қарби комитетінің мойнында ғана қалған еді.

18 январьда қалаға большевиктер кіріп, өздері орнатқан үйлерге орныққан еді. Көшелерде қару-жарақ асынған түсі суық матростар, қара және қызыл гвардиялардың кісілері оннан-бестен үй-үйге кіріп — мұнда офицер бар ма, құрал бар ма — тінте бастады.

Осы тінту ісіне жүргендердің ішінде сөзге түсініп, күшке салмай, өз міндетін қолындағы мандат қағазын көрсетіп атқарғандар бар болған секілді. Бас жібі жоқ өгіздей күшке салып, ақырып-жекіріп, қала халқының апшысын қуырғандары да бар еді. Осындай жүгенсіз азғындар көбінесе матростардың, анархис дейтін партия адамдарынан, солардың етегін ұстап, олжа түсе ме екен деп жалған «большевик» болған Орынбордың өз ұрыларынан құралған еді. Большевик штабы осы түрдегі жаман ойлы жолдастарына қатты жазалар салып, жаман қысты. Қалада большевик әбден орнығып әкім жүргізгенше болған талант-тараждар, кісі өлімдері — бәрі осылардың қолынан келді. Большевиктердің жоқшылары яки Қарби комитетінің жігіттері талаушылардың көбін ұстап жауып қойды. Айыптыларын атып өлтірді деген хабарды соңынан есіттік.

«Большевикпін» деп тінту артында жүрген «ерлер» ірі байлардың үйіне кіріп, үйді асты-үстіне келтіріп, жын ойнағандай қылып аударыстырып, қымбатты нәрселерді қойын-қонышына толтырып алып кеткендерімен тұрмай, қапқа салып арқалап яки жегулі көлікке артып әкеткендері де болды.

Шекесіне тақап тұрған мылтықтың атылуынан, жүрекке сұққалы тұрған пышақтың түсінен қорыққан адамдар қысылғанда жан садақасын беріп құтылып, құр жан қалды. Кейбір жаннан малын қымбат көріп, малға ара тұрамын деп мылтыққа ұшқандары да болды.

Қарби комитетінің қару-жарақ асынған жігіттері күн демей, түн демей автомобильге мініп алып, қаланың көшелерін аралап жүрді. Бірнеше жерлерде талаушылардың үстінен шығып қалып, маңдайы ашық кейбір бақытты адамдардың жиған дүниелігі өзінде қалуына себеп болды. Тонаушылардан үш-төрт күн ішінде қала халқының сыйынғаны жалғыз мұсылман Қарби комитеті болды.

Матростар яки анархистер жолдарына бөгет бола берген Қарби комитетінің жігіттеріне көздерін алартып, тістерін қайрап жүрді. Осылардың қыңқылы жерде қалмай, Орынбор вокзалында болған бір мәжілістерінде мұсылман қолындағы құралды сыпырып алудың керектігі сөз болды.

Большевиктер қалаға кіріп, салығын салып тынығып алған соң, военно-революционный комитет ашылды; түрлі іс басына комиссарлар қойылды.

Үкімет және халық мекемелеріне өздеріне сенімді солдаттардан қарауыл шығарылды. Сөйтіп, қала тұрмысы біраз сабасына түскендей болды.

Большевиктер қалаға кірісімен кадет партиясының пікірін тарататын «Оренбургский край» газетінің басқармасын өздеріне қаратып алды. Осы күні оның орнына У.Р. комитетінің пікірін тарататын «Известия» газеті шығып тұр.

Кооперативтер шығарып тұрған «Южный Урал» газеті де жабылды. Осы күні оның орнына «Народное дело» газеті шығып тұр.

Большевиктің інісі меньшевик партиясының пікірін таратушы жұмысшылар газеті «Рабочая заря» большевиктер кірген соң, бірнеше нөмір шығып тұрып, тілі ашы болып масадай шаға берген соң, ол газетті У.Р. комитеті жапты. Оның орнына іле-шала «Рабочая газета» шықса да таздың басын қаси беретін мінезі большевиктерге жақпай тоқтатылды. Сөйтіп, інілердің ағаларына қарап бұртиып тұрған жайы бар.

«Уақыт» газеті тұтынған жолы жұмысшы, жарлы халық ыңғайына ереуіл келгендіктен У.Р. комитеті тарапынан тоқтатылды. «Уақыт» баспаханасы, барлық нәрсесі және қолындағы ақшасымен реквизировать етілді.

Февральдың 9-да «Уақыт» баспасында басылып «Орынбор мұсылман қарби инхлап комитеті мұқбары» деген газеттің бірінші нөмірі шықты.

Январьдың аяқ жағында қалада тұрмыс өз жолына түсті десе болады. Бір айдан бері Орынбордың сыртында бөгеліп жатқан хат-хабар, газет, журналдар ретсіз бір түрде келе бастады.

Мұсылман Қарби комитетінің панасына сиынған мұсылман байлар бар. Мұсылман Қарби комитеті соларды қорғайды деген күңсіл сөз түбінде іске асып, мұсылман қолындағы қару-жарақты У.Р. комитеті жиып алды. Сөйтіп, аз

күн болса да, қалаға қызмет сіңірген, талан-тараждарға ара тұрып, төртіп сақтаған мұсылман дружинасының таратылуы көңілге қайғы түсірді. Қолынан құралы алынған соң, мұсылмандар тағы біртүрлі бас қамын қылуды ойлады.

Бетегеге бойын жасырына алмаған «буржуйлардың» бүлініп кетуімен ноғайдың солдат және жұмысшылары басын қосып, кеңесіп, мұсылман қарби инхлап комитетін ашты.

Комитеттің бастығы — Ғали Шамғұнұлы. Жолдасы — Мұхаммет Тайырұлы. Секретары — Абдолла Якупұлы.

Бұл комитетке мұсылманның табан ет, маңдай термен күн көретін жігіттерінің көбі кірген көрінеді.

Большевик келместен бұрын жабылып, сонан бері ашылмаған дүкендер және мектептер 29 январьдан былай ашылды. Саудагерлер саудасын істеп, балалар сабағын оқып жатыр. Бұрынғы Кадетский корпус әскери гимназия болды.

Большевиктердің жеңіп алған қалаларында тұратын байларға салатын контрибуция дейтін салығы болады екен. Орынборға келген большевиктер де Орынбор байларына белі қайысарлық салық салып отыр. Бір жиюға 10 000 000 сом салық салынды. Бұл салықты жиятын комиссия байларға былайша бөлген: Зарепнов 1 млн. сом, Сараков 1,5 млн. сом, Панкратов 1 млн. сом, Деев 300 мың, Буров 600 мың, Пемнов 150 мың, Нехарчев 125 мың, Слащилин 75 мың, Коробков 60 мың, Баландин 100 мың, Нехонов 75 мың, Урецкий Орштері 75 мың, Потлов серіктігі 100 мың, Захо 100 мың, Брагин 50 мың, Каймуштер, Вольфсон, Корнилов, 50,40,20 мыңнан, Лшескин 50 мыңнан, Лысых 5 мың, Агладонов 100 мың, Андреев 30 мың, Вотем 5 мың, Шепшайши 20 мың, доктор Воскресенский 15 мың, Попов, Теревинский және Николин 10 мыңнан, Мақмұт бай Құсайынұлы дарыстері 600 мың, Уәли қазірет Құсайынұлы фирмасы 125 мың, Ғыдбай Балтабайұлы 50 мың, П. Ғимадиұлы, Әбдірахман Өмзін, Бырдаран Ғабділлендір, Ауаринбазығұлы, Ақымбайұлы, Аюпұлы, Г. Шепиринов, Ғабділқайым Седачұлы 25 мыңнан, М. Шарapolдинұлы, Г. Кинеев, З. Құртапұлы, Рамовтар 15 мыңнан, Ш. Мұсыпұлы 20 мың, З. Қабібұллиндер, З. Омаров, Р. Қабимовтер, Мырзабайұлы, Ғабділрашит Құсайынұлдары 10 мыңнан. Осы салықты байлар төлемей құтыла алмайды.

Адвокат Градскийдің зор жұрты ісіндегі общинымен У.Р. комитеті қолына көшті.

Ташкент темір жолы, сол жолда қызмет қылатын жұмысшылар мүлкі болды. Орынбордың зор баспаханаларынан Левинсон баспаханасы бұлардың билеуіне көшті.

Орынборда тұрғын қазақ 5-6 үй болатын, бұлардың азаматы әм бала-шағалары большевик сүргінінен тегіс аман. Өздерінен болмаған себептермен Орынбордан шығып ел ішіне кеткен. «Қазақ» газетінің басындағы азаматтар өлі Орынборға оралған жоқ. Шәкірттері Орынборға қайтып оқуға кірісті.

Большевикті азуы алты қарыс арыстандай көргендіктен бе, яки басқа бір себебі бар ма, Орынборда қазақтың басы осы февраль ішінде ғана көріне бастады. Қалада осы күні тыныштық. Таңырқарлық талан-тараж, өлім-жітім хабарлары жоқ. Орынборға жақын отырған қазақ ауылдары да аман. Торғай комиссары қазақ пен орыс арасында болған жанжалдарды басуға және «большевик» болған мұжықтар қазаққа бел көрсетіп, ауылын шауып талап әкетпесіне қолдан келген істерді шұғыл істеп жатқан көрінеді.

Почта, телеграф жүріп, банктер ашылды. Бірақ банктегі ақшадан жұма сайын иесіне 150 сомнан артық берілмейді. Қалада уақ ақша жоқ еді, Петроградтан жаңадан келген уақ ақшаны 100 сомдықтарға айырбастап алып жатыр. Дутов кезінде шығарылған Орынбордың жаңа ақшасы бұрынғы бөсін жойған жоқ. Большевиктер де сол ақшаны тағы даярлатып жатыр.

Ж. Жәнібекұлы»

Және сол 261-нөмірінде жазған басмақаласында тағы да былай деген:

Газеттен:

«ОРЫНБОР, 27 (14) ФЕВРАЛЬ

Тоқсан тарау ерсілі-қарсылы саяси партияны қолдаушылар әмән пікір жарысында жүр. Бірі бір жолмен, екіншісі өзге жолмен ұлтты көгерту ниетінде екені газет оқушыларға мәлім. Сол түрлі саясат партиялардың бірі – большевик партиясы.

Патша түсіп, төңкеріс болғаннан кейін, большевиктер өзгелермен бірдей саясат майданына жарысқа шығып, сол

уақыттағы «жана үкі-метке» ынжық, айтқанын негізгі жұмысқа аударма алмай, құры сөзбен желбуаз қылып табаны тесілген, алақаны ойылған сорлы жұмыскерлерді есіне алмайды деп наразылығын сөзбен де, күшпен білдіріп, үкіметті өз қолдарына алу ойында еді. Октябрь жұлдызының ақырына шейін Россияда большевик алмаған атты казактары мол Орынбор мен Дон, Теке, Украинадан басқа жер жоқ еді.

Қалшынып бірнеше заман қайрат қылған, табан тіресіп атысқан Орынборға осы күнде большевиктер қанаттарын жайып, қонып алды. Қалың большевик ішінде 18 январьда Уфа отрядын бастап, Торғай уезінің жігіті, руы қыпшақ, Әліби мырза Жангелдин келіп іске кірісті. Өзіне қолғабысшы қылып Орынборда тұрып жұрт жұмысына ысылған Мұқаммедияр мырза Тұңғашынды шақырды. Мұқаммедияр мырза төрт күндей толғанып, Орынбор мұсылмандарының аға азаматтары мен мекемедегі жолдастары қолай көріп айтуымен комиссардың сөзін қабыл алды, комиссар жұртқа болып қалған оқиғаларды баяндап, жар шақырып, жақын жердегі Ақтөбе азаматтарының бірнешесін телеграмма арқылы Орынборға шақырды.

Телеграмма алып, хат алып хабарланып, тебіреніп отырған мылтықтың оғының астында жатқан Ақтөбе азаматтары ойланып, заманның түрін ойға алып, бірісі ойдан, бірісі қырдан Орынборға құйылды.

Арқада аламан әңгіменің түрін байқай алмай жан-жағына жалтақтап келген азаматтар комиссар Әліби мен Мұқаммедиярдан басқа қазақ азаматтарын Орынбордан көре алмады.

Комиссар мырза Әліби Жангелдин заманның әсерінен әңгіме айтып, көздеген мақсатын, тұтылатын жолын әшкере еткен соң, азаматтар комиссармен қол ұстасып, жұрттың басына түсіп тұрған ауыртпалыққа шара көздеу ниетімен дағдылы жұмысқа кірісетін ырзалық көңілін білдірді. Ақтөбе елі Торғай облысының шетінде Орынбормен шектес қолтығында болғандықтан, әңгіменің асқынатын түрін сезіп: Ырғыз, Торғай уездеріндегі басты адамдарымен телеграмманың көдірсіз тілі арқылы хабарласты.

Заманаға сай деп сөйлескен азаматтары, бірнеше жұрт басшылары болып өз беттерімен комиссарға келіп дидарласпақ болды.

Осындай заманның аударылып тұрған шағында, жұрт газет хабарына аса мұқтаж екендігін ойға алып, жан-жаққа хабар беріп, жөн сілтеп, нұсқа көрсетіп тұрған «Қазақ» газетінің басында тұрған азаматтардың Орынборда жоқ екенін көріп, жауын тілеген егін қалпындағы жұрттың үмітіне қарсы бару ниетімен Орынборға февраль басында келіп, басын қосқан Ақтөбе уезінің төменде аты аталған азаматтарының өтініші бойынша «Қазақ» газетін шығаруды мен мойныма алдым.

Келген азаматтар мына аты аталғандар: ақсақалдардан — Мырзағұл Қойайдарұлы, Сәрсен Жақыпұлы, Ахметкерей Қосуақұлы. Зиялы жастардан: Есен Нұрмұқамбетұлы, Сағындық Досжанұлы, Нысанғали Бегімбетұлы, Сұлтан Арқабайұлы, Нұрғали Атантайұлы, Задакерей Нұрмұқамбетұлы, Әли Ыбрайымұлы, Ережеп Қойайдарұлы, Қасым Арынғазыұлы, Досмұқамбет Қожабайұлы, Камалиддин Арынғазыұлы, Бақыткерей Көкенұлы, Қарасай Қойайдарұлы және басқалары.

Заман аударылып тұрған шағында дағдылы жолмен жүру бір бағытқа маңдай қою — қиядағы қиын іс. Сондықтан газет оқушылар заманының құбылуымен есептесу керек.

«Қазақтың» соңғы жүретін жолы — халыққа болып жатқан өзгерістен хабар беру, заманына қарай амал қылу, жол көрсету, сасқанда алдынан шығып жәрдем беру маңайында ғана болашақ...

Әбділхамит Жүндібайұлы

Бұл мақаладағы комиссар Жангелдин — қазақтан шыққан ең бірінші большевик. Біз тәрізді бір түкпірде жатып совет үкіметін жасасқан емес. Қызылдар мен ақтардың майдандасқан жерінен шығып, өзі сол майданның жуан ортасында болған кісі. Қызылдар өскерінің басында болған кісі. Бұл жолдас Жангелдинді біз газет арқылы әбден қанықпыз. Оны «Алашорданың» барлық газеттері ондырмай жамандайтын. Мұны жамандағанда «елді бұзғыш, жамандыққа азғырғыш» дейтін. Өзі қазақтан шоқынды, мойнына крес таққан дейтін және поп болып, миссионер болып, мұсылманды орыс дініне кіргізбек болған «бұзық» дейтін.

Біз тек «Қазақ» газетінің осындай сөздерін оқып, Жангелдинді сырттан білетінбіз. «Мына жамандаған сөздерінің жартысы рас болса да, Жангелдин жаман адам шығар», — деп жүретінбіз.

«Алаш» газеттерінің иттің құйрығындай шулап балағаттауына қарағанда бұл бір өте қауіпті адам ғой дейтінбіз. Ішімізден: «Өттеген-ай, әлгі поп болды дегені болмаса, бір өте қажырлы маңызды адам-ау», — дейтінбіз. «Дәл Көлбай тәрізді екен ғой... Көлбай да жылпостығы, тұрлаусыздығы болмаса, аса зерек, өткір адам тәрізді көрінеді...» — дейтінбіз.

«Қазақ» газетінің 1917 жылы 2 желтоқсанда шыққан 253-ші нөмірінде «Жұрт төресі» деген мақалада Бөкейханұлы («Қыр баласы») Жангелдинді жамандап «өзі» жазды... «Торғайға келген Жангелдиннің соңынан жұрт ерсе, олардың 3-ші нөмірлі спискесіне учредительное собрание сайлауында Торғай халқы 41-ақ дауыс берер ме еді.

«Алаш» шемендері газеттерінің беттерінде большевиктерді сөгуді, жамандауды қоймай жатты. Большевик болған аз ғана қазақтарға шашылған топырақ аз болмады. Батпақ өсіресе Жангелдинге, Көлбайға, Тұнғашынға көбірек шашылды. Батпақ шашудың қисыны жоқ тәрізді де емес. Келтірілген сөздерінің жартысы рас болса да дәлел. Бұл жерге «Қазақ» газетінен бір мақала келтірейік.

«Қазақ» газетінің 1917 жылы 2 желтоқсанда шыққан 253-ші нөмірінде «Жұрт төресі» деген мақалада бүйдеген.

Газеттен:

«ЖҰРТ ТӨРЕСІ

Өткен март айында жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград советі Торғай уезінің қазағына жаңа тәртіпті түсіндіру үшін ас ішіп, аяқ босатар Жангелдинді шығарған еді.

Совет өкілі Жангелдин ескі өкімет заманында, қазақ шапанын кент киіміне, ислам дінін христиан дініне айырбастап, Жангелдинді Степновқа айналдырып, миссионер болып еді. Бірақ өзінің өкіл ағаларының үмітін босқа шығарды. Степновты сүйреп, түрлі мекемелерде переводчик, хатшы қылып та қарады. Степнов барып тұрған сөулесіздің өзі болып тұрғандықтан, еш жерде тұрақтап тұра алмай, тіршілікке қыры жоқ қаңғыбас болып кеткен еді.

Міне, осы бұралқы Степнов март ішінде Петроград советінің өкілімін деп алғашқы ашылған Торғайский облыстық комитетке келеді. Степновтың кім екенін бұрыннан білетін комитет Петроград советінен сұрайды: «Дін өзгертуі қулық биенің сауынынан да жиі, бұл күнде қайтадан ислам

дініне шыққан Степнов — Жангелдин Совет өкілі екені рас па?» — деп. Совет жауап қайырады: «Степнов — Жангелдин Торғай уезіне социал-демократ партиясының пікірін тартуға шығарылғаны рас», — деп.

Степнов — Жангелдин жаз бойы Торғай уезін аралады. Советке қазақ атынан шиелі арыздар берді. Комиссарлардың Торғайский облысының управ мүшелерінің және учредительный собранияға сайланатын кандидаттардың үстінен түрлі шағым жүргізді. Кадет деді, қазіргі заманның түрлі кінә-сұмдығын солардың үстіне аударды. Советтер оны қорғады, ішкі іс министрствосымен хат тасып «еріккен шарттың» шағымынан басқа жұмыс жоқтай өуре болды.

Ақырында, халық-төреші Жангелдин және ол арқылы ақымақтанған совет ісі туралы адал төресін берді. Торғай уезінде учредительное собрание сайлауы болғанда бөйге алғандар:

1-нөмір «Алаш» партиясы 54 897

3-нөмір Социал-демократ 41 дауыс алды.

Міне, риалықпен халықты адастырушы ұятсыздардың ісіне жұрт төреші екені осы.

Қыр баласы»

Міне, Жангелдинді осылай «алдаушы» деп жамандайтын. Көлбайды бұдан да сорақы қылатын. Жангелдинге сырттан қанық болсақ, Көлбайды 1915 жылда Омбыда оқып жүргенімізде бір көрген едім. Рас, жылпос жігіт еді. Бірақ зерек, шешен адам тәрізді еді. Қарап тұрғанда «өттеген-ай» дерлік адам еді...

Батпақ шашудың қисыны жоқ тәрізді де емес. Келтірілген сөздерінің жартысы рас болса да дәлел. Бұл жерге «Қазақ» газетінен бір мақала келтірелік. «Сарыарқаның» 31-нөмірінде 1918 жыл, 3 наурыз «Кім дос, кім қас» деген мақалада былай дейді:

Газеттен:

«КІМ ДОС, КІМ ҚАС

Алаш ұранды автономиялы халық боламыз деген зор мақсұтта белді байлап отырмыз. Автономия алған және алғалы отырған жұрттардың басынан не кешіп отырғанын да көріп отырмыз. Сонда да автономия боламыз деп талпынып отырмыз. Жалпы қазақ-қырғыз съезі ішкі істерімізді

басқару үшін және кезінде автономия жария ету үшін Алаш Ордасын сайлап та қойған, бірақ бұл жолда Алаш Ордасы алаңсыз қызмет ете алмай отыр. Оның неше түрлі себептері болып тұр.

Қазіргі Россияны билеп отырған Совет үкіметі: «Программамызда әр халықтың өз тізгіні» өзінде болуына, яғни автономиялы болуына қарсы емеспіз, бірақ халықты капиталистер — буржуалар билеуіне ыраза емеспіз», — дейді.

Осыны себеп қылып большевиктер Украина, Сібір, Түркістан, Башқұрт, Қырым автономияларына қарсы болып, бұлар буржуазная автономия, яғни байлар автономиясы деп жорғалатып отыр.

Біз біреуді ақтарды, біреуді жақтарды былай қоя тұрып, өз жайымыздан бір-екі сөз айтып өтейік.

Біздің қазақ-қырғызды капиталист, буржуй, жұмыскер деп бөлуге болмайды. Бізде Европа халықтарындай завод, фабрик жоқ. Бізде миллионерлер, жатыпшіерлер жоқ. Біздің халық ақсүйек, қара сүйек, бай, жұмыскер, жерлі, жерсізге бөлінген емес. Қалың қазақ-қырғыздың тіршілігі, шаруасы мал бағу.

Қазақ жері бұрыннан да жеке адамның еншісі болып бөлінген емес. Мемлекет мүлкі болып саналатын. Мұнан кейін де жер ортақ болады. Жер еншіге бөлінсін деп жүрген ешкім жоқ.

Біздің «Алаш» автономиясы әлі жарыққа шыққан жоқ. Рәсімі жария етілсе біздің басымызға да Түркістан, Сібір күні туа ма. Ол белгісіз. Бірақ оларға жауып отырған жала бізге жанаспайтынына көзіміз жетеді. Бірақ бізде басқаларға түсімізді бояп көрсетіп отырған өзімізден шыққан шағымшылар. Олар бүгін большевик болыпты-мыс. Қазақтан шын большевик шығып, халықтың мұң-мұқтажын ойлаушы болса арманың бар ма? Төрт-бес жұрттан шыққан сұмдар большевик болмақ түгіл, тескентау өтіп кетсе де жолың болсын дер едік. Бірақ жұрт атынан сөйлеп, соңынан ерген он қазақтың баласы жоқ, жұртты адастырып отыр, соған күйеміз. Кешегі қаралы патша заманында бірі шоқынып миссионер болып, бірі сатылып жандарм мекемесіне тыңшы болып, бірі ел алдап, бірі жол тосып жолаушы тонап жүрген соғылғандар. Мынадай лайсаң заманда «большевик» бола қалып, ордалы алаштың ортасына от тастағалы отыр. Жалпы қазақ-қырғыз съезіне жиналған өкілдер

байлар қазаққа зияндастар, оны съезд демендер, алашқа автономия бермендер деп отыр. Алаш Ордасына сайланған он бес кісі қазақ-қырғыздың дұшманы, оларды жоқ қылу керек деп шағым қылып отыр. Қазіргі шығып тұрған «Қазақ» газеттері бостандық дұшманы. Бұлардың жазушылары Николайшыл деп отыр.

– «Көдеден көп қайнаға-ау, түйе ауғанда қайда едің?»

— Ұлтшыл «Алаш» ұлдары-ау, кеше жұрттың көзінің қанды жасы ағып, барар жер, басар тау таба алмай, зар еңіреп жүргенде қайда едің?

– Кедейшіл сабаз ерлер-ау, қазақ баласы зар жылап, халқың қанға боялып, мал орнына айдалғанда қайда едің?

Бұл сұрауларға сендер жауап бере алмайтындарыңды білеміз. Бұған жауапты халықтан күтеміз. Өздерің жарылқаймыз деп жүрген жарлылардан күтеміз. Сендер кімсіңдер? Қаншасыңдар? Аттарыңды атап, сандарыңды санауға он саусағым еркін жетеді, бас-аяғың оңға толмайтын оңбағандар жалған ұран шығарып, жай білмейтін жатқа жарамсақтанып, жақынға жала жауып, жақсы атқа ие болғансып отырсыңдар. Шын ұлтшыл екендеріңді білейік, жұрт сондарыңда екенін көрейік, майданға шық, тапқа түс. Елден қалсаң, арманымыз жоқ. Арттарыңнан ерейік, болмаса сендер кімсіңдер? Сендер «күні бойы сабан тартып, шаршап келе жатырмын» деген өгіздің мүйізіндегі шыбынсыңдар.

Естерінде болсын санасыздар. Халық Құдай жаратқаны рас болса, жоғалмас. Біз мұнан да кедей күнімізде тойға барғанбыз, басымызды көтеріп, есімізді жиып, ел болармыз. Сендермен сонда сөйлесерміз!

Алаш, саған айтамын: адаспа, жасыма, қайғырма! Арамза туған ұлдарың сендермен күшейіп отырған жоқ. Оны есіңнен шығарма! Тағдырсыз іс болмас, Алланың басқа салғанын әлі де болса көрерміз. Алаштың азаматы зорлықшыл үкіметтен құтылып, тенелдік деп төбесі көкке жеткендей қуанып еді. Жыл он екі ай болмай бұрынғы қорлық басымызға қайта туса, басымыз айдауға, малымыз байлауға дұшар болатын болса, бұл да тағдырдың ісі шығар шыдайық. Бірақ, жұрттым, мұны өзгеден көрме. Өзіңнен көр. Жасыма Алаш, жасқанба! Аз күнгі қуанышқа сүйсінбе, уақытша қайғыға күйінбе, ақыл-ойыңды алысқа жұмсап, жұрт болудың қамын қыл. Кім дос, кім қас? Мұны да бірақ ұмытпа!

Мадияр»

Осылайша бұлар жамандамаған, бұлар сөкпеген большевик жоқ. Бұлар Ленинді де «бұзық ниетті», «жұртты бұзғыш», «немістен ақша алған» деп жамандап бақты. Соған қарағанда, бұларға жамандау өте арзан тәрізді.

Іс қазандай қайнаған бетімен жүріп жатыр. Іс сүріне-қабына жүріп жатқан тәрізді. Байлардың үйлерін, диірмендерін қазынаға алдық. Сібір банкін алдық.

Орынборды Дутовтан большевиктер алғанымен, Ақмола облысынан басқа жерлердің қазақтары өлі де Совет үкіметін өкімет деп тани қоймай жатты.

Тек бөкейлік қазақтардың арасында саяси қозғалыс болып, оқыған жастардың арасында советшілдері барлығы білініп жатты. Газеттерге қарағанда, бөкейліктердің оқыған еңбекші азаматтары өздеріндегі Керенский үкіметінің өкімдерін түсіріп, Бөкейлік үкіметін бұқара қолына алғандығы білінді.

Бұл туралы «Қазақ» газетінің 1918 жылы 27 ақпанда шыққан 261-ші нөмірінде «Ұран» газетінен мынандай бір хабар басылды:

Газеттен:

«ТАҒЫ ДА ӨЗГЕРІС

Өткен нөмірінде бұрынғы комиссарлық Құлманұлы қалып, оның орнына Әзірбайұлы болып еді. Оның бер жағында комиссарлық қалып, Бөкейліктің істері осы кісілер арасынан бөлінді.

Ішкі істі қараушы:	Б. Ниязұлы.
Жол ісін қараушы:	І. Көшекұлы.
Жәрдем беруші:	К. Меңдешұлы.
Азық:	С. Генералұлы.
Ақша жағын:	Д. Темірәлиұлы.
Оқу-оқыту:	Меңдешұлы.
Денсаулық:	М. Көкібайұлы.
Дау:	С. Нұралиханұлы.

Бұлардың халықтың бас-аяғын жинап маслихат етуге шыдамай, Бөкейліктің ісін қолдарына алуларын әр түрлі жоруға болады.

Біреуі — уақыт оздырмай осындай қысаңшылық заманда халықты қиындықтардан сақтап тура жолға бастау. Екінші түрлі ойлағанда, ел адамдарына мынау қалай демей, төрт

жүз мың бөкейліктің делегаттарының сайлаған адамдарының билігін кешегідей он шақты қара таяққа беріп, өзара кеңесіп, өз тілектерін жасай беруі өздерінің бас қамы үшін деп айтуға да мүмкін. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген қазақтың мақалы бармен бұл басшыларымыздың бұл істерін жөн яки жөн емес деп айта алмаймын. Дұрыс, дұрыс емесін халықтың өзі шамалап тұрған болар...

Ұран»

«Алашорда» Семейге орнады... Орал, Ақтөбе жақта Совет үкіметі өлі де қазақ арасында орнаған жоқ... Түркістан қазақтары өлі де бөлек автономиялы болудың сандырағында еді. Бірақ «Қазақ» газетінің большевиктер Орынборды алған соң шыққан 1918 жылы 27 (14) ақпандағы 261-нөмірінде мынадай бір хабар басылған:

«...Қоқан. Қоқанда Совет өкіметінің өкімшілігі жүрді. Түркістан Мұқтарият ағзаларынан қазақ Мұстафа Шоқайұлы мен Әбдірахман Оразайұлдары тұтқынға алынды. Басқа мүшелері бой тасалап қашып кетсе керек...» — деген.

Мұның алдында қаңтардың басында автономия туралы Түркістанның Сырдария облысының қазақ съезі болған. Съезд Түркістан қаласында болған. Бұл съезд туралы «Сарыарқа» газетінің 1918 жылы 3 наурызда шыққан жаңағы 31-нөмірінде «Алаш және Түркістан» деген басма-қаласында былай баяндаған:

Газеттен:

«АЛАШ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН

Соңғы жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы оқушыларға белгілі, съезд бір ауыздан автономия керектігіне қол қойып, тек қашан ресми жария ету жайын кеңескен еді. Бұл туралы тоғыз күндей толғанып жұрттың шығарған қаулысы:

1. Милиция жасар қамына кірісу;
2. Арамыздағы жат жұрттармен сөйлесу;
3. Түркістандағы ағайынымызды қосып алу, сонан кейін Алаш автономиясын жария ету.

Жоғарғы үш тілекті іске айналдыру және бүкіл қазақ-қырғыз істерін басқару үшін съезд Алаш Ордасын құрды. Алаш Ордасы 5 январьда Түркістан қаласында Сырдария облысының съезін шақырып, ол съезге үш өкіл жіберді.

Түркістан уәлаятындағы бес облыста (Сырдария, Жетісу, Самарқан, Закаспий және Ферғана) қазақ бар. Түркістан автономиясы жария етілгенде осы бес облыс түгелімен Түркістанда қалғанға есеп болып көрінді. Солай болған соң Алаш Ордасы Түркістан уәлаятындағы облыс түгелімен қазақ-қырғыз съезін шақырмай, жалғыз-ақ Сырдария съезін шақыру себептері мынадай еді.

Жалпы қазақ-қырғыз съезінде болған Жетісу облысының өкілдері бірауыздан Алаш боламыз, Түркістаннан шығамыз десті.

Съезге Жетісудың әр уезінен келген телеграммалардан да көрінді. Жетісудың қазақ-қырғыз түгел Алаш туының астында екендігіміз 27 ноябрьде Қоқанда Түркістан автономиясын жария еткен съезде Жетісудан бір де өкіл болмағандығы білінді, сондықтан Жетісудың Алашқа екендігіне шүбә қалмады.

Түркістанның бір облысы Самарқан, бірақ мұның аты облыс болғанымен жалғыз-ақ Жизақ уезінде алты болыс қазақ бар. Бұл алты болыстан жалпы қазақ-қырғыз съезіне келген өкіл Есет Ақжолұлы елінің сәлемін жария қылды. Қалың ағайыннан айрылып адасқан қаздай аз ғана ел едік. Қашанда болса Алаштан айрылмаймыз деп. Бұл Жизақ уезінің қазағынан да Қоқан съезінде өкіл болмаған екен. Бұған қарағанда Самарқан облысындағы қазақ та Алашты аңсап отырғандығы көрінеді.

Түркістанның енді бір облысы Закаспий облысы дегенмен сонда да қазақ аз, жалғыз-ақ Маңғышлақ уезінде 13 болыс адай бар. Жер шалғайлықтан жалпы съезге адам өкілдері жетісе алмады. Маңғышлақ адайы Орал облысының Темір уезімен қоныстас және ағайын. Бірінші және екінші жалпы қазақ-қырғыз съездерінде Орал өкілдерінің сөздерінен мәлім болды: Маңғышлақ адайы қайда жүрсе де Орал облысымен бірге болатындығы сондықтан. Орал Алашқа десек, Маңғышлақ елінің Алаштан кетпейтіндігі анық болды.

Енді бір облыс Ферғана, мұнда біздің қырғыз көп.

Автономия болудың бір шарты жұрттың қонысы бірыңғай болу және тіршілік шаруасы үйлесу. Ферғана қырғызы қашаннан сартпен аралас. Кәсіп, шаруа жүзінде сартпен байланысқан, ғұрып-әдеті де өзгерген және қонысы да аттамалы. Сондықтан Ферғана қырғызын Алашқа тарту зорлық, Түркістаннан шығару қиын екендігі анықталды.

Түркістан уәлаятындағы төрт болыс Жетісу, Самарқан, Закаспий және Ферғана съездері шақырылмау себептері осы.

Бес болыс Сырдария: мұнда қазақ-қырғыз көп, Алаш автономиясына қосыла кетуге жері бірыңғай, өдет-ғұрып бір, тіршілік шаруасының да Алаштан айырмасы жоқ.

Алаш Алаш болатын болса, Сырдарияның айырылатын түк қисыны жоқ. Бірақ жалпы қазақ-қырғыз съезінде Сырдария өкілдері Алаш бірлігін қуаттаса да Алашқа қосыламыз деп елін билеп кесіп айта алмады. Себебі Түркістан автономиясы жария етілгенде Сырдария бірге кеткен. Қоқан съезінде аз да болса өкілдер, зиялы азаматтары өкімет басына сайланып қалған. Сондықтан Сырдария қазақ-қырғыз Алашқа қосыла ма – мұны жұрт білсін делінді.

5 январьда Түркістан қаласына Сырдария облысының съезі шақырылу себебі осы еді.

Сырдария съезі Түркістан қаласында 6 январьда ашылып 9-ында жабылды. Съезге болыс басы бір өкілден шақырылған еді. 72 өкіл келді. Сырдария облысы Алашқа қосылу, қосылмау мәселесі қаралудың алдында Қоқан және жалпы қазақ-қырғыз съездері туралы доклад оқылды. Қоқан съезі туралы оқыған докладтан және біздің сауалымызға берген жауабында анықталды: Түркістан автономиясын жария еткен съезде жалпы қазақ-қырғыз туралы сөз болмапты және Сырдария облысы Түркістанға не себепті қосылатындығы тексерілді.

Сырдария Алашқа қосылу-қосылмау мәселесі үш күнге тартысқа түсті. Армансыз тексерілді. Алаш баласын бірікпесін деген жан болмады. Ұранына қызбаған, ұлтына тартпаған кісі кім болды. Бірсыпыра зиялылар Түркістанға тартты. Түркістан бай, Алаш болып Түркістанға қарайық, ең болмағанда Сырдария Түркістанда қаламыз десті. Бірақ сөйлесе, дәлелдесе келгенде екі жақ түсінісіп, Алашқа Алаштан артық ешкімнің жоқтығына көз жетіп, Түркістанға қарайық деген сөз қалды. Алаш туының астында табысалық деген бір қаулыға келді.

Сырдария Түркістан автономиясынан күні бүгін шығып кету қиын екендігі сөз болды. Мұны айтушылардың дәлелі: енді Алаш болдық, айрылмаймыз. Бірақ күні бүгін Алашымды таптым деп шығып кетсек, мынадай ор заманда Түркістан автономиясының қабырғасын сөгіп кеткендей

боламыз. Көрші қандас және діндес ел едік, досқа күлкі, дұшпанға таба қылмалық. Өкімет істерінде қазақ азаматтары басқарысып тұр едік, аз күн шыдалық. Алаш автономиясы жария етілсін және Алаш Түркістанмен одақ болсын, содан кейін Сырдария Алашымызға қосыла кетелік десті. Ерсілі-қарсылы кеңесіп, ақырында съезд мынадай қаулы қылды:

1. Сырдария облысы қазіргі уақытта тегіс Түркістан автономиясында болған себепті әзірше Түркістан автономиясында қалады.

2. «Алашорда» өз алдына автономия жария қылып болып, Түркістан автономиясымен союз (одақ) болса, Сырдария қазақ-қырғыздары Түркістан автономиясына кіруге қарар қылынды.

3. Съездің осы қаулысы Сырдария облысынан Түркістан учредительный собраниясына сайланып баратын депутаттарына наказ болсын.

4. Сырдария облысының қалпы Алаш автономиясына қосылған уақытта осы облыстан Түркістан учредительный собраниясына сайланған депутаттары, Алаш автономиясының сайлау заңына муаптық болса, Алаш учредительный собраниясына депутат болсын.

5. «Алашордасы» Түркістан баласына болсын да болсын.

Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ. Көрі-жас, қарасы, төресі, байы, кедейі бірауыз болды.

Қанша заманнан бері қорлық-зорлықтың астында бастан ерік, малдан садақа кетіп, торғайдай тозуға айналғанда Құдай мұндай қуанышты күндерге жеткізіп, Алаш партиясы біріккенде қуанысып, өкілдер бірін-бірі құттықтасты. Аруақ, Құдай ауызға алынды. Қарттар жылап, жастар қайраттанды. Өлген тіріліп, өшкен өнгендей болды. «Алаштаған» ұран әуені жаңғырықтырды.

Өкіл»

Күн сайын совет өкімшілігі өршіп, қанатын жая берді. Күн сайын нығая берді. Совет өкіметі күшейген сайын біздің «Алаш Орда» тәрізді автономиялар қуыршақтай домалай бастады. Бұл жерге де газеттерден сөз келтірейік.

«Қазақ» газетінің 1918 жылы 12 наурыздағы 262-нөмірінде «Автономиялар» деген мақалада «Алашорда» тәрізді Россиядағы автономиялар туралы былай деп баяндады.

«АВТОНОМИЯЛАР

Большевиктер автономияға қарсы емес, бірақ бұлардың көздеген автономиялары іргесі құрылған, жаңа құрылмақ автономиясынан реті басқа. Олардың қарауынша төрелер, байлар тілеуімен, негізгі құрылған автономиялар қиратылып, оның орнына еңбек сіңіріп мал табатын кісілерден құралған советтер автономиясы құрылуға тиіс.

Осы бағытпен большевиктер автономия болған елдерді тізеге салып аударып құлатып, олардың орнына сол елдің советтерін көтеріп отыр.

Қырым мұқтариаты: газеттердің сөзіне қарағанда Қырымда зор әңгімелер болып өтіпті: Қырым мұсылмандары жария қылған автономия ісін орындау жолында «Құрылтай жиын» ел қамын кеңесіп жатқан үстіне большевиктер келіп тиіп, арада қанды соғыстар болған. Большевикке қарсы тұрушылар, мелли мұсылман әскері екен. Большевиктердің күші басым болып жеңіп, Қырымның зор қалаларының бәрін алған. Осы күні Қырым совет билеуінде, Қырым мұқтариатының бастықтарын большевиктер тұтқынға алып, Севастопольдағы большевик штабына жіберген. Қырым мұқтариатының пікірін таратушы «Мелиат газеті» өшіп, оның орнына 22 январьда «Ісші халық» деген жұмысшылар газеті шыға бастады. Сол газеттің сөзіне қарағанда, буыны қатпаған жас мұқтариат қолынан келмейтін кейбір істерге құлаш ұрып, соларды болғызамын деп жармасқан көрінеді. Сөйтіп, Қырым мұқтариатының айға шауып мерт болған жайы бар.

Украина үкіметі: автономия аларында әр түрлі жұрттар үлгі алып, ғылым-іліміне, қайрат-күшіне, бірлік-ынтымағына аузының суы құрыған Украина үкіметі де ішінен шіріп құлады. Бұрынғы «Рада» құрыды. Раданың бастықтарын және жаумен бітім сөйлесуге барған өкілдерін народный комиссарлар советі қолға алып, сотқа беруге бұйрық қылған.

Финляндия мемлекеті: бостандық болысымен көмекті сырттан сұрап, Россиядан бөлініп кеткен Финляндия да қоңсыларынан жұққан ауру дертінен қорқып, басы аманында, күйкентайдан қорыққан торғайдай Германия қолтығына кірдім деп жиі-жиі жар салып отыр.

Сібір автономиясы: Томскіден алынған хабарға қарағанда, Сібір автономиясына жоба жасап негізін құрмақшы болып қам қылып жатқан областной комитеті абақтыға салған.

Түркістан мұқтариаты: Түркістан автономиясы байлардан құралған деген өсек большевиктер аузында бар екен. Қоқан қаласына барып, қоқандаған большевиктерді көзі көргендердің айтуына қарағанда, оның да өмірі санаулы шығар. Соңғы хабарда большевик Мұстафа Шоқайұлын тұтқынға алған.

Башқұртстан автономиясы: бұл автономияның да жайы онша тәуір емес. У.Р. комитетінің қарары бойынша 4 февральда Башқұртстан ісін басқарып тұрған жеті кісі тұтқынға алынды.

Смольный институты маңайында жүріп жатқан башқұрт Шарп Манатұлының большевиктер көзіне түбінде қандай түспен көрінеріне осы күні көз жетпей тұр. Башқұртстан автономиясы жойылып, оның орнына бейнетқор Башқұрт советі құрылды.

Алашорда: қырғыз-қазақ бас қосқанда тоғыз күндей толғанып, ресми жария етуді кейінгіге қалдырған Қазақстан автономиясы да алдыңғылардан озып қайда барсын.

Керегесін құрып, шаңырағын көтеру, оған жан-жақтан уық шаншу желді күні қолдан келмес еді.

Казак-орыс үкіметтері: Орынборда казак-орыс құрған Дутов үкіметі де құлады. Орнына осы күні «Кезекші совет» деген совет отыр.

Орал орыстарынан хабар жоқ. Олар да казак-орыстарын көре тұра халқын қырғынға неге ұшыратсын.

Дон облысындағы казак-орыстар да большевиктерден жеңілуге бет қойды. Большевик атының тұяғының дүбірі Дон үкіметін отставкаіге шығарды. Генерал Калидиннің онаша үйде өзін-өзі атып өлтіруіне себеп болды. Соңғы хабарда Донда да Совет үкіметі құрылған.

Ж. Жәнібекұлы»

Барлық Россиядағы қазақтардың «Алашорда» төрізді, оқыған мырзалар, «шарапатты» қазіреттер, «дуалы ауыз» байлар жасаған автономияларын талқан қылып большевиктер қуалады. Олардың орнына еңбекші таптың кеңестерін құра бастады. Большевиктер партиясының бастығы

Ленин мен Сталин мұсылман еңбекшілеріне мынадай жар салды:

«Барлық Россия және Күншығыстың жұмыскер, өскер және еңбекші мұсылмандарына! Жолдас бауырлар!

Россияда зор өзгеріс болып жатыр: шет мемлекеттерді бөліп ыдырату мақсатымен қабынып кеткен қанды соғыс бітті. Барлық дүние халқын құл есебінде тұтынған азулы жауыздардың өкімшілігі жемірілді. Ескі қаралты құлдық, тұтқындық қаралты құл-талқан болып құлады. Менменшілдікпен біреуге-біреу тізе көрсететін дүние ең соңғы демін алды. Бұлардың орнына жаңа дүние, ерікті жұмыскер халықтың ғаламы шықты. Бейнетқорлардың мойны босайтын күн туды. Бұл аударып алып соғудың басында жұмыскерлер мен еңбекшілер өкімшілігі — жұрт комиссарларының советі тұр.

Аударып тастаған мінезді жұмыскер, солдат және еңбекшілер советінің орнамаған жері жоқ; Россияның әр бұрышына тамырын жайған. Өкімет, мемлекет билігі жұрт қолында. Россияның жұмыскерлерінің жүрегінде төзушілік жасау, барлық дүниедегі қорлық көрген жұрттарға жәрдем ету, өзіне нағыз бостаншылық алу тілегі бар, олар мұны ешкімнен тайсалмай орындайды.

Бұл пайдалы істе Россия жалғыз қара емес. Россияның аударып тастамасымен жаңғырыққан ерік айғайын Күншығыс пен Батыстағы жұмыскерлер қарсы алды. Соғыс себепті қажыған Европа халқы бізге қолын созды. Ол татушылық тілейді, татушылық жасайды. Европаның жұмыскерлер мен солдаттары социализм туының астына жиылды. Империализмнің тамырын тарпа бас салып қиды. Алыстағы Үндістан, анау Европаның мәдени азулыларын мылжамылжа қылған Үндістан аударып тастау туын көтерді. Өзінің үкіметінің советін құрды. Жеркеніш құлдықтың бұғалығын мойнынан жұлып алып тастауға, Күншығыс жұрттарын бостандық алу үшін күреске шақырды.

Капиталистердің талау және зорлығының үні өшті.

Осындай зор уақиғалар көз алдымызда тұрған уақытта біз Россия және Күншығыс мұсылмандарына табан ет, маңдай терімен күн көретін жарлы-жақыбайға, сыбағадан шетте қағыс қалған мұсылмандарға мынаны ұсынамыз.

Россия мұсылмандары: Еділ өлкесіндегі және Қырымдағы татарлар! Сібір мен Түркістандағы қазақ-қырғыз,

сарттар! Кавказ алабындағы түрік татарлары! Кавказдың тау халқы мен чешендер! Соғыс лаңынан мешіт және құлшылық жайлары бұзылған, Россияның залым патшасы түрлі чиновниктермен ғибадатына қарсы тұрған, еркінен айырылған құл есебіндегі Россия мұсылмандары!

Осы күннен бастап сіздің дін мен ғибадатыңыз, милли мәдени қауымдарыңыз өз еркіңізде. Оларға ешкім қол сұқпайды.

Ұлттығыңызды тілегенше тәртіпке салыңыз! Сіздер бұған құқықтысыздар! Сіздің құқықтығыңыз да барлық Россия халқының құқығы сияқты аударып тастайтын мінезді жұмыскер және еңбекшілер советімен құрылады.

Сіз бұл революцияға және оның сайлап қойған үкіметіне жәрдем етіңіз!

Күншығыс мұсылмандары! Қызылбастар, түріктер, арабтар, үнділер! Бұл күнге шейін сіздің мал мен бастарыңызға баяғыдан бері Европаның ашқарақ азулылары сауда қылып, ерік намысыңызбен ойнап, сіздерді ғасыр бойы жөбірлеп келеді. Европа талаушыларының тілеуімен соғыс ашылып, сіздер бөлшектенуге шамаланған мемлекеттер.

Біз зұлым патша тарапынан жасалып, онан тайғақ Керенский тарапынан қолданылған Стамбулды тартып алу турасындағы жасырын жасалған қағаздарды жыртып жоқ қылдық. Соны жариялаймыз.

Россия республикасы және оның үкіметі болған жұрт Комиссарларының Советі шеттен жер алуға қарсы. Басы бүтін Стамбул мұсылмандардікі.

Біз Иранды бөлу қақындағы қағаздардың да жыртылғанын айтамыз. Соғыс жұмысы бітісімен ондағы әскер одан шығарылып, қызылбастар жеріне ие болады.

Түркияны бөлу, армяндарды оның қолынан алу қақындағы қағаздардың да жыртылғанын жария етеміз. Армяндар өз тізгінін алды.

Сіздерді құл қылғалы сыбанып тұрған қазіргі және аударып тастаудың ордасы болған Россия үкіметі де емес.

Сіздерді құл қылмаққа сыбанып тұрған Европа империялизімінің азулылары. Олар сіздің мемлекетті бөлшектеу үшін соғысты созғысы келеді. Міне, сол өзінді құл қылғалы бар өнерін қарыштаған азулыларды жұлып алып, лақтырып жіберіңдер!

Осы күні соғыс және төртіпсіздік ескі дүниенің негіздерін қаусатып тұрған мезгілінде, барлық ғалам халқы өзін жұлып жегендерге не қылуға білмей дағдарып ызаланып тұрған кезінде, кішкентай ғана ызаның уыты күшті аударып тастау жалынына айналып тұрғанда, басқа жақтан ауып келіп өздерін билеп тұрған келімсектерге қарсы өре түрегелген, осындай қан сонарда үн жоқ, түн жоқ жай жату жарамайды. Уақытты қолдан қашырмаңдар, жерінді тартып алып жәбір көрсетіп келген дұшпандарыңды желкеңізден жұлып алыңыздар. Мұнан соң енді оларға елдеріңізді талатпаңыздар. Сіздер мемлекетке ие болыңыздар. Күнелту, дүниеде тұру жайын, өзіңізге қолайлы ізбен, өздерін қарандар! Сіздердің мұндай құқығыңыз бар. Өз тағдырыңыз өз қолыңызда.

Жолдастар! Бауырлар!

Біз намысты демократия жолына қарай анық және шын кірістік. Біз өзіміздің туларымызда барлық дүниеде кемшілікте тұтылған жұрттарға бостаншылық алып беруді жазып, көтеріп жүрміз.

Россия мұсылмандары, Күншығыс мұсылмандары, мына осы дүниені жаңарту жолында, біз сіздерден жәрдем күтеміз, қолғабыс қылуды өтінеміз!

Ұлт істерін қарайтын бөлімнің халық комиссары:

Джугашвили (Сталин)

Халық комиссарларының кеңес ағасы

В. Ульянов (Ленин)»

(1918 жыл, 12 март. «Қазақ». 262- нөмір)

Міне, большевик партиясының бастықтары Ленин мен Сталиннің саяси жарнамалары. Міне, осыларды да біздің «Алашорда» Жамандай білді. Осыларға өздерінің кірлі қолдарымен «Алашордашылдар» батпақ шаша білді. Бұлардың өлгі Көлбайды, Жангелдинді және басқа большевик жолына түскен қазақтарды балағаттап сөгуінің өншейін былшыл тәрізді көрінетіні сол.

Лениндей, Сталиндей көсемді жамандай білген тіл, солардай кісілердің үстіне құса білген ауыз кімді былғай алмайды? Менің мұным Көлбай иә басқа большевик болған адамдарды мақтайын дегенім емес. Өзінің өмірінде сүрінбейтін адам жоқ. Көлбайдың жаман қылықтары да болған шығар. Оны біз білмейміз. Өйтеуір, жамандайтын «Алаштың» көсемдері. Ленинді де, Троцкийді де, Сталинді де

«Алаштың» көсемдері газеттерінде: «немістің ақшасына сатылған шпиондар» деді. «Өңкей оңай олжа табудың ниетіндегі қулардың бастықтары» да деді. Бұған қарағанда, «алашордашылар» және олардың шәкірттері дұшпанына батпақ шашуға шебер. Құсықты сөзге мырза. Қазақ халқының көпке шейін большевиктерді бір «қоқай» тәрізді көргені — осылардың күн сайын мың мәртебе ауызша да, газеттері арқылы да жамандай беруінен еді.

Екінші жалпы қазақ съезінде «Алаш» көсемдерінің съездің кеңесіне салған сөздерінің біреуі: «Қазақтан милицияны қалай жасау?...» деген мәселе еді.

Сол «милиция жасау керек» деген ұсынысына мынандай дәлел келтіреді...

«Большевик дініне кіріп, большевиктердің оңай олжа табатын өнерін үйреніп келген солдаттар, сол өнерін біздің қазаққа жұмсамай қарап отырар деп айта аламыз ба?..» (*«Қазақ» газеті. 1917 жыл, 26 қараша. №252*). Міне, әрбір сөзінде большевиктерді ылғи осындай «құқай» қылып көрсете берді. Большевиктерді жалпы қазақ жұртына «ылғи бір бұзықтар» қылып ұғындыра берді.

«Қазақ» газетінің 1917 жылы 6 желтоқсандағы № 254 санында «Бітім жайы» деген мақалада: «бұзақылар қосылып қараңғы халықты алдап бір-екі күн дәурен сүріп тұр екен деп, немістер онымен бітім жасар ма?» — дейді. Бұл сөздерді әншейін мысал үшін ғана келтіре салып отырмын. Бұл сөздер әншейін сыпайы жамандауларының мыңнан бірі ғой, бұл әншейін, оңай олжа табатын «дін» шығарған «қосылып дәурен сүріп отырған бұзықтарға» айтылған сыпайышылық қой. «Оңай олжа табатын дін шығарған бұзықтар» әлгі Ленин мен Троцкий, Сталиндер.

Міне, бұларды былғай білген әдемі тіл, Көлбай тәрізділерді ондыра ма?! Жаңағы айтылғандай, менің бұл айтып отырғаным Көлбайды яки большевик жолына түскендердің бәрін тегіс ылғи шаң жуымайтын адамдар дейін дегенім емес. Менің бұл жерде айтып өтейін дегенім, дұшпанын жамандағанда, «Алаш» көсемдері қисынын тауып соға беруші еді демек.

Сол жамандаған кісілері «Алаштың» өз жолына түскен болса, төбесіне көтерер еді. «Алаш» партиясы жасалмай тұрған уақытта, 1914–1915 жылдарда, біз Омбыда оқып жүрген уақытымызда, «Қазақ» газетінің басындағы

«Алашқа» көсем болғандар Көлбайды және Сәлім Көшімұлы деген қажы молданы жамандап шыққан. Көшімұлы «Айқап» журналының жазушысы болған. Бұл екеуін де «Алашқа» көсем болғандар оңдырмаған. Онда біз оқып жүрген кезіміз. «Қазақ» газетіне қатты нанатынбыз. Сол 1914–1915 жылы қыстың күні Көлбай біз оқып жүрген Омбы қаласына келді. Менің Көлбайды әуелгі де, соңғы да көргенім сол. Көлбай Омбыдағы оқып жүрген қазақ балаларын жиып, бірге суретке түсті. Мен бармай қалдым. Бармауым әлгі «Қазақ» газетінің Көлбайды оңдырмай жамандауының әсері еді. Көлбаймен бірге суретке түскендердің көбі соңынан «Алаш» болып Көлбайға топырақ шашқандар. Екі-үш күннен соң Омбыда қала театрында Сібір кеші (Сибирский вечер) деген сауық кеші жасалды. Сауықтың бір бөлігі қазақша болды. Театрдың балконына қазақтың киіз үйін тігіп, жасау жинап, түрлеп, қызыл-жасыл электр шамдарын жағып, безеп, кілем төсеп, қымыз сатып, қазақша домбырашы, өңші отырғызып өн салғыздық. Домбыра шерттік. Театр сценында қазақша өлең-жыр айтқыздық. Саматұлы мен Шайбай Айманұлы екі ақынның айтысын ойнады. Сауықты жалпы басқарған Новоселов, Березовский, Сидельников еді. Қазақ бөлімін басқаруды маған тапсырған еді. Новоселов — Николай түскеннен кейін Омбыда әлеумет істерінің алдыңғы қатарында болды. Сібір автономиясының министрі болды. 1918 жылы Омбыда Колчак офицерлері тал түсте атып өлтірді. Березовский большевик-жазушы. Қазір тірі. Сидельников — кадет, өлді.

Міні, осы сауықта Көлбайды анықтап көрдім...

Патша түскен соң «Алаш» болып Көлбайға беталды батпақ шашқан сондағы Омбыда оқып жүрген қазақ жігіттері сол сауықта Көлбайдың қасында болды...

Сонда-ақ «Қазақ» газетінің басындағылар мен Көлбай ұстасулы еді. Бұдан кейін де «Қазақ» газетінің басындағылар және олардың шәкірттері Көлбайдың иығынан түспеді. Ал Көлбаймен қатар «Қазақ» газетінің басындағыларының жамандайтыны Сәлім молда соңынан, патша түскен соң, «Алаш» партиясының жолына кіре қалды. Сонан соң Сәлім молданы Көкшетау өзінің «Алашордасының» төрағасы қылып, Бөкейханұлы қол қойып кетітті. «Алашшылардың» осы «қасиетті» мінездерін суреттейтін осындай қылықтары аз емес.

Сәлімді мен Ақмолада оқып жүрген бала күнімде бір көрген едім. «Айқап» журналына ақша жинай келген еді. Шешен, бірақ жылпос жігіт еді. Көлбайдан да асқан жылпос, сынаптай жеңіл мінезді еді. Сәлім қазір Советтен қашып жүр. Жылпостығы сол, қазір бір жерде бөтен атпен коммунист болып жүр дейді. Бірді айтып бірге кетіңкіреп қалдық. Бұл туралы кезінде тағы әңгіме қылармыз. Енді тоқып келе жатқан өрмегімізге келейік.

Сөйтіп, «Алашорда» тәрізді автономия-үкіметтер, отты үріп қалса, быт-шыт болып ұшатын жылқы тезегінің күліндей бытырап ұша бастады. Шірік салынды тасыған дарияға бөгет бола алар ма!..

Большевик солдаттың құр дәрілеп бір атқан мылтығының дауысымен «Алашорда» тәрізді автономиялы «үкіметтер» быт-шыт болып, қаша жөнелген қызық заман болды. «Тар жол, тайғақ кешуде» қайыспаймыз дейтін мырзалар кішкентай жансымақтарын ала қашқан күндері болды. «Алашорда» мүшелері: Тынышбайұлы, Шоқайұлы, Ақайұлдары жасаған Қоқандағы Қоқан автономиялы үкіметі солайша тырағайлады. Құр дәрі мылтық дауысынан қаша жөнеліп, әр бұтаны паналап жүргендегі «министрлердің» қашқандағы суретін келтірейік. Шоқайұлының газеттерге басылған бір әңгімесін көшірейік.

«Бірлік туының» 34-нөмірінде басылған төменгі «Мұстафа хаты» деген мақаланы біз де өз тұсымыздан жұртқа естіртуді лайық көрдік. Бұл хат туралы «Бірлік туы» мынаны жазады: «Аттың сыры шапқанда білінеді». Енді Алаш халқы мынау бір азаматтың жолдасынан көрген «игіліктерін» өз хатынан оқып, көріп, сынасын. Бауыр қандай, жат қандай, Алаш қандай, сарт қандай екені осы хатты оқыған адамға ап-айқын-ақ көрінер. «Өзі өлтірмейді, жат жарылқамайды» деген атамыздың терең мағыналы ескі мақалы осындайда амалсыздан еске түседі...

Газеттен:

«ХАТ

...31 январь күні күндізгі сағат 2-де Қоқан большевиктерінің бізге тапсырған ультиматумын сөз қылып отырғанымызда тасыр-тұсыр атылған мылтықтың дауысы шықты. Бақсақ, мылтық атысып, соғыс бастаған большевиктің солдаттары екен. Большевиктердің бұл ісі өздерінің ультима-

тумында қойған шарттамасына қарсы келді: олар ультиматумды мәміле шарттарын кеңесуге 3 сағат срок қойған еді.

Және ол сроқтың уақыты 20 минут өткенде ғана бітетін еді. Сөйтіп, большевиктер өз шарттарын өзі бұзып, мәміле сөздің жолын бөгеді.

Шорай иламия үйінде жиналып отырған үкімет адамдары бар және басқалар бар, большевик солдаттары жақындап келе жатыр деген хабарды естіп, жан-жаққа тарасып кетті. Сонан соң үкімет адамдарына енді қайтіп, екінші басын қосуға ешбір түрлі жол қалмады. Себебі: большевиктердің мылтық атқан дауысын естіген соң мұсылмандар қолдарына бар қару-жарақтарды алып, көшеге шығып қалды. Алдында үкіметтің: большевиктерге қарсы қару-жарақ алып шықпаңдар, әлі де болса мәмілеге келерміз деген сөзіне олар құлақ қоймады.

Өйткені олар большевиктердің мәміле сөзін бітірместен мылтық атуға бас салғанын көрген соң үкіметке, бөлкі бүкіл мұсылман халқына жау болды деп, өз беттерімен қимыл қыла бастады. Сонан соң-ақ үкіметтің істейтін ол арада қызметі қалмады.

Қоқанда болған бұл көңілсіздік оқиғаның саяси себептерін бастан-аяқ түгел теріп жазуға замана әзір көтермейді. Соның үшін мен бұл хабарда бұл оқиға басталғаннан кейін өз басымнан өткен ахуалды ғана көптің алдына ұсынғым келеді. Аудары қарап, ақтара түсінген адамға бұл жазғандарымнан да бірсыпыра саяси қыртыс та көрінер.

Большевиктердің оғынан қашып, Қоқан қасындағы қышлақтардағы сарт ағайындардың ішінде бес-он күн жүрдім. Сол аз ғана күннің ішінде көрген жәбір-жапамды, дұшпан да болса, құдай большевиктерге көрсетпесін... Ергеш қарақшыбас болып, Қоқанда сарттар большевиктермен соғыс бастағанда оларда жеңілеміз деген ой тіпті болған жоқ. Соның үшін олар: енді сарт заманы болып қалды; Ергешті хан көтереміз; Ферғанада сарттардан басқа жан қалдырмаймыз; қазақ пен большевиктің ешбір парқы жоқ, ноғай болса, ол мұсылман емес; себебі Қоқанда бір ноғай мұғалімі аяғын құбылаға беріп ұйықтап жатқанын көрдік деп, қышлақ сарттары үрген местей көмпиіп, сарттан басқа жанның бәрін қырып жібермекке бел байлап, қолдарына пышак, балта, шот, кетпен, орақ, арқан, жіп, қанжарларын алып, көшеге сыймай күпілдесіп кетті. Больше-

виктерден қашып паналап, мұсылман баласын дос көріп, заманасы тасыған сарттардың ішіне нағыз сол кезде мен де келіп қалып едім.

Көрген-білгеннің бөріні бұл арада тегіс айтып болмайды. Оның бөрі жаза берсе қағаз бетіне сыймайды. Соның үшін бұл жолы басымнан өткен оқиғалардың да ең орасан көзге түскендейлерін айтып өтемін.

20 (7) февраль сәрсенбі күні Гәухана деген қышлақтан бүкіл Ферғанаға белгілі Мой Мұбарак дейтін қышлақта тұратын Мұсахан қажы деген ишанның ғалымдар (ғалым) баласы Омархан төремен бірге Елеш қышлағының үстін басып, Құмбасты қышлағына келдік. Жолдасым атты, мен жаяу: сарттар жалдап мінуге көлік бермеді! Үстімдегі киген киімдерім сарт киімдері, аяқта кебіс, мәсі. Үсте ала шапан, баста қазандай ақ сөлде...

Барар жерім белгісіз болған соң, Қоқандағы соғыс басылғанша өзіміздің сарттардың ішінде қауіп-қатерден жырақ жүре тұрармын деген ой ғой, мені бір қышлақтан бір қышлаққа тентіретіп жүрген...

Құмбастыға келген жерде шетінен қару-жарақ асынған жиырма шақты сарттар келіп мені шап беріп ұстай алды.

— Ә, сән кім сән?

— Мұсылманмын.

— Қайсы мұсылмансың?

— Қазақпын.

— Қазақ қашаннан бояқ мұсылман?

— Әлмисақтан бері мұсылманмын.

— Сол қазақтың мұсылмандығында біздің шегіміз бар.

— Сендердің шектерің болса, біздің қазақтың да шөді бар.

— Шөді немене? Қане айтың?

— Шөді шеш кімлар диніне (ол «шеш кіме динин» маған бастан-аяқ түгел айтқызып шықты. Құдай бақ беріп жас күнімде жаттап алғандарымның ұмытылмағаны мұндай абырой болар ма!)

Осындай тергеу қойып болған соң сарттар анық сенгендей болса да, онымен қоймай тұс-тұстан анталап, ол жер, бұл жерімді шұқылап, мұсылманшылықтың онан көрі көзге көрінетін «нышанасын» іздей бастады. Сол уақытта қасымдағы менімен бір жетіден бері таныс жолдасым Омархан төре ат үстінде маңқайып тамаша қылып тұрғаннан басқа ешбір жәрдем көрсете алмады, ол бүкіл Ферғанаға атақты

бір ишанның баласы болғандықтан маған жәрдем қылайын десе, бір ауыз сөзі ем еді. Ақырында мынау сарттардың жуық арада мені жібермейтініне көзі жеткен соң, атын борбайға бір салып, «шу» деп жүріп берді.

Сарттар менің мұсылмандық жағымнан ешбір кінә таба алмаған соң: «Сен қазақ бұл жақта қайдан жүрсің?» – деп сұрады. Мен өтірік қоспай, жайымды айттым және Мұсахан қажы ишанның үйінде бірнеше күн мейман болып жатқанымды сөйледім.

«Мұсахан қажы ишанның үйінде жатқаның рас болса, оның баласы сені неге тастап кетеді?» – деді сарттар. Мен олардың бұл сауалына не деп жауап берерімді білмедім. Жолдасым молда Омархан көңіліне ғалым толып, онда жолдас қақылыққа да орын қалмаған екен.

Енді сарттар мені осы жерде ұстады: «Бәрібір. Бұл кім болса, ол болсын, қайдан шықса, одан шықсын, әйтеуір, сарт емес екендігі ақиқат. Онан өзі де танбайды. Мұны өлтіру керек. Енді заман сарттікі. Бізге қазақ та бір, большевик те бір», — деп қолымнан жетектеп, қышлақтың шетіне қарай, көшеменен, «қазақ ұстадық» деп айғайлап, тұс-тұстан адам шақырып, алып жөнелді.

Міне, өлтіруге жиналған адамның саны жетпіс-сексендей болды, бәрінің қолдарында қару бар. Мылтық, айбалта, қанжар, пышақ, келтек, шот, шоқпар. Менде өлмеймін деген ойға орын қалған жоқ. Ақыры өлтіреміз ғой деп, сарттар мені ұрып-соғып әуре де болған жоқ. Екі көшенің айырылатын жерінде үлкен бір ағаштың түбіне отырғызып, сарттар мені өлтірудің жабдығына кірісе бастады.

Екі қолым артыма таңулы, екі көзім байлаулы. Мойнымда қара қайыстан тұзақ. Ажалды күтіп мен отырдым!

Сарттардың ниеті мені екі аяғымнан ағашқа асып қойып, атып өлтірмекші, өзгелерден гөрі маған рақым қылған сарттар, бытырамен атса, жаны қиналар деп, мылтыққа жалғыз оқ салдырды... Құдайдың әжеп құдіретіне, әділдігіне күмән келтіріп болмайды. Дәл осы тайғақ кешу, тар жолда Алла әділдігі алдымнан шықты!..

Енді асамыз деп даярланып отырғанда, бір сарт келіп:

— «Сендер мұны қазақ дейсіңдер. Қазақтың неше түрлісі болады. Бұл өзі қандай қазақ екен, көрелік», — деп, көзімді шешкізді. Ол сарт көзімді шешкен соң, бетіме тура қарап жіберіп: «Ассалаумаликум, Мұстафа әпенді!» — деп жалма-

жан байлаулы қолымды босата бастады. Екі көзі жасқа толып, мойнымдағы тұзақты пышақпен қиып жіберіп, отырған орнымнан тұрғызып, өзге сарттарға менің кім екенімді баян қылып, көп сөз сөйледі. Өздері өлтіруді қойып, мені қоқандыққа Ергеш қарақшының алдына жібермекші болып, қалаға бара жатқан адамдардың біреуінің атына мінгестіріп жөнелтіп салды...

Енді өлгі мені өлімнен құтқарған сартқа келейін. Бұл сарт (атын білмеймін) былтыр мардікер болып, соғыс тарапына барған көп сарттың бірі екен. Ол былтыр жұмыс басында зөбір көріп, Ферғанаға қашып бара жатқанда Петерборда маған кез болып, менен жол қаражаттық пұл алып, қажеті шыққан екен. Және былтыр мен биыл менің Петерборда, Түркістанда қылып жүрген қызметтеріме де сырттан қанық екен.

Құмбастандан шығып, айдалған арыстанға ұқсап, кейін оралып, жоғарыдағы айтылған Елеш қышлағын басып, Гәуханаға жөнелдік. Елеш және Гәухана қышлақтары арасында бір сай бар. Сол сайдың басында олай-бұлай өткен сарттан басқа жанның бәрін ұстап, тергеп тұрған мылтықты үш сарт кез болды. Менің бөтен екендігім және ықтиярсыз қалаға айдалып бара жатқанымды білген соң, олар сөзге келмей мені атып өлтірмекші болды.

Аттан түсірді, жар басына отырғызды, мені бастапқы тұзақтан шығарған сарт Құмбастанда қалған. Енді бұл оқтан кім құтқарар? Әйтеуір, көп қиналмай, жылдамырақ өліп кетсем екен деп, көзімді басып отыра бердім.

Жалат сарт өзінің мергендігіне сеніп, «менің жүрегіме тигізе атсаң, қиналмай, бірден өліп кетемін» дегеніме болмай, көздеді ме, көздемеді ме, тарс еткізіп атып салды. Құдай өзі сақтады. Оқ тимей, зу етіп жанап кетті, сонан соң сарттар: «Бетбақтың бақыты бар екен!» — деп, қайтадан атқа мінгестіріп, жөнелтіп жіберді.

Гәуханаға жеткен жерде өлгі қышлақтардың болысы (Қайнар болысы) Қатымқұл Мұқамбетұлы кез бола кетті. Ол мені бұрыннан таниды екен. Жайымды сұрап білген соң, жанымдағы мені алып келе жатқан сарттарға келіп, өздерінді атып өлтіремін деп ашу қылып, оларды қайырып жіберді. Қатымқұл болыс мені өз үйіне алып барып, қонақ қылған соң, өзімнің айтуым бойынша қасыма жігіт қосып,

Құдаш болысына қарай шығарып салды. Гуназар деген қышлақта Құдаш болысына жолығып, оның да мені пәледен құтқара алмайтындығына көзім жетіп, қайтып айналып Гәуханаға келіп, Қоқанда соғыс бір жайлы болғанша сонда жатып алдым.

Қоқан соғысы тоқтады. Ергеш қарақшысы қашып кетіп, қала большевиктердің қолында қалды деген хабар келді. Сонан соң сарттар ішінен желі шығып, солған қарындай жым болды. Қышлақ сарттарының бейілін білген соң, ерте-рек бұлардың арасынан шығып кетпекке қам қылдым. Бірақ көлік жоқ, ақшаға я салт ат, арба табылмай, жол бастауға жолдас шықпай, жаман қиналдым. Заманасы көшкен сарттар тым болмаса жөн сілтеп, қышлақтардың атын айтпай, жаяу жүріп шаршап келгенде, таңдай жібітуге шай бермей, талай қорлықты көрсетті-ау. Алдында екі күн бұрын сарттан басқаның бәрін қырамыз деп, үрген местей кеуіп жүрген сарттар «қазақсың» деп, өлтірмек болып бір қинап еді. Енді большевиктер жеңген соң хан көтеретін Ергештері қашып кетіп, солған сарттар жөн сілтеп, жол көрсетуге кежірлік қылып тағы ыза қылды.

Екі күн жаяу жүріп, осындай бейнеттер шегіп, «Дағыстан» деген қышлаққа келдім. Сонда тоғыз тоқсан сомға жолдас жалдап, «қазақ-қырғыз қайдасың» деп қарлы таулар асып жөнеп кеттім және сарттарға сол арада «қош» айттым.

Көргендерім көп еді. Өзім осы күні көшпелі салтқа түсіп, ат үсті болғанымнан орнығып отырып, толықтырып жазуға уақытым жоқ, шырақтарым. Жеке жүрген бауырыңның дос тапқан халінен дұшпандық көріп, көңілі қапа болып тұр. Сөйтсе де Құмбастыдан басқа жер көрмеген, сарттан басқа ел көрмеген ғауамдардың маған қылған жаманшылығын бүкіл сарт халқына жабыстырғым келмейді-ау.

«Бірлік туы» арқылы «Алаш азаматтарына» сөлем. Құдай тірлікте күліп-ойнап жолықтырсын. Жатқан жерім белгісіз, жария қылып болмайды.

24 (11) февраль. Тау арасы.

Мұстапа»

Міне, Қоқан министрі Шоқайұлы мырзаның хаты. Қоқанға барып қоқайып министр болып отырғанда жалпы өзбектер мен жалпы қазақ халқының «тілегі бойынша» отырдық деген «ердің» жайы осы.

Шоқайұлының хатында өтірігі көп болуға керек. Шынында Қоқанның қамалындағы большевик пікірлі солдаттарды Шоқайұлдарының солдаттары тұтқынға алмақ болып, түнде барып тиіп қалған. Қоқанда қамап оқ атқан. Сонсоң ғана қамал солдаттары Шоқайұлдарын қуған. Бұл туралы Ташкенде шыққан «Жаңа Түркістан» деген орыс газетінің 13 (30) нөмірінде жазылған.

Бірақ сарттар «иманын» есіне түсіріп, «құдайын танытқанға» Шоқайұлы ырза төрізді.

Шоқайұлы әуелі Ақмешіт қаласынан қашқан. Бұдан бұрын Шоқайұлы Ақмешіт қаласында Абылайхан ұрпағы төре Қасымұлын уездік «әкім» қылмақ болып, неше күн, неше түн әрекет қылып, топта аузынан сілекей аққанша сөйлеген. Ақмешіт уезінің барлық қазақтарын Шоқайұлы қолына алған. Сүйтіп, «жеңіп» тұрғанда, Ақмешіттегі үркердей большевиктер келіп, Қасымұлының иығындағы «мұра шендерін» жұлып тастап, өзін қамап тастаған. Шоқайұлы Ақмешіттен жымып қаша жөнелген. Содан Қоқан өткен. Сырдария облысының Түркістан қаласында болған облыстық қазақ съезінің басында болған. Мұны да айта кету керек болады; бұл съезге Алашорданың бас үкіметінің атынан Бақыткерей Құлманұлы, Міржақып Дулатұлы келген. Съезді шақырған бюроның бастықтары тағы Абылайханның ұрпағы Өзімхан төре Кенесарин мен қоңырат Байұзақ датқаның баласы болған. Съезде төрағасы сол Өзімхан төре болған. Бұл съезден Шоқайұлы Қоқанға келіп, Қоқаннан құр дәрінің дауысынан қашқан. Қашқандағы суретін хатынан жақсы білуге болады. Бұл хатқа қарағанда да Шоқайұлын құр дәрілеп атқан мылтық дауысымен біраз қорқытып мазақ қылып жіберген төрізді. Сарттар мазақ қылып апарып, жар басына отырғызып қойғанда, Шоқайұлы мырза шоқайып отырып, Құдайға жалбарына білгеннің арқасында аман қалған...»

Түнде тау ішінде

Және бір кішкене сурет келтірейік. Тағы сол Қоқан министрлерінен. Өлгі құр дәрінің даусынан Шоқайұлы қашқанда, Қоқан автономиясының өзге «министрлері» де бет-бетімен жан сауға қылған. Министрлер советінің төрағасы Мұқаметжан Тынышпайұлы мен министрлер советінің

жауапты хатшысы Қоңырқожа Қоджықұлы бірге қашқан. Тауға сіңіп кеткен екеуінің астында екі ат. Күндіз-түні тау ішінде. Кез болған қырғыз ауылдарына баруға қорқады. Ит қуып сандалған киік төрізді...

Түн. Жаңбыр құйып тұр. Көзге түртсе көрмейтін қап-қара түн. Қалың құзды тау іші. Екі министр әр тасқа бір соқтығады, әр шұқырға бір жығылады. Аттары да сенделді. Көйлекке шейін сорғалап су өтті. Су болмаған түк қалмады. Екі министр әбден сүмірейіп көк иық болды. Екеуі де аштықтан әбден бұралды. Аттары да аш. Ілбіп сенделіп, жартасқа келіп тіреліп, ат сорлылар бастарын жерге салады. Аузына ілінген бұтаны жұлып алып, ауыздықтарымен қоса күрт-күрт шайнайды. Екі министр ақырын «шүшүлеп» тебініп, тағы да бір жерге кептеліп кеп тұрады. Жаңбыр суы сылп-сылп етеді. Етекпен, тоқымнан сорғалап, ат бауырынан ағады. Көк пен жер түп-тұтас қараңғы. Таудың іші аққан сел. Таудың арасында, анда-санда қырғыз ауылдарының оттары жарқ-жүрк, жылт-жылт етеді. Саңқылдап үрген иттің даусынан тау аралары жаңғырығады. Тау ішінде зарлап ұлыған аш қасқырлар үні естіледі. Жылтылдаған отқа баруға министрлер қорқады. Қараңғы тауда бейшара қасқырлар сынсып ұлиды. Министрлер ақырын келе жатып күңкілдеседі. Жаны құрғыр төтті. Министрлер қараңғы түкпір іздейді. Міне, бір қараңғы түкпірге қашқан уәзір мен хатшы келіп кептелді. Екеуі ақырын күңкілдесіп сөйлесіп аттарынан түсті. Аттарын ұстап, тастың ығына бүрісіп отырды. Жаңбыр суы сылп-сылп етеді. Етекпен сорғалап жерге ағады. Екеуі де өзді-өзі аттарының алқымында, тастың ығында бүрісіп-бүрісіп отыр. Бір мезгілде Қоңырқожа ақырын:

— Мұқаметжан! — деді.

Қоңырқожа ақырын, өлімсіреген үнмен:

— Ә,ә, — деді.

Қоңырқожа да ақырын:

— Енді министр боласың ба?.. — деді.

Мұқаметжан кейіп:

— Не дейді?.. Осының-ақ ойыны қалмайды екен!.. — деді.

Міне, кішкене сурет осындай. Бұл әңгімені маған Қоңырқожаның өзі айтып еді...

«Хан» болғылары келеді

Большевиктердің мылтығына біреуді қарсы қоймаса, мұндай болатынын әуелде-ақ «Алашорда» бастықтары сезген. Сол себепті қазақтан «милиция» жасамақ болған.

Милицияны «Алашорданың» бастықтары Қазақстанның екі жерінде жасай бастады. Бірі Семейде, бірі Оралда. «Алашорда үкіметі Семейге көшті десек те, үкімет мүшелері: Жанша Досмұқамбетұлы, Қалел Досмұқамбетұлы Семейге бармай, өз губерниялары Оралда қалған. Бұлар әлгі Орынборда болған 2-жалпы қазақ-қырғыз съезінде қазақ автономиясын кешіктірмей «бүгіннен бастап жариялаймыз» деп бөлініп шыққандардың бастықтары.

Бөкейханұлы, Дулатұлы, Байтұрсынұлы, Гаппасұлы, Ермекұлы, Тұрлыбайұлы, бұлар — қазақ автономиясын «біраз милиция жасап алған соң жариялайық» дегендердің бастықтары. Досмұқамбетұлдарының даусы ол съезде аз боп шықса да, Бөкейханұлдарына көңіксіремей шығатын.

Міне, бұлар «Алашорда» үкіметі Семейге қашқанда, өздерінің Оралында қалып, өз беттерімен «Алашорданың» әрекетін жүргізе берген. Милиция жасауға кіріскен. Бұлар Бөкейханұлдарынан гөрі екпіндірек болған, Бөкейханұлдары ептеп амалдап, «Ой баурым-ай! Алашым-ай» деген көлгірлікті жүндей сабап, Досмұқамбетұлдары тура амалдамай-ақ, ептемей-ақ, өздерінің «хандығына» жетуге кіріскен.

Колчактың заманында осы бетімен барып Досмұқамбетұлдары Семейдегі Бөкейханұлы «Алашордасынан» бөлек, Орал, Ақтөбе губернияларын иеленіп, өздері үкімет құрып, үкіметіне «Құнбатыс алашорда» деген ат қойған. Бұл жерде кішкене, өңгіменің ілгерідегісін айтып жібердім...

Сөйтіп қоқиып отырған Қоқан үкіметін құр дәрілеп атқан мылтық даусымен қуып жіберген соң, «Алашорда» ұлықтары Орал, Семейде милиция жасай бастады. Семейдегі «Алашорда» біраз жігіттерді жиып алып, әскер ойынына үйрете бастады.

Семейдің большевиктері біраз шыдаса да, бір күні он шақты большевик солдат «Алаштың» әскер ойынын үйреніп жатқан «милицияның» қасына келеді. Тұра қалып, милицияның басынан асыра мылтық атады. Милиция бет-бетімен қаша жөнеледі. Милицияның бастығы Қазидеген деген жігіт айқайлап, жігіттерге: «Тоқта! Қашпа» — деп тұрады.

Сол кезде Қази оққа ұшады. Бұдан кейін Семейдегі «Алашорда» милиция жасай алмады. Милиция бастығының оққа ұшқандығын «Алашорда» өзінің «Сарыарқа» газетінде «Тұңғыш құрбанымыз» — деп, жария қылды. «Алаш» ділмарлары өздерінің кімді ату үшін оқ даярлап жатқанын былай тастап, өкірген сиырдай шулады.

Газеттен:

«ТҰҢҒЫШ ҚҰРБАН

Соңғы жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша Семейде атты-жаяу милиция құрылған еді. Мұны соңғы кезде большевиктер ұнатпай «Ойынды тоқтат, мылтықты бер», — деп, мінез көрсетіп жүрді. Оған біздің милиционерлер, қорғаушылар өз жүректерінде ұлт сақтаудан өзге ешкімге қастық қылатын ниеті болмаған соң, қарсы да келмейді. Ойынын да тоқтатпайды. 6 мартта таңертең 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың жанына 10–15 солдат келіп, еш себепсіз мылтықты басып қалады. Ешкімге оқ тимейді. Мылтық дауысы шыққан соң, бірлі-жарымды жігіт қашуға айналғанда, милиция бастығы учительский семинария шөкірті Қази Нұрмұхамбетұлы жігіттерге айғайлап:

– Қайда барасындар? Жазықсыз өлсек өлейік, бөрімізді қырмас! — деп тоқтау айтып, өзі орнында тұрады. Сол арада мылтық үсті-үстіне атылып, Қазидың өзіне де, атына да оқ тиді. Оқ жүректен тиген. Есіл жас сол арада жан тапсырды.

Марқұмның жолдастары ботадай боздап, басын құшақтап, шуласты. Көрген, естіген жан қайғырды... Ертеңінде халық көп жиналып, жаназа шығарылды.

Алаш жолында құрбан болған жас балғынды ұмытпасқа белгі болып қалсын деп, екі рет суретке басылды. Бірі қанды киімімен жатқан халінде, екіншісі – халық жаназа оқып, сапта тұрғанда табыттағы жатқаны.

Қабірге қойып, құран оқылып болғаннан кейін Шәкәрім ақсақал халыққа қарап сөз сөйледі.

«Өлеумет! Мынау жатқан кім, білесіндер ме? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер, бұл өлген жоқ. «Бұл күні және мұнан соңғы «ұлтым» деген азаматтар мына мен

сияқты болып, «ұлтым» дендер деп, өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты да Қазиді. Қазиді «би» деген сөз, Қазиді билігін айтып кетті.

Қарағым, Қазиді, өлімнен өкінбе! Арманың жоқ: құдайді алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек. Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарыңды ұмыта көрмендер. Мұның үй ішінің міндеті сендердің мойындарыңда. Бір кішкентай көзіңді қарашығы (1 жасар ұл баласы) қалыпты. Соны тәрбиелеп, адам қылу бөріңнің, барлық Алаштың мойнына парыз. Және өздерің де бұл оқиғаға қажымандар, құдайді тағала Алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзім жетті: 60 жасқа келгенде мұндай ұлты үшін жанын қиып құрбан болатын азаматты көрермін деген үмітім жоқ еді — көрдім. Енді бүгін өлсем де арманым жоқ.

Қарағым, Қазидіжан, қадірінді біліп, құрметтей алмасак, кешу қыл. Қош, қабірің нұрлы болсын! – деді.

Жиылған өлеумет жылап, еңіреп жіберді. Сонан кейін Міржақып тұрып мынаны айтты:

Мынау кім жатқан, өлеумет,
Жас қабірді жамылып,
Мұнша ардақты кім еді,
Тұрсындар бөрің жабығып?!
Жалғыз ма еді біреудің
Тілеп алған зарығып?
Байы ма еді бұл елдің
Құрметтейтін жабылып?
Би мен бектің бірі ме еді
Жылардай жұрты сағынып?
Ханзада яки сейіт
Қарашы шулар қамығып?!
Жоқ, өлеумет!
Бұл жатқан:
Жалғыз да емес,
Бай да емес,
Би де емес,
Бек те емес,
Сейіт те емес,
Хан да емес,
Бусанып жатқан жас қабір.
Иесін мұның айтайын:
Мақсұты ұлттық жолына,
Туын ұстап қолына,

Жас өмірін пида еткен,
Жар-жолдасын күйзелткен,
Алаштың адал баласы,
Армансыз өткен данасы!
Жүректен жалғыз оқ тиген,
Жаза баспай, дөп тиген,
Алаштың бұл құрбаны —
Аяулы жолдас Қазі жас!
Қош, бауырым, жолдасым!
Армансыз сенің өз басың,
Қабыл болып құрбаны,
Алашты Құдай оңдасын!..

Жиылған халық қамығып, көңілі босап, көзіне жас алды, бұлардан кейін Райымжан, Жанғаш қажы, Мұстақым сөз сөйледі. Ақырында Қазидың бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек еңіреп тұрып: «Жан бауырым, жолдасым! Қош бол! Жасаған алдынды өзіңе, артыңды бізге қайырлы қылсын! Талаптандың, талпындың, оқып қатарға кірдің. Бір күнде мынадай мезгілсіз қазаға душар болдық, өкінбе, ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің. Кеуденде бірақ арманың кетті. Ешкімге оқ атып, қылыш суыра алмай, жазықсыз оққа ұштың: тым болмаса ұлтыңның бақытының шетін көре алмай кеттің. Қош, бауырым, жолдасым, қош!» — деп көзінің жасын тыя алмай сөзін өзер тоқтатты.

Сөйтіп, 7 мартта бейсенбі күні Алаштың тұңғыш құрбанын баянды сапарына жөнелтіп, жұрты тарқасты.

Сол күні біздің басшы азаматтар Қазидың жолсыз өлгені туралы большевик бастықтарымен сөйлесті. Олар: «Біз мұндай жұмысты істе деп ешкімге бұйырғанымыз жоқ. Өз бетімен істеп жүрген бұзақылардың жұмысы», — деп оқ атқан солдаттарды айыптады. Сонан кейін атушы солдаттар веннореволюциялық сотқа берілді.

«Қазі марқұм жасы 22-де, Семей уезі, Еңірекей болысында сыбан деген рудан еді. Жасынан кедейшілікпен алысып, талайымен оқып келіп еді. Семейден екі класты школды бітіргеннен кейін, бірер жыл бала оқытып, пұл жинап алып, 1915 жылы семинарияға түсті. Ендігі жылы бітіремін деп жүргенде, ұлт тілегін зор көріп, бірге оқып жүрген жолдастарымен милицияға жазылды. Қыс ортасынан бері атты милицияны басқарып тұрушы еді. Марқұм ақ көңіл, талапкер, жігерлі жас еді. Ұлтшылдығын көрсетті,

ұлтының жолында жанын құрбан қылды. Жасаған ие есесін толтырып, кейінгі жастардан орынбасар шығарсын.

Басшы азаматтарымыз және облыстық қазақ комитеттері кеңесіп, марқұмның басына тас қоюға және жақсылап белгі, бейіт салуға қаулы қылды. Қазидың оқуға жасы жеткен бір інісі бар еді. Соны оқытуға стипендия ашты. Кәрі ата-анасына, қатын-баласына жеті мың сом ақша бермек болды.

Жастар ұйымы марқұмның жетісі толған күні жұртты шақырып, құран оқытты, дұға қылдырды.

Алаш аман болса, бұл тұнғыш құрбан ұмытылмас, тарихта аты қалады. Бірақ біздің бұдан үлкен алып жүрегімізді соның жүрегіндей қылуымыз керек.

Рухың шат болсын, шейіт болған Алаштың шын баласы! Біз де сенің ізіңде. Қош, жолдасым!

(Бейімбет)

«Алаштың алғашқы құрбаны»

Тірі жанға қылымсыз
Қисыны жоқ оққа ұштың.
Қара өмірден тұрымсыз
Періште болып көкке ұштың.

Қандай жанға қастық қып,
Кіммен баққа таластың!
Жат жігерің жастық қып,
Қаһарманы Алаштың!

Ойлатып қал шағыңды,
Таңба салдың жүрекке.
Бірақ сенің бағыңды
Таппас ешкім тілеп те.

Өрі тұнғыш, өрі атак
Күнәсы жоқ мейман дос!
Қонағыңды күтіп ап,
Ұлттың ұлы, қош бол, қош!..

(Сәбит)

Міне, сөйтіп, «Алаш» ділмарлары өкірген сиырдай азан-қазан болды. Өздері кімді ату үшін әскер жасап жатқаны естерінде болмаған тәрізденеді. Бұдан кейін Семейде «Алашорда» әскері жасалуы тоқталып қалды.

Және Орал облысында «Алашорда» әскері жасалды деп айтқан едім. Оны біраз баяндап өтейін.

«Алашорда» милициясы Семей мен Оралда жасалды. Және Торғайда жасалды. Торғай мен Семейдегі әскер «Алашорда» үкіметіне бағынды. Жанша Досмұқамбетұлы мен Қалел Досмұқамбетұлы Орынбордан Семейге кеткен Бөкейханұлы, Дулатұлы, Байтұрсынұлдарына ермей қалды дедім ғой. Міне, бұлар сол бетімен өздерінің Орал облыстарында, Жымпиты қаласында, өз алдарына «Алашорда» үкіметін ашты. Үкіметтерін қыстыгүні, 1918 жылдың басында жасады. Айтып өтейін, ол былай болған: 1917 жылы желтоқсан айында Орынборда Бөкейханұлы, Дулатұлы, Байтұрсынұлдары жасаған жалпы «екіншісі қазақ-қырғыз съезінде» қазақ автономиясын қазір жариялау дұрыс па, жоқ, біраз байқап, милиция жасап алып жариялау дұрыс па деген мәселеде съезд екі жаққа бөлінген. Көпшілік жағы — Дулатұлы, Бөкейханұлы, Байтұрсынұлы бас болып, «автономияны милиция жасап алып, біраз байқап барып жариялайық!» — деген. Азшылық жағы — Жанша Досмұқамбетұлы, Қалел Досмұқамбетұлы бас болып «автономияны қазір жариялайық» деген. Досмұқамбетұлдарының «қазір жариялайық» дегендерін қостаушылардың бәрі-ақ сол Орал, Бөкей, Ақтөбе жақтарының адамдары болған. Орынбордан, манағы айтқандай, «Алашорда» үкіметі қашып Семей кеткен соң, Орынборды большевиктер алып, Орынборға жанасқан қазақ ісін Жангелдин басқара бастаған соң, Досмұқамбетұлдары Орал облысына келіп, «Алашорда» жасауға әрекет қылған. Орал облысының съезін шақырған. Съезд Қаратөбеде болған. Қысқаша съездің қалай болғанын айтып өтейін.

Қаратөбе съезі

1918 жылдың бас кезі. Қыстың күні. Съезге Қаратөбеге Орал облысының бар оқыған қазақтары жиылды. Бастықтары — екі Досмұқамбетұлы. Съезге жиналғандардың ішінде, соңынан коммунист болған осы күнгі өзіміздің Кенжеұлы, Қасаболатұлы, Мырзағалиұлы, Қаратілеуұлы, Жолдыбайұлы, Қангерейұлы, Ипмағамбетұлы, Өлібекұлдары бар. Бұлар онда большевик емес...

Съезд ашылды. Съездің басқармасына (президиумына) Досмұқамбетұлдары сайланды.

Қаралатын мәселелердің зоры: әскер жасау, үкімет құру, үкіметке қаражат ақша жинау. Әскер жасауға, үкімет құруға қарсы сөз болған жоқ. Ақша жинау мәселесіне келгенде съезд екі жікке бөлініп, айтысты да қалды. Бір жағы көп, бір жағы аздау. Көпшілік жағы Досмұқамбетұлдары жағы. Бұлар: ақшаны жинағанда «үй басына, от жаққан түндік басына жүз (100) сомнан салайық» деді. Азшылық жағы Ғұбайдолла Өлібекұлы, Ипмағамбетұлы, Қангерейұлы жағы. Және бұлардың соңында Жолдыбайұлы, Қасаболатұлы, Кенжеұлы, Қаратілеуұлы, Мырзағалиұлдары бар. Бұлар «байға байша, кедейге кедейше салайық» деді.

Бұлардың бүй дегеніне Сырым батыр ұрпағы — әлгі белгілі Салық бай қарсы болды. Салық қарсы болған соң, Досмұқамбетұлдары да қарсы. Сөз қызды. Талас күшейді. Екі жақ бір-біріне көнбей екпіндеп, белсеніп айтысты. Екі жақ та өз ұйғаруларын дәлелдеп, съезге кезек-кезек баяндады. Съезд толқыды. «Дәлелдер» күшті. Досмұқамбетұлдарының ол кезде, ол съезде беделдері артық. Съезд олардың дегендерін теріс деп білмейді. Бірақ мына Ғұбайдолла Өлібекұлы, Ипмағамбетұлдары жағының дәлелдері көкейге қонарлық. Адамшылық ұяты бар кісіні ұйытарлық. Екі жағының да сөздері қызу. Съезд толқып, әбден қызды. Съезд мешітте. Мешіт лық толған. Үй іші әбден булықты. Есік берік. Съезге кіре алмаған жай бұқара халық анталап мешітті айналып алған. Ашық терезелерден бастарын сұғып, талас сөздерді тындайды. «Байға байша, кедейге кедейше салу керек. Жарлыға тіпті салмау керек...» деген сөздер терезелерден сығалап тұрған кедей бұқаралардың қышыған жерлерінен шыққандай. Кейбіреулері қоштап, терезеден айқайлайды. Ақырында, Ғұбайдоллалар түндік басы салық бірдейлігіне ырза еместігін дәлелдеп, қағазға жазып әкеліп, басқармаға тапсырды. Бірақ оған Досмұқамбетұлдары болмады. Бұлардың бұл жазып әкеліп отырғандары «большевикке» қосыламыз дегендері деп сөйледі съезге. Олардың дәлелдері де қисынсыз емес. Олар былай дейді:

«Жамағат! Бұл жиылысты үлкен үмітпен, зор ниетпен жасап отырмыз... Россия аласапыран заманға кез болды. Үлкен толқынға ұшырады. Россияға үлкен пәле жабысты, жікке бөлініп, өзді-өзі соғысып, бірінің қанын бірі судай төгіп жатыр. Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы дегендей

кер заманға кез болдық. Кезінде, уақтысында іс қылмасақ, Россияның пәлесі бізді де қосақ арасында іліп өкетуі. Сүттен ақ ел болайық, жұрт болайық деп бұл съезді жасап отырмыз. Съезге келіп отырған «Алаштың» инабатты адамдары — сіздер. Ұлттың шамшырағы төрізді қазіреттер араларыңызда, ел ағасы ақсақалдар араларыңызда, жігіт ағасы азаматтар араларыңызда. Бөрініз де «Алаштың» алдыңғы қатардағы адамдарысыздар. Бауырлар! Мұндай уақытта талас-тартыс дегенді қоялық. Алалық-құлалықты жоялық. Түнеугі күні Орынборда «жалпы қазақ» съезінде ел үшін, жұрт үшін «Алашорда» үкіметіне бізді сайлады. «Алаш» партиясын жасады. «Алаш» баласын ала-құлаға бөлмейміз деп ант қылдық. Кімде-кім ұлтын сүйсе, ала-құлаға бөлмейді. «Алаш баласымын» деген азамат мұны есінен тастамауы керек.

Міне, біз «Алаш» баласын алаламаймыз. «Алаштың» баласын тегіс бірдей сүйеміз. «Алаш» баласы неге болса да бірдей ортақ. Нені болса да бірдей көреді. Алашқа келген қандай жүк болса да, бай демей, кедей демей, бөрі бірдей көтереді...

Міне, сондықтан бай демей, кедей демей, жалпы елге, түндікке жүз сомнан салу керек. Алашты сүйген адам «Алаш» баласына алалыққа бармайды», — дейді.

Міне, бұл алаштың байын да, кедейін де бөлмей, бірдей сүйетін көсемдердің топқа ұсынған жобалары. «Алалық-құлалық жоқ», түндікке жүз сомнан!.. Қазақ баласын тегіс бірдей көреді!.. «Бөлмейді!», «Жармайды!», «Қазақ баласын бірдей сүйеді!» Қазақ баласының мұң-мұқтаж кемшілігін бірдей жоқтайды! Бай да, кедей де олардың бауыры. Бауырларына алаламай салықты бірдей қылып, жүз сомнан салады.

Міне, бұл қисынды дәлел емес пе?! Сөйтіп, екі жақ таласып, мәселені съездің көпшілігінің шешуіне дауысқа қойды. Съезд қақ жарылып дауыс қылды. Досмұқамбетұлдары састы. Тез, басқармада отырған өзді-өздері сыбырласып жіберіп, бұл мәселені кейін дауысқа қоюға, съезд мәжілісін түстен кейін ашуға тоқтатып тыныс қылды. Түстен кейін съезд мәжілісі қайта басталды. Басқарушылар съезді ашып, отырғандарға қарап:

— Жамағат! Мына Жанша Петербордағы мұсылмандар советінің қазақ атынан кірген мүшесі, съездегі кейбір ақса-

қалдардың өтінуі бойынша, сол мұсылман советінің істеп жатқан істері туралы қазір қысқаша баяндама қылады. Бұл мәселе, мына съезд қарайтын мәселелердің ішінде жоқ еді. Сөйтсе де, біраз адамдардың өтінуі бойынша, қазір айтылмақ болып тұр, — деді. Отырған жұрт:

— «Дұрыс! Дұрыс!.. — деп шулады.

Жанша шығып сөйледі:

— ...Мұсылман советінде, ислам діні, дін мұсылман, барлық мұсылман бауырларымыз! Қорлық көрген, зорлық көрген дін мұсылман не көрмеді, дінді қорлай бастаған еді, құранды аяқ асты қылатын еді... — деп Жанша ағызды.

«Алашорда» көсемдерінің ішінде жұртты сөзбен ерітіп әкететін айрықша екі кісі бар. Бірі — Міржақып Дулатұлы; Бірі — Жанша Досмұқамбетұлы. Міржақып — жазу сөздің шебері. Жанша — ауызша сөздің шебері. Міржақыптың сөз әдістері жатық, майда шығады. Жаншанікі ірі, оғаштау шығады.

Сүйтіп, Жанша қызып, екпіндеп сөйледі. Толқып отырған съезд жым болды. Теп-тегіс қимылдамай қатып қалды. Бәрі бір кісідей көздерін Жаншаға қадады. Ұшқын атқан көздерін Жанша да айнала, әр көзге бір қадап, съезді билеп алды. Қайрат беретін жерде буындары сықырлап, жұдырықтары түйілді. Нандыратын жерде — сілкініп, қолдары созылып жайылды. Ұғындыратын, түсіндіретін жерде — қолдарын қанатша жұмсақ қағып, бір қолын бір қолына қаттады. Керекті жерінде қолын айбалташа жарқылдатып, орап сілтеді. Телміріп қадалып отырған жұртқа ұшқын атқан көзімен жағалай қарап, «әпсін» оқығандай, айтып тұрған сөзін, ойын, жүректегі сезімін жағалай құйды. Беті неше түрлі құбылды, даусы неше түрлі өзгерді. Айтып тұрған сөздерінің керекті жеріне қарай барлық денесі сөйледі.

Съезд әбден Жаншамен бірге еріп кетті. Тегіс рухтанды. Жұрт Жаншаның соңынан отқа да, суға да түсуге өзір болды.

«Жаншадай ұл жоқ, Жаншадай ер жоқ. Алаштың туын көтерген Жанша, ислам дінін қорғайтын Жанша, Алаш үшін бір жанын бөйгеге тіккен Жанша. Тар жол, тайғақ кешуде Алаш баласын аман алып өтетін Жанша...» Аз ғана уақытта съезді Жанша осындай иманға келтірді. Сөзінің ақырында Жанша:

— Петербордағы мұсылман советінде отырдық... Орыстың өзді-өзіне алалық кірді... Большевиктер қаланы кезіп, сыпыра оқтың астына алды. Мұсылман советіне де оқ жаудырды. Қала бықпырт тигендей аласапыран болды. Жұртқа жан қайғы болды. Мұсылман советі дін мұсылман үшін өлсек арманымыз жоқ деп отырдық. Дін мұсылманның қасиетті шамшырағы Осман қалипаның өз қолымен жазған исламның ең әуелгі құраны орыстың қолында, Петербордағы музейде сақтаулы болатын. Сол аласапыран уақытта басқа сап ете түскен ой – барып, сол құранды алып шығу еді. Советтегі өзге мұсылман ағзаларына айттым. Қорқып, ешқайсысы батпады. Сонан соң бұдан аяған жан не болады деп, өзім төуекел қылып жөнелдім. Көшеде жан-жақтан зуылдаған оқтың арасымен ұшып музейге келдім. Музейде астан-кестен екен. Айт-үйтке қарамай барып, неше бөгеттерден өтіп барып, Османның жүрегінің қанымен жазған қара құранын құшақтап алып шықтым...

Сөйтіп, самсаған жаудың арасынан, жаңбырдай жауған оқтың ішінен осы қолыммен исламның қасиетті құранын мұсылман советіне әкеліп бердім... — деді.

Еріп, балқып жылаған жұрттың кейбіреулері еңкілдеп қоя берді. Кейбіреулері:

– ...Әй, қарағым, Жанша-ай, қадірінді білмейміз-ау!.. Саған да кейбіреулер сөйлейді-ау!.. — деді.

Қуанай қазіреттердің, Салықтардың жылағаны былай тұрсын, әуелі Балтанұлы, Жөленұлдары төрізді «студенттер» жылады.

Жанша отырды. Манағы: «Ақша салығын байға байша, кедейге кедейше салу керек...» деген Ғұбайдолла Өлібекұлы, Жолдыбайұлы, Қасаболатұлы, Кенжеұлы, Қаратілеуұлдарында үн жоқ. Бұлар басқармаға таяу отырған. Жайды көріп отыр. Жанша сөзді бітіріп отырған соң, ақша-салық өңгімесін басқарма қайта қозғады. Енді сөз қылмай, съезд төрағасы Жаншаның өзі болып:

— Қане, жамағат! Банағы ақша мәселесін бітірелік. Бұл туралы көп сөйленіп болды ғой, енді мен қазір мәселені дауысқа саламын. Манағы Ғұбайдолланың айтқанындай, «ақша жұрттың бөріне бірдей салынсын» дегендеріңіз қол көтеріңіздер, — деді. Ешкім қол көтерген жоқ. Тек жоғарғы айтылған он шақты адам ғана қол көтерді.

Жанша:

— Жарайды енді, манағы біздің айтқанымыздай, бай демей, кедей демей, түндік басына бірдей қылып жүз сомнан салынсын дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріңіздер! — деді.

Съезд тегіс қол көтерді... Ғұбайдоллалар бүктелді. Ғұбайдолла мен Қасаболатұлы тұрып, съезге және басқармаға қарап:

— Біз мұны дұрыс деп білмейміз. Біз бұл қарарға бағынбаймыз, — деді.

Съезд ду көтерілді:

— Жап ауыздарыңды, Алаштың шырқын бұзатын бұзықтар!.. — деді, ең алдыңғы қатарда отырған, өлгі Жаншаның сөзіне жылаған екі студент — Балтанұлы мен Жәленұлы екеуі еліріп, ұшып түрегелді. Балтанұлы қонышынан бір қанжарды суырып алып:

— Өлтіру керек бұл бұзықтарды! — деп тұра ұмтылды.

Съезд опыр-топыр болды.

— Көне, өлтірі!.. Қалай өлтіресіңдер?.. Байқап көріңдер! — деп Ғұбайдолла Өлібекұлы, Қасаболатұлдары да қалталарына құнжындап қолдарын салды.

— Уай, шырағым, қарақтарым! Қойыңдар! — деп Жанша араға түсті.

Съезд у-шу болды. Кейбіреулер қаша жөнелді. Кейбіреулері аңырайып тұрып қалды. Қалел де бұғып шыға жөнелді. Қаратілеуұлы пешке сүйеніп тұрған бойымен аңырайып, қалшиып қарап тұрып қалды. Кенжеұлы отырған бойымен қисайып, бақырайып қатып қалды.

Бүктелгендердің кейбіреулері Жаншаға:

— Тоқтат аналарды! — деді.

Жанша үстелге секіріп шығып, қолын жайып, басым дауыспен:

— Уа, жамағат, тоқта!.. Бұларың қалай? Сабыр қыл! Тоқта!.. — деді.

Жұрт басылды, тоқтады. Кейбіреулер жұртты ұялтып сөз сөйледі. Жұрт басылды. Сонан соң Қуанай қазірет шығып сөйледі.

— Өй, Құдай-ай! Бұл не деген сұмдық?.. Қарақтарым-ай, бұл не қылғандарың? Бір туысқан елдің баласы, дін мұсылман бір-біріне ұмтылды деген масқара емес пе?.. Мына мешіттің ішінде бұларың қалай?.. Қой, шырақтарым. Тастандар араздықты! Бүйтіп бүлінбендер, бұларың масқара ғой! Туысқан емессіңдер ме, бауыр емессіңдер ме?.. Қой,

тастандар араздықты!.. Көне татуласындар! Ғұбайдолла, Нұрғали, Аспандияр! Қарағым, Есенғали, Молдағали, Сәлімгерей!.. Көне құшақтасындар! Ана Жаншамен, ана Қалелмен, көне, құшақтасындар!..— деді.

Жаңа жауласып отырған екі жақ айқасып, арсалақтап құшақтасты...

Бұдан кейін «Алашорда» құрыла бастады. Милиция, әскер жасала бастады. Түндік басына жүз сомнан ақша жинала бастады. Ақшаны бермеген жерлерге «Алашорда» азаматтары қамшы ойната бастады.

Қаратөбе съезінен кейін Орал аймағында

Қаратөбе съезінде құшақтасса да, Ғұбайдоллалар «Алашорда» бастықтарымен отаса алмады. Бұлар — Ғұбайдолла Әлібекұлы, Әлиасқар Әлібекұлы, Кенжеұлы, Қасаболатұлы, Жолдыбайұлы, Қаратілеуұлы, Мырзағалиұлдары жиылып, бөлек партия ашты.

Партияларының атын «Ақжол» қойды. Партия қара бұқараны қолдамақ болды. Партияның қысқаша негізін, жоспарын белгіледі. Негіз жобасы бұқарашыл болу (демократия).

Бұлар өзара сөйлесіп, Ипмағамбетұлы, Кенжеұлы, Қаратілеуұлын Темір уезіне жіберді. Қасаболатұлы, Мырзағалиұлы, Әлиасқар Әлібекұлын Орал (Теке) қаласына жіберді. Өзгесі Жымпиты маңайында «Алашорда» төңірегінде қалды.

Ипмағамбетұлы, Қаратілеуұлы, Кенжеұлы Темірге барып, біраздан соң орыстармен бірігіп, Совдеп ашып, Жымпитыдағы «Алашордаға» бағынбай әрекет қылып жатты.

Қасаболатұлы, Мырзағалиұлы, Әлиасқар Әлібекұлы Орал қаласына келді. Ол кезде, 1918 жыл, жазғы салым, Орал қаласында үкімет казак-орыстың (атты казак, власть войскового казачьего правительства) қолында. Бірақ казак-орыс үкіметімен жарыса большевиктер Совдеп жасамаққа әрекет қылып жатқан еді. Большевиктерге бірен-саран қазақтар да қосылып, Совдеп жасау ісіне қатысып жатқан еді. Бұл қазақтардың белгілілері ақсақал Бақытжан Қаратайұлы мен Әбдірахман Әйтейұлы, екінші, Ипмағамбетұлы, Қангерейұлы еді.

Қасаболатұлы, Мырзағалиұлы, Әлібекұлдары Оралға барып, сол Қаратайұлдарына жолығып жатқан. Мылтық

сатып алмақ болған. Бір-екі винтовка сатып алып келіп отырғандарында, пәтерлерінде бұларды казак-орыстар (арестовать етіп) тұтқынға алған. Сол беттерінде казак-орыс Совдеп құрмақ болып жатқан съезді бұзып, қуған. Съезд мүшелерінің қолға түскенін қамап тастаған.

Қолға түскен съезд бастықтарынан, Колостов деген жолдасты бас қылып, бірнеше адамды атып тастаған. Қолға түспегендері қашып кеткен. Қаратайұлы қолға түсіп, казак-орыстардың түрмесіне жабылған. Ипмағамбетұлы қашып жүргенінде атылып қалған. Бұлар Оралды 1919 жылы қызылдар келіп алғанша жарыққа шыға алмаған.

Казак-орыстар тұтқынға алған Қасаболатұлы, Әлібекұлы, Мырзағалиұлдарын ертеңінде жауап алып босатты. Сонан соң бұлар Жымпитыға қайтты.

Жымпитыда Досмұқамбетұлдары «Алашорда» үкіметін жасап, дүрілдетіп іске кірісті. Үкіметтерін «Күнбатыс Алашорда» атады. «Күнбатыс» дегені — барлық Қазақстанның күнбатыс жақ жарымының үкіметі дегені. Милиция лезде-ақ әскер болды. «Алашордаға» бағынбай жатқан Темір советін барып қуып жіберді. Ондағы Қаратілеуұлы мен Кенжеұлы қашып Торғай барып, Торғай «Алашордасына» қосылып, әкім болып кетті.

Сонан кейін «Күнбатыс Алашорда» дәуірлей берді. Сібірде Совет үкіметі құлап, әкімшілікті Колчак алып, жан-жаққа өмірін жүргізе бастағаннан кейін, «Алашорда» да тіпті күшейіп, қоқырақтап алды. Әскерді көбейтті («Армия Алашорда»). Біраздан соң Ойыл қаласында офицерлік «Первая казахская кавалерийская юнкер школа» ашты. Оған «құдайынан екі елі оқа тілеген» қазақтың оқыған жігіттерін жинап алды.

Күллі Сібірді Колчак алғаннан кейінгі шыққан «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы, 12 қазандағы 57-ші нөмірінде Орал облысы, Жымпиты қаласындағы «Күнбатыс Алашорданың» жасаған әскері туралы бүй дейді:

«Орал облысы «Алашорда» жарлығы бойынша Орал облысынан екі мыңнан артық казак әскері жиылды. Бұларға Самар комитетінен екі мың мылтық, 38 пулемет, екі зеңбірек, екі автомобиль алып берілді», — дейді.

Және сол нөмірінде «Күнбатыс Алашорданың» Ойыл қаласындағы офицерлік школасынан оқып шыққан казак офицерлері туралы мынандай хабар жазды:

«Тұңғыш қазақ офицерлері

Орал облысындағы ашылған қазақ инструкторлары даярланатын школадан бірінші октябрьде қазақ инструкторлары оқу бітіріп, қазақ жігіттерін үйретуге шықты, — дейді.

Бұл школ бітіріп шыққан «Алашорданың» тұңғыш қазақ офицерлерінің тұңғыш ауыздануы, «тырнақалдысы» қазақтан басталды. Бұл «Алашорданың» тұңғыш батырлары қолдарын ең алдымен қазақ кедейлерінің қанымен бояды. «Тұңғыш ханның» «тұңғыш батырлары» қолдарын ең алдымен, әуелі, былай қандады:

Сібірде Совет үкіметі құлап, Сібірді Колчак билеп, маңайына қара қанатын жайып, қылыштың күшімен өмірін жүргізе бастаған кезде, «Күнбатыс Алашорда» да қоқырақтап, елге қылыш, қамшы жұмсай бастаған. Мұны көріп, Жымпитыда «Алашорданың» маңында жүрген ханның саясатына қарсы кейбір жігіттер астыртын ақыл айтып, жол айтып, жел берген. Қыздырған. Сонымен, бір күні, әскер шарт та шұрт ду етіп көтеріліс қылған. Бастықтарының көбі казак-орыс офицерлері екен. Бастықтарын атып тастаған. Кішкентай қала үрпиіп, опыр-топыр болған. От басында жайылып, қобырсып отырған «Алашорда» жалаң бас, жайдақ атқа міне қашқан. Әскер жиылып, түйініп, қару-жарақтарының бәрін алып, азық-түліктерін арбаларға тиеп жөнелген. Әскер Ойыл қаласын басып, Ақтөбе майданындағы қызылдарға өтіп кетпек болып жөнелген. Ойылға таянған жерде алдарынан Ойылдағы оқып жатқан әлгі «Тұңғыш қазақ офицерлерінен» өкілдер келген. Бұларға қашқан «Алашорда» хабар жіберіп қойған екен. Оқып жатқан қазақ офицерлердің жіберген өкілдері әскерді сол жерге тоқтатып:

— Ойбай, жақсы болды, біз де сендерге қосыламыз. Осыны естіп, сендерді күтіп отыр едік. Сендер осылай тынығып жата тұрындар, біз де қаладан шығып, осы жерден бірге кетейік, — деген.

Қазақ әскері дұрыс деп, сай ішінде жайланып жатып қалған. Қазақтың оқып жүрген болашақ «тұңғыш» офицерлері түнде Ойыл қаласынан келіп, қаперсіз ұйықтап жатқан қазақ солдаттарды қырып салған. Көйлекшең жатқан жігіттерді «Алаштың» «тұңғыш батырлары» ушу қылып, тыпырлатып қойша бауыздаған...

Міне, батырлардың тырнақалдысы!..

«Күнбатыс Алашорданың» төрағасы Жанша Досмұқамбетұлы болды. Одан кейінгілер Қалел Досмұқамбетұлы мен әлгі белгілі Салық болыс болды.

Әкімшілік осы үшеуінің қолында болды. Бұлардың үстінен бақылаушысы және дұғажәйі Қуанай қазірет болды. Қуанай қазірет айтқанын қылдырып отырды. Салық болыс туралы және Қуанай қазірет туралы бұдан бұрын айтылып өтілген. Бұлардың бір-екі уақиғаларын суреттегемін.

Орал губерниясы, Ақтөбе маңайы Жанша Досмұқамбетұлын «хан» дейтін болды. Ханның милиция, әскері жүрген жерін бүйі тигендей қылды. Түндік басынан жүз сомды шытырлатып жинады. Бермеген елге дүре салып отырып алды. Жүз сомнан басқа, елге тағы да бірнеше түрлі салықтар салды. Елден еріксіз ат жинады. Еріксіз астық жинады. Ханның өмірі, ханның әкімдігі Николайдікінен асты. Хан мен Колчактың атамандарында айырма болған жоқ. Колчактың Дутов, Анненков, Красильников, Семенов, Қалмыков деген патшашыл атамандарынан «қазақ ханы» кем қалған жоқ. Бәрі де қара бұқараны дүреледі, бәрі де қол жұмыс жүргізді, бәрі де момын халықтың басына қамшы ойнатты... Елге құтырған қасқырша тиді. Көңіліне ұнаған нәрсені алды. Бетіне қарсы келгенді ұрды. Елді күңіретті. Қатын-баланы жылатты. Қыз-қатынның еркі болмады. Қыз-қатынға зорлық қылды.

«Алашорда» әскері жүріп өткен бір орыс поселкесінің ұлықтарына жазған бір қағазын бұл араға келтірейін.

Копия.

«Протокол

Веровский поселкесінің, Ставрополь болысының, Темір уезінің № 26 протоколы. «Алашорда» әскері біздің поселкені басып жүргенде, бір отряды біздің поселкеде законнан тыс іс қылды. Дүре соқты. Жұрттың көзінше Самохвалов деген шалды сабап салды. Оның Яким деген баласын сабап салды.

Бұларды осымен докторға көрсетсін деп және майдандағы әскерлердің командующийі полковник Фаддейұлына көрсетсін деп жіберіп отырмыз...

Уақытша граждан комитетінің төрағасы: *Прудышлы, 1919 жыл, 22 июнь.*

Дұрыс көшірілді. Хатшы: *Коновалов...*»

Және бір поселкенің «Алашорда» милициясының істеген істері туралы жазған приговорын келтірейін. Приговор бір түрлі олақ жазылған. Сонда да мөнісіне түсінуге болады.

«Приговор

1919 жыл, 22 июнь. Біз, төменде қол қоюшы Темір уезінің Измаил болысының граждандары волосной сотта болдық. Жиылысқа Коростов төрағалық қылды. Жиылыста мынандай қарар шығардық: өткен майдың бірі күні, Ойылдың милициясы келіп, біздің болыстан сегіз жүз (800 п.) пұт бидай, он ат (10 ат), сайманымен екі арба (фургон), үй басына жүз сомнан (100) ақша алды. Николай ақшасын сұрады. Бізде жоқ болған соң, біз хал-жайымызды айттық. Екінші, біздің айтқан сөзімізге милиция болмай, талқандап үйлерімізді тінтті. Тінтіп жүріп, милиция өзіне ұнаған нәрселерінің бәрін ала берді: ақша, киім және басқа нәрселер. Және әйелдерді зорлады: жоғарғы айтылған 800 пұт бидай төрт-ақ үйден алынды. Сол себепті бұл бидайдың қайда, қалай бөлінгенін бізге білдірсе екен. Осылар туралы казак-орыс әскерінің жоғарғы штабының (басқармасының) алдында баяндама қылып, жөн біліп келуге Степан Середа деген жігітті сайладық. Қол қойдық (хат білмейді): *Прокул Понтаренко, Устим Тырский және басқалар.*

Төрағасы: *Коростов.*

Хатшысы: *Зономыров.*

Дұрыс көшірілді. Хатшы: *Коновалов.*

Міні, «Алашорда» әскері мен милициясының жұмыстары осындай. Бірақ бұларға не кінә бар?.. Хан бұйырады, ұлық жұмсайды. Әскер мен милиция — хан мен ұлықтың атқан оғы, шапқан қылышы. Олар қайтсін!..

«Алашорда» үкіметі «алып келден» басқаны білген жоқ. Жарлық, бұйрықтарының бәрі де ылғи: «алып кел», «шауып кел!»

Мәселен, «Күнбатыс Алашорданың» әскери бөлімінің 19 маусымда жазған 59-нөмірлі бұйрығында Темір уезінің Бородин болысынан он күннен қалдырмай «Әскери салық», «Тұяқ салық» жина дейді. Үй басынан жүз сомнан жина дейді. Және, «Ойылға 1300 пұт бидай жеткіз, мінетін бес ат жеткіз!» — дейді. Міне, бұл өншейін азырақ мысал үшін келтірілген мағлұматтар ғой...

«Күнбатыс Алашорда» сөйтіп, өзінше істей берді. Айтқандайын, Ойыл қаласында газет шығарды. Газетінің аты,

жаңылмасам, «Жаңа қазақ» болса керек. Шығарушысы — Ахмет Мәметұлы деген.

«Күнбатыс Алашорданы» қысқаша болса да түптеп айтамын деп, аттап Колчак заманындағы өңгімелерге түсіп кеттім. Енді «Күнбатыс Алашорданы» осымен қояйын. Бұл «Алашорда» жоғарғы айтылған қалпында жүріп жата берді...

1919 жылы, Колчак әлсіреген кезде, Орал облысын большевиктер алған соң ғана ханның үкіметі бытырады. Сонан соң атылған Ипмағамбетұлының ағасы, Арғыншаұлы, Өйтейұлы, Хангерейұлы жарыққа шықты. Және «Алашордаға» қатыспаған біраз жастар — Бекұлы, Бекбатырұлдары большевиктерге кірді. Және «Алашордаға» не қатынаспаған, не жөнді қатынаспаған қазақ оқығандарының біразы большевиктерге қосылды. (Бұлар: доктор Ипмағамбетұлы, Өлібекұлы, Қасаболатұлы, Мырзағалиұлы және басқалар).

Енді Күншығыс Қазақстанға келейік. «Күнбатыс Алашорданы» айтам деп, азырақ аттап Колчак заманының өңгімесіне түсіп кеттім. Айтқанда Торғай «Алашорда» ісі туралы көп айтып уақыт алу қажет емес.

Торғай «Алашордасы» «Күншығыс Алашордасының» бұтағы саналады. Торғай «Алашордасының» басында Есполұлы, Дулатұлы, Байтұрсынұлы, Омарұлы Елдес болды. Олардың ішінде және толып жатқан Қостанай, Торғай оқығандары болды. Және бұларға Оралдан Қаратілеуұлы мен Кенжеұлы келіп қосылды. Бұлар да әскер жасады. Бұлар да елге түрлі салық салды. Бұлардың әскері де қалың бұқараның басына қамшы ойнатты. Қан қақсатты. Қылыш жұмсады. Реті келген кездерінде бұқара қазақтың қанымен қылыштарын қандады. Сібірді Колчак алып тұрғанда Оралдағы «Күнбатыс Алашорда» да, бұл Торғай «Алашордасы» да Колчакқа елші жіберіп, қатынас жасап тұрды... Бұларды айтқанда да, өлгі «Күнбатыс Алашорда» мінездерін қайта айтқандай боласың. Бұлар да «Алашорда» дәуірін ысқыртып жүргізді.

Енді 1918 жылдың бас кезіндегі, Совдеп заманындағы Ақмолаға қайта келейік. Ақмолада Совдеп дем алмай істеп жатты. Ақмола қаласының үркердей байларына көбіне көп, азына аздап, үш миллион сом контрибуция (салық) салдық. Ол кезде үш миллион сом көп ақша. Байлар жылады. Бірақ

лаждары бар ма? Ақшаны тез өкеліп, Совдептің ақша бөліміне тапсырды. Және байлардың тәуір үйлерін керекті мекемелерге алдық. Банктер, машина, диірмендер алдымен алынған. Совдеп мәжілісі жиі болады. Көп сөйленеді. Жай халық та мәжілісті тыңдауға келіп тұрады. Кей уақытта тыңдап тұрған жұрттан да тілек қылған адам Совдептің төрағасынан сөз сұрап алып, сөзге қатысады. Совдептің есігі жұрттың бөріне бірдей ашық.

Қыс өтіп, жаз кірді. Омбы, Қызылжарменен қатынастарымыз жиіленді. Пochта, газет алуымыз бұрынғыдан гөрі жөнделді. Ақмола губерниясының барлық далаларында Совет үкіметі әбден құрылды. Ақмола губерниясында өкімшілікті Совдеп алдымен Ақмола, Омбы, Қызылжар уездерінде қолына алды. Бұл уездерден кейін Көкшетау мен Атбасар уездерін де алды. Атбасар Совдепiнен бiзге бiр-екi өкiл келiп, нұсқа алып кеттi. Ақмола губерниясының Атбасар, Көкшетау уездерінде большевикке қосылған қазақтары шамалы болды. Атбасарда қазақтан большевикке қосылып, екпiндеп iске кiрiскен Майкөтұлы, Көкшетауда Совет туын көтерiп белсенiп майданға шыққан Сабыр Шөрипұлы, Қызылжарда қазақ жұмыскерлерi мен Көбекұлы Ысқақ, Әлжанұлы Шаймерден, Омбыда Көлбайлар және қазақ жұмыскерлерi Угар Жәнібекұлы, Зiкiрия Мүкейұлы, Ғалым Тәтiмұлы және оқудағы Жанайдар, Қамза, Әбiлқайыр, Таутандар.

Байларға контрибуцияны қаланың кiшкенелiгiне қарағанда Ақмола Совдепi көп салды. Бiз ө дегенде бiр миллион мөлшерлi байлығының қақ жартысын Совдепке алдық.

Омбы менен Қызылжар Совдептерi де байларға тiзесiн ө дегенде едәуiр батырды. Омбыда Совдеп өкiмшiлiгi аларда, юнкерлермен бiраз атыс болған. Омбы менен Қызылжардың Ақмоладан тәуiр жерi, жұмыскерлерi көп. Омбы менен Қызылжардың әр түрлi заводтарында, темiр жолда, пароходында және басқа жерлерiнде жұмыс қылатын едәуiр жұмыскерлерi болды. Бұлардың көбi көзi ашық жұмыскер болғандықтан, Совдеп жасап, Совдептің өкiмшiлiгiн жүргiздi. Орыс жұмыскерлерiнiң арасындағы аз ғана қазақ жұмыскерлерi де қалыспады.

Қызылжарда қазақ жұмыскерлерi ұйымдасып құралданып, саясат, әлеумет майданына шықты. Жиналып жүретiн штабтары Қызылжардағы белгiлi бай Өсербайдың

нөмір-үйі болды. Бұлардың кейбіреулері қызыл гвардияға кірді. Мұның басында «Үш жүздің» бастықтары Ысқақ Көбекұлы мен Кәрім Сөтешұлы, Шаймерден Әлжанұлы болды. Көбекұлы сол қазақ жұмыскерлері гвардиясының командирі болды.

Омбыдағы қазақ жұмыскерлері де қызылөскерге кіре бастады. Қызылжарда сол 1917 жылы қыстың бас кезінде офицерлер, байдың балалары ойда-жоқта бір күні Совдепке қарсы көтеріліс жасаған. Совдепті қамап алып, кейбір бастықтарын ұстап, қамап тастап, қаланы меңгере бастаған. Жұмыскер қызыл гвардиясы тез қимыл қылып, Совдепті босатып алған. Көтеріліс қылғандардың қолға түскен бастықтары жазаларын тартқан. Көтерілісті басқанда қазақ жұмыскерлері мен Ысқақ Көбекұлы көзге көрінерлік қайрат қылған.

Қызылжардың байлары, әсіресе мұсылмандардың байлары, «Алашорданың» құйыршықтары, «қаланы алдық» деп қойған. «Алашорданың» құйыршықтары «қала алынды» деп бір үйге жиналған. Қуанып бірін-бірі құттықтап, «Көбекұлын іздеу керек!.. Көбекұлын құрту керек!.. — деп қауқылдап отырған. Сөйтіп отырғанда, Көбекұлы бастап, қазақ жұмыскерлері «Алашорда» құйыршықтарының үстіне жетіп барған. Іздеп отырған Көбекұлы мылтығын үнірейтіп үйге кіріп келген. «Алашордашылдар» орындарында тас болып қатып қалған...

Жұмыскер табы қолынан ештеңе келмейтін, қорқақ, жалынған дұшпандарына ондайда тимейді. Қазақ жұмыскерлері бұларды тек бір-екі теуіп қалып, үйден қуып таратып жіберген...

Қызылжардың жұмыскерлер бастықтары — Кәрім Дүйсекейұлы, Қасен Қаранайұлы, Ережеп Қасымұлы, Грушицин, Қали, Мұқан Есмағамбетұлдары, Шөріп және Боскынұлдары. Бұл ұйымдасқан, құралданған жұмыскерлердің бәрі де «Үш жүз» партиясында болды. Үйретуші бастықтары өлгі айтылған Ысқақ Көбекұлы мен Кәрім Сөтешұлы болған. Көбекұлы комиссар болған. Және Омбыдан Шаймерден Әлжанұлы келіп, нұсқау беріп жүрген.

Ақмола қаласында ондай заводтар болмағандықтан, жұмыскерлер де аз болды. Нілді, Спасск, Қарағанды, Сарысу заводтары Ақмола қаласынан екі жүз, үш жүз шақырымдай жерлерде алыс болды. Қыстыгүні бұлармен жиі қатынасуға

болмады. Орскіден Атбасар, Ақмоланы басып, Семейге темір жол салынып жатқан. Оңтүстік Сібір темір жолды басқаратын мекемесі Ақмолада болған. Ақмолада вокзал үйлері істеген. Міне, сол вокзалда Ақмоланың да жұмыс қылып жатқан қазақ жұмыскерлеріне біздің Совдеп мүшелері барып, баяндамалар жасайтын болды. Бұлар елден жаңа келген жұмыскерлер болған соң, саясат ағымын түсіндіруге кірістік. Тұрмыстарын жөндеуге кірістік. Оларға пәтерге қаладағы бір байдың өдемі көк үйін алып бердік. Бұларға алдымен бірсыпыра тәрбие керек болды...

Бір күні Сталиннің атынан телеграмма алдық. Телеграммада:

«Большевиктердің қолданған жобасы бойынша, Совет үкіметі бұрынғы патша заманындағы езілген халықтардың бөріне автономия береді. Әр халық өз тағдырын өзі шешуге ықтиярлы. Қазақ халқы жер ыңғайымен автономия құруға даярлана берсін. Бұл үшін, ең алдымен, ана тілінде халық сотын, бала оқытатын мектептерді жасай беріңдер», — деген.

Бұдан кейін кешікпей Семейден келген «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналының беттерінде: «Большевиктер қазаққа автономия берді...» — деп, үлкен әріптермен жазған «Алашорда» бастықтарының қуаныш хабарлары басылып келді. «Алашорда» бастықтары тіпті жар салып қуанған:

«...Құдай берді, алаш! Ақ түйенің қарны жарылды, алаш!.. Шаттан, алаш!.. Қуан, алаш!..» — деген. Және бұл қуаныш хабарларының бір жерінде айтқан: «Мәскеуге қазақ автономиясы туралы сөйлесуге Қалел Досмұқамбетұлы мен Жанша Досмұқамбетұлы барған еді. «Большевик бастықтарыменен сөйлесіп жатырмыз...» — деген жақын арада олардан Әлихан телеграмма алған еді. Автономия туралы сөйлесіп, автономияны алып шыққан сол екі сабаз екен...» — деген.

Бізді бұл хабарлар үлкен ойға қалдырды.

Қалай ойланбайсың! «Алашорданың» Досмұқамбетұлыдары Мәскеуге барып, Совет үкіметінің бастықтарымен сөйлеседі, Досмұқамбетұлыдары: «Ленинмен, Сталинмен автономия туралы сөйлесіп жатырмыз...» — деп Бөкейханұлына телеграмма соғады. Совет үкіметінің бастықтары қазақ автономиясын соларға береді. Бұған «Алашорданың» Семейдегілері ұран салып шаттанады. «Сарыарқа» менен

«Абай» журналы арқылы жар салады. Бұған ойланбай қайтерсің! Бұл қалай?

Тез «Жас қазақ» ұйымының жиылысын жасадық. Автономия туралы баяндама жасадық. Баяндама жасап, біраз пікір алысқаннан кейін, «Жас қазақ» ұйымы тегіс бір қарарға келді. Қарары мынау:

«...Қазақ халқы оқымаған надан. Кедейлері, еңбекшілері әлі байларының, төрелерінің ықпалында. Кедейден шыққан, кедейді жақтайтын оқығандар аз. Қазақ оқығандарының көбі байларды, төрелерді көтермелеп, «Алашорда» болды. Қазаққа қазір автономия берсе, «алашордашылдар» иеленіп кетеді. «Алашорда» алған автономияның қазақ еңбекшілеріне керегі жоқ...»

Міне, «Жас қазақ» ұйымы осындай қарар шығарды. Және Ақмола уезінің қазақ кедейлерінің съезін шақырмақ болдық. Бұл автономия әңгімесін сол кедейлер съезінің алдына салмақ болдық.

Совдеппен сөйлесіп, тез съезд шақырдық. Өкілдер тез жиылды. Асығыс болған соң, алыс елдерден өкіл шақыра алмадық. Съезд аштық. Съезд Совдептің астыңғы үйінде болды. (Моисеев деген байдың салдырған үйі гимназия үйі болған еді.) Съезд алдына автономия мәселесін салдық. Баяндама жасадық... Съезд де бірауыздан жаңағы «Жас қазақ» ұйымының қарарындағы қаулыға келді. Съездің төрағасы Абдолла Асылбекұлы еді. Хатшысы Байсейіт Әділұлы болатын.

«Алашорданың» алған автономиясының қазақ еңбекшілеріне керегі жоқ. Автономияны өзімізден оқығандар көбейгенде аламыз...» — деп қаулы қылдық. Осыны айтып съездің атынан Сталинге телеграмма соқтық. Телеграмманы ақылдасып отырып жасасқан: Байсейіт Әділұлы, Абдолла Асылбекұлы, Бөкен Серікбайұлы, Жұмабай Нұркеұлы, Нұрғайын Бекмұқамбетұлы — бәріміз едік. Жазған Байсейіт Әділұлы еді.

Бұл пікір ол уақытта дұрыс па, дұрыс емес пе еді, ол өз алдына. Сонда да бұл мәселе туралы бұдан кейінгі пікірді де айта кетуге болады. Бұдан кейін қазақ автономиясы туралы біздің көзқарасымыз, пікіріміз 1920 жылға шейін жоғарғы айтылған қалпында келді. 1920 жылда Ақмолада қазақ кедейлерінің уездік съезі шақырылып, сол съезде де қазақ автономиясы туралы баяндама жасалынды. Съездің

басында Ақмолаға бес қызыл әскермен келген Қырымұлы (Қрымов) деген ноғай жігіт болды. Жұмабай жолдас Нұркеұлы және Омарұлы болды (Қырымұлы содан кейін Мәскеудегі әскерлік академияда оқыды. Қазір бітіріп шықты). Съезде автономия туралы мен баяндама қылдым. Баяндама болған соң, біраз пікір алысқаннан кейін бұл съезде әлгі 1918 жылғы кедейлер съезінің қарарындай қарарға келді. Съезд атынан Орынбордағы Қазақстан әскери-төңкеріс комитетіне (Кир. Краевой воен. ревком) автономия туралы съездің пікірін айтып телеграмма бердік.

Телеграмма сондағы Орынборда орыс тілінде шығатын Қазақстанның әскери-төңкеріс комитетінің газетінде басылып шықты...

Тағы да ілгерідегі 1920 жылғы әңгімені айтыңқырап кеттім...

Енді 1918 жылдың әңгімесіне келейік. Сөйтіп, Сталинге телеграмма беріп, біз «алашордашылар алған автономияның қазақ еңбекшілеріне керегі жоқ» деп жатқанымызда, «Қазақ халқына большевиктер жасаған автономияның керегі жоқ» дегендей қылып жазушылар да болды. Алдымен бүй деушілер Шоқайұлының «Қоқан автономиясын» жақтаушылар болды. Оған айқын дәлел — Ташкенде шығатын «Бірлік туы» газетінің 1918 жыл, 5 сәуірде шыққан 29-нөміріндегі басмақаласының сөздерін келтірейік.

Газеттен:

«ТАШКЕНТ. 18 (5) АПРЕЛЬ

Түркістан аймағындағы большевиктердің кіндігі болған Ташкентте жақын арада жергілікті совет қайта сайланып қойылды. Бұл сайлаудан бастап аз-маз жақсылық күтіп игілік үміт қылушылар біржолата алданды. Большевиктердің өлі де болса халық пікірін, жұрт тілегін ескермеу жолынан шетке шықпағандығы осы сайлау уақытында ашық көрінді.

Олар өздері ұнатпаған 26 халық ұйымдарының өкілдерін жиылыстан қуып шығып, Советтің басқарушы комитетіне ылғи өз адамдарын ғана өткізіп отыр.

Енді осы уақытта Ташкентте Түркістан аймағындағы Советтердің жалпы съезі болайын деп жатыр. Бәлкі, мұнан да халық үшін жақсылық дәме қылушылар бар шығар. Бірақ бұл жолы да олардың алданып қалуы шөксіз. Жалғыз

күрал күшіне ғана табынып, халықтың тілегін шыбынның ызындағаны құрлы көрмейтін большевиктер іс басында тұрғанда жұрт үшін игілік күтудің орны жоқ.

Большевиктер соңғы кезде Түркістан автономиясы туралы әр жерлерде көбірек сөз қыла бастады. Бұл туралы Ташкендегі жаңа советтің бірінші жиылысында жолдас Тоболин бірталай сылдыраған сөздер айтты. Онан соң Мәскеудегі ұлт істері комиссары Сталин Түркістанда автономия жасаудың қамына кірісудің керектігін білдіріп телеграмма беріп отыр.

Түркістанның автономиялы болуы ондағы барлық халықтардың ең қасиетті тілектері екені белгілі. Өзгерістің басынан бері қара халық өзінің бұл тілегін әр жерлерде-ақ қақсап айтып келеді. Сол себепті жарыққа шығып іске айналуына тілектес болмайтын жан жоқ.

Бірақ большевиктердің жұртқа уәде қылып отырған бұл автономиясы мен шын халық тілеген автономияның арасы жер мен көктей. Халықтың бұл күнге шейін тілеп келген автономиясы жұрттың өз тізгіні өзінде болып, оның тіршілігіне шеттен ешкімнің араласпауы мағынасында, халық бұл тілегін жарыққа шығаруға бұл күнге шейін ыждағат қылып келеді. Өлі де болса ыждағат қылады.

Ал енді большевиктердің Түркістанда жасамақ болып жүрген автономиясы анау автономияға тіпті жуыспайды. Олардың ниеті халықтың өз тізгінін өзіне беріп, оның тіршілігіне қол сұқпау емес. Бәлкі, іс басына қара бұқараны қоюды сылтау қылып, жұртты ылғи бұзақылардың қолына байлап бермек.

Большевиктер екі сөздерінің бірінде: «біз автономияға қарсы емеспіз. Автономия біздің программамызда бар. Бірақ біздің қуаттайтын автономиямыз байларға ғана жақпайды. Біз автономияны жалғыз қара бұқара пайдасына лайық жасамақпыз, соның үшін біз бұқара пайдасына бола советский автономияны жарыққа шығарамыз дейді.

Олардың жасамақшы болып жүрген автономиясында тізгін жалпы халықтың қолында емес, жалғыз советтер қолында болмақ. Советтерге жалғыз бұқара кедейлер тонын жамылған азғындар кіріп іс басында солар тұрмақ. Солай болған соң мұндай автономияның біздің жұртқа қаншама пайдалы екенін түсіну тіпті қиын емес.

Советский автономия жасаған болып іс басында ылғи онан-мұнан құралған бұралқы қаңғыбастар отырмақ, біздің халықтың өз бұқарасының надандығын сылтау қылып, әлгідей бұралқы «жолдастар» біздің жұртқа өз ойларынша тон пішпек. Мұнан кімге пайда?

Автономия деген құр аты болмаса, ол уақытта іс басында тұрушылар осы күнгі советтерде кімдер отырғаны жұрттың өзіне мәлім ғой. Өкімет тізгінін советтер алғалы біздің жұрттың қаншама игілік көріп тұрғаны да көз алдымыздағы нәрсе. Советтер қожайын болғалы әр жерлерде халықтың азды-көпті ауқатты адамдары таланып жатыр. Кей жерлерде жұрттан «оннан бірі» жиылып алынды. Мұның пайдасын біздің бұқарамыз — мұсылман бұқарасы көрді ме? Советтер жинаған сол «оннан бірдің» жүзден бірі осы күні аштан қырылып жатқан қазақтың сорлыларына тиді ме?

Қайта сол «оннан бірден» артық зиян көріп отырғанның өзі сол қазақтың бұқарасы, кедейлері. Байлар, қолында пұлы барлар елге шыққан «жолдастармен» жең ұшынан жалғасып, малын жасырып, аман қалып, оны қыла алмаған сорлылардың малы артық шағылып сорлап жатқанын кім білмейді.

Большевиктер тіл ұшымен бұқара-бұқара деп қақсағанда ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейді. Ал енді өздерінің қай жерде шын бұқара тілегін тындағаны бар! Декабрь ішінде Қоқанда бүкіл мұсылман жұмыскерлері мен диқаншылары съезд жасап қаулылар шығарды. Бұқара пікірі екен деп оған елең қылған большевик болды ма? Оның бер жағында большевиктердің Түркістанда қылып жатқан бұзықтықтарында есеп жоқ. Соның бәрін олар қайсы бұқараның тілегі бойынша қылып жүр екен? Қоқанда және Бұқар қырғындарына қай халықтың шын бұқарасы ырза? Сөйтп отырып олар осындай істерінің бәрін жергілікті бұқара пайдасы үшін қылдық деп көрсетеді.

Осы күні жұрттың шын қызметкер білімді азаматтары қашқында жүр. Қолдарына түсірсе, большевиктер оларды өлтіреміз деп дік-дік етеді. Бұл туралы біздің шын бұқараның пікірін, тілегін кімнің сұрағаны бар, кімнің тындағаны бар? Олар сол қашып жүрген азаматтарды өздерінің дұшпандары деп қай жерде айтып еді?

Бірақ большевиктердің тізгінді советтерге береміз деп жүргендегі ниеттері халық бұқарасының пайдасын көздеу

емес. Олар тек бұқараны сылтау қылып, іс басына ылғи әлдеқайдан жиналған сілімтіктер, ішіп кетер, жеп кетерлерді қолға алып жүр. Оларға шын бұқара пайдасынан да өздерінің қалтасы қымбат... Олар бүгін... жемсаулары толған күні әлдеқайда жытып кететін сұрқиялар. Мұны біз көрмей отырғанымыз жоқ. Түркістанда қанша уақыт қылышынан қан тамып тұрған және «бұқара пайдасы» үшін Қоқанда қырғын жасаған Пірпловтар, Стасковтар осы күні Қоқанда жүр...

Бұқара қожайындығы, жұмыскерлер қожайындығы дегенде большевиктердің ауыздары тола кетеді. Біздің Түркістан мен Қазақстанда бұл сөздердің не мағынада жүретіндігін білеміз. Бізде я халық қожайындығы болады. Я бұқара қожайындығы атын жамылған бұзақылар қожайындығы болады. Шын бұқара қожайындығы жалпы халық қожайындығынан басқа бізде болуға мүмкін емес!..»

(«Бірлік». Газеттің уақытша редакторы С. Қожанұлы)

1918 жылдың жазы шықты. «Алашорда» да және оның інішектері де қарап жатпады. Бұлардың Омбыдағылары большевиктерге қосылған Мұқан Әйтпенұлы мен Көлбай Тоғысұлының арасына от жақты. Екеуін жауластырды. «Киімді шайтандардың» әрекеттерімен ақырында Көлбай Мұқанды арестовать еткізіп қаматты. Сонсоң тез Мұқан қамаудан шықты. Енді Көлбайдың үстінен қаралайтын материалдар жинап, Совдеп арқылы Көлбайды қаматтырды.

Омбыда оқып жүрген жастардың 1914 жылдан бері келе жатқан «Бірлік» ұйымының мүшелерінің көбі әбден «Алашорданың» жолына түсіп алған соң, жүректері сезімді біраз жас «Бірлік» ұйымынан шығып, Совет туының астына кірген. Олардың үйткенін айтып кеткем. Кейін толығырақ баяндаймын... Ал «Бірлікте» қалған «Алашорданың» қазақтары Көлбайға аласұрып жабылды. Көлбайдың үстінен қаралап, Совдепке «материалдар» жинап жаудырды. Елде болыстық билік, старшындық, «партия» таластарында бірін-бірі қаралауға, өтірік арыз, ұятсыз шағымдарды көп көріп, ысылып қалған қазақ балалары «материалдар» жинауға қандай ұста болады!

Менің өз басым Көлбайды ақтауға ақтығын білмеймін. Қаралауға қаралығын білмеймін. Бірақ Омбыда оқып жүрген «Бірлік» ұйымындағы «Алашорда» ұландары Көлбайды Совдепке қаралауға материал тапты.

Семейдегі «Алашорда», «Сарыарқа» газетіне телеграммалар соқты, «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 15 сәуірдегі 38-нөміріндегі басылған Омбыдағы «жасалаштардың» телеграммаларының түрі мынадай еді:

«Омбыдан тағы телеграммалар

Күндіз 11 сәуірде Омбыдан «Сарыарқа» басқармасына тағы екі телеграмма алынды. Бірі: «Көлбайға қосарланып, Шаймерден Әлжанұлы, Сүлеймен Тоғызұлдары да абақтыға жабылды. Көбекұлының да жабылатын ынғайы бар. Көлбай бұрын қандай жұмыс істеп жүрген кісі екенін айтып беруге Ермекұлы мен Сәрсенұлын жіберіңіздер. Телеграмма беруші: Кашарский».

Екінші телеграммада: «Ескіше 17 апрельде Омбыда жалпы бұқара кедейлердің съезі болады. Съезд Көлбай жұмыстарына байланысқан мәселелерді қарастырмақ. Съезге Сәрсенұлын жіберуіңізді сұраймыз» деген. Телеграмма беруші: «Бірлік».

«Алашорданың» көрілері, жастары болып, Көлбайды қаматты. Тағы Ысқақ Көбекұлының соңына түсіп, қаматуға өрекет қылды. Бірақ Ысқақты Қызылжардағы қазақ жұмыскерлері бермеді. Көлбайды да Қызылжардағы қазақ жұмыскерлері шығарып алуға өрекет қылды. Бірақ чехтардың бунты олардың өрекетін аяқтатпай кетті. Көлбайды жамандайды. Көлбайды айыпты дейді. Көлбай жаман болсын, ал Шаймерден мен Ысқақ не қылды екен?..

Бұлардың жазасы не?

Бұлардың жазасы белгілі. Бұлардың жазасы большевиктерге қосыла Совет үкіметін қуаттауы. «Алашордаға» қарсы болуы. Бұлардың жазасы сол! Бұл – бұл ма! Көлбай жабылған соң «Алашорданың» «Бірлік» ұйымындағы жас «ұландары» дұшпандарын тегіс жоқ қылуға кірісті. Алашорданың жолына қарсы болып «Бірліктен» шығып, революция жолына кірген, «демократ советін» (Демократический совет учащихся) ашқан Омбыда оқып жүрген Таутан Арыстанбекұлын, Жанайдар Садуақасұлын, Әбілқайыр Досұлын, Қамза Жүсіпбекұлдарын да Совдепке қаралап, абақтыға жаптырмақ болды. «Бірліктің» екі-үш балалары милиция ертіп келіп, Таутан мен Қамза, Әбілқайырды, Жанайдарды айдап апарып абақтыға жапқызды... Міне,

«Алашорданың» жеткіншектері осындай қылған. Тамаша емес пе?.. Нағыз өкелерінің балалары емес пе?

Шаймерден, Таутан, Қамза, Әбілқайыр, Жанайдарды Совдеп тезінен босатқан. Міне, бұл оқиға осылай болған!

Омбыда кедейлердің съезі шақырылды. Съезге біздің Ақмоладан екі кісі жібердік. Бірі: жолдас Шүкен Тінәліұлы деген жұмыскер, совдептің мүшесі, большевик. Екіншісі: Ақмола жақтағы белгілі шешен Көшербай Жаманайұлы, о да большевик және «Жас қазақ» ұйымының белгілі мүшесі...

Бірінші май болып қалды.

Май мейрамын үлкен көңілді, көтеріңкі қылып өткіздік. Совдеп мүшелері, әр түрлі кәсіп ұйымдары, жаңадан жасалған аз ғана қызыл әскеріміз ту көтеріп, төңкеріс өлендерімен Ақмоланы аралап, көп жерде митинг құрып, сөздер сөйленді...

Омбыда оқып жүрген Ақмоланың мұқтаж балалары мен «Жас қазақ» пайдасына кешке қазақша ең бірінші Ақмолада болған үлкен сауық жасалды. Сауыққа соның алдында ғана жазылып біткен «Бақыт жолына» деген менің пьесам қойылды.

Сауықта орыс-қазақ иін тіресіп тұрды. Сауықты көруге жұрттың ынтасының зорлығынан, сауық екі күн болды. Екеуінде де жұртқа орын жетпей қалды. Ойнаушылар «Жас қазақ» ұйымының мүшелері еді. Бөкен Серікбайұлы, Көжебай Ерденайұлы, Өмірбай Дөнентайұлы, Салық Айнабекұлы, Бану, Шарапат және Бейсенұлы, тағы басқалар...

Совдеп істері күн сайын жөнделе берді. Совет үкіметін нығайтуға қырға совдеп мүшелерін шығарып жаттық...

Өлгі Керенский заманында, қазақ комитетінің заманында, 1916 жылғы қазақ көтерілісінде, елге патша әскерін алып жүріп, елді шапқаны үшін үстерінен халық екі жүз шамалы арыз түсірген Олжабай болыс пен Өлкей болысты ұстатуға, малдарын қазынаға алдыруға 15 қызыл әскер мен Жұмабай Нұркеұлын шығардық. Және қырға, екінші жаққа, милиция қосып беріп, Байсейіт Әділұлын шығардық. Аз болса да Қызыл әскердің штабы құрылды. Штабқа Ресейден келген Зимин және Авдеев деген екі матрос пен Баландин деген бір көрі солдатты бастық қылдық.

Нілді, Спасск, Қарағанды заводтарымен қатынасымыз жиіленіп, байланысымыз күшейді. Заводтарда да Совдеп

құрылды. Заводтардан уездік Совдепке өкілдер жиі келе бастады. Біздің Совдептің мүшелері де заводтарға барып келіп жүрді. Совдептің қазақ мүшелерінен Тұрысбек Мыңбайұлы заводқа барып келді. Арын барып келді. Заводтар туралы баяндама жасалып, Совдеп заводтардың, жұмыскерлердің тұрмыстарын жөндеуге әрекет қылды. Заводтарды мемлекет қазынасына алуға кірісті. Спасск, Нілді, Қарағанды заводтарының жұмыскерлер Совдепінен біздің уездік Совдепке өкілдер келді. Іштерінде жолдас Нейман мен Орынбек Бекұлы бар. Заводтың жайы туралы бұлар Совдепке баяндама жасады. Совдептен ақша сұрады. Мылтық сұрады. Совдеп заводтарды қазынаға алуға қарар шығарды. Спасскінің жетпіс мың пұт мысын алдыруға қарар қылды. Заводтардағы жұмыскерлердің мылтық алып, жарақтанғанын бір ауыздан мақұл тауып, жұмыскерлер өкілдеріне (Нейман мен Бекұлдарына) ақша берілді. Қолдағы бар мылтықтардан мылтық та берілді. Содан кейін Ақмолаға мылтық, пулемет сұратуға, Омбыға және Қызылжарға қызыл әскер штабының мүшесі матростар Зиминді, командирі Капыловты, Спасск заводының жұмыскері, Совдептің мүшесі Прудов деген жігітті жібердік.

Совдептен ақша мен мылтықтарын алып болған соң, қызметтен кейін, Орынбек Бекұлы менің пәтеріме келді. Сөйлестік. Бұрын маған Бекұлын «Зерек, шешен жұмыскер...» — деп Прудов мақтаушы еді. Бекұлының шешендігін Совдепте баяндама жасағанда-ақ көріп едім. Біздің пәтерде сөйлесіп отырдық. Завод туралы әңгіме қылдық. Қазақ жұмыскерлері туралы, Совет үкіметі, большевик партиясы туралы сөйлестік. «Алашорда» туралы пікірі айқын емес, былқылдақтау екен. Біраз түсіндіріп сөйледім. «Алашорда» баяғы хандықты аңсаған далбас, қазақ жұмыскерлеріне, қазақ кедейлеріне, «Алашорда» да, Абылай да, Николай да бөрібір... — дедім.

Бекұлы біздің «Тіршілік» газетімен қатар «Сарыарқа» газетін алып оқиды екен... «Сарыарқа» туралы, оның жазушылары туралы түсіндіріп, біраз сөз айттым. Біраздан соң Бекұлымен пікіріміз үйлесті. «Алашорда» туралы пікірі айқындалды. Революцияның жолында енді екпіндірек іске кірісу керек екенін айтып, менімен қош айтысты...

Мамыр айында, 1918 жылы, Омбыда оқудағы «Алашорда» жастарының ұйымына айналған «Бірлік» ұйымы

«жалпы жастар съезін» жасады. Съезге әр жердегі жастар ұйымынан екіден өкіл шақырды. Біздің «Жас қазақ» ұйымынан Абдолла Асылбекұлын жібердік. Біріне Омбыда оқып жүрген Жанайдар Садуақасұлын сайлап, телеграмма бердік...

Мамырдың аяқ кезінде съезшілеріміз қайтты. Кедейлер съезіне кеткен Шүкен мен Көшербай бұрынырақ қайтты. Олардың баяндамасын тындадық. Олардан кейін Абдолла қайтты. Абдолла баяндама жасады. Барып қайтқан «жастар съезіне» Ақмола, Семей, Қостанай губернияларының жастар ұйымдарының өкілдері жиылыпты. Съезд мәжілісі қызу өтіпті. Өсіресе «Алашорда» мәселесін қарағанда, онан соң «Совет үкіметін тану, танымау» мәселесін қарағанда өте қызу болыпты. Съезде үш пікір көрініпті. Бірі – он, бірі – сол, бірі – орта («левое», «правое», «среднее»).

Әрине, «Алашордаға» қарсы болған «сол» пікірлі біздің өкілдер: Абдолла Асылбекұлы мен Жанайдар Садуақасұлы және сол Омбыдағы «демократ Советтің» өкілдері — Әбілқайыр Досұлы, Қамза Жүсіпбекұлдары қарсы болғанмен не керек, бұлар азшылық болған.

«Совет үкіметін тану, танымау» мәселесін қарағанда, съезд мәжілісі едәуір қызу болған. Өлгі үш пікір айқын соғысқан. Майдандасқан. Совет үкіметі жағындағы «сол» (левое) пікірлі Асылбекұлы, Жанайдар Садуақасұлы, Әбілқайыр Досұлы, Қамза Жүсіпбекұлы бұлар бірынғай. Бұларға өлгі «Алашорда» мәселесін қарағанда «орта» пікіріне (центровое) «тең ортақ» болған Әбдірахман Байділдаұлы қосылған. Бұларға қарсы, Совет үкіметіне қарсы «Бірліктің» бастықтары «оң» (правое) пікірлі Кеменгерұлы, Смағұл Садуақасұлы, Ғаббас Тоғжанұлы, Сайдалыұлы, Сейітұлдары болған. Бұлар Қазі оққа ұшқанда қылған анттарын мықты ұстаған.

Семейде «Алашорда» милициясының бастығы, айтылмыш Қазі деген жігіт большевик солдаттары атқан оққа ұшқанда, Омбыда оқып жүрген «Бірлік» ұйымындағы жаңағы аттары айтылған ұландар «Қазидың жолын ұмытпасақ ант қылған...» еді. Ант қылып «Сарыарқа» газетіне телеграмма соққан еді. Телеграммалары «Сарыарқа» газетінің 1918 жыл, 15 сәуірде шыққан 38-нөмірінде басылған еді. Телеграммалары мынау:

«Көңіл...

От жанды, ұлт қанды, есіл қыршын жас Қазиды бауырымыздың мезгілсіз қаза тапқанына өте қайғырамыз. Бірақ Қазидың арманы жоқ — ұлт жолында тұңғыш құрбан болды. Жастарға жолбасшы жұлдыз, түпкі идеал болды. Біздер Қазиды және оның үлгілі жолын ұмытпасқа, құдай алдында, ар алдында уәде бердік. Сол уәдеге бірінші негіз салу үшін 20 апрельде қазақша «ойын» жасап, түскен сап пайданың жартысын, артта қалған бір жасар ұл баласының тәрбиесіне бермекші болдық. Және басқа уақыттарда жәрдем көрсетіп тұруға қаулы істедік.

«Бірлік» қауымының жастары...»

Міне, осы «ант уәделерін» мықтап ұстаған. Және Семей жастарының өкілі Мұхтар Әуезұлы Совет үкіметіне қарсы болған. Қостанай жастарының өкілі Мұрзаұлы қарсы болған. Тартыс едәуір қызған. Біздің өкілдердің дүмпіуімен көпшілік ақырында: «...Совет үкіметін танимыз, өзімізге тимесе...» деген қарар шығарған. Және съездің көпшілігінің қаулысы бойынша Ақмола, Семей, Қостанай губернияларындағы барлық жастар ұйымдарының аттарын қалдырып, жалпы бір атпен «Жас азамат» деуге қаулы қылған. «Жас азаматтың» басқармасын (ЦК) сайлаған. Басқармасының төрағалығына Мұрзинді, мүшелігіне: Смағұл Садуақасұлын, Мұратбек Сейітұлын, Гуля Досымбекованы, Әбдірахман Байділдаұлын сайлаған. Әбдірахманды «сол» пікірлілердің (Досұлы, Қамза, Жанайдар, Абдолла) дүмпіуімен сайлаған. «Жас азамат» ұйымының тілі қылып «Жас азамат» атты газет шығармақ болған. Газеттерін Қызылжарда жабылып қалған Көлбайдың газеті «Үш жүздің» орнына шығармақ болған. Шығарушылыққа Кеменгерұлын сайлаған...

Омбыдан бұл съезден қайтып, Абдолла Қызылжар қаласына келген. Ондағы большевиктердің, Совдептің бас адамдарының бірі Ысқақ Көбекұлы, Шаймерден Әлжанұлымен, Кәрім Сөтешұлымен сөйлескен. Және сол Омбыға барып келе жатқан Көкшетау совдепінің мүшесі, большевиктерінің бастықтарының бірі Сабыр Шәріпұлымен — бәрі бас қосып сөйлескен. Бұл төртеу-бесеуі бас қосып сөйлесіп, большевик партиясына қазақ жұмыскер-жалшыларын көбірек шақыруға және «Алашордамен» ондап күресуге план жасаған.

Біз Абдоллаға:

— Омбы қалай?.. Омбыдағы қазақ жұмыскерлері қалай?.. Пароходта, темір жолда жұмыс қылатын қазақтар?.. Және Қызылжардағы жұмыскерлер қалай екен? — дедік.

Абдолла:

— Қызылжардағы біраз жұмыскерлер қолдарына мылтық алып, қайрат қылып жүргені белгілі ғой. Бұлардың бастығы Ысқақ Көбекұлы. Бұлар тіпті жақсы. Анау күні Қызылжарда Совдепті құлатпақ болып ақтар қауіп қылғанда бұлар көп қайрат көрсеткен. Онан соң Омбы жұмыскерлері де жақсы. Жиырма шақты қазақ жұмыскерлері қызыл әскерге тіленіп жақында кірді. Көзі ашық бастықтарын көрдім, біртүрлі жақсы... Угар Жәнібекұлы, Мұхаметқали Тәтімұлы, Қазыбек Мұқайұлы... — деді.

Бұлар қазақ жұмыскерлерінің көдімгі өзімізге белгілі жыл құстары.

Бұлар ең алдымен бір қолымен қызыл ту көтерген, бір қолымен пулемет көтерген шын батырлар. Бұлардың ішіндегі Угар Жәнібекұлы 1912 жылғы жер-дүниеге мәлім Сібірдегі Лена заводындағы жұмыскерлер атылуында болған жігіт (знаменитый Ленский расстрел). Біреулер Абылайдың Кенесары, Наурызбайдың, Сыздықтың «батырлықтарын» аузының суы құрығанша мақтайды. Бұлардың батырлықтары ел талау ғана еді, ал шын батырлар өлгі қызыл ту ұстап, қызыл әскер болып, еңбекші табы үшін оққа қарсы шыққандар. Міне, бұларды мақтауға болады.

Бұлар туралы бажайлап кейін айтармын...

Сөйтіп, Омбы, Қызылжардан қайтқан Абдолланың баяндамасын тыңдадық. Абдолла қылған баяндамасында Советке қауіпті жайларды да айтты:

— Офицерлер, байлар, казак-орыстар жақында бір ереуіл жасамай қоятын емес. Ол жерде, бұл жерде, офицерлер, байлар, казак-орыстар жиналып қозғалып, даярланып жүргендерін көп айтады. Көкшетауда казак-орыс офицер Анненков деген орман арасында әскер жинап жүр дегенді Сабыр Шәріпұлы айтып, оларды құртуға Омбыдан күш сұрап еді. Омбы мұны елеген жоқ. Келе жатып, жолшыбай, мұның анық екенін мен өз көзіммен көрдім. Менің алдымда, бір станцияда Анненковтың жарақты казак-орыстары почтаны талап, бір-екі милициясының мылтығын тартып алып кетіпті. Көкшетау манайында да осындай көрінеді. Онан

соң, Омбыдағы «Алашорданың» адамдары, «Бірлік» ұйымының бастықтары да бірдемеге астыртын даярланып жүрген тәрізді. Олардың да аналармен астыртын сөздері бар тәрізді. «Алашорда» жастарының біреуі бір жерге бір жасырын сөзге барып келді десті. Онан соң Қызылжар маңайында тіпті жаман көрінеді. Түнеугі бунт шығарғандардың түпкі аман қалған тамыры қайта қозғалып жатқан тәрізді... — деді.

— Біздің, әлгі Омбы, Қызылжарға қару-жарақ сұратып жіберген кісілеріміз қайда? — дедік.

— Олар қару-жарақты едәуір қылып алды. Менімен бірге шығып еді. Мен асығып жүріп кеттім. Олар да енді келіп қалар, — деді.

Өңгіме солай... Бір қатер таянған тәрізді. Шала өлген жылан өлін жинап, ақырын қозғалып, қапысын тауып атқуға даярланған тәрізді.

Ақмолада темір жол бойында (вокзалда) жұмыс қылып жүрген, қаладағы Ысқақ байдың көк үйінде жатқан қазақ жұмыскерлерін жарақтандыруға Совдепте мылтық болмады.

Ол екі арада Ақмоланың оңтүстік жағына шыққан Совдеп мүшесі Байсейіт Әділұлы қайтып келген. Совдепке баяндама жасаған. Мұның жүрген жері көбінесе қазақ арасы. Бұл тыныштықтан басқа бөтен сөз айтпады.

Баяндамасынан кейін менің пәтеріме келіп, біраз сипақтап, ел жайын өңгіме қылып отырды да:

— Саған біраз сөз айтайын деп келдім, — деді.

— Не?.. — дедім.

— Сен қалай қарайтыныңды білмеймін... Мен бір жұмыс істеп келдім, — деді.

— Айт енді істегенінді... — дедім.

— Мен сол арғы елде, бір ауылда, әлгі Қоқан автономиясының бастығы Мұқаметжан Тынышпайұлы мен Серікбай Ақайұлына кез болдым. Қастарында жолдасы бар. Түркістан жағынан қылыстап қашып келеді екен... — деді.

— Е, олар қайда? — дедім.

— Олар Семей кетті, — деді былжырап.

— Қалай кез болдың?.. Неге алып келмедің?.. — дедім.

— Алып келуге ұялдым... Бір ауылда түстеніп, бөлек қоста жатыр екен. Салт атқа мінген. Киімдері ишандардың киімдеріндей. Мен әлгі ауылдың иесінің үйіне келіп түсіп

едім... Бір ауылдан естіп келіп едім. Өлгі ауыл иесінің үйіне түсіп біраз отырған соң: «Тынышпайұлдарын барып көрейін», — дедім. Ауыл иесі де жаман қорықты. Тынышпайұлы да жаман қорықты. Қостарына бардым. Екеуі де бір түрлі түстері бұзылып, сасып, менімен түрегеліп амандасты. Сонан соң амандасып, көңілдерін орнықтырдым, — деді.

— Сөйтіп қоя бердім де... — дедім.

— Иә... Тигем жоқ. Қайта жүретін жолдарын туралап, жолдағы елдерін айтып жібердім... — деді.

Міне, саяси дұшпанына, «Алашорда» бастықтарына біздің жолдас бүйткен.

Ал «Алашорда» қайтер еді?.. Бұған дұдамал жауап жоқ. «Алашорданың» қайткенін көргеміз, көреміз...

Ақмоланың орыс, қазақ болыстарында, болыстық, ауылдық совдеп сайлатуға елге комиссарлар шығардық. Сайлауға қолдары босарлық Совдеп мүшелері мен көбінесе «Жас қазақ» ұйымының жастары шықты. Сайлау нұсқаларын өзіміз жасап бердік...

Совдепке Қызылжар, Омбыдан бір-екі тығыз телеграмма келді. Бірінде: «Ресейден Сібірді басып еліне чехословак әскері қайтып барады. Бір бөлегі Қызылжарға келді. Бұлар совет үкіметінің қару-жарақтарынды тастап кет деген бұйрығына көнбей келеді. Бұлардың жарақтарын алып жібер деген бұйрық бар. Қызылжар Совдепі отарбада, вокзал маңына келіп тұрған чехословактарға «жарақтарынды қалдыр» деп сөз салып тұр. Чехословактардан көбінесе жанжал шығуға мүмкін. Сіздер де қамсыз болмай тұрындар...» — деген.

Екінші телеграммада: «Тез әскер жасауға пәлен жастағыларды жинаңдар...» — деген.

Совдептің мүшелері дағдарыңқырады... Тағы да соғысқа баруға ешкімнің ынтасы жоқ екені жұрттың бөріне белгілі.

Қалай болар екен? Қалай қылу керек?

Совдеп дағдарса да, белгілі жастағыларды әскерге жинауға (мобилизация қылуға) тығыз жарлық шығарды.

Совдептің мәжілісінен пәтерлерімізге қайттық. Ертеңінде таңертең менің пәтеріме Бөкен келді. Қызмет қылмайтын күн еді.

— Немене? Не хабар бар? — дедім.

— Еш хабар жоқ. Тым-тырыс. Жанжал болады ғой, түрі жаман, — деді.

Сол күні Бөкен, Абдолла, Өмірбай, Нұрғайын — бәріміз Есіл бойына, көкке шықтық. 1918 жылдың жазы шыққалы қаладан бірінші ғана көкке шыққанмыз сол еді. Көкке аунап, Есіл жағасында жаттық. Алтыатармен нысана аттық. Есілдің жағасы көк жапыраққа оранған. Қалың, көкөрім тал. Біз жатқан жер талсыз жиек. Көк шалғын. Есілдің суы көкпенбек көк жібектей ирендеп, шымырлап ағады. Аспан да жұп-жұмсақ көк торғындай. Алыстағы далалар да көкпенбек... Балдырған көк жапырақты көкөрім тал. Көкорай шалғын. Көк иірім мөлдір су. Көк торғын аспан. Жер де, аспан да — бәрі де көкпенбек. Ауа толған жаздың дымқыл жас жұпар иісі бойды алады. Қалың көк жібектің үстінде аунап бой жазғандай әңгімелесіп жаттық. Жүрек бір зор істі сезгендей соғады.

V

ЧЕХОСЛОВАК ЛАҢЫ, АҚМОЛАДА СОВЕТ ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰЛАУЫ

(1918 жыл, 3 маусым)

Түн ортасына шейін жазу жазып отырып, кеш жатып, кешірек тұрдым. Жатқан пәтерім Мұқымбай деген сарттың жесір қатынының еді. Жуынып болып шай ішіп отырғанымда, жатқан үйімнің бір кішкене баласы жүгіріп кіріп келді.

— Казак-орыстар станицада жиналысып жатыр. Бәрі қылыш-мылтық асынып алыпты. Бір тобы Совдепке кетті. «Совдепті ұстаймыз», — дейді. «Омбыда, Қызылжарда Совдеп қалыпты дейді...» — деді.

— Не дейді?.. Бар, біліп кел, — деп, баланы қайта жібердім. Бала жүгіріп кетіп, тез қайтып келді.

— Совдепті барып қамап, есіктерінің алдында тұр. Совдепке барып отырған Бачок, Монин, Павловтарды ұстап өкетті. Енді бір аттылар Кубриннің үйіндегі қызыл әскерлерді қамап тұр... — деді.

Ол арада үйге біздің «Жас қазақ» ұйымының мүшесі Көрім деген жігіт асығып кіріп келді. Болып жатқан оқиғаны айтты.

— Сен енді тез қаш, — деді.

Ол оны айтып отырғанда, үйге Совдептің мүшесі Шүкен Тіналин деген қазақ жұмыскері асығып кіріп келді. О да оқиғаны айтып:

— Қарағым, енді тез бойтаса қылайық. Алдымен енді сені іздейді ғой, — деді.

Ол арада тағы бір-екі досжар адамдар келді. Бәрі де «тез қашу керек» дегенді айтты. Және ол арада пәтер үйдің баласы тағы да жүгіріп келді:

— Казак-орыстар күжілдеп Совдептің өзге мүшелерін ұстап әкелу керек деп жатыр, Бөкенді казак-орысы бар, қазағы бар, төрт-бес кісі айдап алып барады. Станицаның маңайы толған атты, жаяу халық. Шәріп Ялымұлы ат үстінде, жиналған жұртқа айқайлап сөйлеп: «Сәкенді, Абдолланы ұстап әкелу керек деп жатыр», — деді.

Шаңқ-шұңқ еткен мылтық даусы естіліп қалды.

Отырған жолдастар шыдай алмады.

Маған:

— Енді тез жөнелу керек, — деді.

Мен:

— Жолдастар тұтқынға алынған болса, мен не бетіммен қашамын? — дедім.

Мылтық даусы шаңқылдап жатыр. Жолдастар қобалжып, мені қиыңқырамай, мені қашыруға үй деп-бүй деп отырды да болмаған соң бәрі шығып кетті.

Мен пәтер иесі әйелді шақырып алып, пәтер ақысын төлеп, кітап, қағаз, нәрселерімді көрсетіп, тапсырып, өзім даярланып отырдым.

Мылтық даусы біресе бір-бірлеп, сирек-сирек, біресе топталып атылып тұрды. Көшеде шауып өткен атты кісілердің дүсірлері шыға бастады.

Пәтер иесі әйел бір кіріп, бір шығып, маған:

— Ойбай, астыңғы біз отырған үйге барып отырыңызшы. Мұнда сізді іздеп келеді ғой енді, — деп қоймады.

Кешікпей қару-жарақты, едірендеген бес-алты атты кісі қораға кіріп келді: төртеуі ноғай, екеуі казак-орыс.

Мені тұтқынға алды. Мылтығымды тартып алды. Біраз бермей түр едім, біреуі арт жағымнан келіп, қамшымен бір-екі салып-салып қалды. Пәтерден алып жөнелді...

Күн ашық, жылы еді. Шаңқылдап, жаңғырығып андасанда атылған мылтықтың дауысы қақ тулаққа тиген са-

баудың дауысындай. Ерсілі-қарсылы шапқан атты кісілердің дүбірі, әр жерде шулаған, ереуілдеп самбырлаған жұрттың дауысына қосылып қаланы сөйгел тиген сиырға ұқсатты.

Көше бойы дүсірлеп, шандатып, ерсілі-қарсылы шапқылап жүрген атты, жаяу халық. Біреулер тамаша үшін жүр. Қару-жарақ асынған алты атты кісі, төртеуі татар, екеуі казак-орыс, мені көше бойы айдап, казак-орыстың станицасына өкеле жатыр.

Айдаушылардың бастығы белгілі Шәріп Ялымұлы, біреуі — Нүркей деген бір дүкенші (бай татар), үшіншісі — ат базарында сауда қылатын бір татар, төртіншісі — болыстарға тілмаш болып жүретін және ат базарында сауда қылатын Нұри Тойғанұлы деген татар.

Өкпелері көтерілген. Көздері ежірейген. Танаулары сөйгел тиген сиырлардың танауларындай желбіреді. Күжілдеп, жан-жақтағы көше бойы үйлерден шығып тұрған халыққа қарап айқайлайды.

— Ө-әй! Сендердің қораларында большевиктер жоқ па?! Міне, біз большевиктің қасқырын ұстадық!.. — дейді. «Но, жүр!.. Айда, аяғыңды бас, аяғыңды!» — деп, мені қамшымен ұрып қояды. Әсіресе көп ұратын Тойғанұлы. Мен Ялымұлына қарап:

«Шәріп абзи, сіз оқыған адамсыз ғой, мені ұрғызбай апарыңыз, көшеде қолмен ұру адамшылыққа жатпайды ғой...» — дедім.

Елірген ессіз «адамшылықты» не қылсын. Ұрып қояды...

Алдымыздан екі-үш салт атты қазақ шыға келді. Біреуі артымнан келіп, мені қамшымен салып қалды. Қарасам, бір кара сақалды, шұбарлау, бұржық бет қазақ. Мен бетіне қарап жай күлдім де:

— Е, сіз де ұрып қалыңыз, менің сізге де қылғаным бар шығар!.. — дедім.

Қазақ шегініп кейін қалды. Айдап казак-орыстың станицасына өкелді. Станицаның алды гу-гу, толқындай қозғалып, қайнаған халық. Қазақ, татар, орыс, қатын, балашаға. Гулеген, гүжілдеген сөз. Ерсілі-қарсылы шапқан атты кісілер. Анда-санда атылған мылтық дауысы. Шаң-шұң, шатыр-шұтыр, ың-шың дауыс шаңмен араласып аспанға ұшады. Жұрттың көбінің-ақ өбден өкпесі көтерілген. Естен, ақылдан айырылған қалың надан тобыр сөйгел қуалаған

сиырдай. Көздері ежірейіп, танаулары шелектей болып елірген, күжілдеген. Елірген ес жоқ, надан тобыр — бәрі өкірген сиырдай гулеп, большевикке лағнет айтады. Бәрі уыстап топырақ шашады. Мені станицаның алдына айдап әкелген кезде, есі шыққан тобырдың көбі қозғалып маған таянды. Жаяу тобырдың ішінде ең алдымен маған қарсы келген қазақ — Нұржан деген ақсақалға көзім түсті. Қолында әдемі қара таяғы бар. Көзі мәлік болған сиырдың көзіндей қызарған. Маған жанасып келіп, сүзетін сиырша қарап, мені балағаттады.

Мен ішімнен ыза болып, жай:

— Сізге жол болсын?.. Сіз ылғи бізбен бірге болған адам едіңіз ғой?.. Сіз бізбен бірге Совдепте де болған жоқ па едіңіз? — дедім.

— Былшылдама, сен не қылмадың!.. Бәлем, енді сазан берілер, қылармын саған! — деді Нұржан.

Сол арада гулеп, қозғалып, еліріп таянып келген жаяу тобырдың біразы шулап келіп маған жабылып қалды.

Қолы жеткені мені ұрды.

Ың-шың, шаң-шұң, пәлен-түген деп жатыр.

«Большевик!», «Бұзылған!», «Кәпір!», «Дінсіз!» деген сөздер естіледі.

Көтеріліп, бірінің басынан бірі асырып сілтеген жұдырықтар мені тұншықтыруға айналды.

Жұрттың ұрғанынан қорқып бар күшті жинап, «шынымен болысатын ешкім болмағаны ма?..» деп, тез халыққа көз жібергенімде, бір Сүлеймен қажы деген қазақ ұмтылып омыраулап келіп, мені тез қолтығына алып, жабылған тобырдан алып шықты. Жұртқа енді ұрғызбай, жылдам станицаға әкеп кіргізді.

Станицаның іші әбігер. Мылтық ұстаған сақалды, сақалсыз жас казак-орыстар. Қылыш, алтыатар тағынған офицерлер сарт-сұрт жүгіріп кіріп-шығуда. Станицаның ішінде кейбір жай отырған казак-орыстар да бар. Мылтық асынғандарының түрлері жинақ. Қимылдары шапшаң. Лепіріп кіріп-шығып жүр. Бәрінің бастығы Кучковский. Гүжілдеп бұйрық қылып, асынған қылышын сүйретіп сартылдап кіріп-шығады. Сүлеймен қажы мені икемдеп, шалапұла тінткен болып, төргі бір бөлмеге әкеліп тығып жіберді.

Бөлмеге кіріп келіп, қамаулы отырған Совдептің төрағасы Бачокты, оның орынбасары Бәкенді, комиссарлары

Монинді және Совдеп мүшесі Кондратьева деген әйелді көрдім.

Шолақ-шолақ сөз қатысып, бөріміз дағдарып отырдық.

— Атысқан кім?.. — дедім.

— Біздің қызылөскерлер, — деді.

— Өзге жолдастар қайда? — дедім.

— Павловтар да осында, мына бөлмеде, — деді.

Бармақты шайнап отырдық.

Мылтық даусы басылды. Бірақ самбырлаған сөз, шабу, шаң-шұң басылатын емес. Бөрінің бастығы Кучковский екпіндеп, самбырлап әмір беріп жатыр. Біраздан соң ұрып, Байсейіт Әділұлын әкеп біз отырған жерге сүңгітіп жіберді. Байсейітті қаланың шетінен ұстап әкелген екен. Абдолланы айдап қуып жүріп, көп ұрған екен.

Сөйтіп біраз большевикті біз отырған үйге тығып болды. Көбі ұрылған. Беттері, бастары қан. Әсіресе Катченконың беті көбірек қан...

Бөріміз бас қосқан соң, істің мән-жайын көрген соң, бармақты шайнай-шайнай отырдық. Елірген тобыр станицаның маңайын жынның ойнағындай қылды. Станицаны айналып алған. Ес жоқ. Азан-қазан. Көбі тамашаға жүргендер. Асыққан, жүгірген жаулар. Жиналған ат. Біреу дүсірлеп атпен тұра қамшылап кетіп жатыр, келіп жатыр. Тамашаға жиналғандардың кейбіреулері, ұсталған большевикті көріп, жығылған үстіне жұдырық салып та қалады. Төніп келіп, біз отырған бөлменің терезелерінен қарайды... Біреу терезені қағады. Қарадық. Қилыбай деген қазақ шал. Құнжындап, қолын шошандатады. Не деп тұрғанына түсінбей, қадала қарадым. Көзіне көзім түсті, бет-аузы, көзі жыны ұстаған бақсыныкіндей.

Маған қарап, қарға тұяқ жұдырығын түйіп, бірдеме деп кіжінген тәрізді болады. Терезеден о да бізге айбат шашқан болады. Сорлы!.. Сорлы!.. Не шара бар? Бетіне қарап, тек: «бейшара, бейшара!..» — деп, басымды изедім. Және біреулер келіп терезені қағып кіжінді. Басыбек деген саудагер қазақтың баласы. Боқтайды. Әсіресе Бөкен мен Байсейіттің атын айтып боқтайды. Басыбек баласының үйінде жүрген бір жалшы, ақысын бермеген соң, Бөкенге келіп арыз береді екен. Бөкен мен Байсейіт Басыбек баласын шақыртып алып, жалшыға табанда екі жүз сом алып береді екен.

Міне, енді саудагер, Басыбек баласы Байсейіт пен Бөкенді, олардың жолдас совдепшілерін аясын ба!..

Сөйтіп, казак-орыс оп-онай қаланы алды. Казак-орыстардың оп-онай Ақмоланы алғандығына осы күнге шейін жолдастар Совдептің төрағасы Бачокты айыптайды. Айыптайтын себебі: Бачок ешкімге Ақмолада болайын деп жатқан оқиға туралы біле-тұра хабар берген жоқ. Әуелі Совдептің басқармасына да айтқан жоқ. Егерде уақытында қамданып, большевиктер алдын ала казак-орыстар көтеріліс жасайтынын біліп отырса, мұндай болмас еді. Совдептің тұтқынға алынғанына қарамай, азғана қызыләскеріміздің штабы казак-орыстарға берілмей атыс қыла бастағанда, тұтылған Бачокты казак-орыстар біздің штабқа алып барыпты. Атысып жатқан қызыләскерді Бачок тоқтатыпты...

Бесін ауа бөрімізді қағазға тіркеп, жарақты казак-орыстар тысқа шығарып, атты, жаяу айдап жүрді.

Әлі де қамалап шұбаған тобыр. Көше бойы таңырқап қараған халық. Кейбіреулер қуанады. Бір казак-орыс кемпірі қақпасының алдында қарап тұрып шоқынып жатыр. Бізге қарап қойып, түртініп: «Шүкір құдайға» («Слава богу!») — дейді. Қуанатын, әрине, байлар, онсоң казак-орыстың кемпір-шалдары.

Бізді айдап кеп, бір көшедегі күйген кірпіш сарайға қамады. Казак-орыстардан есікке күзет тұрды. Кеше бұғып жүргендер қалаға ие болды. Көбінде ес жоқ. Әсіресе қазақ пен татар байларында ес жоқ. Шәріп Ялымұлы мас. Өңгіленіп алған. Қолында алтыатары бар. Біздің сарайға талай келді.

Біз сарайға келген соң да, ұсталған бірен-саран большевиктерді әкеліп сонда тықты.

Топырлап жатырмыз. Көбіміз аң-таң. Бұл халге қалай түскендікке жолдастардың көбі таңырқайды. Тамсанады. Кейбіреулер Бачокке ренжиді. Балағаттайды.

Қамаудың алдынан қарап өтіп жатқан адам. Дос та бар, дұшпан да бар. Біреу күйінген, біреу сүйінген. Жолдастар қамауда отырып, сырттағы жақындарынан хабар ала бастады. Ең алдымен хабар берген жөне одан кейін дегенбай хабар беріп тұрған жолдас Павловтың қатыны.

— Ылғи бастықтарды атамыз деп жатыр. «Он екі кісіні атпақ» деп хабар келді. «Мұның ішінде сегізі — орыс, төртеуі — қазақ».

Қазақ кімдер?.. «Бөкен, Сөкен, Абдолла, Байсейіт...»

Біресе: «Алты кісіні атады екен...» деп хабар келді.
«Мұның ішінде бір қазақ бар» дейді.

— «Он екі кісіні атуға ма, жоқ, онан аз атуға ма?...» деп, казак-орыстардың бастықтары мен қала байларының, төрелерінің бастықтары жиылыс қылып жатыр, — деп хабар келді.

Қалай болғанда да, халдың нашар екенін әбден білдік.

Түн болды. Жаттық. Түнімен дүсір. Самбырлаған дауыс. Шабуыл.

Ертеңінде ұсталып келген бірен-саран большевиктер «дейді» деген түрлі хабар айтып келді. «Омбы, Қызылжар, Көкшетау қалаларын да алыпты. Ол жақта большевиктерді атып, асып жатыр дейді...», «Қазақ-орысқа қосылған чехословактар дейді», — деп келді.

«Ұсталған кісілер көп... «Уақ» большевиктерді басқа жерге қамап жатыр...» — деп келді. Мұнысы рас көрінеді.

Біраз үрейлендік. «Шынымен революция біткені ме?...» — деп уайымдай бастадық. Казак-орыстардың бастығы, қаланың коменданты, офицер Кучковский келіп, жатқан жерімізді көрді:

— Бөріңіздің жұмыстарыңызды комиссия тексеріп қарайды. Сіздерді қамағанымыз, әшейін уақытша ғана, үкіметті алғанда, бүйтпеске болмайды ғой. Бөріңіз де тез босайсыздар, — деп кетті...

— Бастықтарды атуға үкім қылыпты, — деп, соңынан іле және хабар келді.

Үйіліп, топырлап жаттық. Жатқан қамауымызда терезе жоқ. Темірмен қоршаған бір төрт бұрышты тесігі бар. Күндіз есік ашық тұрады. Есіктің алдында мылтық ұстаған үш-төрт казак-орыстар тұрады.

Күзетте тұрған казак-орыстардың ішінде Ақмолада оқығандағы менің учителім Красноштанов көрінеді. Есік алдынан сүйінген қастар, күйінген достар қарап, көше бойы өтіп жатыр. Достардың кейбіреулері иек қағып амандасады. Кейбіреулері әр түрлі ас әкеліп жатыр. Қазақ қайда барса да ет пен қымызды тастағысы келе ме?.. Асы ет пен қымыз және басқа тамақтар.

Қамаудағы жұрттың айырылған есі бірте-бірте кірді. Оқиганы өңгіме қылып жатырмыз. Қара уайым қара пөлеше басты. Халдың нашар екенін әбден сездік. Бізбалы күйік көкірекке толды.

Іргеге арқасын сүйеп отырған Бөкеннің қасына келдім. Бөкен уайым айтты:

— Енді өлеміз ғой. Бірақ әйтеуір дұрыстық үшін өлеміз. Сол жері жақсы. Кейінгілер айта жүреді ғой... — деп, қасына келіп отырған мені құшақтады да: — Мен өлсем де, сен аман қалсаң игі едің: сен газетке жазып, кітапқа жазып, біздің не үшін өлгенімізді кейінгілерге айтар едің... — деді. Мен:

— Қой!.. Кім біледі?.. Олай деме, бәріміз де аман-есен құтылармыз. Тағы да өлі талай майданды көрерміз. Мұндай кімнің басынан кешпеген! — дедім.

Дағдарып отырмыз. «Бұл қалай болды?», «Неғып бүйтіп қалдық?» деген ой бастағы миды шырк айналдырды...

Бұл оқиға жалпы Россияда болды ма, жоқ, жалғыз Ақмолада ма? Міне, осыны әлі ешкім білмейді. Сарайда жүз шамалы кісіміз: совдепшілердің ең ірілері. Өзге «уақ» дегендері өзге қамауда. Қай жер аман, қай жер жау қолында екенін ешкім білмейді.

Бір уақытта Бачокты жауапқа шақырды. Павловты шақырды. Біреуі — Совдептің төрағасы. Бірі — ақша комиссары. Бұларды апарып тез қайтып өкелді, бұлардан жалғыз-ақ ақшаның ғана жайын сұрапты.

— Не білдіңдер?.. Үкімет кімнің қолында екен?.. — дейміз.

— Жәнді ештеңе білмеймін.

Жалғыз-ақ Бачок:

— Үкімет эсер партиясының қолында болса керек... — деді.

Кеш болды. Түн болды. Қамалып жатқан сарайымыз біртүрлі қапастық. Түн ортасында дүсірлеп келіп, жабулы тұрған есікті ашты. Жиырма шақты жарақтанған атты казак-орыс келіп, есік алдында тұрып бір қағазын оқып, кейбір жолдастарды шақыра бастады.

Аты аталып шақырылғандар біртін-біртін шығып жатты. Шақырылғандардың көбі ылғи бастықтар.

Қырықтан аса кісіні шақырып, тысқа шығарып, қатарлап тұрғызып жатыр. Айнала қамап жарақ асынған атты-жаюу казак-орыстар тұр.

Қазақ оқып, өмір қылып жүрген Сербов деген монархист, өзі техник, Донның казак-орысы. Қазір енді әскерше киініпті. Ақмолада Совет үкіметі жасалардың алдындағы сансыз жиылыстарда, митингтерде большевиктерге қарсы шығып сөйлеп жүретін адамдардың бірі осы Сербов болушы

еді. Міне, бұл енді қазір қылып асынып алған. Қолында қағаз. Сасық күзенше шақылдап, зекіп, кекетіп, большевиктерді қатарлап жатыр. Катченконы қайта-қайта кекетіп, бетіне таяп сіріңке тартып, жарық қылып көрді. Кекете күліп, жарықпен бетін анықтап көрді:

— Ө, жирен мұрт!.. Бірде менің көзімді тырнап ала жаздап едің! — деді...

Аспанда ай да жоқ. Бұлт та жоқ... Бірақ жұлдыздың жарығымен түн онша қараңғы емес. Сербов батыр бізді қайда апаратынын білмейміз. Сербов сасық күзеннің айғырынша шақылдап өскеріне өмір қылды. Өскер қылып-мылтықтарын сарт-сұрт еткізіп оңтайлап алды.

Даусы күңгірлеп Сербов: «Көне, жүріңдер!» — деді.

Атты-жаяу конвой қоршап, бізді айдап жөнелді. Қатарласқан бойымызбен жүріп келеміз.

Қала қараңғы, күңгірт, тұманның ішінде. Қала тынысын тоқтатып, өліп қалған бір зор мақұлық төрізді. Көше жымжырт, дыбыс жоқ. Бізден басқа қыбырлаған бір қара жоқ. Дем ішке тартылғандай, көз қадалып қатқандай. Айнала қоршап, мылтықтарын даярлап ұстап келе жатқан жаяу казак-орыстар. Олардың сыртынан қоршап, қылыштарын жалаңаштап, даярлап келе жатқан атты казак-орыстар. Атты казак-орыстардың жалаңаштап, қолдың саласындай көкке көтерген қылыштары аспандағы жұлдыздардың сәулесімен жылт-жылт етеді. Сырт-сырт басып, аяңдап біз келеміз. Атты казак-орыстардың астарындағы аттары ғана пысқырады, басқа ешкім де дыбыс шығарып сөйлемейді. Айдаушылар мен айдалып келе жатқандар, бірінен-бірі көздерін алмай аңдысып келе жатқан төрізді. Пышақтарын төсеп аңдысып, бірінің көзі тайып кетсе, бірі қара пышақты салып жіберейін деп келе жатқан төрізді. Өркім қалың ауыр ойға батып, қара тұманның ішінде келе жатқан төрізді. Өкеле жатқан жерін, неге өкеле жатқандарын казак-орыстар да өбден белгілеп, дайындап қойған төрізді. Айдалып келе жатқан большевиктер де баратын жерлерін және не үшін бара жатқандарын өбден біліп келе жатқан төрізді. Жұлдыздардың сәулесімен жалаңаш қылыш, жалаңаш мылтық жылт-жылт етеді. Мұнарға батып, тымтырыс болып түнерген қаланың үйлері шұбатылып қалып жатыр. Тұнжырап аңдысып, аяңдаған қалыпта, қаланың ортасынан шетіне қарай шықтық. Бір уақытта артымда

келе жатқан Құсайын Қожамбердіұлы мен жанымда келе жатқан Нұрғайын екеуімізге ақырын:

— Япырым-ай, қаланың шетіне шығарып, мыналар атады-ау! — деді. Мен:

— Бәрібір ғой, қайда апарып атса да, — дедім.

Қиял мен ойдың жүйріктігінде қисап жоқ. Барлық өткен өмір, тіршілік, жастан оқуға, білімге талпынып оқығандық. Бала күнгі ауылдағы өмір, Нілді заводындағы оқыған күндер; Ақмолада школда оқыған күндер. Жастықтың әуеніндегі әр түрлі істеген істер. Одан Омбыға барып, семинарияда оқыған күндер. Ондағы «Бірлік» деп ат қойып, оқып жүрген қазақ жастары болып ашқан ұйымның уақыттары. Өмірден күткен жемістер, тіршілікте иман қылып тұтқан мақсұттар. Елдегі көрген тіршілік. Ең әуелгі 1916 жылығы учитель болып, Бұғылы елінде, Нұра бойында өткізген бір жылым. Бостандықты қарсы алғандағы тілек, газет, комитет, митинг. Совдеп істемек болған, талай даярлап жүрген пландар. Өке, шеше, туған-туысқан. Жан қиысар достар. Жақсы көретін сұлу... Бәрі лезде бұлдырап, көшкен елдей шұбатылып, тізбектеліп, көз алдыма ап-айқын болып келіп, өтіп жатыр. Бала күндердегі арттағы істер, неше жылғы алдағы істер лезде сағымдай ғана елестеп өтті. Алдағы зор иман, зор үміт көз алдыма келіп, жүрек күйіп, қорғасындай еріп кетті. Осының бәрі қазір бір-ақ минутте жоқ болмақ... Бала жастан көрген күнің бір минутке тұрмайды. Өмір мағынасыз бір ойыншық тәрізді көрінді. Иә, ойыншық!.. Олай болса, өлудің де, тірі жүрудің де айырмасы жоқ... «Өлім келсе, келсін!.. Тез келсін!..» — деген ойға тоқтадым...

Иә, тағдырдың ісі осы! Жүрек, сезім өлімнен қорықпай, өлімге тура қараған тәрізді. Жан-жағың түбі жоқ тұңғыық болса, тұңғыықтан шығуға бір-ақ ауыз болса. Ол ауыз — күнәсіз өлім болса, — адам тайынбай, өлімге тура қарамақ. Қайта, өліммен тезірек айқасуға ұмтылмақ. Міне, біздің бәріміз де осы халде болсақ керек!..

Келе жатқан жігіттерде үн жоқ. Бәрі белдерін буған...

Бір уақытта бұрылды. Қаланың шетіне қарай бұрылды... Жүріп келеміз. Міне, айнала түпсіз тұңғыықтың жалғыз өткел аузында, қанжарын қайрап тұрған өлімге таяндық... Өмір де, тіршілік те әншейін бір түс тәрізді. Өңім де түс тәрізді. Дүниеде болдың, енді жоқ болдың. Жоқ болмайтын жан жоқ... Біреу ерте, біреу кеш... Азар болса,

біз ертерек жоқ болармыз. Бәрібір, әйтеуір жоқ болатын болған соң... Қайта тезірек болсын... Ана сорлы қайтеді?.. Жылайды-ау!.. Шынымен кеткеніміз бе?.. Шынымен, сорлы ана жылап қала ма?.. Қой, өлмеспіз!.. Не қылдық біз!.. Қазір бытырап қаша жөнелеміз... Апыр-топыр болып, шаңқ-шұңқ еткізіп мылтық атар. Қылыш шабар. Түннің мұнарына кіріп кетеміз... Елге барамыз...

Міне, осындай ойлар сапылдап, тізбектеліп келеді. Қаланың шетіндегі бір тас үйге таяндық. Сол тас үйдің қақпасының алдына келіп тоқтатты. Темірін, кілттерін, темір шынжырларын салдырлатып қақпаны сықырлатып ашты. Қақпаның ішіндегі төбесі ашық үлкен биік қамауға бөрімізді кіргізді. Иіріп тұрды. Түкпірдегі тас қыс үйден шыққан біреулермен Сербов мінгірлесіп сөйлесіп және бір-екі қылыш асынған адамдармен күбірлесіп сөйлесті, әрмен кірді. Ар жағынан темірлері, кілттері салдырлап бір есіктер ашылды. Күңгір-күңгір сөйлесіп, біраз кешікті. Біраздан соң қылыш асынған бір-екеуі келіп, біздің бір кісіні шақырып ертіп алып кетті. Апарып түкпірдегі үйге кірді. Біраздан соң тағы да біреуімізді ертіп әкетті. Одан кейін және біреуімізді ертіп әкетті. Апарып не қылып жатқанын білмейміз. Жолдастардың кейбіреулері тықыршып тұр...

Менің қасымда тұрған Нұрғайын маған:

— Япырым-ай, не қылып жатыр екен?.. Өлтіріп жатыр ма екен? Не қылып жатыр екен?.. — деді.

Мен кейідім:

— Не қылып жатыр екен дейсің!.. Не қылса, ол қылсын, былшылдамай, тұра берсейші! — дедім.

Нұрғайын да тұрып кейіді:

— Е, сен менің сөзімді осы жерде де тыямысың? Қазір бұл жерде сен мені тыя алмайсың!..— деді.

Мен ретсіз, орынсыз айтқаным өзім де ішімнен өкініп:

— Жарайды, қойшы енді, — дедім.

Нұрғайын екеуіміздің бұл сөзіміз тәуір болды. Тұнжырап, қалшия қарап, үндемей тұрған жолдастардың таяу тұрғандарының басып тұрған ауыр ойларын серпіп тастағандай болды. Жолдастар қозғалып бір-біріне сөз қата бастады. Жолдастарды бірте-бірте апарып түкпірдегі есікке енгізіп жатыр. Сталинге кедейлер съезінің атынан «Алашордаға» бермек болған автономиясына наразылық білдіріп жазған

телеграмманың қолжазбасы менің қалтамда еді. Тұрған жерде, соны қалтамнан алып, уақ қылып жыртып тастадым.

Бір мезгілде кезек маған келді. Мені алып түкпірдегі есікке енгізіп, майшамның жарығымен тар жолмен алып келіп, бір орындықты алдына қойып, оның үстіне қағаз қойып отырған ұзын мұртты, жуантық сары «төренің» алдына әкелді. Сербов терезенің алдында сүйеніп тұр екен.

Менің аты-жөнімді жазып алды.

— Ақшаң бар ма? — деп сұрады.

Қалтамдағы қағаздарымды көрді. Сонан соң әлгі мені алып келген, қылыш асынған екі жендетке:

— Бір бөлмеге апар!.. — деді.

Мені ертіп әкеп, қараңғы, салқын, асты тас бір бөлмеге енгізіп жіберді. Ауыр есікті сарт еткізіп жауып, сыртынан бір темірін шақырлатып қайырып қойды.

Мен бөлмеге кіріп, есік жабылысымен, қараңғы бөлменің төр жағынан бір-екі-үш адамның дыбысы шықты.

— Бұл кірген кім?.. — деді.

Дауыс менен бұрын кіргізген біздің жолдас, адвокат Трофимовтікі екен. Салқын, қараңғы, едені тас үңгірдің төрінде, сол тас еденде жатқан жолдастардың қасына сипалап келіп мен де қосылдым. Мен де тас еденге жаттым.

Өзара анда-санда сөз қатысып жатырмыз. Біраздан соң тағы бір жолдасты әкеп енгізді... Сөйтіп, көбімізді сол бөлмеге қамады.

Қап-қараңғы бөлмеге кіріп келген бір жолдас аяғымен сипалап, төрдің алдына шалқамнан түсіп жатқан менің аяғыма келіп тірелді. Жолдас мені аяғымен түртіп тұрып:

— Бұл жер еденде жатқан не? — деді. Жолдас орыс еді.

Мен орысша:

— Жер еденде жатқан кісі! (На полу лежит человек), — дедім.

Бұрышта жатқан жолдас Трофимов:

— Ah!.. Мынау қалай күшті айтылған сөз!.. (Ах, как это сильно и характерно сказано!) — деді.

Сөйтіп, қараңғы үйде қамалып, сөйлесіп, тас еденде жаттық. Таң атты. Жер еденнен жұрт ұйпалақтанып тұрды. Біраздан соң мылтық асынған күзетшілер бөрімізді қамау қорған қораға шығарды... Сонсоң қайта әкеліп жапты.

Бөлмеге казак-орыстың комендантының помощнигі Моисеев деген жас офицер келді. Моисеев казак-орыс емес. Ақмоланың бір байының баласы. Өзі Ақмоланың қала школасында менімен бірге оқыған еді. Қазір прапорщик-офицер, жас жігіт. Школада менімен қатар орындықта отыратын еді. Екеуміз де газет оқушы едік. Ойнап, школда саясат істері туралы талай сөз таластырып жүретін уақыттарымыз болушы еді.

Балқан соғысында біз оқып жүрген школдың оқытушылары Болгарияға жәрдем жинаған еді... Қаланың ұлықтары қатынасып, школда сауық кешін жасаған еді. Түркияны каралап, Болгарияны ақтап, қуаттаған еді. Школда оқып жүрген балалар он тиыннан, бес тиыннан Болгарияға жәрдем ақша жинағанда мен наразылық білдіріп, бес тиынды бермей қалып едім. Оқушыларға Моисеев мені «бұл — түрік патриоты...» — деп еді.

1913 жылы Ақмоладан мен Омбыға оқуға кеттім. Одан кейін кездеспей жүріп, сол 1917 жылдың ақырында Ақмолада Совет үкіметін орнату жолындағы талас-тартыс жиылыстарда онымен қайта кездесіп едік. Онан соң әкесінің үлкен үйлерін, жақсы диірмендерін, көп өгіздерін алып едік. Және Нұра өзенінің бойындағы қазақтардан зорлықпен алып отырған жерлерін, Ақмолада Совет үкіметі орнамай тұрғанда-ақ мен қазақтарға еріксіз қайтып алғызып едім.

Міне, бірге оқыған жолдас Моисеевпен енді жау болып ұшырастық. Қылыш, мылтық асынған. Үстінде офицер киімі. Белбеуін иығына әдемі ілгекті қайыспен көтерген. Қасында түрменің бастығы. Және бір-екі қару асынғандары бар. Екеуміз қарастық та қойдық...

Біз тас еденде отырмыз. Бізді көріп, түрменің тәртібі туралы түрменің бастығынан Моисеев сөз сұрап, оған өзі бір-екі бұйрық қылып шықты.

Бостандықтағы жақын адамдарымыз түйдек-түйдегімен асты жіберіп жатыр. Қымыз бен ет жатқан бөлмемізге толып кетті. Түрлі хабарлары да келіп жатыр.

Бір хабар айтады:

— Казак-орыстар большевиктің бастықтарын атамыз деп жатыр, өзге халық атқызбаймыз деп жатыр... — дейді.

Бір хабар айтады:

— Пәлен кісіні атуға даярлап, аттарын жазып қойыпты, бірақ анық атылатын кімдер екені жарияланған жоқ... — дейді.

Бір хабар айтады:

— Қазір атуға қорқып отыр, өйткені көп жер әлі де большевиктердің қолында, әуелі Омбы да әлі большевиктердің қолында тұр! — дейді.

Соңғы хабарды естіген соң, жүрек лүпілдей бастады. Жолдастар әрбір хабарды неше түрлі саққа жүгіртіп, талқыға салады. Әркім түрліше болжау айтады.

Ертеңінде мылтықты күзетшілер бізді тағы қамау қораның ішіне шығарды. Күзетке келген бір студент «эсермен» сөйлестім. Ол бізбен күліп сөйлеседі... Қаланың ендігі комендантының атынан қораның ішінде жапсырулы тұрған бір-екі қағазды оқыдық.

Қағазда бізді (большевиктерді) «халықтың, отанның дұшпандары...» деп жариялапты.

Және: «Енді күллі Россияда халықты, отанды бүлдірген жауыздар өкімет басынан қуылады. Енді бұл жауыздардың қолдарынан барлық Россия үкіметі алынады. Қолға түскен жауыз большевиктер тиісті жазаларын тартады...» — депті.

Және бір қағазға жазып қойыпты: «Атбасар алынды. Қаланың үкіметі пәленнің қолында. Көкшетау алынды, қаланың билігі атаман Анненковтың қолында. Қызылжар алынды, қаланың билігі полковник Волковтың қолында. Омбы алынайын деп жатыр. Қаланың төңірегін бөрі алынып бітті. Большевиктер қаланың ортасында ғана тығылып, атыс қылып жатыр», — деген...

Жолдастардың көбі бұл қағаздарды оқыған соң бармақтарын енді қаттырақ шайнады. Жүрек қаттырақ соқты. «Омбы алынбай қалса, казак-орыстар қашады... Өттеген-ай! Неғып біз бұлай болып қалдық?..» — деген ой әрқайсымызды қинады.

Ертеңінде қораның ішіне жапсырулы тұрған қағаздан «Омбы алынды» деген хабарды оқыдық.

Омбы алынған соң, большевиктерді «халықтың, отанның дұшпандары» деп бұрынғыдан бетер балағаттап, енді өздерінің күштерін тіпті зорайтып көрсетіп жариялапты.

Ақмоланы алған «батырлар» Омбы алынбай тұрғанда іштерінен қорқып, «әлдене болады» деп жүр екен. «Омбыны алдық» деген хабар келген соң, ысқырып шықты.

Қаладағы барлық прапорщик, офицерлерді жарактандырып, олардан отряд жасады. Қаладағы байлардың,

саудагерлердің жас-кәрісінің бәрін жарақтандырып, әскер тәртібіне қойды. Уезден, қаладан «мынау большевик» деген, яки мынау «большевиктерді қуаттайды» деген адамды абақтыға топырлатты.

Бізді түрменің әр бөлмесіне бөліп-бөліп кіргізді. Ең «қауіпті» бастықтар деген 24 кісіні шынжырлады. Шынжыр салынғандар: қызылөскер штабының бастығы матрос Авдеев, Совдептің ақша-қазына комиссарлары Павлов пен Монин, Совдептің төрағасы Бачок, оның орынбасарлары Катченко мен Серікбайұлы, Трибуналдың төрағасы Дризге мен Мартылого, азық-түлік комиссарлары Богомоллов пен Асылбекұлы, Совдептің президиум мүшесі және оқу комиссары Сейфуллин, еңбек комиссары Грязнов, Әділұлы және Жайнақұлы, Бекмұқамбетұлы, Ғиззатоллаұлы, Совдептің мүшесі емес социал-демократ Петракеев, тағы басқалар. Қырға, Ереймен жағына, әлгі белгілі Олжабай Нұралин болыс пен Әлкей болыстарды жауапқа алып, жазасын беруге шығып кеткен Жұмабайларды ұстап әкеліп, оларға да шынжыр салды. Жұмабайларды ұстап әкелген — әлгі Олжабай болыстар.

Өз киімдерімізді алып, жаман кенептен жасаған түрменің көйлек-дамбалын берді. Жеңі мен арқасы сары, өзге жері қара түрменің сырттан киетін, масқара бешпентін берді. Бізді қораның ішіне шығарғанда жағалай мылтық ұстаған конвой солдаттар тұратын болды. Омбы алынған соң казак-орыстар ақырып, жыланша ысқырып боқтай бастады. Сырттан бізге енді ешбір ас өткізбейтін болды. Қарауыл күшейді. Қарауылға біресе казак-орыстар, біресе прапорщиктердің отряды, біресе қала байларының, саудагерлерінің, мецандарының балалары келеді.

Бізге түрменің беретін асы сырты күйген, іші иленген, көк аяз, шикі қап-қара нан мен қара су болды.

«Мынау большевик» деген кісіні, яки «мынау большевикті қуаттайды» деген кісіні Ақмола уезінің жан-жағынан әкеп түрмеге тоғытып жатыр. Нілді, Спасск, Қарағанды заводтарынан бір топ жұмыскерді әкеп қамады. «Жас қазақ» ұйымындағы балаларды да ұстай бастады. Түрменің 12 бөлмесі лық толды. Енді түрмеге симағандарды қаладағы қараңғы, нәрсе сақтайтын, нәрсе қоятын тас үйлерге қамап жатыр. Казак-орыстың кісілері шабуылдап, Ақмола уезінің

барлық поселкелерін, барлық маңайдағы қазақ елдерін құтырған қасқырша кезіп, бет келген адамның басына қамшы ойната бастады. Елді бүйі тигендей қылды. Ел құтырған қасқырлар тиген қой төрізді болды. Қазақ-орыстар, байлар едірейіп алды. Нашарда үрей қалмады. Бір сөзбен қарсы келген кісілерге, яки «мынау теріс қой» деген кісіге, тіпті ешбір жазасы жоқ болса да, көңіліне жақпаған кісіге — қамшымен яки мылтықтың сүмбесімен дүре сала бастады. Мәселен, бізді шынжырларда ұста іздепті. Бір қазақ ұстаны шақырыпты. Ұста бізді шынжырлауға көнбепті. Көнбейсің деп ұстаны сойып салыпты. Ұста сонда да көнбей қалыпты. Қысқасы, жалпы еңбекші, нашар ел қой мысалында болып, бұлар қойға тиген құтырған қасқырдай бола бастады. Совет құлағанша Советті онша сүйкімді көрмеген кейбір бұқаралар ақтардың аяқ алысын көріп ойлана қалатын болды.

Енді бізді біресе: «Орынбор жақтағы қазақ-орыстардың жандаралы Дутовқа жібереді екен...» — деп хабар шашады. Біресе: «Омбыдан бір кісі келген соң, әскери сот ашып, тексеріп, бастықтарының бәрін атады екен...» — деп хабар таратады. Күннен-күнге басқан тұман ауырланып, қалыңдап, хал жаманға айнала берді. Барлық Сібір қалаларының бірінен соң бірін ақтар алған хабарларын күн сайын жариялап жатыр. Бір жұманың ішінде Сібірдің көп жерін ақтар алып бітірді. Түрменің бірінші бөлмесінде әрбір алынған хабарды ортаға салып, істің ақырын әр түрлі болжап отырдық. Біріміз қозғалсақ қол-аяқтағы шынжырлар, кісенді аттардың кісендеріндей сылдырлайды. Бәріміз қозғалсақ, темір шынжырлар түрмені күңіrentіп ың-шың қылады.

Бірінші бөлмеде отырған алты-жеті қазақ, өзге жерлердегі жолдастар — большевик қазақтар қандай халде екен деп әңгіме қылдық. Әрине, сөз болатын: Көкшетауда Сабыр Шәріпұлы, Омбыдағы қазақ жұмыскерлері: Тәтімұлы, Жәнібекұлы, Мүкейұлдары және Шаймерден Өлжанұлы, Қызылжардағы қазақ жұмыскері: Есмағамбетұлдары, Дүйсекейұлдары және олардың бастығы, уездік комиссар Ысқақ Көбекұлы және Омбыдағы оқушылардың «Демократ советін» жасаған жас большевиктер, тағы басқалар. Бұлар не халде екен деп әңгіме қылдық.

Жоғарғы айтылғандардың ішіндегі ол уақыттардағы ірісі және маған өзгеше танысы фельдшер жолдас Шаймерден Әлжанұлы.

Бұл «Алашорданың» белгілі жауы еді. «Алашорданың» азбандары да Шаймерденге өте қас еді. 1917 жылы Омбыға Орынбордан Бөкейханұлы келгенде, Омбыдағы қазақ жастары қазақтың «қамқоры» «Әлекен» келді деп құттықтап оны қарсы алып, жиылыс қылып, жиылысына келген Бөкейханұлын құттықтап сөздер сөйлегенде, көптің ішінен жалғыз шығып, Бөкейханды мінеп сөйлеген Шаймерден еді. Төренің аяғын құшайын деп жүрген төрешік «қазақ жастары» Шаймерденді «жынды» деген еді. Шаймерден жиылыстарын тастап шығып кеткен еді. Оның соңынан Таутан Арыстанбекұлы тәрізді жолдастар да кеткен еді. Бұл туралы оқушыға бұдан бұрын айтылып та өтті.

Және Ақмола губерниясынан басқа жердегі бірен-саран большевик қазақтардың халдары қандай болды екен деп уайым қылдық.

Семей губерниясында өзгелер «Алаш» болып еліріп жүргенде, большевиктерге қосылған жалғыз Нығмет Нұрмақұлы еді. Нығмет Қарқаралы уезінде оқытушы еді. Октябрь төңкерісінен кейін, Қарқаралыдан Нығмет маған жазған бір хатында бүй деген еді:

«Сөкен, істерің қалай?.. Бұрынғы патшаның тепкісінде жаншылған халықтарға теңдік беріп, адам санына санайтын жалғыз большевик партиясы екеніне көзім жетті. Сол себепті мен де большевик болдым...» — деген еді. Енді сол Қарқаралыдағы Нығметтің қандай халде екенін ойлап сөз қылдық.

Қазақстанның өзге губернияларынан 1917—18 жылдарда большевик партиясына қосылғандарды біз көп естіген де жоқ едік. Және газет беттерінде де көрген жоқ едік. Қазақ большевиктері саяси күресті «Алашпен» айқасып бастаған еді. Ал Қазақстанның әрбір губерниясында шыққан газеттердің, біздің Ақмолада шыққан «Тіршілік» газетінен басқасының, бәрі «Алаш» ұранына салып жатты. Әлеумет тарихына қарағанда, 1917 жылғы саяси күрестің зор майданындай ұлы дүбірлерде оқыған адамдардың саясат, әлеумет күресіне қатысқандарының бәрі де сол заманда шығып тұрған газет, журналдардың айналасына жинал-

мақ. Егерде әлеумет ісіне қатысқандар маңайындағы газет, журналдың бағытына риза болмаса, өздері бөлек газет, журнал шығарып, майданға шықпақ. Не болмаса басқа жерлердегі бағыты үйлес деген газеттерге пікірлерін жазып майдандаспақ. Бұл — саясат, әлеумет тарихының тәжірибесі. Мұны бұлай болмаған деп ешкім де айта алмайды.

Міне, сол 1917 жылғы ұлы дүбір, ұлы майданда Семейде шыққан «Сарыарқа» мен «Абай» «Алаштың» ордасы болды, Семей губерниясы, Қарқаралы уезіндегі жалғыз Нығмет Ақмолаға — «Тіршілік» газетінің басындағы бізге хат жазып жатты.

Ақмола губерниясында — Ақмолада шыққан «Тіршілік» газеті «Алашты» мінеп жазып жатты. Ақмола губерниясы Қызылжар қаласында «Үш жүз газеті» «Алаштың» азбандарын боқтап жатты. Ал Ақмола губерниясының бұл екі газетіне де риза болмаған біраз адамдар — «жасалаштар» Қызылжарда 1918 жылдың жазынан бастап «Жас азамат» деген газет шығарып, «Алашты» ұран қылды. «Алашорданы» көтерді.

Торғайдың оқығандары, Қостанайдың, Оралдың «алдыңғы қатардағы» оқығандары қосылып, Орынбор қаласындағы «Қазақ» газетінің шылауында болды. Бұлар көп жерге — барлық Қазақстанға жөн-жобасын беріп тұрды. «Қазақ» газеті «Алаштың» ұйым ордасы болып тұрды.

Түркістан оқығандары Ташкенде «Бірлік туы» деген газет шығарып, «Алашты» ұран қылып тұрды.

Бөкей ордасының біраз оқығандары, ақын, молда Қарашұлы бас болып, «Ұран» деген газет шығарып, «Алашорданы» ұран қылып тұрды. Тырбанып бұларға қарсы болған Жақыпұлы Серіктер ғана жүрді.

Қарашұлы Омар «Алаш» ұранын жыр қылып, кітапша жазып шығарды. Ұмытпасам, кітапшасының аты «Терме» еді. Кітапшасында Әлекенді мақтайды... «Ту ұстаған топтың Әлекең жүр басында. Сұр кепкісі басында; Гимназистер, студенттер қасында...» — дейді.

Қазақтың барлық газеттерін мақтайды. Жалғыз «Үш жүз» газетін боқтайды. «Тіршілік» туралы ептеп, жұмбақтап, ноқат қойып жазады.

Міне, осы газеттерді оқып, Қазақстанның басқа жерлерінде қазақтан большевикке қосылғандарды көп есіте алма-

ған соң, большевиктерге қосылған әредік қазақтардың алыстағыларымен араласа алмаған соң, түрменің ауыр халінде отырып, жалғыз өлгі айтқан жолдастарды ғана сөз қылып отырдық.

Ақмола большевиктерінің халдері, сөйтіп, өте нашар күйге түсті. Ақмолада қазақ большевиктерінің тұтқынға түспей кеткендері мына төмендегілері болыпты: Тұрысбек Мыңбайұлы, Жақия Айнабекұлы, Өбүбөкір Есенбақұлы, Ғалым Өбүбөкірұлы, Баттал Смағұлұлы, Көшербай Жаманайұлы, Шүкен Тінәліұлы, Сейіт Назарұлы, Арын Малдыбайұлы, тағы да басқалар. Және Ақмоладағы қазақ жастарының «Жас қазақ» ұйымындағы екпінді, алдыңғы қатарда жүрген, бірқатарларын да ұстамақ болған соң, олар да қашып кетіпті. Мыналар: Бөкен Жаңабайұлы, Көжебай Ерденайұлы, Салық Айнабекұлы, Өмірбай Дөнентайұлы, Дүйсекей Сақбайұлы және басқа осы төрізді «Жас қазақ» ұйымының балалары.

Сөйтіп, темір шынжырды күңіретіп, тас еденде топырлап жаттық.

Күзетші қанша болғанмен, тыстан хат-хабар алып тұрамыз. «Семейде «Алашорда» үкіметі жарияланып, ашылды» деген хабар алдық. Семейдегі «Сарыарқа» газеті «Алашорданың» ресми тілі болыпты. «Сарыарқаның» ұран салған нөмірлері Ақмолаға келіп те қалыпты. Тыстағылар бізге бір нөмірін жіберді. Дәл бізді балағаттаған нөмірі екен. Ұмытпасам, 42-нөмірі. Және бұл нөмірінде «Алашорданың» желбуаз үкіметінің жазған «жарлығы» бар екен. Ұмытпасам, жарлықтың нөмірі — 4.

Жарлығында:

«Қазақтан» большевик болған жауыз арамзаларды кімде-кім ұстаған жерде жазасын берсін. Бұларды тамырынан құрту керек», — дейді.

Өлімді күн сайын күтіп отырдық. Революцияның дұшпандары күннен-күнге абжыланша уын шашып, ысқыра берді. Қажы, молда, би, болыстар тыныстарын кеңітіп, жайланып демдерін алды.

Темір торлы тас сандықтың ішінде шынжырланып байлаулы қызыл сұңқарлар жатты... Қастың айызы қанды. Достың жүрегін жалын шалды...

АҚМОЛА ТҮРМЕСІНДЕ

Түрмені казак-орыстар мен прапорщиктердің отряды келіп күзеткенде, жыланша ысқырып келді. Өсіресе казак-орыстардың отряды келгенде, тобырлы жын келгендей болады. Кеуделерін ерсілі-қарсылы қатар тізген оқпен шырмап тастаған. Иықтарына қылыш, мылтық, шыбыртқы қамшы асынған. Бөріктері бір жақ шекесінде, шалбарларының екі жақ сандары төрт елідей жол қызыл шүберек. Неғұрлым түстерін ызғарлы, суық қылып көрсетуге тырысады. Дауыстарын күжілдетіп, айтатындары боғауыз, зекіру. Кейде крестьян жастарынан жинап алған солдаттары күзетке келіп тұрғанда, түрмедегілер өздерінің кісілері келгендей болады.

Үкіметті қолға алған батырлар бізді тергеуге және барлық Ақмола уезінде большевикшілдікті (большевизмді) жоюға комиссия жасады. Комиссияның бастығы патшашыл Сербов.

«Өлім жазасын қылады» деген хабар күн сайын өр түрлі болып жаңарып естіліп отырады. Түрмеге бір күні саудырап, бір топ болып Сербов пен түрменің бастығы және жеті-сегіз әскери адамдар келді. Бөрі иықтарына жарқыратып оқаларын тағып алыпты. Етіктерінің өкшелеріне сылдырмақ шошақ темір қадаған... Бөрінің қимылдары сарт-сұрт, сылдыр-сылдыр етеді.

Бұл Сербов түрмеге ертіп келген қаланың әскер бастығы екен. Саудырап біздің бөлмеге кіргенде түрменің бастығы гүрілдеп, бізге «тұрыңдар!..» деді. Біз тұрдық. Әскердің бастығы бізге:

— Бөріңіздің жұмыстарыңызды сот қарайды. Әрқайсыңыздың істеген істеріңізге қарай закон бойынша іс қылады. Законсыз ешнәрсе істелінбейді, — деді...

Ақтар үкіметті қолдарына алысымен, тығыз уездік съезд шақырған. Өрине, жиылысқа поселке мен ауылдың ылғи байлары, бұрынғы болыстары келді. Қандай қақпайлау болса да, кей жерлерден Совет үкіметін жақтайтын адамдар да келіп, жиылыс ашылған күні: «Ең алдымен мынау қамауда жатқан Советтің адамдары босансын!» — деді.

Казак-орыстардың бастықтары, байлар, офицерлер бұған шамданып, қамаудағы Совет адамдарын жақтап сөйлеген өкілдерді жауапқа алып, тұтқын қылды.

Ақтар күн сайын қаһарланып шығады. Данғой офицерлер Ақмолаға толып кетті. Иықтарына жарқыратып екі елі оқаларын тағып алған. Көше бойы жалт-жұлт, сарт-сұрт етіп, жын соққан тайлақша елірген офицерлер мен байлар.

Түрмеге сыймай кеткен және басқа үш-төрт тас үйге лық толған қамаудағы адамдарды тексеріп, өздерінше «зиянсыз» деген адамдарды босатып жатыр. Көбінен пара алып босатып жатыр. «Жас қазақ» ұйымынан ұсталған жігіттерді шығарды.

Мәселен, Дүйсекей Сақбайұлы, Темірғали Асылбекұлы, тағы басқалар — большевиктерге жанасып, Советке қызмет қылғандарды шығарды. Қазақтардан шығарылған: фельдшер Наурызбай Жолайұлы, Дәуіт Беғайдарұлы, мұғалім Ғалымжан Құрмашұлы, мұғалім Ғали Кітапұлы, жазушы Кәрім Өубәкірұлы, Уәли Қангелдіұлы, тағы басқа толып жатқан большевиктерді «қуаттаушылар».

Жоғарыдағылардың ішінде Уәли Қангелдіұлын сырттағы бір жақындарының себептерімен, байқамай шығарып қалып, артынан іле қайта ұстамаққа іздеген еді. Уәли қашып кетті. Уәли оқыған, білімді, ақылды жігіт еді. Социал пікірлі еді.

Кейбіреулерді: «Мен большевик емес едім, оларға өншейін кіріп едім...» — деп жалбарынуының арқасында шығарды (мәселен, Нұржан Шегебаласы).

Түрменің халы нашар. Өз киімдерімізді іш киімдерімізге шейін сыпырып алып қойған. Сырттан төсек-орын бергізбейді. Үстімізге киюге бергендері жұқа, бүрлі кенеп көйлек-дамбал. Қара ала шолақ кемзал. Астымызға салуға бергені бір-бір жұқа кенеп қап. Қапқа азырақ шөп толтырып берген. Соны астымызға салып жатамыз. Сыйғанымыз тақтайдың үстіне, сыймағанымыз жерде, тас еденде жатамыз. Түрменің іші кір, лас, сасық. Ішіндегі жұрт өте тығыз. Сырттан ас бергізбейді. Беретін асы қара су, сырты күйген, іші шикі зілдей қара нан. Кейбір жолдастар наннан құмалақ жасайды, дойбы жасайды.

Түрме он екі бөлмелі. Бәрінде лық толған тұтқын большевиктер. Қамаудағы жұрт ап соққандай жүдеді. Біз жатқан бөлме он екі терезелі. Терезе жуан төрт қырлы темірмен торланған. Терезенің бір орташа көзі ашылып-жабылады. Адам тығыз болғандықтан түрменің іші ысып, қапаланып

кетеді. Сасық түрме одан сайын сасиды. Сырттан таза ауа кіргізіп азырақ тыныс кеңітуге, терезенің өлгі ашылып, жабылатын көзін көбінесе ашып қоямыз. Ашқызғанда да ысыған қапалық кетпейді. Бөлменің тақтай сөкісінде, тас еденінде түнде жатқанда алақандай бос орын болмайды.

Күндіз бет-бетімізбен шүпірлеп, дөңгеленіп, уақыт өткізуге түрлі лаж істеп отырамыз. Біреулер қара нанның шикісінен жасаған дойбы ойнап отырады. Біреулер наннан жасалған құмалақ салып отырады. Біреулер жай өңгімелесіп отырады. Бірен-саран жолдастар өз алдына тұнжырап, ой тұманын аралап отырады. Кейбіреулер терезеден қарап отырады.

Күн сайын терезенің алдынан жолдастардың жақындары өтіп жатады. Казак-орыстар қарауылда тұрғанда, өткен кісілерді терезеге жанастырмайды. Еріксіз жинап алған крестьян солдаттары қарауылда тұрғанда, терезеге жанастыра береді. Терезе алдына келген жақындармен кейде бір-екі ауыз сөз қатыссақ та, олар парық қылмайды.

Түрме Ақмоланың күнбатыс жақ шетінде. Түрменің біз отырған бірінші бөлмесімен қатар екінші, үшінші, төртінші бөлмелердің терезелері сыртқа қараған. Бұл терезелерден қаланың кейбір шеткі үйлері көрінеді. Және қаланың күнбатыс жағындағы белес қана көрінеді. Қашығырақ Есілдің бір тоғайлы жері көрінеді.

Қарауыл солдат тәуір болса, терезенің алдынан жақындарымыз өткенде сөз қатысып, амандасып, керекті хабарлар болса, алып қаламыз.

Мен терезеден көп қараймын. Терезенің алдына мініп алып қарап отырамын...

Жаздың толықсыған кезі. Терезеден көкпеңбек болып дала көрінеді. Көкала кілем жамылғандай белес көрінеді. Көк желекке оранғандай Есілдің тоғайы көрінеді...

Біздің терезенің қиғаштау қарсысындағы бір шеткі үйге біздің Кременский деген шалдың балалары көбірек келетін болды. Өлгі үйдің терезелері біздің терезеге қарсы. Екі арамды жүз елу қадамдай. Өлгі үйге Кременскийдің балалары келсе, терезелерін ашып қояды. Ойнап, өн салып жатады. Кейде Кременскийдің балалары біздің терезеге өлгі үйдің терезесінен бинокльмен (дүрбімен) қарайды. Біз қарасақ, қолмен біртүрлі ым қылады. Біз түсінбейміз. Баласы ым жасай бастағанда, отырған шал Кременскийді терезеге өкеп

қаратамыз. Шал баласының ымдарын түсінеді. Бұ да ым қылады. Сөйтiп, ымды бiзге перевод қылады.

Жаздың толықсыған кезiн түрмеде өткiзiп отырмыз... Түрме жұрттың бәрiне де оңай емес. Лас, тар, сасық қапас кiмге жеңiл тиедi?.. Өсiресе жаз күнi... Қапас өсiресе жаз күнi, өте-мөте қазаққа оңай тимейдi. Жаратылыстың құшағында өскен қазақ баласына темiр шынжырлы тар қапас дозақтан қиын... Өсiресе толықсыған жаз күнi...

Терезеде отырып, көк белес, көк ала белес, көк далаға қараймын. Жаздың жұмсақ желi терезенiң ашық көзiнен кiрiп, жiбектей болып, беттi шарпиды. Жiбек желге төсiмдi ашамын. Барлық денемдi тосамын. Күйiп-жанған денеге жiбек желдiң жұмсақ демi шипа төрiздi тиедi. Ұшқыр ой қапасты тастап, шарқ ұрып кетедi. Тұтқыннан босаған сұңқардай жер мен көктi кезедi. Қиырсыз кең, көк ала кiлем түрiндей көк майса даланы шарлайды. Бұлақ сулары сылдырлап күлiп сумандап аққан орманды, елсiз тауларды кезедi. Қалың құстары, мың түрлi құстары шулаған, шалқыған аққулы көлдерi, көк жiбек сулары ирендеп аққан өзендердi кезедi. Елге барады. Елсiзге барады...

Терезеден қарап отырамын... Мiне, ырдуан ағаш арбаға өгiз жеккен қазақ келедi. Келе жатқан өкшесi — анау, алыс көрiнген дала. Арбасына тиегенi тезек. Өзi жаяу, өгiзiн айдайды. Өгiзi саспайды. Асықпайды. Түрменiң терезесiне жай қарайды... Жалқау қимылдап өгiзiн айдайды. Өгiзi басын жерге тұқырып, бүлк-бүлк аяндайды. Ырдуан арбасының дөңгелектерi қиралаңдап дөңгелеп, ақырын шикылдап ыңырсиды... Уа, шiркiн, бостандық... Сенiң қадiрiндi қапастағы тұтқыннан басқа кiм бiледi? Ана қазақтай, өгiзге жеккен ырдуанмен тезек тасып жүрсе де шiркiн, бостандық артық екенсiң!.. Мынау ана құшағын, төсiн ашқан кең даладан келедi-ау!

Қазақ өгiзiн айдап өттi...

Мiне, бiр топ балапандарын шүшiрлетiп ертiп, асыранды ақ қаз келедi. Мамырлап, иiлген ұзын сұлу мойнын созып, алды-артына қаранып, қаз жай аяндайды. Мойнын салып қаңқылдап, балапандарын толғанады. Балапандары жұмыртқадан жана ғана шыққан. Шүйкедей-шүйкедей сары үрпек. Төлтiректеп талтаңдап анасының соңынан ақырын тырбаңдап шұбайды. Толғанған анасына, нөзiк жiңiшке дауыстарымен шикылдайды. Анасының соңынан жығыла-

сүріне, қалмауға тырысады. Анасының екі көзі жан-жақта. Екі көзі балаларында. Балапандарын толғанып, шұбатып аяндайды. Бара жатқан беті, анау ойпаңдағы көгал. Көгалға барып жайылмақ... Шіркін, бостандық! Шіркін жаз!.. Жайылған ақ қаздай көгалына барып аунаған жан-ның арманы бар ма екен!..

Ақ қаз балапандарын ертіп көгалға барды...

Өне, қазақ қызы келеді. Анадайдан екі көзі түрменің терезесінде. Мен отырған терезеге қарайды. Маған қарайды. Екі көзі мөлдіреген қарақаттай... Жасы он төрт-он бес шамасында, ұзынша бойлы, талдырмаш. Үстінде қос етектеп бүрмелеген ақ көйлегі, басында қара барқыт тақиясы бар. Жібектей қап-қара қалың шашын өдемілеп, екі бұрым қылып өрген. Шашының ұшына қызыл жібек лента байлаған. Міне, жай аяндап терезенің қатарына келді... Терезенің алдында жүрген қарауыл солдатқа қарайды... Жүресін тіпті ақырын баяулатты. Кейін қараған болып, кейінде бірдемені күткен болып тоқтады. Мұнайып маған қарады. Көп тұра алмады, жүрді. Мөлдіреп қараған көздері қайғыға ортақ болған төрізді. Тұтқынның халін шын сезіп аяған төрізді. Қамыққан көңілді мөлдіреген көздері жұбатқан төрізді... Сезгіш жүрек, нәзік сұлу көкөрім қарындасым! Не ойлап сонша мөлдіреп қарайсың?.. Сенің қарауың қайнаған жүрекке, өртенген көкірекке қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей-ау! Рақмет! Терезенің алдынан екі күнде бір өтесін. Кімсің? Кімнің қызысың?.. Бізге кім деп қарайсың! Біз түрмедегі зор айыпты бұзық адамдар емеспіз бе? Біз халықтың, отанның дұшпандары емеспіз бе? Бізге неге сонша, аяған жүзбен қарайсың? Сезгіш жүрек, сұлу жанды қарындасым! Кімнің қызы болсаң да рақмет!..

Бұл бала біз түрмеге отырғалы біздің терезенің алдынан өстіп сан өтті. Терезеге көп таяу келмейді. Батылы жетпейді. Кім екенін, кімнің қызы екенін білмеймін... Бірақ, жүзіне өбден таныс болып алдым. Бір түрлі жақын көріп алдым, бір-екі күн көрінбесе, терезеден іздеп отыратын болдым. Қапастағы тұтқынның темір торлы терезесінің алдына торғай келіп жырласа яки тұтқынның ызғарлы, қараңғы бөлмесіне күлімдеген алтын күн алтын нұрын шашып түсірсе, яки терезенің көзінен қарап отырған тұтқынға жібек жел көк даланың жас иісін өкеп бүріксе, даланың жұпарын өкелген жібек жел беті мен мойнына торғындай

желбіреп келіп оралса, тұтқынның жарақатты жанына шипалы дем салынғандай болады. Келе-келе, өлгі қарындас анадайдан ақырын басын изеп, ишарат қылып, менімен амандасып өтетін болды.

Бір күні бір кішкене қызық болды. Бізге біреу «ертен пәлен кісі атылмақ...» деген жасырын хабар берді.

Түс мезгілі еді. «Атылмақ» хабарды алып, біздің бөлмедегі жолдастардың бәрі үн-түн жоқ, тұнжырап отырды. Бәріміздің де ия қол, ия аяғымызда темір шынжыр. Ауыр ой басып, мен де түрегеп тұр едім. Бәріміз де әлсіз, мұршасыз, қалшия қарап қатып қалған едік. Бір мезгілде көзім терезеге түсті... Өлгі қарындасым келеді екен. Үстінде қос етектегі ақ көйлегі. Шашында қызыл жібек лентасы. Бұралып, жай аяндап, терезеге қарап келеді екен. Тұнжырап басып, тұншықтырып тұрған қара тұман шайдай ашылып кетті...

Жұлып алғандай, шынжырларымды шылдырлатып, атқып терезеге шықтым. Жолдастарым да ұйқыдан шошып оянғандай шошынысып, жалт-жұлт қарасты. Бәрі де суық жүзбен таңырқасып қалды.

Маған: «Немене?.. Немене?..» — десті.

Мен: «Өлгі қарындасым кетіп барады!..» — дедім.

Жолдастардың кейбіреулері таң болды. Кейбіреулері «түү!» деді.

Бір күні, анау күні келетін қала әскерлерінің бастығы түсіп, орнына жана бастық келді деп есіттік. Айтқандай ертеңінде Сербов пен түрменің бастығы бас болып, саудырап жалт-жұлт еткен бір топ «төре» түрмеге келді. Кілттерін салдырлатып, біздің есікті ашып, алдымен түрменің бастығы кіріп келіп, күжілдеп: «Түрегеліндер!» — деді. Біз тұрдық. Қылыш, мылтық асынған ұлықтар саудырап кіріп келді. Бәрінің аңшының иттеріндей көздерін алмай, қайпаңдап, аузына қарағандары — бір едірейген жас жігіт. Жас төре қалпағын көшедегі бұзақы мастарша киген. Белінде мылтық, жанында қылыш. Қолында шолақ камшы. Кіріп келіп, екі аяғын талтайтып керіп тұра қалды:

— Е!.. Көбі қазақ қой! — деді.

Сербов әрқайсымызды «мақтап», «мынау пәлен, анау пәлен» деп, әр түрлі сипаттарымызды, «қасиеттерімізді» айтып тұрды...

Жаңа келген ақ әскерінің бастығы осы жас жігіт екен. Аты Кончаров, Қызылжардікі.

Ақмоланың әкімдері күндіз-түні сарт-сұрт жүрумен, мас болумен болды.

Омбы мен Қызылжар, Көкшетау жақтарда талай жолдастарды өлтіріпті деп есіттік. Ақмолада енді сотпен өлтірмек деген хабар аламыз.

Қамаудағы жұрт енді «өлім» деген сөзге бойлары үйренді.

Бостандықтан күдер үзілді.

Қамаудағы көп жолдастарды екшеп босатып, жетпіс-сексендей ғана, ылғи «өсіре қызыл» дегендерді алып қалып, жауапқа да шақырмай қойды. Тұтқындағы біздің алпыс-жетпістей қызыл әскерді Қызылжарға жіберді. Бұлармен бірге Совдептің құлауынан екі-үш-ақ күн бұрын Омбыдан келіп, бізбен бірге түрмеде жатқан жолдас Көлегейұлын да (Калегәев) жіберді.

Кей уақытта: «ақтардың күші азайыпты, енді қызылдар күшейіпті. Ақтарды бірте-бірте қусырып келе жатыр дейді...» — деген хабарды да алып қоямыз. Отырып әр түрлі болжау айтамыз. «Түбінде қызыл женуі хақ, бірақ оны біз көре алмай кетеміз ғой», — десеміз...

Біраз күн өтті.

Жолдастар ап соққандай жүдеді. Беретін асы — ылғи қара су мен сырты күйік, іші шикі қара нан. Бұған да үйреніп алар едік. Бұған да онша жүдемес едік. Жүдететін бізге келетін сансыз ұлықтың адамшылықтан тысқары қорлықтары, мазақтары. Жүдететін қаптаған ауыр ой. Жүдететін темір шынжыр. Жүдететін — күн сайын алып отырған «атады» деген хабары және түрменің тар ауасы, тас едені.

Кейде қайрат азайып, қажитын болдық. Кейде қатайып, қайраттанатын болдық. Түрменің он екі бөлмесінің бәрінде біздің кісілер. Бір есігі ашық жататын бөлмесінде ұрлықпен жататын қазақтар бар. Күнде, әр бөлмедегі жолдастарды түрменің ішкі қамау қорасына шығарып, он минут-бес минуттен бой жазғызып жүргізеді. Темір шынжырлар кіріп-шыққанымызда түрменің ішін жаңғырықтырып тұрады.

Бір күні біздің бөлмедегілер қамау қораның ішінде бой жазып жүр едік. Қамау қораның ішінде мылтықтарын ұстап қарауыл солдаттар тұр. Түрменің төрт-бес бөлмесінің терезесі қамау қора жақта. Біз қамау қорада жүргенде, терезелері қамау қораға қарап тұрған бөлмелердегі

жолдастар терезелерінен бізге қарап тұрады. Кейбір қайратты жігіттер жарқылдап, ашық жүзбен ишарат қылып амандасады. Кейбір уайымшыл жолдастар мұнды, қайғылы жүзбен тек бас ізеп қана амандасады.

Біз қамау қорада шынжырлаулы қасқыр күшіктеріндей ерсілі-қарсылы жүр едік. Сол күні бір үлкен уайымды күн еді. Халіміз өте қиындықта еді. Қамау қораға қараған терезелердің ашық көздерінен қайғылы жүзбен жолдастар қарап тұр екен. Терезенің төрт қырлы, торлаған кереге көз темірінен ұстап, иегін сүйеп, Кондратьева деген әйел жолдасымыз бір зарлы өлең айтып отыр еді. Кондратьеваның даусы әдемі еді. Оның зарлы даусы қобыздың дауысындай еді. Өлең — бір тұтқынның өлеңі. Өлеңінің жөне оның өнінің еңіреген зары, Кондратьеваның қалтыраған зарлы әдемі даусы барлық тұтқындардың күйінген жүректерінің күйін бір-ақ ауыздан айтып отырған төрізді еді. Күйінген зарлы өлеңді тыңдап, жолдастардың көбінің көңілі босады. Көбі қамықты. Кондратьева зарлап отырды. Көздерінен мөлтілдеген жас ақырын домалап тұр екен.

Бір күні біздің бөлмені ашып, кілтшімен өлгі есігі ашық жататын бөлмедегі ұрлықпен жатқан қазақтардың біреуі үлкен құшақ жап-жаңа шапқан көк шалғын алып келді.

Қазақ: «Түрменің жұмысына алып барып еді. Әдейі сіздерге мына шалғынды шауып әкелдім...» — деп, бізге берді.

Қуанғанымызда есеп жоқ. Шалғынды бөріміз құшақтай алдық. Дәл анасына тұс-тұсынан еркелеген, сағынған балалардай шаттандық, көк шалғынды иіскеледік. Құшақтадық. Төсімізге бастық. Кенелдік те қалдық. Баймағамбет шалғынның біразын көпке шейін құшақтап, иіскеп отырды. Міне, бостандықты, жаздың көк шалғынын сағынғандық сондай!

Терезеден қарап отырамын. Қарындасым екі күн, үш күнде бір өтіп жүреді. Ишаратпен бас ізеп амандасамыз. Терезенің бір мұрттау тұсындағы көгалды ойпанға балапандарын шұбатып, күн сайын ақ қаз өтеді. Кешегі шүйкедей сары үрпек балапандар күн сайын зорайып өсіп келеді. Тәлтіректеген балапандар күн сайын құс бейнесіне кіріп келеді.

Кейде түрмеде әр түрлі күлкі боларлық істер де болып қояды... Беретін асы қара су мен сырты күйік, іші шикі

қара нан болған соң, әрине, тәуір асқа ынтықпыз. Жылқының сүр қазысы, сүр шұжығы тұра қашса, тұра қуғандаймыз. Сырттан ас өткізбейді. Қарауыл қатты. Бірақ «андушыны алушы жеңбей қоймайды». Түрмеге кейде ұрланып, жіптіктей болып сүр қазы, сүр шұжық келіп қалады. Келгенде, тұтасымен келмейді. Және бір күнде келе алмайды. Анда-санда келеді. Қарауылдың ішінде бізді астыртын тәуір көретін адам болғанда келеді. Шүберекке тігілген, бір қарыс яки жарым қарыс шұжық есіктің жұдырық сыймайтын тесігінен топ ете түседі. Тесіктен еденге топ ете түскен сопақша кесекті, Құсайын құмай тазыша қағып алады. Шұжық түсерде, сүр тазыдай Құсайын тесікті аңдып отырады. Өйтетіні шұжық түсетін күні терезенің тұсынан Құсайынның келіншегі өтеді. Терезеден қарап тұрған бізге ымдап қалады. Келіншектің қыбыр еткен саусағын көз шалып қалғанда, жем көрген аш бүркіттей қылғынамыз.

Тесіктен топ ете түскен сүйем шұжықты Құсайын қағып алып, бүркітше бүріп отырады. Бірдей қылып бөліп жеуге пышақ жоқ. Қолымен бөлуге болмайды. Тістеп бөлу керек. Әркім өзі тістеп алу керек. Құсайын шұжықты тұтамдап отырады. Бірдей қылып әркімге тістетеді. Әркімге өлшеп, шұжықты бір еліден шығарады. Шұжықтың өзге жерін қолымен жауып ұстап отырады. Әркім шұжықтың Құсайынның қолынан шығып тұрған жерінен тістеп алады... Тістеп алатын кезек Байсейітке келеді. Құсайын Байсейітке ұсынады. Байсейіт шұжыққа аузын таяп келеді де, бетін өлімсіретіп басын кейін тартады. Басын шайқап күрсінеді.

Құсайын:

— Е, неге тістемейсің? — дейді.

Бетін бейшараландырып, Байсейіт:

— Қайтейін, тістегенде бұл тамақ бола ма! — дейді.

Құсайын:

— Е, көпті қайдан табамыз. Тістесейші! — дейді.

Байсейіт мұнайып:

— Жоқ, өздерің жей беріңдер... Бәрімізге тұтамдай шұжық тамақ бола ма? Жей беріңдер. Мен-ақ аш болайын... — деп күрсініп жата кетеді.

Бәріміз үйіріліп Байсейітке қайрат береміз.

— Шұжықтан Байсейітке көбірек бер... — дейміз.

Құсайын шеңгелдеген тұтамынан шұжықты көбірек шығарып, Байсейітке ұсынады. Байсейіт өлімсіреп басын

көтереді. Шұжыққа көзінің астымен қарап қояды. Екеуі көздерімен андысады. Құсайын ұсынады. Байсейіт күшін өлшеп, баяу қимылдап, қабаған шортанша төніп келеді. Шұжыққа аузын тигізіп тұрады. Шортанша сарт еткізіп қауып кеп қалады. Құсайынның қолын қоса қабады. Шұжықты қоя беріп, тістелген қолын қымсынып жұлып алады. Шұжық тұтасымен Байсейіттің аузында қалады. Жартысы Байсейіттің аузына кіріп кетеді. Сыймай қалғанын Байсейіт шеңгелдеп екі қолымен бүріп алады. Құсайын қайта тап беріп, шұжыққа таласады. Байсейіттің аузынан қалғанын жұлып алады...

Міне, осындай күлдіргі қылықтар да болады.

Шұжықты көбірек жеген соң, Байсейіт азырақ көңілденіп алады. Өнгімелер сөйлейді. Өзінің айтып қоймайтын бір орыс тілмаштан үйренген орысша қалжың өлеңін айтады. Өлеңнің аты «Қазақ әйелінің ашығын шақыруы»

Өлеңі мынау:

Призыв киргизки

О, айран, ты — моих желаний,
Кумыс, моих страстей,
Каймак — сердечных упований,
Степной баран, — души моей.

Ты барымтой на душу грянул,
Нагайкой сердце стегнул.
И мой киргизский дух воспрянул,
Когда в юрте ты заснул.

Дороже пестрого халата.
Верь — твоя мне любовь.
И она разит острее булата,
Тезяком сжигает кровь.

О,приди, шайтан, мой милый,
И упади во прахе ниц, —
Сливаю свой призыв унылый
Со ржанием пылких кобылиц.

Өлең қазақ арасында жүрген бір орыс тілмаштың қазақ тұрмысын келеке қылған өлеңі болса керек. Қазақша мәнісі мынандай:

Қазақ әйелінің ашығын шақыруы

Шіркін ашық, тілегім сен айрандай,
Құмарым сен сапырулы қымыздай,
Жүрегіме сен төттісің қаймақтай,
Жаным сүйер семіз қойдың етіндей.

Жаныма кеп барымтадай тидің сен,
Жүрегімді қамшыменен тілдің сен.
Қазақ рухым көтерілді сол жерде,
Киіз үйге ұйықтағанда келіп сен.

Илан, шіркін, ала тақта шапаннан
Маған қымбат ашықтығың бір сенін.
Кездіктен де өткір мені тіледі,
Тезек оттай күйдіреді жанымды.

О, шіркін, кел, сайтан қалқаш, тезірек!
Алдыма кеп жығылып жат етпеннен.
Қосып бірге құмарлықты қоныр зар
Кісінеуіне қызу қанды биенің...

Байсейіт бұл келеке қалжың өлеңді айтқанда, күлмей,
төсін керіп, қоқырайып, «артисше» айтады.

Біз қыран күлкі боламыз...

Бір күні «енді өлім жазасы болмайтын болды» деген хабар алдық. Хабарды байқастап тексердік. Рас тәрізді. Тыныс едеуір кеңіп қалғандай болды. Өкімдердің жындылары да азырақ сөл басылыңқыраған тәрізді болды. Сырттан келген астарды да енді өткізе бастады. Түрменің начальнигі кейбіреулермен ештеп астыртын жылы сөйлесе бастады.

Бір күні жауапқа шақыра бастады. Сегізден, оннан жолдастарды тізіп, казак-орыстың атты солдаттары айдап, жауап алатын жерге алып кетеді. Алдыңғы барып келгендерден «не сұрады?..» деп жолдастар жабырласып сұрайды.

Кезек бізге де келді. Бізді он бес, он алты кісіні бір-ақ айдап жөнелді. Бәріміздің аяқтарымызда темір шынжыр. Қылыштарын жалаңаштаған атты казак-орыстар бәрімізді қатарлап екі-екіден тізді, бойымыз ұзындау Байсейіт екеумізді алдына тұрғызды. Атты конвой темір шынжырларды күнірентіп айдап жөнелді. Көшеге шығарды. Күн ыстық. Шілденің уақыты. Көше бойы жиналып, анталап қарап тұрған халық: қатын, бала, қыз-қырқын, көрі, жас,

ноғай, қазақ, орыс, атты, жаяу — көшеге сыймайды. Конвоймен көшені қақ жарып, шынжырларымызды сылдырлатып аяндап біз келеміз. Халыққа жай қараймыз, көзіме талай дос адамдарым, талай таныс адамдарым түсті. Томсарған, телмірген жүздерімен ақырын ишарат қылып, қолдарымен төстерін басып, бастарын изеп амандасады. Көптің ішінде қырдан келген әкем мен кейбір достарым көзге түсті. Олар да құр алыстан телміріп қарайды. Көзіме Байсейіттің де, Абдолланың да, Жұмабайдың да қырдан келген әкелері, достары көрінді. Бәрі де үндемейді. Көкіректегі жанған өрттерін қысып, қолдарымен басып, тек анадайдан телміріп қарайды. Кейбіреулер жылаған сияқты. Жаудың қолынан бізді жұлып алуға дәрмен жоқ. Жаудың жаракты екенін көріп тұр. Көше бойы, екі жақта қақ жарылып қарап тұрған дос пен дұшпандардың қадалған көздерін суарып келеміз. Шынжарларымызды шулатып, көшені күнірентіп, тізіліп, аяндап келеміз.

Тергеу комиссиясының үйі қызыл қыштан салынған, бір школ... Мен қыстыгүні үйінде пәтерде тұрған Токарев деген учительдің бала оқытатын школы. Пәтері осы школдың ішінде еді. Пәтерде жатқан үйіме, енді, бүршікті кенеп көйлек, кенеп дамбал киіп, жалаңбас, шынжырлаулы келіп кірдім. Байсейіт екеуіміз алдымен кіріп келе жатқанымызда, Төлебай Нұралыұлына басқыштың үстінде ұшырастық.

— Амансын ба, Сәкен! — деді.

Мен:

— Шүкір! — дедім.

Төлебай үйге жылдам басып кіріп кетті. Біз, Төлебайдай аяғымыз билеп тұрған уақыт емес, малтыға басып кірдік. Школдың залына бізді кіргізіп, есікте қарауыл тұрды.

Конвойдың бастығы барып екінші бөлмеге кірді. Бір орысты ертіп шықты. Екеуі біздің бір жолдасты сол бөлмеге шақырып кіргізіп әкетті...

Бірте-бірте шақырып, сұрап, шығарып жатыр...

Зал үйдің ішкі қораға қараған терезесінен қарап тұрдым. Қорада қыстыгүнгі пәтерімнің кемпірі, Токаревтің шешесі жүр екен. Терезеден қарап тұрған мені көрді. О да маған қарап тұрып басын шайқады...

Кезек бір уақытта маған келді. Бөлмеге кірдім. Үстелді айнала әкімдер отыр. Бастығы Шонтонов деген бір казак-орыс. Сербов дәл маған кезек келердің алдында шығып

кетіп еді. Комиссияның өзге члендерінің біреуі бір қара сақалды крестьян екен, өзге екеуі екі жуан қазақ. Оның біреуі саудагер Тәшти деген кісі. Біреуі белгілі молда Мәnten деген кісі. Олардың қасында Төлебай отыр. Мен үстелдің жанына келгенімде, Тәшти мен Мәnten ақырын менімен амандасты.

— Амансың ба, Сөкен!.. — деді.

Мен «шүкір» дедім...

Менен Шонтонов жауап алды:

— Совдепке қалай кірдіңіз?..

Мен:

— Совдепке бұқара халықтың, ел қазақтарының сайлауымен кірдім, — дедім.

— Нені қорғамақ болып кірдіңіз Совдепке?..

Мен:

— Қазақ халқының, өзімді сайлаған нашар елдің пайдасын қорғауға кірдім!

— Қандай қызметті басқарып отырдыңыз?..

Мен:

— Ақмола уезінің оқу істерін басқарып отырдым...

Совдептің президиумында болғанымды ол сұрамаған соң, мен айтпадым.

— Митингтерде, жиылыстарда болдыңыз ба?..

Мен:

— Болдым.

— Өзіңіз шығып сөздер сөйледіңіз бе?..

Мен:

— Сөйледім білем!

— Не сөйледіңіз? Не туралы сөйледіңіз?..

Мен:

— Білмеймін, есімде жоқ.

— Большевик партиясына жазылып па едіңіз?..

Мен:

— Иә, — дедім.

— Учредительное собраниеге (мемлекет құрылысын шешетін жиылысқа) қарсысыз ба, жоқ па?..

Мен:

— Егерде учредительное собраниеге қалың нашар қара бұқара халықтың шын өкілдері жиналатын болса, қарсы емеспін! — дедім.

— Дінге қалай қарайсыз?

Мен:

— Мен өзім діншіл адам емеспін.

— Сіз мешітті боқтапсыз ғой?..

Мен:

— Тек қарап тұрған жансыз нәрсені боқтауға мүмкін емес қой,— дедім.

— Сіз осындағы қазақша шыққан «Тіршілік» газетіне қандай сөздер жазып тұрдыңыз?..

Мен:

— Көбінесе өлең-жыр, — дедім.

Қара сақалды мұжық әкім:

— Сіз жазушысыз ба? — деді.

Мен:

— Иә, азырақ жазушы едім, — дедім.

Ол:

— Қандай өлеңдер жаздыңыз?

Мен:

— Көбінесе тұрмыс суретінен жазған едім, — дедім.

Шонтонов:

— Өлеңдерді неге жазып тұрдыңыз?..

Мен:

— Жазатын болған соң жазып тұрдым да. Өлең, жыр жазып тұру айып емес шығар, — дедім.

Қара сақалды орыс Шонтоновқа қарап:

— Е, тұрмыс суретінен өлең жазудың немене айыбы бар?.. Жазушы болған соң жазады да! — деді.

Шонтонов:

— Сіз бірінші май күніне арнап бір пьеса жазып, осында спектакль жасатқызыпсыз ғой. Сонда ылғи большевиктерді мақтапсыз ғой! — деді.

— Пьесам бірінші май күні осы Ақмолада ойналғаны рас. Бұл пьесаның ішінде мен тек қазақтың 1916 жылғы прием уақытындағы ынсапсыз болыстарын, тілмаштарын, байларын, молдаларын ғана көрсетіп жазғамын. Одан басқа ол пьесаның ішінде бөтен сөз жоқ, — дедім.

Сонсоң Шонтонов қасындағы орыс пен қазақ жолдас-тарына қарап:

— Енді сіздердің сұрайтын сөздеріңіз болса, сұраңыз-дар,— деді.

Өзгелері үндеген жоқ. Төлебай маған қарап:

— Сіз «Тіршілік» газетіне өлең, жырлардан басқа ешнәрсе жазған жоқсыз ба? — деді.

Мен:

— Басқа, жай сөздер де жазып тұрдым, — дедім.

Төлебай қалтасынан «Тіршілік» газетінің бір нөмірін суырып алып:

— Мына нөмірдегі атаман Дутовты жамандап, «Алашорданы» жамандап жазған мына бір сөздер сіздікі емес пе?.. Мына «Шәміл» деп, ақырына қол қойған сіз емессіз бе?.. — деді.

Мен:

— Менің атым Сәкен, Шәміл емес, — дедім.

Төлебай:

— Жоқ, біз білеміз, бұл сіз боласыз, бізге басқармада қызмет қылған адамдар айтты, — деді.

Мен:

— Олар қате айтқан шығар, — дедім.

Шонтонов:

— Ендеше, бұл «Шәміл» деген кім? — деді.

Мен:

— Білмеймін. Газеттің ресми шығарушысы Рақымжан Дүйсенбайұлы. Оны сол біледі. Содан сұраңыздар, — дедім. Рақымжан ол кезде қырда жасырынып жүретін еді.

Тағы да Төлебай бір қағазды суырып алып:

— Ендеше, сіз мынаны білесіз бе?.. — деді.

Менің Сібірдің аймақтық Совдепіне «Алаштарды» баяндап жазған қағазымды көрсетті. Қағазды маған көрсетіп:

— Мына алашордашыларды жамандап жазған сіз емессіз бе?.. Мына қол сіздікі емес пе? — деді.

Машинаға басқаннан кейінгі түзеткен қолым тұрған соң, бұлтара алмадым.

Мен:

— Жазсам, жазған шығармын, — дедім.

«Мен мына қағазды жаздым» дегізіп, қағаздың шетіне қол қойғызды.

Төлебай және бір қағазды қалтасынан суырып алды.

— Мына қағазды танысыз ба?.. Бұл қағазды көптің атынан жазған сіз емессіз бе? — деді.

Қарасам, Ақмоланың өлгі уездік кедейлер съезінің атынан Сталинге алашордашылдарға автономия берудің қате екенін айтып жазған біздің телеграмманың түпкі нұсқасы екен. Қолбаспа машинасына басқаннан кейін менің бір түзеткен сөздерім бар еді. Бұдан да бұлтара алмадым...

— Бұл қағазды жазғанда, көпшен бірге менің де болғаным рас, — дедім.

— Сізден басқа тағы да кім-кім болып еді? — деді.

— Білмеймін, халық көп болып еді, кімнің болып, кімнің болмағанын білмеймін, есімде жоқ, — дедім.

«Бұл қағаз жазылғанда мен кірісіп едім» дегізіп, оған да қол қойғызды.

— Сіз «Алашордаға» қарсысыз ба? — деді.

— Қарсымын, — дедім.

— Неге қарсысыз? — деді.

Мен:

— Алашордашылдар орыстың патшасы түскеннен кейін қазақты орыстан бөліп алып, өздері қазақ халқына хан болғысы келеді, өздері патша болғысы келеді. Біздің пікірімізше, патшадан бір құтылған езілген қазақ халқына енді хандардың ешбір керек жері жоқ. Және, бұлардың ниеті бойынша, қазақ халқы орыстан мүлде бөлінбек және қазақ жерінен күллі крестьян орыстарды қумақ. Орыстар қуылса, үлкен бүліншілік болмақ. Қазақтың нашар бұқарасына теңдік өперген орыс еңбекшіл халқынан біз айырылып қалмақпыз. Міне, осы себепті мен «Алашордаға» қарсымын! — дедім.

Орыстардың көздері шығып кете жаздады! Әсіресе қара сақалды крестьянның көзі ежірейіп кетті.

«Алашорданың» шын ниетін орыстар менен ғана білгендей болды. «Алашордамыз» деп ақтармен бірге мені тергеп отырған үш қазақ — Төлебай мырза, Тәшти сәудегер, Мөnten молда — не қыларын білмеді. Қып-қызыл болды. Қызарғанда, большевик болып «қызарған» жоқ, тек сасық қарындарындағы қаны беттеріне келді.

Орыстар «Алаштарға» ала көздерімен өдемілеп қарап қойды. Найзамның дәл тигенін біліп, қыбым қанып, қағазға қол қойдым.

Залға шықтым. Кейінгі жолдастарды да сұрап жатыр. Залға Тәшти мен Төлебай шығып, терезенің алдында тұрған менің қасыма келіп, менімен сөйлесіп тұрды. Сөздері тіпті жылы. «Бір туысқан» адамдардың сөздері тәрізді.

— Е, ештеңе етпес, әлі құтыларсың... — деген сөз айтты.

Төлебай екеуіміз бұрын бірге оқыған, бір жылы бір пәтерде жатқан ашынажай едік. Бұрын дос болғандығымыздан, біраз «наз» айтысып тұрдық.

Біраздан соң олар бөлмелеріне кіріп кетті.

Біз, Байсейіт екеуіміз, школдың терезелері көшеге қараған бір бөлмесіне кірдік. Сырттағылар сол арада бізге қымыз жіберіпті. Конвойдың бір солдаты әкеп берді. Іштік.

Терезеден қарасақ, екі қазақ әйелі терезеге таянып келіп тұр екен. Біреуі Байсейіттің келіншегі. Біреуі қайын енесі екен. Бізбен ишарат қылып амандасты. Біз де терезеден бастарымызды изеп, жылы түспен амандастық. Өйелдер, біздің түстеріміз қайғылы болмай, «қуанышты» тәрізді болғанына, үміттеніп қалса керек. Екі әйелдің де түстері жылып кетті. Ишарат қылып, бастарында ақ кимешек жаулықтарын ұстап көрсетіп, ымдап жауап сұрады. Мен ишараттарына түсіне қалдым да, күліп басымды шайқадым. Ақ жаулығын көрсетіп ишарат қылып жауап сұрағаны — «ақталдыңдар ма» деген сөзі еді.

Комиссия жауап сұрап жатыр. Біз тұрған үйге сөйгел қуған сиырдай елдіріп, бір кіріп, бір шығып офицерсымақтар жүр. Салдыр-гүлдір етіп жүреді. Кейбіреулерінің қолында қамшы. Кейбіреулерінің қолында шыбық. Үріккен тайлақша жалт-жұлт етеді. Біраздан соң комиссия жауап сұрап болды. Бөрімізді тізбектеп, сылдыратып, атты конвой түрмеге айдап қайтты.

Жауаптан кейін жұрттың көбін шығарып, «өте қатты іс қылғандарын» ғана алып қалады екен деген хабар шықты.

Құбылған, үйреншікті, біресе жақсы, біресе жаман хабар күнде естіледі.

Жұрттың бөрі-ақ шығуға құмар. Түрменің ызғары бөрімізге де батты. Терезеден достарымыз, қырдан келген туыстарымыз, әкелеріміз өтіп жүреді. Өтіп бара жатқанда, терезеден қарап бас изеп, амандасып қаламыз. Олар да мұңайып, ишарат қылып, амандасып өтеді. Терезенің сыртында қарауылда төуірлеу солдат тұрғанда, аяндап өтіп бара жатқан жақынымызбен сөз қатысып та қаламыз...

Бір күніміз бір күнімізге ұқсайды. Уақыт өтпейді. Тіпті ақырын жылжиды. Шикі піскен наннан жасаған дойбы, шахмат ойнаймыз. Өңгіме сөйлейміз. Кей уақытта бірімізді-біріміз қажап, ойнап та қоямыз.

Мен терезеден көп қараймын... Күн сайын болмаса да, әлгі шашына қызыл лента таққан қыз бала терезе тұсынан қарап өтіп жүреді. Ақырын бас изеп амандасамыз. Күн сайын балапандарын шұбатып, терезенің тұсындағы ойпаң

көгалға ақ қаз өтеді. Өуелдегі жұмыртқадан жаңа шыққан шүйкедей сарыүрпек балапандар енді үлкейіп, темірқанат болып қалды... Дегенмен, күн жылжып өтіп барады... Тұтқындарды қозғап, бір бөлмеден бір бөлмеге ауыстыра береді. Терезесі тысқа қарамаған бөлмеге кіргізгенде, дүниеде бос жүрген жанды көзбен де көре алмай қалғандықтан, тіпті ауыр қапаланамыз...

Бір күні Байсейіттің туғандары жәрдем сұрап «Алашордаға» телеграмма соғыпты. Өйткені «Алашорданың» Мұқаметжан Тынышпайұлы мен Серікбай Ақайұлы Түркістаннан Ақмола уезінің шетін басып Семейге қашып бара жатқандарында Байсейіт кез болып, шығарып салған еді ғой. Міне, енді қысылғанда сол «Алашорда» отағасыдан «жақсылыққа — жақсылық» сұрапты. Осылай қылғандарын түрмедегі бізге білдірді. Біз «қайтер екен?..» деп отырдық. Байсейіт едәуір үмітті болып отырды.

Бір күні терезеден қарап отыр едік. Байсейіттің бір кішкене інісі терезенің тұсынан қарап, анадайдан жүгіріп өтті. Біз қарай қалдық. Бала біздің қарай қалғанымызды көріп, өз бетімен өтіп бара жатқан балаша жүгіріп, бізге қарамай, алдына қарап дауыстады.

— Әй, әй!.. Сүйінші!.. Бөкем босанатын болды... — деді.

Ананың қулығына түсіне қалдық. «Байсейіт босанады екен» деп қуаныстық. Біраздан соң терезенің анадай тұсынан Байсейіттің келіншегі, қайын енесі және де түрмеге біраз отырып шыққан қайын атасы Наурызбай фельдшер, әлгі бала — бөрі бірге өтті. Бөрінің беттері жадырап, гүл-гүл жайнап қуанған. Атасы Наурызбай бөркін қолына алған. Терезеден қарап тұрған бізге ишарат қылып, Наурызбай бөркін бір-ақ бұлғады...

«Алашорда» Тынышпайұлынан, Ақайұлынан «Байсейітті босатсаңыз екен...» деген телеграмма келген екен...

Бірақ онымен Байсейітті босатпады.

Біраз уақыт өтті. Біз түрмеге түскеннен кейін жұмыртқадан шыққан, әлгі шүйкедей үрпек қаз балапандары енді құс болып ұшып кетті.

Түрменің төртібі бұрынғыдан гөрі тәуірлеу болды. Өрине, өйткенімен қарауылға келген кейбір офицерлер, түрменің кейбір ұлықтары зекіріп қояды. Кейде тіпті нағыз хайуандық сөздерді шығарып қояды. Боқтайды, сөгеді. Бір күні күндегідей танертең біздің бөлмені ашып, ішкі қамау қораға

шығарды. Қораның ішінде бір жолдас екеуміз шұңқырмен суық су алып, бетімізді шайып тұрдық. Мен аяғымдағы темір шынжырдың тілерсектегі шеңберін балтырыма сырып қойып тұр едім. Түрме бастығының Фролов деген орынбасары жанымыздан өтіп бара жатты. Ашан, мұртты, аққуба жігіт еді. Бір жақ бетінің жалпақ қып-қызыл теңбіл қалы бар еді. Түрмедегі қазақтар оны «қалды бет» деуші еді. Орыстар «краснощекий» деуші еді. «Қалды бет» (Фролов) тұра қалып маған қарап, қасымызға келді. Маған зекіреді:

— Шынжырды өстіп сала ма екен?.. Әлі шынжыр салуын білмейсің!.. «Арестант» дейді сендерді!.. (Не умеешь кандалы носить! Еще арестантом называешься!) — деді.

Бұған не дерсің!..

Шілде өтті. Егін алатын уақыт болды. Түрмеге сырттан ас келіп тұрады. Қалай болғанмен түрменің ішкі тәртібі бұрынғыдан едәуір жөндемді болды.

Түрмеде өз әлінше әр түрлі оқиғалар болады. Кейбір оқиғалары бұл күнге шейін ап-айқын есте.

Бір бөлмеден бізді бір бөлмеге көшіріп, түрменің жетісегіз бөлмесін көрсетті («Біз» дегенім қазақ жігіттері).

Тұтқындарды екшеп-екшеп, елу шамалы адамды «большевиктің түзелмейтіндері» деп жатқызып қойды. Бұлардың ішінде қазақтан сегіз-тоғызбыз. Түрмедегілерді бір бөлмеден бір бөлмеге көшіре бергенде, шама келгенше қазақ жігіттері «бір қос» боламыз. Терезесі сыртқа қараған бөлме тура келгенде, төрт қырлы темірмен торлаған терезенің үйге ауа кіргізетін ашық көзінен көшеге телміріп қарап тұрамыз. Түрменің көшесінен әлі де достарымыз, туғандарымыз өтіп жүреді. Ақырын аяндап, салбырап, көздері мөлтілдеп, терезенің тесігіне қадалып қарап өтеді. Біздің бас изеп амандасқанымызға мұнайып, жай ғана иектерін көтеріп амандасады. Кей уақыттарда бір танымайтын адамдар да қарап, амандасып кетеді. Кімнің шын дос, кімнің шын қас екені тар жол, тайғақ кешуде ғана мәлім болды.

Достар түрменің көшесінен темірмен торлаған қара терезеге телміріп талай қарап өтісті. Қырдан келген Ақшал, Ұйтқыбектер, біздің әкеймен бірге жабырқап, телміріп амандасып талай өтті. Өзге қазақ жігіттерінің де туғандары, дос-жарлары түрменің көшесінен өтіп жатады. Орыс жолдастардың туғандары терезенің алдынан күн сайын өтіп жатады. Өсіресе түрмедегілердің қатындары: олардың ішін-

де Павловтың қатыны. Біздің қазақтан Абдолланың келіншегі дамыл алмады. Құсайын мен Байсейіттің келіншегі дамыл алмай ас тасыды. Абдолланың келіншегі Бану ешкімнің есінде жоқ амалдармен түрменің бастықтарына, бақылаушыларына сездірмей бізге хатпен ылғи хабар жазып тұрады.

Бану бір жапырақ қағазға орап, бір қайнатым шай жібереді. Шайды ашып түрменің бақылаушысы қағазын көріп, жазусыз ақ қағаз болған соң тимей, қайтадан шайды орап бізге жібереді. Біз шайды алып, шай ораған төрт бұрышты қағазды суға малып алсақ, бадырайып ақ қағазға жазу түседі. Шүпірлесіп оқып, хабарға кенеліп қаламыз.

Бану біздің көйлегімізді жуғызып жібереді. Көйлекті кисек бір жеңінің түймесі жоқ. Өуелі жең түймесінің жоқ екенін білмей, жеңді түймелеуге түйменің орнын іздеп, сипалап қараймыз. Қарындашпен ұп-ұсақ қылып түйме орнына жазған төрт өріпке көзіміз түседі.

Төрт өріп — «қара» деген сөз.

Көйлек жең үшіннің қабаттарын, иініштін қабаттарын сөгіп жіберіп қарасақ, ұп-ұсақ машық қылып жазған Банудың жіберген хабарларын тауып аламыз.

Бұл үлкен жақсы болып тұрды. Өйткені түрмеге келіп бізбен жолығуға ешкімге рұқсат қылмайды. Есебін тауып, қоймай сұрағандарды ғана, ұлықтардың «рақымдары» түскенде ғана түрменің ішіне кіргізіп, бақылаушының көзінше бес-он минутке жолықтырады. Қазақта Жұмабайдың әкесін түрмеге кіргізіп, Жұмабаймен бес-алты минут сөйлестіргенін білемін. Омбыдан оқудан қайтқан кезінде, айт уақытында Гүлшарап деген қызды түрмеге енгізіп, бес минуттей менімен сөйлестіргенін білемін (түрмедегілердің түрлерінің өзгергендігі сонша, Гүлшарап алғашқыда мені анадайдан таныңқырамай қалды).

Орыс әйелдерінен тұтқындарға хабарды көп тасып, көп қызмет қылған Павловтың қатыны. Бұл кісінің тапқыштығы, қулығы жұрттың бәрінен де асты... Бір күні мынандай бір хабар берді.

Хабарында: «Сендерге өлім жазасы болатын-болмайтыны бір-екі күннің ішінде мәлім болады. Егерде хабар жаман болса, мен түрменің жанынан өткенімде басымдағы орамал қара болар. Хабар жақсы болса, басымдағы орамал қызыл болар», — депті.

Біз отырған кішкентай бөлмеміздің терезесі ол уақытта ішке қараған еді.

Бір күні «түрмеге Павловтың қатыны кірді!..» деген сөз бөлмедегілерді елендете қалды... Мен терезеден қарап, анданда бірен-саран келген адамдарды тұтқындармен жолықтыруға кіргізетін қуыстың есігін аңдып тұрдым. Лезде Павловтың қатыны қайта шыға келді. Үсті-басына киген киімдерінің бәрі теп-тегіс қап-қара!.. Әйелдің соңынан шынжырын сылдыратып Павлов шыға келді. Қасында бақылаушы. Әйел бұрыла беріп, қайырылып, бақылаушының көзінше Павловты жылдам құшақтай алып сүйіп алды да, көзінің жасын моншақтай домалатып, төгіп-төгіп жіберіп, жылап жүре берді... Әйелдің көз жасын көріп, жүрекке шок түскендей болды.

Қара киімді көріп: «Енді жұмыс шындап-ақ біткен екен!»— дедім.

Жолдастарға айттым. Жолдастар да: «Жұмыс енді біткені ғой...» — десті.

Есік ашылған кезде Павловтан сұрасақ, бір баласы өлген соң, әйелі қара киім киініп келіп, соның хабарын беріп кеткен екен.

Саясат туралы, біздің жұмыстарымыз туралы жазбай, ашық қылып жай шаруа туралы жазса, бізге бір кезде түрменің бастығы хат та өткізетін болған.

Бір күні бізге Омбыдан бір ашық хат келді. Хатты Омбыда оқып жатқан Жанайдар Садуақасұлы жазыпты. Хатты орысша былай деп жазған:

«...Вахтча Укметов болен туберкулезом. Хирурги отказываются лечить. Улькенбек Сабитов выздаравливает. Благополучно приехал. Днче.

Жанайдар»

Бұл орысша жазған ашық хаттың қазақшасы мынау:

«Уақытша үкімет баласы науқас: құрт ауру. Тәуіптер «жаза алмаймыз» дейді. Үлкенбек Сәбит баласы сауығып келеді. Аман-есен келдік. Дінше.

Жанайдар»

Хатты оқып, әжептәуір қуанып, көтеріліп қалдық. Хабарды орыс жолдастарға да беріп қалдық.

Бұл жұмбақтау хаттың шешуі мынау еді:

«Ақтардың уақытша үкіметі нашарлауға айналды. Күші азайды. Жұрт теріс қарай бастады. Большевиктердің кеңе-

сі — Совет өкіметі оңалып, күшейе бастады...» — деп Жанайдар қол қойған.

Ал хаттың соңында: «Чита жақтағы атаман Семеновке қарсы фронтынан аман-есен қайтып келдім», — деп Дінмұқамбет жазған.

Түрмеде, таршылықта әрбір жылы хабар кісіге рух береді. Достық ниетін білдірген адам тұтқынға үлкен күш-қуат береді. Достың достығы, қастың қастығы, адамның адамшылық және түрлі хайуандық мінездері тар жол, тайғақ кешуде ғана анық білінеді екен. Бұрын, біз күшті болып жүрген уақытта, дос болып көрініп, жылмаңдап жүрген адам суретіндегі талай пасықтар басқа қиыншылық түскенде жондарын көрсетті. Кейбіреулері достық орнына жығылған үстімізге жұдырық та салды. Қазақтың «Дос аз, дұшпан көп...» деген ескі қағидасы осындай тар жол, тайғақ кешуде айқын көрінеді екен.

Қанша жолдас болып көрініп, жақсы болып көрініп жүрген адамдарды, қанша уақыт бір қауымда, бірге қызмет қылып жүрсе де, кісі анықтап білмейді екен. Мұның бәрін айдан айқын сол төңкерісте көрдік. Біреуді біреу кеңшіліктегі білуімен «пәленді мен білем» деп айтуға болмайды екен. Адамның шын пиғылдары, шын жаратылысы қиыншылықта ғана анық білінеді екен. Азаматты шындап сынағың келсе тар жолда ғана көру керек екен.

Кеңшілікте бұрын «жақсы» деп жүрген талай кісінің тар жолда адамшылығы жоқ болып шығуы мүмкін екен. Және бұрын, жайшылықта «жаман адам» деп жүрген талай адамдар тар жолда өте жақсы болып шығуы мүмкін екен.

Кеңшілікте кеудесін соғып, «мен, мен...» деп көкіп жүрген адамдарды тар жолда, ұлы сында көру керек екен.

Оған мысал мынау:

Ақмолада Октябрь төңкерісінің қарсаңында бола бастаған митинг-жиылыстарда бір орта бойлы, қоңыр сақалды, қоңыр мұрт, Бачок деген кісі шығатын. «Екібастұз заводының жұмыскерімін», — дейтін. Өзі сөйлемпаз, үстінде киімдері жаман, «1905 жылдың революциясына қатысқанмын», — дейтін.

Міне, осы Бачок Ақмоланың жас большевиктеріне бас болған. Ақырында, біз оны Ақмоланың Совдепіне бастық қылғамыз... «Бұрын левый эсер едім, енді большевик болдым...» — дейтін.

Ақмолада бұрын большевик партиясы жоқ болған соң, сол Совдеп жасаудың алдында, Ақмоланың уездік начальнигінің мекемесінде ең бірінші большевик ұйымын — орысы бар, қазағы бар, — біз ашқамыз.

Большевиктердің бастығы болып жүрген Бачок және бізге бір үлкен ер көрініп жүрген Бачок Ақмоланың Совдепін контрреволюционерлерге босқа бергізді. Совдепке қарсы көтеріліс болайын деп жатқанын Совдептің жалпы мүшелері түгіл, президиумның мүшелері бізге де хабар қылған жоқ. Өзі ең алдымен қолға түсіп, атыса бастаған қызыл әскерге «атпа» деп бұйрық қылып, тоқтатты. Ал онан соң түрмеге түсіп, аяғына темір шынжыр киілгеннен кейін:

— Мен левый эсермін. Мен большевик емеспін ғой!.. — деген өнге басты!..

Жалғыз Бачок емес, Ақмолада кеңсе қызметкерлері ұйымының өкілі болып кеудесін қағып, Совдептің президиумына кіріп жүрген бір кісі бар еді. Контрреволюция жеңіп, Совет үкіметінің адамдарын ұстап қамап жатқанда, о да тұтқынға алынған. Бұл кісіні тұтқынға алып айдап, казак-орыстың станицасына өкелгенде, тұтқында отырған большевиктерді боқтап, «мен большевик емеспін!» деп жылап, босанып кетті.

Онсоң біз көп сырларын білмейтін, бірақ үлкен әлеуметшіл Петракеев деген ерлі-байлы кісілер бар еді. Бұлар Совдепте болған жоқ еді. Ақтар абақтыға бұларды да бізбен бірдей қылып қамап қойған еді. Бұлар нағыз ер азаматтар болып шықты.

Түрмеде, алғашқы қысталаң уақытта тағы да кейбір жігіттердің өте нашарлықтары білінді. Бір күні Байсейіт осы айтылған жаман қулықтары көрінген адамдарға қарап отырып тарықты.

— Ойпырым-ай, мыналар ішімізде жүріп істің тізгінін ұстасып жүргенде, бізді не қылып жер жұтып кетпеген!.. Қайта, үш-төрт ай құламай отырыппыз-ау!.. Ойпырым-ау, бұлар кімді ондырсын!.. — деп тарығып, басын шайқады.

Байсейіттің кейіп айтқан осы сөзін қазірге шейін ұмытпаймын. Жайшылықта сырттан жап-жақсы болып жүрген кейбір адамдардың тар жерде ғана нағыз, шын қулықтарының қандай екендігі айқын көрініп шығады екен. Неше түрлі лас, жеркеніш мінездер, неше түрлі төмен, уақтық қылықтар үлкен сын, қиын өткелдерде білінеді екен.

Мәселен, осындай ретпен өзге жолдастардың көбіне-ақ сүйкімсіздіктері білінген Вязов деген мен Баландин деген еді. Біз бұлардың нашар мінездерін әңгіме қылғанда, күйгелек Байсейіт шыдамай айтып салатын еді.

Отырған бөлмеміздің бір бұрышында бір күні Вязов бірекі жолдасқа бірдемені айтып, құнжыңдап сөйлеп отырды. Бөлмеде жиырмадан аса адам бар еді. Түрменің тақтай сәкісі жоқ. Жолдастар тас еденде шөп салған қапшықтарға сүйеніп, жағалай, екіден-үштен сөйлесіп отыратын не жата-тын. Бұрышта біреулерге сөз сөйлеп, қоймай, Вязов құнжыңдап отырды. Қарсы бұрышта Байсейіт күйгелектеніп, оны жақтырмай, бізге қарап, қабағын тыржитып отырды.

— Әй, анау не былшылдап отыр?.. Әй, анау былшылын неге қоймайды! — деп отырды. Вязов сөйлей берді.

Байсейіт шыдамай, Вязовты шақырды.

Вязов:

— Немене!?

Байсейіт шақырды, қоймады. Вязов Байсейіттің қасына келді.

— Немене? — деді.

Байсейіт Вязовтың бетіне қадалып қарап тұрып:

— Неге сен ақымақсың? Почему ты дурак? — деді.

Әрине, Вязов ашуланды.

— Бұл не дегенін, бұл не сөзің? — деп Байсейітке қадалды. Байсейіт жауап бермеді. Енді Вязовқа қарамады.

— Басқа айтар ештеңем жоқ! — деп жата кетті. Орысша: «Больше нечего!» Байсейіттің осынысын өмірімде ұмытпайтын шығармын. Мұны жолдастар да ұмытпаған шығар. Сол үлкен сында, тар жол, тайғақ кешуде шын қасиетті адамдардың жаратылыстары айқын көрінеді екен.

Мәселен, Катченко, Олейников, Богомолов, Авдеев, Монин, Шапран, Трофимов, Грязнов, Мартылого, Павлов, Котов, Анапченко, Кондратьева, Кременский, Афанасьев және өлгі ерлі-байлы Петракеевтер, тағы да басқа талай жолдастар шын еңбекші тап азаматтары екендіктерін көрсетті. Және еңбекші тап азаматтары екендігін біздің іріктеліп шыққан қазақ-ноғай жолдастар да көрсетті. Олардың есімдері белгілі. Іріктеліп шыққан қазақ-ноғай жігіттерінен «ши» шыққандарын білмеймін. (Әрине, іріктеліп шыққандарынан ғана «ши» шықпады.)

Жоғарыда айтылған орыс, қазақ, ноғай жігіттерінің анық кім екендіктері сол тар жолда ғана анық білінді.

Бұлар ұлы сыннан, ұлы өткелден жығылмай бір өтті. Өрине, тұрмыстың ұзақ жолында жөнінен адасып, өркім-ақ сүрініп жығылуға мүмкін. Өрине, тіршіліктің талқысында талайлар әр түрлі себеппен құлқы өзгеріп, жаман құлықты болып кетуге де мүмкін.

Үлкен сыннан өтпеген адамның «мен пәлендеймін» дегеніне онша нана қою бекер.

Ниетің «не өлу, не жеңу...» болып жаумен майдандасқанда, не майдандасқан жаудың қолына түсіп, жаудың темір торлы тас қамауында отырғанда, қол-аяғың темір шынжырда болып, жаның қылышыңның қырында болса ғана, яки осы төрізді ұлы сында болса ғана, қандай жігіт екенің білінеді. Әйтпесе, өзінді-өзің қандай адамсың да, қандай жігіт екеніңді бекітіп айту қиын.

«Батырсыған жігітті жау келгенде көреміз, шешенсіген жігітті дау келгенде көреміз!..» деген қариялардың сөздері тұрмыстың көп сынынан өткен, дұрыс сөз.

Түрменің картоп, капуста еккен бақшасына кейбір жолдастарды жұмысқа апара бастады.

Бақша қаланың шетінде, Есіл өзенінің жағасында. Енді барлық тұтқындардың жақындары түрме бақшасын аңдитын болды. Бақша жұмысына барған жолдастарға келіп, бөрі жолығып, тілдесіп тұратын болды. Бақша арқылы қатынас үлкен жақсы болды.

Бақшаға жұмыс қылуға түрменің бастықтарына жаққан, не пара берген тұтқындарды ғана апарады. Өрине, қол-аяғыңда шынжыры жоқтарды ғана апарады. Шынжырлылардан апарғысы келсе, шынжырын алып тастап апарады. Қазақтан бақша жұмысына ең алдымен Құсайынды апарды. Сонан соң Байсейітті, онан соң Жұмабайды апарды. Орыстан Бачок, Вязов, Павлов, Трофимов, Олейников, Кременский, Пьянковский, тағы басқаларды апарды. Жарық дүниеге шығып, бұларға жақсы болды. Бақшаға келген жақындарымызбен жолығып сөйлесіп, бізге айтып келеді.

Сол уақытта Ақмолаға оба ауруы келді. Қырдан келіп жүрген Байсейіттің әкесі обадан өлді. Байсейіттің әкесі ауырып қалды деп, бүгін бізге хабар келіп, бақшаға жұмысқа кеткен Байсейіт түрменің ұлықтарының аузына ақша тығып, бір бақылаушымен бақшадан қайтпай қалды.

Біз терезесі түрменің ішкі қорасына қараған бөлмесінде едік. Ертеңінде күн шығып келе жатқанда, мен тұрып,

терезенің тор темірінен ұстап, ашық көзінен қарап отырдым. Түрменің қорасына бір бақылаушымен Байсейіт кірді. Байсейіт келіп, мен қарап отырған терезенің түбіне сүйене кетті...

— Сөкен... Менің өкем өліп қалды... — деп ақырын жылап жіберді. Менің де көзімнен жас шықты. Түрмеге келгелі тас болып қалған көңілден, қатып қалған көзден кек қайнаған жүрек елжіреп еріксіз жас шығарды.

Бақшаға жұмысқа баратын жолдастар арқылы, өзгеміз де жұмысқа шығуды қарастырдық.

Құсайын начальникпен «дос» болып алды. Кейде бақшаға қонып қалатын болды. Бір қонғанда Сербовты және гарнизон бастығын қонақ қылыпты. Қаланың тағдыры, біздің тағдырымыз бұлардың қолында болғандықтан, содан кейін бұлар Құсайынды екі-үш күннің ішінде түрмеден босатты.

Құсайын мен Байсейіттің түрме бастығына сый ретінде алып берген арағының арқасында, Жұмабайлардан сон бақшаға Абдолланы апарды.

Бақшада түрменің бастығын тұтқындар түрлі сыймен сыйлайтын болды. Түрмеге қайтқанда айта келеді. Жұмысқа шығаратындардан өуелі шынжырын алады.

Бір күні менің де шынжырымды алды... Ертеңінде мені де жұмысқа апарды... аяқ бауын алып жіберген сұңқардай көшеге шықтық. Бостандық жат төрізді. Тысқа шығып, кең дүниені, еркімен қыбырлаған тіршілікті көріп, дүниеге жана ғана келгендей болдым... Қалада қыбырлап жүрген жанның бәрі де маған бір түрлі жат төрізді... Қаланың шетімен айдап бақшаға апарды. Уақыт күзге салым кез. Жанға жайлы, күншуақ жылы қоңыр еді. Жер мен көк сыры кетсе де сыны кетпеген сұлудай еді. Түрменің бақшасына келіп отырдық... Бақша қаланың жанында. Есіл өзенінің жағасында. Уақыт түс мезгілі еді. Бақша ағаштарының жапырақтары өлі көк. Бірақ кейбір ағаштардың өсіресе терек ағаштардың жапырақтары көрілік таянған адамдардың бурыл тартқан шапшындай шалғыртанып сарғап бастаған. Бақшаның іші күншуақ. Кішкентай майда жел ағаштардың жапырақтарын желбіретіп ойнатады. Желмен жыбырласып ойнаған көп жапырақтың ішінен ертерек өмірі біткен, сарғайып қуарып сөнген жапырақтар ақырындап үзіліп жерге түседі. Бақшаның шетіне қыраңға шығып, жан-жаққа қарасаң, қиырсыз кең, көлбеп барып аспанмен құшақтасқан ең дала

көрінеді. Бақшаның іші сағат сайын тұтқындарға күш береді. Қан азайып, әл кетіп, семген төннің тамыр-тамырларының қаны лыпылдап сағат сайын күшейеді. Үш ай жаз бойы ауыр халде, шынжырланып сасық, тар қапаста отырып азап тартып, енді мына бақшаға шыққан тұтқындар қымыздай қуатты, күмістей таза ауадан дем алып, жадырап мас болған тәрізді. Бақша қаланың жанында. Есіл өзенінің жағасында. Қолдарымызға күрек, шот алып, сыбанып, көйлекшең бақшаның жағасында ор қазуға даярландық...

Әуелі бақшаны араладық. Күзетші — түрменің қызметкерлері.

Жан-жаққа, қалаға, әсіресе ел жаққа, далаға қарауымыз көп. Жан-жақта қыбырлап, өз бетімен кетіп бара жатқан, өтіп бара жатқан адамдар көрінеді. Жан-жаққа қарап тұрып, дәл түнеугі күнгі терезеден көргендей, жаман сынық ағаш арбаға өгіз жегіп, арбасына тезек артып, өзі жаяулап қыбырлап бара жатқан қазақты көрдім. Және бірен-саран асықпай салт кетіп бара жатқан қазақты көрдім. Ат жеккен қорапты арбасымен жортып бара жатқан қала адамдарын көрдім. Бірен-саран қырдан келген түйелі қазақтарды көрдім. Міне, осының бәрін көріп тұрған тұтқын тіршіліктің не екенін, бостандықтың не екенін анадан туғалы жаңа ғана білгендей болады. Қапасты көрмеген адам бостандықтың қадірін біледі деп ойлауға тіпті болмайды.

Міне, сондағы түрме бақшасының түрі және көңілге берген әсерлері осындай еді.

Бақшаның шетіне, қыраң жағына шығып тұрдым. Оңтүстікке, ел жаққа қарап тұрдым. «Тұтқыннан қашып кетсем, анау қиырсыз кең еркін далаға сіңіп кетсем... анау түйелі қазақтармен бірге кетсем, не анау ағаш арбаға өгіз жеккен қазақпен бірге кетсем... бостандықты, елді енді бір көрсем!..» деген тілек көкірекке сыймайды.

Бозарып солған тұтқындардың беттеріне қызарып қан жүгірді. Өр тұтқынның көзінің түбіне тұнған ауыр бейнеттің көлеңкесі кетіп, жанары жайнап, үміт сәулесі жанған тәрізденді. Кешікпей туғандарымыз, достарымыз келді. Елден келіп жатқан біздің әкей де келді. Сөйлесіп кенелдік те қалдық.

Бақшада жұмыс қылу бізге ұжмақтан кем болмады. Бақшадағы қазып алып жинап жатқан картопиядан және басқа да «шөп-шаламдардан» турап салып, қаладан ет

алғызып, бақырға бақшада сорпа істедік. Бақшада бақырға пісірген еттің дәмі балдай...

Бақшаға бөрімізді күн сайын апармайды. Ауыстырып кезек-кезек апарды. Үш-төрт күн кейбіреулерімізді апармай да қояды. Бір күні көп жолдастарды конвоймен моншаға апарды. Мен де бардым. Көше бойы халыққа сыймай кетті. Көбі тұтқындардың жақындары. Арасында біздің әкей де жүр. Моншаның сыртқы есігінде әкеймен амандасып, тез сөз қатыстық. Әкей сол жерде қош айтысты, енді елге қайтпақ болды.

Бақша жұмысына барып жүрміз. Үкіметтің істеп жатқан істері қандай екенін, жүргізіп жатқан саясаты қандай екенін, халықтың көзқарасы қандай екенін әбден анықтап білдік. Бақшаға барғанда, бақшадан қайтып келе жатқанда, жолшыбай қалыс адамдардан да бізге жолығушылар көп болды. Бәрі де ақ казак-орыс үкіметіне наразылықтарын білдіреді. Бізге достарын білдіреді. Қасымыздағы бақылаушылар дәл сол жерде жуас болды. Қасымызға келіп-кеткендерге үндемейтін болды. Келіп жолығып кетіп жүргендердің кейбіреулері тек қолымызды ұстап, қысып кетеді. Кейбіреулері тек амандасып кетеді.

Казак-орыстар көтеріліс жасаған күнгі — Совдеп құлаған күнгі надандардың көбінің еліргендігі басылып, енді әбден естері кіріпті. Аз уақытта казак-орыстың тепкісін көргендер Совдепті ойлай бастапты.

Ақмолада «Алашорданың» уездік үкіметін ашыпты. Үкіметтің басында отырғандар, әлгі большевиктерді тергеген комиссиядағы Мөnten молда, Тәшти сәудегер, Олжабай болыс, Төлебай тілмаш, Нұралиндер, Түсіп докторлар — бұлар казак-орыстың шоқпары екендігін бұқара халық әбден айқын көріпті. Нашарлар байларға сөз айта алмайтын болыпты. Болыстар, саудагерлер, молдалар әбден ұяттан, ардан кетіпті. Бұлар «Алашордамыз» деп, қоразша қоқырайып алыпты. «Нашар теңдігі», «әйел бостандығы» деген сөзді мазақ қылып, жерге таптапты. «Алашорда» отағасының босағасын көрген сорлылар Совдепті жоқтайтын болыпты.

Бір күні түрменің бақшасынан он бес, жиырма кісі тұтқын жұмыстан қайтып келе жаттық. Бізді жұмысқа алып барып қайтатын түрменің мылтық тағынған бақылаушылары артымызда, қасымызда. Күн сайын бізді ерте

тұрғызып, әр бөлмеден жинап, қатарлап тізіп, айдап түрме бақшасына апаратын. Жұмысқа барғанда, қайтқанда қаланың «Славодка» деген шет жағын аралап өтетінбіз. Міне, сөйтіп, жұмыстан бір күні тізіліп қайтып келе жатыр едік... «Славодканың» бір кішкентай, жапырайған пәтерінің алдында бір қазақтың әйелі шығып тұр екен. Қабағы қатқан. Бетінде қан жоқ. Жанына ауыр қайғы батқан тәрізді. Бізге қарап тұрды. Біз оннан аса орыс, екі-үш қазақ әлгі әйелдің жанынан өте бергенімізде, әйел бізге қарап тұрып, қолын кеудесіне қойып сәлем берді. Әйелдің қайғылы жүзі әлі күні есімде!..

Тағы бір-екі рет мұнды әйел бізге сөйтіп сәлем беріп қалды.

«Алашорда» отағасының босағасын көрген әйел екендігінде шегім болған жоқ... Сөйтіп, түрме бақшасына жұмысқа барып жүрдік. Жарық дүниені көріп, көңіл шіркін бостандыққа талпынды. Жолдастың бөрі де сарғайды. Бөрі де сағынды. Бостандықты қаттырақ сағынған әсіресе қазақ жігіттері, оның ішінде Байсейіт екеуіміз...

«Қашу» деген қиял өте күшейді. Қашудың барлық жобасы көз алдыма елестейді. Байсейіт екеуіміз сөйлесіп, сөзді бекітіп, жастарға айттық. Жоба мынандай: бөрімізге қазақша киім алдыру. Туғандарымызға, достарымызға қашу шартын айту. Сөз байлау.

Бақша Есіл өзенінің жағасында. Өзеннің бойында, жиырма қадамдай бергі жағасында, бақшаға таяу, бір нашар қазақ тұратын жер үй бар. Бұл қазақтың баласы Айтжан деген бала бізбен дос. Өзі біздің «Жас қазақтың» мүшесі. Біздің ойымызша: «Сол үйде ар жағынан бізге даярланған салт аттар дайын болып тұрса, біз күзетшінің көзі тайған уақытта ептеп, бақшаның таса, ойпаң жерлерімен жүріп отырып сол үйге барып, даяр тұрған салт аттарға міне сала жөнелсек және біз қашпас бұрын қырдан келіп жатқан туғандарымыз елге қайтып кетуі керек, әйтпесе оларды ұстап алады», — дейміз.

Байсейіт екеуіміз бұл сөзді жолдастарға айттық. Жолдастар қарсы болды.

Бақшаның шетіндегі орды қазған болып, күншуақта сөйлесіп отыр едік. Байсейіт екеуіміздің қашайық дегенімізге Бөкен, Абдоллалар көнбеді.

Өзенді айналып, бақшаға келе жатқан бір-екі атты, бір арбалы кісілерді көрдік... Тани қалдық. Бізге келе жатқан

жолдастардың туғандары екен. Бақылаушылар алыстан қарап, бақшада жүреді. Келген кісілерге ештеңе демейді. Келді. Амандасып, сөйлесіп отырдық. Бақылаушы қасымызға келіп, анандай тұрды. Біраздан соң салт атпен Құсайын келді. Амандастық, күлістік. Құсайын аттан түсіп, қасымызға отырды. Өңгіме сұрап жатырмыз. Біраз өңгіменің ішінде Құсекең өзінің түрмеден босанып шыққан бір лажын айтты. Ол қайласы мынау:

Құсекең түрменің бақшасына жұмыс қылуға ең алдымен шыққандармен бірге шыққан. Құсекең жұмыста жүргенде, өзгелерден көп еркін жүретін. Және бақшада жүргенде түрменің бастығын «сыйлап», онымен жақын достау болатын. Құсекең «досы» арқылы бір күні кешке бақшаға шатыр тігіп, Ақмоланың тағдырын ұстап отырған үш әкімді қонаққа шақырған. Қымыз алғызып, арақ алғызып, қой алғызып сойған. Өзі сол кеште бақшаға қонып қалып, қонақтарын — гарнизонның бастығын, Сербовты, түрменің бастығын — бәрін сыйлаған. Құсекеңнің өзі ас әзірлеп, тік тұрып, «құрметті» қонақтарының алдында қызмет қылған.

Міне, сол арада «құрметті» қонақтары ішіп-жеп қызып, есіре бастапты. Бір мезгілде шатырдың ішінде қызып отырып, «большевиктерді тергеу және жою» комиссиясының төрағасы Сербов шатырдың есігінде тұрған Құсайынға:

— Ей, большевик, кел, сен де арақ ішіп жіберші! — депті.

Құсекең:

— Рақмет, пожалуйте!.. Спасибо!.. Өздеріңіз іше беріңіздер! Мен сіздерге қызмет қылсам болады. Бірақ сіздерден бір сұрайтыным: мені «большевик» демесеңіздер екен. Большевик десеңіздер, маған ауыр тиеді. Онда мені жөбірлеген боласыздар... — депті.

Сербов пен гарнизон бастығы:

— Е, сен большевик емессің бе? — депті.

Сол арада Құсайын:

— Мен большевик емес едім, мен босқа күйіп отырмын... — деп, тұтқындардың тағдыры қолдарында тұрған «ұлықтардың» алдында сөйленіпті-ай кеп, сөйленіпті...

Сербов пен гарнизонның бастығы:

— Ендеше, мұны тексеру керек екен... — деп Құсайынды бірге отырғызып, арақ ішкізіпті.

Біраздан соң Сербов бір жерге барып келуге кетіпті. Гарнизон бастығы мен Құсайын, түрменің бастығы үшеуі оңаша

қалғанда, Құсайын өзінің құмалақшы, «балгер» екенін білдіріпті.

Құсайынның балгер екенін білген соң, гарнизонның бастығы жас жігіт қуанып, ұстай алыпты:

— Жақсы болды ғой, көнеки, маған қазір бал ашып берші,— депті.

Құсайын сол жерде дереу қалтасынан шүберекке түйген құмалағын суырып алыпты. Шатырдың ішінде үстелге жайып салып, құмалақты тартып жіберіп, сөйлепті. Сөйлегенде бұй депті:

— Жолыңыз болады екен. Бақытты болады екенсіз. Жақын арада даражаңыз артады екен. Өмір жасыңыз ұзақ болады екен... — депті.

Оған ұлық мәз болып күліпті.

— ...Әйел сүйе ме екен мені?.. Қазір мені жақсы көретін әйел жоқ па екен? Соны айтшы!..— депті.

Сол қаланың бір Ланшукова деген орыс қызының соңынан Сербов пен гарнизон бастығының жарыса жүгіріп жүретінін Құсайын білетін.

Құсайын тұқып құмалақты қайтадан тартып жіберіп, күбірлеп-күбірлеп, құмалақтарды қолымен араластырып, мылқауша мыңқылдап жіберіпті.

— Өзіңді әйелдің шындап ұнатпаған жері болған жоқ екен. Қазір Ақмолада талай әйелге ұнайды екенсіз. Әсіресе бір кара көзді сұлу сұрша қыз сізге ғашық екен. Бірақ ғашықтығын анықтап айта алмай жүр екен. Өйткені ол әйелге сізден басқа да бір адам құмар екен. Құмарлығын әйелге сездіріп жүр екен, — депті.

Гарнизон бастығы ұшып түрегеліп, секіріп қуаныпты. Құсайынның арқасына қағып, шатырда отырған түрменін бастығына қарап:

— Мынау бір ақылды қазақ екен!.. Мен енді бұны тез босаттырам! — депті.

Міне, содан кейін екі-үш күннен соң Құсекенді түрмеден босатқан.

Міне, Құсайынның босауында осындай өңгімелер болған.

Байсейіт екеуіміз ақылдасып, қашпақ болдық. Қазақша киімдер алғыздық. Бір күні таңертең мен беті-қолымды жуғанымша бақылаушылардың бастығы асықтырып, жолдастарым бақшаға кетіп қойды. «Қап!» – деп, мен бара алмай қалдым. Дәл сол күні қашуға анықтап сөз бекітпек едік.

Кешке шейін тықыршып отырдым. Кешке жолдастардың Байсейіттен басқасы жұмыстан қайтты. Байсейіт қашып кетіпті.

Түрмедегі жолдастар елеңдеп қалды. Кейбіреулері Байсейіттің кеткеніне ренжіді. Кейбіреулері «ұстап алмаса игі еді» деп қауіптеніп отырды.

Қаланың әскер бастығы Шохин деген — әлгі құмалақ салдырғаннан басқа жаңа келген адам — бұрқырап, бураша шабынып, түрмеге келіп әлекті салды.

Оңды-солды көбігін шашып, жұртты боқтап жатыр. Енді ешкімді жұмысқа шығаруды қойды. Түрменің тәртібі қатайды.

Сөйтіп, ауыр күндер өте берді... Хал нашар. Күз таянды. Істің қиынға, ұзаққа айналғандығын біліп, елден келіп, елден біз сұраған приговорлар енгізіп, зарығып, өр жауыздан күнде жәрдем күткен туғандарымыздың бәрі елдеріне біртіндеп қайтып болды.

Кір, лас, сасық қамауда біз жата бердік. Түрмеге сырттағы достардан ептеп кітаптар келетін болды, газеттер келіп тұратын болды. Соларды оқимыз, дойбы ойнаймыз, солайша жата бердік...

Бір күні үлкен қайың табақпен түгел бір қойдың еті келді. Етті жіберуші Көшербай деді. Көшербай — біздің жолдас, біздің үкімет тұтқынға алынғанда, ол қолға түспей, қашып кеткен еді. Енді қалаға кетіпті. Оған енді тимейтін болыпты.

Ет келісімен терезеден қарап тұр едім, Көшербай терезенің тұсына келді. Қасында бір ақ тымақты сары жігіт бар. Ол кезде отырған бөлменің терезелері көше жаққа қараған еді. Терезенің алдындағы казак-орыс емес, жай солдат еді. Көшербайды терезе тұсынан қуаламады. Темір торлы терезенің ашық көзінен Көшербайға жабырлап қарап амандастық. Түрменің сыртын жағалай қоршаған, сым темірден жасаған аласа шарбаққа Көшербай жақын келіп, бізбен біраз сөйлесті:

— Қажымаңдар! Бір күнгідей болмас. Өлі-ақ жарыққа шығарсыңдар. Жалпы істің аңғары жаман емес. Қазір таң атты деуге болады. Жалғыз-ақ күннің шығуы ғана қалды. Күн таудан асуға қазір таяу тұр, қажымаңдар. Құдай қаласа, қызыл күн қайтадан туар!.. — деді.

Енді бір-екі күннен соң жаңағы Көшербаймен бірге келген ақ елтірі тымақты сары жігіт тағы да терезенің алдына келді. Біз-бен амандасты. «Алашорданың» Ақмоладағы комитетінің төрағасы Жүсіп Ізбасарұлының және «Алашорда» комитетінің мүшесі, большевиктерді тексеруші комиссияның мүшесі Мөnten молданың қамауға жабылғанын айтты. Себебін сұрап едік, анықтап айта алмады. «Алашордаға» қазақтан ақша жинайсың деп қамауға алыпты дейді...» — деді.

Сары жігіттен газет сұрадық. Газет әкелуге жүгіріп кетті. Сары жігіт өзі менімен болыстас, ағайын жігіт екен. Сол туысқандық сезімімен түрме терезесінің алдына менімен амандасуға келеді екен. Аты Рақымжан Бопанбекұлы.

Біраздан соң Рақымжан тағы да терезенің алдына келді. «Ана есік жақтағы бір кілтшіден газет жібердім, тағы келіп тұрамын», — деп қоштасып кетті.

Газетті алып оқыдық.

Бұдан кейін де орысша, қазақша газет келіп тұрды. Саясаттың түрлі хабарларын біліп отырдық.

Сібірді, Уфаны, Самарды чехословактар алысымен, әлеумет майданына шығып, әр жерде үкімет жасауға кірісті. Төңкеріске қарсы әрекет қылып жүрген учредительное собраниенің біраз мүшелері Самараға жиылып, комитет жасап, Самар «үкіметі» болып тұрды. («КОМУЗ»). Бұл учредительное собрание комитеті («КОМУЗ») «Барлық Рустияның иесі біз ғана» деп жар салды. Әрине, бұлардың «жар» қағазына ақтардың Омбыдағы үкіметі бағынған жоқ. Торғай «Алашордасы» болды. Бастықтары — Ахмет Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Есполұлы, оларға Оралдан Кенжеұлы мен Қаратілеуұлы барып қосылды. Торғай «Алашордасы» Күнбатыстағы Семей «Алашордасының» қол астында саналды. Бірақ, өйткенімен, осы жердегі (Семей, Торғай, Орал) «Алашордалар» бет-бетімен әкімшілік жүргізіп, төңкеріске қарсы әрекет істеп жатты. Үш «Алашорда» үкіметінің үшеуі әскер жасады, милиция жасады. Бұлар казак-орыстан кейін қалмай, елге шабуылдап, «налог» — салық жинады. Бұлар да момын бұқара қазақтың төбесіне жарқылдатып қылыш пен қамшы ойнатты.

Әкімшілікті қанша жүргізбек болғанмен, қамшы мен қылышты қанша жарқылдатып ойнатқанмен, «Алашорда» үкіметтерінің әмірі Семей, Торғай, Орал, Жымпиты аудан-

дарынан жөнді аса алмады. Ақмола облысында да «Алашорда» жасалды. Бірақ оның қолынан ештеңе келген жоқ. Қалың қазақ Ақмола «Алашордасына» әскер болуға көнбеді.

Қысқасы, Сібірде Совдеп құлаған соң, орыстың ақтары да өлденеше үкімет жасады. Қазақтың «Алашордасы» да екі бөлек, үш бөлек «үкімет» жасады. Бәрі де «біз үкіметпіз...» — деп жар шашып жатты. Толып кеткен «үкіметтер» жар салып шулады. Шулары иттің жаңа туған күшіктерінің шулаған өндеріндей қосылды.

«Үкіметпіз» дегенмен, біздің «Алашордалар» Омбыдағы Сібір үкіметіне бағынып отырды. Және Самардағы учредительное собрание комитетіне алыстан бағынып, екеуінен де көмек сұрап алып жатты.

Орталық «Алашордаға» губерниялардағы жасалған «Алашорда» үкіметтерінен қайрат болмай жатты. Мәселен, Семеймен жап-сарлас, аралас тұрған біздің Ақмола облысында жасалған «Алашорда» үкіметтерінің соңынан қазақ халқы ерген жоқ. Ақмола облысындағы жасалған «Алашорда» «хан жақсыма» ойнаған балалардың ойынындай ғана болды. Ақтар чехословактар Батыс Сібірде ең алдымен шоқпарды Челябин мен Ақмола облысына соқты. Чехословакпен ақтар бунты (көтерілісі) ең алдымен Челябин, Қызылжар, Көкшетау, Ақмола, Омбыда болды. Батыс Сібірдің өзге жерлерінде Омбы, Қызылжар алынған соң, Совдеп құлады. Омбыда Ақмола облысын билеуге «Алашорданың» облыстық үкіметі жасалды. Ақмоланың облыстық «Алашордасына» сайланғандар: Айдархан Тұрлыбайұлы — адвокат, юрист; Миғаш Абылайханұлы — хан тұқымы, офицер; Асылбек Сейітұлы — доктор; Мұсылманбек Сейітұлы — переводчик; Ережеп Итбайұлы — бұрынғы окружной сот переводчигі; Мағжан Жұмабайұлы — оқыған жігіт, болыстың баласы; Мұхтар Саматұлы оқыған жігіт, Бөкейханұлдарының ертегісіне нанып жүрген кедей баласы; Смағұл Садуақасұлы — оқып жүрген жігіт, Асқат Сайдалыұлы — оқып жүрген жігіт; Қошке Кемеңгерұлы — оқып жүрген жігіт; Мұратбек Сейітұлы — оқып жүрген жігіт. Соңғы бесеуі — Омбыдағы белгілі «Бірлік» деген жастар ұйымының сол уақыттағы бастықтары. Ақмола облысының уездерінде «Алашорданың» уездік үкіметтері жасалды. Бәрін Семейдегі Орталық «Алашорда» үкіметі бекітіп, Бөкейханұлы қол қо-

йып, «Сарыарқа» газетіне жариялап шығарды. Көкшетаудағы уездік «Алашордаға» «Қазақ» газетінде Міржақыптардың баяғы ондырмай жамандайтын Сәлім Кәшімұлы деген қажы-молданы бастық қылды. Көкшетаудағы уездік «Алашордаға» Кәшімұлы тағайындалды...» — деп Бөкейханұлы жарлыққа қол қойып, «Сарыарқаға» жариялады. Сәлім молданың Көлбай Тоғысұлынан кем болмаса, артық жері жоқ еді. Ақмоланың облыстық «Алашордасына» соңынан Әбдірахман Байділдаұлы қызметке кірді. Сонсоң Әбдірахман оқу оқи алмай, қызметсіз қаңғып жүрген Жанайдар Сәдуақасұлына көмек қылуға әрекет қылып, «Алашорда» мекемесіне қызметке кіргізбек болады. Жанайдарды өзімен бірге кіргізе алмаған соң, Байділдаұлы өз орнын беріп шығуға әрекет қылады. «Алашорда» ұлықтарын көндіріп, Жанайдар Сәдуақасұлына өз орнын беріп шығады.

Ол арада эсер партиясының бастықтары Самардағы учредительное собрание комитеті («Комуч») Челябині қаласында «Мемлекет кеңесі» (государственное совещание) деген мәжіліс жасамақ болып жар салды. «Мемлекет кеңесіне» Семейдегі Орталық «Алашорданың» бастықтары Әлихан Бөкейханұлы, Әлімқан Ермекұлдары жөнелді. Бұлар жолшыбай Омбыға түсті. Омбыдан Ақмола «Алашордасының» бастығы Айдархан Тұрлыбайұлын ертіп алды. Хатшылыққа Әбдірахман Байділдаұлын алды. Сөйтіп, «Алашорданың» Әлихан, Айдархан, Әлімқандары Әбдірахманды хатшылыққа алып, дүрілдетіп Челябиніге барады. «Мемлекет кеңесі» Челябиніде болмайтын болған соң, учредительное собрание комитетіне көрініп, жәрдем алуға бұлар Самарға келді. «Хандар» бір әдемі нөмірге түсті. Бұлар сол жерге «Мемлекет кеңесіне» «Күнбатыс Алашордадан» келген Жанша Досмұқамбетұлына, Уәлитхан Танашұлына қосылды. Және бұларға Түркістанда Ергеш сарттарынан қашып жүрген Мұстафа Шоқайұлы келіп қосылды. Бөрі шұрқырасты да қалды. Күндіз-түні өңгіме, күндіз-түні жүріс.

«Алашорданың» өкелген ақшасы көп. Оның үстіне учредительное собрание комитетінен екі миллион сом алды. Самардың арақ-сыра сататын әдемі үйлері, рестораны бұлардың өмірінде, «Алашорда» кеңестерін сол әдемі үйлердің (ресторанның) бөлмелерінде құратын болды. Үстелдерінің үстінде атты әскердей болып самсап бөтелкелер тұратын

болды. «Хандардың» кеңеске салған сөздерінің екпіні, алдарындағы үстел үстінде тұрған «атты әскердің санына» қарай болатын болды. Бөтелкенің дүмп еткен ауыз күшімен сөздері шешілетін болды. Бөтелкенің түбімен қаулылары бекінетін болды. Сөздерінің көбі большевиктерді боқтау болды.

«Алашорда» бастықтарының бұл тұрмыстарын қастарындағы хатшылары Әбдірахман Байділдаұлы көріп жүрді. Міне, жас жігіттің сезгіш жүрегінің, шетін көңілінің «Алашордадан» әбден түңіліп шыққаны осы жер.

«Алашорда» Самардағы учредительное собрание комитетінен үш мың солдатқа киім алды. Көп қару-жарақ алды. Және «Күнбатыс Алашордаға» өз алдына екі мың мылтық, отыз жеті пулемет, екі зеңбірек, екі автомобиль алды.

Бірақ кешікпей Самарды большевиктер алды. Сонан соң «Мемлекет кеңесі» Уфада ашылды. Кеңестің басында эсер партиясының бастықтары Авксентьев, Чернов, Зензинов, Ульянов болды. Сол кездегі қанішер казак-орыс атамандары Иванов, Дутовтар болды. Тағы басқа осы тәрізділер болды. Біздің «Алашорда» бастықтары бұлардың әрқайсысына жолығып, амандық айтысты. «Мемлекет кеңесінде» «Алашордадан» Шоқайұлы мен Әлихан сөйледі. Россияның «жалпы үкіметі туралы» болған көп сөзден кейін, «Жалпы Россияның үкіметі осы...» деп, үкімет сайлады. Оған «Директория» деп ат қойды. Үкіметтеріне сайланғандар: Авксентьев, Бологорский, Зензинов, тағы осындайлар. Учредительный комитеттен Чернов, Вольскийлер енді. «Алашордадан» Шоқайұлы кірді.

Сөйтіп, «Жалпы Россия үкіметін сайладық...» деп күрзілер тарқасты. Газеттерге жазып жар салды. Бірақ бұған да Сібірдегі «үкіметтер» бағынбады. Сібірдегі «үкіметтердің» ең зоры — алдымен Омбы «үкіметі» бағынбады.

Большевиктердің қызыл әскері Самарды алып, Уфаға таянған соң, «Жалпы Россияның үкіметімін» деп отырған директория Уфадан Омбыға көшті. Директория Омбыға көшкенмен де, Сібір «үкіметтері» бағынбады.

Бұл жерге «Сарыарқа» газетінің сол 1918 жылғы 12 қазандағы 57-нөміріндегі жазылған «Кіндік үкімет пен Сібір үкіметі» деген қысқаша мақала мен «Жырақ күншығыс жайы» деген мақалаларды келтірейік.

«КІНДІК ҮКІМЕТ ПЕН СІБІР ҮКІМЕТІ

Самар қаласын большевиктер алысымен Уфада мемлекет кеңесінде сайланған кіндік үкімет Омбы қаласына көшіп келген еді. Содан бері көп уақыт өтті. Бірақ кіндік үкімет іспен өзін жұртқа білдіре алмай, суға батқан кісідей Омбының қалың қара саясат әдісіне батып жоғалғандай, жым-жырт болған еді. Жаңаша орыс газеттері осының себептерін білдіріп отыр. Кіндік үкімет пен Сібір үкіметінің арасында бірсыпыра тартыс болыпты. Бірін-бірі көп уақыт арбасты. Мемлекет кеңесінде салынған саяси жол, еткен серт, ішкен ант бойынша кіндік үкімет жалпы Россияның ісіне шеңбер, абыройына қорған болмақ еді. Кіндік үкіметінің өмір-жарлығына автономия үкіметтері бас имек еді. Өмір жүзінде осы айтылған шарттары Омбы қаласында орындалмаған көрінеді.

Газеттердің хабарларына қарағанда, Сібір өкіметі өкімшілікті бауыр басқандық мінез көрсетіп, өз отанынан шыға жайылып, әдепсіздік қылып, кіндік үкіметінің алдынан кесе-көлденең өте берсе керек. Сондықтан «Өтпес жарлық бойға қорлық» дегендей кіндік үкімет үшін шығармай, Сібір үкіметімен тек іштен ғана арбасып, көп уақыт жым-жырт жатыпты. Соңғы келген хабар екі үкіметтің келіскендігін білдіреді. Бұл хабарша кіндік үкіметінің жанында министрлер кеңесі жасалмақ. Кеңеске кіретін министрлерді екі үкімет ынтымақпен тағайындап, Сібір үкіметі уақытша жоғала тұрмақ.

Өзірге алынған хабарлар осылар. Кіндік үкімет жалпы Россияға бас үкімет болып, айтқанын қылғызып отыр ма, жоқ, бар өмірі Сібір үкіметімен, я басқа үкіметпен саудаласумен өте ме, мұны алдымыздағы уақыт көрсетер».

«ЖЫРАҚ КҮНШЫҒЫС ЖАЙЫ

Уфада болған «Мемлекет кеңесі» одақтас мемлекеттерімізден: Америка, Жапония, Франция, Италиядан Владивостокқа келген әскербасылар мен елшілердің алдынан шығып, жол болсын айтып, Россияның саяси күйін ұғындыру үшін бұрын Россияның уақытша үкіметінің бас министрі болған князь Львов Колосовты жіберген еді. Жалпы Россия телеграфтың тілшісіне Колосовтің айтқаны:

— Біз «Мемлекет кеңесі» тапсырған жұмысымызды көңіліміздегідей орындай алмадық. Орындауға Жырақ күншығыстың саяси күйі келтірмеді. Владивостокқа біз Сібір үкіметінің аға министрі Благородский келіп жатқанда бардық. Владивостокқа әкімшілік жүргізген бір емес, бірнеше үкімет бар екен. Олар — Лавров (Дербер) бастаған автономиялы Сібірдің уақытша үкіметі, іс білгіш, епті кабинетіне (министрлер) Владивостоктың ескі чиновниктері кірген. Жанарал Құрбаттың үкіметі және Бугунскийдің үкіметі бұлардың бірде-біреуін басқа мемлекеттер үкіметі деп танымай отыр екен. Сонда да кейбіреулері, мысалы: Құрбаттың іске епті кабинеті бізді одақтас мемлекеттер өкіметі деп таниды деген жалған хабарларды таратып отыр екен. Дәл осы күйде Болгутскийдің Омбылық (Күншығыста Сібірдің демей, Омбылық үкіметі дейді екен) үкіметі де отыр екен. Одақтастардың өкілдеріне барып жолыққанда, кейбіреулері жылы жүзбен қарамапты. Жалпы Россияның кіндік үкіметін таныту туралы бізден бұрын ешкім сөз айтпапты. Үкіметтің көптігі одақтас мемлекеттермен сөйлесуге аса жайсыз болды. Түбінде Россияның шымбайына бататын көрінді. Біз барған кезде «Амур үкіметі» деген тағы бір жаңа үкімет шықты. Владивостокта Россия әскері жасалған жоқ. Саяси күйіміздің мұндай былыққанының үстіне күншығыс қытай жолы туралы, мемлекеттер арасында ашылған мінез барлығы өткен әкімшілік күнін көкसेген Күншығыстағы кейбір таптардың жат күшіне сүйеніп, ескі төртіпті қайта тірілтпек болғаны саяси күйімізді асқындырыпты. «Уақытша билеуші» атанған жанарал Құрбаттың үкіметі Жапонның басымырақ таптарының өкілдерімен сөз қосып іс қылғаны да, қылмақшы болатыны да анық көрінеді. Құрбатты сүйеп, қолына ұстаған орыс байлары Россияның ұлттығына қарсы іс қылып отыр...»

Міне, ақтардың үкіметтері осындай. Қайтсін, бәрі де үкімет болғысы келеді! Бөрінің зоры, күштісі Омбы үкіметі. Өзге уақ үкіметтер өздерінің кішкентай аудандарында ғана тыпырлап жатты.

Ал Семейдегі «Алашорданың» үкіметі өз ауданын да билей алмады. Билік Омбы үкіметінің қолында болды. Семейдегі «Алашорда» үкіметінің істегені тек қазақтан — «Алаш әскері» деген әскер жасап, Омбы үкіметінің әскерімен бірге большевиктерге қарсы Жетісу майданына жіберіп жатты.

Сонсоң «Алашорда» Семейде «Совдепке кірдің», «Большевик болдың...» деп Нұрғали Құлжанұлын айыптап, абақтыға жапқызды. Және елдегі болыстық дауларға, араздық партиясына қатынасып жатты. Семейдегі «Алашорда» мен Земство бастықтарының көбі Тобықты елінің ісіне көбірек қатынасты. Мәселен, мынадай бір іс болды:

Семей уезінде, Тобықты деген елде Мұсатай деген және Ике деген кісілер бар. Екеуі де ауқатты адам болса керек. Екеуі ағайын ішінде бәсеке, араз. Екеуі қазақтың белгілі партиягершілігімен бірін-бірі аяспай, елді екі жарып жүлқысады. Бірінің үстінен бірі арыз жаудырады.

Бір-біріне пөле жабады. Қалаға шабысады. Ике жеңеді. Өйткені Семейде «Алашорда» бастықтарының бірі — Икенің туысқаны. Олай болған соң, қазақша «Алашорда» да Икенікі болады. Сонан соң Мұсатай турашылықты Совдептен іздейді. Әрине, турашылықты Совдептен табады. Совдепті, большевиктерді қуаттап шығады. Бұл 1917 жылдың ақырында. Ал 1918 жылдың басында содан Совдеп құлап, «Алашорда» күшейіңкіреп шыға келген соң, Мұсатай қуғынға түседі. Мұсатайды «қазақтан большевик болған», «социалшыл» бола қалған, алдаушы бұзық деп «Алашорда» жазушылары газеттеріне жазады. Әрине, Мұсатай социализмді қайдан білсін! Есіткен де жоқ. Мұсатай Икeden таяқ жеген соң, Икені «Алашордалар» сүйеген соң, турашылықты Совдептен тапқан соң, большевиктерді, Совдепті қуаттамай қайтсін! «Мұсатай жауыз, ұсталсын!» — деп «Алашорданың үкіметі» жарлық шығарады. Жарлыққа Бөкейханұлы қол қояды. Мұсатайды ұстатып, абақтыға жаптырады.

Міне, Семейдегі «Алашорданың орталық үкіметінің» бітірген жұмыстары осындай болған. Осындай қылықтарынан Семейдегі «Алашорданың орталық үкіметін» және Земствосын жұрт «Тобықтының Алашордасы», «Тобықтының Земствосы» деген кездері де болған. Мұсатай мен Нұрғали Құлжанұлын абақтыға жатқызуға «Алашорданың» ішінен жалғыз-ақ Мұқаметжан Тынышпайұлы қарсы болған. Бірақ өзгелері оған болмаған.

«Алашорда» бастықтарының ішінде татулықты сүйгіші, сезгіш жүрегі Мұқаметжан Тынышпайұлы болған. Семейде әскери-майдан соты құрылмақ болғанда (военно-полевой суд) Тынышпайұлы қарсы болып айтысып, қарысып отырып, майдан сотын жасатпаған, міне, жайлар осындай болған.

КОЛЧАК ӘКІМШІЛІГІ

Колчак әкімшілікті өз қолдарына алардан бұрын-ақ патшашылдар бұрынғыдан да жаман хайуандық мінездерін көрсетті.

Қала мен далаға құтырған қасқырлар тиді. Қасқырдың көзіне қан толып, аузы арандай ашылып, тілі қарыс түсіп кетті. Қасқырда дамыл жоқ. Қасқыр ес-түсін білмей шабуда. Қасқыр тұмсығын сұқпаған жер жоқ, таланбаған ел жоқ.

Жұртта үрей қалмады. Күн тимеген талай жанға дүре тиді. Адамға жазықсыз талай момын шаруалар зорлық пен қорлық көріп, отбасында күңіренді. Қалың еңбекші бұқара халықтың басында ысқырып қамшы ойнады.

«Әй деген ажа болмады, қой деген қожа болмады», сөз бетке тиді, шыбық етке тиді.

Мұжықтан солдат алып жатыр. Бірақ мұжықтар жастарын солдатқа лажсыз беріп жатыр. Кей жерлерде бермейміз дегендер болса, дүрелеп, кезіккендерін түрмеге әкеліп қамап жатыр.

Мас болып алып, түрменің бастығы мен казак-орыстан болатын қарауылдың бастықтары және соқтыққан бейбастақ офицерлер келіп, түрмедегілерді де дүрелеп кететінді шығарды.

Совет үкіметі құлаған жерлердегі әр түрлі уақ, аккөт үкіметтердің өздері де бұл құтырған қасқырлардың беттерінен қорқып, ірі бастады. «Еңбекші тап», «Бұқара халық», «Бостандық» деген сөздерді жаңылып айтып қалған газеттер аузына құм құйылатын болды.

Бостандыққа қарсы газеттерден ар кетті. «Алаштың» газеттері ақ төбеттің қасындағы бұралқы күшікше, бұрынғы қалпында «алаштаған», «аластаған» «дәмді» сөздерін қоймастан жазып, шәуілдеп жатты. «Жауыз большевикке қазақтан кімде-кім жанасса, Алаш ортасынан аластап шығарып тастау керек» деген үйреншікті сөздерін бұрқыратып жатты.

«Қазақтан кімде-кім большевик болса, ұстаған жерде жазасын беріндер», — деп қайрат шашқан болып жатты (Бейшара!..).

Ақмоладағы «Алаштың» уездік советінің бастықтары қазақтан ақша жинамақ болған екен. Мәnten молда мен Түсіп Избасарұлы деген екі бастығын Ақмоланы билеуші ақтың ұлықтары үш ай абақтыға жауып тастады. Бұл достың досқа қылған сияпатшылығы. «Алаштың» ұлықтарына біздің қарсы екенімізді орыстар, әрине, жақсы біледі.

Түрменің бастығы Ростов деген орыс біз отырған бөлменің құлпын ашып кірді де, күліп:

— Сіздерге бүгін отағасы келетін болды... Өңкей жас жігіттерге бір отағасы керек қой деп, Мәntenді әкеп сіздермен бірге отырғызатын болдық, — деді.

Мен күліп:

— Рақмет! — дедім.

Жұмабай түсін суытып:

— Бізге ондай жуанның керегі жоқ. Бізден басқа жерге кіргізіңіз оны! — деді.

Ростов күліп:

— Жарайды, Нуркин! Осында келсін, сонсоң отағасын «жақсылап сыйларсың... — деп көзін қысып күлді де, шығып кетті...

Кеш еді. Түрменің іші қараңғы. Сықсиган, кей кезде жағатын жаман шамын жаққан жоқ еді. Қараңғы бөлмелерден ақырын күңкілдер естіледі. Анда-санда, тас еденді тақырлатып, кілттерін сылдырлатып, тұтқындардың құйқа тамырын шымырлатып, ұзын ауыз үйді жағалап кілтшілер өтеді. Біз қараңғы бөлмеде күңкілдесіп отырмыз. Ақырын тұрып терезенің тесігінен сығалаймын. Жер аппақ. Кеш қараңғы. Аспанды қаптаған қара бұлт тұнжырап жерге төніп, жерді басуға таянған тәрізді. Түнерген аспаннан жерге ызғарланып қар қылаулайды. Кеш қараңғы. Көк те қараңғы. Сәуле жоқ. Жерді аппақ қар басқан. Түрменің іші түннен де қараңғы. Түрме бөлмесінің терезесінің ауа кіретін бір көзі ашық. Ашық көзден бөлмеге, бір жат хайуанның дем алысындай сасық ауа шығып, таза ауа үілдеп кіреді. Жапсар бөлмеден екі тұтқын әйелдің қосылып салған зарлы әні естіледі. Өндері жылау тәрізді. Өндері қалтырап, үзіліп-үзіліп шығады. Мұңды, зарлы өндері жүректің нәзік тамырларын қозғайды. Жырлайды екі әйел. Жырлағандары ендірген жылау сияқты...

Біз отырған бөлменің құлпын ашып, түрменің бастығы мен кілтшілер қаракөленкеде бір қазақша киімді жуанды бөлмеге кіргізді.

Түрменің бастығы есік алдында тұрып, тағы да күліп:
— Ал міні отағасыларың! Күтіп алыңдар, — деп есікті жапты.

Қаракөленке түрменің бөлмесіне кіріп келген жуан қазақ бірдемені құшақтаған бойымен:

— Ассалаумалейкум! — деді.

Көтерген көрпе-жастығын сөкіге қоя салып, тақтай сөкіде отырған бізбен амандасуға жылдам қимылдап, қолдарын созды.

Жағалай қолымызды ұстады... Жалғыз-ақ Жұмабайға қолын соза бергенде, Жұмабай:

— Тарт қолыңды, ит! — деді. — Қарашы, ұялмай, қолын әкеле жатқанын жауыздың! Кет әрмен! Біздің ішімізде отырма! Енді түрмеде де біздің сонымыздан қалмайын дедің бе!.. Кет, отырма қасымызда! — деп, Мөңтеннің сөкіде тұрған көрпе-жастығын еденге лақтырып тастады.

Мөңтен бізге жалтақтап қарап:

— Бұл қалай, қарақтарым? — деп отыра кетті.

— Қой, Жұмабай! Саған не болды? Молдадан енді осы жерде кек алмақшымысың?.. Қой, молданың қолын ұста! Не керек орынсыз бүйту! — деп, біз Жұмабайды тоқтатып, басып, жайластырдық.

Мөңтеннің көрпе-жастығын сөкіге алып қойдық. Мөңтенмен амандастық. Сөйлестік, хал-жайларын сұрастық.

Мөңтен «Алашорданың» бізге қылған істеріне өкініп, бармағын шайнаған болып отырды. «Алашорданың» уездік советінің төрағасы Түсіп Ізбасарұлы түрменің аурулар жататын бөлмесіне кіргізілгенін айтты.

Ертең ерте біз отырған бөлменің есігіне Түсіп келіп тұрып, есіктің тесігінен бізбен амандасты.

Біз күлісіп:

— Е, е, Түсеке!.. Достарыңыздың сыйы қайырлы болсын! Ештеңе етпес!.. «Тұлпардың өз тұғы өзіне май...» деген, өз жолдастарыңыздың сыйы ғой! — дедік.

Түсекең мұндай сөздерге жөндеп жауап бере алмайтын кісі еді:

— Өй, өткен істі не қыласыңдар енді! — деді.

Түсіпті кіргізген түрменің бөлмесін «больница» дейтін. «Больницаның» есігі жабылмайтын. Күнде бізді 15 минут түрменің ішкі қорғанына бой сергітуге шығарғанда, Түсіп бізбен сөйлесіп жүрегін болды. Және біз бөлмемізде жабулы

отырғанымызда да Түсіп есікке келіп, есіктің тесігінен бізбен сөйлесіп кететін болды. Өзгелердің өйтіп тесіктен сөйлесіп тұрғанын көрсе, бақылаушы кілтшілер жазаландырушы еді. Түсіпке тимейтін болды. Сыйлайды. Түрмеде отырған большевиктер, орыстар Түсіпті көп білмейді. Мәнтенді жақсы біледі. Өйткені Мәнтен большевиктерді тергеген комиссияның мүшесі еді. Комиссия бәрімізден жауап алғанда қасқып отырып, Мәнтен большевиктердің есінде қалған еді. Сол себепті Мәнтен түрмеге алынып, біз отырған бөлмеге кірді дегенді ести сала, өзге бөлмелердегі орыстар көруге құмарланыпты.

Танертен, бөлмелерінен шыққан уақыттарында, біздің есікке келіп, тесігінен сығалап бізбен сөз қатысып, Мәнтенді көрісіп кетті. Кейбір тентектеу жігіттер Мәнтенді боқтап та кетті. Бір-екі күннен соң түрменің бастығы Ростов келіп, біз отырған бөлменің құлпын ашып кіріп, бізге:

— Қалай, Мәнтенді отағасы қылып «сыйлап» жүрсіңдер ме? — деп Жұмабайға қарап көзін қысып, ымдап:

— Жақсылап сыйландар! — деп тағы да Жұмабайға қарап иегін қағып, шығып кетті.

Өуелі мен мұнысына түсініңкіремей қалып, артынан түсіндім: «Мәнтенге қысым қылсын» деп жүр екен.

Түрменің бастығы келіп кеткеннің соңынан, бірінші бөлмедегілерді бой сергітуге ішкі қорғанға шығарған екен.

Біздің есікке түрмедегі большевиктердің ішіндегі ең тентегі Макалкин деген жігіт келіп, тесіктен қарап тұрып, Мәнтенді балағаттап, боқтап, бізге:

— Сендер Мәнтенді неге жай отырғызасындар! — деп ұрысты.

— Ендеше, мұны бізге жіберіңдер, біз сыбағасын берейік! — деп кетті.

Мәнтен қорықты. Қайтсін?.. Ертеңінде Мәнтенді түрменің бастығы келіп біздің қасымыздан алып, Макалкин отырған бірінші бөлмеге апарып кіргізді.

Мәнтен бірінші бөлмеге кірісімен, Макалкин қарсы түрегеліп, балағаттап, боқтап, біраз сабап, қысым қылып, сөкі астына жатқызыпты.

Ертеңінде бой сергітуге шыққанда, Мәнтен біздің есікке келіп, тесіктен:

— Қарақтарым, ана Макалкин дегенге айтып, қойғызба-саңдар болатын емес!.. Сөкен, сен барып айтпасаң, ана Макалкин қоятын емес! — деп қатты өтініш қылып кетті.

Ішкі қорғанға шығарғанда, мен бірінші бөлменің есігіне келіп, тесіктен Мақалкінді шақырып алып:

— Сен енді ана Мәntenге тиме, не қыласың! — деп кеттім.

Бой сергітуге шыққан сайын, ішкі қорғанда ерсілі-қарсылы жүріп жүрген бізбен Түсіп келіп әңгімелесіп кетеді. Және біз бөлmemізде отырғанда да келіп, есіктің тесігінен бізбен сөйлесіп кетіп жүреді.

Түсіп өте қорқақ кісі. Әңгімесінің көбі:

— Сен қалай деп ойлайсың, мені не қылар екен, ө?.. Қайтер екен, ө? — дейді.

— Кім білсін не қыларын! Өзіңіздің кешегі жолдас-тарыңыз ғой, — дейміз.

— Жоқ, сонда да, не қылар екен, ө, ө? — деп қоймайды.

Неше ай қол-аяққа темір шынжыр салынып, атылуға ұйғарылып отырған, тағдыры қылыштың қырында, пышақтың жүзінде тұрған бізде жұмысы жоқ!.. Жолдастарының ашуымен үш айға жабылып қалған өз халдерін: «Қалай болар екен?» — деп қайта-қайта сұрайды.

— А, ай, «Алашорда...» Бейшара, қайтсін!

Бір күні есікке Түсіп келіп, тесіктен:

— Өй, біреуің келіп кетші, — деді.

Біз ас ішіп отыр едік.

— Не, немене? — деді Жұмабай.

Жұмабай тұрып, барды.

— Ей, Жұмабай, мені не қылар екен ө-ө? Не қылар екен? — деді.

Жұмабай түсін суытып, әбден ыза болып кетті де:

— Сені атады екен! Сендерді большевиктерден бұлар қауіпті деп таныпты. Сендерді атады қып-қызыл қылып! — деді.

Түсіп шошып, кейін шегініп қалды. Біз, Жұмабайдан басқа, Абдолла, Бөкен, мен үшеуіміз күліп жібердік.

Міне, «Алашорданың» кейбір «кеменгерлеріне» түрменің ішінде де азырақ ұшырастық.

Не қылсын?.. Бұларды түрмеде көп жатқызбайды, шығарып қоя берді. Қарғаның көзін қарға шұқи ма?.. Біз жата бердік...

Бір күні Ростов орнынан қалып, түрмеге бастық болып Сербов «қаһар» келді. Сербов сұр жыланша ысқырды. Сербов патшашылдың барып тұрғаны. Кешікпеді, бір күні Сербов түрменің әр бөлмесіне кіріп, адмирал Колчактың

«Жалпы Россияға» жалғыз өзінің ғана бас билеуші болғандығын жариялады.

Сербов шатынап, қаһарланып алды. Бір мезгілде біздің бөлменің құлпын ашып, кілтшілер мен Сербов келді.

— Сібір үкіметі және одан жоғары директория қалып, күллі Россияны билеуге енді диктатор болып адмирал Колчак тағайындалды. Отан жауынгерлік тәртібіне қойылады. Енді бұдан былай түрмеде отырғандардың ішінде кімде-кім жөн жүрмесе, атылады!.. — деп жыланша ысқырып шықты.

Енді халіміз жаман үстіне жаман болатын болды...

Бір күні түрмеге жаңадан бір-екі кісіні өкеп, бір қараңғы бөлмеге тықты.

Сұрасақ, Түркістан жағынан, Жетісу жағынан қашып келген бір-екі большевик қызметкерлер екен.

Бірінің аты — Павлов, бірінің аты — Пиянковский.

Колчак билікті өз қолына алған соң жүгенсіздік, бұзықтық, жауыздық бұрынғылардан да жаман күшейді.

Енді эсер мен меньшевик партияларының нағыз шын мүшелерінің өзін қуа бастады. Колчакқа өкімшілік өперген патшашылдар жалпы Россияға үкімін жүргізбек болған директорияны тұтқынға алып, бөлек-бөлек қуалап жіберді.

Директория мүшелерінің бәрі эсер партиясының бастықтары еді. Чернов, Авксентьев, Зинзенов, Вольский. Бұларды бездіріп қуып жіберді. Эсер партиясының Сібірдегі бастықтарының бірі Омбыдағы жазушы Новоселов деген еді. Новоселов Керенский заманында құрылған Сібір үкіметінің бір мүшесі еді. Сол Новоселовты тал түсте Колчактың жендеттері Омбыда атып өлтірді. «Тынышсыз» деген эсер мен меньшевик партиясының талай адамдарын абақтыға салып қойды. Қысқасы, Колчактың шашбауын көтергендерден басқа бұрынғы «саясатшылардың» бәрін қуып, бытшып қылды. Патшашылдардың дәуірі айқын жүрді.

«Көпшілік», «халық», «бостандық» деген сөздер біреудің аузынан шыға қалса, дереу үнін өшіретін болды. Адал ниетті жұрт Колчактың майданынан қашты. Жалғыз-ақ Колчактың қасында жұмыскердің қанына семірген бай отырды. Шен алу үшін крестьянның қанын шашқан жандарал отырды. Бай мен жандаралдың табағын жалаған оқыған адамы мырза отырды. Шашын жалбыратып поп отырды. Таспиғын сыртылдатып молда мен мүфти отырды. Бұлар-

мен сыйлас шетелдердің байларының қулары отырды. Және бөрінің есік жағында текенің шығтасына салған насыбайын ерніне жымырып, шырт еткізіп түкіре түсіп «біздің алашорда» отырды. Есік алдында сымдай болып Николайдың приставы тұрды. Пәтуалар арақпен байланатын болды. Батасы — патшаны тілейтін салауат жыр (Боже, царя храни) болды.

Жарлықты қамшымен жасайтын болды.

Бір күні мені түрме кеңсесіне апарды. Бұрын бір школдың кітапханасынан мен бір словарь алғанмын. Менен сол туралы түрменің бастығы Сербов жауап алды. Сербов пәтері сол кеңсесі екен. Қарасам, кроватьтың тұсында Николай патшаның суреті ілулі тұр. Суретті қызыл шүберекпен айнала шырмап қойыпты. Суреттің астында бір карабин мен әдемі күміс қынапты қылыш айқасып ілулі тұр. Оның астында ақ тақта шүберекке жазған патшаны тілеген жазу (Боже, царя храни) тұр.

Міне, осымен батырың ниетін білдірмек! Қолчактың жендеттері арам қулықтарын бүркеуді қойған.

Бір күні, түн ортасында, түрме бөлмелерінің жалпы ұзын ауыз үйінде біреулердің тықырлап жүрген дыбысы естілді. Салдырлаған кілттердің дыбысы шықты. Ашылған есіктің салдыры естілді. Күмбірлеп-самбырлап сөйлеген дауыстар естілді. Біз ойланып, тындап отырмыз.

Бір мезгілде:

— Матрос Авдеев! — деген дауыс естілді.

Күнгірлеп сөйлеген шаң да шұң дауыс шықты. Сербовтың дауысын таныдық. Қасында және бір бөтен дауыс бар.

Сербов:

— Түр тізеңнен! Жылдам! — деді.

— Тұрғанда, не қыл дейсіңдер? — деді біздің жолдас матрос Авдеевтің даусы.

— Тұрғанда, патшаға салауат айтасың! (Боже, царя храни) — деді Сербов.

— Мен, ендеше, тіземнен де тұра алмаймын, патшаға салауат та жырлай алмаймын! — деп күрілдеген Авдеевтің даусы шықты.

— Жырлайсың, ит! Жырлатамыз біз! — деген дауыстар шығып, Авдеевті бірдемемен салып қалғандай болды.

— Еркек болсаңыздар, мені атып тастаңыздар!.. Жақсы адам болсаңыздар, тұтқынды ұрмас едіңіздер! — деді Авдеев.

— Сөйлеме, жырла патша жырын, жауыз! — деді Сербовтар.

Тағы да салып қалғандай дыбыс шықты.

— Өлтіріп тастасаңыздар да мен патшаға салауат жырламаймын! Мен еңбекші халықтың бірлік ұранын (интернационалды) ғана жырлай білемін. Еңбекші халыққа патшаның керегі жоқ! — деді Авдеев.

Тағы да Авдеевті салып қалды. Авдеев қайыспады. Авдеев жырламады. Авдеев қажымады, қайыспай тұрып алды. Колчактың «батырлары» біраз ұрып қойды.

Салдырлатып-самбырлатып, боқтанып келіп, екінші есікті ашты. Тағы да:

— Ө-ө, Павлов!.. Амансың ба, көгершінім! — десті.

Балағаттап боқтап жатыр.

— Отыр тізеңмен! Жырла патшаның салауатын! — десті ақырып.

Тағы да шаң да шұң дауыстар шығып, салып қалғандай болды.

Екі-үш дауыс ақырып:

— Жырла жылдам! — деді.

Тағы да салып қалғандай дыбыс естілді.

Павлов шыдай алмады. Павлов тез сынды...

Павлов патшаның салауатын «Боже, царя храни» деп жырлап жіберді.

Бұл Павлов Түркістан жағынан келіп, тұтқынға алынған Павлов екен. Бұл жырлады. Жырды естіп тұрған тұтқындар ызамен күйініп жылады. Павлов жырлай бастағанда, Сербов шақылдап:

— Қолдарыңды көтер! Под козырек! — деді.

Жыр біткен соң, Павловты қоштап:

— А-а, қорқақ ит! Батыр емес пе едің? Не қылмап едің? Он бес минуттен қалғаныңды қырам деп бұйрық қылушы едің ғой?.. Батыр емес пе едің, жауыз! Қорқағын қарашы, иттің! — деп, тағы да ұрған дыбыс шықты.

Павловтың енді ойбайлаған дауысы шықты. Енді тек ұра берді. Боқтап, балағаттап ұра берді. Ұрған сайын Павлов ойбайлап жатты.

Біраздан соң ойбайлаған дауыс өлсірей бастады. Ақырында дауыс өрең шықты. Боқтап, балағаттап, қорлап Павловты тастап, Авдеевтер отырған бөлмені тағы да барып ашты. Тағы да самбырлап сөйледі.

— Авдеев, сен жігітсің! Сен ерсің. Сен біздің жауымызсың, бірақ жау болсаң да жақсы адамсың! Жауласуға тұратын адамсың. Анау Павлов кісі емес! Ол аяқ астында жорғалап жүретін хайуан! — десті.

Тағы да қоразданған Сербовтың мынадай даусы шықты:

— Бұл Авдеев большевиктердің қызыл әскер штабының бастығы еді. Бұл нағыз ер. Өлімнен қорықпайды. Өнеуі күні біз Совдепке қарсы көтеріліс жасағанымызда, бұл шын ерлігін көрсетті. Біз Совдепті тұтқынға алып, қамап қойып, әскерлерінің штабына барсақ, Авдеев мылтығын ұстап тұр екен. Бізді штабына кіргізбей, бір қолында наған, бір қолында бомба, азғантай әскерді ертіп, атысуға даярланып, көшеге шықты.

— Қаруларыңды тастап, беріліңдер! — деп мен айқайлап едім:

— Берілмейміз! Шамаларың келсе, бізді аямандар! Біз енді қазір ата бастаймыз! — деді.

— Бұл қорықпады, — деп Сербов Авдеевтің ерлігін айтқан болып, өзін Авдеевтен де батыр қылып, қоразданып сөйлеп тұрды. Енді самбырлап біз отырған бөлмеге таянды. «Левый эсер» Смокотин адвокат отырған бөлмеге келіп, оны біраз айналдырды. Смокотин қарт кісі. Заты казак-орыс. «Левый эсерден» коммунист болған қажырлы адам еді. Ол Сербовтың ақырғанынан қорықпады. Тілін тартпады.

— Жарайды, сен шал казак-орыс болсаң да жолдан азған адамсың, бірақ әйтеуір казак-орыс болғандықтан қажырлы, тәуір адамсың! — деді Сербов.

Одан келіп, тағы да «левый эсер» адвокат Трофимовтың отырған бөлмесін ашты.

Трофимов Ақмола большевиктеріне жөн сілтеп ақыл үйреткен кісі еді. Трофимовқа Ақмоланың байлары мен төрелері өте өшіккен еді. Сербов Трофимовты біраз боқтап, балағаттап тастап, бізге келді.

Біздің есіктің құлпын ашып, салдыратып кіріп келіп, Сербов ақырып:

— Түрегеліңдер! — деді.

Біз түрегеліп тұрдық.

Сербовтың қасында кілтшілер, түрменің қарауылының бастығы және арқа қазағының күпісін, етігін киген бір-екі бөтен орыс жігіттері.

Сербов мазақтай күліп, өлгі қазақша киінген жігітке қарап бізді көрсетіп:

— Міне, қазақ бөлімі, тақсыр жүзбасы! (Господин сотник) — деді. Қазақша киінген жігіттер кекете күліп:

— А-а, бастықтар екен ғой! (Ах, начальство, значит) — деді.

Сербов:

— Бұлар большевиктердің балапаны еді. Бірақ балапандарды ержеткізбей, ұшуға жібермей, қанаттарын шауып тастадық, — деді.

Сербов мастау көрінді...

Ертеңінде білдік, Павловты қылыштап, мыжғылап кеткен екен.

Міне, түрлері осындай. Түрмеде жай тиыш жатқан кісі бейнетті, қорлықты анықтап көрмеген кісі. Түрмедегі тұтқынды өкімдер күнде боқтап, күнде балағаттап қорлап, күнде «атамын» деп отырса, қиыншылық сонда ғана көрінеді. Сонда ғана түрменің не екені білінеді екен. Сонда ғана түрмеде отырған кісінің де қандай екені көзге көрінеді.

Тағы да крестьяндардан әскер жинай бастаған. Бірінші ретте де, екінші ретте де крестьяндар талай жерде ақтардың әскеріне баруға риза болмаған. Сол себепті бірінші ретте де, екінші ретте де крестьяндардан көп кісі абақтыға жабылып, біраз жатып шыққан. Соңғы әскер жинаған реттерінде «үкіметке қарсылық қылды», «жастарға әскерге бармандар, бұлардың өзіне қарсы тұру керек деді» деп, «ел бұзғыш» деп, біз жатқан бөлмеге бір Гоппе есімді немісті әкеп жапты.

Гоппе жиырманьың ішіндегі жігіт. Менің қасымда жатты.

Ақмола уезінде «Інжар», «Тәуірше» поселкесінің немісі. Шүйіркелесіп сөйлесіп, мен Гоппеден немісше тіл үйреніп жаттым.

Бір күні, түн ортасында, салдырлатып біздің бөлменің құлпын ашты. Біз ұйықтап жатыр едік. Оянып, үрпиісіп бастарымызды көтердік.

Мылтықты екі солдат пен бір кілтші кіріп келді:

— Гоппе! Тұр! Айда, жүр! — деді.

Гоппе:

— Қайда апарасыздар? — деді.

Солдаттар:

— Айда, жүр! Жауапқа барасың!.. — деді.

Гоппені алып кетті. Біз күтіп отырдық. Түрмеде үн жоқ. Темір торлы терезеден қарадық. Қанатын жайған қара түн

дүниені қаптап түнерген. Қап-қара аспан төмен салбырап түскендей. Қаптаған ақ көбелектей жай қалықтап аспаннан ақша қар жауып тұр. Терезеге қараған түрменің ішкі қорғанын аспақ қар басқан. Қорғанның іші де тым-тырыс. Жолдас Гоппені ақ көбік шашқан қара пәле қара түн құшағына алып жұтып қойды. Біраз уақыт өтті...

Бір мезгілде тықырлатып, салдырлатып келіп, тағы да есікті ашып, Гоппені бөлмеге енгізіп жіберіп, есікті жауып кетті.

Гоппе сенделіп келіп құлады.

— Не болды? Не болды? — деп Гоппені жатқыздық. Гоппе қасындағы мені құшақтап, сөйлей алмай, жылап қоя берді.

— Айтшы, қызылдар келе ме, келмей ме? Қапан келеді? — деді.

Мен:

— Жылама, баламысың?.. Жылама, келеді қызылдар, келеді! — дедім.

— А-ай, бөлем-ай!.. Келсе! — деп тісін қайрап, жұдырыған түйді.

Гоппені алып шығып, түрменің қасындағы орыс мола-сына апарыпты. Төрт казак-орыс мылтық дүмімен ұрып, Гоппені қарға домалатып, өздері шаршағанша ұрыпты.

Міне, «төртіп» осындай.

Түрменің бір бөлмесін аурулар жататын «аурухана» дейді. Бұл ауруханасы өзге бөлмелерден төуір. Есігі күндіз ашық тұрады. Мұнда ауру болып, біздің Нұрғайын мен учитель Горбачов жатады. «Алашорданың» Түсібін де ауру болмаса да осында кіргізген. Онысы — «Алашорданың» кісісі деп, өзгемізден бөліп, құрметтеп ұстағаны. Ауруханаға бір жаман фельдшер келіп жүреді, фельдшердің киімі жаман, нашар. Фельдшер келгенде, ауырған тұтқын кілтшіге айтып барып фельдшерге көрініп, дәрі сұрайды.

Бір күні азырақ науқастанып, кілтшіге айтып, ауруханаға бардым. Жаман фельдшер мен Сербов және доктор Благовещенский тұр екен.

Маған:

— Сіздің неізі ауырады? — деді.

Мен:

— Бір шаншу қадалып кетпейді, соған дәрі болар ма екен? — дедім.

Сол күні «құдай иіп» келген доктор Благовещенский мені көрді. Фельдшерге бірдеме деген дәрі бер, — деді. Фельдшер бетін күле тыржитып:

— Мен жылдам жазылатын у берер едім, — деді.

Таң қалдым. Бұл сорлыға не керек?.. Дәл, құдды «Алашорда» сияқты!.. Бейшара!..

Анау аюдай ақырған Сербов — түрменің бастығы, «большевиктерді бітіру» комиссиясының төрағасы, өзі зор оқулы, техник. Ол жауыздық қылса, большевиктерге қарсы болса, мақсұты белгілі. Жұртқа, бұқараға әкім болғысы келеді. Әкім болады. Ал мына шалбарының арты жырттық фельдшер сорлыға не керек екен, ө? Бейшара... Бейшара!.. Құдды Кольчактың босағасында отырып, тымағын қисайта киіп, күпісін қымтана түсіп, текенің шытасындағы қонышына тыққан насыбайын алып ерніне салып, шырт түкіріп қойып: «Большевикті құртамыз» деген «Алашорда» тәрізді бейшара!..

Бұрын «учредительное собрание шақырамыз» деуші еді. Енді Кольчак қақшиып алған соң, учредительное собрание қойып, «ұлт кеңесін шақырамыз (национальный совет)» — дейтін болыпты.

Бір күні түрмеге Омбыдан келген прокурор келді.

Прокурор жағалап біз отырған бөлмеге кірді.

Біздің кім екенімізді сұрады.

Айттық. Сонсоң ұлық шығуға бұрылып жүре бергенде, мен:

— Мүмкін болар ма сізден сөз сұрауға? — дедім.

Ұлық тоқтап:

— Не сұрайсыз? — деді.

Мен:

— Бізге сот бола ма?.. Қай уақытқа шейін мұнда отырамыз? — дедім.

Ұлық:

— «Ұлт кеңесіне» дейін отырарсыздар, — деді.

Қызылдардың Уфа мен Орынбордың манайында жүрген кезі еді.

Мен:

— «Ұлт кеңесі» тез болатын шығар? — дедім.

Ұлық маған біраз қарап тұрып:

— Өзір бола қоймас! — деп шығып кетті.

Біз есік жабылған соң, ақырын күлістік...

Сөйтіп жата бердік.

Бір күн бір күнге ұқсас. Бір түн бір түнге ұқсас. Жапсар бөлмеде екі-үш әйел отырады. Бірі – біздің жолдасымыз Кондратьева деген әйел. Бірі — абақтыға неше түсіп шығып, қайта түсіп жүрген Петракеева деген әйел. Әйелдің екеуі кеш сайын қосылып ән салады. Екі әйелдің қосылған мұнды даусын, екі әйелден шыққан қапас зарды тым-тырыс түн-жыраған түрме кеш сайын тындайды. Сарғайған жүз, қайнаған көкірек екі әйелдің зарымен бірге сарнайды. Әйелдердің өдемі дауыстары қалтырап шығады. Еңіреп жылап шығады. Жүректің нәзік тамырлары да олардың зарына қосылып, сызылып, сарнап жылаған төрізді. Екі әйелдің жылаған төрізді өні созылып-созылып, үзіліп-үзіліп зарлайды. Бостандықты сағынған қасірет зар болып шығады.

Кеш ұзақ. Кеш таусылмайтын төрізді. Кешпен бірге екі әйелдің еңіреп сарнаған зары да ұзақ. О да таусылмайтын төрізді. Кеш ұзақ, қараңғы.

Түрме де қараңғы. Темірлі терезе сығыраяды. Жерде апшақ суық қар. Темір құрсаулы тас сандық та сұп-суық ызғарлы... Түнерген кеш, ызғарлы кеш, қараңғы кеш еңіреген зарды есітер ме?.. Темір құрсаулы тас сандық — ызғарлы түрме — о да меңіреу... Тұтқынның зарын меңіреу түрме сезер ме?.. Дүлейге, меңіреуге бекер зарлама, талпынған жан!..

Бір күні бізді төртінші бөлмеде отырған көп жолдастардың ішіне апарып қосты. Көпшілікпен де тұрмыс бір қалыпта. Дойбы ойнаймыз, әңгіме айтамыз. Ұрланып келген кітап болса оқимыз. Түрме бір қалыпта: кір, лас, сасық, тығыз.

«Максималистен» большевик болған шаштаразшы Мартылого деген екеуіміз жолдастарға әр түрлі мәселе туралы баяндама қыламыз.

Солайша күн өте берді...

АТАМАН АННЕНКОВ ОТРЯДЫНЫҢ ҚОЛЫНДА

Ақмоладан айдалу

(1919 жыл, 5 қаңтар)

Бір күні бізді жөнелтпек болды. Түрменің бастығы екі-үш күзетшілерімен біз отырған бөлмеге келіп:

— Сіздерді жөнелтпек болдық, даярлана беріңіздер. Екі-үш күнде жүресіздер! — деді.

— Қайда жөнелтпексіздер? — дедім.

— Омбыдағы үкіметтің өміріне барасыздар! — деді Сербов.

Бұл хабарды түрменің бастығы айтып кетісімен, отырған жұрт жабырлап өңгімеге түсті.

— Қайда апарады? Кімге апарады? Қалай апарады? Не қылады? Конвойлап апаратын кім?.. — деген сөздерді жолдастар түрліше талқыға салды, өркім өр түрлі болжау айтты.

Бостандықтағы жақындарымызға хабар бердік. Жылы киім алғыздық. Шама келгенше жолға ақша даярлаттық. Абдолланың әкесінен: «Ақшаны Абдолланың қазақша саптама етігінің өкшесінің ішіне тығып, шегелеп жібердік», — деген хабар алдық.

Он екі бөлмелі түрменің іші күңкілдеп сөйлесуде. «Не болар екен», — дейді.

Бізді Омбыға алып жүретін Анненков деген атаманның отряды екен. Анненков — Колчактың белгілі атаманы.

Омбыдан Ақмолаға Анненковтың он бес шамалы партизан солдатты келіпті. Анненковтың партизандарының бәрі — өздері тіленіп кірген бұзықтар. Он бестің екеуі — офицер. Бұлар Ақмоладан тіленген тағы да біраз казак-орыс жігіттерін отрядына қосып алыпты. Барлығы қырық-елу солдатты отряд болыпты. Отряд енді Омбыға жүрмек. Бізді осылардың қолына бермек.

Бұл келгендер — қанішер жендеттер. Атаманның бұзық солдаттары. Колчактың еркелері. Бұлар түрмеде жатқан тұтқындарды қаладан былай алып шығып, бәрін атып, шауып, жусатып кетпек екен. «Қашпақ болып, қарсылық қылған соң аттық» дей салмақ екен. «Енді ешкім тірі қалмайды...» деген сөз түрменің бөлмесінен бөлмесіне

күңкілдеп тарауда. Суық сөз қара жыландай асығып сыбырлауда. Түрменің бөлме-бөлмесінің есік-тесіктерінен сумандап кіріп-шығуда.

Екі күннен соң түрменің бастығы біздің бөлмеге Ақмола әскерінің бастығын ертіп кірді. Бізге үйреншікті: «Тұрындар орындарыңнан!» — деді. Біз түрегеп тұрдық. Екі бастықтың қасында бір-екі солдаттары бар. Кілтшілері бар. Сартылдаған қылып, мылтық. Иықтарындағы оқа шендері жарқырайды. Бастықтар бізді жөнелтетіндерін тағы да айтты.

— ...Бірақ осы бастан естеріңізде болсын: жолшыбай біреуіңіз қашсаңыз, қалғандарыңыз атыласыздар, — деп үлкен бастық шығып кетті.

Жолдастардың бәрі де енді шамасынша дайындалып жатыр.

Біраз азық пісіртіп алдық, жөнелтпек кісінің саны елу шамалы. Ақмола түрмесінде жалғыз-ақ ауру себепті Нұрғайын мен учитель Горбачовты қалдырмақ...

Бәріміз де дайынбыз. Жиналып, түйінісіп алдық. Біз отырған төртінші бөлмеде жиырма шақты кісіміз. Кір сөкінің үстінде өздеріміз де кір-кір болып шүпірлеп отырмыз. Алып жүретін солдаттардың келуін сағат сайын күтудеміз. Енді не қылса да даярмыз...

Уақыт қыстың нағыз ортасы. Күн аяз. Қысқа күн батып, кеш болған. Бөлме қаракөлеңке. Бөлменің әр бұрышында күңкілдеп сөйлесіп жолдастар отыр. Темір торлы терезенің ашық, кішкене көзінен уілдеп лықсып суық жел кіреді. Ашық көздің жиегіне тұрған сүңгі мұздардан ептеп тырсылдап тамшы ағады. Бөлме қараңғы... Алдыңғы тағдыр да қараңғы. Терезенің ашық, кішкене көзінен тыстағы шықырлаған аяз естіледі. Ұзақ отырдық... Түн ортасы болды. Жолдастардың қараңғыда күңкілдеген ауыр сөздері бірте-бірте азайып басылды. Киінген бойымен жолдастар бүк түсіп-бүк түсіп талып ұйықтасты. Қанатын жайған қара түн түрменің іші-тысын түнеріп басты. Түрме тұнжырап демін ішінен алды. Дыбыс өшті, жалғыз-ақ терезенің тыстағы түбін күзетіп жүрген солдаттың тықыры естіледі. Және терезенің ішінен анда-санда тырсылдап тамған тамшы тырсылы естіледі. Анда-санда ұйқысырап, сандырақтап, бір түрлі ауыр дем алған жолдастардың ыңқылдары естіледі.

— У-у-у-й-п!.. а-а-һ-һ... — деп ыңқылдайды тұтқындар!

Тұншықтырып басқан қара пөле тым ауыр. Мойынға алған жүк те ауыр. Ұлы майданға шықтың, еңбекші таптың азаматы! Мойнына арттың ауыр жүкті. Тар жол, тайғақ кешуден сол жүкті алып өтуге міндеттісің. Жүк ауыр, ыңқылдайсың! Бірақ шыдайсың жүк астында өлсең де!.. Кім біледі? Бәрінді ертең қаладан алып шығып атып тастар. Бірақ не үшін өлгендеріңді еңбекші тап айта жүрер. Шыда, шыда, ауыр жүкке! Жығылмай өт тар жолдан!

— У-у-у-п! а-а-һ-һ! — ыңқылдайды тұтқындар!..

Тас еденде тақырлаған, күңгірлеген дыбыспен оянып кеттім.

Жолдастардың бәрі де тез оянып, үрпиісіп түрегелді. Сыбыр-сыбыр сөйлесіп, есіктің тесігінен сығаладық. Түрме бөлмелерінің ұзын ауыз үйінде шам ұстаған кілтшілер жүр екен. Уақыт — таң алды. Бөлме алакөленке. Қылыш асыңған, қолдарында шолақ мылтықтары бар төрт-бес солдат көрінді. Солдаттардың формалары жат. Шандыған омырауларының бәрі толған винтовканың оғы. Бастарында үлкен қоқырайған қара сеңсең бөріктер. Бөріктерінің төбелері қызыл шүберек. Белдеріне тағы бірдемелер байлаған, жүрістері еркін. Ауыз үйге лезде сондай жат түсті әскери киімділер толып, ерсілі-қарсылы жүре бастады. Дауыстары самбырлап шыға бастады. Тас еденге мылтық дүмі тие бастады.

Біраз әңгіме шешілетін мезгіл жеткенін жүрек сезді.

«Анненковтың отряды!», «Анненковтың отряды!» – деген сөз алакөленке бөлменің әр жерінен сыбыр-сыбыр естіледі. Түрменің ауыз үйіне әскери киінген кісі толды.

Есіктің тас еденді тақырлатқан дыбысы, еденге және қатты қыштан қалаған іргелерге соқтыққан мылтықтың дүмі мен қылыштың қынабының сартылы, күжілдеп самбырлаған солдаттардың дауысы — бәрі қосылып тұнжыраған меңіреу түрмені қозғағандай болады.

Біздің бәріміз де оянып, үрпиісіп отырмыз. Көптен байланып түйілген түйін шешілуге таянды. Тарсылдатып, шақырлатып, күңгірлеп келіп, біздің бөлмені ашты.

Түрменің бастығы мен бір казак-орыс офицері екі-үш солдатпен кірді. Қолдарында шамы бар.

Біз түрегеп-түрегеп тұрдық.

— Сіздер енді қазір жүресіздер. Жылдам киініп, түйініп даярлана беріңдер... — деді. Сүй деді де, шығып кетті.

Біз жылдам буынып-түйініп даяр болдық. Он шақты минуттан соң есігімізді тағы да ашып, түрменің бастығы

мен офицер есіктің сыртында тұрып, тізім қағазбен бір-бірлеп бізді ауыз бөлмеге (коридорға) шақыра бастады. Бәріміз де шықтық. Түрменің ұзын үйінің тас еденіне бәрімізді иіріп отырғызды. Қылыш-мылтықты солдаттар қоршап тұрды. Жағалай шешіндіріп, бәрімізді тінте бастады. Іш киімнен басқаның бәрін шешкізіп, түк қоймай сипалап қарап жатыр. Тінтіп жатқан — әлгі өне бойының бәрін оқпен шандыған солдаттар.

Менің аяғымда қазақша саптама етік бар еді. Аяғымнан шешіп алып, «бомба жоқ па» деп, киіз байпағын суырып алып, сілкіп қарады. Қолтығымның астарын қарады. Етігімнің ішіне қолын тығып, қоншын төмен қаратып сілкіп қарады. Өзге киімдерімді де сипалап, жұлмалап қарап-қарап:

— Ал енді киініп ал! — деді.

Көңілім біраз жайланып, киініп алдым. Етігімнің тұмсығына, ұлтарағының астына тыққан біраз жазылған қағаздарым аман қалды. Әр бөлмедегі жолдастарды да біз отырған жерге әкеліп иіріп, шешіндіріп, тінтіп киіндірді. Өйтіп-бүйткенше таң да атып қалды.

Енді бәрімізді тізбектеп, түрменің ішкі қамау қорасына шығарды. Жиырма, отыз солдат бәрімізді қоршап тұрды. Екі офицер мен түрменің бастығы түрме кеңсесіне бір барып, бір келіп жүр. Біраздан соң қала әскерінің бастығы келді. Қала әскерінің бастығы келген соң бізді сол тізбектелінген қалпымызбен көшеге — түрменің алдына шығарды.

Түрменің алдында бізді отыз шақты атты казак-орыс және жиырма шақты жаяу солдат күтіп тұр екен. Бұлардың киімдері әр түрлі. Жалғыз-ақ өзгеше жат киім — бізді тінтіп, түрмеден алып шыққандардікі. Киімдері жат солдаттардың түстері де өте бұзық. Өзге солдаттардан жүрістері де еркін. Бұлар Омбыдан келгендер.

Бір-бір атқа жеккен жиырма шақты жайдақ шана тізбектеліп тұр екен, бізге:

— Төрт-төрттен бір шанаға ие болындар, — деді.

Ыңғайласып, төрт-төрттен бір шанаға ие болыстық. Бөкен, Жұмабай, Абдолла, мен — төртеуіміз бір шанаға ие болдық.

— Шанаға екі-екіден кезек-кезек мінісіндер, — деп бұйырды.

Көрпе-жастықтарымызды, азығымызды шанаға қоюға даярланып тұр едік, көзім мылтық ұстаған бір жігітке түсті.

Үстінде шолақ тоны бар. Аяғында киіз пимасы бар. Жас жігіт, менің бір жақын туысқаным!.. Атаман Анненковтың отрядының ішінде!.. «А-а?.. Бұ қалай?.. Бұл отрядқа тіленген жігітті ғана алады... Мұны Атаман Анненковтың партизан отряды» дейді! Отряд бізді алып жүрмек. Алып шығып не қыларын өзі ғана біледі. Елу шақты төңкерісшіл азаматтың тағдыры осылардың қолында...» Мен өз көзіме өзім нанбадым! Нануға да болмады. Мені айдауға, яки жолда атып тастауға алып шыққан Анненковтың бұзықтарының ішінде менің, өзімнің шөбере апамның баласы да бар!

Япырым-ау! Осы анық сол ма?.. Рас сол болса, мынау бір ұмытпайтын күйік екен! — деп, жас жігітке қадала қарадым. Анық сол екен!.. Көзіме нандым... «Шіркін адамзат!.. Ішінде неше түрлі жан бар-ау!.. Ала тұрмыс, неше түрлі адамды жасадың-ау!.. Қасіретті жан да бар сенде, пасық жан да көп сенде! Лағынет, сенің сұм, зұлым пасықтарыңа!» — деп тұрдым. Ішімнен күйініп тұр едім, туысқаным қырындап маған қарай келді. Менің алдыма келіп:

— Ассалаумәлікүм! — деді.

Мен үндемей, көрмеген, естімеген болып, теріс қарадым.

Мен теріс қараған соң, күмілжіп, қасымдағы жолдас-тармен амандасты...

— Ал жүріндер! — деді.

Әрбір шананың қасында төрт кісіден шұбатылып жөнелдік. Күн суық. Күн шатынап құлақтанған. Шаңғыт аяз. Қаланың көпшілігі әлі тұрған да жоқ. Әр шананың қасында солдат келеді. Тізбектің алдында, артында атты казак-орыс. Жолмен шұбаған шаналы тізбек. Әр шананың қасында жаяу-лап бөріміз де жүріп барамыз. Қаланың шетіне шықтық.

Түрменің бастығы бізді қаланың шетіне шығарысып, конвоймен сүйісіп, қоштасып жатыр. Астында күрен аты бар; қатты, қалың қарға омбылап, күрен ат орғиды.

Күнде жол тосып, бізбен амандасып қалуға андып жүрген бірен-саран жақындарымыз қаланың шетінде, жол аузында, телміріп қарап тұр. Анадайнан бас иезп қош айтысады. Алыстан көздерінің жасын сүрткені көрінеді. Шаналардың, аттардың, жаяулаған тұтқындардың, мылтық ұстаған конвойлардың табанымен нығарланған аяз қар көп жіңішке дауыспен қосылып шулайды. Қала әуесі қош айтысып, шуласып, сыңсып жылаған төрізді. Мылтық ұстаған жаяу конвой тұтқындардың араларында келеді. Атты казак-

орыстар да шұбалып, біразы алдымызда, көбі артымызда келеді. Кейбір атты солдат аттарын ойнақтатып, орғытып, қарға омбылатып, тізбектің алды-артын орайды.

Бірте-бірте қарасы үзіліп Ақмола артта қалды. Біздің санымыз елу шамалы. Ішімізде бір-ақ әйел бар. Қазақ алтаумыз. Бұл келе жатқан — Ақмоладағы Совдеп жасаушылар. Большевик партиясын ашушылар.

Бізді алып келе жатқан конвой саны жетпіс шамалы солдат. Бұлар бөрі казак-орыс. Колчактың оң көзі. Ең сенімді өскері. Большевиктерді алып жүруге мұжықтан жинаған солдаттарына сенбейді.

Конвойдың ішінде казак-орыстан бөтен жалғыз-ақ менің жиенім келеді. Және бір қаңғырған саудагер шала сарттың баласы бар. Бұлар да атаман Анненковтың партизан солдаттары.

Омбыдан келген он бес солдаттың түстері, мінездері өте бұзық. Тақияларын қодита киген. Иықтарындағы қызыл шүберектерінде күміспен жазған екі әріп бар: «А. А.» Бұл — «Атаман Анненков» деген сөз. Қызылжарға қарай жүретін қысқы жолмен шұбалып, бұрақтап келеміз. Бір шанаға ие болған төрт кісі конвойдың өмірі бойынша екі-екіден шанаға кезек мінеміз. Жұмабай мен Абдолла шанаға мінгенде, Бөкен екеуміз жаяу жүріп отырамыз. Біз мінгенде ол екеуі жаяу жүріп отырады. Шананың жүрісі жаяу кісінің ғана жүрісіндей.

Қаладан шыққан күні қазақ аулына келіп қондық. Алдымен озып кеткен конвойдың кісілері қазақ аулына келіп, түсетін үйді даярлатып отыр екен. Тұтқындарды екі бөліп түсірді. Бір жылдан бері көрмеген, қазақтың сасық, кір, лас, жаман жер үйіне келіп кенелдік те қалдық: түрменің қасында бұл ұжмақ төрізді көрінді. Үйге, есіктің алдына екі солдат қойды. Тысқа шыққан тұтқындарды солдаттар алып шығады.

Конвойдың офицерлерінен соңғы бастықтары тұтқындар отырған үйге дамылсыз келіп-кетіп жүреді. Кейбіреулерінің қалталарында граната, бомба бар. Бізге көрсетіп қояды. Конвойдың офицерлерінен соңғы бастығының бірі — бір жалпақ бет, қалмақ төрізді қара. Өте бұзық. Екі сөзінің бірі боғауыз. Өзгелерінен сөзшен. Өңгімешілдеу. Біз отырған үйге келді.

— Біреуіңіз үшін бөріңіз жауап бересіздер, егер де біреуіңіз қашсаңыз, бөріңіз атыласыз, естеріңізде болсын. Біріңізге біріңіз көз болыңыздар!.. — деді.

Әрине, «осылар атпайды» деп ойлайтын бізде ешкім жоқ.

Ертең ертемен тағы да жүріп кеттік. Түс кезінде боран соғып кетті. Бір қазақтың ауылында күн ашылғанша түстеніп жаттық.

Бізді қай қазаққа өкеліп түсірсе де, түскен үйдің еркектері жоқ болады. Анненковтың солдаттарына көрінуге қорқатын тәрізді. Бұл ауылға түсісімен кешікпей күн айықты. Жүруге конвой даярланып еді, түскен үйдің қатыны бізді, қазақтарды, сыйламақ болды. Конвойдың бастықтарынан өтініп тоқтатты. Ет асып, бізді құрметтеп жөнелтті... Күн қаһарлы суық аяз болып ашылған. Қар үстінде соқпақпен тізбектеліп жүріп келеміз. Жер жүзін аппақ қалың қар басқан. Күн шықырлаған қызыл шұнақ аяз. Күнде отыз-қырық шақырымнан артық жүре алмаймыз. Қаңтар айының басы. Қыстың қылшылдап тұрған уақыты. Күн шаңғытып қызыл-жасыл болып, құлақтанып шатынап, жасыл ұшқын шашады. Жел қарсы алдымыздан. Шытырлаған шұнақ аяз бет қаратпайды. Қарсы алдымыздан жалаңдаған жел дем алғызбайды. Тура қаратқызбайды. Тіфу дегенде түкірік жерге түспейді. Жерге түссе мұз болып қатып түседі. Келе жатқан кісінің аяғының астынан қардың шықырлағаны көз көрімнен ойбайлап естіледі. Бет-ауызға тұрған қырау шоқпардай мұз болып қатып, бетті, мұрынды қатырып қариды. Шаршаған соң денеден будақтап тер шығады. Будақтаған бу аттардан да, адамдардан да шығады. Аттардың танауларына қоспақталып сүңгі мұз тұрды. Терді жалақтаған шұнақ аяз жалап алады. Жалаған жеріне мұз қатады. Шықырлап жолмен шұбатылып келеміз. Тұтқындардың да, конвойдың да беттері үсіп, қаны аға бастады. Сібірдің қызыл шұнақ аязы. Аяз сүйген жерінен қып-қызыл қылып қан шығады. Аяздың шым еткізіп тістеп, сүйіп алған жерін іле уқалаймыз. Жұлқынамыз, жұлқынып аяндаймыз.

Қызылжарға қарай жүргенде, Ақмоладан жүз он шақырым жердегі Қушоқы поселкесіне қонаға келдік. Ақмоладан шыққалы келген мұжық қаласы осы. Бізді школға өкеліп түсірді. Мұжық қаласына келген соң, конвой бір түрлі құтырып алды. Мұжықтарға атаманның парти-

зандары күшін көрсетпек. Мұжық қаласына келген соң қырынам деп, арақ, самогонмен өңештерін жібітетін болды.

Біз қамалған школдың бір бөлмесінде бізді қарауылдайтын солдаттар болды. Солдаттың уақ бастықтары самогонмен өңештерін жібітіп алған соң қаланы аралап кетті. Біраздан соң арестовать етіп бір-екі мұжықты алып келді. Боқтап, қорқытып, бөлмелеріне апарып шешіндіріп жатқызып, мылтықтың түбімен құйрықтарына дүре салды. Дүре салу атаман отрядының үйреншікті әдеті болса керек. «Он бес сүмбі, жиырма бес сүмбі...» деп, өздері күлісіп отырады. Қушоқы поселкесіне үсініп келген соң, ертең тағы да мұз қатып бетті қарымасын деп мұрты барлар сыпыра мұрттарын алғызып тастады. Сақал-мұрт алатын ішімізде максималист-коммунист шаштаразшы жолдас Мартылого.

Ертең ерте Қушоқыдан жүріп кеттік.

Бір жылы күн жоқ.

Қызылжарға қарай Ақмоладан жүз сексен шақырым жердегі Мөтен қаласына қонаға келдік.

Мөтен поселкесінің жартысы мұжық. Жартысы казак-орыс. Әрине казак-орыс үстем. Қолчактың сүйгені де казак-орыс. Еркесі де казак-орыс.

«Бізді, жолшыбай казак-орыс қаласының біріне келгенде ата бастайды!..» — деген әңгіме тұтқындар арасында талай сөз болған. Сондықтан Мөтенге келгенде тұтқындардың көбі «әлдене болады?..» — деп келді.

Бізді тағы да школ үйіне қамады. Ас қылып ішіп, топырлап, үймелеп жатырмыз.

Жұрт ұйықтауға даярланған кезде, конвойдың Омбыдан келетін он бес солдаттың төртеу-бесеуі жетіп келді. Бәрінің қолында мылтық. Бәрі бәріктерін осырта, қодита киген. Түстері бұзық.

— ... Матрос Авдеев, адвокат Трофимов, Кондратьева, Монин — төртеуіңізді начальник шақырады... жүріңіздер, айда! — деді.

Үрпісіп қалдық.

— Не қылады? Не қылады екен? — деп солдаттардан сұрастық.

— Бір жауап алады білем, жүріңіздер!.. — деді.

Айтылған төрт жолдас киінісіп жөнелді. Бәріміз де үрпісіп, күңкілдеп, сөйлесіп отырдық.

Көпшілік: «Жауыздардың енді бастағаны осы» — десті.

Тағы да ауыр ой басты. Тағы да «өлім» деген меніреу пәле көз алдына келді. Берік тұзаққа түскен торғайдай көңіл шіркін тағы да тыпырлады. «Мына төртеуін жоқ қылып жіберсе, не қыламыз?» — деген ой өркімнің миын айналдырды.

Біраздан соң, алып кеткен төрт жолдасты қайта өкеліп, үйге кіргізіп кетті.

Үйдегі жолдастар төртеуіне: «Не болды? Не деді? Неге апарған екен?» — деп шүпірлесіп сұрап жатыр.

Неге апарғанын бұлардың өздері де анық білмейді. Апарып бір қараңғы, тар, суық бөлмеге бұларды қамап, тез қайта шығарып, біз отырған школға қайта алып кепті. Төртеуі басқа ештеңе білмейді.

Ертеңіне конвойдың кейбір солдаттарынан ептеп білсек, бұл төртеуін атпақ болып апарып, тоқталған екен... Ертеңінде Мөтеннен ерте жүріп кеттік. Шұнақ аяз азырақ сынды. Қалың орман арасымен келеміз. Жүрісіміз өндімейді. Күніне отыз шақырымнан артық жүре алмаймыз. Шанаға екі жолдас мінгенде, қасындағы екі жолдас жаяу жылжиды. Бір шанаға ие болған біз — Бөкен, Жұмабай, Абдолла, мен төртеуіміз. Ақмоладан жүз шақырымдай шыққан соң, Абдолла жаяу жүре алмады. Бір күннен соң Жұмабай да жаяу жүре алмады. Абдолла мен Жұмабай шанада отырды. Бөкен екеуіміз жаяу жүреміз. Киім қалың, жол қарлы. Бірақ шаршамаймыз. Жұмабай мен Абдолла отырған соң, шанаға біз мінбейміз. Шанаға төрт кісіні мінгізбейді. Өбден шаршаған соң, шыдай алмай, кей жерде Бөкен де шанаға мініп қалады. Үш кісіні шанаға көп отырғызбайды. Конвойдың солдаты келіп зекіріп, Бөкенді шанадан түсіреді. Бөкен кейиді.

— Сендердікі не ауру? — деп, Жұмабай мен Абдоллаға кейиді. Бөкен өбден шаршап, жүре алмайтын болған соң, шанаға Жұмабай екеуі кезек мінетін болды. Маған мінуге болмайды. Мен мінсем жаяу жүре алмайтын жолдастар шанадан түсетін болған соң, мен лажсыз ылғи жаяу жүретін болдым.

Көйлек пен бешпент термен су болады. Сырт киімге аяз бен қырау, мұз қатады. Киім ауыр. Қар қалың. Жол қиын. Күн бірде аяз, бірде боран. Тізбектен қалмай адымдау керек...

Ақмоладан екі жүз елу шақырым жердегі казак-орыстың Шортан деген поселке-станицасына келдік. Тағы да

школға қамады. Топырлап жаттық. Үш-төрт жолдас конвоймен суға кетті. Бірі Жұмабай. Суды өкелді. Шай қайнатып жатырмыз. Шай ішіп біраз жадырап, әңгіме айтысып отырдық. Мартынов (жұмыскер, механик) төңкерісшілерге арналған Надсоннан бір декламация айтты. Және бір жолдастар да өлең, жырлар айтты...

Көкшетаудан асып, бір күні Азат поселкесіне келіп қондық. Бір тар үйге бөрімізді өкеліп қамады. Күндегідей үйреншікті, есік алдында күзетіп солдаттар тұр. Көкшетау маңына келгелі күзетке ылғи бір жуас солдаттар тұратын болды. Азат поселкесіне келген соң да күзетке ылғи жуастар қалып, ылғи бейбастақ солдаттар қаланы аралап кеткен. Бір уақытта бізбен жапсар бөлмеде күзетші солдаттардың біразының күжілдеген шаң-шұң дауыстары шықты. Жанжалдасқандай болды. Боғауыз естіле бастады. Шанқ етіп мылтық атылды. Жанжалдасқандар жапсар бөлмеден топырлап шығып, біз отырған бөлменің есігінің сыртына келіп, топырлап күжілдесті, есікті келіп солқылдатты.

— Жібер! Атып тастаймын бөрің! Жібер! Аш!.. — деген дауыстармен біреулер қарсыласқандай болып жатты.

Біздің есіктің ішінде тұрған солдат есіктен шығып:

— Не керек? Бұл не деген бассыздық? — деді.

Тез қайта кіріп, есікті жауып алып, беліндегі қанжарын суырып алып, есікке қарай ыңғайлап ұстап, есікті басып тұрды.

Ар жағынан күжілдеген дауыс: «Аш! Аш!..» — деп есікті тепкіледі. Ішіндегі күзетші қанжарын жаланаптап ұстаған бойымен, есікті ашпады.

— Бұл не? Бұл не? — деп ішіндегі күзетшіден сұрастық.

Күзетші кейіген түспен:

— Е, итгер, мас болып алыпты... Осында кіреміз деп, был-шылдап жүр! — деді.

— Неге кіреміз дейді? — деп сұрастық.

— Отыра беріңдер, кіргізбеймін!.. — деді.

Біраздан соң есікті ұру басылды. Азырақ жайғасып, ақырында қойылды.

Ертең ерте Азаттан жүріп кеттік. Жолшыбай: «Түндегі не?» — деп сұрастық.

— Өшейін бір ақымақтар мас болып, сіздерге мылтық атпақ болыпты! — десті.

Қызылжарға қарай жүретін үлкен қысқы жолмен келеміз. Енді жолшыбай олай өткен, бұлай өткен жүргінші

қазақтар кез бола бастады. Көбінесе қарсы келе жатқан қалашы қазақтар.

Бір көк атты қазақ кез болды. Бүлкілдетіп келеді екен. Суыққа тоңған. Мойнында үлкен ақ түбіт шарфы бар. Атаманның екі солдатты ұстай алды қазақты. Қазақ бірдеме деп төменшілікпен сөйледі. Шарфынан ұстай алып, солдат тартты, қазақ қылғынып ат үстінен еңкейді. Мойнындағы шарфын жұлып алды да қоя берді. Қазақ бұралқы күшік төрізді қираландап жөнелді.

Жол аузында бір шақырымдай жерде қазақ аулы кез болды. Ауыл жадағай жерде екен. Жылмיתып, үйлерін қар басып қалған. Пештерінің мұржалары, мойындары ғана қараяды. Пеш мұржаларынан будақтап түтін ғана шығады. Ауылдың иттері үріп, тізбектеліп, шықырлап келе жатқан біздің алдымыздан шықты. Атаманның солдаттары иттерге батырлатып мылтық атып қоя берді. Иттер шошып, тұра қашып, қалың қарға тұншығып жатқан ауылға барып тығылды. Қар басқан жаман үйлердің төбесіне шығып алып, шөуілдеп үрісті. Атаманның партизандары иттерге нұсқап ауылды атқылады...

Жүріп келеміз... және бір тізбек қалашы кез болды. Шанаға астық тиеген. Түйеге астық артқан. Қалашылардың үсті-басы қырау. Беттері көгеріп тоңған. Өңкей қазақтың сорлылары. Жүктері ауыр. Өрең жылжып келеді. Атаманның партизандарының біреуі бір қазақты ұстай алып, қағып қалды. Тоңып сіресіп келе жатқан қазақ жалп ете түсті. Қарға домалатып басындағы сеңсең тымағын сыпырып алды. Біреуі екінші бір қазақтың мойнындағы және бір шарфын жұлып алды. Қалған үш-төрт қазақты өшейін, бір-екі салып қалып, «домалатып» қарға аунатып қоя берді. Олардың алуға жарайтын ешнәрсесі болмады. Ештеңе ала алмай қалған атаманның бір партизаны қылышын суырып алып, жүгіріп барып, түйенің үстіндегі артқан қаптарды жарқ еткізіп шауып өтті. Үш қап түйе үстінен домалап жерге түсті. Қаптағы ұндар ақ қардың үстіне ақтарылып шашылып қалды... Сөйтіп жайрап қала берді...

Жүріп келеміз... және біраз ғана қалашы кез болды. Қалашылар таянғаннан атаманның отряды шабуға даярланып келеді.

— Мен бір шапқанда үш арқанды кесе аламын, — дейді біреуі.

— А, мен төрт арқанды да қабат кесе аламын! — дейді екінші біреуі.

— Мен бұрын шабамын! — дейді біреуі.

— Жоқ, мен бұрын шабамын! — дейді екіншісі...

Сықырласып, қалашыға айқастық.

Атаманның қасқырлары қалашыны енді талады. Жарқ етеді қылыш — түйенің үстінен қаптар домалап, ұн менен бидай ақтарылып жатыр. Жарқ етеді қылыш — бөлек-бөлек болып арқан қалады. Қаптар да домалап жатыр, қазақтар да домалап жатыр.

Біреуінің басынан тымақ сыпырылып жатыр, біреуінің мойнынан шарф жұлынып жатыр. Үйіліп-төгіліп жол аузында, қар үстінде қалашылар қалды. Жүріп келеміз...

Көкшетау, оның маңындағы қалың орман әлдеқашан артта қалған. Енді аппақ дала. Төңірегінде көз жетпейді. Ақ теңіз төрізді. Аппақ ақ теңіздің қиыры жоқ төрізді. Ақ теңіздің қиыры аспанмен қосылысқан.

Қиырсыз аппақ ызғарлы теңіз. Жым-жылас аппақ айдала...

Жым-жылас аппақ қалың қар басқан айдалада тар жолмен шұбап біз келеміз...

Аппақ қардың үстінде, бір мезгілде ақ қағаздың үстіндегі екі ноқаттай болып, екі қара көрінді. Екі атты кісі төрізді. Жортып келеді. Екі қараның арасы біресе қосылады, біресе ашылады.

— Ей, Коля, мен аналарға осы жерден тигізе аламын ба, жоқ па? — деді атаманның бір жігіті біріне.

— Түу, қайдан сен тигізе аласың? — деді Коля.

— Неден бәс қыласың тигізсем? — деді партизан.

— Айда, ат, тигізсең мына шарфымды берейін,— деді Коля партизан.

Ол екі арада жолмен жортып келе жатқан екі атты кісі таянды. Екеуі де қазақ екені айқын білінді. Ноқаттай болып көрінгенде-ақ екеуінің қазақ екеніне ешкім шүбәланған жоқ еді.

Атаманның мергені отыра қалып көздеді. Екі атты қазақтың қарсы алдынан басып салды, тимеді. Және басып салды — тимеді... Қазақтар жалт беріп, кейін тұра қашты. Аттарын борбайлап, зымыратып барады. Тағы да атты... тағы да тимеді. Қазақтар ұзап кетті, барып-барып жолды тастап, тың қармен омбылатып қиыстап жөнелді. Мерген

тағы да бір-екі атты, қазақтар омбы қармен аттарын малтықтырып, қиыстап кетті. Бұл жерде атаманның солдаттарының жаяу болғандығы жақсы болды.

Олар атты болғанда, екі қазаққа біраз ойын болатын еді. Конвойдың аттары Көкшетауға кірген соң озып кеткен еді.

Міне, атаманның отрядының мінезі!.. Орынборда атамандардың ақсақалы Дутов пен «Алашорданың» ақсақалы кездескенде, қазақтың қарияларынша құшақтасып амандасады! Ал атаманның жігіттері аулақта ел қазағымен кез болса, қазақты нысана қылып атады! Атқанда, Мұстафа Шоқайұлын қорқытқан өзбек басмашы жолдастарынша құр дәрілеп атпайды, қорғасын оқпен атады.

Өкпе жоқ: ақсақалдар да шын жүрекпен істейді. Жігіттері де шын жүрекпен істейді.

Иә! Атаман отрядының істері осы. Бұлар бүйтіп келе жатқанда, атаман Анненковтың басқа отрядтары Семей жақта, Жетісу майданында, «Алашорданың» қазақ отрядымен бірге тізе қосып большевиктермен соғысып жатыр. Және бұлар бүйтіп келе жатқанда, «Алашорда» отағасы, текенің шытасына салған насыбайын қонышынан алып, ерніне құя түсіп, шырт түкіріп қойып, ернін жымқырып Колчактың бір босағасында отыр. Бұлар бүйтіп келе жатқанда, Семейде «Алашорда» мен атаман Анненков большевиктерді құртуға қазақтан «көңілді» әскер жасап жатыр. Бұлар бүйтіп келе жатқанда, «Сарыарқа» газетіне басылған атаманның жарлығын бұл араға келтірелік:

«Ер көңілді қазақ жігіттерінен І-ші қазақ полкін жасау туралы атаман Анненковтың дивизиясына шығарған нөмір 180-ші жарлығының 3-ші бабы».

«Менің құзырыма келген артиллерия (зеңбірек) капитаны Тоқтамышұлына ер көңілді қазақ полкін жасауға тез қосамын.

Ең алдымен, орысша тәлім алған қазақ азаматтарынан. Учебная команда (офицерлік медресе) жасалсын. Майданның күшін көбейту үшін бұл полктың жасалғаны өте керек. Және заманы да. Өйткені туған жерін қорғау үшін қазақ майданға өзі барып, атысып, үлгі боларлықтай ерлік көрсетіп, Жетісудағы көпшілдерді жоймақ болып жүргені белгілі. Ер көңілді бірінші қазақ полкының қызмет негізі бұйрыққа мойын ұсынғыш, жарлыққа көңгіш, тәртібі мықты, «саясаттан сырт» жүргішілікке құрылады. Жүру,

тұру, үйрету реті казак-орыстардікіндей болады. Мемлекетті бүлдіріп, ойран салып, кісі қанын судай ағызып, мал-мүлікті талап, өлі күнге дейін қарасы өшпей жатқан бұзақы көпшілдерді (большевиктерді) жоюға ер көңілді азаматтар іркілмей, елдегі ақсақал, мырзалар да тартпақтамай жұмыла кірісуі мақұл».

(«Сарыарқа». 1919 жыл, 14 январь. №65.)

Бұлар бүйтіп жатқанда, «Алашорда» Анненков отрядымен тізе қосып, большевиктермен соғысып жатқан әскеріне жәрдем жинап жатты. «Сарыарқаның» жаңағы 1919 жылы қаңтарда шыққан 65-ші нөміріндегі бір мағлұматты бұл араға көрсете кетейік:

Газеттен:

«МАЙДАНДАҒЫ АЛАШ ӘСКЕРІНЕ ЖӘРДЕМ

Жетісу майданында көпшілдермен соғысып жүрген алаштың тұңғыш әскеріне сөлемдеме жіберу үшін «Алаш» қаласындағы қазақтан ақша жәрдемі жиыла бастағаны өткен санда басылып еді. Қандай қиыншылық болса да шыдап, елі үшін, өніп-өскен жері үшін жаумен алысып жатқан бауырларына жәрдем жиюға сайланған ақсақал мырзалардың аты да басылған еді. Жылу комитетінен қағаз алып, жәрдем жинағандар:

1. 3-ші нөмірлі қағазбен жүрген имам Әбдүшүкір Жәшікбекұлына жәрдемін бергендер:

2. 22-ші нөмірлі қағазбен жүрген уезной Земский управасының мүшесі Әбділқамит Болатбайұлына бергендер...

Бұрынғылармен 13 272 сом 50 тиын...

Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады. Өзге қалалардағы, қырдағы алаш балалары әскерлік қызметінде жүрген азаматтарына сөлемдеме жіберу үшін жәрдем ақшасын тезірек жиып, «Алаш» қаласындағы жылу комитетіне яки «Сарыарқа» басқармасына жіберсе алғыс айтып, тиісті орнына табыс қылуға даярлығын білдіреді...»

Бұлар сөйтіп жатқанда атаман Анненковтың партизандары жүрген жерінде қазақты қасқырша талап жатты. Бұл туралы да газетке басылған біраз мағлұматты келтірейік.

Газеттен:

«...1918 жылы декабрь жұлдызында Семей уезінің Кеңтүбек елінің комитеті мәлім қылған:

Атаман Анненковтың отрядының Павлодар уезіне қараған штабының бастығы Кеңтүбек еліне елу мың сом ақша, он ат салық салып, жинап алды. Және де Кеңтүбек елінің байларынан отрядтың зорлықпен алған нәрселері:

1. Өділқан Жанұзақұлынан он мың сом ақша, алты мың сомдық бұл, шай, бір жорға ат, бір қасқыр ішік, бір күзен ішік, үш көрпе, бес пұт сары май.

Екінші рет келіп отряд Өділқан Жанұзақұлының аулынан киім, киіз, ыдыс-аяғына шейін жинап алып кетті.

2. Алдонғар Найманбайұлынан жиырма бір мың сом ақша, үш ат, екі түйе, барлық шана, сайманымен шанаға салған киіз.

3. Большевик ұйымының (артельный) лапкасынан алты жүз сом ақша, он пачка шырпы.

4. Мыңбай Бекбауұлынан бір ішік, он қадақ қағаз шай, бір тымақ.

Соққы көргендер: Әли Жекенбайұлы, Белгібайұлы, Бекетұлы және басқалар...

1918 жылы 20 ноябрьде Семей уезінің Бесқарағай елінің қазақтары Әкбар, Бекбір Бөйтенұлдарынан, Ажыран, Диялфруз Бөйтен қатындарынан түскен арыз:

16 ноябрь күні Бөйтен Әлиұлының қыстауына соқыр қаласының (Корсускийдің) бес казак-орысы мен атаман Анненковтың әскеріне қараған бір отряд солдат келді. Отряд бастықтары екі офицер: біреуі орыс, біреуі қытай.

Орыс офицері Пасин Бөйтен Әлиұлын мылтықпен атып өлтірді. Барлық мал-мүлкін отряд талап кетті. Алған нәрселері ақшадай 20 мың сом, 65 384 сомдық өртүрлі нәрсе. Барлығы: 85 384 сомдық.

Өлген Бөйтен Әлиұлын доктор сойғанда жасаған актісін, (қағазын) 20 мың сом алғанда берген распескесін арызына тіркеп берген.

Жоғарыда жазылған арыздарды қотарып, Семейдің областной Земский управасы Бас әкім Колчакқа, ішкі істер және сот министрлеріне, Семейдің окружной сотының прокурорына жіберген бұл істер тексеріліп жатса керек...»

(«Сарыарқа», 1919 жыл, январь, №65.)

Па, шіркіндер!

Жаңағы мінездерді көрген сайын орыс жолдастардың кейбіреулері біздің қасымызға келіп, жүректерінің қайнап келе жатқанын білдіріп кетеді.

Тізбектеліп аяндап біз келеміз. Қызылжарға таяндық.

Қызылжарға таянған соң конвойларымыздың қылықтары біраз өзгергендей болды. Азырақ илері жұмсарғандай болды. Жолдастар бұл өзгерісті көріп, өзара «бұл қалай?» десті. Конвойдың ішіндегі менің жиенім, мен сөйлеспеген соң, маған таяна алмай келе жатқан. Менімен сөйлесуге лаж жасады. Өуелі жолдастармен сөйлесті.

— Сөкен маған неге өкпелейді! Мен бұларға солдат болайын деп келе жатқаным жоқ. Мен әншейін еріп келе жатырмын. «Оқуға түсіреміз» деген соң келемін. Оқуға түсірмесе, қашып кетемін. Сіздер Сөкенге айтыңыздар... — депті.

Туысқаныммен сөйлестім, туысқаным өзін ақтап жаңағы сөзін айтты.

— Енді не қылайын, — деп ақыл сұрады.

— Өзің «оқуға түсемін» деп келемін дейсің ғой. Шамаң келгенше, сол оқуға түсуді қарастыр. Соғысқа барсаң, қызылдарға қашып кет! — дедім.

Біраз ұрыстым:

— Ақмоладағы оқуынды неге тастадың, неге мұнша ақымақ болдың?.. Осы ақпан мен қаңтардың қызыл шұнақ аязында жаяулап бізбен бірге сүмендеп келе жатырсың. Бетің мынау — үсік, қожалақ-қожалақ жара болып келе жатқаның. Ой, шіркін-ай, не деген ақымақсың!.. Осылардың үкіметі енді ұзақ тұрады дейсің бе?.. Ертен совет келгенде қайтесің? — дедім.

Жиенім не оқуға түсіп қалатын болды, не қашатын болды.

Сөйлесіп келе жатырмыз.

— Не хабар бар? — дедім.

Жиен жан-жағына қаранып қойып:

— Қызылдар келе жатса керек. Уфа мен Орынборды алып қойыпты, — деді сыбырлап.

— Ө, Уфа мен Орынборды алып қойып па? Бұлар осы жаз шыққанда құриды! — дедім. Жиеннің істеген «бір балалығын» кешіріп, енді сөйлесіп, жақындасып кеттік.

Өлгі, Қызылжарға таянған соң атаман партизандарының қылықтарын өзгерткен сол Уфа мен Орынбордың алынғаны ғой деп ойладық.

Жолдастардың көңілдері әжептәуір көтеріліп қалды.

Ақмола мен Қызылжардың арасына он сегіз күн жүріп келдік. Қаңтардың бесінде Ақмоладан шыққамыз, жиырма үшінде Қызылжарға келіп кірдік.

Қызылжардың үлкен көшесіне келіп кірдік. Тізбектеліп келе жатырмыз. Конвой мылтықтарын ыңғайлап ұстап бізді қоршап келеді. Көшедегі жұрт аңырайып қарап қалады. Қызылжар маған бұрынғыдан бір түрлі зор төрізді көрінді. Халқы да бұрынғыдан көп төрізді, адамдары да бұрынғыдан бөтен жат сияқты. Көшеде жүрген әскери киімділер көп. Киімдері орыс солдаттарыныкіндей емес — әдемі. Түрлері сұлу, бойлары сымдай. Чехословактар екенін танып келемін. Жүрістері бір түрлі сейдін. Жаңа ғана бөйге алған аттарша аяндайды. Сырт-сырт, жалт-жұлт.

«А-ай, мына иттер екен-ау!» — деймін ішімнен.

«Қаланың мешаны мен байларының жақсы асы, жақсы аты, сұлу әйелі бұлардың жолында-ау!» — деймін.

Қызылжардың үлкен көшелерін аралатып отырып, бізді өкеп қаланың шетіндегі жұқа тақтайлардан істеген бір лагерьге қамады.

IX

АТАМАН АННЕНКОВТЫҢ «АЗАП ВАГОНЫНДА»

(В «вагонах смерти» атамана Анненкова)

Азап вагонындағы халды айтудан бұрын, Қызылжар қаласының тұтқындарды қамайтын лагерьі туралы біраз сөз айтып өтейін.

Қызылжардың үлкен көшелерін аралап отырып, бізді қаланың шетіндегі лагерьге өкеліп қамады.

Бізді қамаған қорасы ұқыпты байдың мал қамайтын қорасынан нашар. Жұқа тақтайдан қаластырып шегелей салған, төбесін және жұқа тақтаймен бос жаба салған ұзын қора. Төбесінің және іргесінің кей жерлерінің тақтайлары не түсіп қалған, не аралары ашылып ырбиып қалған. Сол ашық жерлерінен қораға улеп қар кіріп тұрады. Қораның ыпасы жоқ. Қарап тұрсаң жел кірмейтін, желмен бірге ы кірмейтін жері жоқ.

Лагерь дегені — қоғамдап салған бес-алты тақтай қора. ыдің қорасын барак дейді. Барактың бір-екеуінде

жаһангерлер соғысында тұтқын болған Австрия мен Германия әскерлері жатыр екен. Біреуінде Ақмола губерниясында совет құлағанда тұтқын болған біздің қызыләскерлер жатыр екен. Бізді сол өзіміздің қызыләскерлердің үстіне әкеліп қамады. Бөріміз шұбатылып, топырлап баракқа кірдік. Барак, әлгі айтқандай аңлау-саңлау, саңлауларынан үлдеп желмен бірге қар кіріп тұр. Барактың орта кезінде сөре төрізді үш-төрт тақтай тұр. Жер едені қатқан тоң. Барактың өзі даладай кең. Біз топырлап баракқа кіріп келгенімізде жыртылған сұр шекпендерін солбырайтып он шақты адам алдымыздан шықты. Бірінде адам төрізді ең жоқ. Беттерінде, бар денелерінде қармаққа шаншым ет қалмаған. Сүйектеріне терілері жабысып кеуіп қалған. Қан жоқ. Көздері үңрейіп ішіне кіріп тұз төрізді қатып қалған. Тірі өлік төрізді. Қимылдары түрегеп ұйықтап жүрген есалаң адамдікіндей. Біз кіріп-кіріп келгенімізде азғана аңырайып-аңырайып тұра қалсақ та, тез жапырласып әлгі адамдармен сөйлесіп амандасып, жөн сұрасып жатырмыз. Бұлардың іштерінде бір-екеуі біздің Ақмоланың күздігүні Қызылжарға айдалып кеткен алпыс шамалы қызыләскерінің жігіттері болып шықты.

Біздің Ақмолада тұтқын болған жетпіс шамалы қызыләскерді күзді күні Қызылжарға айдап жіберген еді, бұлардың біразын алып қалып, өзгесін босатып жіберген екен. Сол босатпай алып қалғандардың көбі өліп қалыпты. Қазіргі тірі қалғанының бірі — қызыләскердің үйретушісі болған Капылов екен, бірі — бір аяғына оқ тиген жігіт екен.

Өрқайсысын бөлек-бөлек қамап алып, сөз сұрап жатырмыз. Бұлардың араларында екі ноғай жігіті бар екен. Аттарын ұмыттым. Бірі — Қызылжар қаласының ноғайы. Бөрінен пысығы, бөрінен тыңы сол. Көп сөзге содан қандық. Біраз сөз сұрап болған соң, тараңқырап барактың іргелеріне қарап тұрсақ, бір бұрышта бірдеме қыбырлайды... Жүрек мұздай болды. Қыбырлап жатқан — адам. Жамылғаны — жыртық шекпен. Төсеніші — кір көйлек. Төсегі тоң жер. Жүгірісіп келіп, ентелесіп телміріп қарадық. Иә, өлудің алдында жатқан біздің қызыләскер. Кеуіп қалған сүйек пен тері. Ыңырсиды. Жалаң аяқ, башайлары үсіп, қатып, омырылып түсіп қалыпты. Тірі жүрген он шақтылары бұған жәрдем қылуға өздерінің шамалары жоқ. Жалғыз-ақ есін жақсы білетін әлгі айтқан қызылжарлық ноғай жігіт. «Бұл

не?.. Бұл қалай?» — деп өлгі айтқан қызылжарлық жігіттен, онан соң азырақ өлі бар Қапыловтан сұрадық.

Бұлардың сөздерін тыңдағанда, біздің көргеніміз, біздің азабымыз — үйреншікті істей ғана болып көрінді. Бұлардың көргендерін естігенде, төбе шаш тік тұрады. Кімнің төбе шашы тік тұрмас? Кім лағынет айтпас!? Кім жерге түкірмес?..

Бұларды құр қамап тастап, сырттан күзетеді екен. Андасанда бір шелек қайнамаған қара су мен қара нан өкеліп тастап кетеді екен. Киімдері жұқа жырттық болған соң, жатқан жерлері қарлы жел үлдеген барак болған соң, азап шегіп, бұлардың бөрі ит жемеде осылай қырылып таусылған екен. Өзір тірі жүргені — сол біз көрген он шақты тірі өлік. Ана ыңырысып жатқан, өлуге жақындаған, кезегі таянған тұтқын екен. Бұларды көріп, қайнаған зығырдан тағы да тулап қайнады. Кекті жүректің улы кегі ұласты. Өз-өзінен шақырласып, азу тіс айқасты. Құшырланған құр жұдырық өз-өзінен түйілді...

Өлгі тың жүрген ноғай жігіттен біраз сөз білдік. Қызылжарда Совет алғашқы құлаған кезде біздің жолдастардың қалай атылғандарын айтты. Қайсысының қалай өлтірілгенін айтты. Қызылжардың жарақтанған қазақ жұмыскерлерінің бастығы, уездік милицияның бастығы және Қызылжар Советінің мүшесі Ысқақ Көбеқұлы қалай өлтірілгенін айтты. Қызылжар Советінің мүшесі Көрім Сөтешұлының қалай өлтірілгенін, тағы сол Совет құлайтын қарсаңда біздің Ақмоладан Қызылжарға келген матрос Зиминнің қалай өлтірілгенін айтты. Бұлардың әрқайсысын қалай атқанын бір-бір кітап қылып жазуға болады.

Етін жеп терісін алатын кейбір жануарды да адам баласы бұлардай қылмас. Бұлар туралы бірде толық қылынып жазылар.

Бар азықтарымызды барактағы сол он шақты тірі өліктерге бердік. Киімдерімізден де шығарып, шығарып бердік. Төп-төуір болып киініп, өндеріне болмашы қан жүгіріп қалды.

Азықтарымызды шығарып бере бастағанымызда, өлгілердің үңірейіп, өзеуреп асқа ұмтылғандарына жан қарап тұрарлық емес. Үңірейіп іштеріне кіріп, мұз төрізді қатып қалған көздері шараларынан шығып кете жаздады. Қалтылдаған қолдарымен, қу сүйек төрізді саусақтарымен

берген нанды бүріп-бүріп алды. Қатып қалған жақтарын ыржалаңдатып ашады. Қалтылдап асығып, нанды көмейлеріне тығады. Үңдейіп қатып қалған көздерін басқа қолдағы наннан айырып ала алмайды.

Міне, хал! «Оқулымыз» деген, «сыпайымыз» деген, «адамгершілік бізде ғана бар» деген мырзалардың адам баласына қылып жатқан істері осындай!..

Енді біз де барактың тон, жер еденінде үйіліп жатырмыз. Есікті атаманның «азаматтары» күзетіп тұр. Түрлері жау түсіріп әкелген батырлардың түрлеріндей. Қызылжар қаласына таянған кездегі «Орынбор, Уфа қалаларын қызылдар алды» деген хабарды естігендегідей емес, атаманның азаматтары тағы да сестеніп алыпты.

Біз — бір қос болып келе жатқан: мен, Бөкен, Абдолла, Жұмабай, Баймағамбет — бәріміздің өлгі аштарға берген соң, азығымыз болмай қалды. Енді өзіміз аш қалдық. Қаладан азық алғызуда Абдолла етігінің өкшесіне тыққан 100 сом ақшасын алды. Ақшаны есік алдында күзетте тұрған менің жиеніме Жұмабай апарып берді. Жиен күзеттен босанған соң, ақшаны алып қалаға кетті. Кешке шейін келмеді. Біз тықыршып, жиенді күтіп отырып-отырып, келмеген соң жатып қалдық.

Таң атты. Жұрт көрден тұрғандай қопарылып-қопарылып тұрысты. Біз ашпыз. Басқа жолдастардың астарынан барынша алыстық.

Күн батуға таянғанда едірендеп, атаман Анненковтың белгілерін тіккен киімдерін киіп, атаманның солдаттары келді. Тез жиналтып-терілдіріп, төсектерімізді арқалатып, бізді айдап алып жөнелді. Барақтағы тірі өліктермен тез қоштасып, шұбатылып шықтық.

Күн ызғырық суық. Шаңғытып жаяу борасын жүріп жатыр. Бізді қаланың ішіне кіргізбей, жолсыз, соқпақсыз тың қармен омбылатып айдап келеді. Беті қатқан кеудірлек қалың қармен келеміз. Кеудірлек қар кейде көтеріп, кейде гүмп етіп ойылады. Көрпе-жастықтарымызды арқалап, шұбатылып, шот аяқтап малтығып келеміз. Жаяу борасын шаңғытып, сырғанап, алды-артымызды орайды. Бізді вокзалға қарай алып келеді.

Вокзалға алып келді. Олай-бұлай өткен адамдар анырайып қарап өтеді. Кейбіреулер анырайып, жолды бөгеп қарап тұра қалады.

«Былай жүр! Аулақ жүр!» — дейді атаманның «азаматтары».

Аңырайған жұрт тез жасқанып, аулақ жөнеледі.

Жан-жағымызда, алды-артымызда мылтықтарын даярлап ұстап атаманның «батырлары» келеді. Вокзалдың алдында қатар-қатар шұбатылып жатқан жыландарша тармақ-тармақ темір жолдарда тұратын көп вагондарды аралатып айдап отырып, мал қамайтын бір-екі вагонның қасына келіп бізді тоқтатты.

Арқалаған нәрселерімізді жерге қойып, бөріміз иіріліп тұрдық. Конвойдың бастығының біреуі барып, бір темір жол қызметкерін алып келді. Өлгі біз қасына келіп тұрған мал қамайтын екі вагонды ашты. Вагонның жан-жағын айналып көрді.

— Көне, енді кіріңдер мына вагондарға, — деді, — екі бөлініп кіріңдер! — деді.

Бөлініп, екі вагонға кірдік.

Вагон суық. Жұқа. Саңылауларынан улеп жел кіреді. Вагонның ішінде көлденең ұстаған бос тақтайлар бар екен. Бөріміз соған мініп, ұйлығып отырдық. Вагонның ортасында қалың темірден істеген пеш тұр. Терезе жоқ, терезенің орнында темір қақпақты тесік бар екен, оны бекіттіріп қойды. Вагонның есігін жапты, сыртынан сылдыратып темірмен бекітті. Вагонның жанына қарауыл қойып, «батырлардың» өзгесі кетті.

Қараңғы вагонда ұйлығып, жай сөйлесіп біз отырдық.

Біраз уақыт өткен соң вагонның есігін ашты. Күн кеш болған екен. Есік ашқан атаманның солдаттары екен.

— Мә, мына нанды алыңдар, — деп екі бөлек нан берді. Екінші вагонға да екі бөлек нан берді.

— Вагон басынан бір-бір кісі шығындар қайнаған су алуға, — деді.

Екі вагоннан екі кісі шықты. Нан әкелген солдаттар қайнаған су алуға екі темір шелек әкелген екен. Шелектерін біздің вагоннан түскен екі кісіге берді. Төрт солдаттың біреуі:

— Онсоң, біліп қойыңдар: егерде біреуің қашамын деп ойласандар, сол табан жерде атыласыңдар! — деді.

Конвойлар біздің екі кісіні су әкелуге айдап жөнелді. Есікті жауып қойды. Бір жолдас майшамның тұқылын жақты. Тез су әкелді. Вагонды ашып, суды берді. Шелекті

вагонда тұрғандарға беріп, су әкелген жолдас секіріп вагонға мінді. Вагонның басқышы жоқтықтан секіріп мінеді. Вагонның қайта есігін бекітті. Сықсиган тұқылдың жарығымен шай іштік.

Шай ішіп аз жылынып, біраз әңгімелесіп отырдық. Вагон суық. Саңылаулардан улеп мұздай ызғарлы суық жел кіреді. Біздің демімізбен вагонның темір шегелеріне аппақ қырау тұрды.

Вагонға мінген соң, жұрттың ойы күштірек қозғалған тәрізді. Білгі бір орында еріксіз көп отырған адам не қылғанда да жүруге құмар болады. 1918 жылдың маусымының басынан 1919 жылдың қаңтарының бесіне шейін Ақмола түрмесінде отырдық. Жеті ай!.. Жеті ай қапаста... Оның екі айында қол-аяғымызда кандала, темір шынжыр болды. Екі айдай күн сайын өлім күтіп отырдық. Жеті айда күн сайын төрелердің қорлығын, әрбір қылыш, мылтық асынған «батырдың» көрін көріп отырдық. Ақырында, 1919 жылдың қаңтарының бесінде, Қызылжарға айдап жөнелді. Ақпан мен қаңтар. Қызыл шұнақ аяз. Қызылжар мен Ақмоланың арасы бес жүз шақырым.

Міне, осының тең жартысын әркім жаяу жүрді. Мен оның қақ жартысынан да көбін жаяу жүрдім. Бірақ жолдастардың бәрі де жүргенге ырза. Не де болса жүргенге ырза. Жолдастардың көбі не болса да бір-ақ көргенін жақсы көреді. Ақмола мен Қызылжар жолында он үш күн жүрдік. Қызылжардың лагеріне келіп кірдік.

Міне, вагонға келіп қамалып отырмыз. Суық, қараңғы вагон. Енді қайда апарады? Енді нелерді көреміз? Бұл азаптың бітетін күні қашан туады? Қашан туады ондай күн? Ондай күнді кім көреді, кім көрмейді? Бізді Омбыға апармақ. Омбыда сот болады дейді. Қандай сот?.. Бірақ болсын, тез болсын!..

Жұрт тар вагонда көлденең ұстаған тақтайға төсектерін салып жатты.

Түн ішінде біздің вагондарымызды қозғады. Ерсілік-қарсылы сүйреп, біресе олай апарып қойып, біресе былай апарып қойып, біраз уақытты өткізді.

Жеті, сегіз айдан бері даң-дұнды ұмытқан құлаққа вокзалдың, отарбаның, темір жолдың шуы, тарсылы, самбырласып сөйлесіп, айқайласқан адамдардың дауыстары, отарбаның жер жаңғыртқан ысқырығы, кондукторлардың

ысқырықтары, олардың ишарат дауыстары — бәрі бір түрлі жат болып естіледі. Бөтен дүние... Сырттағы барлық шу, тарсыл, дауыс — бәрі бір дүниенің белгісі. Қараңғы, суық вагонның ішіндегі біз — басқа дүниенің жайы.

Көп уақыттан соң бізді бір сүйреп алып кеткен бойымен алып кетті. Қараңғы түнді қақ жарып, шұбалған жалды қара айғыр дүрсілдетіп ысылдап, танауынан дем атып бізді сүйреп алып жөнелді.

Қайда апарарды?.. Кімге апарарды? Неге апарарды?.. Апар, апар!.. Тезірек апар!..

Омбының вокзалына өкеліп тоқтатып, біздің екі вагонды темір жолдың бір қалтарысына итеріп апарып қойды.

Вагонның саңылауларынан сыздықтап ішіне сөуле кіреді. Жарық таңды, алтын күнді Қызылжардан шыққалы көргеніміз жоқ. Қараңғы вагонның кішкене саңылауларынан кірген нәзік сөулелер вагонның ішін күнгірт ала сөуле қылады.

Бір бөкімен ептеп вагонның саңылауларын шұқып, тақтайларын жонып, азырақ-азырақ кеңіттік. Сыздықтап кірген алтын сымдай нәзік сөуле көбейіп, айқын болмаса да, бір-бірімізді көріп отыратын болдық. Және ала сөулеге көз үйренді.

Вагонға кірген соң аштық бізге де шындап сезіле бастады.

Күзетші қарауылдан өтініп қайнаған су сұрадық. Күзетші қарауыл солдаттар біздің вагондарымызға тіркеулі бөлек вагонда болады. Екі солдат біздің екі кісіні су өкелуге алып жөнелді.

Темір пешке жағатын отын сұрап алдық. Пешке от жақтық. Суық вагонның іші жылыды. Әсіресе пешке таяу жерде адам отыра алмайтын болды. Темір пеш қып-қызыл болып, маңайын ысытты. Қатып тоңып отырған аш тұтқындар жылынып кенеліп, біраз жадырағандай болды. Қайнаған су келді. Қарауыл солдаттар өлшеп беретін нанын өкеліп берді. Беретін нан Қызылжардан шығып вагонға мінген соң, тіпті азая бастады. Бұрын нанды күнде бір мезгіл өлшеп беретін еді, енді екі күнде бір беруге айналды.

Қып-қызыл болып қызған пештің айналасында қыздырынып, қайнаған суды ішіп, берген азғана нанды жеп отырмыз. Вагонның саңылауларынан кірген қыраулар еріп су болып ағады. Вагонның кей жеріндегі темірлерге аппақ қырау тұрды. Пештің қызуы көбірек барған маңайдың те-

мірлеріне тұрған қыраулар еріп, сулары жылап төмен ағады. Тыс қатты аяз. Сібірдің көдімгі шытырлақ аязы. Тыстағы қардың шықырлаған дауысы көш жерден естіледі. Темір жолмен жүрген вагондардың дөңгелектері де көш жерден шықырлайды. Вокзал маңында жүрген паровоздардың ақырған дауыстары шытырлаған аязды қақ жарады.

Кешке жақын тағы да су сұрадық. Екі қарауыл рұқсатымен сатуға бір уақ-түйек нәрселерімізді жібердік. Тапсырған нәрселеріміздің: нан, темекі, қағаз, конверт, марка — бәрін алып келді. Және артық ақша да алып келді.

Вагонға қарауыл солдаттардың үлкендері кірді. Халжайымызды білген болып, түрегеп тұр. Ақмоладан бізді алып келген жүзтаныстар. Бұлар әрқайсымыздың тәуір-тәуір киімдерімізді сұрап жүретін. Мәселен: тәуір етік, тәуір тымақ, тәуір бешпент тәрізді нәрселерге қызығатын. Кейбіреулерімізден алған, кейбіреулеріміз Омбыға келген соң бермек болып едік. Енді сол сұрап жүрген нәрселерін сұрады. Алған әр киімнің орнына киім бермек. Сұраған нәрселерін бердік. Менің басымдағы жаңа түлкі тымағымды алды. Маған бір тоқыған, ағылшын әскери формдылау құлақшын берді. Енді менің киімім: баста ағылшын солдатының құлақшыны, үсте қазақтың күпісі, оның ішінде қазақтың іші күзен, сырты тібен шүберек бешпенті, оның ішінде семинарияның сары түймелі қара шұға бешпенті, бұтта ескілеу қазақтың қара қой тері шалбары, оның ішінде орысша шалбар, аяқта қазақша етік.

— Енді, қалай, бізді не қылатын болды? — дедік.

— Сіздерді не қылар дейсіз, комиссия тексеріп, босатып қоя берер, — деді.

— Бізді енді түрмеге апара ма, қайтеді? — дедік.

— Білмеймін, енді қайда апарса да тез тексереді ғой, — деді.

— Енді қайда апарса да тез тексерсе екен, мына вагонның ішінде отыруға тіпті мүмкін емес көрінеді, — дедік.

Қарауылдың бастықтары көңіл қылған киімдерін алған соң көңілденіп:

— Е, е, қайтер дейсіздер, мұның бәрі де өтер-кетер, революцияда не болмайды! — десті.

Біраз тұрып, есікті бекітіп кетті. Омбыдағы достарға, таныстарға хат жазбақ болдық. Жұмабай Омбыда оқып жүрген бір жақын ағайынына жазбақ.

Абдолла, Бөкен мен Жұмабай — бәріміздің атымыздан Омбыда оқып жүрген Жанайдарға жазбақыз. Және мен Омбыдағы Мұқан Әйтпенұлының үйіне хат жазбақын. Орыс жолдастар да әркімге, әр жерге хат жазбақ. Қасымыздағы екінші вагондағы жолдастардың не қылып жатқанын білмейміз. Олармен анда-санда, екі вагонның есігін ашқанда ғана, қапыл-құпыл сөйлесіп қаламыз.

— Ал енді, жолдастар, жазған хаттарды қалай саламыз?— деді Трофимов.

— Тағы да су алуға барғанда, жолшыбай конвой солдаттан сұранып, жәшікке салып жіберсе болмай ма? — десті.

— Конвой солдаттар өйтуге көне ме, — деді кейбір жолдастар.

Көпшілік: — Е,-е, көнер, — десті.

Және су әкелген және нәрселерді апарып сатып, нан, қағаз, темекі, конверт әкелген біздің вагоннан Катченко еді. Катченко тұрып:

— Жолдастар, мен бір сөз айтайын, — деді.

— Немене? Немене? — дестік.

Катченко:

— Жаңа біз әлгі жүзікті су алатын жердің бергі қасындағы бір дүкенге саттық. Дүкенші бір әйел екен. «Кімсіңдер?» — деп сұрап еді, жөнімізді айттық. Біздің кім екенімізді білген соң бір түрлі болды.

— Жүзіктеріңді алмаймын, керек нәрселеріңізді текке беремін, — деді.

Біз болмай жүзікті бердік. Сонсоң әлгі ақша мен керекті нәрсемізді берді. Мен нәрселерді алып жатып, ақырын газет сұрадым:

— Қазір жоқ, даяр қылып қояйын, тағы да келіндер, — деді.

Қазір енді кеш батты. Ертеңге шейін су керек деп қарауылдан сұрап, суға барайық, барарда хаттарды да салайық, әлгі әйелден газетті де әкелейік, — деді.

Бәріміз де әлгі әйелдің ісіне өте риза болып қалдық.

— Тіпті жақсы болды! Жарайды, тағы да Катченко барсын! — дедік.

Шафран деген жолдас тұрып: «Несі бар, суды қазір-ақ сұрайық, мен есік қағайын», — деп вагонның есігін қақты.

Қарауыл солдат: «Не керек?» — деді.

Шафран жайын айтып, су сұрады.

Қарауыл солдат: «Жарайды, айтайын», — деді.

Біраздан соң қарауыл солдаттар вагонның есігін ашып, біздің вагоннан екі кісіні, бірі Катченко, екінші вагоннан және бір кісіні су әкелуге алып жөнелді.

Өзі ала сөуле вагон кеш батқан соң тіпті қараңғы болды. Күңкілдесіп отырмыз.

Вокзалдың түсірлеген, күнгірлеген дауыстары, паровоздың ақырған, ентіккен дыбыстары және жерді солқылдатқандай түсірлері естіледі. Бірен-саран адамның дауыстары естіледі. Қысқасы, тыстан жүріп жатқан тіршілік белгісі сезіледі. Банағы от жаққанда қып-қызыл болып қызған пеш тез суыды, пешпен бірге тез вагон да суынды. Қыраулары еріген темірлердің аққан сулары мұз болып, көбейіп, қырауланып қайтадан қатты. Үілдеген суық пен сөуле кіріп тұрған санылауларға да шоғырланып қырауланып мұз қатты. Вагонның іші бұрынғысынан да жаман суыды. Жолдастар қалжырап, жүдеген, бұрынғы жүдеген үстіне мына вагонның ызғары батайын деді. Бізді енді қайтетінін ешкім де білмейді. Бөріміз де әр түрлі болжау айтамыз. Біздің вагонда отырған жолдастар: Катченко, Шафран, Авдеев, Кондратьева, Монин, Павлов, Дризге, Кременской, оның күйеу баласы — Юрашевич, Богомолов, Трофимов, Мартылого және Монин, Петракеев пен Абдолла, Бекен, Жұмабай, Ананченко, Котов, ал өзге жиырма шақты кісі екінші вагонда...

Аздан соң су әкелуге кеткен Катченколар келді.

Вагонды бекітісімен:

— Хаттар салынды ма?.. Газет бар ма? — деп жапырластық.

Катченко күліп:

— Бөрі де болды, хаттар да жіберілді, газет міне, — деп, қалтасындағы махорка-темекі ораған газетті суырып алды.

— Кім оқиды?.. Кім оқиды?.. Иван Павлович оқысын, Иван Павлович оқысын! — дестік.

Тұқыл шамды жақтық. Иван Павлович (адвокат) Трофимов — «есерлердің солы» газетті оқыды. Бөріміз жұмылып тыңдап отырмыз. Газет — Омбыда шығаратын Қолчактың газеті.

Өрине, Қолчак газеті қандай болатынын көрмеген кісі де білуге тиіс: «Большевик жауыз, жойт, бұзықтар... Россияны бүлдіріп жатыр... Большевиктер тұрған қалаларда

большевиктердің өздерінен басқа жан жоқ, бәрін құртқан...» — дейді. «Соғыс майданында, біздің пәлен полк «қызылдарды» Стерлитамак ауданындағы пәлен жерден кейін қуып тастады» — дейді.

«Осы қыстың өтуіне шейін ғана большевиктердің өмірі бар», — дейді.

«Совдепияның қазір жан-жағы қамаулы. Күн сайын темір құрсау Совдепияны қысуда. Енді бұл жауыздардың құтылатын жері жоқ», — дейді.

«Рейтер» агенттігінің алған телеграммасынан: «Петерборды жандарал Юденич алды деген қуанышты хабар келді», — дейді.

Қысқасы, осы тәрізді «қуаныш» хабарлар көп. Бірақ онша қуаныш емес те хабарлар бар: «Соғыстың төсілі үшін біздің әскер Уфа қаласын қалдырып кетті», — дейді. Және: «Біздің әскер Орынбор қаласын қайтадан қамап алды», — дейді.

Көп хабар есітіп, жұрт жан кіргендей болып тіріліп қалды.

Әркім әр түрлі болжау айтып, өңгіме көбейді. Уфа мен Орынбордың алынғанын енді газеттен біліп, жолдастар жап-жақсы көңілденіп қалды.

Тағы да пешті жағып, пештің жарығымен өлгі газетті әрқайсымыз қайта-қайта оқып, көп уақытқа шейін өңгімелесіп отырдық.

Біз қамалып отырмыз. Вокзал, отарба тынбастан өз бетімен жүріп жатты.

Түн ортасы болды. Бүрісіп, оранып ұйықтап қалдық. Өлі нәрсе салып, бекіткен үлкен жәшік тәрізді қараңғы вагон жым-жырт болды.

Таң атты. Қараңғы вагон ала сәуле болды. Біздің тәңіріміз ала сәуле. Вагонның саңылауларынан үілдеп ызғарлы суық кіреді. Саңылаулардың бәрі аппақ қырау. Кейбір, іргеге таяу жатқан жолдастардың іргеге мұз болып киімдері қатып қалыпты. Тыстан ызғарлы суықтың шықырлаған даусы естіледі. Вагон аяз.

Тұрып, тықырлап отырдық. От жағуға отын жоқ. Көптен соң вагонның есігін ашып, күндегісіндей күзегуші солдаттар бізді түгендеуге кірді. Солдаттардың көбі бөтен, бізді Ақмоладан алып келген «батырлардан» басқа түсті солдаттар көп. Бастықтары да жаңа, вагонға сыйғанынша кіріп, кірмегені есікке жабысып, бәрі бізге едірейісіп қарайды. Біздің

кісілер де жат «қонақтарға» үрпиісіп қарайды. Бұрынғы ескі қарауылымыздың бастығы санап, «пәлен кісі» деп жаңа солдаттардың бастығына айтты. Анау, өзі де бізді санап, қағазына жазып алды. Сөйтіп, бәрі біздің екінші вагонға барды. «Қайтер екен?» – деп отырмыз. Ол вагоннан шығып, бәрі күзетші солдаттар жататын, қасымыздағы тіркеулі вагонға барды. Біз вагонымыздың саңылауынан сығалап тұрмыз. Көп кешікпей бұрынғы солдаттар кетті. Жаңа солдаттар қалды.

Біраздан соң жаңа қарауыл екі вагонды да ашты. Тысқа шығарып кіргізді. Күндегідей тез, шала-пұла жуындық. Қайнаған су әкелуге сұрандық. Екі вагоннан төрт кісі қайнаған су мен нан әкелуге кетті. Солдаттармен ептеп сөз қатыстық. Көбі оқудағы балалардай, ылғи жас жігіт. Бұлардың да киім формалары бұрынғы қарауыл солдаттардың формаларындай. Бұлар да атаман Анненков отрядының солдаттары екен. Көбі отрядқа өзі тіленіп кірген оқудағы балалар екен. Бұлардың иі бұрынғылардан жұмсағырақ көрінеді.

— Бізді Ақмоладан алып келген бұрынғы солдаттар енді күзетке келе ме? — дедік.

— Жоқ, олар енді келмейді. Енді біз келіп тұрамыз. Үш-төрт кезекпіз, — деді.

Сөйтіп, мұзды вагонда бір-бірлеп күн өте берді...

Нанды өте аз қылып, екі күнде бір береді. Кісі басына бір қадақтан артық келмейді. Жұрт үңірейісіп қалжырай бастады. Ыңғайлы нәрселерімізді, ыңғайлы киімдерімізді сатып жатырмыз. Ақшасына нан аламыз. Нанды қылдай қылып жолдастар бөліп жейді. Солдаттардан отын сұрап алып, вагонға енгізіп қойып, жағып отырамыз. Қатқан қырау, мұздар ери-ери суы көл болып ағып, вагонның астына жайылды. Көл болып қатып қалады. Қатқан мұздың үстіне пеш жаққан сайын жоғарыдан еріп ағып су қосылып, ол да қағарды. Сөйтіп, вагонның астының мұзы қалындай береді. Енді еріп аққан мұздың суын ағызуға вагон астының бір-екі жерін ептеп тесіп қойдық.

Тыста тұруға тоңып, күндіз кей кезде күзетте тұрған солдаттар вагонның ішіне кіріп отыратын болды. Біздің өтінуіміз бойынша вагонның есігін азырақ ашып, вагонға жарық кіргізетін болды.

Көбінесе, ептеп, саяси жағынан сөз қозғап отырамыз.

Бір күні күзетте вагонның ішіне кіріп отырған жас солдатпен сөйлестім.

— Россияда қазір қандай үкімет болып отыр? — дедім.

— Большевиктен «тазаланған» жерлердің бөрінде «халық үкіметі», — деді.

— Большевиктер қай жерде? — дедім.

— Россияда, — деді.

— Халық үкіметі болғанда, қазір, немене, республика ма? — дедім.

— Қазір уақытша үкімет, — деді.

— Адмирал Колчак емес пе? — дедім.

— Иә, Колчак ең жоғарғы билеуші, бірақ ол да уақытша билеуші, қашан большевиктерді кетіріп болған соң, күллі Россияның «ұлт кеңесі» шақырылады. Қандай үкімет болатыны сол кеңесте белгіленеді, — деді.

Едәуір әңгімелестім. Өзі Омбының орта дәрежелі ауыл шаруашылық школында оқып жүрген бала екен. Анненков отрядына өзі тіленіп кірген екен.

— Қалай деп ойлайсыз, республика жақсы ма, жоқ патша үкіметі жақсы ма? — дедім.

— Әрине, республика жақсы! — деді.

— Көзір мына адмирал Колчак «жоғарғы билеуші» болып отыр. Жалғыз өз өмірін ғана жүргізеді. Ал барлық Россияны бұл қаратып алғанда, Россияда қандай үкімет болады дейсіз? — дедім.

— Онда шақырылған «ұлт кеңесінің» дегенімен үкімет қайта құрылады ғой, — деді.

— Сонда қандай үкімет құрылады деп ойлайсыз? — дедім.

— «Ұлт кеңесінің» дегенімен болады ғой, қандай үкіметті керек қылса, сондай үкімет болады да, — деді.

— Сіз жаңа большевикі жоқ жердің бөрінде «халық үкіметі» болды дедіңіз. Бірақ кісінің өмірімен жүріп отырған үкімет халық үкіметі бола ма? — дедім.

— Болмаса да, түбінде болады ғой, — деді.

— Түбінде қалай болады? — дедім.

— «Ұлт кеңесі» арқылы халық өзіне қандай үкімет керек екенін айтпай ма? — деді.

— «Ұлт кеңесі» халық дегенін айтпайды. Өйткені ұлт кеңесіне ылғи адмирал, жандарал, үлкен офицерлер, дворян және үлкен оқығандар, байлар барады. Олар қалың бұқара

халықтың тілегін орындамайды. Оларға қалың халықтың осы қалпында жүргені пайдалы ғой, — дедім.

Тындап отырған кейбір жолдастар маған қарап, «не қыласың?» дегендей ақырын бастарын шайқап, ым қақты.

Солдат едәуір ойда қалғандай болып:

— Неге, халық тілегін орындайтын кісілерін жіберер, — деді.

— Үкімет бір-ақ кісінің өмірінде тұрғанда, халық өзінің тілегін орындайтын адамын жібере алмайды, — дедім.

Солдай алты-жеті күн өтті. Бір күні тыста біреу күзетші солдатпен сөйлескендей болды. Тындай қалдық. Саңылаудан сығаладық. Бір қазақ жігіті есік пен төрдей тұрып, күзеттегі солдатпен сөйлесіп тұр екен. Солдат вагонның есігін сырғытып, азырақ ашты. Менімен екі-үш кісі басымызды шығарып қарадық. Бізбен қазақ жігіті амандасты. Үстінде жөндеу орысша пальто. Басында қоян терісінен істелген ұзын құлақты ақ құлақшын. Аққұба жігіт.

— Сіздер Ақмоладан келген жігіттерсіз бе? — деді.

— Иә, иә, сіз кімсіз? — дедік.

— Мен Жұмабай Нұркіннің туысы едім, ол кісі қайда?— деді.

Вагонда отырған Жұмабай атып түрегеліп, есіктен басын шығарып, туысымен шұрқырасып амандасты.

Бұл жігіт өнеугі күні, Омбыға келген күннің ертеңінде, Жұмабайдың хат жазған, Омбыда оқып жүрген туысы Құрманғали Тұяқұлы екен. Хал-жайды білісіп, жігіт біраз тұрып, тағы да ертең келмек болып, кетіп қалды.

Біреуіміздің болса да туысқанымызды көрген соң, бәріміз де қуанысып қалдық.

Ертең келіп, біздің тапсыруымызбен бір шәйнек, төрт қаңылтыр шұңқыр әкеп берді. Біраз сөйлесіп, біраз хабар алдық. Соғыс-майдан жағынан айтқан хабары өзіміздің ептеп газет оқып біліп жүрген хабарымыздай.

— Уфаны, Орынборды әлдеқашан алған, — деді.

Жай сөз сөйлеген кісі құсап тұрып айтты. Күзетші солдат жуас және қазақша сөзді білмейді.

Және желтоқсан айында Омбыда большевик, эсер, меньшевиктердің бірігіп, Колчакқа қарсы жасаған көтерілісін айтты.

«...Еркін болмай қалды. Қызық болатын еді. Эсерлерден болды, әйтпесе іс болуға кәдік еді. Қамаудағылардың бәрін

босатып, шығарып жіберген. Түнде, ең алдымен сонда барыпты. Бірақ көбін қайтадан ұстап алды. Шаймерден Әлжанұлы мен Көлбай Тоғысұлын да абақтыдан көшпен бірге сол түнде шығарып қоя берген екен. Олар осы Омбыдағы Күдері молданыкінде бір күн тығылып жатып, ертеңінде елге шығып кеткен екен. Оны мұндағы «Алашорданың» кісілері біліп қалып, соңынан екі күннен соң қуып барып, түү, осы жерден екі күндік жердегі бір қазақ ауылында отырғандарында ұстап әкелген. Тоғысұлы өлді ғой, Шаймерденнен ештеңе білмеймін», — деді.

— Жа-а... бұ да көп хабар.

— Уа, шіркін, «Алашорда!» Колчакқа екі қасқырды ұстап өкеп беріп, шапан киген екен ғой! Ұстап әкелушілер «Алаштың» қандай азаматтары? — дедік.

— Ұстауға қуып барғанның бірі — біздің Торсанның Қазыы, — деді.

Қази Торсанұлы деген біздің Жұмабайдың ағайыны. Торсан деген Қызылжар уезінің жалмауызы. Жиырма бес жыл болыс болған. Николайдың өзінен мақтау алған көкжал. Енді оның баласы Қази — Ақмоланың облыстық «Алаш комитетінің» мүшесі. Губерниядағы «Алашорданың» кейбір «азаматтарымен» қырын қабақ болып, бір уақытта Көлбай Тоғысұлымен бірге, Шаймерден Әлжанұлымен бірге «Үш жүз» партиясын жасасқан.

Соңынан кешікпей қызуы басылып, өзінің ата жолына түсіп, қайтадан «Алаш азаматтары» Колчактың түрмесінен қашқан екі қазақты іздеп қуып, ұстап өкеп, Колчактың қолына беріпті. Түрмеден түнде барып, барлық тұтқынды босатушы — большевик пен эсерлер, босанып қашқандарды ұстап әкеліп беруші — «Алаштың азаматтары».

Пәлі, шіркіндер!

Бұдан кейін тағы сұрастырып, бұл оқиға туралы өбден анығына жеттік. Былай болыпты: 1918 жылдың желтоқсан айында Колчактың ісі өбден басынан асып кеткен соң, Омбыдағы жасырын большевиктердің комитеті көтеріліс жасамақ болады. Колчактың мұжықтан жиналған әскерінің біразы большевиктерге қосылмақ болады. Әсерлер әуелі Колчакпен тілектес болса да, соңынан Колчак әсерлердің өз бастықтарын қуалап, атып, қамап, үндерін шығартпаған соң, Колчакқа олар да жау болады. Енді сол желтоқсанда жасалған большевиктердің көтерілісіне эсерлер де қосыла-

ды... Қаланы түнде алу планы жасалады. План бойынша түпкі мақсат вокзалда болатын болды. Түнде бір бөлек отряд түрмені барып алып, ішіндегі тұтқындарды босатпақ болады. Және сол сағатта бір бөлек отряд телефонның орталық станциясын алмақ болады. Қаланың ортасындағы казак-орыстың атты полкін алмақ болады. Лагерьдегі мадияр, қызыл әскер, Австрия, Германия тұтқындарын босатпақ болады. Сөйтіп, біреуді-біреумен хабарластырмай, бір түнде Колчакты алмақ болады.

22 желтоқсанда, түнде, ө деп іске кіріседі. Большевик отряды келіп түрмені алып, тұтқындарды босатады, казак-орыстың атты полкін алады. Ол екі арада әсерлердің осалдығынан телефонның орталық станциясы алынбай қалады. Сол екі арада Колчак тыңшылары арқылы тез хабарланып, большевик бастықтарын қапылыста тұтқынға алады. Большевик отрядының біразы бетімен қимылдай береді. Кейбір отрядтары штабтан бұйрық болмаған соң, тек жиналып отырады, хабарсыз қалады. Бұлардың ішінде Жанайдар Садуақасұлы мен Өділұлы болады. Олар өйтіп отырғанда, атыс болып қалады. Колчактың қалың әскері түн ішінде тік тұрады. Атамандар, офицерлер, жандарм қалшылдап, қылыштарын асынып, сенімді солдаттарын ертіп шығады. Түн ішінде ерсілі-қарсылы атысады. Қала үрпиеді. Кімнің болса да жүрегі лүпілдейді... Большевиктер үркердей ғана. Темір жолдың жұмыскерлерінің көбі большевиктер жағында. Бірақ өйткенмен де үркердей... Қару-жарағы аз, аз ғана отряд. Колчактың өне бойына қару-жарақ асынған қалың әскеріне қалай төтеп бере алсын!.. Большевиктер жылжып атысып вокзалға барады. Вокзал жақта шеп құрып атысады. Таң атқанша атысады. Одан жылжып вокзалға таяу Кулюмзина станциясында көп атысады.

Большевиктердің өлгені өліп, қалғаны ертеңінде қаша атқыласып кетеді.

Омбыдағы қазақтан большевиктермен сөздес болған, қатынасқан, Әйтпенұлы үйінде жатқан тек Жанайдар Садуақасұлы болған. Омбыда болған белгілі жазушы большевик Березовскийдің үйімен байланыс қылған. Және жасырынып жатқан Дінмұхамбет қатынасып, сөздес болған. Ал олармен Әбдірахман Байділдаұлы сөздес болған. Бірақ не керек, мақсат орындалмаған. Төңкеріс бола алмаған. Омбы қаласы біраз алабұртып қойған.

Көтеріліс басылғаннан кейін, Колчактың әкімдері қоқиланған. Колчак ертеңіне жарлық шығарған: «Қашқандарды, большевиктерді жасырған адам сотсыз атылады», — деген.

«Қала және оның маңы тегіс тінтіледі» деген.

«Түрмеден босанып қашқандар тегіс қайтып көрінсін, әйтпесе ұсталған жерлерінде атылады» деген.

Колчактың бұл жарлығына құлақ қойып, он екі эсер түрмеден қашып шыққан бетімен кете бермей, Колчактың алдына қайтып барған. Колчак оларды бір түнде атып тастаған. «Алашорда» да қоқиланған. Түрмеден шыққан Шаймерден мен Көлбайды соғып өкелген.

«Атыс болған күні сен большевиктерге оқ тасыпсың», — деп, Жанайдар Садуақасұлын қудалап, Земство қызметінен шығармақ болған. Және «Алаштың көсемдері» жасырынып жүрген Дінмұхамбетті іздей бастаған. Оны Байділдаұлы жасырып Қызылжарға, еліне алып кеткен. Түрмеден қашып шыққан Новиков деген большевиктердің бір адамын Жанайдар жатқан Мұқандікі жасырған.

Міне, 1918 жылы Омбыдағы Колчакқа қарсы жасалған декабрь көтерілісінің суреттерінің үшқындары осындай.

Енді вагондарымызға келейік.

Біраз сөйлесіп, Құрманғали қайтып кетті. Ертеңінде Жанайдарды ертіп өкелді. Тағы да қуанысып, кенеліп қалдық. Тағы біраз әңгімелестік. Аш кісіге алдымен керек нәрсе тамақ қой. Бұлар нан мен май өкеп кенелтті. Май мен нан астың атасы ғой.

Орыс жолдастар да бізбен бірдей қуанысып, аналар келгенде амандасып, кенеліп қалады. Олар кеткенде: «Не делі?, Не хабар бар?» — деп жапырласып қалады.

Жанайдар мен Құрманғали бұдан кейін бізге жолыға алмады. Өйткені біздің вагондарды адам жүрмейтін бір түйық түкпірге сүйреп апарып қойды.

Маңымыздан көп адам жүрмейді. Бір түкпірде тұрдық. Тек анда-санда темір жолдың жұмыскерлері өтеді. Пысылдап, ақырып, буларын гу-гу еткізіп жіберіп тартып, бөйгеге даярлаған қара айғырдай жүруге даярлаған, баптанған паровоз өтеді. Паровоз баптанып, бірде аяндап, бірде бүлкілдеп жорғалап, желіп өтеді.

Паровоз вагондарды ұзақ жолға сүйреп алып кетпек. Вагонның бірінде ұжмақ, бірінде дозақ. Вагонның бірінде

жұрт жұмсақ, барқыт орындықтардың үстінде масайрап, рахатқа мас болады. Бірінде жұрт мұзды тон, күл, көмір, төселген тақтайдың үстінде, суық, қараңғы қапаста ұзақ күнге нәр татпай, азап тартады. Рахатқа батқандарды көріп паровоз сүйсінбейді. Азап тартқандарды көріп паровоз күйінбейді. Паровоз азап вагондарын да, рахат вагондарын да сүйреп әкете бермек... Өлсең өліп қаласың — бір жерде тастап кетеді. Паровоз күйінбейді, паровоз сүйінбейді... Паровоз... Паровоз!..

Вагонның халы бір қалыпта, нашар. Қырау, мұз, дым, су, ызғар. Үілдеген суық. Пешке от жақсақ, қайнап, ысып кетеді. Тұс-тұстан су ағады. Пеш сәнсе, айнала қырау, мұз қатады. Ызғарлы суық аңырайды. Вагонның қасында түрме ұжмақ төрізді. Вагон — дозақ.

Бала күнімізде дозақтың азабын суреттегенде айтатын еді: «Тоңсаң, қып-қызыл болып жайнап тұрған, өлшеусіз үңірейген пештегі отқа тастайды. Оттын күштілігі күндік жерден күйдіреді. «Күйдім...» десең, өлшеусіз үлкен, үңірейген мұзды теңізге тастайды. Мұзды теңіздің суықтығы сондай, күндік жерден қатырады. «Тоңдым» десең, қайтадан отқа тастайды...»

Міне, сол дозақ — осы біз отырған вагон. Бірақ бұл тым тар. Тым қараңғы. Екі-үш кісіміз ауырып қалды. Аурулары ызғар мен аштықтан. Павловтың халі нашарлау.

Күнде Омбы түрмесіне баруға құмарланып отырамыз. Бірақ ешкім бізді тіпті керек қылмайтын төрізді. Ешкім бізді вагоннан қозғамайтын төрізді. Қара пөле шеңгелін босатар емес. Қара пөле қара қанды тырнағын батыра түседі.

Жылжып күн өтіп барады. Омбыға келгелі екі жұмадай болып қалды. Ілгергі тағдырымыздан сәуле жоқ. Конвоймен су алуға, нан алуға барғандар ынғайы келгенде ғана өнеу-гүнгі дүкенші қатыннан және сондай кез келіп қалған адамдардан Колчак газеттерін алып тұрамыз. Газет сөздері бір қалыпты. Өрбір өздеріне пайдалы сөздерін дардай қылып қампайтып жазады. Бірақ қанша айтқанмен мақтанарлық ештеңелері жоқ екені сезіліп тұрады. Соғыс майданында шегінбесе, ілгері басқаны көрінбейді. Колчактың өзінің алып тұрған жерлері де тыныш емес екені газеттерінің әр нөмірінде-ақ көрініп қалады. Сібірдің әр жерінде — Алтайда, Үркіт маңайларында, Енесей өлкесінде және басқа жерлерде Колчакқа қарсы крестьяндар астыртын топ жасап, әрекет

қылып жатқаны көрініп қалады. Сібірдің жұмыскерлері көп жерлерінің бәрі де тыныш қарап жатпағаны көрініп қалады.

Отын керек болып, қарауылдан отын сұрадық. Отыны жоқ болды. Сол кезде біздің вагондардың жанынан жай аяндап, пысылдап паровоз өтіп бара жатты. Біз күзетші солдатқа:

— Ана, паровоздан отын сұраңызшы, бермес пе екен! — дедік.

Күзетші солдат паровоздың (қара айғырдың) машинисінен отын сұрады. Машинист паровозды тез тоқтата қалып:

— Не керек? — деді.

Солдат:

— Мына екі вагондағы ареставайт етілген кісілерге отын берсеңіз қайтеді? — деді.

Машинист:

— Жарайды, келсін мұнда! — деді.

Екі вагоннан екі-екіден төрт кісіден екі конвой солдатпен тез паровозға барды. Жолдастар асығып отын алып келді. Паровоз тұрды. Паровоздан отынды алғанда, жолдастар бір түрлі жай қимылдап алады. Алып кеп тастап, қайта баруы шапшаң болады.

Отынды вагонға үйіп алдық. Вагонды жауып қойды. Бізден отынға барғанның бірі Шафран еді.

Шафран:

— Сендер не білдіңдер? Біз ана машиниспен едәуір сөйлесіп қалдық. Әуелі біздің жөнімізді сұрады. Жөнімізді айттық. Сыбырлап бір боқтанып қойды да:

— Қажымандар, жолдастар, тез енді бұлардың да кезегі келер, — деді.

Және: «Жұрттың бәрі қазір бұл иттерге қарсы», — деді.

— Қастарындағы конвой солдаттар байқамады ма? — дедік.

— Байқамады, бұлар бір жуас солдаттар көрінеді, — деді.

Міне, барлық еңбекші халық Колчакқа әбден қарсы болып алған, жұрттың көбі-ақ сондай. Кей күні қолға газет түспей қалады. Өйткені атаманның жас «батырларының» жөндемділері болмаса, күзетке өжеттілері келгенде су алуға барғанда газет те алғызбайды, ешкімге сөйлестірмейді де. Күзетке жуас партизан солдаттар келгенде газет те алып келеміз, ептеп сөз қатысып, аз-маз хабар да алып қаламыз...

Вагонның іші «енді бұдан жаман болмас» десек, ертеңінде одан да жаман болады. Ауызбен айтуға келмейді. Вагонды теңейтін мен білетін қора жоқ. Ат қора да одан артық, сиыр қора да одан артық. Асты мұз. Суық кіретін саңылаулардың бәрі де үсті-үстіне қатқан мұз қырау. От жаққанда қырау ериді, бір қабат мұз да ериді, қайта қатады.

Вагондарымыз бір жан жүрмейтін жерде. Омбыдан өлгі келіп жүрген жігіттерге ендігі тұрған жерімізді айтқан болып хат жаздық. Бірақ олардан дыбыс жоқ. Тұтқындар күн сайын нашарлауда. Екі күнде бір қадақтай нан береді, өзіміздің нанға жұмсайтын нәрсеміз таусылды. Енді сататын ыңғайлы нәрсе қалмады. Киім сатқызып жүргізбейді. Сататын жер де жоқ. Жолдастар аш... Тегіс қалжырады...

Бір күні жолдас Павлов өлді... Ауырғалы үндемей жатушы еді. Көп қиналмай өлді. Бір-ақ күн ыңқылдады. Шамамызша күтіп-бағып едік, ауыр тұрмыс қоймады. Сабаз кетті. Жолдастар тегіс қамығып, қатты жабырқады. Бірақ қолдан не келеді!...

Омбыға келгелі он алты күн болды дегенде, вагонға он шақты солдат пен бір офицер келді. Орта бойлы жас жігіт. Қыр мұрынды, сопақ бет, боз, сақал-мұрт жоқ. Формалары көз үйренген атамандікі. Вагонды ашып кіріп тұрып, қапталында салпылдаған өдемі былғары дорбашасынан қағаз, қарындаш алып, қағазды жайып қарап:

— Мен мына қағаздағы аттарыңызды оқимын, аттары аталғандар «мен», «мен» деп тұрсын, — деді.

Бөріміздің аттарымызды оқып шықты. Кейбір жолдастар түрегеліп, офицерге таянып, көздерінің қырларын қағазға жіберіп тұрды.

Офицер: — Сіздер бүгін жүресіздер, артық нәрселерінді, артық киімдеріңізді қалдырасыздар! — деді.

Бір-екі жолдас:

— Қайда жүреміз? Қайда апарасыздар? — деді.

— Қайда баратындарыңызды барған соң көрерсіздер, көне, мен қайтадан аттарыңызды бір-бірлеп айтып тұрайын, аты аталған кісі тұрып, бар нәрсесін, бас киімдерін көрсетсін, — деді.

Бір-бірлеп аттарымызды атап тұрып, нәрселерімізді, төсек, киімдерімізді айналдырып көріп, бірсыпыра іске жарайтындарын алды. Кейбір «ескерткіш» сағаты бар, «белгі» сақинасы бар жолдастардың оларын да алды.

Айналдырып көріп:

— Мынау алынады, — дейді де алады.

— Артық нәрсе, — дейді.

Менің қазақша жаңа күпім бар еді. Бөкеннің күпісі еді мен киген, соны алды.

Тек: «аламын!» деп, қолымен өзіне қарай ымдап қалады. Аңдып тұрған солдаттары жинай береді. (Орысша айта-тыны: «отбираю!»)

Жолдастардың бөрі киімдерінен жеңілденді. Енді менің үстімде екі көйлектің сыртынан киген семинария формам, орысша тужеркем бар. Оның сыртынан киетін іші ескі күзен, сырты ескі қоңыр тібен қазақша бешпентім бар. Орысша шүберек шалбардың сыртынан киген қазақша қой терісі ескі шалбарым бар. Етік қазақша. Баста ағылшын құлақшыны. Бұл киіммен қойса да жаман болмас еді деп ойлаймыз.

«Аламын» деген киімдерін алып офицер кетті.

«Қайда апарады екен?», «Қалай жүргізеді екен?» — деп, офицер кеткен соң, сөйлесіп жатырмыз.

Бір жолдас, не Шафран, не Трофимов: Мен біздің атымызды жазған қағазының басын көзімнің қырымен оқыдым. Бір «стептік корпустың штабының өміріне деп жазыпты», — деді.

Орысша мынандай: «В распоряжение штаба степного корпуса».

«Бұл — қай жердегі штаб? Анненковқа ма? Бірақ Анненковқа болса, «Атаман Анненков штабының өміріне» деп жазар еді ғой? Атаман Семеновтың штабы ма. Өлде?... Жоқ, басқа бір жандаралдың өміріне ме?... Бұл «Степ корпусы» деген қай жерде?» — деп, жолдастар дал болды.

Жолдастардың бөріне де түрлі қиял, түрлі ой кірді. «Енді қайда апарса да бір штабқа алып барып, «майдан сотына» беріп, бөрімізді атуға апарады», — десті. «Өйтпес» деп енді ешкім айта алмады.

Бізғарлы азап вагонында жолдастардың бөрі де қатқан қабақтарын қарс жауып, тұнжырасып отырды.

Кеш болды. Вокзалдың маңын көріп қалайын дегендей, вагонның бір үлкен саңылауларынан сығалап тұрдым. Вагондарымыздың оңтүстік жағында қолдарында бірде-мелері бар екі жұмыскер темір жол бойында бірдеме қылып жүр. Аспан бұлтты. Күн онша суық емес. Оң жақтағы екі

жұмыскерден басқа, жақын маңда адам білінбейді. Сол түстік жағымызда, алды-артымызда тұрған көп жай вагондардан үн шықпайды, бірақ манай күндегідей дыбыс, дауыс, шаң-шүң. Темір жол бойында қызметтерін атқарып жүрген кейбір қызметкерлердің вагондарды қозғап, дауыстап, бір-біріне сөз қатып жүргендері естіледі. Жай жүрген паровоздың пысылдап ентіккен демдері естіледі. Кей уақытта қара жерді қақ айырып жібергендей күрсілдеп, асығып жүгіріп ентіккен паровоздың дыбысы, аспанды қақ айырып, ақырып өткен даусы естіледі. Сықыр-сықыр дөңгеленіп, вагондардың бір-біріне соқтыққан дыбыстары естіледі. Азырақ желденіп, ұшқындап қар жауды. Көктегі жұлдыздардай жарық сәулелерін шашып, электр шамдары жанды. Темір жолдың кейбір жерлерінде қызыл, көк фонарьлар жанды. Отарбалардың, вагондардың қозғалу дыбыстары күндегідей. Таусылмайтын тәрізді. Темір жол жұмыскерлерінің алыстан бір-біріне дауыстап, самбырлап, қолдарындағы фонарьларын бұлғағандары көрінеді. Бір-біріне ысқырып ишарат қылғандары өзге дауыстардан өзгеше жаңғырығып естіледі. Екпіндеп ішкі Сібір жақтан салдыргүлдір етіп өкіріп, вокзалға қарай поезд өтті. Бір-екі ақырып барып тоқтай қалды. Тағы да бір-екі ақырып жіберіп, вокзалдан ішкі Сібірге қарай сықырлап, жер қайыстырғандай болып бір поезд жүрді. О да өтті... Күндегідей вагондардың қозғалып бір-біріне соқтыққан сықырлары, күндегідей паровоздың еңтігіп ақырған дауыстары, күндегідей темір жол жұмыскерлерінің шүлдірлеген дауыстары, ысқырғандары, күндегідей дүрсіл...

Үн жоқ, түн жоқ қараңғы, суық, мұз вагонда біз отырмыз. Дүниенің бөлек қалған адамдары тәріздіміз. Сырттағы тіршілік, сырттағы дүние бізге қарамай, өз бетімен салдыргүлдір етіп, шулап кетіп бара жатқан тәрізді. Вагонның жақтауына сүйеніп, саңылауынан қарап көп уақыт тұрдым. Вокзалдың, темір жолдың тіршілік суретін өнеугіден бері байқамай жүріп, жаңа ғана көрген тәрізді болып тұрдым...

Түн ортасына шейін пеш жағып отырдық. Дризенің науқасы қалжау болды. Дризге үндемей жатады. Өлі күн сайын азайып шығады. Тақтайдың үстінде Павлов өлген соң, Дризге қатты науқас болған соң және жалпы бөріміздің халымыз күн сайын төмен кетіп бара жатқан соң, бөріміз де бұрынғыдан да жүдеулеуміз. Жатқан жолдастар жатып,

жатпағандарымыз пештегі жанған отқа қарап отырмыз. Вагонның пешке таяу жерлерінің мұздары күндегідей еріп, жылап, төмен қарап сулары ағады. Вагонның саңылауларынан жел күндегіден екпіндірек улейді. Тыстағы қатты-рақ соққан желдің дыбысы естіледі.

Түн ортасы кезінде біздің вагондардың қасына самбырлап сөйлесіп келген адамдардың дауыстары естілді. Қарауыл солдат жөн сұрады. Сөйлесті. Вагондарды айналып жүріп сөйлесіп кетті. Әлден уақытта еңтігіп, жай сықырлап аяңдап, ысқырып қара айғыр – паровоз келді. Қарауыл солдат сөз қатты. Біреулермен сөйлесті. Паровоз бізді қозғады. Қозғап, сүйреп алып жөнелді. Бір жерге апарып тастап кетті. Жолдастардың ұйықтағандарының бәрі де оянған... Кешікпей паровоз дүсірлеп, тағы да келіп ала жөнелді. Тағы да апарып қойды.

Олай-бұлай салдырлатып, сүйреп алып жүріп, ақырында, ұзаққа алып жөнелді.

Тағы да қараңғы түнді қақ жарып, ырсылдап, еңтігіп, танауларынан дем алып, темір денелі жалбыр қара айғыр бізді алып жөнелді. Қайда апарады? Неге апарады? Айтпайды...

Дүрсілдеп жүгіріп бара жатқан вагонның саңылауынан қарадым. Түн қараңғы. Қап-қара дүлей. Аспанда сәуле жоқ. Жер аппақ қар. Оның үстіне аспаннан тағы да қар түтейді. Жел қатты. Ысқырып соққан жел аспаннан жауып тұрған қармен жердегі бұрынғы қарды ұйтқытып, түтетіп, бір-біріне қосады. Өршеленген жел аппақ қарды ұйтқытып әкеп вагонға соғады. Түтеген боран жүгіріп келе жатқан вагонды қамайды. Вагонның саңылауларына жармасып, сыңсып, ызындап сарнайды. Поезд дүрсілдеп заулайды. Қоспақ темір жолдың үстінде дөңгелектер орғып билейді. Аласұрып, тулап шауып бара жатқан поездың күйі поляк елiнiң «Мазурка» күйiндей ойнайды. Немесе қазақтың «Бозайғыр» күйiндей сарнайды. Аласұрып, тулап, шапқылап поезд күйi ойнайды. Дөңгелектер сартылдап билейдi. Поезда да тыным жоқ. Ызындап сарнаған түтекте де тыным жоқ.

Поезд түнімен дүрсілдеп жүгірді. Түнімен күйлеп, билеп, «Мазурка» мен «Бозайғырға» басты. Таң атқан соң бір тоқтап тұрған жерде күндегідей вагонды ашып, тұтқындарды тысқа шығарды. Екінші вагондағы жолдастар да шықты. Екінші вагоннан жас бала төріздендіріп Хафизды бір орыс жолдас пен Баймағамбет көтеріп, сүйеп түсірді.

— Ей, бұған не болды? Ауырып қалды ма? — деп ана жолдастардан сұрадық.

— Ойбай, қарақтарым, не қыласындар! Қиын болды. Мына Хафиздың бұл қазір тәуір болғаны. Қазірде де есі әлі өзінде емес. Түнімен аласұрып шықты, — дегенге-ақ Баймағамбеттің мұршасы келді. Қарауыл солдаттар асықтырып, бөрімізді айдап, қайта вагондарымызға кіргізді. Бізбен бірге біздің вагонға екінші вагондағы жолдас Панкратов та кіріп кетті. Вагонның есігін бекіткен соң, Панкратов:

— Жолдастар! Түнде Омбыдан бері шығысымен-ақ бір оқиға болып қалды, — деді.

— Е, немене?.. Не болды? — дедік.

— Түнде, Омбыдан бері қарай поезд жүргеннен кейін, біраздан соң, жолдастардың бөрі тұнжырап үндемей отырғанда, теріс қарап бүрісіп жатқан Хафиз басын көтеріп, Баймағамбеттің бөкісін сұрады.

Баймағамбет «бөкім қиында» деп бермеді. Сонсоң Хафиз теріс қарап бүктүсіп жатты.

Біраздан соң, бүктүсіп, қыбырлап жатқан Хафиз ыңырысып, қазақшалап бірдеңе деп еді, Баймағамбет қасына барып, бірдеме деп сөз қатты да, жылдам, сасып, Хафизды құшақтап басын көтерді. Бөрімізге қарап Баймағамбет:

— Ойбай, жолдастар, мынаны қара, мынау өзін-өзі өлтірейін деп жатыр! — деді.

Үндемей тұнжырап отырған жолдастардың бөрі де серпіліп, Хафиздың үстіне төніп қалдық. Қарасақ, бір машина шегемен мыжғылап қолының тамырын қимақ болған екен. Тамырын қия алмай, құр білегінің терісін мыжғылап тесіп қанатыпты. Екі қолы, білегі қып-қызыл қан. Бөріміз жабылып Хафиздың қолын орап, ортаға алып, ұрысып, кейіп, қайрат сөз айтып отырдық. Біраздан соң ұшып түрегеліп, құтырған кісіше есікке барып, айқайлап, ақырып есікті тепкіледі. Біз енді сасып, Хафизды ұстап, есіктен кейін алдық. Хафиз осы бізге бой бермей жұлқынып, айтпаған сөзді айтып арпалысты. Қоймады. Қолымыздан талай жұлқынып шығып кетіп, ақырып есікті тепкіледі. Есі шығып кеткен. Айтқан сөз құлағына кірмейді. Тек, жұлқынып, бізге жалына береді:

— Ағатайлар, қоя беріндер, өзім өлейін, — дейді. — Мына жауыздардан өлгенше, өзім өлейін, — дейді. — Қоя беріндер, есігін қиратайын, сөйтіп өлейін, — дейді.

Біз болмай, тоқтау айтып отырдық. Бір жерде, поезд тоқтап тұрған жерде, қолымыздан жұлқынып шығып кетіп айқайлап, есікті тепкіледі. Біз тез ұстап, кейін алдық. Тыста күзетші солдаттың дауысы шықты. Хафиз жұлқынып, айқайлап, қарауыл солдаттарды балағаттай берді. Кешікпей вагонды ашып, екі-үш солдат пен конвойдың бастығы офицер вагонға кіріп келді.

Офицер ақырып:

— Бұл немене? — деді.

Офицер кіріп келгенде-ақ Хафиз бар күшімен ұмтылып, жұлқынып, Колчакты, үкіметін – бәрін боқтап, балағаттай бастады... Офицерді балағаттады. Офицер түсін суытып, ақырып, қылышын суырып алды.

Біз жылдам Хафиздың науқастанып сандырақтап отырғанын айтып, офицерді тоқтаттық. Офицер тоқтап, қылышын қынабына салған соң, Хафиз енді офицерге жалынды:

— Сен адам баласысың ғой, бір оғынды аямай, мені қазір атып таста, мені енді қинамай, бір-ақ атып таста! — деп жалынды. Біраздан соң офицер кетті. Біз Хафизды көп уақыт ұстап отырдық. Таңға таянғанда ғана Хафиз басылды. Бірақ есі жоқ төрізді. Адамға сөз қатпай сұлық жатып еді, жаңа ғана сүйеп тысқа алып шықтық, — деді.

Біздің вагондағы жолдастардың көбі үндемей, тамсанып отырды.

— Омбыдан шыққанда ештеңе әңгіме қылған жоқ па едіңдер? — деді біреуі.

Панкратов:

— Сөйлесіп едік біраз, — деді.

— Не сөйлесіп едіңдер? — дедік.

— Сөйлескенде, енді бізді атады ғой. Не атаман Семеновқа апарарды, не атаман Анненковке апарарды. Қайсысына апарса да, енді бәріміздің саудамыз біткені ғой десіп отырып, жолдастар әңгімені қойып отырған еді, — деді.

Кейбір жолдастар бастарын шайқап, төмен қарап:

— Иә, рас енді!.. Шыдай алмаған ғой, бейшара! — десті.

Кей жолдастар тұнжырап, үндемеген бойларымен отырды...

Тұнжыраған қалың ақ қарды сызып, поезд Күншығыс-Сібірге қарай дүрсілдеп жүгіре берді, жүгіре берді. Таусылмайтын төрізді жүріс. Ұшы-қиыры жоқ қаптаған қайынды мидай дала. Даланы қаптаған қалың ақ қар. Қайындардың

орта белінен жоғарғы жағы ғана қардың үстінде... Күн әлі қарлы борасын. Қар түтеткен желмен шулап ызыңдаған, теңселген қайыңдар заулап өлімге қарсы тайсалмай кетіп бара жатқан поезға «Қош болыңдар! Қош болыңдар!» дегендей бастарын иеді.

Сөйтіп, Сібірдің ұлы темір жолымен заулап, Күншығысқа қарай соғып шапқылап поезд жүре берді... Жүре берді...

Вагонның халі Омбыдағыдан да ауырланды. Вагондарды жабады да қояды. Нанды екі-үш күнде бір ғана береді. Берген наны жан басына күніне бір ширек қадақтай ғана болады. Судың өзін жеткіліксіз қылып береді. Отынды темір жол бойындағы паровоздардан аламыз. Отынды паровоздағы машинашылар аямайды. Вагонға отынды бір алғанда көбірек қамтып алып қойып, пешті жағып отырамыз. Отынның көбінесе тас көмір болатын болды. Уақ тас көмір. Тас көмірдің қоқымы мен күлін вагон астының көлкіген суын құрғатуға төсейміз. Пеш сөніп, вагон суыған кезде, төсеген күл мен тас көмір қоқымы сумен араласып, мұзды тоң болып қатып қалады. Пеш жанып, қып-қызыл болып, вагон қызған кезде, тас көмір топырағы мен күл араласқан мұз қайта ериді. Қып-қызыл болып қызған пешке қыздырынып отырамыз. Аш адамға от та қуат. Отқа қыздырынып отырған, ашыққан адам кеуіп, шөлдемпаз болады. Тез шөлдейміз. Сусап кебеміз. Тоқтаған жерлерде вагонның есігін қағып су сұраймыз, конвой солдаттар кемеліне келмей су бермейді...

Тұтқындардың көздері үңіреді.

Бірте-бірте солып кепкен денеге жұқа қайыстай болып тері жабысты. Қол мен бетке су тимейтін болды. Таңертен дүзге отыруға вагоннан түсірген кезде ғана жолдастар асығып, сасып, бет-қолдарын қармен ысып жуады. Тас көмірдің топырағы басып, қап-қара көмірдей болған бет қармен ысқан соң, азырақ аламыштанып, қоңырқайланады. Тас көмірдің топырағы қап-қара қылып бет-ауызды басатыны: жолдастардың бәрі пештің айналасында отырады. Көбі пештің айналасына, жерге жатады. Сәкі тақтайлардың көбін отқа жаққамыз. Жалғыз-ақ аурулар, өлсіздер жататын тақтайларды ғана қалдырғамыз. Аурулар көбейді. Екі вагонда да аурулар көп. Әсіресе біздің вагонда көп. Біздің вагонда Дризге нашар. Бәріміз де жұмылып, алдымен су мен нанды сол ауруларға сақтап береміз...

Поезд дүрсілдеп зырлап келеді... Қараңғы түн еді. Жолдастардың көбі бүрісіп жатыр. Түн ортасы кезі еді. Пештегі толған тас көмір қып-қызыл болып жанады. Пештің алдында Шафран мен Катченко, Ананченко, Котов – төртеуі отыр еді. Төртеуінің де түстері суық. Күбір-күбір өнгімелеседі. Мен де пештің қасына келіп отырдым.

Шафран:

— Бәрімізді барған жерде енді тегіс атады немесе өстіп вагонда қырады. Өйтеуір енді аман қалу жоқ, — деді.

Аналар соны айтты:

— Сот болса, тексеру болса, Омбының абақтысына камар еді. Бұлай алып жөнелгені — өлтірмек болғаны, — десті.

Мен де «олай емес» деп айта алмадым. Түнжырап отырдық.

Шафран:

— Қалай қылсақ та қашу керек. Одан басқа енді лаж жоқ. Сөйтсек қана біріміз өлсек те біріміз құтылуға мүмкінбіз! — деді.

Ана жолдастар да соны қуаттады. Мен үндегенім жоқ.

Шафран:

— Осы поезд жүріп бара жатқанда лажын қылып, түсе қашу керек! — деді.

Катченко:

— Вагоннан қалай шығамыз. Және қолда сайман жоқ. Құр қолмен вагонды бұза алмаймыз және қарауыл өз вагондарының есік алдында тұрып, осы поезд жүріп бара жатқанда да қарап тұратын сияқты. Көріп қалады. Көріп қалса, харап боламыз! — деді.

Котов:

— Мына пештің мойны шыққан арадан вагонның төбесін бұзып шықсақ, көрер ме еді! — деді.

Солай әрқайсымыз әртүрлі план ойлап отырдық.

Бір мезгілде Шафран тұрып:

— Мына темір терезе қақпақ ашылса жақсы болар еді.

Егерде бұл ашылса, онсоң күзетші солдат вагондарының есік алдынан біздің вагонға қарамай тұратын мезгіл болса, осы тесіктен секіріп түсуге болар еді, — деп, Шафран зырлап дүрсілдеп бара жатқан вагонның екпінімен теңселіп, темір терезе қақпаққа барды. Темір қақпақты шұқылап, біраз айналдырып еді, қақпақ ашылып кетті. Шафран үндемей, «көрдіндер ме?» дегендей бізге қарады. Біз де үндемей қал-

дық. Шафран түнде үйге басбаққан ұрыша ақырын тесіктен тысқа басын шығарды. Поезд шайқалып, белгілі күйіне басып билеп, теңселіп, зырлап келеді. Шафран біздің алдымыздағы конвой қарауылдар келе жатқан вагонға қарады... Сол кезде мылтық дауысы шаңқ ете түсті. Шафран басын кейін жұлып алды. Тез темір қақпақты жаба қойды. Бізге қарап:

— Иттің баласы қарап тұр екен. Менің басымды көздеп атып жіберіп еді, оғы тимей өтіп кетті. Ит, түнде жүріп бара жатқанда да күзетіп тұрады екен,— деді.

Ол түн солай өтті.

Ертеңінде тоқтаған бір станциядан нан мен су алып, біраз жан шақырдық... Жүріп келеміз. Күндегідей вагон, күндегідей жүріс. Күндегідей пеш. Күндегідей пеште жанған тас көмір... Кеш болды. Поезд құтырып «Мазурка» күйіне басып, орғытып билеп келеді. Жолдастардың көбі пештің айналасында отыр. Бір мезгілде сөкіде жатқан Монин Нестор басын көтеріп алып, сөкіден аяқтарын салбыратып жіберіп отырды да:

— Жолдастар! Колчак қашты! Жаңа жандарал Гайда өтіп кетті! — деді.

Бөріміз де жалт-жалт қарап, таңырқағандай аңырап қалдық.

— Өй! Не дейсің? Колчак қашан қашты? Гайда қалай өтті? Не деп отырсың? — дедік.

Гайда деген чехословактардың жандаралы. Қызылдармен соғысып жатқан майданның басында болатын. Газеттен атына қанық болатынбыз.

Монин жөне бірдеме деп сөкіден секіріп түсті. Монинның ауырып қалғанын білдік.

Монинды жатқыздық. Монин тағы да басын көтеріп алып:

— Жасасын социалшыл құрама совет республикасы! — деді.

Жүріп келеміз.

Қол-аяқ темірмен буылған, тілсіз жаудың қолында қалған төріздіміз. Дүлей, қара пөле қозғалтпай, кеудені басып алғандай. Осы көріп келе жатқанымыздың бөрі — бір шырмалған ауыр түс төрізді... Заулап жүгіріп поезд келеді. Кей жерлерде тоқтап тұрады. Кейбір станцияларда тіпті ұзақ тұратын болды. Кей станцияда біздің вагондарды ағы-

тып алып, екінші поезға тіркейді. Екінші вагондағылар да біздей. Ондағы Хафиз нашар ауру болып алыпты. Күн сайын екі вагонда да ауырған кісінің саны көбейіп шығады.

Омбыдан шыққалы жол бойы Омбыға қарай өтіп жатқан поездардың көбінде толған әскер. Көбі шулап өтеді. Бәрі мас төрізді. Киімдері нашар. Көбі мұжық балалары. Дүрсілдеп, жүгіріп поезд өтеді. Ішінде лық толған шулаған, біздей болмаса да кір-кір солдат. Кейбір вагондағылар зарлап, шулап ән салып өтеді. Оларды поезд күнбатысқа алып барады. Бізді күншығысқа алып барады. Оларды да өлімге апарады, бізді де өлімге апарады. Міне, қара пәленің үкімі!..

Ново-Николаевск қаласына келдік. Біздің вагондарды ағытып, вокзалдан аулақ жолдың бір тарауына қойды. Бір күн тұрдық... Көздеріміз ғана жалтырайды. Ауыздарымызды ашқанда ақ сиыр тістеріміз ғана көрінеді. Бет-қолымыз қап-қара. Тас көмірдің топырақтай майда уағы адамның терісіне, денесіне сіңіп кетеді. Жуғанмен оңай кетпейді. Ново-Николаевскіге келген соң, бет-қолымызды қармен ысып жуған болдық. Бет-қолымыз азырақ қызыл қоңыр тартты.

Кешке жақын отын-су алғызуға екі вагоннан бес-алты кісі өкетті. Біздің өтінішіміз бойынша, вагондардың есігін отын-су өкелгенше жаппай қойды. Дені сауларымыз шүпірлеп, вагонның есігінен қарап тұрмыз. Біздің вагондарымыз тұрған жер аздап адам жүріп-тұратын жер екен. Көбінесе көрінетін адам – Колчак әскерінің адамдары. Қала жақтан ба, жоқ, вокзал жақтан ба, білмеймін, біздің конвойдың бастық офицері келді. Қасында екі-үш әскери киімділері бар — офицерлер болса керек. Киімдері жаңа, әдемі. Жан-дарында — қылыш, белдерінде – мылтық, жылтыр етіктің өкшелерінде сылдырмақ темір. Жеңдерінде оқалаған белгілері бар. Бір ұзын бойлы аққұба жігіттің жеңінде және қалпағының маңдайында тіккен адамның ку басының суреті бар. Бөтен офицердің біреуі бізге:

— Қай жерліксіңдер? Орынборлық бар ма араларыңда?— деді.

— Ақмолалықпыз, орынборлық жоқ, — дедік біз.

Бір семізше жас бала прапорщик:

— Совдепшілерсіңдер ме? — деді.

— Иә, — дедік.

Бала прапорщик кекете күліп:

—А-а, бостандық керек қылғандар екенсіңдер ғой... Бостандық!.. Сволочь! (Свободу захотели?.. Свободу! сволочь),— деді.

Біз үндегеніміз жоқ. Офицерлер кетіп қалды.

Ново-Николаевскіден Барнаул – Семейге қарай алып жөнелді. Енді Семейге апаратынын білдік. «Степ корпусының штабына» дегені – Анненковтың еркіне дегені екен.

Поезд енді тіпті жай, кешігіп жүретін болды. Екі көз шүңірейіп ішке кірді. Сөз азайып, үндемей тұнжырап отыру көбейді.

Поезд енді көп тұрып, аз жүрді.

Дризге өлді... Шіркін сабаз өлді. Бұл да Павлов төрізді ауырғаннан үндемей жатып өлді. Павлов Ақмола Совдепін екінші қайта сайлағанымызда ақша комиссары болып еді. Сабырлы, байыпты, едәуір оқыған адам еді. Ақмолада қатыны, төрт-бес баласы жетім қалды.

Ал Дризге Ақмоланың ревтрибуналының төрағасы еді. Қажырлы, қайыспайтын және саяси білімі жақсы адам еді. Ақмолаға Омбыдан келген еді. Қай жерлік екенін білмеймін — айтушы еді, есімде жоқ. Дризгенің өлгенін қарауылға айттық.

Қарауыл солдаттар вагонның есігін ашып, өлікті алып шығуға бұйырды. Үш-төрт жолдас өлікті алып шықтық. Біздің вагондардың артында тіркеулі бір бос вагон бар екен. Соның есігін конвой солдаттар ашып, өлікті соған кіргізіп қойғызды. Өлетіндерге вагонды даярлап, бос тіркеп әкеледі екен. Дризге өлісімен де және бос вагонға апарып оны қойған соң да, қосылып өлікке арналған «похоронный марш» күйін жырладық.

Кешікпей Монин өлді. Монин қатты ауырып, жанталайсып өлді. Жолдастар қамыққан үстіне қамықты. Кекпен қайнаған көкірек у сепкендей ашыды. Жүректе қайнаған кек неше түйін болып байланды.

Монинды да қарауылға айтып, бос вагондарына апарып қойдық. Мониннің туған інісі Яков ағасын шығарарда жылады. Яковқа зекіріп, ұрсып қойғыздық.

Вагонның есігінің алдында, шығаруға даярлап қойған Мониннің қасына кеп отырып, өксіп жылай бастаған Яковқа күйінгеннен алдымен ұрысқан мен едім:

— Кет өрмен! Қазір жылайтын уақыт па? Тұр әрі! Мынаның ғана туысқаны екен!.. Кет әрі, — дедім.

Яков жылағанын қоя қойды.

Монин Ақмоланың орысы, солдат еді. Патша түскеннен солдаттарға бас болған Қривогуз деген жолдаспен екеуі еді. Едәуір білімді жігіт еді. Ақмолада ең әуелі советтің ұранын шақырған жігіттің бірі еді.

Ақмола Совдепінің басқармасының (президиумының) мүшесі, салық (контрибуция бөлімінің комиссары) еді. Шешен, қажырлы, батыр жігіт еді. Ақмолада кемпір-шал ата-анасы қалды. Жас қатыны қалды.

Барнауыл қаласына келдік. Одан да кеттік. Барнауылда біраз нан алып тәуір болып қалдық. Бір қадақтай май сатып алдық. Бірақ кеуіп қалған аштарға жөпшенді тамақ не болады? Нанның тәуірін, жегенінше майды ауруларға, әлсіздерге береміз. Су да кейде бар, кейде жоқ. Сауларымыз шөлдеп кеуіп отырғанымызда, азғана зәмзәм суды ауруларға сақтаймыз.

Біздің вагонда аурулардың ішінде матрос Авдеев өте нашар. Онан соң Мелокумов деген бір жігіт нашар. Екінші вагондағылардан әзір Мартынов пен Пьянковский деген жігіттер өлді. Екеуі де Ақмоланың өзінікі... Мартынов Спасск жұмыскері еді. Пьянковский қалада тұратын шебер-ұста еді. Ұлты поляк. Екеуі де Совдептің мүшесі. Пьянковский еңбек комиссары еді. Екеуінің де Ақмолада қатын-баласы қалды. Пьянковский «Марсельеза» күйін жырлап отырып өліпті. Сырлы күйшіл жанды поляк өлерінде де күймен өліпті...

Жолдастардың өлгені болмаса, Барнауыл уезінің ауданына кірген соң, халымыз біраз ғана тәуір болған тәрізденді. Ол мынадай жайт:

Атаманның «батырлары» бізді әдейі аштан қыру үшін мұндай күйде ұстап келе жатқаны белгілі. Нан былай тұрсын, суды да талдырып береді. Колчак «ерлерінің» бұл ниетінің үстіне жол бойы станциялардың көбінде нан жоқ. Болса, бірен-саран мұжық қатындарының қолында жүреді. Онда да болмашы. Ал өзге тамақ тіпті жоқ. Бұлай болудың себебі: бірінші, нан сататын және басқа түрлі ас сататын крестьяндардың өзі кемтар. Екінші, крестьяндар азықтарын Колчак ақшасына сатқылары келмейді. Оның бер жағында, Колчактың «батырлары» көрінген жерде азық сатқысы келмейді. Мұны сол Барнауыл ауданына келген соң білдік. Сол ауданда келе жатып, бір-екі станцияда конвойымыз

бізге нан әпереміз деп, нан таба алмады. Сонсоң бір станцияға келіп поезд тоқтап, көп тұратын болды. Жолдан бес шақырымдай жерде бір поселке көрініп тұрды. Конвойдың солдаттары сол поселкеден нан әкелуге бір жерден шанаға жегулі екі ат әкелді. Екі вагоннан екі кісі алып, төрт солдат поселкеге кетті... Өлден уақытта едәуір нан келді. Бірақ нанның көбін конвойлардың өздері алды. Азын біздің екі вагон бөлісіп алды.

Поселкеге екі шанамен біздің екі кісіні алып, атаманның солдаттары барып нан сұрапты.

Крестьяндар: «Нан жоқ, өзіміз де ашпыз», — депті.

Нанды жағалай сұрап жүріпті. Ешкімнен нан шықпапты. Сонсоң бір мұжыққа біздің екі жолдас қапысын тауып, кім екендерін айтыпты. Біздің кісілердің кім екенін білген соң, әлгі мұжық ақырын:

— Ойбай, манадан бері білмедік қой! — деп дереу өзгеріп кетіпті. Ол өзгелеріне айтып, сонсоң мұжықтар атаманның «батырына» тістерін қайрай-қайрай қалыпты.

Барнауыл ауданына келген соң, станциялардан конвоймен темекі іздеп жүріп, жолдастар орысша газет алып келетін болды. Газеттің аты «Алтай шұғыласы» (Алтайский луч). Бұл газет Колчактың Омбыдағы газеттеріндей емес, Колчакқа қарсылау газет, әсерлердің газеті болса керек. Газеттен көп хабар алып қалдық.

«...Американың бастығы (президенті) Вильсон, Еуропаның тыныштығын көздеп, жиылыс шақырып жатыр. Жиылыс «Пренси Острова» деген жерде. Бұл жиылыста Россия тыныштығы үшін, Россия мәселесі қаралмақ. Россия үкіметінен жиылысқа өкіл шақырады. Шақырғанда, большевиктер үкіметінен шақырады», — дейді.

Және: «Большевиктерден өкіл шақырылса, біз шақырса да өкіл жібермейміз» деп Колчак үкіметі хабар жіберді», — дейді.

Және бұл газет жазады:

«Россияда әсер мен меньшевик партияларының бастықтары большевик бастықтарымен сөйлесіп, ынтымақтасып, бәрі бірігіп, Колчакқа қарсы күш жұмсамақ болыпты дейді. Бұл туралы әсерлердің бастығы Чернов: «Колчакқа қарсы тұрындар», — деп күллі Россияға жарнама таратыпты», — дейді.

Әсер, меньшевиктер енді большевикке күш қосып, Колчакқа қарсы шығыпты деген хабарға жолдастардың

бәрі-ақ көңілденіп қалды. Әсіресе левый әсер жолдас Трофимов қуанып, маған қарап:

— Ө-ә, Сейфуллин, енді жақсы болды!.. Енді жақсы болды! — деді. Газетке қарағанда, Сібірдегі барлық темір жол жұмыскерлері, барлық крестьян, барлық кооперация ұйымдары Колчакқа қарсы. Тап осы хабардың шын екенін өзіміз де көріп келе жатқандықтан, өлім халінде отырсақ та, алдымыз қырылып жатса да, көңіліміз тасып қалды.

— Енді ұзаққа бармассың, бөлем! — деп Колчакқа кі-
жінген сөз өрқайсымыздың аузымыздан еріксіз шықты.

Алтай губерниясының кейбір жерлерінің крестьяндары Колчакқа қарсы көтеріліс жасап, Колчак оны өрең басыпты. Көтеріліс жасаушылардың бастықтары Алтай тауына қашып сіңіпті. Мұны да газеттен оқыдық. Барнауылда кооперацияның губерниялық мекемесін Колчактың ұлықтары келіп тінтіп, мекеменің бастықтарын абақтыға жауыпты. Осы біз оқыған «Алтай шұғыласы» деген газетті Колчак неше рет жапқызыпты, неше рет айып салғызыпты, неше рет газеттің шығарушысын жауапқа тартыпты. Колчак жапқызған газетті екінші бөтен атпен шығара беріпті. Газеттің аты бірде «Алтай таңы» болған. Бірде «Алтайдың жаңа таңы» болған. Содан «Алтай шұғыласы» болған. Мұның бәрін сол газеттен көрдік.

Міне, менің өлгі Барнауыл ауданына келген соң тіріміздің халіміз біраз тәуір болған төрізденді дегенім осы.

Барнауылдан Семейге қарай шыққан соң халіміз тағы да ауырланды. Нан жоқ. Су да жоқ. Су да күн сайын болмайды.

Дүзге отыруға вагоннан түсіргенде, тас көмір салған қап-пен қар алып кіреміз. Сол қарды пешке ерітіп ішеміз. Вагоннан түсіргенде ақырып, асықтырып, конвой солдаттарымыз жөндеп қарды да алғызбайды... өлденеше күн түтек-сұрапыл боран соқты. Поезд жөнді жүрмеді. Көп тұрады. Паровоздың машинашылары әдейі асықпайтын төрізді.

Біздің вагондағы аурулардың ішінде Авдеев өте нашар. Орнынан тұрғанда төлтіректен сенделіп тұрады. Бір рет тұрып, вагонның есігіне таяу келмек болып еді, төлтіректен жүре алмады. Авдеевтің бетінен кісі шошитын. Жалғыз Авдеевтің түрінен емес, тұтқындардың бәрінің-ақ түрінен адам шошпырлық. Тас көмірдің майда ұшқыны, күлі – денеге,

бет-ауызға қап-қара болып сінген, аларып көздің ағы ғана көрінеді. Тас көмірдің ұшқыны қап-қара болып танауға, құлаққа, ауызға толған. Кейбір аурулардың ауыздарының іші, тістерінің арасы, езулері қап-қара тас көмірдің топырағы...

Жолдастардың бәрі де енді осы вагоннан құтылсақ екен деп тілейді. Қайда апарса да тез апарса екен деп тілейді. Бірақ оған енді поезд асығар емес. Темір жол қызметкерлері ешбір поезды асықтыратын көрінбеді. Оған қосымша, сұрапыл боран да поезды жүргізетін емес. Бәріміздің арамызда өте қайратты, өте қажырлы жолдас Катченко көбірек жүріп, істі Катченко басқарушы еді. Ыстық қызу қанды украин азаматы ақын Шевченконың інісі екенін ақтаған еді.

Бір станцияға келдік. Катченко конвойдан сұранып станцияға барып, нан, темекі іздемек. Авдеев ыңқылдап жатыр еді.

— Катченко, бір стакан ыстық сүт тап, бір стакан сүт тапсаң, өлмеймін, қан төгіп тапсаң да тап! — деді.

Катченко білдіртпеген болып, көзіне жасын іркіп алып, конвой солдатпен станцияға кетті...

Әлден уақытта қуанып, арсалақтап бір стакан сүт алып келді. Дереу пешке қойып, сүтті пісіріп, Авдеевке бердік.

Авдеевтің өлмей қалуына үлкен себеп осы сүт болды. Онсон, Авдеевтің өлмей қалуына үлкен себеп болған жолдас Кондратьева деген арамыздағы жалғыз әйел болды. Кондратьева күндіз-түні Авдеевті күзетіп, күтті. Авдеевтің әлі құрып, сіресіп жатқан кездерінде, Кондратьева суды аузымен берді. Авдеевті тоңдырмай, жылы жаққа алып жатты, Авдеевтің қол-аяғын, барлық денесін уқалап, қойнына тығып жатып жүрді. Сонымен ғана Авдеев өлмей қалды.

Барнауыл мен Семей арасында ұзақ жүрдік. Өрі-беріден соң кепкен, солған, сенделген тұтқындар судың өзіне зар болды, су жоқ... Қарды алғызып тұрғызбайды... Күніне кейде бір мәрте, кейде екі мәрте вагоннан шығарып-кіргізгенде, асып-сасып алып кірген аз ғана қоқым қарды ерітіп, алдымен ауруларға беріп, қалғанын саулар бір стаканнан, жарты стаканнан бөліп ішеміз. Адам баласы аштықтан гөрі шөлге осал болады екен. Ең алдымен, адамға өзге астан су қымбат екен. Кеуіп шөлдеген тұтқын қапастағы жолбарыстай қарайды. Көз үңірейіп ішіне кіріп, қып-қызыл болып жайнайды. Сөйлеуі азая береді. Делбе болған жылқыдай

сенделеді. Бәрінен бұрын су керек. Дүниенің ең қымбатты нәрсесі су екенін мен сол вагонда ғана білдім. «Уа, шіркін, таудан сылдырап аққан тас бұлақтар!.. Талай өттім-ау аттап сендерді!..» — деген ой басқа талай келді...

Ақырында Семейге келдік. Боран ашылған... Таң ата келдік. Темір жолдың нәрсе тиейтін станциясына біздің вагондарды ағытып бөлек қойды. Су алып ішіп, «у!» деп дем алдық. Тұрған станциямыздан қала көрініп тұрады. Екі шақырымдай... Күн шыққан. Бізді вагоннан түсірді. Онша, күндегідей асықтырмады. Ақ қарға беті-қолымызды әбден жуғанша уақыт берді...

Жер-дүниеде аппақ қалың қар. Жыпырлап, үлкен поселке төрізденіп Семей қаласы жатыр, күн суық емес, жылы. Қаланы да қар басқан. Аспанда бұлт жоқ. Кіршіксіз аппақ қардың беті гәуһардай құлпырады. Тап-таза аппақ қардың мың құбылған жауһарымен алтын күннің шұғыласы шағылысып, ойнап, неше түрлі от шашады. Нәрсе тиейтін станцияда жұмыс қылып қыбырлап біраз адам жүр. Станциядағы бір вагонға салып қатырған қой еттерін шанамен тасып әкеп енгізіп қазақтар жүр. Ойларында ештеңе жоқ: бәрі алқам-салқам...

Конвойымыздың бастығы офицер, бір-екі солдатпен қалаға кетті. Қалған екінші бастық бізге біраз нан әперді.

Енді азырақ жан шақырдық. Және алдымызда не күтіп тұрса да, қалаға келген соң, мына азап вагоннан құтыламыз деп, жолдастардың көңілі жадыранқырады.

Кешке дейін сол станцияда тұрдық, қашан келіп, қалаға апарары деп тықыршып отырмыз.

Кешке офицер келді. Вагонды ашып кірді.

— Но, қайта жүретін болдық, бүгін кешке қайта жүреміз, — деді.

Біз таң-тамашамыз.

— Білуге бола ма? Неге қайтарады? Енді қайда апарарсыздар? — дедік.

— Қайта алып жүруге бұйрық қылды, одан басқасы жоқ, — деді.

Офицер шықты. Вагонның есігін жауып қойды.

«Бұл қалай? Бұлары не?.. Неге әкелген? Енді неге қайтарады?.. Енді қайда апарар екен?..» — деген ой біраз әңгіме болды. «Қазір Семейдің халы нашар шығар, — дедік. — Сонсоң бізді алмаған шығар... Енді ылғи вагонда алып жүре берер», — дедік.

— Әуелде Семейге өшейін, жолшыбай қыру үшін өкелген ғой. Енді Сібірдің бір түкпіріндегі түрмеге апарар, — дедік.

Қысқасы, не екеніне түсіне алмадық. Түнде Семейден қайта жүріп кеттік. Түнде біраз жүрген соң поезд аяндады, тоқтады. Тағы да жаппай аяндап жүрді. Тағы да тоқтап тұрды... Көп уақытты солай өткізіп, тағы да жүріп кетті.

Таң атты. Ол күні біраз жүрдік. Ертеңінде күн боран болды. Поезд жай аяндап қана жүреді. Ақырын жортады.

Бұл қалай десек, жолды қар басып қалып, поезд жүре алмай келеді екен. Және поезд қызметкерлерінен басқа жан жоқ... Жүк таситын поезд екен...

Поезд аяң мен бүлкілден артық жүре алмады. Жиі тоқтайды. Ұзақ тұрады. Боран екі-үш күн соқты. Күніне жиырма бес шақырым жүрген күніміз болды. Енді тегіс қалжырадық. Нан көрмегенімізге үш күн болды. Су да бірде бар, бірде жоқ...

Боран ашылды. Бірақ қардан поезд жылдам жүре алмай келеді. Нан да жоқ, су да жоқ. Нан көрмегенімізге енді төртінші күнге айналды. Жұрт қалжыраған аш жолбарысша бүкшиді. Үңірейген көз бұрынғыдан да жаман үңіреді. Көздің оты азайып, уыты көбейді. Енді састық... Жұрт дағдарып, сазарып отырды.

— Қой, бүйтіп қырылғанша, бәрімізді бір-ақ атып-атып тастасын, есікті тепкілеп, нан мен су сұрап, енді бәріміз шулап, «не тегіс ат, не нан мен су бер!» дейік деген сөз шықты.

— Дұрыс! — дестік.

Бір жерге поезд тоқтасымен есікті тепкіледік.

Қарауыл солдат келіп ақырып:

— Уа, немене? Не керек? — деді.

Нан мен су сұрадық.

— Жоқ! — деді.

— Қар алуға түсір! — дедік.

Мазак қылды, боқтады.

Тағы да есікті тепкіледік.

— Ау, тарсылдатпа, атамын! — деді.

— Атсан, тегіс ат, өйтпесе есікті аш, қар алғыз.

Конвойдың екінші күші келіп, сыртта сөйлесіп, қар алғызуға және дүзге отыруға есікті ашты. Қапқа және шелекке нығап толтырып қар алдық. Конвой солдат вагонға тез кіріңдер деп асықтырып дігерледі. Біздің бір Афанасьев деген жолдас:

—Тұра тұр, тағы да қар алайық біраз! — деді.

Солдат ақырды. Афанасьев ерегісе кетті. Солдат боқтап айқайлап, өздерінің вагондарында отырған жолдастарын шақырып:

— Ө-әй, шығындар бері! Мыналар бунт шығарайын деп тұр! — деп боқтап, — атып тастаймын бәрінді! — деп, жалмажан винтовкасының шаппасын қайырып алды.

Афанасьев солдатқа қадала қарап, екі көзімен лағынет жібергендей болып:

— Ал, атсаң ат! — деп қарсы қарап тұра қалды.

Солдат атпады. Конвойдың екінші бастығы шығып жанжалды басты.

Поезд жүрді. Қарды ерітіп іштік. Поезд тағы да бір жерге келіп тұрды. «Қар алыңдар», — деп вагонның есігін ашты. Қар алып жатырмыз. Поезд ұзақ тұрды. Поезға жәрдем қылуға бір поезд келген екен. Паровоз поездың алды-артына шығып, қабат қатар жолмен біздің вагондардың жанынан өтті. Паровоздың машинашысы бізге қадалып қарап өтті. Вагонның есігін жапқан жоқ еді. Қарап өтіп бара жатқан машинашыға біздің жолдастардың біреуі естірлік қылып:

— Біз ашпыз... Біз тұтқындағы большевиктерміз... Жәрдем көрсетіндер!.. — деді.

Паровоз поездың алдыңғы жағына барып тоқтады. Өлден уақытта ұзын қара тоны бар, кір киімді, бір қара сұр адам бізге қарай жүрді. Алдыңғы паровоздан бір-екі кісі түсіп қарап тұрды. Өлгі қара тонды кісі келіп, өз вагонының жанында тұрған конвойдың екінші бастығымен сөйлесіп, қолтығынан бірдеме алып берді. Нанды бастық бізге алып келді, ана кісі қарап тұрды. Бастық бізге келіп:

— Мына нанды ана кісі сіздерге берді, бөліп алыңыздар, — деді.

Жолдастардың жарқ етіп көңілденіп, көңілдерінің көтерілгенін адам айтарлық болмады.

Нанға көңілденгеннен бұрын достыққа көңілдендік.

Вагонның есігін жауып қойды. Біраздан соң тағы да вагонның есігін ашты. Есік ашқан конвой солдаттың бірі бізге қарап:

— Ана кісі сіздерге нан әкеліп тұр, алыңдар, — деді.

Қарасақ, екі қолтығында екі үлкен қара нан, өлгі кісі тағы да келіп тұр екен. Есіктен басымды шығарып, қадалып бетіне қарадым. Оның да екі көзі бізде. Бізбен басын екі-үш

қайта шұлғып амандасты. Екі көзі бізде. Жайнаған екі көзінде іркіліп тұрған жас көрінді. Тағы да нанды алдық. Енді әлгіден де көңілді шаттандық...

Ертеңінде Барнауылға келдік.

Конвойдың бастығына айтып рұқсат алып, бір-екі ыңғайлы киімдерді вокзалға конвоймен апарып сатып, Катченко едеуір азық әкелді. Нан, колбаса, май, темекі. Тағы да кенеліп қалдық. Темекі тартатындар тамақтан бұрын темекіге ұмтылды. Мен таң қалдым. Сондай аш адам наннан, майдан бұрын, қалтыраған қолдарымен папиросты ұстай алып, тез тұтатып, сасқалақтап, түтінін сорып жібергенде, маңдайынан тер бұрқ ете түсті. Папиросты үсті-үстіне өзеуреп сорғанда, қайта бір түтін шығарған жоқ!

Енді Барнауылдан Ново-Николаевск қаласына шейін бір қалыпта, өйтіп-бүйтіп бардық. Жолшыбай тағы бір-екі кісіміз өлді. Диірмен мастері Юрашевич өлді (Кременскойдың күйеуі).

Ново-Николаевскіден қайда жөнелтер екен деп жүрек күпті болып тұрғанда, Омбыға қарай алып жөнелді. Енді бұл екі ортаға жылдам келдік...

Тағы да Омбы вокзалының бір қалтарыстау жеріне біздің вагондарды өкеп қойды.

Бұл жерде екі күн тұрдық. Түнде келіп едік... Ертеңінде сұранып біздің екі-үш жолдас су алуға вокзалға барды. Су әкеліп:

— Бір тәуір киімді, толық адам вокзал жақта бізге кез болып, қырындап бізбен қатар жүріп отырып, осы жерге келіп қайтты, — деді.

— Е,е, жай кісі де! — дедік.

— Жоқ, жай кісі емес, бізге көзқарасы жай емес, онсон әдейі осы жерге шейін қырындап келіп, бізге қарап-қарап кетті, — деді.

Бесін уақтысында Катченко тағы да суға барып келіп, вагонды жапқан соң, сыбырлап:

— Банағы кісі тағы да келіп жүр. Вагонның арт жағында, сығалап қарандаршы! — деп, өзі вагонның бір саңылауынан сығалай қалды. Біз де сығаладық.

Иә, ұзындау бойлы, үстінде ішкі бар, толық аққұба адам, жай жүргенге ұқсап, олай-бұлай жүрді... Өлгі кісінің жанынан бір адам өте берді. Өте берген адамға:

— Мынаны қараңызшы: мына бір вагондардың ішінде қамаулы адамдар жатыр. Адам көрмеген азапта... Бәрі де

бұралған аш. Адам баласын осынша азапқа салар ма!.. Өне, анау қылыш асынған жауыздар күзетіп жүр. Міне, ерлер жұрт үшін осындай азап тартып жатыр, — деді.

Өтіп бара жатқан кісі аз ғана тоқтап тұрып, бірдене деп жүріп кетті. Қарай-қарай, толық кісі де кетті.

Ертеңінде, түс кезінде, біздің бір-екі жолдас тағы да суға барып, су әкеп, вагонға енгізіп жатыр еді. Үш-төрт кісі суды алып, есік алдында тұрдық. Және конвойдың өлшеп берген азғантай нанын алып тұрдық. Вагонның есігі ашық еді. Қолтығында бір шүберекке түйген едәуір нәрсесі бар бір әйел вагонның алдынан өтіп бара жатты. Қоңырқай киімді әйел. Су мен нанды алып болған соң, қарауыл солдат вагонның есігін жаба берді. Вагонның есігін қарауыл солдат жаба алмай, жұлқылап сырып жатқанда, өлгі әйелдің қолтығындағы шүберекке түйген нәрсе есіктен жып-жылдам секіріп, вагонның ішіне дүрс ете түсті!..

Жалт-жалт қарастық. Әйел жүгіре басып кетіп барады екен. Қарауыл солдат аңырайып тұрып қалды. Біз де бір-бірімізге таңырқанып қарасып, түюлі нәрсені жылдам былай алып қойдық.

Әйел кетіп қалды. Вагонның есігін бекітті. Түюлі шүберекті тез анталасып шешіп қарадық: не екен? Нан, колбаса, папирос екен!

Таршылықта біреудің істеген болмашы достығы көзге қандай көрінетінін өзі таршылықта болмаған кісі білмейді. Және айтсаң да дәл өзіндей түсінбейді.

Бұл — өмірде ұмытылмайтын іс! Мұндай достық таршылықтағы жанға таудай қайрат, өлшеусіз шаттық береді!

Кешегі толық еркек пен бүгінгі әйелдің кім екенін білмедік. Сөйтіп, Семейден қайтып келген соң, вагонда екі-ақ күн тұрғызып, үшінші күні Омбының лагеріне апарды.

Тендігі үшін кедейдің
Жауызға көнбей, туладық.
Залымдардың жасаған
Аранына уладық.

Қаранғы, суық зынданды
Жатақ қылды төніміз.
Қылыштың жүзі, мылтықтың
Аузында болды жанымыз.

Шеңгелінде жауыздың
Кетіп адам сөніміз,
Арыстандай шынжырлы
Өргеніп, қайнап қанымыз;

Бір шұңқыр су, түйір нан
Үйреншікті ас болды.
Күл, көмір, қиқым, тоң төсек,
Жастығымыз тас болды.

Тас көмірдің топырағы
Денені басып қаралап,
Тас көмірдің түтіні
Өкпені қауып аралап;

Қол-аяқта көк шынжыр
Жыланша жалап, жаралап;
Жауыздардың дозағын,
Көрдік қорлық-азабын...

Х

ОМБЫ ЛАГЕРІНДЕ

Қылыш-мылтықтары, иықтарындағы шендері жарқылдап екі конвой тұр. Бірі — бұрынғы жаяу конвой, бірі — қаладан жаңа келіп тұрған атты конвой. Вагондарымыздан түсіріп, қатарластырып жатыр. Жаңа келген конвойдың бастығы бұрынғы конвойымыздың бастығындай жас офицер. Бәрі де жылан сияқты. Сұр жылан, ақ жылан, сарыбас жылан... Екеуінің де иықтарындағы күміс оқа погондары күнмен шағылысқан жыланның қабығындай жарқырайды. Күмістеген, оқалы, шашақты қылыштары жоғары өрмелеген жыланша жылтылдайды. Өкшелеріндегі сылдырмақтай темірлері қозғалып қалса, сылдыр-сылдыр етеді. Екеуі де томпиған жас жігіттер. Мойындарына сылдырмақтай күміс қарғы таққан, жақсылап асыраған тазы иттің күшіктеріндей. Сөздері, жүріс-тұрыстары бізге әбден үйреншікті болған. «Ай» дейтін ажасыз, «қой» дейтін қожасыз бетімен кеткен бейбастақтар. Өдепсіз сөз, тарқылдақ ақымақ күлкі, күрілдек хайуан дауыс. Екі сөздің бірінде Бұлар қамшы мен қылыштарын талай шолжаңдай мас болып келіп, атамыз деп, қылыш, мыл

оқталып төсеген, талай боқтаған. Талай «тізеден тұрып патшаны тіле» деп қинаған. Бұл мырзалардың адамшылықтарының қандай екенін жолдастар әбден біліп болған...

Жүруге жарайтынмыз қатарласып тұрмыз. Екі офицер бізге қарап, қасымызда сөйлеп тұр.

— Ана вагоннан бір-екі жолдас түсе алмай қалды. Бір-екі әлді жолдас түсіріп әкелсін... — десті біздің бір-екі кісі.

Панкратов деген жолдас екеуіміз түсе алмаған жолдастар жатқан вагонға кірдік. Тас көмірдің күл-қоқымы сумен араласып қатқан вагонның еден тақтайында екі жолдас жатыр екен. Бірі – Түркістан жақтан келіп қолға түсетін Пьянковский деген жолдас, бірі – адвокат максималист Смокотин деген жолдас екен. Екеуі де үндемей, бізге қарайды. Көздері үңірейіп, мұздай болып қатып қалған...

Әуелі Пьянковскийді көтеріп, сүйеп түсіріп, конвойдың атқа жегулі шанасына әкеп отырғыздық. Смокотинге келдік. Бір аяғында етігі жоқ екен. Етігі шешулі жанында жатыр.

Үңірейіп қатып қалған көзімен маған қадалып қарайды.

— Етігіңді кие аласың ба? — дедім.

Ыңыранып, басын изеп, қимылдады. Қимылдап, отыра алмады, ыңырсып, етігіне қарап, «кигіз...» дегендей ишарат қылды. Панкратов екеуіміз екеулеп етігін кигіздік. Көтеріп, сүйеп, вагоннан түсіріп, оны да әкеліп шанаға отырғыздық.

Вагоннан сүйеп түсіріп жатқан әлсіреген жолдастарға қарап, жаңа келген конвойдың бастығы күлді. Бұрынғы конвой бастығына:

— Әлі көп қой мыналарын, жолшыбай шығын қылмадыңдар ма? — деді.

Бұрынғы конвойдың бастығы күліп:

— Көп шығын болған жоқ... Мықты иттер, алтауы-ақ әлді. Берік свольштар! — деді.

Қатарласып тұрдық. Жарық дүниені, қастағы жолдастарды жаңа ғана көріп тұрғандай қараймын. Жолдастардың бәрі де кепкен, солған. Көздері үңірейіп іштеріне кірген. Бәрінің үсті-бастарын, бет-ауыздарын қап-қара қылып тас көмір күйесі басқан. Сөйлегенде тістері ғана жалтырап аспақ болып көрінеді. Көздері ғана аларып жылтырайды. Бәрі де басқа дүниенің кісілері төрізді. Мен өзім де басқа бір бөтен дүниеден келіп түсіп, бұл дүниені жаңа ғана көріп тұрған төріздімін. Тоғыз ай қапаста, қамауда,

қараңғыда болдық. Тоғыз-ақ ай!.. Бірақ тоғыз айдағы көрген қиындық тоғыз жылдағыдай!..

Тоғыз айдың ішінде кен, жарық дүниеден үміт үзіп, кір, күйе басқан жолдастарға сонша үйреніп кетіппіз! Бос жүрген адамдар – бөтен дүниенің адамдары тәрізді көрінеді. Қылыш асынған конвойшылардан басқа, тірідей көрге кірген жолдастардан басқа, кеңшілікте бетімен жүретін адамдар бізге ертегі тәрізді көрінеді...

Міне, бізді айдап жөнелді... Жүре алмағандарды шанаға салып алды.

Жерде аппақ қалың қар. Қыстың ақырғы кезі. Күн жылы. Күнбатыс пен оңтүстік арасынан ақырындап жұмсақ жел еседі. Темір жол үстінің, үй алдарының қарлары жіпсіген. Алыс аспандағы қызыл күннің жүзі жылы ұшырағандай. Жүрекке жылы сезім беріп, алыстағы жаз таянған тәрізді. Жерді қаптаған кешегі ызғарлы аппақ қар босап, аяққа ілінеді. Қардың кететін уақыты таянғаны сезілді. Күнге қараймын... Күнбатыс оңтүстік арасынан ақырындап ескен жұмсақ желге бетімді төсеймін. Қараймын... Жүрек қатты қимылдап соғады... Көкіректегі байлаулы арыстан қозғалып, бостандықты ойлап ақырын қимылдайды. Жолдастарға қараймын. Бөрінің де кір, күйе басқан аш беттеріне қан жүгіргендей. Бөрі де кеуделерін керіп, таза ауадан қанбастай жұтып, дем алып келеді. Бөрінің де кепкен, солған денелері жіпсіп жазылғандай. Үңірейіп, мұздап қатқан көздерінің жанарларына қан кіргендей. Апаратын жайлары қандай болса да, «Азап вагонынан» жаман болмас деп, бөрі де алабұртады. Жан-жағымыздан өтіп жатқан қаперсіз жандарға бөрі де ішіп-жеп қарайды.

Жүрек ақырындап төтті қимылдап соғады. Көкіректегі байлаулы арыстан ақырындап шынжырын қозғайды.

Қылыштарың жалаңдатып даярлап көтерген атты конвой алды-артымызды қоршап айдап келеді. Қаперсіз жүзбен көлікті және жаяу жұрт жан-жағымыздан өтіп жатыр. Бөрінің ойларында ештеңе жоқ тәрізді. Тек аңырайып, таңырқап қарап өтеді...

Бізді лагерьге өкеп кіргізді. Лагерь Омбының темір жол жақ шетінде екен. Лагерьдің ішінде – шығар ауыздағы үйден бір қылыш асынған, әскери әдемі киінген толық сары жігіт шықты. Қасында үш-төрт солдатты бар, толық жігіт бізді алып, атты конвойды қайтарды.

Лагерьдің айналасы тақтаймен қоршалған қамау. Қамаудың ішінде жұқа тақтайлардан бос шегелеп, қора төрізді қылып істеген ұзын-ұзын он шақты үйлер бар. Бұл үйлерді барак дейді. Лагерьдің сыртқы қамауының қақпасын жауып, сыртында, ішінде қарауыл күзетші солдаттар тұрады. Лагерьдің іші сыртқы дүниеден бөлінген, өз алдына бір мемлекет төрізді. Он барактың бәрінде де толған тұтқындар екен. Барактардың есіктерін бекітпейді.

Тұтқындар бір-бірімен қатынасып жүреді. Барактар қамау лагерьдің түкпірінде болады.

Бізді айдап лагерьге кіргізгенде, барактардың араларында жүрген тұтқындардың бәрі де бізге қарай қалды. Айдап келген атты конвойдан бізді алған өлгі толық сары жігіт, қасындағы екі солдатқа:

— Мыналарды ана барактардың бос жерлеріне апарып орналастыр, — деді. Лагерьді күзететін чехословактар екен.

Енді бізді сол солдаттар ертіп жүрді. Барактарға таянысымен, алдымыздан бұрынғы шығып қарап тұрғандардан басқа, тағы да әр барактан көрден шыққандай сүметілген адамдар ақырындап шыға бастады. Көбі – өзіміз төрізді азып-тозған, арыған тірі өліктей, көздері үңірейген аруақтар. Барактарға келдік. Жатқан тұтқындардың бірсыпырасы жиналып бізге келіп, жөнімізді сұрай бастады. Жөнімізді айтып жатырмыз. Жамырап орналастырып жатыр. «Ашпыз» деген соң, әрқайсысы жүгіріп нандарын өкеп беріп жатыр. Бізді барак ішінде үйір-үйір қылып бөлісіп өкетті. Отырғызды. Нандарын жегізіп, жан-жағымыздан қамалап, көрген-білгенімізді сұрап жатыр. Қайнаған су өкеп шай беріп жатыр. Су өкеп жуындырып жатыр...

Лагерьдегі жолдастар мың жарымдай екен. Бұлар жан-жақтан жиналған, түрлі жаста, түрлі формада, түрлі жақтан жиналған екен. Бұлардың ішінде орыс, ноғай, жебірей, неміс, мадияр, корейлік, тағы басқалар бар.

Бәрі сыртқы дүниеден тақтай қорғанмен бөлінген, лагерь ішінде өз алдына бір бөтен дүниеде өмір сүріп жүрген жандар төрізді. Барактарына біреуі кіріп, біреуі шығып, қыбырлап құмырсқаша қайнайды. Барактың ішінде кіркір тақтай сөкі. Бір жері сынған, бір жері қисайған. Іші сасық, күңгірт, қараңғы. Тұтқындардың бәрі де жүдеу. Көбінің киімдері өрім-өрім. Көбі ауру. Көбі мең-зең. Ілініп, сүметіліп, бұралып жүреді. Күн сайын өліп те жатыр екен.

Қалай болғанмен, өз ауылымызға келгендей жадырап, кенеліп қалдық. Аштан қаусап, кеуіп келген жолдастар тамактанып, тойып, кенеліп қалды.

Хорват деген мадияр – орта бойлы, дөңгелек бет, қара сұр жігіт бізге (қазақтарға) ас әкеп беріп, өңгіме айтып, қасымыздан шықпайды. Өзі орысша шалалау, сүрініп сөйлейді. Хорват, қызылдардың атты отрядында болыпты. Чехословактар Омбыны аларда Марьяновка деген Омбының Қызылжар жағасындағы станциясында болған қанды майданда болыпты. Марьяновкада неше мың чехословактар қырылған. Саны артық чехословактар үстерін келіп басқанша, азғантай ғана, майданда көгентүпте қалған қызылдар Марьяновканы бермей, қара жерді қанмен бояп жатып алған. Міне, сол майданда Хорват болған. Марьяновканың соғысын Хорват өзінің шала тілімен жыр қылып сөйлейді. Хорватпен бірге Омбыда қызыл отрядқа кірген қазақ жігіттері болыпты. Хорват болған қызыл отряд қарысып, жауға берілмей жатып атысып, көп қырыпты. Аман қалғаны шамалы.

– Ештеңе емес, жолдастар. Ештеңе етпейді. Біздікі болады. Ақырында біз аламыз, – дейді.

– Әй, біз алғанымызша, мыналар бізден не қалдырады дейсің? – дейді бір жолдас.

– Ештеңе етпейді, ештеңе етпейді, біз бұлардың бәрін бауыздаймыз, – деп Хорват сұқ саусағымен ымдап, өз тамағын бауыздағандай шалып жігерленді.

– Іс ұзаққа айналды ғой. Жер-дүниенің бәрі қызылдарға жабылып жатыр. Қызылдар қашан келеді?.. Істің ақыры созылды ғой, – дедім мен.

Хорваттың қасына келген аққұба жігіт, о да мадияр, маған қарады.

– Уайымдама, жолдас, қызылдар келеді!.. Іс ұзаққа айналсын. Патшалар үшін бес жыл соғыстық, енді пролетариат үшін он бес жыл соғысамыз... Ақырында жалпы жер-дүние жүзінде біздің ғана үкім болады, – деді.

Лагерьде Атбасар Совдепінің бастықтарына жолықтық. Атбасар Совдепі жуастау болған себепті ақтар үш-төрт-ақ кісіні көгентүпке алып қалып, өзгесін қоя берген екен. Көгентүпке қалғандардың бірі – Атбасар Совдепінің төрағасы Басов. Және біздің Ақмола Совдепіне келіп кеткендер. Атбасарда Совдеп жасаған большевиктердің саны шамалы

еді де... Лагерьдегілерден әр түрлі төуір хабарлар есіттік. Олар газет алып тұрады екен. Газеттерін сұрап алып оқыдық. Газет – Колчак газеті. Колчак алып тұрған жерлерде Қызыл партизандардың шыққанын анықтап білдік. Ресейден қызылдардың әлі де ілгері басып, жылжып келе жатқанын білдік. Жасырса да, газетінде «пәлен қаланы тастадық, түген қаланы тастадық» деп қойыпты. Газет қолдан-қолға жүгірді. Өсіресе бізге әсер берген қызыл партизандардың көбейгені.

Вагонның тұрмысынан гөрі төуір болғанмен, лагерьдің халі де нашар екен. Тұтқындардың жартысындайы ауру. Күнде бестен, оннан кісі өліп тұрады. Тұтқындардың көбінің киімдері жоқ. Қыстайғы суық, аштық шындарына жетіп қалған. Бөрінің денесі құр сүйек пен тері. Бөрі де аш аруақ. Көбі – сандалған делбе, жанды көлеңке. Біз келердің алдында ғана тұтқындарға бұрынғыларынан гөрі төуірлеп ас бере бастаған екен. Бірақ шыңына жеткен аштардың көбі мал болмай жатыр. Ауруы сүзек (тип) дейді. Бірақ бөрі – аштықтың, жалаңаштықтың, суықтың, лас жерде жатқандықтың өсері. Біздің қырық шақты жолдастардың дені келісімен екі күннен соң ауырып қалды. Бөрі де бастан кешкен аштықтың, суық ызғардың зардабы. Көбінің денелерінің әр жері ісіп кетті. Біраздан соң өле бастады. Біздің қырық шақты жолдастардан алты-жеті-ақ кісі жығылмады. Аурулардың бөрін сол барактарда бөлек салып қойған. Бақташылар, күтушілері, дәрігерлері – тұтқындардың өздері. Аурулар жатқан барактың бір жақ есіктерінен күнде жаңадан аурулар қосылып кіріп жатыр, бір жақ есіктерінен күнде өліктер шығып жатыр. Әрине, аздап болса да, жазылып, сауларға қосылып жатқандар да бар. Саулар жатқан барактарға барып қарап тұрсаң, тың тұтқындардың кейбіреулері үймелесіп газет оқысып отырады. Кейбіреулері үймелесіп әңгіме айтысып отырады. Кейбіреулері мүжтиған, жыртық, кір-кір карта мен тақтайдан жонып жасаған дойбы ойнап отырады. Кейбіреулері құр сандалып ананың қасына бір, мынаның қасына бір барып, газет оқығандарды, әңгіме айтқандарды тыңдап жүреді. Дойбы мен карта ойнағандардың ойындарына қарап тұрады. Кейбір барактарда скрипка, сырнай (гармонь) ойнаушылар да болады. Ән салушылар да болады. Өлсіз тұтқындар сен соққан балық тәрізді, сенделген делбе, жанды көлеңке

төрізді. Көбі мең-зең болып отырады, жатады. Барлығының жалпы рендері біртүрлі нашар. Барактың ішінде қалай болса солай шегелей салған қиысыз, қисайған, солқылдаған екі қабат тақтай сәкі бар. Тұтқындар сол сәкіге жатады. Сәкілері кір-кір. Барактың іші тұтас кір, сасық. Сауға саналып жатқандардың өзінің көбі ауру. Күн сайын ауру көбейіп жатады. Күн сайын саулардан үзілмей ауырып шығады. Вагоннан гөрі төуір болғанмен, лагерь де дозақтың бір бұрышы төрізді. Өсіресе түнгі түрі жаман. Түн ішінде оянып кетсең немесе біраз ұйықтамай жатсаң, ұйықтап жатқан тұтқындардың неше түрлі ұйқысыраған сандырағы естіледі. Көбі ыңқылдап ұйықтайды. Кейде тұтқындардың шошып оянып, сөйленіп, аласұрып, бет-алды тұра ұмтылатындары болады. Сол аласұрған бойымен есалаң болып ауырып қалатындары болады. Лагерьдің өсіресе түнгі суреті ыңырысып демалған қара пәле басып, шала тұншыққан қараңғы дозақтай.

Ал аурулар жатқан барактарға барсаң, ол жерде де ыңқыл, бұл жерде де ыңқыл. Күйіп-жанып жанталасқан аурулар. Мұрсасы кұрып, үндеуге өлі келмей ақырын дем алып, сөнуге таянған шамшырақтай әлсіреген аурулар. Сандырақтап жатқан аурулар. Кейбіреулерінің сандырақтарынан қорқыныш сөздер естіледі. Кейбіреулерінің сандырақтарынан қуаныш, шаттық сөздер естіледі. Кейбіреулерінің сандырақтарынан көкіректеріне серт, арман, иман қылып сақтаған сөздері естіледі... Аурулар жатады. Күтуші жолдастар аралап, дамылсыз ауруларды сүйреп, көтеріп, су беріп жүреді. Шамасы келетіндерін сүйреп тысқа шығарып, кіргізіп жүреді. Күтушілердің қабақтары тастай болып қатқан...

Міне, барактың жайы осындай. Ең төуір жері – барактардың есіктерін жаппайды. Кіріп-шығып жүруге ықтиярлы. Сыртқы дүниеден бөлініп, қоршаулы қамауда жатқанмен, барактардың бірінен-біріне кіріп-шығып жүруге бостандық болған соң тұрмысымыз вагондағыдан жақсы төрізді болды.

Лагерьде сөйтіп жата бердік. Бір күніміз бір күнімізге ұқсас...

Біраз күн өтті. Жаз таянды. Орысша, қазақша газет оқимыз... Қызылдардың дәуірлегендеріне жүрек алабұртады. Лагерьге келісімен Омбыдағы бостандықтағы жүрген

бірен-саран достармен хабарластық. Олар рұқсат алып лагерьге де келе бастады.

Бізбен қатынасып, бізге ас жіберетін – Омбыдағы Мұқандікі, сонда жататын Жанайдар және Құрманғали.

Лагерь ішінде асхананың қайнаған су алатын жерінде бір күні су ала келген көп жолдастардың арасында тұрған Зікірия Мүкейұлын көрдім. Амандасып, сөйлесіп қалдық.

«Сен баракта жоқ едің ғой...» — десем, Зікірия лагерьдің ішіндегі бір берік бөлмеде (карцерде) жатыр екен.

Біз лагерьге келмей тұрғанда, баракта жатып жүрген кезінде, Зікірия бір күні асханаға су ала келген бетінде, қашуға ынғайланыпты. Оны күзетші чехословактар сезіп қалып, Зікірияны ұстапты. Жауап алғанда Зікірия ештеңе білмейтін мылқау болып сөйлепті. Содан соң Зікірияны барактарға қоймай, лагерьдің ішіндегі бірен-саран жазалыларды қамайтын берік бөлмеге жауып тастайтын болыпты. Берік бөлмеден Зікірияны көп шығармайды екен. Біздің оны көрмей жүргеніміз сол екен.

Лагерьге келгеннен кейін, сыртқы дүниемен қатынасқан соң, бірсыпыра хабар білдік.

Қызыл отрядтағы қазақтардың, Совдепші қазақтардың не болғанын зерттедік.

Қызылжардағы ұйымдасқан азғана қазақ жұмыскерлерінің тағдырын түнеугі күні Қызылжар лагерінде білгенбіз. Олар туралы басқа, жаңадан оған қосарлық хабар білмедік. Қызылжардың жарақталған қазақ жұмыскерлерінің бастығы Ысқақ Көбекұлын ақтар төңкеріс күні атқан. Көрім Сөтешұлын төңкеріс күні Қызылжардың мұсылман байлары ұрып өлтірген. Ғали Есмағамбетұлын Қызылжардың байлары ұрып өлтірген. Мұқан Есмағамбетұлын үш айдай абақтыда ұстап шығарған. Өзгелері жасырын кеткен, бұлар туралы бұдан басқа жаңарған хабар білмедік. Шаймерден Әлжанұлын Қызылжар уезінде ұстап абақтыға салған. Одан Омбы түрмесіне жіберген. Омбы түрмесінен Шаймердендерді қысты күнгі (1918 жыл, желтоқсанда болған), Омбыда Колчакқа қарсы көтеріліс жасағанда, большевиктер түнде түрмеден босатып жіберген. Түрмеден босанып шығып, Шаймерден мен Көлбай екеуі қазақ арасына қарай қашқан. Бұларды Омбыдағы облыстық «Алашордалар» қуып, ұстап әкеп, Колчактың қолына берген. Колчак Көлбайды түрмеде кешіктірмей өлтірген.

Біраздан соң Шаймерденді де атып өлтірген. Бұлар туралы Омбыға бізді әкелген бетте де толығырақ айтып өткемін.

Ал Омбыдағы қызыл отрядқа кірген қазақ жұмыскерлерінің тағдырлары қандай болғанын айтайын.

Омбыдағы қазақ жұмыскерлерінің біразы жаяу отрядта болған. Біразы атты отрядта болған. Жаяу отрядта қазақ жігіттерінің ішіндегі басшылары: Мұқаметқали Тәтімұлы, Шөкейұлы, Жұмабай Төленбайұлы, отрядтың ішіндегі басшылары: Угар (Мұқатай) Жәнібекұлы, Зікірия Мүкейұлы.

Чехословактар соғысында, қызыл отрядтардағы қазақ жұмыскерлері Омбыны қорғаған қанды майданда болған. 1918 жылы маусымның басында чехословактар Қызылжардан темір жолмен оннан аса поезбен Омбыға қарай келген. Әр вагонда қырық-отыз чехословак солдат. Әр чехословақтың өне бойы толған қару-жарақ. Винтовка да онда, пулемет те, зеңбірек те онда, маузер де, бомба да онда, қылыш, сапы да онда. Бәрі – әскер тәртіптерін әбден үйренгендер. Бұларға қарсы тұрған қызыл әскердің саны да, ол уақытқа қарағанда, едәуір. Бірақ бұлар әскер тәртібін, соғыс әдістерін жөнді білмейді және құралы да аз. Жаңағы айтылған қазақ жігіттері әлі жөнделе алмаған. Топ-топ болған қызыл отрядтың ішінде. Бұлардың қару-жарақтары да кем, әсіресе оқтары аз. Біраздары – отрядқа өзі тіленіп кіргендер. Бұлар жаудың басым екенін көрсе де, чехословактардың жолын бөгеп, ағашты, орманды далада, темір жол бойында шеп құрып соғыс ашады.

Сайманы артық, соғыс тәртіптерін жақсы білетін жау отты, улы қорғасынды жаңбырша жаудырады. Қызыл әскер шеп құрып, оқты оқпен қарсылап, қып-қызыл оқтың астында, бытырлатып атқылап жатып алады. Екі күн, екі түн тыным алмай соғысады. Неше рет лек-лек болып оғын бұршақтай жаудырып қаптап келген дұшпанды қозғалмай жатқан қызылдар жусатып салады. Қызылдардың өздері де неше рет қозғалып, жауға қарсы ұмтылады. Ақырында қызылдардың оқтары да таусылады, адамдары да азаяды. Сайманы басым жау ақырында керіп өкетеді. Қызылдардың табаны аумап қалғандары лажсыз шегінеді. Әрбір ағаштың түбін, әрбір жерошақтың түбін қанға бояп қалдырады. Марьяновканы алған соң, чехословактар темір жолмен бөгелмей Омбыға келеді. Омбы вокзалының жанындағы Куломзино станциясында Омбының ақырғы отрядтары

чехословактардың алдынан шығады. Бұлардың көбі – сол чехословактармен соғыс болып жатқанда ғана қолдарына мылтық алып шыққан жұмыскерлер. Бұлардың іштерінде де жиырма бес шамалы қазақ жұмыскерлері болған. Ө дегенде қолдарына мылтық түспеген соң бұл қазақ жұмыскерлері Омбыда жиналып келіп жанжал қылып, мылтық сарайындағы қарауылды өлтіріп, қару-жарақтанып, чехословактарға қарсы шығады. Куломзино станциясында чехословактармен тағы да қып-қызыл соғыс болады. Тағы да қырғын болады. Адамның қаны тағы да судай ағады. Куломзино станциясында адам қаны тамбаған жер қалмайды. Ақырында жау Куломзиноны да алып, Омбыға кіреді. Куломзинода соғысқан жиырма бес қазақ жұмыскерлерінің жиырмадайы оққа ұшады, тірідей қолға түскендерін чехословактар тілгілеп өлтіріп, бастарын мыжғылап, ағашқа асып кетеді. Бұл соғыстағы қазақ жігіттерінен Зікірия Мүкейұлы қолға түсіп, аман қалады. Соңынан Угар (Мұқатай) Жәнібекұлы қолға түседі. Соғыс басылғаннан кейін, өлген қазақ жігіттерін қазақтар келіп жинайды. Бірақ қырылған қызылдардың бастары, беттері сонша мыжғыланғандықтан, көбін анықтап тани алмайды. Қырылған қазақ жігіттерінің ішінде біреуін Мұқаметқали Тәтімұлына ұйғарады. Бәрін жинап, көмеді. Мұқаметқали Тәтімұлының еліне жолдастары көңіл айтып хат жазады. Ертіс пароходында матростық жұмысындағы туған ағасы Омбыға келгенде, Мұқаметқалидың Омбыдағы жолдастары жиналып, ағасына қазақша естіртіп көңіл айтысады.

Міне, Омбыда Совет туының астындағы, қазақ еңбекшілерінен шыққан қызыл азаматтарының тағдырлары осындай болған...

Бұл жерде Мұқаметқали Тәтімұлы туралы анықталып білінген оқиғаларын айта кетейін. Мұның «өткен өткелдері», бастан кешірген ерліктері – еңбекші тап азаматына айта жүрерлік қызықты өңгіме.

Мұқаметқали Тәтімұлы мен Абдолла Асылбекұлының 1919 жылғы соғыс майданында өз қолдарымен істеген істері ертегі тәрізді. Бірі Орал тауында, бірі жырақ күншығыста – Жапониямен шекарада. Және Сабыр Шәріпұлының істегендері мен бастан кешкендері біртүрлі қызықты, таңқаларлық ертегі тәрізді. Бір үлкен «дастан» тәрізді. Бұлар туралы тағы да жазармыз. Бұл жерде Мұқаметқалидың не

қылғанын айта кетейін. Мұқаметқали чехословактардың соғысынан аман кетеді. Чехословактар жеңіп, ақтар Омбыны алған соң, Мұқаметқали және Телімбайұлы деген қазақ жігіт екеуі қырық шамалы қызыл отрядтағы жолдастармен шегініп отырып, Ешім қаласына барады. Бұлар Ешімді ақтар алып тұрған үстіне барады. Ешімге бара, кие-жара ақтармен шартта-шұрт соғыс қылып жеңіп, абақтыға қамалған қызыл әскерлерді, большевиктерді босатып алып, Ешімнен кетеді. Жолшыбай әр жерде көтерілген ақтармен соғысып отырып, Екатеринбург, Тюмень қалаларына бет алады. «Вагай» станциясындағы соғыста Жұмаділ Телімбайұлына оқ тиеді. Сонсоң Жұмаділді Вяткаға жібереді. Мұқаметқали сол уақытта «Омбының асау жүзі» деген жүз шамалы отрядқа кіреді (Омская дикая сотня). Сол бетімен Мұқаметқали Оралдың солтүстік жақ майданында болады.

Октябрь мейрамында Кошувен заводында болады. Бұл жерге Октябрь мейрамына Мәскеуден бастықтар келеді. Зиновьев бөлшек-бөлшек болған қызыл отрядтарды құрап, төртіпті әскер қылып кетеді (Регулярная армия). Құралған қызыл әскерін «Путилевтің бірінші атты болат полкі» (Первый Путилевский стальной кавальерийский полк) деп атайды. Путилевтің бірінші атты болат полкінің Мұқаметқали пулемет бастығы болады.

Бұл полк құрылып болған кезде бұлар ақтың құрсауында қалады. Ақтар бұларды айнала қысады. Ақырында Болат полк қамаған ақтардың бір жағын қиратып, бұзып-жарып өтеді. Глазо деген қаланың жанындағы қызыл әскерге қосылады. Сол майданда қысты өткізеді. Бұлармен жедел Оралдың солтүстік жағында ақтармен майдандасқан қызыл әскердің бір полкі «Қызыл бүркіт полкі» деген полкі болады. Қазақша сөз құлаққа жатық естілмегенмен, орысша әдемі естіледі. Бұл Путилевтің бірінші атты болат полкі, қызыл бүркіт полктары туралы (Полк красных орлов) лагерьде отырып, Колчак газеттерінен көп оқыдық.

1919 жылы сәуір айында Оралдың түстік жақ майданына Троцкий келеді. Троцкий келген соң қызыл әскердің рухы ерекше күшейеді. Оралды, Сібірді жаудан айыруға Троцкий ұран салады... «Жау қолындағы асау Сібір мен қарт Орал бізді күтуде...» — деген Троцкийдің күшті сөздері қызыл әскердің қайратын тасытады. Троцкийдің айтқан күнінде маусымның басында (үшінші маусымда), ішінде

Мұқаметқали бар, қызыл әскер Оралдың Темірқазығы – Екатеринбург алады. Ол кезде Мұқаметқали – пулемет взводуның бастығы. Ол арада жарасы жазылып, Телімбайұлы әскерге келеді. Сол бетімен қызыл әскер жылжып отырып, ақтарды домалатып айдай береді. Ақтармен белдескенде Мұқаметқали мен Жұмаділ алдыңғы қатардан қалмайды. Ешпінді, Ялуторовскіні алғаннан кейін, Мұқаметқали сүзек болып ауырған соң, Екатеринбург қаласына жіберіледі. Жұмаділ Омбыны алып, Колчакты қашырып, Барнауылға барған жерде ақтардың қолына түседі. Ақтар Жұмаділді кескілеп өлтіреді...

Міне, Омбыдағы қызыл отрядқа кірген қазақ жұмыскерлерінің істері осындай болған. Ал ақтардың қолына түскен Угар (Мұқатай) неше қашып шығып, талай жерде қайта қолға түсіп, ақырында қашып, жасырын тұрмысқа кірген.

Ұлы майданда, тарихи сында біздің еңбекші таптан шыққан шын ерлер, міне, осындай болған. Білектерімен істеген бұлардың қайраттарын, кейін жазармын деп, бұл араға жазбай отырмын. Бұлар революция туының астында қатерлі қиын кешулерден сөйтіп, тайсалмай-ақ өткен... Онсоң Көкшетау Совдепінің бастықтарының бірі Сабыр Шеріпұлы еді. Сабыр ақтардың қолына түспей, жасырын жүріспен кеткен. Сабыр туралы соңынан білінген мағлұматтарды кейін жазармын.

Омбыдағы оқушылардың «демократ совет» жасап, большевиктерге қосылғандарынан Досұлы жылысып Көкшетаудағы еліне кеткен. Жанайдар Садуақасұлы ғана Омбыда...

Біздің Омбыға келіп тоқырағанымызды естіп, Қызылжардан Жұмабай Нұркиннің әкесі келді. Ол көп азық әкелген екен, оны алдық.

Солдат лагерьдің қақпасының алдын және лагерьдің қорғанының бұрыш-бұрыштарын ғана күзетеді. Барлық барактардан лагерьдің қақпасына қарай жүретін жолды бір-ақ өткел қылып, тікенді сым темірден қылған шарбақ бар. Тыстан лагерьге кіріп, барактарға келген кісі сол тікен сым шарбақтың өткел аузымен ғана жүреді. Міне, сол өткелді екі солдат күзетіп тұрады. Барактардың астында бос жүреміз. Күніне екі мезгіл лагерьдің ортасындағы барактардың лагерь қақпасы жанындағы тікен сым шарбақ ішіндегі тағы да сыммен қоршаған кең жерге сейіл құрып жүріп келеміз. Лагерьді күзететіндер – чехословактар.

Лагерьдегі тұтқындар жіңішкеlep лагерьді билеуші коменданттан дәрі-дәрмек әкелуге рұқсат алып, конвой солдатпен лагерьден шығып, қала аралап, дүкендерге барып қайтады. Сөйтіп, таныс үйлерге де барып келетін болды. Біз де сол жөнмен келіп жатқан Жұмабайдың әкесіне барып, Мұқандікіне барып, Жанайдармен, Мұқанмен сөйлесіп келіп жүретін болдық.

Лагерьден қалаға шыққанда бізді ертіп жүретін конвой – чехословак солдаттары. Бұл «батырлар» бұрынғыдай емес, желіктері басылып, істеген ландары не екенін енді сезген тәрізді. Бұлармен ашық сөйлесетін болдық. Кейбіреулері «бәрін қылған солар...» деп офицерлерін боқтайды. Кейбіреулері офицерінің алдауымен Совдепке қарсы істеген ландарына өкінгендей тұнжырап, бастарын шайқайды. Кейбіреулері совет үкіметін айыптайды.

— Бізді елімізге жібермей, бөгет қылды, біз сонсоң ғана соғыс қылдық, – дейді.

Қысқасы, чехословак солдаттарының көбі бізге жақын тартатын болды. Сөйлескенде бізді «туысқан» («брат») деп сөйлейді. Лагерьден ертіп шыққан соң, қайда барам десен де апарады.

– Туысқан, енді өзің біл, сен олай-бұлай болып қашып кетсен, мені атады! – дейді.

Лагерьден шығып жүргенде қашамыз десек, қашып кететінбіз, бірақ шығып жүріп қашқан соң, лагерьдегі көп жолдастарға кесір болатын болған соң, ешқайсымыз конвоймен қалаға шығып жүргенде қашпадық. Бірақ әйтеуір лагерьден қашудың планын құрып жүрдік...

Жаз таянып, жылымық түсе бастады. Көшенің қары еріп жатыр. Жүрек пен көңіл бұрынғыдан басымырақ қимылдай бастады. Биылғы жаздан жүрек зор шаттық күтеді. Көкіректегі шынжырлы арыстан қимылдап, қаранып, күшін жинай бастады. Лагерьден бұрын да қашқан екен, қазір де бірен-саран адам ебін тауып қашып кетіп жатыр. Қиял жүйткіді. Тәтті қиял түрлі жобалар құрады. Ауырмай сау жүргендер сөйлесіп, сөзді бекіттік. Қашпақ болдық.

Рұқсат алып, конвоймен Жұмабай, Катченко үшеуіміз лагерьден қалаға барып келіп жүріп, екі билет таптық. Бірін Жанайдар Садуақасұлы, бірін Құрманғали Тұяқұлы тауып берді. Көп жолдас кетуге билет жетпейтін болған соң, мен конвоймен Мұқандікіне барып, Жанайдардан әлгі 1917

жылғы оқып жүрген кедей жастары ашқан «демократ советтерінің» (Педагогический Совет учащихся) штемпель мөрлерін алдым. Және желім, өткір бөкі, сия қарындаш, қағаз, қалам, сия тапқызып алдым.

Лагерьге келіп, пышпақпен резеңке мөрдін өріптерін сөгіп алдым, кесіп, кейбір өріптерін жөндеп, бөрін қайта жапсырып «оқытушылар советінің» мөрі қылып алдым. Мөр орысша мынадай болып шықты:

«Педагогический Совет учащихся». Осы мөрді оқушы шәкірттердің билеті қылып бірнеше билет жасап алыстық. Жанайдар тауып берген документ – куәлік қағаз Омбы оязы Сілеті болысының қағазы Дүйсенбі Әсиұлы дегендікі екен. Жасы 26-да. Басқа түс белгілері жоқ. Менің 24, 25-тегі кезім... Бұл қағаз менің жасыма туралау келді. Және бұрын қашпақ болған мен болған соң, бұл қағазды мен алғам. Ол документке үйлестіріп, мен мына мөрмен тағы бір қағаз жазып алдым. Менің билетімді бұл жерде көрсете кетейін. Мынадай еді. (Лагерьден қашқандағы билет қағаздың қазақша аудармасы:

ҚАЗАҚ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГ СОВЕТИ

Куәлік

Осы куәлікті көрсетуші Омбыдағы ересектер оқитын орта дәрежелі педагог мектебінің оқушысы шын Дүйсенбі Әсиұлы. Сілеті № 112 елінің қазағы, Омбы уезі. Жасы 26-да. Әсиұлы оқудан жазғы тынысқа босанды. Растығына куәлендіріп, қол қойып, мөр басамыз.

Педагог советі төрағасының орынбасары: *(қол қойған)*

Хатшы

(қол қойған)

1919 жыл, 25 март *(Мөр басылған)*

Жанайдар тауып берген дәстөбірне де менде. Мына өзім жасаған дәстөбірнені сол Дүйсенбі Әсиұлының атындағы қағаздың жөнімен жазып алдым. Жанайдар тауып берген дәстөбірнеге қол қойған «Алашорданың» уездік комитеті атынан, комитет төрағасы Садуақас Жантасұлы.

Орыс, қазақ жолдастармен сөйлесіп, сөз пісті.

«Қашып ұсталған тұтқын тергеусіз атылады» деп Қолчак жарлық шығарды. Бірақ оған қарамай-ақ аурудан сауларымыз қашпақ болдық.

Жұмабай шығып өкесімен кетпек. Өзгеміз басқа жөнмен кетпекпіз. Жылымық түсіп, қар ери бастаған соң, барактардың аралығындағы, алдарындағы жиналған қарларды, төгілген шайынды сулар мен еріп қатқан мұздарды ойып, атқа жеккен шаналарға салып, тасып шығара бастады. Қар тасушылар – жиһангерлер соғысында тұтқын болған австриялықтар. Бұлармен сөйлесіп, тасып шығаратын қардың астына жатып шықпақ болдық...

Ол күні ерте тұрдық. Жүрек қаттырақ соғады. Көңіл алабұртады. Танертенгі қатқан салқын уақыт. Аспан бұлттау еді. Күн сұрғылт. Жұынып-киініп алдық. Шүмекті қазаннан қайнаған су әкеп шай іштік. Ол арада тұтқындардың бәрі де тұрды. Күндегідей бәрі де құмырсқаша қыбырлай бастады. Біз тықыршып, тысқа дамылсыз шығамыз. Біраздан соң қар тасушылар да келді. Барып сөйлестік... Әуелі Жұмабайды жөнелтпекпіз. Тәуекел қайығына тағы да мінер сағат таянды... План әбден жасалып біткен. Сөз әбден сөйленіп байланған. Енді тек бір-бірімізге үндемей қараймыз... Бел буылған. Екі барактың арасында қарларды ойып, даярлап, шананы қамап, оннан аса тұтқын қолдарына күрек алып тұр. Сырттан күзетші солдат сезбесін деп, бәрі де шанаға қар салған болып жай қоршап тұрған жұрт.

«Кәне, жүр, даяр болып қарап тұрмыз», – деп жолдастар Жұмабайды шақырды.

Жұмабай жылдам басып жөнелді. Келіп, тез шанаға жатты. Күрек ұстап, мұзды, кірлі қарларды даярлап тұрған тұтқындар тез жан-жағынан бастырып, тоң қарды салып жіберді. Жұмабай қарға көмілді. Қардың үстіне тақтай қойып, тақтайдың үстіне австриялық отырып, «шүү!» деді. Пар жегілген екі ат дырылдатып шананы алып жөнелді... Шана тікен сым шарбақтан аман өтті. Сым шарбақ аузындағы чех солдаттары қарап тұрып қалды. Одан өткен соң, шанаға қақпа аузындағы солдаттар қақпаны ашты. Шана аман лагерьден шықты.

Қозғалып көңілді азырақ тоқтатып, жолдастармен сөйлесіп, аурудан сау Абдолла екеуіміз ертең қашпақ болдық.

Ауырып жатқан Баймағамбет пен Бөкеннің қасына келдім. Оларға сүт әкеп беріп, Хафиздің, Афанасьевтің қасына келдім. Афанасьев өліп қалған екен. Және Смокотин өліп қалған екен. Хафизге сүт әкеп бердім. Тағы да басқа науқас жолдастарды жағалап көрдім...

Көңіл алабұртып, оймен дүние кезіп, түнімен ұйықтай алмай шық-тым... Ертең қашпақ болып қойған Абдолла түнде ауырып қалды.

Түнімен жүрек алып-ұшып, ұшқыр көңіл ұйықтатпады. Түнімен ұшқыр қиялмен істемеген іс қалмады...

Мен елге де бардым. Жас күнімнен үйренген жерлерді, тауларды кездім. Қалын ну, шыңырау шатты, биік құзды, қиын шыңдардың бастарына шықтым. Тауларды, салаларды, ойды-қырды басқан аппақ қарлармен алысып, омбылап малтыдым. Жыныс ормандарды, бұралған көк өрім талдарды араладым. Жазғы кестелі кілем төсегендей көк жібек шөпті кең далаларды кездім. Елге барып, сағынып-сарғайған анамды көрдім. Ес білгелі құшақтап, сүйіп, еркелеп көрмеген анамды қатты құшақтап, алдында балаша еркелеп жаттым. Тағы да түрлі қиял басты билеп, ұйқы бермеді. Қашқын болып, бөтен есіммен бөтен елдерді қыдырып жүрдім. Партизандарды тауып алып, солармен бірге ақтармен андысып та жүрдім. Қашқын болып, өз алдыма жігіт жинап, елсізге шығып, тауға бекініп, дұшпандардан кек алып та жүрдім. Мен Түркістан бардым... Россия бардым. Совет үкіметі бар жерлерге бардым... Менің бармаған жерім жоқ... Мен іздедім, құдым бостандықты!

Ерте тұрып, қар тасушыларды тосып, тысқа бір шығып, бір кіріп жүрдім. Олар келе қоймады. Ауруларға жаңа сүт пісіріп бердім.

Отырдым. Күн жылы. Жаздың иісі шығып, көкірекке кіреді. Шырайлы қызыл күн қамауға алтын нұрын шашады. Барактың күнгей жақтарының қары жіпсіп ери бастады. Келе жатқан жазды сезіп, жүзі жылынған күнді көріп, жан-жануар шаттанған күйге түскен тәрізді.

Қар тасушылар келді. Жүрек соқты... Көкіректегі шынжырлы арыстан жұлқынды... Барып сөйлесіп, қазір жөнелмек болдым. Баракқа кірдім. Ауру жолдастарды көрдім... Ішімнен бөріне қош айтып тұрдым.

Кешігіп қалған екенмін, бір жолдас келіп асықтырды. Аурудан сау жолдастармен қоштастым. Тысқа шықтым.

Шананы қоршап, күрек ұстаған жолдастар мені күтіп тұр екен. Дереу мен де шанаға жаттым... Жылдам қармен көмді. Етпетімнен жатырмын. Үстіме ауыр кесектерді бастырып салды.

Тұс-тұсымнан қамап тұрған жолдастар жалма-жан қалың мұзды, кірлі қармен мені бастырды. Мұзды, кірлі

кесек иленіп жатқан қоқым қардың үстіне тақтай салып, кісі басып отырды... «Шүү» деді. Дүрілдеп шана жөнелді. Мойнымды, шынтақтарымды, белімді қатты езіп барады. Ауыр салмақ сыртымнан нығарлап жаншып барады... Кеудемді қысып, тұншықтырды. Бірақ мен көтердім, шыдадым. Барлық күшімді жинап, жауырыныммен көтеріп, екі қолымды тіреп және мойныммен көтеріп, мандайымды тіреп жаттым... Лагерьдің үлкен қақпасы сықырлап ашылып, шана дүрілдеп лагерьден шықты...

Қапастан құтылып, жалпы бостандық, теңдікті көру үшін және өшкен үнді қайта тірілту үшін, белімді, мойнымды өзген ауырлықтарға шыдадым...

ХІ

ҚАШЫП ШЫҚҚАН СОҢ

(Кереку жолы)

Лагерьден шанамен дырылдатып сүйреп алып шығып келеді.

Қалың қарға көміліп шанада жатырмын. Қардың үстінен қар тасыған австриялық тұтқын солдат басып отыр. Мойнымды, кеудемді, белімді ауыр салмақ шанаға жаныштай түседі. Күшімді жиып, ақырын денемді қимылдатып қоямын. Деміммен еріген қар суы тамшылап, мойныма, бетіме ағып жатыр.

Өлден уақытта шана тоқтады. Австриялық тұтқын солдат шанадан түсіп, шананы аударып, қарды төкті.

Маған сыбырлап: «Жата бер, жата бер, қармен бірге!..»— деді.

Мен әдейі лықсып, қармен бірге домалап жерге түстім. Үсті-басыма еріген қар жабысып қалған екен, австриялық солдат үстіме жабысқан қарларды, қиқымдарды тазалап, қолымен қағып, қардың үстінде, менің қасымда отырды.

Мені қармен әкеп төккен жері — Омбының қазақ жақтары отыратын күншығыс жақ шеті. Қайың тоғайдың қасы. Қаланың қар, боқтық, қиқым төгетін жері. Маңайдан «ей» дерлік жерден өтіп жатқан бірен-саран шаналы, жаяу адамдар бізді елейтін емес.

Австриялық тұтқын солдат: «Көне, енді қайда барасың?.. Қалаға барсаң, шанаға мін! — деді.

Шанаға міндім. Енді австриялық солдат қайтадан қалаға алып жөнелді. Қалаға кірдік. Баратын үйім Мұқандікі, таяу, қаланың біз сол түскен жақ шетіндегі лагерьдің қасында. Мұқан үйіне тура келмей, бір көшеде шанадан түстім. Тұтқын солдатпен қош айтыстым.

— Қош, жолың болсын! — деп солдат қолымды ұстап қош айтып, жөнімен жүріп кетті.

Мен бұрылып, көшемен жаяу жүріп кеттім.

Сөске кезі. Сәуір айының басы. Күн жылы. Көше мен қаланың қарлары еріп, ептеп жылжып су ағады. Көше мен қораның іші аздап қожалақтанып, былғаныш бола бастаған. Аяғымда шолақ тұмсық, кең, ескілеу солдат етік. Үстімде семинария порымды орысша шолақ бешпенттің сыртынан киген қазақша ескілеу бешпент — ішік. Жендері қырқылып жыртылған. Сырты — тас көмірдің күйесі сіңген ескі қоңыр тібен шүберек. Басымда көнелеу құлақшын. Мойнымда шарф, белімде ескі қоңыр шүберек белбеу. Бар киімім осы. Бұл сырт киімді лагерьден конвоймен қалаға шығып жүргенде кимейтінмін. Онда ылғи бір ноғай қызыл әскерлік жігіттің шинелі мен солдат бөркін киіп шығатынмын.

Мұқандікіне келдім. Жеңгей есік ашып, қарсы шықты. Амандасып кірдім.

— Жоғары шық, шырағым! — деді.

— Біржолата келдім, — дедім.

Жеңгей қашып шығып келгенімді біле қалды да:

— Жарайды, қайырлы болсын, шырағым! Ендеше, төргі үйге, ана қарындастарыңның бөлмесіне отыра ғой, — деді.

Қарындастардың бөлмесіне кірдім. Жеңгей бірге кірді. Үйде Мұқан да, Жанайдар да жоқ екен. Үйде қарындасым мен жеңгей ғана бар екен. Амандасып отырдық. Мен сақтық қылғым келді.

Жеңгейге:

— Мен әзір мұнда отырмаймын, сарайларыңыз болса, сонда барып отыра тұрайын! — дедім.

Жеңгей:

— Қой, отыра бер, кім келеді дейсің?.. Біреу келсе, балалардың бөлмесіне кірмейді. Есік жабулы тұрады. Отыра бер! — деді.

Мен оған болмадым. Өр түрлі ой кірді! Мені Қолчак Мұқанның үйінен ұстап алса, үй иелеріне жақсы болмайды.

Ал қораның есігі ашық сарайынан ұстап алса, үй иелері «біз білгеніміз жоқ» деп жалтаруға болады. Осы оймен, сақтығым ұстап, жеңгейге болмастан үйден шығып, пішен үйген сарайға барып отырдым. Пішеннің үстіне шығып, шұңқырлап алдым, қисайып жаттым. Күн жылы. Сәуір, ептеп қарды жіпсітіп жатыр. Сарайдың төбесінен ақырындап пішенге тамшы тамады. Сәуірдің дымқыл иісі ауаны билеп алған. Жадыраған дененің күші артқандай. Жан-жануар жазды сезіп, жадырап көңілденгендей. Қорадағы еріген қардың шалшығын шылп-шылп еткізіп, шүтірлесіп, жамырасып, шүңкілдесіп ақ қаздар жүр. Былдырлап, күліп, жүгірісіп жасырынбақ ойнаған балаларша, бірін-бірін қуалап ойнап торғайлар жүр. Шалшықты шылпылдатып сарай алдында сиыр жүр. Басталған жазға бәрі де шат, бәрі де қуанышты тәрізді. Жан-жануарлардың бәрі де қыстай бүрісіп отырып, шуаққа жаңа шыққан тәрізді.

Көзім ілініп кеткен екен, сарайға Жанайдар келіп оятты. Амандасып, күлістік. Жанайдар болмастан үйге ертіп барды. Жеңгей сары майға құймақ құйып пісіріп, самаурынды қайнатып шайды жасап, даярлап отыр екен.

— Қарағым, енді шешініп, шай ішіп отыра бер! Үйге танитын кісі келе қоймас. Танитын кісі келсе, қарындастарыңның бөлмесіне кіріп отырарсың! — деді.

Енді шешініп, жуынып, шайға отырдым. Тоғыз айдан бәрі ішпеген шайды ішіп, жемеген құймақты жеп, кенеліп, өңгімелесіп, тіршіліктің толқынына мез болып отырдым.

Еркектен батыр, еркектен ақылды әйел болатын шығар. Бірақ Бәтима жеңгейдей батыр, ақылды, орнықты әйелді көргенім жоқ. Жайшылықта әркім-ақ батыр, әркім-ақ ақылды ғой. Батырлық пен ақылдылығын таршылықта көрсеткен адамға кісі бас имес пе! Мұндай ілуде біреу ғой. Сол, алдында бас иерлік, «ілуде біреу» дерлік адам — Бәтима жеңгей.

Қылышынан қан тамып тұрған Колчактан қашып келген адамды үйіне енгізіп, төріне шығарып, аспай-саспай сыйлап отыру кімнің қолынан келер! Ердiң ерi қауiп қылатын iске сыру бiлдiрмеген әйелдi қайтiп мақтамассың?.. Өңгімелесіп, Жанайдар, Бәтима жеңгей, қарындастарым, — бәріміз отырдық. Ішкі шолақ орысша бешпентімнің түймелері — семинарияның сары түймесі. Оны қарындасыма кескізіп тастап, қара түйме таққызып алдым.

Түс кезінде үйге бір ел қазақтары келді. Мені танымайды. Жай сөйлесіп отырдық. Мұқанның оқудағы ұл баласы келді. Және оқып сол үйде жататын бір-екі қазақ баласы келді. Бірі — өзіміздің осы күнгі Қаскей Өтекин. Мұқан келді. Бәріміз бірге отырып ет жедік... Қазақтар жөн сұрамай қоя ма?.. Менің жөнімді сұрады. Мен, әрине, лайықты қылып «жөнімді» айттым. Бір даулы жұмыспен келген қазақтар екен. Істері «Алашордада» екен. «Алашорда» теріс билік қылды десіп отырды.

Кешке Жанайдардың бөлмесінде отырып, енді жүріс-тұрыс план туралы әңгімелестік. Түркістан кетпекпін. Түркістанда Совет үкіметі. Жүріс план екі түрлі.

Бірі — Омбыдан отарбамен Қызылжар бару, Қызылжардан Торговая (сауда) көшесінде 64-ші үйден Әбдірахман Байділдаұлын сұрап, Байділдаұлы сонда болса, жолығып, сөйлесіп, онда болмаса, Тайынша деген көлдің қасындағы соның еліне бару. Одан күш-көмек алып, Көкшетау уезіндегі фельдшер Ниязұлына бару. Одан Досұлына жолығып, Атбасарлатып Ақмола уезін басып, Бетпақдаламен Түркістан өту.

Екінші план — Омбыдан отарбамен, Алтай губерниясындағы Славгород («Шот») қаласына бару. Славгородта бір-екі большевик үйлеріне бару. Одан Павлодар (Кереку) қаласына бару. Одан Баянауыл қаласына келу. Баян тауының ішінде Сүйіндік деген елден әкемнің нағашысын тауып алу. Баян қаласындағы фельдшер Шайбай Айманұлына жолығу. Ол жерде біраз болып, тынығып, Ақмола уезіне өтіп, Бетпақдаламен Түркістан өту. Жанайдар Әбдірахман Байділдаұлына, Әбілқайыр Досұлына, Дінмұқамет Өділұлына хат жазбақ болды. Ол күні сонда болып, ертеңінде Мұқаннан жолға біраз ақша алып, жүрдім.

Мұқанның ат-шанасын жегіп, вокзалға мені Жанайдар алып жөнелді. Вокзалға келдік. Тым таянбай, бір көп вагондардың қасында мен аттын жанында қалдым, Қызылжарға жүретін поездың қашан жүретінін білуге Жанайдар вокзалға жүгіріп кетті. Біраздан соң «Сағат онда жүреді екен», — деп келді. Онға әлі екі сағат бар. Мені көпшілік бар жерге тұрғызбай, билетті Жанайдар сатып алмақ. Сөйтп, мені вагонға мінгізіп қайтпақ. Вокзалға жиналған көпшіліктен қауіп қылатынымыз — танитын адам кез болып қалуы мүмкін дейміз. Өйткені мен 1913 жылдан 1916 жыл-

ға шейін Омбы семинариясында оқығандықтан, Омбының оқыған қазақтарының көбі мені таниды. Әсіресе «Алашордадағы» қазақтар кез болып қалса, жұмыс сөзсіз бітеді. Міне, сол себепті мені аттың қасына қойып, билетті Жанайдар алып, мені поезға тыстан мінгізіп жібермек. Жанайдар көп күтіп қалатын болған соң және менімен сөйлесіп жүргенін біреу бақылап тұрып, шатақ қылар деп, Жанайдарды болмай қайтардым. Жанайдармен қош айтысып, аяндап вокзалға кірдім.

Вокзалда халық көп, иін тіреседі. Неше күннен бері билет ала алмай қамалып жатқандар. Көбі қоржын-қапшық арқалаған еркек-әйелді мұжықтар. Үсті-басы кір, сақалы өскен көрі солдаттар. Және топырлаған, кім екені белгісіз адамдар. Бұлардың бәрі вокзалдың жабайы, қара адамдар отыратын үйінде (3-інші класында) екен, мен де бұлардың қасына келіп кірдім.

Вокзал үйі кең. Едені тас. Үлкен кірпіш үй. Саспай тұрып, топырлаған халықты көзбен аралап көріп алдым. Бетімді, қияпатымды, жүріс-тұрысымды бұзып алдым. Ерсілік-қарсылы кіріп-шығып, Колчактың вокзалды бақылайтын әскерлері жүр. Офицерлердің иықтары, жандарындағы қылыштары жарқ-жүрқ етеді. Жүрістері сырт-сырт. Вокзал үйінің іші құжынаған құмырсқаның илеуіндей. Ың-жың, тарсылдап біреу кіріп, біреу шығады. Ың-жың, біреуде біреудің жұмысы жоқ. Бұрышқа таяу тұрған үстел мен бұрыштың арасында қатын-қалаштармен еденде отырған бір көрі солдат пен және бір мұжықтардың қасына келдім. Қызылжарға жүретін поезды сұрадым. Билет сатылатын тесік әлі ашылған жоқ екен. Отырдым. Бұрыштағы екі-үш мұжыққа көрі солдат әңгіме айтып отыр, Германия майданында болып, Ресейден жаңа қайтып келе жатқан солдат екен. Большевиктерді әңгіме қылады. Әңгіме айтуға ысылған солдат төрізді.

Екі еркек мұжық, бір қатынмен үшеуі тындап отыр. Мен отырған жерімнен сырғып, таянып отырдым. Солдат өзінен басқа кісі білмеген әңгіме айтып отырғандай қылып сөйлейді...

— Большевиктер ме?.. Ол иттер күшті. Барлық фабрик, барлық завод оларда. Неше түрлі мылтық, зеңбірек, пулемет, оқ-дәрі оларда толып жатыр. Кездеме, шай, қант оларда. Неше түрлі сайман-машиналар оларда. Айырплан, танк,

оқ өтпейтін автомобиль оларда. Қызыл әскер де көп. Ресейдің барлығы қызыл әскерге кірді. Қазір қаптап келіп Оралға шейін алып қойды. Бірақ бері, Сібірге қарай жүрмей отыр...— дейді.

— Е, неге жүрмей отыр? — деді бір мұжық.

Солдат:

— Әдейі жүрмей отыр!.. Олар қу шайтандар, Сібір халқы Совдепке, большевиктерге қарсы болды... Большевик үкіметін құлатты. Міне, енді мына тілеп алған үкіметтерінің қандай екенін әбден көрсін деп отыр. Өздері қозғалсын деп отыр!.. — деді.

Қастарына сүйретіліп келіп, қисайып тындап отырған менен именіп, қатын солдатты түртіп, «байқа» дегендей ым қақты.

Солдат менің бетіме қарап, қолын изеп қойды да:

— Әй, ол өзіміздің ағайын көрінеді. Отыра берсін, солай емес пе, ө? — деді.

Мен «білмеймін» деп басымды шайқадым.

Колчактың бақылаушы офицерлері өтіп келе жатыр еді. Солдат сөзін қоя қойды. Офицерлер өтіп кеткен соң, бір мұжық сақалды солдатқа:

— Сен олардың әскеріне Ресейдегі халықтың бәрі де кірді дейсің бе? — деді.

Солдат:

— Иә, жұмыскер, крестьян халқының, соғысқа жарайтындарының бәрі-ақ кірді. Қайтсін? Өздері үшін кіреді. Помещиктен алған жерлерін оңайлықпен крестьяндар қайтып берер ме? Байлардан алған фабрика, заводтарын жұмыскерлер қайтып берер ме?.. Міне, сол себепті бәрі де әскерге өздері тіленіп кіріп жатыр!.. — деді.

Мен топастау тілмен:

— Большевик мұнда келмей ме? — дедім.

— Келеді! Олар бұл уақытқа шейін әдейі келмей жатыр. Сібір халқы мына үкіметінің қандай екенін әбден білсін деп жатыр. Енді осы қар кете қаптап келеді! — деді.

Мен басымды шайқап:

— Әй-ай, жаман... жаман... — дедім.

— Е, неге жаман? — деді.

— Е, жаман болмай қайтеді? Большевик жаман. Талайды, барлық халықты қырады, — дедім.

— Не дейсін сен, туған? Олар сен тәрізді, мен тәрізді кедей адамдарға тимейді. Олардың өздері де ылғи сенімен мен тө-

різді кедей, жарлы адамдар... Олар тисе, байларға, төрелерге ғана тиеді. Оларды «жаман» деп, «талайды», «қырады...» деген сөздердің бәрі — әдейі сендерді нандырып қоюға таралған өтірік сөздері. Сен ондай сөзге нанба, — деді.

Ішiмнен сүйсiнiп отырғанымды бiлдiрмей, басымды шай-қап:

— Әй, бiлмеймiн, олар келсе, жаман болады, — дедiм.

Ол арада жұрт топырлап билет сататын тесiктiң алдына кезекке тұра бастады...

Мен де барып тiзбекке тұрдым. Халық иiн тiреседi. Билет алуға тiзiлген тiзбек тiптi ұзын. Сығылысып тiзiлiп тұрмыз. Көп уақыт өттi. Ақырында «поезд жоқ» деп, жұрт тiзбектен тарады.

Бұрышта үймелеген қалың мұжықтың арасына тағы да келiп отырдым.

Бiр қоян бөрiктi, жаман киiмдi, он бес, он алтылардағы сары бала менiң қасыма келдi. Маған ноғайша сөз қатты. Ноғай баласы екен, екеуiмiз де лезде шүйiркелесiп, бала менiң қасыма отырды. Вокзал iшiнде көпке көрiнiп жүре бермей, сол бұрышта жаттым. Ноғай бала бiреудiң шайнегiмен қайнаған су әкелдi. Нан, сүт сатып әкелдi. Шай iштiк. Вокзал iшi құмырсқаның илеуiндей қыбырлайды. Жұрт қақтығып, иiн тiреседi. Вокзалға тарсылдатаып бiреу кiрiп, бiреу шығады. Даң-дұң дыбыс. Бiреуде бiреудiң iсi жоқ... Поезд жоқ. Жұрт тықырлап зарықты...

Кеш болды. Тысқа шығып келiп, бұрышқа тағы да жаттым. Манағы сөйлесiп отырған мұжықтар мен көрi солдат кетiп қалыпты. Ноғай бала қасымда. Вокзалды баққан әскерлер бiр кiрiп, бiр шығып, сарт-сұрт етiп жүр. Бiр мезгiлде әскерлер көбейiп, есiктен кiрiп-кiрiп тұра қалып, жұртқа:

— Вокзалдан шықпайсыздар. Билет тексерiледi! — дедi...

Бiр-екi әскери киiнген жiгiт етiктерiнiң темiрлерi сылдырлап, тас еденге аяқтарын сырт-сырт басып ортаға келдi.

— Бөрiңiз де қозғалмай, билеттерiңiздi шығарып, даярлап отырыңыздар, қазiр жағалай көреміз! — дедi.

Жұрттың бәрі орындарында күнжыңдап шығарып жатыр.

Мен де жай, сылбыр қимылдап «қағазымды» алып, ұстап отырдым. Билет тексерушiлер үйдегi көп кiсiнiң бiр шетiнен жағалап, қағаздарын көре бастады.

Тас еденді сырт-сырт басып, етіктерінің темірлері сылдырлап, екі жігіт көп бөгелмей, жағалап келеді. Біздің алдымызға келіп, біздің қағаздарымызды есік пен төрдей тұрып көріп, өте шықты. Сөйтіп, сыдыра қарап, шығып кетті.

Жұрт қағаздарын алған қуыстарына қайта салып, тағы да бет-бетімен қимылдады. Біреулер шығады, біреулер кіреді. Біреулер қақтығып топырлап жүреді. Біреулер жатыр, біреулер отыр, поезд жоқ.

Түнімен билет алуға неше рет тізбектеліп тұрып, неше тарқадық. Поезд келмеді.

Қызылжар жақтан поездар Күншығыс — Сібірге қарай өтіп жатыр. Қызылжарға қарай поезд жоқ. Не себептен екенін ешкім білмейді.

Вокзалда түнді өткіздік. Таң атты. Вокзал үйінде қалай болса, солай жатқан қара халық оянып, тағы да қыбырлай бастады. Тағы да біреу кіріп, біреу шығып, жұрт иін тіресіп, қақтығып, вокзал ішін даң-дұң қылып, топырлады. Мен де тысқа шығып кірдім. Ноғай баласы біреудің шайнегімен қайнаған су мен сүт, нан әкелді. Ішіп, жеп отырдық. Поезд жоқ. Жаттық. Тұрдық. Енді сарығып жалықтық. Түс болды. Тысқа шықтым. Вокзалдың есіктерінің алдында қыбырлаған көп халық қақтығып сендей соқтығады. Танымал біреу кездесіп қалар ма дегендей байқап, иін тірескен жұрттың ара-арасымен вокзалға есік алдына келдім. Тозған кір-кір солдат киімді, бір ілмиген жүдеу сары орыс жігіттің көзі көзіме түсе кетті. Қарсы келеді екен. Бетімді аударғанша:

— А-а, амансың ба? Сен де мұнда екенсің ғой? — деп қолын созды. «Шүкір» деп өтіп кеттім.

Вокзалға кірдім, қалың кісінің арасына қақтығып, біраз жүрдім. Өлгі ілмиген сары жігіт тағы да ұшыраса кетті. Бетіме қарап, балаша ыржиып күлді.

— Сен лагерьден қашан шықтың? — деді.

Лагерьден шыққан жігіт екенін біле қойдым. Саспай, салқын жүзбен бетіне қарадым.

— Жақында шығып едім... Жүр, тысқа шығайық — деп, есікке қарай жүрдім. О да жүрді. Енді сөйлеспей, тез тысқа шықтым. О да шықты. Оңаша барып тұрдым. Қасыма келді.

Жай салмақпен тұрып:

— Сен лагерьде болып па едің? — дедім.

— Иә, танымайсың ба? Сені мен көргеннен тани кеттім. Сен жетінші баракта болдың ғой. Мен сегізінші баракта болғамын, — деді.

— Сені қашан шығарды? — дедім.
— Мені шығарғалы төрт-бес күн болды. — деді.
— Енді қайда бармақсың? — дедім.
— Енді өз жағыма, Пермь губернесіне барамын... Поезды күтіп жатырмын, — деді.

Жай тұрып, түсімді бұзбай, сыбырланқырап:

— Сен бірақ байқап жүр. Бұлардың бір шығарған кісісін қайта ұстап апарып қамап қоятын да мінездері болатын. Осы вокзалда олардың сырттан бақылап жүрген кісілері көп. Сен лагерьден шығып едім деп мұнда ешкімге сөйлеме!.. Және маған да жолама! — дедім.

Түсі өзгеріп, қорқып кетті.

— Жарайды, жарайды... Сөйлемеймін!.. — деді.

— Енді жай жүре бер! — дедім.

Бұдан кейін таныс жігіт таянбады. Ол күні тағы да неше рет билет алуға тізбекке тұрып тарқадық.

Бірде тізбекке тұрғанымда қасымнан бір-екі қазақ жігіті өтті. Екеуі де оқып жүрген жігіт. Лагерьден конвоймен шығып жүргенде біреуін Жұмабайдың әкесі жатқан қазақ үйінде көргенмін. Біреуі — беті қып-қызыл шарық табақтай ұзын жігіт. Біреуі — аласа сұр жігіт. Екеуі қасымнан екі-үш рет өтті. Бірақ түрім, қияпатым, киімім өзге болған соң, мені көрсе де танымады. Біраздан соң тағы да қалаша киінген семіз қазақ пен бір орысшалау қазақ жігіт келді. Мен әдейі бүрісіп тұрдым. Танымал адамдар емес. Екеуі де менің қасыма келді.

Жігіт:

— Сен қайда баратын жігітсің? — деді.

— Қызылжарға баратын жігітпін, — дедім.

— Сен, ендеше, бізді тізбекке тұрғызбай-ақ, бізге де Қызылжарға екі билет алшы, — деді.

— Жарайды. Бірақ билет сатылған кезде сіздер қайда боласыздар? — дедім.

— Біз ана первый класс үйінде боламыз. Билет сатылғанда ақшасын береміз! — деді.

— Жарайды, — дедім. Саудагерше киінген семіз қазақ менің бетіме қарап тұрды.

— Сен өзін қай жердің жігітісің? — деді.

— Осы Омбы жігітімін, — дедім.

— Қаланыкімісің, елдікімісің? — деді.

— Қаланыкімін, — дедім.

Қазақ біреудің жөнін сұрауға қандай құмар.

— Қаланікімін деймісің? Кім баласысың сен? — деді.

— Балуан Қажымұқанның жақын інісі боламын! — дедім. Семіз қазақ Қажымұқанды біледі. Мені білмеді. Ойланыңқырап тұрып:

— Мұнда көрмеп едім... — деді, — Қызылжарға жай барасың ба? — деді.

— Жай, бір шаруамен барамын! — дедім.

— Онда кімге барасың? — деді.

— Садық молда деген кісінікіне барамын!.. — дедім. Семіз қазақ енді «Садық молданы» біраз түбірлеп сұрап қойды.

Қасындағы орыспалау киінген жігіт маған тағы да ақыл айтпақ болды.

— Біз анау первый класс үйінде отырмыз. Сен енді осы тізбекке тұрып, бізге де екі билет аларсың. Орныңнан айрылып қалма... Өзің бір жуас жігіт көрінесің! — деді.

— Айрылмаспын! — дедім.

Екеуі первый класс үйіне кетті.

Ол күні де Қызылжарға поезд келмеді. Енді шыдай алмай, өбден зарықтым. Вокзалда уақыт өткен сайын қауіп көбейетін болды. Кеш болды. Енді Қызылжарға қарай жүруді лажсыз тастап, Алтай губерниясына, Славгородқа қарай жүруді ойладым. Қызылжар жақтан Сібірге қарай өтіп жатқан поездың біреуі іңірде жетіп келді. Поезд ырсылдап тұр. Жұрт жабырлап, дабырлап түсіп жатыр. Бірталай кісі вокзалға келді. Кейбіреулер қолдарындағы билеттерін әркімге саудалай бастады. Бір жабайы киінген қазақ жігіт маған жетіп келді.

— Билет аласың ба? — деді.

— Не билет? — дедім.

— Омбыға жұмыссыз кісіге билет сатпайтын болған екен. Билетті Омбыдан асырып, Татарка қаласына шейін алып едім. Қазір енді өзім Омбыда қалатын болған соң, билетімді сатайын деп едім! — деді.

Сол арада тез ойландым...

Омбыдан Славгородқа баратын кісі Татарка қаласына барып түсіп, Татаркадан Құлынды темір жолының отарбасына мініп кетеді.

Сол арада Күншығыс — Сібірге қарай, Славгородқа жүруге бел байладым да, қазақтың билетін сатып алып, тысқа шықтым. Поезд жүк пен адам таситын (товаро-

пассажирск. поезд) екен. Нөмірлі орынға қағаз алмаған, тек билеті бар жұрт бетімен сыйғанынша мінеді. Бір қараңғы қызыл вагонға жұрт асығып, таласып, шуылдасып мініп жатыр екен.

Мен де міндім. Міне алмай, қақтығып жылап жатқан кемпірді мінгіздім. Қараңғыда сипалап келіп, бір көлденең тақтайға жаттым. Қасыма басқа біреулер де келіп жатты. Біраздан соң қоңыраулар қағылды. Лықсып, қозғалып, салдырлап, поезд жылжып жөнелді.

«Уһ!» деп демді бір-ақ алдым. Тыныс кеңгендей болды. Түнеріп және сөулеленіп, оттары жарқылдап, бірте-бірте жылжып Омбы қала берді... Ырсылдап, салдырлап поезд келеді. Вагонға мінгендердің біразы майданнан қайтып келе жатқан Колчактың солдаттары екен. Қараңғы вагонда сығылысып жатты. Большевиктермен соғысу әңгіме болды. Әңгімені жұрт қыздырды. Біріміздің түрімізді біріміз қараңғы вагонда көрмейміз. Тек әр жерден әр түрлі дауыс шығады. Бір дауыс күжілдеп шығады. Бір дауыс жінішке, бір дауыс қызу, бір дауыс салмақты. Қараңғы вагонның ішінде түрлі дауыс әңгімені көкпар қылды. Сөзге мен де қатынастым. Кейбір дауыс большевиктерді қаралап сөйледі. Кейбір дауыстар ептеп қорғайды. Сөйтіп, едәуір жамырап сөйлеп жатып, жұрт әңгімені біртіндеп қойып, ұйқыға кетті...

Ертең түс кезінде поезд Татарка қаласына келді. Поезд тоқтасымен, мен түстім. Әр вагоннан алты-жеті кісі түсті. Бір вагоннан бір-екі ноғай жігіті түсті. Қолдарындағы жүктері шамалы. Екеуі жаяу аяндап, қалаға қарай жүрді. Сондарынан жүріп, қастарына келдім. Екеуінің де киімдері, түрлері қала мұғалімдерінің түрлеріндей. Амандастым. Екеуі де үйіріліп менімен амандасып, жөн сұрады.

— Омбы қазағымын, Славгородқа барамын, — дедім.

— Е, ендеше, бізге жолдас екенсіз ғой! Біз де Славгородқа таяу бір станцада түсеміз. Отарбаға бірге мінейік. Біздің қасымызда бол, — деді.

— Жарайды, жақсы болды, сіздерге жақсы жолдас болайын, — деп екі ноғай жігітінің қасына ердім. Біреуі:

— Атың кім? — деді.

— Дүйсенбі, — дедім.

— Әйдө, бір асханадан шай ішейік! — деді.

Қаланың шетіндегі бір жаман лас асханаға кіріп, шай іштік.

Одан қаланың шеткі дүкендерін араладық. Екі ноғай жігіттің бірінің аты Қабиболла, бірінікі Қамза.

Екеуі де Шадрин қаласынікі екен.

— Бұл жаққа саудамен келіп едік, — дейді.

Екеуі де мұғалім екен.

Дүкендерге кіріп, әр нәрсенің нарқын біліп жүр. Бір қол жәшіктері бар. Оны кезек алып жүреміз. Бір кездеме дүкеніне кірдік. Ана екеуі әр нәрсенің нарқын біліп тұрды. Мен де көлденең сәкі тақтайға мінбелеп тұрдым. Сәкінің үстінде сол күнгі шыққан орыс газетінің нөмірі жатыр екен. Газетті аудардым. Газеттің бірінші бетінде ірі өріптермен басылған телеграмма хабарына көзім түсе қалды.

«...Венгрияда Совет өкіметі орнады. Совнарком құрылды.

Венгрияның жалшы табы — пролетариаты «Ленин біздің және бар дүние пролетариатының жолбасшысы» деп Мәскеуге телеграмма берді» деген сөзді ішімнен оқыдым. Қайта-қайта оқыдым. Қуаныш қойынға сыймады. Бірақ ноғай жолдастарыма ештеңе сездіргенім жоқ...

Қайта аяңдап вокзалға келдік. Славгородке поезд кешке жүреді екен. Вокзалда күтіп жүрдік. Вокзалда, вокзал айналасында толып жүрген әскер. Атты, жаяу әскер ерсілік қарсылы сарт-сұрт етеді. Дені чехословактар. Киімдері жып-жылтыр, өдемі, ылғи шұға, ине-жіптен жана ғана шыққандай. Беттері де май жаққандай жылтырайды. Темір жолдың кейбір тарауларында зеңбірек орнатқан темір сауытты отарбалар тұр. Жай жүріп білсек, жасырынып жүрген біраз большевик отряды бір-екі күн бұрын осы Татарка қаласына келіп, біраз атыс қылып, бөріктіріп кеткен екен. Тіпті қаланы ала жаздап кеткен екен. Қалада қазір «әскер тәртібі» (Военное положение) жүрулі екен. Сол себепті Татаркадан басқа жаққа жүретін кісілердің кім екендіктерін біліп, билет сатып алғанда да билетті тексеріп сатады екен. Мұны білген соң, ноғай жігіттері, мен де Татаркадан Славгородқа отарба билетін ала алмаймыз ғой деп дағдардық.

Екі ноғай отарбамен жүріп, сауда істеп жүрген алыс жердің кісілеріне сенімсіз көзбен қарауы мүмкін деп қауіп қылады.

Мен қақтығып, билет алуға бізге жол тимей қалады ғой деп қауіп қыламын.

Өркімнен сұрастырып, үшеуіміз ақылдастық. Славгород жолындағы екінші станцияға жаяу барып, сол жерден билет алып, отарбаға мінбек болдық. Өйткені екінші станцияда отарба билетін тексермей сатады екен. Үшеуіміз Славгородқа баратын Құлындының темір жолымен жаяу жөнелдік. Күн жылы. Қар соқталанып, жіпсіп еріп жатыр.

Күн төмендеген кезде Татарка вокзалынан шығып, аяңдап отырып, кешке әлгі, жол бойындағы екінші станцияға келдік. Сұрастырдық — поезд Татаркадан інірде келеді екен. Билет тексерілмей сатылатыны рас екен. Темір жолдың бір жұмыскерінің үйшігіне кіріп, шай қайнаттырып іштік. Інірде билет алып, Татаркадан келетін поездға тіркеледі деген бір вагонға келіп міндік. Бұ да нәрсе вагоны. Қараңғы, ішінде нөмірлі орындары жоқ. Тұтас сөкі тақтай орнатқан. Сөкінің үстіне жұрт сыйғанша мінеді. Бізден кейін де көп кісі мінді... Інір ауған кезде отарба сүйреп, Славгородқа қарай алып жөнелді. Біраз өңгімелесіп жатып, ұйықтадық... Ертеңінде оянып, тұрмай жатырмын. Поезд бір қалыпта дүрсілдеп айдап келеді. Вагон іші жарық. Күн шыққан уақыт. Вагон ішінде тұтас сөкі тақтайға лық толған халық. Қайнап тұрысып жатыр. Жұрттың бөрі әбден тұрып болсын деп мен жатырмын. Танитын кісі жоқ па екен деп елеусіз сығалап, жай көз жіберіп, байқап жатырмын. Танымал кісі көрінбеді. Сонда да сақтанып, қияпатымды, түрімді бұзған қалпымды аудармай тұрып, поезд тоқтаған жерде тысқа шығып жуындым. Қайнаған су алып, басқа да ас сатып алып, үшеуіміз шай ішіп тамақтандық. Жиын отырған жұрт шүңкілдесіп, тағы да жамырасып, түрлі өңгімеге кірісті.

Отырған жұрттың бөрі орыс. Араларында менің екі жолдас ноғайым бар.

Онсоң мен және оқудан қайтып келе жатқан қазақтың бір-екі жастау қара домалақ балалары келеді.

Көбі жабайы мұжық орыстар. Жалғыз-ақ екі-үш оқыған түсті, төуір кийген орыс келеді. Үшеуі де адам фельдшері екен. Әскерге алмақ болған Колчактың жарлығымен барып, қайтып келеді екен.

Бір станцияда түсіп, нанға орап пісірген ақ ірімшік мәнти сатып әкелдім. Қағазға ораған бойымен ноғай жолдастарымның алдына әкеп қойдым. Ноғай жолдастарым:

— Дүйсенбі-ау, жаңа ғана ас ішіп едік қой, несіне әкелдің? — десе де, болмай, жегізбек болдым.

Қасымызда отырған фельдшердің бірі маған қарап:

— Кім сатып отыр екен? — деді.

— Мұжық қатындары сатып отыр екен, — дедім. Фельдшер бала ойынына араласып, ақыл айтқан үлкен, «ақылды» кісіше басын шайқады.

— Өй, жаман, знаком, іш ауру боласың, жеме! — деді. Мен доғал тілмен:

— Немене, іш ауру болады? — дедім. Фельдшер түсіндірмек болып, күліп, өз ішін қолымен түртіп көрсетті.

— Мына, іш ауру болады, жаман, ананы жеме! — деді.

Вагонда жағалай отырған жұрттың көбі қарап отыр. Мен түсінгендей болдым да, бетімді тыржитып, жақтырмағандай, қолымды бір-ақ сіліктім де, ақ ірімшікті жей бастадым.

— Іш ауырса, өлім бола ма? Бәрібір... Бізге өлген де, тірі жүрген де бәрібір, — дедім. Фельдшер:

— Неге бәрібір? — деді.

— Бәрібір, бізде аяйтын не бар? Менің түрім мынау... Киім мынау... Маған бәрібір, өлімнен қорықпаймын. Міне, сен өлме!.. Сенің тірі жүргенің жақсы. Түрің жақсы, киімің жақсы... Өне, алтын сағатың бар. Сен тіршілікті қимайсың. Саған тірі жүру жақсы. Мен өлімнен қорықпаймын! — дедім.

Фельдшер:

— Е, сен неге өлімнен қорықпайсың? — деді.

— Өлімнен несіне қорқайын?.. Өлсем, жалқы қалатын ештеңем жоқ. Және мен қара жерден жаралдым. Өлсем, қайта қара жерге барамын. Бәрібір, қанша «өлмеймін» дегенмен, бәрі ақырында қара жерге қайта барады, — дедім.

Сол арада фельдшер екеуіміз осы сөзге таластық та кеттік. Екеуіміз де сөзді көбейттік, жұрттың бәрі күлісіп, аңырайысып тындап отырды. Поезд сырғып, дүрсілдеп жүріп келеді. Вагондағы мұжықтардың кейбіреулері иірілісіп, менің қасыма келді. Жұрттың бәрі менің жағыма шықты. Кейбір мұжықтар көңіліндегі сөзін айтып жібергенде, даңғойланып, мені жауырынымнан қағып-қағып қойды. Ақырында фельдшер жеңілді.

Ең ақырында:

— Сен кімсің өзің? — деді.

Мен білдіртпесем де, ішімнен азырақ сасыңқырап қалдым.

Бірақ жауапқа бөгелмедім.

— Мен қазақпын, — дедім.

Үш фельдшердің бірі күліп келіп, менің қолымды ұстап қысты.

— Жақсы... жақсы! — деді.

Ноғай жолдастарым да таңырқасып, күлісіп, мені айналдыра бастады. Байқамай артығырақ кеткенімді біліп, енді артын егтеп, аңқау қияпатпен жаймаладым.

Орыстар өз беттерімен сөйлесіп кетті.

Екі ноғай жолдастарым:

— Ей, Дүйсенбі, жарайсың!.. Сен тіпті ойламаған жерден едәуір сөз шығардың ғой. Дәл оқыған кісідей сөйледің. Сен қанша оқыған едің? — деді.

— Ойбай, әншейін, Омбыда күндізгі жұмыстан кейін кешке үлкендерді оқытатын жерден екі-ақ қыс оқыдым. Сондағы оқытушылардың көп айтқан сөздерін тек тоқып ала бергендік қой... Әйтпесе, біз не біледі дейсің! — дедім.

— Әй, жоқ! Сен бізге шынды айтпай отырсың. Сен аз оқыған жігіт емессің! — деді.

Екеуі менің бетіме қарап, бір-біріне ойларын мақұлдаты.

Біреуі біріне:

— Қарашы! Беті оқыған кісінің, иә шәкірттің бетіндей емес пе? — деді. Екіншісі:

— Я-я, оқыған кісінің бетіндей, шәкірттің бетіндей! — деді.

Содан кейін ноғай жолдастарым саясат туралы әңгіме сөйлей бастады. Мен олардың сөздерін тыңдап қана отырып, әңгіменің ішінде татар, башқұрт елдерінің жайларын сұрадым.

— Башқұрт, татарды қазір кім билеп тұр? — дедім.

— Башқұрт, татардың қазір ішкі биліктері өздерінде. Қазір большевиктер автономия берді! — деді. Мен аңқаусып:

— Е, сендер де орыстан бөлек өз алдарына хан болып кеттіңдер ме? — дедім.

Екеуі де маған қарап, менің хабарсыз аңқаулығымға бастарын шайқап күлді.

— Жоқ, автономия болғанда, хан-сұлтаны болмайды, жамуриат, орысша, республика болды, — деді.

— Қайдан білейін, біздің қазақтың ханындай бөлек хан болған ғой десем... — дедім.

— Е, сендерде хан бар ма? — деді.

— Бар. Бөкейхан деген хан бар, — дедім.

Екеуі де сақылдап күлді. Бөкейханның хан емес екендігін сөйледі. Ханды, Бөкейханды жамандады. Башқұртстанның Зәки Уәлитұлын айтты. Оны да жамандады. Россияның кірме, уақ ұлттарына большевиктерден басқа ешкім ерік бермейтінін айтты.

Мен большевиктерді жамандадым. Олар бірсыпыра сөзбен большевиктерді «жаман», «бұзық» деп сөз таратушылар — «жалпы теңдік, бостандыққа қарсы адамдар» деп түсіндірді. Мұның бәрін өздері іс жүзінде көргендіктерін сөйледі... Ақырында:

— Әй, Дүйсенбі, қой, ақылын, білімнің төп-тәуір болғанмен, өзіңді әбден теріс жолға салып, жалғанға, өтірікке нандырып тастаған ғой, — десті.

Күні бойы жүрдік.

Славгородқа жақындағанда, бір станцияда екі ноғай жолдасым түсіп қалды. Олар түсуге жақындаған кезде адрес жазып алыстық. Менің өтірік адресімді олар жазып алды. Олардың адресін мен жазып алдым.

Біреуінің адресі: Қамза Мерқайдарұлы, Шәріпұлы. Шадрин қаласы. Мүсілім болысы. Құрман ауылы. Саудагер мұғалім.

Екіншісінің адресі: Қабиболла Мұқаммет Зәкірұлы, Кәрімұлы. Шадрин қаласы. Мүсілім болысы. Сұлтан ауылы. Саудагер мұғалім («Құлынды жолы»). Вагон жүріп келе жатқанда, қалтамдағы дәптерімді алып, қарындашпен жаздым. Ескі емлемен жазып алдым. Ескі емлемен жазып едім, жазуыма қарап тұрып екеуі бір-біріне қарап, тамсанып, жымыиысты:

— Айттық қой, «шәкіртсіз» деп, тіпті қатесіз жаздың, — десті. Күліп:

— Жарайды! Не десендер де мейілдерің! — дедім.

Түсетін станциясында екеуі қош айтысып түсіп қалды...

Ымырт жабылып, қас қарайған кезде Славгородқа келдік.

Құлынды темір жолының тоқтаған ұшы — осы Славгород қаласы. Қазақтар Шот қаласы дейді.

Қала мен вокзалдың арасы төрт-бес шақырымдай екен.

Өмірі, өлі келетіндер атпен кетті. Бірсыпыра кісі шұбап қалаға жаяу тарттық: күндік жібіп тапталып, кешке қатыңқыраған қалың қардың бұзылған тар соқпағымен келеміз. Ай жоқ, кеш қаранғы. Бұзылып, сыңар аяқ, ойылып

қатқан соқпақпен малтыға аяндап қалаға келіп кірдік. Қыбырлаған жан көрінбейді. Қалада көше сияқты көше жоқ. Үлкен үйлер де жоқ. Бәрі бір қатар ғана аласа үйлер. Поселке төрізді, қалың қар басып қалған қала.

Менен басқа жұрт өзді-өздерінің белгілі үйлеріне кетті. Мен жалғыз аяндап, түнейтін үй іздеп жүріп келемін. Бір-екі қылыш асыңғандар кез болды.

— Түнейтін үй (постоялый двор) қайда? — деп сұрадым.

Атаманның екі солдаты жән сілтеді. Жүріп келіп, нұсқаған үйдің қақпасын қақтым. Үйдің айналасындағы қар терезені көрсетпейді. Әлден уақытта қақпаны ашты.

— Түнеуге бола ма? — дедім.

— Болады, сыйсаң, біраз кісілер бар еді, — деді.

Кірдім. Келгендерді қондыратын қоспақ екі бөлме екен.

Түнек үй кір-кір лас. Бір бұрышта қызыл ала бұзау тұр. Үйдің ауасы сасық жән махорка сасиды.

Қонып отырған біраз мұжықтар жән қатынымен бір сығандар екен. Топырлап гулеген мұжық. Отырдық. Кешікпей жатуға ыңғайланды. Бұрыштағы жас бұзаудың қасына, тақтай салған еденге мен де жатуға ыңғайландым. Жатып та мұжықтар өңгімелерін қоймады. Өңгімені тудыратын — қатыны бар қара сақал сыған. Өңгімелері тағы большевиктер. Сыған большевиктерді жамандайды. Бірақ Қолчактың мұжықтарға істеп жатқан зорлықтарын, дүрелерін тіпті өдемілеп суреттейді.

Сөйтеді де:

— Лаж жоқ!.. Амалсыз, пәлен жердегі крестьяндардың көбі банды (банда) болып, тауға, орманға қашып барып, қызық болып жатыр... Ал қар кеткен соң крестьянның дені-ақ сүйтіп қызыл банда болып кетеді, — дейді.

Өзге мұжықтар оны қостап бастарын шұлғи түседі.

Сыған тағы да: «Қазіргі үкіметтің бұл төртібінің кесірінен, қар кетіп, күн жылыған соң, қара халықтың бәрі-ақ «қызыл банда» болып кетсе, соғыссыз жер болады дейсіздер ме? Осы күннің өзінде әр жерде бандалар соғысып жүр ғой... — деп, маған бұрылып қарады.

— Сіз Татаркелетіп келдіңіз ғой? Жақын арада сол қалада да қызыл бандалар едәуір соғыс қылып, көп нәрсе алып кетіпті ғой?.. — деді.

Мен ептеп лайықтап, көрген-білгенімді айттым. Сөйтіп жаттық, ұйықтадық.

Ертең ерте тұрып, шай ішіп, көшеге шықтық.

Славгород Алтай губерниясының темір жол түскен уездік қаласы болса да, әшейін бір байлау поселке екен. Тұрған жері жып-жылмағай, мидай дала. Өзін жым-жылас қылып қар басыпты. Енді алдымен көшенің қарлары, үй, қора мандарының қарлары соқталанып, тапталып ери бастап, бұзылып қожалақтаныпты. Қалада қазақ бар ма деп сұрадым.

Екі-ақ үй қазақ бар екен. Бір үйіне бардым. Еркектерінің бәрі ерте тұрып, қаланың базарына кетіпті. Сөзге жарымай, базарға қарай жүрдім. Сол күні базар күні екен. Жан-жақтан, көше-көшеден атқа шана жеккен мұжықтар базар болатын майданға ағытылып келіп жатыр. Көше айналып, почта үйіне кірдім. Омбыға — Мұқандікіне, Жанайдарға хат жазып салдым. Базарға келдім. Базар қаланың орта кезіндегі кең, ашық, қотан тәрізді жерде екен. Айнала жағалай дүкендер. Бәрі крестьян. Бірен-саран ғана қалашылау киінген адам көрінеді. Қазақ көрінбейді. Дүкендерді ашқан. Сауда істеліп жатыр. Шаналарда тиеулі қап-қап бидай, сұлы, арпа, ұн, жөшік-жөшік май. Және тиелген қарағай, сырғауыл, тезек, тағы басқа нәрселер. Шаналарға байлаулы сатын өгіздер, қойлар, аттар, шошқалар көрінеді. Базарда халық көп. Сендей соқтығады. Біреулер алып жатыр. Біреулер саудалап жатыр. Біреулер беріп жатыр. Біреулер көріп жатыр. Дүкендердің іш-тыстары да, жапырлаған шаналардың аралары да қыбырлап құжынайды. Базар құмырсқаның илеуіндей. Базарды аралап, жөн сұрайтын қазақ таба алмай тұр едім. Жарбандаған біреуге көзім түсе кетті. Қарасам бір қазақ екен. Басында тымағы, үстінде шапан күпісі бар. Қасыма келді, екеуміз амандасып сөйлесе кеттік.

Павлодар (Кереку) уезінің, Баянауыл ауданының қазағы екен. Руы қаржас. Аты Смағұл. Осы Шот қаласына (Славгородтың қазақша аты) жұмыс іздеп келген екен. Енді Павлодарға қайтайын деп жүр екен. Іздегенге сұраған, екеуіміз жолдас болуға қуанысып қалдық. Өзі жұмыс қылып, Омбыда да болған екен. Менің жөнімді сұрады. Айттым:

— Омбы уезінің Слеті бойындағы қазағы... Омбыда өркімде малайлықта болып едім. Соңғы жылдарда жемшік те айдап едім. Омбыдағы балуан Қажымұқанның жақын інісі боламын. Павлодар уезінде, Баянауыл ауданында нағашым бар еді, соны іздеп барамын. Туғалы көре алмай жүріп, енді биыл іздеп келемін, — дедім.

Екі жаяу Павлодарға бірге жүрмек болдық.

Смағұл:

— Енді бүгін мұнда болып, осында бір дүкенші ноғайдың отыны бар еді, соны кесіп, жарып, үйіп беріп кетейік. Жиырма сом береді... Ертең жүреміз, — деді.

— Жарайды, — дедім.

— Ендеше, дүкенші ноғайға барып сөйлесейік, мына жерде, дүкенінде! — деді.

— Барайық, жарайды, — дедім.

Дүкенші толық, ұзынша бойлы сары ноғай екен. Сөйлестік, бір айналып келмек болдық.

Смағұл жатқан үйімен біржола қош айтысып шықпақ болды. Пәтер үйі Славгородтегі қазақтың болыстық «Атқару комитетінің» кеңсесін күзетуші қазақ үйі екен. Славгород уезіне екі болыс қазақ қарайды екен. Бірін «Сарыарқа елі» дейді екен. Сол «Сарыарқа елінің» болыстық комитеті Славгород қаласының өзінде болады екен.

Пәтер үйіне келдік. Аласалау үй. Үйдің маңдайында боялған тақтай. Тақтайда: «Сарыарқа елінің болыстық комитеті» деген орысша жазу. Комитетке кірдім. Кішкентай ауыз үйден төр үйге кірдік. Төр үй комитет кеңсесі екен. Екі-үш биік ағаш үстел. Үстел үстерінде қоқсып жатқан қағаздар, сия сауыт, қағаз, сызғыш, есепшот, іс тіркейтін жаман мұқабалы журналдар. Төртегі үстелде бір орыс есікке қарап қағаз жазып отыр. Оң жақ жанында үстелде және бір жас орыс қағаз түптеп отыр. Сол жақ бұрыштағы үстелде орысшалау киінген, басында қара топы тақиясы бар қазақ жігіті отыр. О да бірдеме жазып отырған тәрізді. Оның қасында және бір орысшалау киінген жастау қазақ жігіті бір қағазды ұстап, түрегеліп қарап тұр. Отырған топы тақиялы қазақ жігіті «Сарыарқа» комитетінің бастығы тәрізді. Кеңсенің іші лас. Тақтай едені кір. Ауасы жайсыздау. Үйдің іргелерінде Колчактың әлденеше жарлықтары, жарнамалары жапсырулы тұр. Оң жақта бір есік ашық тұр. Есіктің ар жағы бір тарлау бөлме. Ішіндегі көрініп тұрған нәрселері нашарлау. Қазақ үйінің жабдықтары. Комитеттің күзетші қазағының жататын бөлмесі сол екен. Біз комитетке кіріп келгенімізде, сол бөлменің есігінен бір жүдеулеу нашар киімді қазақ әйелі қарады. Кеңсе қызметкерлері де томсарған, топас, жалқау беттерін көтерісті.

Смағұл қазақ әйелі қараған бөлмеге кіре беріп, есік алдында бөгеліңкіреп қалған маған да «жүр» дегендей ымда-

ды. Мен жүруге аттай бергенімде төргі үстелде қағаз жазып отырған орыс аларып қарады:

— Қайда барасың?.. Аяғыңмен еденді былғайсың! — деді.

Мен есік алдында, босағада отырдым...

Болыс пен хатшылар өнімсіз істерін істей берді.

Смағұл кешікті. Мен отырып, жанымдағы ине мен жіпті алып, қой терісі қолғабымның бір сөгілген жерлерін тігіп алдым.

Комитеттен Смағұл енді біржола шықты.

Дүкенші ноғайға келдік. Ноғай баласын қосып берді. Үй қаланың күнбатыс жақ шетінде екен. Ноғайдың бөйбішесі тысқа шығып, отын салатын қораның жанында жатқан жуан діңгек сырғауыл қарағайларды көрсетті. Сарайынан екі кісілік ара темірін, кетпен балта пен тоқпағын алып берді. Діңгектерінің жуандығына екі кісінің құшағы өрен жетеді. Діңгектерді отынға лайықтап әуелі арамен кесу керек. Сонан соң кетпен балтамен шауып, тоқпақпен ұрып жару керек.

Сөске түстен бесінге шейін Смағұл екеуіміз аласұрып, жуан сырғауылды арамен кескіледік. Аласұрып аянбай жұлқынып қимылдаймыз. Денеден тер моншақтады. Тер көйлектердің, бешпенттердің сыртынан өтті. Көптен жұмыс көрмеген білек пен бел быт-быт болып дуылдайды. Қан бұрқырап термен араласып тасыды. Бет қызарды. Жұлқыңғаннан талып, екі қар солқылдады. Бесінде біраз дамылдап, ноғай бөйбішесінің істеген асын іштік. Ноғай әйелдері асты қандай төтті қылып істейді.

Ет жеп болған соң, төтті сорпасына құймақ қатық қосып берді. Маңдай терді сүртіп қойып іштік. Бөйбішенің құймақ қатығынан тағы бір кесе іштім.

Бесіннен кейін күн батып, ақшам жамырағанша, тағы да аласұрып сырғауыл кестік. Кешке ноғайдың жылы, таза үйінде сөйлесіп отырдық. Термен су болған бешпенттеріміз бен сырт көйлектерімізді ауыз үйіне жайып қойдық. Саудагер ноғай үш-ақ бас. Өзі, бөйбішесі мен баласы. Бір қызметкер орыс қызы бар. Кешке тағы да асқа сыйлады. Тағы да сағынған құймақ қатыққа тойып кенелдім. Үстел басында әңгімелесіп, жөн сұрасып отырғанымызда, саудагер маған: «Біраз уақыт жұмыс істеуге қал», — деп ақыл айтты.

— Өзің мықты, төуір жігіт көрінесің, осындай қар еріп жатқан жаман уақытта сонау Керекуге (Павлодарға) жаяу-

лап кетуің жарамайды. Онан да біраз күн осында жұмыс қылып, біраз мал тауып, қар әбден кетіп, күн жылынып, жер кеуіп, көк шыққан соң жүргенің ақыл болар еді. Тәуір жігіт көрінесің, тілімді алсан, сөйт, шырағым!.. — деді.

Мен асығыстығымды, бөгеле алмайтынымды айттым.

Ертең ерте тұрып, кесілген дінгектерді сөскеге шейін аласұрып, быт-быт қылып жарып, үйіп бердік.

Жолазыққа нан, май алып, түс кезінде Славгородтан Павлодарға қарай жаяу жүріп кеттік. Екеуміздің де киімдеріміз ауыр емес. Қолымызда таяк. Бел буулы. Қар жолымен аяндап келеміз. Қарға көмілген Славгород жылмиып, бірте-бірте артта қалып барады. Айнала төңірек тесіксіз аппақ, жылмиған дала ақ теңіздей. Жып-жылмағай соқпақ жолмен жүріп келеміз. Қар иленіп, аздап жіпсіген. Соқпақ жол азырақ еріп, бұзылған. Соқпақ жолдың ұшы-қиыры жоқ тәрізді. Анда-санда қара-құра көрінеді. Жүруге қиын. Жол бойында анда-санда ғана өредік қалың қардың ортасында қарайып қылтиған мұжық үйлері кез болады.

Күн төмен түскенше жүрдік. Күн еңкейген кезде артымыздан қос-қос атқа жайдақ шана жеккен біреулер зырқыратып келеді екен. Айдалада, аппақ қардың үстінде, жол аузында шаршаған екі жаяу қарап тұрдық. Алдыңғы қос атты шанадағы бір жуандау, ішік киген түлкі тымақты қазақ екен.

Бұрқыратып жетіп келді. Аттары ауыздығымен алысоды. Сәлем бердік, түлкі тымақтының аузы қыбыр ете түсті. Қатарласа бердік.

Смағұл:

— Отағасы, бізді біраз жерге шейін мінгізе кетіңіз! — деді. Ішік пен тымақ қайырылмай өте шықты. Оның соңындағы қос ат жеккен де қазақ екен, о да өте шықты. Бәрі өтіп кетіп қалды.

Тағы артымыздан, көз ұшында қарлы жоннан қос-қос ат жеккендер көрінді. Олар да лезде гуілдеп жетіп келді. Жолдан шығыңқырап тұрдық. Крестьяндар екен. Алдыңғы қос ат жеккен крестьян бізге жақындай бергенде дауыстады:

— Е, ей! Отырыңдар мына шанаға!.. Әйдө, аттар мықты! — деді.

Біз аңырайып тұрып қалдық. Крестьян бізбен қатарласып, біртүрлі көңілденген дауыспен дауыстап сөйлеп тұра қалды.

— Әйдә, мініңдер!.. Не тұрғандарың?.. Әйдә, шанаға отырыңдар! — деді.

Қуанып кетіп, жалма-жан шанасына, крестьянның қасына отырдық, крестьян айдап жөнелді. Жіпсіген сылқылдақ қармен жайдақ шана сырылдап, жылмандап ытқыды. Крестьян базардан көңілденіп келе жатқан көрінеді.

— Е-ей, и-и! Сұңқарлар!.. Ей-ей, е-е-й-и-и! — деп шыбыртқы қамшысын үйіріп қояды. Крестьянмен жөн сұрас-тық. Саясат туралы сөйлестік.

— Үкімет қалай? — деп сұрадым. Крестьян бізден именбей, әңгімелерін гөйтті. Колчакқа жалпы крестьянның неге қас екенін сөйледі. Крестьянға Совет керек екенін сөйледі. Ақырында:

— Қар кетіп, жер кепкен соң большевиктер келеді. Барлық крестьян көтеріліп, Колчакты қуамыз... — деді.

Көп әңгімелестік. Жол бойы елсіз. Кешке крестьян жолдан бұрылып, бізбен қош айтысып, поселкесіне кетті. Біз жол аузындағы бір төрт-бес үйлі нашар қазақтарға қондық.

Славгород пен Павлодардың арасы жүз елу екі (152) шақырым. Ерте тұрып жүреміз, түсте дамылдаймыз. Кен даланы басқан қалың қар күн сайын жіпсіп ери түседі. Жиырма, жиырма бес шақырымдарда ғана кездескен поселкелердің көше-көшелерінің еріп көлкіген қар суы күн сайын көбейіп ағады. Жаман бұзаубас етіктен шылқылдап аяққа су өтеді. Қонған жерде шұлғауларымызды сығып кептіреміз. Су өткен аяқ ақжем болып үлдірей бастады. Дене қатайып, толып, ісініп алды. Славгородтен екі жаяу араға үш қонып, төртінші қонаққа Павлодарға келдік.

Павлодар Ертіс өзенінің жағасында, маңы жазық. Павлодарда қазақ жақтары бөлегірек тұрады, қаладан бір-екі шақырымдай. Күншығыс-түстік жағында. Жатақ ішінде Смағұлдың Омбыда жүргенде бірге жұмыс қылысатын бір Әбдірахман деген жолдасы бар екен, сонікіне келіп түстік. Әбдірахмандікінде екі күн жаттық. Әбдірахман Омбыдан екі қыз балалы, байы өлген, мүлкті бір қатын алып келіп, едеуір ауқатты жігіт болған екен. Өзі енді мал базарында сауда қылады екен. Ол қатыны Павлодарға келген соң өліп, бір молда қазақтың қызын алған екен. Әбдірахман Смағұлдай емес, пысық, білгіштеу. Киімдері жақсы, бұрынғы жұмыскерлігін ұмытып, енді нығызсып, саудагерлер қатарына кірген төрізді. Үйінде Смағұлмен бірге екі күн жаттым.

Түрлі өңгіменің ішінде саясат туралы, «Алашорда» туралы өңгіме қозғаймын. Әбдірахман «Алашордаға» өбден сенген. Ептеп «Алашорданың» міндерін айтып, сөз қозғап қоямын. Әбдірахман болмайды... Әбдірахмандікіне Әбіл деген жалтаң көз, қыр мұрын қара жігіт келді. Семейден, «Алашорданың» әскерінен келген екен. Онымен көп өңгімелестім. «Балуан Қажымұқанның інісімін» деген соң, денеме қарап, мені де балуанға ұйғарысты. «Алашорда» «батырларының» біраз өңгімелерін білдім. Әбілмен көшеге шығып, Павлодар қаласын араладым. Қар ептеп еріп жатыр. Мал базарына бардым. Әбілмен мал базарынан табыспақ болып, қаланың ішін араладым. Қазақ пен орыс балалары оқитын школла бардым. Мешітке жұма намазына жиылған мұсылмандарды барып көрдім. Сөздерін тыңдадым. Қайта мал базарына келіп, Әбілмен бірге жатақ қаласына қайттым.

Енді Павлодардан Баянауылға жүрмекпін. Екі арасы жүз тоқсан екі (192) шақырым. Жолдас іздеп, сол Баян жақтан келген бір қалашылармен бірге жүруге сөз байластым. Баянауыл жақтың халі нашар екен. Елі жұтап, ашығып жатыр екен. Смағұл Павлодарда жұмыста қалатын болды... Қалашылармен дүкен аралауға, қала ішіне базарға бардық. Дүкен аралап базарда жүрміз. Күн жылы. Түс мезгілі. Дүкен араларының қары жіпсіп, еріп жатыр. Көлкіген су көпіршіп ағып жатыр. Дүкен арасындағы қыбырлаған жұрт жаздың жылы күніне жадырап, алшаң-алшаң басады. Дүкен араларында атаман Анненковтың солдаттары да жүр. Порымдары көзге өте таныс. Бәрі бешпентшен, бастарында қоқырайған қара сеңсең бөрік, жандарында қылыш. Омыраулары толған тізулі оқ. Иықтарында «шен». Шендеріндегі екі өріп: «А.А.» жазулары бар. Солдаттардың кейбіреулері қытай жігіттері. Өрине, қытай жігіттері болғанда, Қытайдан безіп, қаңғырып жүрген өңкей бұзықтар. Кейбіреулерінің белдерінде және қанжарлары бар. Сырттан жай бақылап қарап тұрдым. Атаманның екі қытай солдаттарының алдынан бір салт атты қазақ өте берді. Атаманның батырының бірі аттың құйрығынан ұстай алды. Ат шөмендеп төлтiректедi. Қазақ артына қарап, құйрығын қысқан бұралқы итше еңкейіп тебінді. Солдат бөкімен аттың ту құйрығынан бір шумақ қылып шорт кесіп алды. Қазақ қырдың қазағы төрізді. Жалтақтап, қорқып, жанжағына қарады. Бір-екі жаяу қала қазағы намыстанып,

солдаттарға бірдеме деді. Солдаттар боқтады. Қазақтар ереуілдеп, солдаттың қолындағы шумақ қылды алмақ болды. Жұрт жиналып қалды. Көбі қазақтар. Атаманның екі солдатын қамаған қазақтарды көріп, атаманның үш-төрт казак-орыс солдаты жетіп келіп ақырды. Қылыштарын суырып алды.

Қазақтар шортаннан қашқан шабақша жан-жаққа бытырай жөнелді. Сүмендеп бара жатқан бір-екеуінің жауырындарына жарқылдап қылыштың жалпағы да тиіп қалды.

Қалашылармен базардан қайтып, жатқан жатағымызға келдік. «Сарыарқа» газетінің нөмірлерін тауып алып оқыдым. Өлгі атаманның батырларының істеген жүгенсіз бұзықтығы есімнен кетпей отырғанда, «Сарыарқа» газетінің 1919 жыл 26 наурызда шыққан 47-нөміріндегі бір ел адамы жазған «Жүгенсіздік» деген мақалаға көзім түсіп, оқыдым. Ол мынау:

Газеттен:

«ЖҮГЕНСІЗДІК»

Баянауылдағы милиция бастығының қимылынан осы кезде Баян маңайындағы қазақтар көпшіл тұсындағыдан артық дірілдеп тұр. Бұрын земство билігінде тұрғанда қойдан қоңыр жуас милиция бастығы енді қаталдыққа көпшілдерден кем түспей тұр.

...Январьдың аяқ кезінде он екі казак-орыс милиционерлері Баяннан екі жүз (200) шақырым жердегі Бесоба барағына өтті. Жолындағы Ақбеттау елінің қазағына қылмағаны жоқ, сөзге келмейді. Көрінген қазақты қамшының астына алады, қатын-бала, жай тұрған кісі, ұрудан сау қалатын кісі болмайды. Кейбіреулерге он бес, жиырма бес шыбықтан санап тұрып дүре салады, ұруын «сондай ақша берейін» дегенде ғана қояды; лау атты ақша алмай иесіне қайырмайды, тымақ, кілем, шалбар, текемет, қысқасы, қазақ үйінде көңіліне не нәрсе ұнаса, соны алады. Кілетті өздері кілтін алып ашады.

Әйелге зорлық қылған жерлері де бар.

Мәселен, Әбдір Мойнақұлын қатын, бала, келінімен сабап, Бекен деген баласына дүре салған. Қолында ақша жоқ болып, қайтарында мың сом даяр қылмақшы болған. Лауға мінген атын екі жүз (200) сом алып қайтарған.

7-ауыл қазағы Ордабай Адыр баласынан бір текемет, бір жастық алған.

Атақты Мәшһүр Көбейұлы деген молданы сабаған.

Темірболат деген кісіден, баласы екеуіне дүре салып, екі жүз сом алған.

Одан 6-ауыл Абайділдө қажының баласы мен молдасына он бес шыбықтан дүре салып, екі жүз елу сом алған.

Одан Асқар Тоббас баласына дүре салып, бір тымағын алған.

Оспан Битақай баласына дүре салып, екі жүз елу сом, бір тымақ алған.

Әшім Досқара баласынан бір тымақ, жетпіс сом алған.

Жалпақ Өндірбай қатынынан, «өлген байынды тап!» деп, қатынын сабап, бір кілем алған.

Жылқышы Дүйсенбай Қарашолақұлынан елу сом алып, он екі ат мінген.

Одан 2-ауыл Әбіл Шалқарбайұлына дүре салып, ағасы Нұғманды сабап, мертіктіріп, екеуінен екі жүз сом алған.

Сүлеймен Өркенбай баласынан екі жүз сом алған.

Қамит Шоқанұлынан дүре салмаған ақысына екі мың сом алған.

Сламбек Иманбекұлынан бір мың бес жүз сом алған.

Жәмбек Иманбекұлынан 10 шыбық дүре салып, бес жүз сом алған.

Асқар Жанқұланұлынан бір мың сом алған.

Қияш Өлімбай баласына жиырма бес шыбық дүре салып, жиырма бес сом алған.

Мұсабекке де жиырма шыбық дүре салып, жиырма бес сом төлеткен.

Он бірінші ауыл Түктібай Тоғайбайұлынан мың сом алған.

Қайтарында Ақкелін елін басып, Ажмағамбет Жамақұлына он бес шыбық дүре салып, үш жүз сом алған.

Учитель Сүлеймен Ержанұлы, «еліме тиме» деп күні бұрын жалынып, бес жүз сом, бір тымақ, бір шалбар сый беріп, төрт атпен поселкеге апарып салады.

Жұрттың көрген жәбіршілігін бәрін түгел теруге хатқа сыймайды. Жұрт түсіне алмай, аң-таң; біреулері «большевик сол шығар-ау» дейді. «Ел боламыз, тізгінімізді қолымызға аламыз дегенге, орыстардың бейбастақтары басынып

істеп жүр» дейді. «Құдай, жолыма кез қылма!» дегеннен басқа елде шама жоқ. Орыстың басы көрінсе, үйінен үркіп қашқаннан басқасы жоқ. Шамданған жұрт көп, бірақ орыстың есі барлары тентегін тыяр деп отыр. Мені де әкешем жылап жібермей отыр.

Ел жақсылары жоғарғы орыс ұлықтарына телеграмма беруге, қолдарын қоюға таяқтан, талаудан қорқып отыр. «Баянға бармай отырмаймыз, біліп қойса, мақтай ма?» деседі. Қашан, кісі тексеруге келе ме, жоқ па, оған дейін қол іс қылып жібере ме деп қорқады.

Баяннан отыз шақырымдай жерде Александровский заводсымағы бар. Басқарушы Гроненго деген біреу. Бұл Гроненго 25 июнь жарлығында «менде жандарын қалады» деп, құлақ естір жердегі қазаққа тегін қызмет қылдырмақ тұрсын, қызмет бергендігі үшін ақы алған. Екі айдай қазақты өуре қылып, алып қала алмаған еді. Былтыр көпшіл дәуірінде қорқып, қазақ болысына түспекші болған. Қазақтар 25 июнь жарлығы тұсындағы күнөсін ұмытпағандықтан қабыл алмаған. Енді сол Гроненго 5 февраль кезінде жоғарғы милиция бастығын милиционерлермен шақырып алып, көңіліне жақпаған қазақтарды текпілетіп, өзінің астыңғы үйін абақты қылып, соған тыққызып жатыр. Өзірге абақтыға жабылған қазақ: 1) Төре Қарекеұлы, 2) Асқар Жүсіпұлы. Гроненго: «Сегіз мың сом беріндер, абақтыдан шығасындар», — деп, қалтасына қолын салып, қайқып жүр.

3) Өжібай деген қазақ ақысын бермегендігі үшін байды бұрын сөккен екен. Соған дүре салмақшы болғанда, таныс казак-орыстары дүре салмады, байдың аяғына жығып күшақтатып, кешіртеді.

4) Өміре деген қазақ безбенін уақытында апарып бермеген жазасы үшін бір ат, бір түйесін бай қолына алып тұр; безбенді де бай алды. Өмірені шақыртса, қорқып, Өміре жоламайды. Сонымен, ат, түйе Гроненгоның қолында тұр. Былтыр жазғытұры бір казак-орыстың жоғалған бір қапнаны үшін, кейін үй істетіп қалған бір ауылдан тоғыз құнан өгіз төлегіп алып еді. Онда, «аласапырандағы іс» деп, күні бүгінге дейін жоқталмай кетіп еді. Енді милиция болып жүріп, талауды көсіп қылған төрізді. Казак-орыстарға «қой!» дейтін бастығының түрі жоғарғы. Енді бұған кімнен тоқ-

тау? Бүйтіп қазақ қалай күн көреді? Екі ел арасында тыныштық қалай сақталады?

Баянтауы»

«Алашорданың» достары — Колчак әкімдерінің атаман «батырларының» істеп жатқандары осы. Көзбен де көрдік. Міне, ел адамдарының жазғандарынан да оқып отырмыз.

«Сарыарқаның» тағы бір нөмірін (1919 жыл, 6 ақпанда шыққан 71-ші нөмірі) қарап отырып, «Үржардан» деген мақаладан атаман Анненков пен қазақтың болыстарының, «Алашорда» бастықтарының тілектестігін суреттейтін мына бір сөздерді оқыдым:

Газеттен:

«ҮРЖАРДАН

...Атаман Анненков елдің басшыларын (болыстарын) шақырып, съезд жасады. Съезге он екі болыстан бес кісі келді...

...Одан соң болыстардан болыс басы 10 жігіттен сұрады. Қазақтар бермек болды. Ол жігіттер әскер өнерін үйреніп, әр болыстың ішінде гарнизон болып тұрады... Атаман Анненков қазақтың оқыған, басшы, жұрт ағасы адамдарын (Әлихан, Мұқаметжан, Ахметжан, Жайнақұлы) білетінін айтқанда, қазақ шу етті: «Біздің өкемізден артық көретін кісілерімізді біледі екенсіз! Олар «жат!» десе, жатамыз, «тұр!» десе, тұрамыз», — деп, сонда Анненков айтты: «Оларды Жетісу казактарының атаманы Афонов жек көреді, «автомия алмаққа жармасады» деп, мен қазақтың ол азаматтарына сенемін! Қазақ пен орыс арасында от жағып, Афонов шағыстырып жүр Афонов менің қазаққа мылтық бергеніме де, қазақ полкін жасағаным да қырын қарап, жақтырмайды,— деді.

Анненковтың тілмашы Кеңсебай Үмбетбайұлы»

Және «Сарыарқа» газетінің сол 1919 жылы 26 наурызда шыққан 74-ші нөмірін қарап отырдым. Бұл нөмірде атаманның «батырлары» қазақ халқының нашарларын — қара бұқараларын итше тепкілеп жатқанда, «Алашорда» әскерінің большевиктерге қарсы «батырлық» қылып жатқанын көрсететін «Қазақ қалай соғысады» деген мақалаға көзім түсті.

«Қазақ қалай соғысады»

«Алашорданың» тұңғыш жасаған 1-Алаш полкі Жетісу майданында көпшілдерге қарсы соғыста жүргені алашқа мөлім.

...Жігіттердің азырақ қимылдарын жазамын: көпшілдер Саратовқа шабуылдап тұрғанда, 29 октябрьде біздің жүздіктегі Балтай Бейсебекұлы деген жігіт жортуылда жүріп Аязбай бақшасының қасында (Саратовқадан 7 шақырым) тастап кеткен бос қыстауды көре кеткелі барады.

Бұғып бекіністе отырған жауға душар болады. Екі көпшіл шыға келіп бас салып, жігіт есін жиғанша шылбырынан ұстай алады. Бұдан құтылу ойлағанда мүмкін емес. Сөйтсек... Епсіз, икемі жоқ қазақтың сасып есі шықпай, көзді ашып-жұмғанша атының басынан жүгенін сыпырып тастап, көпшілдердің бірін мылтығының дүміменен серейте бір түйіп, шу деп тебініп, атты бір салып жөнелді. Жүгенсіз басы босаған ат тұра шауып, зымырап кете барды. Есі шыққан көпшілдер мылтықтарын алып атқанша жігіт құтылып кете барды. Шауып келіп жортуылда жүргендерге білдіреді.

Мынадай бір гөп тағы болды. Андреевка қаласына біздің жүздік шабуыл жасаған кезде, Ахметқали Орманбайұлы дегенге жиырма жігіт беріп, қаланың солтүстік жағына шығып, көрініс қылу тапсырылған еді. Өзгеміз қаланың оңтүстік жағынан тимекші едік. Орманбайұлы құйынша ағызып барып қалаға кіріп, көпшілдердің өңкі-төңкісін шығарып, жаман састырып, жолымызды қылды.

Тағы да жігіттердің бір қимылы: 29 октябрьде бір топ қазақ әскері оқтарының бәрін атып тауысып, Саратовқадан салығымызға қарай шегінгенде, Қағазбек Дәшкібаласы дегенді 12 жігітпен артымызға тастадық. Жауды алдандырып, Тұтсалыққа өткізбе деп. Қағазбек 150 көпшілді бір жарым сағат бөгеп, бізге жібермеді. Қағазбектің бұл қайратының арқасында шығынсыз шегініп, аман құтылдық. Осы сияқты әжеттіктер толып жатыр...»

Оқып болып, жерге түкірдім. Ол нөмірін қоя салып, «Сарыарқаның» 1919 жылы ақпанның 20-сында шыққан 70-нөмірін алдым. Бұл нөмірде Ақмола уезінде мұжықтардың көрген жәбіршілігін айтып, елден жазған Байсалбайұлының сөздеріне «Сарыарқа» басқармасының қайырған жауабын оқыдым. «Сарыарқа» басқармасы «Ақмола қазақтары «Алашорда» әскерін, «Алашорда» милициясын

жасамай жатыр. Сондықтан орыстардан зорлық көріп жатыр...» — деп жазады. Басқарма сөзі мынау:

Басқарма: «Жол, жоба ұмытылып, Россия мемлекеті айуандық сапарға бет алды. Бас аман, мал түгел қалмаққа жалғыз өдіс — қазақ халқы, бірік. Берекеңді жойма. Ала-лықты таста. Жұмыла жұрт жұмысына кіріс. Азаматыңды атқа мінгізіп, қаруланьп, өзінді-өзің қорға. Кісіге сенбе, құба қалмақ заманы туды деп қақсағалы жылдан аса болды. Жалғыз Семей облысы мен Орал облысы, Торғай облысының Қостанай уезі болмаса, өзге облыстардың, әсіресе Ақмоланың қазақтары, тымағын баса киіп, бүркеніп, милиция жасаудан зыр қашты. Қамсыз елді, жігерсіз, ынжық, қайрат қыла білмейтін елді кім басынбайды? Обалымыз өзімізге, сілкінбеген, адам болуға тырыспаған. Бүйтіп жүре берсек, арманда, шерменде болып, дүние жүзінен жоғаламыз да. Қайыруссыз кеткен хайуан мұжықтардан кек алуға жолмен жүріп іс қылатын заман әлі келген жоқ. Ақыл сұрап, босқа үміттеніп, тамақ ісіріп деме қыларлық дөнеме жоқ. Жергілікті әкімдерге білдіріп көрініздер, бірақ одан желбуаз болып, өздеріңізді-өздеріңіз алдаудан басқа өнері бар деп айта алмаймыз. Өйткені «малымды ұрлады, жеріме түсті» жаласы даяр тұр. Сіздің «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеміз бе, қайтеміз» дейтініңізді біліп, басқа келмей тұрғанда-ақ айтқамыз. Өлі де кештік қылмайды. Азаматты атқа мінгізу жағын халыққа түсіндірулеріңіз керек. Бүгін бір ауылға келген пәле жалпы елге келмесіне кімнің көзі жетеді? Келмей де отыр ма? Жетісудағы бауырларымыз қырылып жатқан жоқ па?»

«А-ай, мырзалар-ай! Семей, Орал, Қостанай, Торғай облыстарын бүлдіріп, «Алашорда» әскерін жасағандарыңмен тұрмай, тұзақтарға түспей жатқан Ақмола облысының қара бұқарасын да қанға боямақсындар-ау!» — деп, газеттің екінші бетін аудардым.

«Сарыарқаның» нөмірлерін ақтарып, жобалы мақалаларын, түрлі хабарларын, түрліше мағлұматтарын оқыдым.

«Сарыарқа» газеті «Алашорданың» бас үкіметінің тілі. Алашорда газетіне, әрине, шындықты жазбайды, болып жатқан шын оқиғаларды өзгертіп, өзінше өдемілеп, өзіне тиісті пайдалы сөзді қампайтып жазады. Бірақ қанша қампайтқанмен газеттеріне қарағанда да «Алашорданың» халі өте жайсыз екендігі көрінеді. «Алашорда» «министрлерінің»

большевиктерге қарсы жіберген әскерсымақтарынан басқа, істеп жатқан бес тиындық көрнекті істер көрінбейді.

Жалғыз-ақ, аз болсын, көп болсын, қолынан келгенше қайрат (қазіргіше белсенділік) көрсетіп жатқан «Алашорданың» жастары екені газеттерінен көрінді, жастар ұйымы барлық Қазақстанның ұлтшыл жастарына нұсқа беріп, Қызылжарда «Жас азамат» деген газет шығарып жатыр. Семейдегі «Абай» атты сол кездегі барлық Қазақстандағы жалғыз журнал «Алашорда» жастарының қолынан шығып жатыр. Бұл газет пен журналдың ақшасы азайып, көмек сұрап салған жарына «Алаш» жастары тұс-тұсынан көмек жинап жатыр. «Сарыарқа» газетінің 1919 жыл 20-сыншы ақпанда шыққан жаңағы 70-інші нөмірінде «Газет, журнал оқушыларға» деп, «Абай» журналының шығарушысы Аймауытұлы мынаны жазады:

Газеттен:

«ГАЗЕТ, ЖУРНАЛ ОҚУШЫЛАРҒА

«Қазақтың бір газет, бір журналы подписшігі (оқушылары) жоқтықтан жабылып қалды» деп Ново-Николаевскідегі шығатын орыс газетінде жазылыпты. Ол айтқаны «Жас азамат» газеті мен «Абай» журналы. Бұл хабары бекер: «Жас азамат» күні бүгінге шейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбең болып еді. Енді тоқтамас дейміз. Өйткені Омбы жастары әдебиет кешінен мың сом, Семей жастары бес мың сомдай көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтермелеушілер табылатын көрінеді. «Абайды» тоғыз жүздей алушы бар. «Абай» бір-жола жабылған жоқ. Есебі біткенше, жалпы жиылысы болғанша, тағы сол сияқты себептермен уақытша тоқтап тұр. Бастырушы уақ қарыз қауымы. «Абайды» тоқтатпас, шығарар. Шығармаған күнде де «Абай» жабылмас. Жалғыз журналын жауып қойып, тыныш отыруға оқыған жастардың, талапты азаматтардың намысы, ұжданы жібермес, қайтсе де шығарар деген үмітіміз күшті.

«Абай». Шығарушы Жүсіпбек Аймауытұлы».

«Сарыарқаның» жөне осы нөмірінде Омбыдағы «Жас азамат» ұйымындағы жастардың жинаған жәрдемдерінің есебін Ғаббас Тоғжанұлы мынандай деп жазады:

Газеттен:

«ЕСЕП

Омбы жастары жасаған қазақша сауықтың кіріс-шығыс есебі.

Барлық кіріс алты мың үш жүз тоқсан екі сом, он бес тиын.

Таза түсім үш мың жүз сексен тоғыз сом жиырма бес тиын.

Сыйлық бергендер:

Сұлтан Әбдірақымұлы бес жүз сом, Аққағаз Досжанқызы елу сом және бір күміс түрік теңге. Шаяхмет Өтегенұлы жиырма үш сом, Балтабай Боранқұлұлы бір күміс қасық пен шанышқы, Әмина Қуанышқызы бір алтын жүзік, Бибінуір Әйтпенқызы бір алтын жүзік, Гүлия Досымбекқызы бір күміс жүзік, Ғазиза Досымбекқызы бір күміс теңге. Асфандияр Шорманұлы бір ширек темекі. Мұратбек Сейітұлы бір қадақ қант. Жамын Төлемісұлы бір қадақ шай. Баршаларына «Тілек» қауымы атынан жарылғасын айтамын.

Ғаббас Тоғжанұлы».

Газеттен:

«ЖАС АЗАМАТ» ГАЗЕТІНЕ ЖӨРДЕМ

«Жас азамат» газеті ақшасы жоқтықтан тоқтағалы тұр деген сөзді «Сарыарқаның» 68-інші санында көріп, жәрдем сұрағанда, Қалберген Құл баласы қырық сом, Шырғай Мұстамбай баласы жиырма сом, Әміре он бес сом, Ғазиза Мұстамбай келіні бес сом, өзім, Ыдырыс Мұстамбайұлы бес сом. Барлығы сексен бес сом берді. Бұл ақшаны «Жас азаматқа» жібердім.

Гимназист Мұстамбайұлы».

Міне, жастардың ұйымы осындай...

ХІІ

БАЯНАУЫЛҒА КЕЛУ

Ертеңінде қалашылармен Павлодардан шықтық. Күн жылы. Қар басымырақ ереді. Павлодар Ертіс өзенінің жағасында. Көше-көшеден ирендеп, бұрқырап аққан сары лай су тұс-тұсынан Ертістің жарынан сарқырап құлайды. Ертістің мұзының үстіне де сары су көлкіген. Ертістен ептеп өттік. Қалашы төрт кісі. Менімен бесеу. Көлік екі ат, бір

түйе, үшеуі де арық, нашар. Екі атқа жайдақ шана жеккен. Шаналарда бидай мен ұн салған екі-үштен қап, бір-екі жаман жәшік. Түйенің үстінде де үш қап астық.

Жолға түсіп көрдік. Жолдың кей жерінің қары тіпті кетіп қалған. Қарлы жерлері сылқылдап түсіп кеткен. Ертістен өтіп жолға түскен соң-ақ жолдың ауырлығын көріп, тәлтіректеп шөмендеген көліктердің түрін көріп, қиыншылықты сездім. Ертістен бір шақырымдай шықпай-ақ қара ат шанасын шөмендеп сүйрелеп келіп, ақырында тарта алмай қойды. Олай-бұлай біраз айналдырып, болдыра алмаған соң, иесі мен қара ат қалды. Ала ат пен сары түйелі үш қалашы, менімен төртеу болып, малтыға жығыла жылжып келеміз. Бәріміз де жаяу. Торы ала ат пен сары түйе жол бойының көксоқта болып жатқан қалың қарына қиліккенде омбылап, малтығып жығылады.

Қары кеткен аламыш жерінде торы ала ат шөмендеп, шананы тарта алмай тұрып қалады. Жер үстінің бәрі көлкіген көк су. Жығылған түйе мен атты сүйеп, демеп тұрғызамыз. Жығылған сайын түйенің жүгін түсіріп қайта артамыз. Жүріс өнбеді. Мұның қасында бөгелмей, жаяу жүріп кеткен қызықпен бірдей екен. Шылқылдап аяқтан су өтті. Қалашыны тастап, жалғыз жүріп кетуге көңілім бармады. Торы ала ат пен сары түйені қалқақтатып жетектеп, қамалап, жаман етікпенен су кешіп толарсақтап келеміз. Төртеуіміздің де тілегеніміз екі көліктің қуаты. Қалашылар жұтап, ашығып жатқан қатын-бала, кемпір-шалдарына тезірек азық жеткізу үшін, торы ала ат пен сары түйенің қуатын тілейді. Өлсіз ат пен түйенің жүктерін қолымен сүйреп келе жатқан төріздіміз.

Екі тулақтың жүргенінен тұрғаны көп. Аяқтарын екі басып, бір жығылады. Жығылған сайын түйенің жүгін, астық толтырған қаптарды көтеріп шығып, қайта артамыз. Арқаның тері бешпенттен өтті. Қардың суы етіктен, аяқтан өтті. Ауыр бейнетке белшеден баттық. Ол күні Павлодардан он шақырымдай жол жүріп, кешке, қары кеткен жол бойындағы бір аламыш жерге қондық. Қары кетсе де жер су.

Күн батқан соң суық бола бастады. Қар мен су мұздады. Термен су болған киім, су өткен жаман бұзаубас етік пен шұлғау да соқталанып мұздады. Тондық. Өсіресе жұқа киімді мен тондым. Бірақ тоңғанымды қалашыларға айтпаймын. Өрең деп от жағып, қыздырынған болып, су қайнатып, кеш болғанда нанмен шай іштік.

Түн болды. Суық. Астық салған қаптардың арасына бүрісіп-бүрісіп жаттық. Мұздаған дене шыдатпады. Түн ішінде оянып кеттім. Тұла бойым сұп-суық болып, тоңып қатып қалған екен. Тұрдым. Төңірек тып-тыныш. Аламыш жерді ақ торғындай жеңіл мұнар басқан. Аспан айнадай. Тоқымдай бұлт жоқ. Ай жоқ. Тек көк шатыр аспанда бырдай болған алтын жұлдыздар құлпырып, жерге алтын сөулесін төгеді. Төңірек тып-тыныш. Қалашылар бүрісіп-бүрісіп, томпиған қаптардың араларында пысылдап ұйықтап жатыр. Қаптардың қасында шөккен бойымен мойнын салып, танаулары шуылдап сары түйе жатыр. Мұздаған жердің жас иісі ауаға көбірек шыққан. Жер-дүние мұздап, мұнарланып, қалғып ұйықтаған тәрізді. Жалғыз-ақ ұйықтамай жүрген торы ала ат. Басын жерден алмайды. Қар астынан жаңа аршылған шөптің түптерін тырс-тырс жүлады. Торы ала ат торы ала жерден тұмсығын алмайды.

Мұздап тоңған денені жылытуға әрекет қылдым. Ерсілі-қарсылы жүріп, жұлқынып қимылдап, денені біраз қыздырып келіп жаттым. Тағы да мұздап, тоңып, неше рет оянып, қимылдап, денені қыздырып жаттым...

Ертеңінде тағы да көксоқта болып еріген қармен, көлкіген лай сумен, қары еріген, сазданған жермен малтығып тағы ауыр азап көрдік. «Екібастұз» мен Ертіс арасындағы темір жолдан өттік. Бір-екі поселкеден өттік.

Қысқасы, сөйтіп, бейнетті шегіп отырып, бір жұмадан соң ғана қарсызға шықтық.

Жол бойы елсіз. Қара-құра өте сирек көрінді. Анда-санда, бірен-саран бүріскен қазақ үйлері көрінеді. Жұтаған дала, жұтаған ел қожыраған күнтақа қоңыр саулық тәрізді.

Бір қазақтан шанамызды екі аяқты ағаш арбаға айырбастап алдық. Енді азырақ төуір болды. Өйткенмен де көліктеріміз жүгін алып жүре алмай, дамылсыз тоқтаймыз. Көлік лаулайтын ел жоқ. Айнала ел тегіс мешеу. Жұтқа шалдыққан. Аш. Өте жүдеу. Торы ала ат пен сары түйені айдап, жаяу жүреміз де отырамыз. Екі нашар көлік ақырын ілбиді, ырбиған, жамаулы ағаш арба ақырын қиралаңдап ыңырсиды. Жол үстінде анда-санда жұтаған елдің жаяулары кез келеді. Табан неше жерден үлдіреді. Жүріс өнбейді. Сонда да қарсыз құрғақ жерге шығып, азырақ бой жазған соң, қалашылар меніменен өңгімелесуді көбейте бастады. Пав-

лодарда бір сұрасып біліскен жөнді енді қайта-қайта анықтап сұрайтын болды. Менің «жөнім» белгілі. Омбы қазағымын. Жас уақыттан көбінесе қалада жұмыста болғамын. Өке-шешеден жастай айырылғамын. Енді Баянауыл тауының ішіндегі нағашымды іздеп келемін...

Нағашымды түбірлеп сұрайды.

— Дәл бергі руы қай ру екенін білмеймін. Өйтеуір, Айдабол — Қаржастың бірі, — деймін.

Оныма қанағаттанбайды. Айналдыра береді. Өздерінің жөнін баяндап сөйлейді. Қаржас ішінде төуір ауылдың адамдары екенін айтады.

— Баянауыл тауының күншығыс пен оңтүстік жағында, Шоқпар, Өулие деген таулар ауылдарымыздың мекені, — дейді.

Қалашының үлкені шоқша, ұзыншалау қара сақалды, орта бойлы, ашаң, қара торы кісі. Кеңбай қажының баласы, аты, жаңылмасам, Смайыл. Бір жолдасы ашаң, құба жігіт, Кеңбай қажының ағайыны, аты Бекмұқамбет. Екінші жолдасының аты, жаңылмасам, Төлебай, қалаға араласып, пайда тауып жүрген жігіт.

Бір күні түйенің алдында менімен қатар келе жатып, Бекмұқамбет менен сыр сұрады:

— Дүйсенбі, дәмдес болып келе жатырмыз ғой, сен осы тегін жігіт емес шығарсың... сырынды айт! — деді.

Күлкіге, ойынға шаптырдым да қойдым. Біраздан соң Бекмұқамбет кейін түйенің артында қалып, Төлебай менімен қатар жүріп келе жатып, енді ол сыр сұрады.

— Дүйсенбі, сен бізден жасырма. Біз өзін қандай болсаң, сондаймыз. Сен не болсаң, біз де сол бола кетеміз... Сырынды сен бізден жасырма. Біз де өзіндей іздегенге сұрағанбыз. «Поселкенің атын ұрлас» десең де, біз сенен тартынбаймыз, — деді.

Мұның да сұрауларын күлкі қылдым да қойдым.

Байқаймын, мені бақылап алды. Бір жерге көлік шалдырып, тынығып жаттық. Түс кезі еді. Жолдың жағасы. Жанымызда уақ адырлардың шеті — бір кішкене төмпеш бар еді. Күн жылы. Күнестеген жерден қылтиып көк шыға бастаған. Төмпештің күнгейінде мен күнестеп жаттым. Көз көретін төңіректе қыбыр еткен қара жоқ. Бозторғайлар ғана көкке шығып, жерге түсіп зарлайды...

Ұйықтап кетіпмін. Шайға оятты. Келдім. Арбаның қасында сынық-кетік тостағанмен шай ішіп отырдық. Мені енді Смайыл айналдырмақ болды.

— Апырым-ай, Дүйсенбі! Жаңа, ана беткейде ұйықтап жатқаныңда, біртүрлі болып жаттың. Маған біресе тап қасқыр тәрізді болып көріндің. Біресе дәл бұрынғы батырлардың бірі тәрізді болып көріндің, — деді.

— Төбенің бетінде жатқанда сіздің ойыңызға солай келген ғой, — деп аңқау ойынға жұбаттым да қойдым.

Жүрдік. Жол бойы Смайыл «Бозжігіт» қисасын өлеңдетіп жатқа айтып отырды. Қатар келе жатырмыз. Күн жылы. Жер қара. Жол кепкен. Жаз иісі кеудені ашады. Көңіл жадыраған, сылқылдап аяндап келеміз. Көліктер де ілбиді. Ағаш арба ғана қираландап, сынсып жылағанын қоймайды. Смайыл «Бозжігіт» өлеңін біраз айтып болып:

— Ө-өй, Дүйсенбі-а-ай! Бізге сырынды айтпай келесің ғой... Сен де осы «Бозжігіт» тәрізді бір ерсің ғой, ө-ө? — деді.

Мен түсінбеген болып, үндегенім жоқ. Біраздан соң Смайыл екеуіміз көліктердің алдына түсіп, қатар жүріп отырдық. Енді Смайыл сыр ашып сөйлесуге кірісті.

— Дүйсенбі! Сен менен именбе, екеуіміз құшақтасып дос болайық. Біздің ауылға жүр, апар деген жеріңе жеткізіп салайын. Сен жасырма, сырынды айт. Сен тегін жігіт емесің, жай бір жігіт емессің! — деді.

— Жай бір жігіт болмайтын неменем бар? — дедім.

— Жай бір жігіт емессің дейтінім, тұлғаң жай жігіттің тұлғасына келмейді. Онсоң өзің етігінмен су кешіп, көксоқта қар суымен Керекуден (Павлодар) бізбен бірге еріп шықтың. Бізбен бірге ауыр бейнетке шыдап келесің, жаяулыққа шыдап келесің, қабағыңды шытпайсың... Осының бәріне қарағанда, не біреуден бір зорлық көріп келе жатқан жігіт тәріздісің, не біреуге өзің зорлық қылып келе жатқан жігіт тәріздісің. Өйтеуір, тегін жігіт емессің. Сен жасырмай, шыныңды айт, құшақтап дос болайық! — деді.

Мен енді азырақ кейідім.

— Сіздер осы, құр беталдына «сырынды айт», «сырынды айт» деп қоймайтындарыңыз қалай? — дедім. Бекмұқамбет пен Төлебай да қасымызға келді.

— Ал азар болса, мені бір не ұры, не кісі өлтіргіш деп ойлап келе жатқан шығарсыздар. Ондай болсам, мен қазір сіздерден жасырмағанда ештеңе қылмас едіңіздер. Өтірік

болса да мен енді сіздерге «ұрымын, кісі өлтіргішпін» дейін бе?.. — дедім.

Смайыл сасып қалды.

— Ойбай, жай айтамын, Дүйсенбі!.. Шырағым! Ренжіп қалдың ба?.. Олай болса, бұдан былай ондай сөз айтпайық ендеше, ренжи көрме, қарағым! — деді.

Содан кейін айналдыруды қойды...

Оннан аса күн жүріп, Баянауыл тауының күншығыс сәскелік жақ қатарына келдік. Қалашылардан бөлінетін уақыт жетті.

Бесін кезі, күн қоңыр бұйралау еді. Жол аузында түстеніп, дамылдап жатырмыз. Қалашылар осы жерде сәскелік жағына қарай, өз елдеріне жүрмек. Баян тауы жиырма шақырымдай тұр. Төңірек жазық дала емес. Адыр-бұдыр бұйратты. Кей жерлері ғана жазық, алқапша. Күнбатыс жақта Баян тауы. Сәскелік оңтүстік жақтарда да таулар — Шокпар, Әулие таулары. Көзге түсерлік жерде жанды қарақұра жоқ. Қыстан шыққан ел әлі қыс тауларында. Керекуден шыққалы жол маңайында бірен-саран қазақ ауылдарын көргемін. Бұрынғы, қазақ арасындағы, қырдағы топ-топ мал көзге түспеген. Сол мал әлі де жоқ. Бұрынғыдай қара құрттай қыбырлаған мал көрінбеген соң, анда-санда жырада, сайда, төбенің етегінде бүрісіп-бүрісіп отырған, тоماشдай қазақтың үш-төрт үйлі ауылдары көзге де көрінбей қалады екен. Елі бір жаққа ауып кетіп, иесіз қалған жер төрізді. Қар кеткенмен, көк әлі шыға қойған жоқ. Сұрғылт жерде тұр жоқ. Қоңылтақ, сырдаң жердің бейнесі дәл жазғытұрымғы қара суықта құжыраған арық саулық төрізді.

Смайылдан жүретін жерімді сұрап алдым. Баян тауының ішіндегі қазақ-орыс станицасына (қаласына) бармақпын. Станицада адам фельдшері Шайбай Айманұлына бармақпын. Омбыда мен семинарияда оқығанымда, Шайбай адам фельдшері школында оқыған еді. Семинарияны мен 1916 жылы бітірген едім, Шайбай 1917 жылы бітірген еді. Шайбай екеуіміз дос едік. Оқу бітірген соң екеуіміз де өз туған өскен жерлерімізге қызмет қылуға кеткен едік. Мен Ақмолаға, Шайбай Баянауылға, поштаның нашарлығынан, сирек болса да, хатпен сөйлесіп тұрушы едік. Екеуіміз жай дос емес, сырлас дос едік. Бөліне қалса, іздесетін саяқтай едік. Енді сол Шайбайға бармақпын. Шайбайды көрген соң, Шайбайдан анықтап біліп алып, нағашыма бармақпын.

Онсоң біраз күш алып, Ақмола уезінің оңтүстік жақ түкпіріндегі елге соғып, үкіметі совет Түркістанға өтпекпін.

Баянға баратын жөнді Смайылдан анықтап сұрап алдым.

Баянға қарай жүретін жөнде, Баянның төменгі етегінде бұйрат көрінеді. Көз ұшында, бұйраттың төскейінде беттің қалындай жабысқан үш-төрт қарамық көрінеді. Смайылдың айтуынша, сол ауыл — сүйіндік, қаржас Жантемір қажының ауылы. Қажының Имантақу деген баласы бар. «Ел адамы» Смайылдың нұсқауынша мен сонда барамын. Сонсоң ар жағын сол ауылдан сұрап, анықтап білемін...

Кіші бесін кезінде көштік. Қалашылар өз жөніне кетті. Мен қош айтысып, Баянға қарай аяндадым. Жолазыққа алған қалтамда тезек шоғына пісірген түйетабан наным бар. Қолда таяқ. Белде ескі шүберек белбеу. Адымдап жүріп кеттім. Едәуір жүрдім. Ортадағы бұйратты балақтап ойға түскенде қызыл күн Баян тауының иығына мінді. Орск, Атбасар, Ақмола арқылы Семейге салынып жатқан темір жол бойына келдім. Жалғыз үй күзетші орыспен біраз отырып сөйлестім. О да қазіргі үкіметті жамандайды... одан шығып, аздаған қара-құра мал көрінген екінші ойдан өттім. Жөнімнен қиғаштау үш-төрт киіз үй көрінді. Бұрылмай, тоқтамай шапшаң адымдап келемін. Жантемір қажының ауылы бар бұйраттың аяғына келгенімде, қызыл күн алтын сәулелерін шашыратып, Баянның тасасына кірді. Батты...

Бұйратты өрлеп келемін. Қабат-қабат белес, саладан-салаға өрлеп шығамын. Ауыл өлі жоқ... Апақ-сапақ болды. Тұра қалып тыңдаймын. Дыбыс жоқ. Тағы адымдаймын. Келе жатқан жерім елсіз, жансыз бұйрат. Бұйраттан өрі алдым шоғырмақ, тұнжыраған тау... Әбден шаршадым. Табанның үлдіреп жараланған жерлері ауырып, жүргізбеуге айналды. Ауыл жоқ. Адасқан төріздімін. Жүре алмайтын болдым. Енді сол бұйраттың бір жеріне жатуға ойлап тұрдым. Отырдым. Елсіз бұйрат. Күнбатыстағы ақшам бірте-бірте азайып, төмен түсіп барады. Дыбыс жоқ. Жел жоқ. Келе жатқан қара түннің қара көлеңкесі бұйраттың ой-шұқырына толып, сай-сайын өрлей бастады.

Бұлтсыз аспан да қараңғы төрізді. Ай жоқ. Жарық жұлдыз да жоқ. Шыққан жұлдыздар көмескі ғана жылтылдайды. Басқа лезде неше түрлі қалың ой тасыған селдей толып жиналды. Түрлі ой, өткен-кеткен өмірдің түрлі суреті ағытылып, көз алдыма келіп өтті. Бастан кешкен

жазасыз азап көз алдыма келді. «Неге бұлай?.. Не қылмыс үшін осынша бейнет бастан арылмайды?.. Туғаным, өскенім, оқығаным — бәрі қорлық үшін, азап үшін, бейнет үшін болғаны ма?.. Неге тудым?.. Неге өстім, неге оқыдым?..»

Міне, елсіз бұйратта кеш жамылып жалғыз отырмын!.. Көрмеген жер. Келмеген жер. Өліп қалсам — дерексіз кеткенім. Енді жүруге әл жоқ. Қуаттың, күштің жеткен жері осы ғана... Енді, бұдан былай қиындықпен күресуге мұрша жоқ. Менің келген жерім осы ғана...»

Осы ойлар қара бұлттай түнеріп келіп, төбемнен басты... Енді тіршіліктің жарық күнін көрудің үміті үзілуге айналған кезде қара бұлттың астынан найзағайдың оғындай алтын сөуле жарқ еткендей болды. Шошып оянғандай ұшып түрегелдім.

«Я!.. Қой!.. Осының бәрі қалын нашардың бостандығы үшін емес пе еді! Өлсіздің теңдігі үшін емес пе еді!.. Тым көп емес пе бұл үшін құрбан болған жан! Тым көп емес пе бұл үшін төгілген қан мен төгілген жас!.. Теңдік алатын күн таяу болса керек қой!» — деген ой өзге ойдың бәрін жұлып тастағандай болды.

«Қой, жүру керек!.. Жету керек! Табу керек!» — деп жүріп кеттім.

Біраз белестен астым. Тындадым... Алдымнан үрген қаншықтың даусы естілді. Алдымдағы белестен астым. Қожыр-мақтанып жапырайған қарамықтар көрінді. Жетіп келдім. Мал мен адам көрінбейді. Бір-екі ит үреді. Үш-төрт бөлек балшық үй екен. Үй қоралардың маңында қоқырсыған сынық арбалар, арбаларға жинаған жүк тәрізді нәрселер. Арғы шеткі қыраңдағы үлкендеу үйге келдім. Қыстауынан әлі көшпей отырған ауыл. Қораларының маңында жас қи, жас тезек. Жас қидың иісі шықты. Қораға кірдім. Қора лас, шылқылдақ былғаныш, малдың жас тезегінің, жас жапасының сасық иісі бұрқырайды. Сиыр иісі шығады... Бір-екі бала-шаға мен бәйбіше қатын отыр. «Еркегіміз жоқ» деп қондырмады. Қайта тысқа шықтым. Қатарындағы екінші тәуірлеу үйге келдім. Қораның есік алдында бір әйел тұр екен. Амандастым. Қаракөленкеде қадала қараймын. Сыпайы әйел тәрізді. Басында кимешек, кең көйлек, желбегей шапан жамылған. Қырша мұрынды, аққұба әйел. Жасы қырық шамасында. Сөзі, беті, даусы ақылды әйел екенін білдіреді.

— Шырағым, біздің де үйімізде еркек жоқ еді. Осындай жаман уақытта танымайтын кісіні қондыру қорқыныштау ғой... Қайдан келе жатқан жігітсің? — деді.

— Керекуден келемін,— деп жөн айтып, — құдайы қонақпын,— дедім.

— Қайыр, үйге кір ендеше, шырағым, әйтеуір ренжімесен, саған беретін етіміз жоқ. Қыстан жұтап шығып отырған елміз, өзің де көріп келе жатқан шығарсың, — деді.

— Көріп келемін ғой, маған еттің керегі жоқ! — дедім.

Үйіне кіргізді.

Екі бөлмелі балшық үй. Бестік лампы жанып тұр. Өздері алдыңғысында екен. Жер еденге киіз, текемет төсеген. Есік алды мен пеш маңында ғана төсеніш жоқ. Есіктен кіргенде, оң жақ бұрышта, кептіріп бүктеген мал терілері текше-леулі, жинаулы тұр. Оның алдында екі жас бұзау жатыр. Бұзаулар жатқанмен, үй іші таза. Төрдің алдында салынған төсектер. Төсекте бойжетіп қалған екі қыз бала жатыр екен. Шешесі балаларын тұрғызды. Екі әйел бала тұрып, шапандарын жамылып, төсектерінің үстіне отырды. Жеңгей бір бұрышта бөлек жатқан еркек баласын тұрғызды.

— Пайзікен шырағым, тұрып, самауыр қайнатып жіберші. Үйге бір қонақ келді, — деді.

Маған:

— Жоғары шығып отыр, шырағым! — деді.

Тым жоғары шықпай отырдым. Лампыны ортаға қойды. Пайзікен, тұрып самауыр қоя бастады. Жеңгей төрден бері, қыздарына таяу, маған қарсы отырды. Таза, жарық, жылы үйге кіріп, көңіл жайланып, малдасымды құрып отырдым. Сырт киімдерім сұмпайы. Аяқта бұзаубас жаман етік. Бұтта жамаулы қазақша қой терісі шалбар, үсте тас көмірдің күйесі сіңген, жендері қырқылған, сырты қоңыр тібен, іші күзен бешпент ішік. Белде ескі шүберек белбеу. Баста қара мысық терісінен істелген ескі қоңыр барқыт тысты құлақшын, мойында ескі шарф.

Жеңгей енді анықтап жөн сұрай бастады. Жөнімді айттым. Баяғы «Омбыдан нағашысын іздеп келе жатқан Дүйсенбі» боламын.

Жеңгей сыпайылап жауап алып отыр. Бірақ қоймай қағып, түбірлеп, анықтап сұрайды. Пайзікен де самауырды тұтатып келіп сөз тыңдап отырды. Екі қыз бала да көздерінің астымен маған қадалып қарап, бір сөзді жібермей тың-

дап отыр. Екеуі де бойжетіп қалған. Көкөрімдей екеуі егіз қозыдай. Тұрымтайдың балапандарындай, көздері мөп-мөлдір қарақаттай. Беттері дөңгелектеу, қара торы. Шапандарын жамылып, қабаттасып отыр. Бер жағындағысының басында қара елтіріден істеген қоңыр барқыт тымағы бар.

Жеңгей түбірлеп жөн сұрап сөйлесіп отыр. Сұраған сөздерінің бөріне жауап беріп болдым. Біраз жауап алған болған соң, жеңгей ақырын тамсанды.

— Апырым-ай, шырағым-ай, түріне қарағанда, жаман жігіт тәрізді емессің, жүріп келе жатқан жөніңе қарағанда, тіпті ақылсыз кісінің ісіндей екен, — деді.

— Несін айтасыз? — дедім.

— Несін айтпайын, сонау Омбыдан ауылының кім екенін, қайда екенін анықтап білмейтін, атасының кім екенін білмейтін «бір нағашымды іздеп келемін» дейсің және мезгілсіз, жаман уақытта іздеп келесің. Ақ пен қараның арасында, жолдың ең жаман уағы — жазғытұрғы уақытта іздеп келесің. Осындай уақытта сонша жерден, осындай алыс танымайтын жерге келесің. Және, оның үстінде, бұл жақтағы елдің қыстан қаусап жұтап шығып, ашығып жатқан қараөзек шағында келесің. Ақылы бар кісі ауылының қайда екенін білмейтін, атасының кім екенін білмейтін нағашысын алыс жерден іздер ме? Іздегенде жазғытұрымғы, жолдың қиын уақытында іздер ме? Және жұтап, ашығып жатқан елді іздер ме? Жаз әбден шығып, көк жетіліп, аздықөпті жұрттың аузы аққа тиіп, жұрт тыңайғанда іздемес пе! Және реті келсе, не «Екібастұз» заводына барып, жұмысқа кірейін деп, не мына темір жол бойындағы жұмысқа кірейін деп едім дейсің. Қазір не «Екібастұзда», не мына темір жолда жұмыс бар ма? Бұл жақта пайдалы жұмыс болса, бұл жақтың өзіндей жігіттері жұмыс іздеп, пайда іздеп Ертіс бойына, пароходқа — Омбыға кетер ме еді? Оны неғып білмейсің? Бұл жақтың өзіндей пайдалы жұмыс іздеген жігіттері жыл сайын Омбы жаққа барады. Оны білсең керек қой. Пароходпен осы жақтан жыл сайын лек-лек болып Омбыға барып жүрген жігіттерді көріп, олардан бұл жақтың жайын сұрап білсең керек қой... Мұның бөріні білмес дейін десем, сөзің мен түрің оған келмейді. Келе жатқан жөнің, ісің ақылсыз жігіттікіндей емес. Қайранмын, шырағым, — деді.

— Рас енді, қалай деп айтуға да сиятын болғаны рас. Өзім ө дегенде Омбыдан бір шығып қалдым да, жолдан қайтуға ыңғайсыз көріп едім. Және бұл елдің биыл мұндай халге ұшырағанын Керекуге келген соң бір-ақ білдім, — дедім.

Жеңгеймен сөйлесіп отырғанда, екі қыз бала әрбір сөзді қағып алып, жіпке тізіп отырғандай аңдып қарап отырды. Әсіресе арғысы. Онысы бергі баладан үлкендеу тәрізді. Бергі қыз баланың тымағының көлеңкесіне бетін жасырып, менің бетімнің, көзімнің әрбір құбылысын аңдып, мөлдіреп қадалып отыр. Шешесіне жөнімді айтып, баяндап жауап беріп отырғанымда, тымақтың көлеңкесінен аңдып, маған қадалып тесіле қарап отырған мөлдір қарақаттай екі көзге көзім екі-үш рет түсіп кетті. Бұрынғы бір таныс адаммен көп уақыттан соң бір жерде кез болып, таныр-танымас болып отырған тәрізді. Қыз баланың бұл қарасы маған ыңғайсыз көрінді. Өйтіп қаратпауға ойландым. Мөлдіреп қадалып отырған көзіне «қапияда қарсы атқандай, мен де қадала қарап қалсам, бүйтіп қарауын қояр еді» деп ойладым. Шешесімен әлгі ретпен, сөзіне бажайлап жауап қа-йырып отырмын. Ақырын, елеусіз орнымнан қозғалып отырдым. Арғы қыз баланың тымақ көлеңкесіндегі беті жарықта қалды. Бетін жарыққа шығарып қойып қадалып отырған көзіне қапияда мен де қадала қарай қалдым. Сасып қалды. Көзін аударып қойды. Бетін көлеңкеге кіргізіп қойды. Мұны менімен сөйлесіп отырған шешесі де және сіңлісі мен інісі де сезген жоқ. Жеңгеймен тоқталмай, жай сөйлесіп отырмыз. Бірақ бергі тымақ көлеңкесінен қара көз қадала қарауын қоймады. Тағы да ептеп қозғалып отырып, өте қадалып отырған қара көзді көлеңкеден жарыққа шығардым. Тағы да, қапияда қарсы найза атқандай қара көзге мен де қарсы қадалдым. Тағы да жанағыдай көлеңкеге түсіп кетті. Сөйтіп, сөзбен жеңгеймен арбасып сөйлесіп отырып, көлеңкеден аңдып қадалған қара көзді тойтаруға көзбен қарсы да оқ жіберіп отырдым. Көлеңкеден қадалған көз тойтарылмады. Бұл атысты көлеңкеден қадалып отырған қара көзбен екеуіміз ғана білісіп отырдық. Бір мезгілде үлкен қыз бала қозғалып, ар жағына қисайды. Шешесіне ақырын:

— Апа, бері келші, — деді.

Шешесі қызына қарады. Ақырын қызына қарай бұрылды.

Ақырын:

— Немене? — деді.

Қызы мен шешесі іргеге қарай қисайып жатып сыбырласты. Қызы бізге естіртпей, шешесіне ақырын сыбырлап, біраз сөз айтты. Сыбырласып болып, екеуі бастарын көтеріп, бұрынғыдай отырды. Шешесі жай байсалды жүзбен көзін лампыға салып, ешбір ойсыз кейіпте отырғандай болды. Қыз шешесіне мен туралы бірдеме айтқанын жүрек сезіп отыр. Бірақ «не айтты екен?» деп отырмын.

Аз ғана уақыт үндемей отырып шешесі маған:

— Шырағым, атым кім деп едің? — деді.

— Дүйсенбі, — дедім.

— Орысша оқыған ба едің? — деді.

— Жоқ! — дедім.

— Орысша тіл білесің бе? — деді.

— Азырақ білемін, — дедім.

— Қазақша оқып па едің? — деді.

— Азырақ оқып едім, — дедім.

— Қайда оқып едің? — деді.

— Омбыда бір кешке оқытатын оқу ашылған еді, сонда оқып едім, — дедім.

— Омбыда орысша оқыған жігіттерден білетінің бар ма? — деді.

— Бар, — дедім.

— Кімді білесің? — деді.

— Асылбек Сейітұлы, Мұсылманбек Сейітұлын білемін. Және сол Сейітұлдарының тағы бір-екеуін білемін. Және Асай Шортанбайұлын білемін. Шайбай Айманұлын білемін, — дедім.

— Оларды қалай білесің? — деді.

— Сейітұлдарының үйі сол Омбыда болатын, содан білетінмін. Онсоң Шайбай Айманұлын және Шорманұлын білетінмін, мен Қажымұқан деген ағамның аттарымен орыс мейрамында оларды талай жерге апарушы едім. Өсіресе Шайбай деген жігітті көп танушы едім. Онымен тіпті жақын едім. Мейрамдарда атпен жүріп, қаланың шетіне шығып көңіл көтеруші еді, — дедім.

— Бұл жігіттер қазір қайда? — деді.

— Білмеймін, Асылбек Сейітұлы бір жерде доктор болса керек, Асфандияр қай жерде ұлық екенін білмеймін. Шайбай да бір жерде доктор деп еді, — дедім.

— Шайбаймен жақсы болсаң, оның елі қай жақта екенін білуші ме едің? — деді.

— Осы Баянауылдың маңайында деуші еді, — дедім.

— Шайбайдың әкесінің атын білесің бе? — деді.

— Әкесінің аты Аппас болса керек еді, — дедім. Жеңгей ақырын жымып күлді.

— Жарайды, білдің... Олай болса, Асылбек Сейітұлы қазір осы Баянауыл станциясында доктор, Шайбай да сонда фельдшер, екеуі бір орында қызмет қылады! — деді.

Үлкен қызына қарап:

— Пәтері... солардың пәтері қайда еді? — деді. Үлкен қызы:

— Мешіттің қасындағы, әлгі пәлен дегендікінде, — деді.

Манадан бері көмескілеу сезіктеніп отырғаным енді айқынға шықты. Шайбайда менің бір-екі суретім болушы еді. Мәлдіреп қадалған қара көз сол суреттерді көрген екен. Шайбайдағы суретімнің соңғысы 1918 жылы тұтқынға түсердің алдында түскен сурет еді. Менің ондағы түрім мен Колчак лагерінен қашып келіп отырғандағы түрімнің айырмасы жер мен көктей. Арасында бір-ақ жыл өтсе де, он жыл ауыр бейнет көргендей түрім өзгерген еді. Қара көз сонда да шырамытты...

Жеңгей:

— Жарайды. Шайбаймен жақсы таныс па едің? — деді.

— Я, ашына жай едік, — дедім.

— Ендеше, Шайбайдың ауылы осы, мынау таудың алдыңғы жағында. Осы жерден он бес шақырым болар ма екен, сондай. Әкесі ауылда. Өзі қалада. Бізге ағайын болады. Оларды би баласы дейді. Біз оларға ағайын боламыз, — деді.

Шай келді. Пайзікен мен шешесі шай жасады. Бала құйды. Бәріміз шай іштік. Бір-екі жігіт келді. Олар да жөн сұрады. Айттым.

Жеңгей олармен қосылып нағашымды менің долбарыммен нұсқалап тапты.

— Нағашыңның тірісінің аты Илияс дейсің... Ақ сақалды шал. Илиястың әкесінің аты Қасқабас болса, ол — Ботбай Илияс. Жүністің Илиясы ғой, — деді. Жігіттің біреуі:

— Илиястың Жүніс деген бір туысқан молда інісін білесіз бе? — деді.

— Білмеймін. Өйтеуір, бір туысқаны бар деуші еді. Орысша оқыған адам деуші еді, — дедім.

— Е-е, сол, сол... Жүніс орысша оқыған молда еді. Орысша бала оқытушы еді. Мен сол Жүністен оқып едім. Бейшара, өліп қалды ғой... Ауылдары осы таудың солтүстік етегінде, жиырма шақты шақырымдай ғана. Осы тауды ылғи бөктерлеп отырып, ертең сөске түске барасың, — деді.

Нағашым тез оңай табылғанына қатты қуандым. Бірақ іздеп келе жатқан досым Шайбай Асылбек Сейітұлымен бір пәтерде тұрғандығы планымды бұзып жіберді. Және бір «жолықсам» деп келе жатқан кісім Асай Шорманов еді, Сейітұлы бұл жақта болған соң, Асайға да бара алмайтын болдым. Доктор Сейітұлы менімен өте таныс. Оқудағы күннен таныс. Одан 1916 жылы Ақмола уезіне олар ауыл шаруасының санағын алу қызметіне келгенде, біраз Ақмола қаласында бірге болғамыз. Одан 1917 жылда, мен қазақ комитетіндегі кезде, Асылбек Сейітұлы Ақмолаға екі рет келген. Және біз Совдеп жасауға қам қылып жатқанда да келген. Офицер Абылайханұлы екеуі «Алашорда» мекемесіне сайлап, елге салық салып, «Алашордаға» ақша және милиция (әскер) жинамақ болған. Біз қарсы шығып, үш күн ұдайымен Ақмолада жалпы жиылыс (митинг) құрып айтысқамыз. Ақмола халқы тегіс біздің айтқанымызбен кеткен. Доктор Асылбек пен офицер Абылайханұлы қашып кеткен... Енді бұл Баянда, Шайбаймен бір пәтерде. Баян — қазақ-орыс қаласы. Қолчактың өкіріп тұрған кезі. Шайбайға барсам, Асылбек біліп қалса, Омбыдан қашып, Алтайдың Славгородіне келгенім, одан жаяу Керекулетіп, көн етікпен су кешіп үш жүз елу (350) шақырым жүріп Баян келгенімнің бәрі босқа кетеді ғой деп қауіп қылдым. Шайбайға бара алмайтын болдым. Жігіттер шығып кетті.

Мені бір үйге апарып жатқызуға жеңгей Пайзікенді қосып берді. Пайзікен екеуіміз тысқа шықтық... Ай жоқ. Түн қараңғы. Түнерген бұйрат іші тіпті қараңғы көрінеді.

Төңірек тым-тырыс. Тысқа шыққан соң Пайзікен әңгімелесе бастады. Аяндап келеміз. Жатқызбақ үй шетте екен.

— Сенің түсің біртүрлі ұнады маған. «Түсі игіден түнілме» дегендей, сен тәуір жігіт көрінесің. Біздікіне қызмет, жігіт қылатын жігіт керек еді. Сен біздікіне тұрсаң қайтеді? — деді.

— Ойбай, қарағым, жігіт жалдауды әке-шешен билейді ғой. Өкең үйде жоқ көрінеді. Сенің бүй дегенің бола ма? — дедім.

— Болады. Менің айтқанымды өке-шешем бұзбайды. Екеуіміз сөз байласақ болғаны. Біздің үйдің жұмысы да ауыр болмайды. Осы күні жігіт табылады ғой. Бірақ сен тәуір жігіт көрінесің, сондықтан саған айтып келе жатырмын, — деді.

Бала жабысып қоймады.

— Жұмыстарың қандай? — дедім.

— Жұмыс ауыр емес. Азғана жылқыны бағу. Бие сауу. Көшкенде жүк артысу. Үйде болғанда үй жұмысын қылу, — деді.

— Ақыларың қандай болушы еді? — дедім.

— Қайдан білейін, өзің айт! — деді.

— Мен, айға, ең кем алғанда, жүз сомнан алып жүрдім, қарағым, — дедім.

— Ойбо-о-ой! Ондай ақы бұ жақта болмайды, — деп бала азырақ ұялыңқырап, ыңғайсызданып қалғандай болды...

Жататын үйге келдік. Пайзікен мені айтты. Үй иесі бір кемпір мен жігіт, келіншегі үшеуі екен. Үй іші кедей. Үйі — үй емес, үйшік. Аласа, жарығы көмескі білте шам. Үйшікті қазандықты пешпен бөлген. Үйшік былғаныш, лас. Төл иісі шығады. Үй иелері момын адамдар. Мен барысымен жатуға қозғалды. Манағы ана үйге келген екі жігіт келді. Тағы да менімен сөйлесіп тұрды. Кетпей Пайзікен де тұрды. Есікке таяу, ластау іргеге маған бір шомыт төсеп берді.

Екі жігіт пен Пайзікен сөйлесіп қарап тұрды. Екі жігіттің орысша оқыдым дегені маған:

— Билет қағазың бар ма? — деді.

— Бар, — дедім.

— Көне, көрсетші, — деді.

Бешпент ішіндегі қалың көйлегімнің төс қалтасынан бөлек бүктелген екі-үш қағаз бар еді. Бір-бір тарақ ақ қағаз. Бірі бір қазақша жай жазу. Бірі билет қағаз. Әуелі бүктеулі қалпымен, ашпай, епсізденіп, ақ қағазды алып бердім. Жазып қарап:

— Әй, мынауың ақ қағаз ғой? — деді.

— Ә-ә, ендеше, мынау шығар! — деп, ақ қағазды қайтып алып, бүктелген бойымен қазақша жазуы бар қағазды алып бердім. Оны ашып көріп:

— Ой, мынауың да бір қазақша сөз жазылған жай қағаз ғой! — деді.

— Тұу, о да емес екен ғой. Ендеше, міне мынау! — деп билет қағаздың өзін алып бердім.

Ашып, мөрін көрген соң, тексерушілердің көңілдері тынды. Билетті өзіме қайырып берді. «Жөндеп, бүктеп, белгілеп қой. Өзің бір аңқаулау жігіт көрінесің, жоғалтып аларсың. Билетінді берік сақта. Бұл басың ғой, байғұс!» — деді.

— Е, жоғалмайды ғой, — дедім.

Лагерьден қашып шыққалы билет көрсеткенім осы. Қазекең қалай!..

Нағашымның ауылына қарай жүретін жөнді тағы да анықтап сұрап алдым.

Шомыттың үстіне шешініп, рахаттанып, үстегі келте киімдерді төсек қылып, көсіліп тыраштанып жаттым...

Ертең ерте жүріп кеттім. Ауа таза. Аспанда бұлт жоқ. Жұмсақ ескен жел жібектей. Күн шыққан. Күн жер жүзіне алтын сәулесін бүркеді. Жердің көгі жаңа шыққан мұрттай тырбиып шыға бастаған. Жалаңаш сұлудай құшағын ашып Баян сұлу тұр. Сұлу денесін алтынмен булағандай. Баянның қызықты денесіне қарап көз суарып келемін. Көрген азап, ауыр бейнет енді артта алыс қалғандай. Кешегі шаршаған, талған дене бүгін темірдей. Дененің тырсылдаған көк бұлшық еттері көк темірдей тырсылдайды. Қамшының өріміндей бүгіліп бұлтылдайды. Таза ауадан көкіректі көтеріп дем алдым. Көңіл құлаш серпіп көтерілді. Жер жүзі тегіс көңілденгендей.

Көкке шығып дөңгеленіп, мың құбылып жырлаған бозторғайлар да шаттық күйлерін жырлайды.

Баян тауын етектеп келеміз. Тауға жарыса шыққан, тауды етектей шыққан неше түрлі әдемі ағаштар жасарып, бұтақтары бүршік ата бастапты. Бұйра шашты, ырғалған сұлу ақ қайың. Сүмбідей тік қызыл қайың. Өрімдей солкылдаған көк тал. Жал-құйрығы төгілген жалбыр кара айғырдай кара тал. Тау басында сұнғақ сұлу, көк қалпақты қарағай. Жасарып бүршік атқан ағаш иісі. Жаңа желбіреп шығып келе жатқан көк иіс, буланған кара жердің жас иісі — бөрі қосылып таза ауаға жұпар бүркіп тұрғандай. Тұнық ауа адамды иісімен қандыратын уыз қымыздай. Денені қуаттандыра бөктерлеп, кемерлеп жіңішке соқпақпен келемін. Оң жағымызда, таудың етегінде адырлар,

бұйраттар. Одан әрі сала-саламен барып жазылған қиыры алыс кең дала.

Таумен келемін. Түрлі күй естіледі. Баян сұлу сынқылдап, түрлі күйге салады. Таудың сай-сайынан сумаңдап, сылдырлап, ағаштардың ара-арасымен бұлақтар ағады. Ирендеп сырғанаған бұлақ суы созылған көк жібектей. Таудан төмен сылдырап аққан көк бұлақтың сынқылды дүркіреп ойнап жүгірген жас балалардың шуындай. Ағаш араларында құстардың әр түрлі даусы шығады. Кейбіреулері жасырынбақ ойнаған балаларша зырылдап ұшып-қонып, жасырынып, ысқырып ойнайды. Бірін-бірі қуалайды. Кейбіреулері жіңішке дауыспен үлбірек өнді сынқылдап жырлайды. Кейбіреулері нәзік күйін түрлі құбылтып сайрайды. Ағаш құстарының күйіне қырдағы бозторғайдың құйқылжыған жыры қосылады. Баянның тауы, тасы, сылдырап аққан бұлақтары, өрмелей шыққан ағаштары, қыры, ойы — бәрі де жырлайды. Бәрі де шаттық үнін қосады. Сұлу Баян түрлі күймен жырлайды.

Тауды бөктерлеп, бұлақтардан аттап басып аяндап келемін. Түс болғанда бір бұлақтан жуынып, су ішіп, тезек отына пісірген қалтадағы наннан жеп, бұлақтың басында, көгалда күнестеп, тынығып жаттым.

Біраздан соң тағы да жүрдім. Тау етегінде, өлі қыстауларында отырған бір-екі ауылға соқтым. Нағашымның ауылын анықтап сұрап алдым. Қыстан әбден қалжырап шығып отырған ел жүдеу. Мал аз. Ауыл-ауылдың маңында, қотандарында жұттан өлген малдың жусап жатқан жұл-маланған жемтіктері. Шайбай ауылының он шақты сиырын бағып жүрген бір жігітіне жолықтым...

Бесін кезінде Баянның солтүстік бауырындағы нағашымның ауылына келдім.

Ауылдың күншығыс жағында тезек теріп жүрген қатыннан нағашымның үйін сұрадым. Қораларын қиқым басқан, мыжырайған жаман үйшіктер. Тышқанның көзіндей жылтыраған кішкене терезелерінің бүтіні жоқ. Пұшық кісінің мұрнындай жаман қоралары аңғал-саңғал. Өр үйшіктің маңында үйілген күл, қиқым, жас қи, қамба, қорда, шашылған ағаш. Шеткі үйшікке келдім. Үйдің күнгеі жағында екі-үш қатын ұршық иіріп отыр екен. Амандасып, нағашымның үйін сұрадым. Көрсетті. Көрсеткен үйшікке

келдім. Үйшіктің сыртында дәрет алып нағашым Ілияс отыр екен. Қапсағай, буырыл сақалды шал.

Сәлем бердім:

— Ассалаумаликім!..

— Әликім сәлем, амансың ба, шырағым! — деді.

— Өзіңіз де амансыз ба, — дедім.

Жөн сұрады, танымады. Ілиястың мені соңғы көргеніне төртінші ғана жыл болып еді. 1915 жылы Ілияс біздің елге келіп, біздің ауылда бір жұмадай болып еді. Онда мен Омбыдан оқудан ауылға жазғы тыныс уақытында келіп жатқан кезім. Үйде Ілиястан әңгімелер сұрап отырушы едім. Ілияс жігіт күнінде жорықта көп жүрген кісі. Жорықта жүргендігін, бастан кешкен әңгімелерін маған көп сөйлеуші еді.

Міне, Ілияспен бір жұма әңгімелескенімізге төртінші ғана жыл болды. Енді Ілияс мені танымады. Оңашада тез танытып, жөнімді айтып алайын деп ойладым.

— Мені танысыз ба? — дедім. Бетіме қарап тұрды.

— Шырағым, жаңылып қалмасам... таныңқырамадым... — деді.

Оңашарақ алып шықтым. Отырдық. Бір-бірімізге қадала қарасып отырдық.

— Шын танымадыңыз ба? — дедім.

— Жоқ... танымадым... — деді.

— Сөкенді білуші ме едіңіз? — дедім. Таңырқай қалды.

— Қай... Сөкен?.. Сейфолланың Сөкенін бе? — деді.

— Иә, — дедім.

— Білем... — деді. Бірақ әлі де танымады.

— Ендеше, сол Сөкен менмін, — дедім.

Селк ете түскендей болды. Көздері шеңбердей болды...

— Қой, шырағым!.. Сөкен сендей емес... Өйтіп балалық қылма! — деді.

Танымады. Нанбады.

Ішімнен: «Апырым-ай, сонша өзгеріп, түсімнің сонша бұзылып кеткені ме!» — дедім.

Он шақты айдың ішінде түсіме он жылдық өзгеріс кіргенін сонда ғана айқын білдім. Он ай қиналған жан бетке он жылдық таңба салғанын сонда ғана сездім. Славгородте бір айнаға қарап қалғанымда, өз бетімнен өзім селк етіп шошып қалып едім... Маңдайымда бұрын болмаған үш-төрт сызықты көріп, аз күнгі дозақтың, сансыз азаптың таңбасы

гой деп едім... Сол арада ойға келе қалып, тағы да бір тамсандырып, қайран қалдырған нәрсе — сол күнгі қонып шыққан Жантемір қызының Шайбайдың үйінен көрген суретімнен мені шырамытқаны болды. Үш-ақ жыл бұрын өзімді көрген нағашым мені танымайды.

«Мен Сөкенмін» деп тұрсам да, нанбайды! Бұрынғы суретімді көрген қыз таниды!..

Нағашыма бастан-аяқ әңгімені айтып және өзінің біздің елге келгендерін айтып, біздің үйдің адамдарының тегіс аттарын айтып, өрең деп Сөкен екендігіме нандырдым.

Менің Сөкен екенімді білген нағашым байғұс жылады.

— Қарағым-ай, қандай халге түскенсің! — деді.

— Енді жыламаңыз... Менің Сөкен екенімді үй ішінен басқа тірі пендеге айтпаңыз. Менің атым Дүйсенбі... «Екі-бастұз» заводына жұмысқа барған Ақмола уезіне қараған бір жиеннен туған жиеншар деңіз. Руы Қуандық. Аты Дүйсенбі, науқастанып, енді еліне қайтып барады екен деңіз.

Сөзді солай байлап, үйге кірдік. Үй — ортасын жаман қожыр қазандық пешпен бөлген іншік. Іші қоқсық. Өте кедей. Үйде үш-төрт кемпір, бір-екі келіншек, бір-екі жігіт, бір-екі бала отыр екен. Амандастық. Лияс менің жөнімді жаңағыдай қылып айтты. Біраздан соң отырған бөтен қатын-қалаш кетті. Есікті ішінен бекітіп, оңаша қалған қатын-баласына нағашым менің шын жөнімді айтты. Нағашымның қатын-баласы көздері шеңберленіп, әңгімені аңырайып тындады. Әңгіменің ақырында бір-бір жыласып алды. Сонымен, үйге орнығып жайластық...

Нағашымдікіне тығылып, он бір - он екі күн жаттым. Бір үйдің домбырасы бар екен, соны шертіп жатамын. Табанның жаралары жазылды. Лияс нағашым өте кедей. Бар малы — көтерем, қыршаңқы көк ат, орнынан өрең тұратын қоңыр өгіз. Төрт-бес ешкі, бір бұзаулы сиыр. Бұл малға қарап отырған жан: кемпір мен шал, баласы, жиырманың ішіндегі жігіт Рақыш. Байы өліп, қайтып келіп отырған Лиястың қызы. Ол қызының екі-үш баласы... Үй ішінің жабдығы да нашар. Он сомға татитын нәрсе жоқ. Бөрі көтерем, қыршаңқы, көк шолақ атқа лайық: жапырайған қара пұшық құман, ескі шоқпыт текемет. Бұрынғы заманда болған бір көрпенің сілемі, ырбиған ағаш есік. Бір-ақ көзі бүтін, шоқпыт жамаулы, сығырайған кішкене терезе. Алды-арты сынған, ырсиған өбдіре нұсқасы. Темірмен

жамаған шыныаяқ. Қалаған тастары шодырайып-шодырайып тұрған қазандық. Сынық диірмен, жамаулы ағаш сары табак, тағы да толып жатқан қоқсыған нәрселердің жұрнағы, сілемі. Үй шикі бұжыр қыштан салынған, үй емес, іншік деуге болады. Мыжырайған аласа үйдің қабырғасы қожыр-қожыр. Дәл шешек қожырлаған қазақтың бетіндей.

Нағашымның енді бір үйі — Ілиястың ағасы Жүністікі Ақмола — Қарқаралы уездері жақ шеттегі Қаржас елінің ішінде екен. Баяннан жүз шақырымдай жерде. Жүніс өзі кемпірімен өлген. Жүністің жалғыз баласы Мұқай сол Қаржастағы қайын жұртына көшіп барып отыр екен. Мұқайды мен көрген емеспін, Ілияс үйінің айтуына қарағанда, Мұқайдың шаруасы тәуір болса керек. Он шақты сиыр, жиырма шақты қой тұяғы, үш-төрт жылқысы болса керек. Мұқайдың отырған қайының ауылы Баяннан Ақмола уезінің оңтүстігіне қарай жүргенде жолда екен. Менің жөнімде болғандықтан, бұл маған өте жақсы болды.

Енді Ілияс екеуіміз жүрмекпіз, жолшыбай Мұқайға бармақпыз. Одан өрі Ілияс біздің елге шейін менімен бірге бармақ. Жүруге қамдандық. Ілияс баласына жағалай ат іздетіп таба алмады. Бар ағайындары бермеді. Ақырында қоңыр өгізге арба жегіп, азыққа таба нан алып, Ілиястың бай ағайыны Нөгербек қажының баласынан сары май сатып алып, Ілияс екеуіміз жүріп кеттік. Арбаға мінсек өгіз тарта алмайды. Тағы да өгізді қақпалап жаяу салпаңдадық. Күнұзын өгізді қақпалап, салпаңдап, кешке бір нашар қазаққа қондық. Ертең ерте ол ауылдан шықтық. Баянның қара қыртысын айғыздап казак-орыс егін жайларының араларымен келеміз. Келе жатқанмызда түс кезінде жол аузында көшіп бара жатқан бір үйлі қазаққа кез болдық. Бір-екі түйеге жүк артқан, бір атқа, бір өгізге арба салған. Екі-үш еркек. Бір жас әйел. Шоқша қара сақалды, салт атты қазақ Ілияспен таныса кетті. Амандасты. «Жол болсын» айтысты. Біраз сөйлесіп, озып кеткен көшіне барып еді, бір жігітпен шоқша қара сақалды қайта келіп, Ілияспен ілінісе бастады. Ілиястан бір ақы даулады. Жанжалдасты. Мен сөздеріне кірісіп едім, шоқша қара сақалды болмады. Көштегі біреуін шақырды. Баянауыл қаласының (станицасының) бір бай казак-орысының егіншісі екен:

— Қалаға байға апарып беремін... Сендер қашқынсыңдар, — деді.

Үш қазақ қоңыр өгізді арбасымен алды. Өзімізді бірге айдап, жалғыз үй қонатын жеріне, казак-орыс егінжайының қасына апарды. Лаж құрыды. Казак-орыс байының бұзықтығын үйренген бір законшік «батыр» көрінеді. Менен билет қағаз сұрады. Көрсеттім. Қағазға төреше түйіліп, оқыған төрізденіп қарады. Омбыдан — Колчактан қашқалы менің билет қағазымды екі-ақ жерде тексеріп көрді. Бірі сұлу Баянның күншығыс етегінде, Жантемір қажының ауылында. Бірі және сол Баянның күншығыс етегінде осы, ызам келді. Ыза болмай қайтерсің! Омбы вокзалында, Татаркада, Славгородте, Керекуде (Павлодар) Колчактың әдейілеген аңдушылары билет қағаз сұрамайды. Ал сонша жерден іздеп келген Баян тауының етегіндегі қазақтар іліккен жерден билет қағаз сұрайды! Колчак білсе, бұларды тыңшыларының бастықтары қылар еді-ау деп ойладым. Колчактың жылтыр иықты жыландарынан, сұлу Баян, сенің етегіне жабысқан қазақ байларының сұм мінездерін үйренген қазақ азғындары — қарабеттер «сақ» екен-ау дедім. Ол күні шоқша қара сақалдың жалғыз жаппасында болдық.

Босатпады. Кешке күн суытып, қайталама боран болды. Қарлы боран күнімен соқты. Бір далада, егінжайының арасында, жалғыз жаппада, шоқша қара сақалдың өмірінде бүрісіп отырдық. Боран таң ата ашылды. Сәске кезінде өзімізді босатты, өгіз бен арбаны алып қалды. Қолдан келер қуат жоқ, алыс жер. Жолдасым әлсіз шал, өзім қашқын. Бұл арада не қайрат қылуға болады? Жаяу кете бардық. Былай шығып, шалды өз ауылына кейін қайырып, жолды шалдан анықтап сұрап қағазға жазып алып, өзім жалғыз Мұқай нағашым отырған ауыл қайдасың деп жүріп кеттім.

Кешегі қап-қара жердің үсті аппақ. Құбыладан қоңыр жел ақырын еседі. Жақын маңда ел жоқ. Тек көзге көрінерлік жерлерде анда-санда қарайған, қыбырлаған егіншілер қаралары көрінеді. Және олай өткен, бұлай өткен бірен-саран жүрген-тұрғандар көрінеді. Тағы да жалғыз жаяу соқпақ жолмен адымдадым.

Күн көтеріле қар ереді. Түс кезінде қар қалмады...

Бір жерде отырған, киіз үйге шыққан үш-төрт ауылдың жанынан өттім. Одан бір бұйраттың ішіндегі Илияс айтқан иесіз көлге келдім. Жағасында иесіз қалған бір үй, қора тұр екен. Пұшықтың мұрнындай аңырайып-саңырайып қалған бұйраттан астым. Илияс айтқан Былқылдақ деген

жерге келдім. Енді елге киліктім. Бұрынғыдай емес, малдың сабағы көріне бастады. Қазақ арасына кіргелі топтанған қоғамды малды енді ғана көре бастадым. Өйткені бұл жақ қыстан онша жұтамай шыққан екен.

Ілияс айтқан Қожаның қорығы деген жерге келдім. Киіз үйлеріне шығып отырған бір байлау ауылға бұрылып, бір байлау үйге кіріп, көже іштім. Жолшыбай көлкіп жайылған қар суын жалаңаяқтанып біраз кешіп отырдым. Күн бұйраттың желкесіне мінгенде, сол бұйраттың бетінде отырған Ілияс айтқан Айса ақсақалдың ауылына келдім. Ауылының қасында бір құдықты тазалап, суын төгіп жатыр екен. Ұзын жалпақ ақ бурыл сақалы күректей болып, Айса ақсақал құдық басында отыр. Төрт-бес жігіт құдық тазалап жатыр. Құдықтың лай суын біреуі қауғамен, бір-екеуі сатылап темір шелекпен төгіп жатыр екен. Айсамен аман-дасып жөн айтыстық.

Ендігі айтатын жөнім: «Баяннан, Екібастұздан» Қаржас Бабас Балабай ауылына кетіп бара жатқан жігітпін».

Шала-пұла жөн сұрай сала, Айса ақсақал қалжындай күліп, құдық жұмысына жұмсады.

— Уа, ерім, тұлғаң дұрыс келген екен, мықты шығарсың!.. Көне, мыналарға қайратынды көрсетіп жіберші!.. — деді.

Қауғамен біраз суларын төгіп бердім. Айса жігіттерді шақбай қылды.

— Өй, шіркіндер-ай, мына жігіттің қимылындай қимыл-дасандаршы! — деді.

Айсәнікіне қондым. Айсаменен өңгімелесіп отырдым.

Үйі екі бөлмелі, шикі қыштан қалаған үй. Малға да, жабдыққа да байлау көрінді. Бірақ қатты қыстан кейінгі жазғытұрымғы мал шаруасының әбігерінен үйінің іші былықтау. Жас төлдің иісі сезіледі. Айса намаз оқығанда, менің намаз оқымағанымды келісімсіздеу көрді.

— Шырағым, тәуір жігіт көрінесің, намаз оқымайтының жаман екен, — деді.

— Намазға киімдерім жарамаушы еді. Шиқан шығып жүр еді!.. — деп сылтаураттым.

Ертең ерте шайға қарамай, қымыз ішіп жүріп кеттім. Ол жылы қымызды ең алдымен сол Айсәнікінде іштім.

Айсәнің ауылынан шығып, бұйраттан ассам, алдымдағы Далба тау мен аралық ойдағы далада, киіз үйлеріне шыққан қатар-қатар үш-төрт ауыл отыр екен. Бұл ауылдар да

әжептәуір малды көрінді. Келе жатқан соқпағымның көк езуінде отырған тәуір киіз үйлі бір ауылға келдім. Ауыл жаңа тұрып жатыр екен. Түтін шыққан шеткі бозшалау, отаушалау үйге келдім. Үйдің сыртында бір ерттеулі ат, ауыздығы алынған тұсаулы, оттап жүр. Үйге кіріп келіп, сәлем беріп, жай тұра қалдым. Сол мезгілде бір қызық іс болып қалды.

Кіріп келсем, жаңа ғана таңертеңгі шайларын ішіп отыр екен. Дастарқанның төрінде бір жігіт отыр. Жігіт дөңгелек, бота көз, қыр мұрынды, қылтық қана мұртты, қара торы жас жігіт. Тәрде мөлдiреп, шаншылып шай ішіп отыр екен. Ауыл жігіті емес, аттан жаңа ғана түсіп отырған жігіт тәрізді. Белін де шешпеген. Шай ішіп отырған өңге үш-төрт кісі ауылдыкі тәрізді. Ал дастарқанның төріндегі қара торы жігіт шаншылып, шыныаяқпен шай ұрттап отыр. Кіріп келгенде-ақ тани қалдым. Былтырғы, 1918 жылғы қысты күні Ақмолада кешкі курста өзімнен оқыған бір жігіт «шәкіртім» екен. 1917-1918 жылы Ақмолада семинарияда Кереку уезі, осы Баянауыл ауданының қазағы сүйіндік қаржас Кәрім Сәтбайұлы деген жігіт оқыған. «Алашорда» партиясы атынан Семей, Ақмола облыстарынан учредительное собраниеге сайлауға салынатын белгілі Әбікей Сәтбайұлының інісі. Кәрім Сәтбайұлы Ақмолада бізбен жанасып жүретін. 1918 жылы Ақмолада қазақ балалары, қазақ жігіттері оқитын курс ашқамыз. Сабақ беретін мен болғанмын. Сол курсқа Кәрім елден келген бір жігітін кіргізген. Екеуі Матжан деген белгілі қазақ байдыкіне жататын. Міне, сол 1918 жылғы кешкі курста өзімнен оқыған дөңгелек, бота көз, қара торы жігітпен енді 1919 жылы сәуір айында Баянауыл ауданында, Далба тауының алдында, қазақ ауылында, шеткі үйде, таңертең кез болдым. Дастарқанның төрінде шоқпардай болып шаншылып шайды ұрттап отырды. Өзі сәнділеу киінетін. Өлі де солай көрінеді. Сәлемімді алды. Кейбіреулері амандық айтысты: «Келіңіз, шайға келіңіз», — десті.

Әдейі төменірек, дастарқанның шетіне жетпей отырдым. Сыр бергенім жоқ. Жәң сұрасты. Айтса ақсақалға айтқан жөнiмдi айттым: «Баяннан, мына Бабас Балабай ауылына бара жатырмын», — дедім.

Жай, сұлық, жалқау түспен байқаймын — шәкірт жігіт маған қадалып отыр. Бір-екі шыныаяқ шай іштім. Жігіт

екі көзін алмайды. Басқалар оны елеп отырған жоқ. Шәкірт жігітім көзін аудармай отыр. Бетіне қарадым, жігіт маған:

— Сіздің атыңыз кім? — деді.

— Дүйсенбі, — дедім.

Шәкірт жігіт болмашы тамсанғандай болды. Үндеген жоқ. Салмақтылау жігіт еді. Үндемей тынып қойды. Бұ да тани алмады. Жүретін жөнді анықтап сұрап алып, біраздан соң жүріп кеттім. Шәкірт жігіт қала берді. Тысқа шыққан соң: «Оңаша шығарып алып айтсам қайтеді?..» — деп азырақ ойланып, лоблыдым. Айтуды пайдасыз көрдім. Айтсам, біреуден біреу естіп, жұртқа жайылып кетер деп, айтпай жүріп кеттім. Ол күні күн жылы болмады. Күнбатыстан ызғырық жел үріп тұрды. Кәдімгі жазғытұрғы қайтарма кара дауыл. Аспанда тасыған селдің сеңдеріндей қаптап, сұр ала бұлттар шайқалып, жүзіп өтіп жатты. Көгі жетілмеген кара жер: дала, ой, бұйрат, адыр, таулар сұрғылт тартып, біртүрлі сүйкімсіз қожырағандай. Құдды жазғытұрымғы көнтақа қоңыр саулық төрізденіп тұрды. Күні бойы жолым елсіз болды. Тек жолға таяу, Далба тауының етегінде, қыстық үйінде отырған бір жалғыз үйге соғып, жолдың жөнін сұрап алдым. Елсіз Далба тауын аралап өттім.

Күн батуға таянғанда Далба тауларымен ұштасқан көп адырлардың ішінде, белгілі Ілияс айтып берген бөлегірек тұрған Қаратоқа деген адырға келдім.

Қаратоқа адырын алыстан көргеннен-ақ тани кеткенмін. «Адырдың үстінде қыстау көрініп тұрады», — деп еді. «Сол ауылға қонарсың», — деп еді. Және Қаратоқа деген атты түбірлеп көп сұрап едім. Өйткенім менің қазақша бергі руым Қаратоқа еді.

Күн сұр ала бұлттарды жамылып, оң жақтағы бұйрат адырлардың төбесіне мінгенде, мен келіп Қаратоқаның иығына міндім. Қыстауға келдім. Адам жоқ. Жаңа ғана көшіп кеткен төрізді. Үй қоралар аңғал-саңғал. Бұзылған апандар төрізді. Үй қораларының іші-сырты лас, шылқылдақ, боқтық, қи, сасық. Бір-екі жанадан өлген малдың жемтіктері жатыр. Жемтіктердің қасында екі-үш ит жатыр екен. Менен жемтіктерін қызғанып, шабаланып, арсылдап үріп келді. Аңғал-саңғал үйдің біріне кіріп шықтым. Ештеңе жоқ. Қыстау адыр үстінде. Екі босаға төрізді. Адырдың арасынан созылған өзек ойпаң төмен созылып далаңқай

болып кеткен. Мен тұрған Қаратоқа адырының түбінен сарқырап өзен ағып жатыр. Көз ұшында жайылып жүрген кара-құра мал көрінді. Алыс төрізді... Сұр бұлттарды жамылған күн адырдан өрі түсіп барады. Алыста көзге көрініп жатқан малдың ауылын таба алам ба? Жоқ па?.. Иесіз қыстауға қонсам ба?.. Мына ағып жатқан өзеннен су әкеліп, қайнатсам?.. Ана иттер қызғанған жемтіктердің етінен әкеп асып жесем?.. Несі бар?.. Омбыда Қолчак лагерінде бізбен бірге жатқан қызыл мадиярлар күнде орыстың бір итін ұстап өлтіріп сойып жейтін. Бір күні Хорват деген менің өмпей мадиярым мен Панкратов деген орыс жігіті маған иттің сорпасын әкеп берген. Мен ішкемін. Несі бар ішпейтін... Біз мадиярлардан артық болыппыз ба... Ал олар ит етін жегенде, мен өліп жатқан жылқы етін неге жемеймін?.. Осы ойлармен лобып, қазандықты үйдің үңірейген терезесінен келіп қарадым. Қайта шықтым. Есік алдындағы төмпеш күл қордаға шықтым. Күл төмпештің алдындағы жемтікті ақ төс қара ит пен ала мойнақ ит тырналап жатыр екен. Менің жемтікке көз салған ойымды сезгендей-ақ, екеуі жауға шапқандай маған қарсы арсылдап тұра ұмтылды.

Алыс болса да, ойдағы қыбырлаған кара-құраға қарай жүріп кеттім. Жолдағы талды өзеннен шешініп өттім. Шымырлап, екпіндеп аққан лай су суық. Мұздай боп денені қариды. Бұрқыраған лай ағынның екпіні қаңбақтай қылып ертіп алып кеткісі келеді. Ағызып, домалатып апарып батырып, алып қашып көкпар қылғысы келеді. Лай судың ызғары шекеден өтті...

Күн өбден батқан кезде бағанағы көрінген кара малдардың маңында, бір өзенсымақтың бойында отырған бір ауылды таптым. «Қаратоқа» адырындағы қыстаудың иелері екен. Илияс айтып берген бір орта шаруалы қазақтың үйінде қондым.

Ертең ерте шай ішіп және бір тостаған қымыз ішіп, қонған үйдің тал отынын балтамен бұтап беріп жүріп кеттім.

Күн суық. Аспанда жөңкілген, қаптаған сұр бұлт. Күнбатыстан ызғарлы жел ызғырып, сырдаңдап кара жерді жалайды. Кейде аспандағы жөңкілген сұр бұлттар тұтасып, қалыңдап, төмендеп қаптайды. Екпінімен ызғарлы желді күшейтіп, желмен бірге ақ қиыршық қар бүркіп өтеді. Кейде көгеріліп жадыраңқырайды. Елсіз бір даладан өттім. Бір өлкеге келдім. Тағы да бұраңдап аққан бір таулы өзеннен

екі өтіп бір ауылға келдім. Алғашқы өткенде шешініп жалаңаштанып жалдап өттім. Суық күндегі мұздай ағын су денеге жыланша оралады. Кейін итеріп кісіні жібермейді. Екінші өтуге өзеннің жағасына келе бергенімде өзеннің арғы жағындағы көрініп отырған ауылдан келе жатқан бір атты кісі алдымнан шыға келді. Қара сақалды, қара торы, қызыл шырайлы, орта жаста, беті жарқындау кісі. Астында құлагер бие. Сәлемдестік. Жөн сұрастық. Өткелдің қай жер екенін сұрадым. Айтты. Өткелге қарай жүре бердім. Қара сақалды құлагер биені бұрып, қасыма жетіп келді:

— Шырағым, мен өткелден өткізіп салайын, мінгес! — деді.

— Жоқ, өзім-ақ өтемін ғой. Рақмет, жүре беріңіз!.. — дедім.

Кісі қалжындап, сөзді ойынға айналдырып:

— Уай, сен қалай жігіт едің?.. Мен оныға болмаймын!.. Бұл қандай сыпайылық! Сені өткізбей жібермеймін! — деп, көлденеңдеп тұрып алды.

Талды өзеннен мінгесіп өттім. Кісімен қош айтыстым.

Өзеннің өлкесіндегі ауылға соғып, жөн сұрап алдым.

Бесін кезінде бір бұйрат ішіндегі ауылға келдім. Әуелі ауылдың бер жағында, бұйрат ішінде жайылып жатқан қойға келдім. Қойдың ішіне келіп, бір қалың көделі өзекке отырдым. Төмпеге пісірген қалтамдағы нан мен майдың қалғанын алып жеп отырдым. Астындағы қызыл өгізшесін қақпалап, сабалап, танауларын пысылдатып қойшы бала келді. Сәлем берді. Амандастық. Екі көзі нан мен майда. Өгізінен секіріп түсті. Қасыма келді. Үсті басы шоқпыт-шоқпыт. Түсі сүзектен тұрғандай. Боздағы шығып жақ жүні үрпиген. «Отыр», — дедім. Отырды. Нан мен май бердім. Қармақ қапқан алабұғаша қағып алып, көмейледі.

— Майды да көретін күн болады екен-ау! — деді.

— Е, елінде май жоқ па? — дедім.

— Ойбай, ел қыстан қалжырап шықты ғой! Май татпағанымызға талай болған шығар! — деді.

— Мына бағып жүрген қойың едәуір ғой. Мұның иесінде неғып май болмайтын болды? — дедім.

— Өздеріне бар болғанмен, бізге тие ме!.. Және май жылдағыдай мол емес қой, — деді.

— Ақыға не аласың? — дедім.

— Жөнді ақы дерлік ақы жоқ, — деді.

— Сонда да? — дедім.

— Бір пұт бидай, бір етік, онан соң бір ескі шекпен, — деді.

— Соған осы қойды жаздай бағасың ғой? — дедім.

— Иә, — деді.

Біраз сөйлесіп отырып, қош айтысып жүріп кеттім. Мұқайдың туған апасы бар, Илияс айтқан, бір ауылға келіп, Мұқайдың апасыныкіне келдім. О да бір кедей үй екен. Нағашы апаға, «Екібастұз» заводынан келе жатқан жиен болып, жөн айттым. Енді ол ауыл мен Мұқай нағашым отырған Балабай ауылының арасы алыс емес екен.

Намаздыгер кезінде Балабай ауылы отырған Сарыадырға келдім. Сарыадыр маңайындағы таулардан, өзге адырлардан бөлегірек тұрған адыр. Тұрған жері едәуір биік. Көп жерден көрінеді. Балабай ауылы Сарыадырдың қақ басында, өлі қыстауында. Сарыадырдың басындағы Балабайдың қыстауы тырбиып шоғырмақтанып көрініп тұр. Сарыадырдың бер жағында көрінген жан жоқ. Сарыадырдың төменгі етегіне келгенімде, аспандағы сұрғылт бұлттар қоюланып, төмен салбырап, суық жел ызғарлана соғып, біраз қар ұшқындап жауып өтті. Сарыадырдың иығына шаршап, талығып шықтым. Биікке шығып алып, ауылдан тасалау болған соң отырып, біраз тынығып алып, ауылға келдім.

Ауыл төрт-ақ үй. Қыстауының, үй қораларының жанында киіз үйде отыр. Малдарын қораға қамап, жайлап жатыр. Төрт үйдің бірі Мұқай нағашымдыкі. Біреуі үлкен үй, Мұқайдың қайын атасы Балабайдың өзінікі. Үшінші үй Балабайдың үлкен баласыныкі. Төртінші үй бір көршілесінікі. Біреулер қораға мал қамап қыбырлап жүр. Бір жігіт қораның қасында бір кер төбел биеге шелекпен су беріп отыр екен. Соның қасына келдім. Сәлемдестік. Жауырынды, бойшан, денелі, ат жақты, күрек тістері молырақ, сары жігіт. Сақал, мұрт аз, селдір. Иектің ұшында ғана бір шоқ тастақ жердің қызылшасындай сары қылшық селдіреді. Үстінде келте ескі ләңке күші, белін буған. Аяқта саптама етік. Баста батырлардың дулығысы төрізді ескілеу қарамен тыстаған қара елтірі тымақ. Илияс үй ішінің айтуымен Мұқай екенін таныдым. Қора жақта, киіз үйлер жақта кіріп-шығып жүрген бірен-саран жұрттың бізде ісі болған жоқ.

— Сіз Мұқайсыз ба? — дедім.

— Иә... Оны қайдан білесің? — деді.

Мен Сәкен екенімді, қайдан келе жатқанымды қысқаша айттым. Ә дегенде аузын ашып, құлағын сала қалса да, Мұқай жымың етіп күліп жіберді.

— Мырза, үй демей-ақ, жай-ақ жөнінді айтсаң да, қазақ баласы біреуге біреу қонақасы береді ғой! — деді.

Мені «Сәкеннің жиендігін сатып тұрған, Сәкенді білетін біреу» деп ойлады, нанбайтын болды. Нандыруға әңгімені тез баяндадым. Ілиястікіне келгенімді айттым. Оның үй шаруасын, мән-жайын айттым. Ілиястың жолдан кейін қайтып кеткенін айттым. Ілиястың кедейлігін, жалаңаштығын, аштығын айттым. Ілиястың өзіне, кемпіріне, баласы Рақышқа шұға бешпентімді, артық көйлек-дамбалымды беріп кеткенімді айтып, «таныр» деп үстімдегі Рақыштың жамаулы-жамаулы жыртық бешпентін көрсеттім. Және Ілиястың Рақыштан үлкен бір баласы қыс ортасында өлген екен, соны айттым. Мұқай енді нанды. Түсі бұзылды. Болған көңілсіз хабарды төтеннен бір-ақ естіген соң жылады. Енді ол мені кеп құшақтады. Сөйтіп отырғанымызда, қолында таяғы бар, сақалына ақ кірген, денелі, қыр мұрын қара торы кісі келді. Балабай екен. Мұқайдың көз жасын көріп, менің де мөз болмай тұрған түрімді көріп, Балабай тез істің мәнісін сұрап, үйіріле түсті.

Мұқайдыкіне келдік. Менің айтуыммен Мұқай мені ауылдың адамдарына былай деп таныстырды: «Екібастұз» заводынан Ақмола уезіндегі еліне қайтып бара жатқан, өкеммен бір туысқан Қатша апамның баласы — жиен екен...» — деді.

Мұқайдың үйі қоңыр, жамаулы төрт қанат үй. Жас қатыны бар. Кішкене қызы бар. Үй жабдықтарының, бұйымдарының шамалы ғана «күн көргіш» дерлік нашарлау ғана түрі бар. Төрге салған көрпеді отырмын. Мұқай қатынына Ілиястың үлкен баласының өлгенін айтты. Қатын дауыстап жылады. Дереву бала-шағалары келіп, Балабайдың кемпірі және үлкен баласының қатыны Мұқайдың қарындасы екен, ол жүгіріп келіп, дауыстап, Мұқайдың қатынымен құшақтасып жылады. Бойжеткен, бойшан, дөңгелек бет, бір қара торы қыз келді. Мұқайдың балдызы, Балабайдың қолындағы қызы екен. Балабайдың үлкен баласы келді. Кіші баласы келді... Төрт үйдің бала-шаға, қатын-қалашы жиналып қалды. Біраздан соң жылау басылып, жұрт тарады.

Бұл ел қыстан тек қысылып қана шыққан екен. Балабай ауылы аман, күйлі шыққан екен. Балабай ауылы оңаша. Сарыадырдың басында. Павлодар уезі Баянауыл ауданының Қарқаралы, Ақмола уездерімен шектескен ең шетінде, Сарыадырдың басында тұрып, Балабай ауылынан құбылаға қарасаң, Қарқаралы уезінің жерлері көрінеді. Күнбатысқа қарасаң, Ақмола уезінің жерлері көрінеді. Оңтүстікке қарасаң, Семей уезінің жерлері де қашық емес, көгеріп көрініп тұрады. Ауылдың үйі шағын — төрт үй. Төрт үй бір-ақ үйдей. Көп кісі келмейді. Ауылдың адамдары қазақ-намай, жабайы, жадағай. Бәрі ақкөңіл. Құлық-сұмдық баққан емес, сөз айдаған сұғанақ емес. Адамдармен тез үйір болып кеттік. Ауыл аз ғана шаруасын баққан, момын ауыл.

Мұқайдыкінде тынығып жаттым. Төрт-бес сиыры бар екен, бәрі бұзаулаған. Құймақ, қатық пен қаймаққа қарық болып жатырмын. Жиырмаға жетер-жетпес уақ тұяғы бар екен. Үш-төрт жылқысы бар екен. Біреуі арық айғыр. Мінгіші де, көлігі де сол торы шолақ арық айғыр екен. Күн әбден жылынып, көк жетіліп, сол торы айғыр күйленген соң Мұқай айғырға жайдақ арбасын жегіп, мені Ақмоланың оңтүстігіне, өзіміздің елге алып жүрмек. Күн жылынып, көк жетіліп, торы шолақ айғыр күйленгенше Мұқайдыкіне тынығуға орнығып жаттым.

Сөйтіп, бәрін қосқанда уақыттың қиыншылықты кезінде жаяу сегіз жүз (800) шақырым жол жүріп, Семей, Ақмола губернияларының төрт уезінің түйіскен жеріндегі Сарыадырдың басында Балабай ауылына келіп демалдым, сегіз жүз шақырым жол жүрдім дегенім мынау:

1919 жылы қылшылдаған қаңтарда атаман Анненковтың отряды бізді Ақмоладан Қызылжарға айдап келді. Ақмола — Қызылжар арасы бес жүз (500) шақырым. Мұның үш жүз елу шақырымдайын жаяу жүрдім. Омбыдан қашып, отарбамен Славгород келіп, одан қар ери бастаған кезде Павлодарға жаяу келдім. Жүз елу екі (152) шақырым. Павлодардан көксоқта сумен Баянға жаяу келдім. Жүз тоқсан екі (192) шақырым. Баяннан Сарыадырға — Балабай ауылына жаяу келдім жүз шамалы шақырым. Бәрін қосқанда — (800) сегіз жүз шақырым болады. Бұл жолдың әсіресе аяққа қиын болғаны, екі табанды үлдіретіп, қанын ағызып, жанға қаттырақ батқаны — соңғы төрт жүз елу

(450) шақырымдық жүріс. Славгород пен Сарыадырдағы Балабай ауылының арасы...

Балабай ауылына үйір болып алдым. Өңкей бір момын, ақкөңіл, жадағай, жабайы адамдар. Сіңісіп кеттім. Тез оңала бастадым. Ісінген дене қайтып, таралып, тарамыстанды. Дене жіңішке көк темірдей бүгіліп күшейді. Балабай ауылының ағы мол. Құймақ, қатық, қою қаймақ, жаңа байлап сауған уыз қымызға көнігі болдым. Күн өбден жылыды. Көк гулеп шыға бастады. Балабай ауылы Сарыадырдың Темірқазық жағына, бауырға, Көкөзекке қонды. Балабай ауылының сенімді бір өз кісісіндей болдым. Балабайдың қырық шақты жылқысы бар. Жүз елу қойы бар. Бір-талай сиыры бар. Мал шаруаларына қатынаса бастадым. Көгалдағы желі басына барып, бие саудыратын болдым. Бие сауатын Балабайдың қызы... Шеттегі жалғыз ауыл болғандықтан, ұры өтіріктен қорқынышты. Олай өткен, бұлай өткен жорықшының жолы. «Жаман айтпай, жақсы жоқ», бір күні жортуылшы жау келіп соқтықса, «төйт» дегізіп, жер соқтырып кетеді. Темірқазықтан күншығыс жақта, он-он бес шақырымдай жерде отырған ел болмаса, айқайға келетін ел жоқ. Жүргінші ұры көп. Жаман уақыт. Малға сақ болу керек. Қамсыз болмау керек.

Бір күні күн еңкейген кезде Балабай биікке қарауылда отырып, Сарыадырдың оңтүстік жағындағы бұйрат шоқыға жау келгенін көріпті. Асығып ауылға келді. Ауылдағы бар еркек атқа міндік. Бәріміз алты-ақ кісіміз. Жау бір топ дейді. Маған Балабайдың қызы мінетін қызыл жорға атын ерттеп берді. Бір-бір сойыл алдық. Бір мылтығы бар екен, оны мен алдым. Жау бекіген бұйрат шоқыны құрылған план бойынша екі бөлініп, алыстан орап қамадық. Жау бізді бұрынырақ көріп қойып, Семізбұғы тауына қарай қашып барады екен. Ұзап кеткен екен. Біраз соңынан барыңқырап, біраз қарауылда тұрып қайттық.

Осыдан кейін мен Балабай ауылының қауіпті күні, қауіпті түнінде жылқы күзетуіне, жылқы інірттеуіне кірісе бастадым. Маңайда, бір жерде жүрісі суық жортуылшы көрініп қалса, мен де Балабайдың жарамды атына мініп, жылқы інірттесіп келуге баратын болдым. Жылқы күн сайын інірде, жатарда, ауылға иіріледі. Жылқы иірілген соң, қоймен бірге жылқыны да күзетіп отырамыз. Бір күнгі кештің ғана суретін азырақ айтып өтейін.

Міне, қораның шетінде, жібек көктің үстінде текемет салып, Балабайдың қызы қотандағы малды күзетіп отыр. Иығында шапан. Қолында өзінің шешен домбырасы. Жазғытұрғы кеш жібектей. Аспан көкпеңбек. Бырдай қып, сансыз алтын шегемен сөндеген көк торғын шатырдай.

Тек әредік-әредік жібек торғындай қақтап бедерлеген жұқа күмістей ақ шарбы бұлттар бар. Олар көкке жалатқан бедерлі күміс тәрізді. Ай көк шатырға асқан алтын табақтай. Жұлдыздар мен ай қара жерге жарық сәуле төгеді. Жазғытұрымғы кешпен буланған жер ұйқыға мас болып, қалғыған тәрізді. Жер үстін ұйқының жұмсақ, жеңіл мұнары басқан тәрізді. Буланған жердің жас иісі таза ауаға сіңіп толған. Төңірек жым-жырт. Қотандағы иірілген мал бырдай. Ауыл тым-тырыс. Маужырап қалғиды. Көкке тойған қотандағы малдар маужырап ұйықтайды. Тек анданда қотанның әр жерінен малдың ұйқысырап мекіренгені, ыңырсығаны, ішін тартқаны естіледі. Қозғалып, тұяқ серіпкені естіледі. Биік аспан, жер-дүние тынысқа кірген. Төңірек, ауыл, қотан төтті ұйқының мұнарында, мал ұйқының тербеуінде. Қотанда бырдай боп ақырын ыңыранып қой жатыр. Маужырап жусап иірілулі жылқы тұр. Жылқының шетінде, текемет үстінде қотанды күзетіп Балабайдың қызы мен екеуміз ғана ояу отырмыз. Ақырын домбыра шертіп Сәулім отыр. Шалқамнан көкке қарап, жұлдыз санағандай, мен жатырмын. Қасымызда қаңтарулы бөйге күрең қасқа айғыр тұр. Сұлу, жүйрік күрең қасқа айғыр қалғып кетіп, анда-санда ішін тартып, тамсанып қояды. Төңірек тым-тырыс. Тек Сәулімнің қолындағы ыңырсып толғанған домбыраның өні ғана ақырын сыңқылдап шығады. Домбыра сарыны ыңырсып, қалтырап, ақырын толғанады. Торғын, жұмсақ тұнық ауаны дірілдетеді. Нәзік, қалтырап тартқан әдемі дыбыс маужыраған қотанды, тыныс толтқан дүниені ақырын әлдилеп, жұмсақ тербеген тәрізді... Сәулім домбырасына «Зұлқияның өнін» салады. «Зұлқия» Ақмоладан шыққан белгілі өн еді. Зұлқия есімді бір бақытсыз әйелдің зары... Зұлқия зарлы, қасіретті өнін жас баладай өзін-өзі жұбатып отырып салған тәрізді...

...Оспанбайдың қызы едім мен Зұлқия,
Зұлқияның қолында гармония,
Өлди-ай!

Бір жаманға қор болып кеткенімше,
Бір жақсымен болайын компания,
Әлди-ай!
Қой, қой, бөпем! Қой, бөпем!
Жылама, сәулем, әлди-ай!
Мың сиырды бастаған кер құнажын,
Қасірет ойлай бетіме түсті-ау әжім,
Әлди-ай!
Мал бердім деп бір жаман ие болад,
Қасіреттің ісіне бар ма лажым? —
Әлди-ай!
Қой, қой, бөпем! Қой, бөпем!
Жылама, сәулем, әлди-ай!
Қызыл пілік ауылым аралында,
Теңім емес сол жаман, барамын ба?
Әлди-ай!
Өзім теңді сол жаман адам болса,
Сау басыма сақина салайын ба?
Әлди-ай!
Қой, қой, бөпем! Қой, бөпем!
Жылама, сәулем, әлди-ай!
Кім тындайды қыз сорлы жылағанмен,
Көздің жасын көл қылып, бұлағанмен?
Әлди-ай!
Шыңырауға түскен соң шығу қиын,
Жалбарынып төңірден сұрағанмен,
Әлди-ай!
Қой, қой, бөпем! Қой, бөпем!
Жылама, сәулем, әлди-ай!

Иә, өзін-өзі жұбатпаса, кім жұбатқан қыз сорлыны! Кім тындаған қыз сорлының жылағанын, кім көрген оның көз жасын!

Қотандағы қойдың ұйқысырап, ауыр, меңіреу ыңқылдап ыңыранғаны ғана, иірулі тұрған жылқының қалғып, оянып кетіп ауыр күрсінгені ғана Зұлқияның зарлы өнін, қасіретті өлеңін қостаған тәрізді... Маужыраған жер мен көкте үн жоқ... Жер мен көк меңіреу...

Міне, бұл — Балабай ауылында кешке ауылға иірілген жылқы мен қотандағы қойды күзетіп жүрген көп кештердің бірінің суреті.

Жапсарлас отырған бір ауылдарға сол елдің болысы мен приставы келді.

Колчак, алаш заманында милиция бастығын «начальник» десе де, Баян маңындағы ел «пристав» дейтін.

— Неге келіпті? Не жинай келіпті? — деп Балабай ауылы үрпийсіп қалды. Тез хабарласты.

— Соғысқа керек деп ауылнай бір ат, бір арба, бір кесек киіз, бір адамнан жинай келіпті. Бұйрықтары тығыз болса керек. Осы шытырлатып жатыр... — десіп келді.

Оның артынан іле «жараған ат-арбаны қолша алады екен» деген хабар келді. Болыс та, пристав та қатаң деседі. Болыстары қаржас Шорманның бір баласы.

Балабай ауылында бір тәуір арба бар. Онсоң төрт-бес тәуір ат-айғыр бар. Әсіресе бөйге жирен қасқа айғыр. Балабай балаларының айтуынша жирен қасқа айғырға Шорманның болыс баласы құнан күнінен сұқтанып жүреді екен. 1916 жылы, қазақ жастарын әскери жұмысқа алғанда, жирен қасқа айғыр — бөйге алып жүрген дөнен. Шорманның болыс баласы Балабайдың екі баласын әскери жұмыстан қалдырып, бөйге қасқа дөненді алады. Патша түскен соң бөйге қасқаны Балабайдың балаларының өздері қайтадан ұстап алады. Енді Колчак пен «Алашорда» заманында Шорманның болыс баласы қайта болыс болып, «Алашорда» әскеріне көмек жинап, елді «шытырлатқан» бетімен келіп, Балабайдың жирен қасқа айғырын көздейді.

Балабай ауылы састы. Мұқай менен ақыл сұрады. Мен өзімше ақыл айтқан болдым. Балабайдың да, Мұқайдың да арбасын ауылдан қашығырақ жердегі өзектің жарына тыққыздым. Балабайдың жылқысындағы бес-алты жақсы ат, айғырын ұстатып, тізгізіп, азыққа қатық, қымыз, ірімшік алып, өзім жирен қасқа айғырға мініп, қасыма Балабайдың қасында отырған үйдің жігітін (иесін) алып, тізілген ат-айғырларды соған жетектетіп, тауға шығып кеттім. Елден болыс пен пристав кеткен соң, ауылдың біреуі тауға келіп хабар қылатын болды. Хабар қылғанда бір биіктеу жерге келіп, алыстан атой беретін болды.

Біз ат-айғырларды тауға өкеліп, таудың басындағы қораға аттарды кіргізіп, пішен салып қойып, қарауыл қарап күнді өткізіп, түнді өткізіп жаттық.

Сөйтіп, ат-айғырлар мен арбаны аман алып қалдық.

Солайша Балабай ауылында айдан аса жаттым.

Өзіміздің елге келу

Мұқайдың торы шолақ айғыры тойынды. Көк жетілді. Жаз толықсыды. Жұрт аққа молықты.

Бір күні Мұқай арбасына торы шолақ айғырын жекті. Ескілеу текеметін арбаға салды. Мен көшір болып, айғырдың тізгінін ұстадым. Мұқай «үлкен кісі» болып, арбаның орта беліне отырды. Балабай ауылымен қош айтысып жүріп кеттік. Мен Мұқайдыкінде киімдерімді тағы да өзгертіңкіреп алдым. Баянда, Ілиястікінде бастағы құлақшынды қалдырып, қоңыр елтіріден тымақ істетіп, ескі шытпен тыстатып кигемін. Ілиястың баласы Рақышқа іштен киетін орысша шұға бешпентімді беріп, оның бір ескі, жамаулы жыртық қазақша бешпентін кигемін. Енді Мұқайдың қатынына сырттан киіп келген, сырты күйе болған қоңыр тібен, іші күзен бешпент ішігімді беріп, ескі, жыртық, жамаулы ләңке шапанын кидім.

Сөйтіп, үсте жыртық, жамаулы ескі ләңке шапан, баста жаман қоңыр тымақ, бұтта жамаулы қой терісі шалбар. Аяқта жаман жамаулы бұзаубас етік. Белде ескі шүберек белбеу. Нұсқам көшір болып, арбаның алдына отырып, ат айдап, ат доғарып, ат арқандап, ат жегіп жүруге лайықты.

Мұқайдың ауылынан біздің елге келген жолды бұл араға жазбаймын. Тек өзіміздің ел шетіне қалай кіріп, өзіміздің ауылға келгендігімді ғана айтып өтейін.

Павлодар уезінің жапсарынан Ақмола уезіне кірдік. Уез аймағы үлкен. Аяндап, оннан аса күн жүріп, жапсар елдерден өтіп, Ақмола елдерінің күншығыс-түстік жақтағыларын аралап отырып, Ақмоланың оңтүстік шетіндегі біздің елмен жапсар, аралас отыратын өзіміздің жақын рулас елдерге келдік. Талай қызықты әңгімелер қалды.

Жолшыбай түстенген, қонған елдерде әңгімелесіп отырамыз.

«Большевик пен сары орысты» әңгіме қыламыз. «Сары орыс» деп Колчактың әкімдерін, орыс байларын айтады. Қалың қара бұқараның көбі-ақ «сары орысты» күнкілдеп қарғайтын болыпты. Кейбір жерлерде «большевик келсе екен» дегенді де айта бастапты.

Бұрын біздің ел жаз жайлап отыратын «Сабырқожа» деген өзенге келдік. Соңғы жылдары «Сабырқожаға» біздің ел келе алмай кейін, Есен деген өзеннің бойында қалған

екен. Сабырқожа мен Есеннің арасы (100) жүз шақырымдай. Арада, жолда, жол маңында ел сирек. Тек Сабырқожадан он бес, жиырма шақырымдай жерде, жолымызда «Құндызды» деген өзенде бір-екі ауыл бар. Одан шыққан соң он бес, жиырма шақырымдай жерде, «Шөптікөл», «Жаманкөл» деген көлдердің басында бір-екі ауыл бар. Одан шыққан соң жолда «Нұра» деген өзеннің бойында бір-екі поселке бар. Одан әрі біздің елге шейін ел жоқ. Жұрттың айтуынша елсізде жол тосқан жүргінші ұры көп. Қорқыныш. Бұл хабарларды әркімнен әр түрлі естіп, торы шолақ айғырды айдап күн еңкейген кезде Сабырқожа өзенінен өттік. Жәнімізде, өзеннің біз өткен жағында бір-екі ауыл отыр. Бай ауыл, ақ ауыл. Мал көп. Өзеннің бойында қалың көгалды бырт-бырт жұлып, пысқырып, қаптап қыбырлап құлалы жылқы жатыр. Ауылдардың сыртында қаптап, бырдай болып, ызыңдап, қалың ақтылы қой жатыр. Ауыл маңында сиыр, түйе, қара-құра көп. Ауыл бай, атақты ауыл. Заманында Ақмола уезін билеген аға сұлтан Құдайменде Қоңырқұлжа төренің баласы Жәңгір төренің аулы. Бергі ауыл Жәңгірдің өз аулы. Арғы қасындағы ауыл бір байлау төленгіттің аулы. Жәңгір аулында күмбездей үш ақ орда тұр. Шағаладай шаңқан ауылдың сыртында жекерек тағы бір аппақ үй тігіліп жатыр. Екі көзім ауыл мен малда. Біздің елмен жапсар отырса да бұрын Жәңгір аулын көрген жоқ едім. Бірақ Жәңгір ауылы туралы көп әңгімелер естуші едім.

Біз Сабырқожа өзенінен өтіп бір өзекке түсіп, енді одан шыға келгенімізде алдымыздан қарсы, бір ат жетектеген салт атты жігіт шыға келді. Сақал-мұрт жоқ. Ашаң, аққұба жігіт, төуір киінген... Тани кеттім. Сәлемдестік. Жөн сұрасып, тұра қалдық. Мұқай сөйлесіп тұр. Танымаған адамша мен жай ауылға қарап отырдым. Бұл жігіт осы елдің баласы еді. Аты Өуесқан, әкесі Ахметжан қожа. Өуесқан Ақмолада мен оқыған қалалық орыс школында оқыған еді. Менімен бір класта емес, кейінгі класта оқыған еді. Өзі 1916 жылғы қазақ көтерілісі кезінде «бір орысты өлтірді» деген жаламен бір қыс абақтыда отырып шыққан еді. Мұқаймен екеуі жөн сұрасып тұр. Жай, суық жүзбен бетіне қарадым. Өуесқан маған қадалып тұр екен. Мұқайға:

— Тоқа, Енең баласының қай ауылына бара жатыр едіңіз? — деді.

— Жәнібек ауылдарына, — деді Мұқай.

— Ол ауылдардың қайсысымен жегжат едіңіз?

Мұқай:

— Сейфолла деген кісі біздің жиен болушы еді, — деді.

Мен тағы да Өуесқанның бетіне жай қарадым. Өуесқан енді маған өте қатты қадала қарады.

— Сіз осы Сөкеннің несісіз? — деді. Мен түсінбеген болып:

— Сөкеніңіз кім? — дедім. Өуесқан:

— Кәдімгі Сейфолланың Сөкені... Садуақас... — деді.

Мен аң-таң болғансып, аңырайып Мұқайға қарап:

— Бұл кісінің Сөкені кім? — дедім.

Өуесқан жылдамдатып:

— Ойбай, Сөкенді білмеуші ме едіңіздер. Сейфолланың Сөкен деген баласы бар еді ғой... Шіркін, кетті ғой! — деп менің жайымды айтты.

Танытпай кететін болдық. Бірақ Өуесқанды қимадым. Ал қазақ жайы белгілі. Сырынды досыңа айтсаң, досың өз досына айтады. Сөйтіп, сенің досыңа айтқан сырын елге жайылады. Сонда да Өуесқанмен сөйлескім келді.

Өуесқан:

— Қайыр енді! — деп қозғала берді.

— Сіздің атыңыз кім? — дедім.

Тағы да менің бетіме қадалып тұра қалып:

— Өуесқан, — деді.

— Мені танымадыңыз ба? — дедім.

Өуесқан аттан ұшып түсті. Жылап келіп, мені құшақтай алды. Арсалақтап, балаша қуанып жатыр. Аттан түсіп, көгалға отырдық. Көп сөйлесіп отырдық, көп хабар білдім.

— Колчак өбден сұмдық болып алды. Ақмола мен Атбасар арасында бір поселкеге ылғи большевик крестьяндар жиналып, Атбасарды алмақ болып тұрған жерінде, соларды қыруға Атбасардан, Ақмоладан көп әскер шығып, бәрін қырып, поселкелерін жермен-жексен қылыпты. Содан кейін Ақмолада «большевик» дегенді атып жатыр. Түрмедегілерді аты. Біреуді біреу өштікпен «мынау большевик» деп көрсетсе болғаны, ұстап алып, абақтыға жабатын болды. Құмкөл елінің бір мұғалімін «большевиксің» деп, қалаға апарып, түрмеге салып аты. Бекетайұлы Тілеубекті де абақтыға салды. Баласы Сейітрақманды абақтыға салды. Өзінің жолдасың Нұрғайынды аты. Тағы да толып жатыр атқан адамдар, — деді.

Өзеннің жоғарғы жағынан бір тазы ерткен, салт атты, сары жігіт келді. Сөлемдестік. Ат үстінде тұрып, сары жігіт Өуесқаннан біздің жөнімізді сұрады. Өуесқан:

— Сүйіндік жағынікі. Тоқа Сейфолланың нағашылары екен, — деді. Сары жігіт:

— Ө-ө, Сөкеннің әкесі Сейфолланың ба? — деп, жөне бірдеме деп жүріп кетті.

Өуесқанмен қош айтыстық. Оның айтуымен Жәңгірдің өз ауылына қонбай, аржақ қасындағы бай төленгіті Байтуған дегеннің ауылына қонуға келдік. Өйткені Жәңгір ауылында болыс пен тілмаш жатыр екен.

«Жазым болып, танып қалар» деп, Өуесқан Жәңгір ауылына қонбауымызды ұйғарды. Біз Байтуған ауылына келгенімізде күн батуға таянған кезі еді. Аспанды бұлт басып, желдетіп, ептеп жаңбыр сіркіреп кетіп тұр еді.

Байтуған едәуір бай, екі-үш жүздей қойы бар. Сиыры, өгізі көп. Үлкен боз киіз үйі бар. Торы айғырды үйдің сыртына доғарып тастап, үйдің жанына келдік. Байтуған кемпірі мен екеуі үйіне бізді кіргізбеді, қондырмады. Байбалам салып, баяпарланып: «Қондырмаймын, кетшікет!.. Қазақтың қаңғығанының қонақ үйі емеспін! Аулақ жүр!» — деп жатыр.

Басқа барар жер жоқ. Дағдардық. Тамақ бермесе де, кетпеуге бел байладық. Қазақша айтыстық. Ұрыстық. Жанжалдасып, еріксіз үйге кірдік. Өздері үйде отырмады. Тыста боқтап жүр. Балағаттап жүр. Біз қаракөленке үйде отырдық. Өлден уақытта келіні от жақты, жігіт баласы келді. Бөрі де бізге тым-тырыс. Байтуған үйге кіріп отырды. Кемпір де кіріп-шығып жүрді. Бөріміз де отқа таяу отырмыз. Енді кемпір де келіп отырды.

Сол ай «оразаның» айы еді.

Ауызашарға даярлап, қайнатып отырған шайы бар екен, жасады, лажсыз бізге де шай берді. Баласы қатынын ұрды. Жігіт былш еткізіп қатынды тұмсыққа періп кеп қалды. «Шіркіндердің сыпайысы-ай!» — дедім ішімнен. Енді біраздан соң азырақ бой үйренісіп, Байтуғанмен өңгімелесе бастадық. Мен білмеген болып, Жәңгір төрені сұрап отырмын. Байтуған Жәңгір төрені, ой, мақтады! Мақтады! Мырзалығын мақтады.

— Бір жылы, бір тұмса күшіктеген қаншыққа тоқты сойып салды... Зекет бергенде санап, алдынан өткізіп, жүз

жылқыдан жүз біріншісі айғыр болса да, аягөз ат болса да, молдаға ұстатып беруші еді... Құрбанға өгіз союшы еді. Малайларына бір бөлек арнатып құрбан шалғызушы еді. Бұл төреден мырза жан жоқ еді ғой... — деді. Әбден бажайлап сұрап болып, Байтуған әбден төресін мақтап болған соң, мен төрені жамандауға кірістім.

Түнімен жаңбыр жауды... Төсексіз бүрісіп, Мұқай екеуіміз төр алдында жаттық. Ертеңінде ерте тұрып, өлгі кемпір бізді тағы да боқтап, үйге кіргізіп қойған қамыт-саймандарымызды тысқа атқылап лақтырып жүр екен... Атты суғарып, біраз шалдырып алдым. Сәске кезінде жүріп кеттік. Жолдың сазынан ат ауырлап, арбаны тарта алмаған соң, біраз жаяулап, кешке Шөптікөлге келдік. Шөптікөлге таянып, аяндап келе жатқанымызда, артымыздан ұшыртқан үш атты кісі жетіп келді. Сөлемдесті. Тағы да тани кеттім. Біздің қонайын деп келе жатқан Шөптікөл, Жаманкөлдегі ауылдардың жігіттері. Бұл ауыл да бізбен жапсар отыратын Тоқа деген бауырлас ел. Тек болыстары басқа. Атты аяндатып келеміз. Үш жігіт те қатарласып аяндап, бізден жөн сұрасып келеді. Үш жігіттің біреуі 1917 жылы осы елдің ауылдық съездерін жасап, комитеттерін сайлағанда, менің бірсыпыра күн қасымда болып еді. Аты Әбіш. Келе жатып бетіне қараймын, Әбіштің де екі көзі менде. Ат үстінде қисайып, маған көп қарап отырды. Мен түсімді бұзбадым. Үш жігіт бізбен сөйлесіп отырып танымай жүріп кетті. Кештетіп келіп Шөптікөлдегі Бейсембай ауылына қондық.

Ол ауылға танытпай, Шөптікөлдің қасындағы Жаманкөл басында отырған Көшмағамбет ауылына сәске түсте келдік.

Ауыл көшіп жатыр екен. Бұл ауылда біздің әкеймен немере-шөбере екі апай бар еді. Енді бұларға амандаспай кетуді, танытпай кетуді лайық көрмедім. Бір апайдың жығып жатқан үйінің қасына келіп тұра қалдық. Үйлерін жығып көшіп жатқан ауыл бізді елеген жоқ. Сол арада біздің қасымызға кешегі ат үстінде жолыққан Әбіш деген жігіт келе қалды. Танымайды. Амандасты. Әбішті оңаша алып шықтым.

— Мені танысың ба? — дедім.

Өрине, енді Әбіш таныды. Қолымды ұстап, көзіне жас алды. Әбішке қысқаша жайды айттым.

— Енді сен ана апайға барып түсіндіріп айт. Жылаушы болмасын. Жай амандасайық. Білінбей қалсын, — деп Әбішті жібердім. Әбіш барып, шаңырақтан үйдің уықтарын алып жүрген апайға жайлап айтып тұр. Көріп тұрмын. Екеуі біздің арбаға қарай жүрді. Таяна беріп, апай айғайлап жылап қоя берді!..

Лезде Шөптікөл, Жаманкөл басындағы ауылдардың баласына шейін білісіп, әңгіме қылды. Лезде бұрқыратып жан-жақтан шабысып, жүгірісіп келіп жатыр. Лаж жоқ. Біліндік.

Ол ауылдан ет пен қымызға тойып алып, арбаға екі мықты айғырларын жегіп, бұрқыратып жүріп кеттік. Жолшыбай қаладан келе жатқан бір саудагерге жолықтық. Шала ноғай саудагерлер екен. Жалданып келе жатқан іштерінде бір-екі біздің ауылдың жігіттері бар екен. Қастарынан өттік. Бізді таныған жоқ. Қасымыздағы Қошмағамбет ауылынан еріп шыққан баланы жіберіп, әлгі біздің ауылдардың екі кісісіне жасырып айтқыздық.

— Әуелі үлкені — Ділмағамбет, білдіртпей, елеусіз келсін. Онан кейін екіншісі — Алшағыр, елеусіз келсін, — дедім.

Барып айтты.

Біздің арбаға Ділмағамбет жетіп келді. Жылап, көзінен жас ағып жүр. Ентелеп, алақтап, сыбырлап, бізден:

— Сөкен қайда?.. — деді. Бұ да танымайды.

Мен күліп: «Сөкен мен. Бірақ жылама! Жыласаң, бүлдіресің. Ана саудагер ноғайларың білсе, жақсы болмайды», — дедім... Нұра деген өзеннің бойына түстеніп, ат шалдыруға саудагерлер де тоқтады. Біз де тоқтадық. Аттарды доғарып, шай қайнаттық. Енді арсалақтап Алшағыр келді. Қуанып жатыр. Балаша казак-орыстарды сырттан боқтайды.

Ол күні жолға қонып, ертеңінде түс кезінде біздің ауылдарға келдік. Бірдеме қылып есебін тауып, жалдаушы байынан бөлініп, салт атпен Ділмағамбет бізбен бірге жүрген. Ділмағамбетті оздырып ауылға жібердік. Жібергендегі мақсат: бірінші — үй ішінде, өке, шеше, іні, қарындастарыма даярлықпен көріну, екінші — мені өзіміздің үйдің ішінен басқаға білдіртпеу. Әуелі жақын ағайындарға да білдіртпеу. Білінбей үйге барып, біраз болып, Совет өкіметі бар Түркістанға өтіп кету. Бұл көптен миға әбден орныққан, бекіткен планым. Осыны әбден түсіндіріп, Ділмағамбетке айтып жібердім.

— Бізді Павлодар уезінен келген әкейдің нағашылары екен десін де қойсын, — деп қайта-қайта айтып, қатты тапсырып жібердім.

Жүріп келеміз. Ауылға жақындадық. Ділмағамбет озып кеткен. Бір жақын ағайынның үстінен өтіп бара жаттық. Бір топ кісі ауылдың алдында сөйлесіп отыр екен. Қастарына салт атты жастау бала жігіт келіп еді, бізге жіберді. Салт атты жігіт өтіп бара жатқан бізге шауып келді. Тани қалдым. Қатар ауылдас Сүлеймен деген кісінің Жаман деген баласы. Сәлемдесіп, жөн сұрады. Айттық:

— Павлодар уезінен келе жатқан Сейфолланың нағашысымыз. Айдаболмыз... — дедік.

Бала кісілерге шауып барды, айтты. Айта салып, қайта шауып келді. Тағы да жөнімізді анықтап сұрап кетті. Таныған жоқ. Өзім де танитын қылған жоқ едім, бетімді қисайтып, бір көзімді соқыр қылып отырып едім.

Өзіміздің ауылға бір-ақ бел қалғанда, қарсы алдымыздан, белден, бір жетегі бар салт атты жігіт шыға келді. Бізге алдымыздан ат жіберген екен деп ойладым. Бұл бос ат жетектеген бізбен ауылдас, бала күнімізден бірге өскен, бір Қадырбек деген жігіт екен. Қадырбекпен ауылда жүргенде кедейдің саяғындай әмпей едік. Бізбен сәлемдесіп тұра қалды.

«Е-е, бұл өз бетімен кетіп барады екен. Бұл да танымады ғой шіркін!» — деп ойлап тұрдым.

Мұқаймен жөн сұрасты. Жөн сұрасып болып, «қайыр енді!» деп, атының басын бұрып алды. Шыдамай:

— Сіз қай ауылдың жігітісіз? — дедім.

Даусымды танып, бетіме жалт қарады. Шыдамай, көзім күліп тұрған тәрізді еді. Қатты қысылып, сасып, секіріп түсті. Күліп жатырмыз...

Қадырбектің екі атын жегіп, айдап жүріп келе жатқанымызда едәуір жерде бір топ атты көрінді. Қатты келеді. Келе жатқан өкшесі біздің жөніміз. Бізден өтіп барады. Арамыз едәуір жер. Ойланып, топқа қарадық. Ішінде кимешекті бір әйел бар сияқты.

Қадырбек: «Ойбай, анау біздің ауылдың адамдары екен!.. Анау кимешекті Жамалекең екен!» — деп, қол бұлғап, айқайлады.

Салт атты топ бізге қарай атты қойып қалды. Бұрқыратып келеді. Біз арбадан түсіп тұрдық. Біздің ауылдың

адамдары... дүрсілдетіп жетіп келді. Анадай жерден аттарынан домаласып түсе жүгірісіп келді. Бәрінде де ес жоқ. Әсіресе ана сорлыда ес жоқ, не айтып, не қойғанын білмейді...

«Өзіміздің үй ішінен басқаға білінбеймін» деп келген қашқынды ертеңінде маңайдағы төрт-бес болыс елдің бәрі білді. Бір жұмадан соң барлық Ақмола уезі білді... «Жаяу» почта!..

ХІІІ

КОЛЧАКТЫҢ ЖАНТАЛАСҚАН ШАЛЫҒЫ

Мен елге келген кезде Колчак жанталасуда екен.

Тұмсығы қанға батқан сайын, құтырған қасқырдың көзіне қан тола береді. Көрінгенге шабады. Біреуді жарып кетеді. Біреуді бауыздап кетеді. Көрінгенге шабады. Көрінгенге тісінің қанын жағады. Құтырған қасқыр қанға көнігі болады. Шашылған қанға мас болады. Көзіне қан толады. Құтырған қасқыр имену, ойланудан кетеді...

Ә дегенде құтырған пәледен сескеніп, жан сауға қылып сескеніп қалған ел, пәленің басып алғанын көріп жанын қорғай бастайды. Құтырған аузын арандай ашқан пәлемен қарсыласады. Шуласады. Тұс-тұсынан балта, шот, айыр, күрек, бақан алып шығады. Құтырған қанды қасқырды қамалайды. Талай жан жараланады. Талайы құрбан да болады. Ақырында, қанды пәлені қамалап жүріп өлтіреді. Мен елге келген қарсанда, Колчактың қанға көнігі болып, көзіне қан толып, көрінгенге шауып жатқан кезі екен. Қанға мас болған пәлеге бұқара халық қарсыласа бастаған кезі екен.

Ер Амантай көтерілісі

(Мариновка)

Қостанай ауданында әбден ашынған бұқара халық (крестьяндар) қозғалып жасақ салып, Колчакқа қарсы жасана бастапты. Еңбекші халық бұрынғы совдепшілердің соңына еріп, көтеріліп майданға шығады. Әуелі көтеріліс поселкелерден басталып, тез жан-жаққа өршіп, кешікпей көтерілген қара бұқара Қостанайды келіп алыпты. Бірақ темір жолмен келген Колчактың қалың әскеріне шыдап тұра алмай, ұзаққа бара алмай, көтеріліс жасаушылар Қостанайды тастап кетіпті.

Бұл Қостанай көтерілісінің басында Жәлелұлы деген, Таран деген крестьяндар болыпты.

Бұл көтеріліспен жедел Атбасар, Ақмоланың аралығында, Есіл өзенінің бойындағы поселкелер де Колчакқа қарсы қозғала бастапты. Қару жинапты. Жасақ жасапты. Жасақтарын «Төңкерісшіл халық әскері» деп атапты. Жасаққа бастық совет-штаб сайлапты. Штаб Есіл бойындағы Амантай (орысша Мариновка) деген поселкеде болыпты. Бұл көтерілістің басында Горланов, Королев деген жігіттер болыпты. Горланов поселкеде адам фельдшері. Мен Ақмолада оқып жүрген кезімнен Горлановпен таныс едім. 1917—18 жылдары Ақмолада совдеп заманында-ақ совет үкіметінің жолына көріне шығып еді. Королев біздің қызыл әскердің үйретушісі еді. Совет құлағанда қолға түсіп, тұтқында болып, Қызылжарға қызыл әскермен бірге айдалып барған еді. Одан кейін Королевті біз Қызылжар лагерінде көріп кетіп едік. Королев лагерьден шығып, Есіл бойындағы еліне келген екен. Сөйтіп, Колчакқа қарсы көтерілісті бастаған екен...

Амантай төңкерісшіл советтің Темірқазығы — ұясы болыпты. Амантай жан-жаққа ұран салыпты. Ат шаптырыпты. Көкке шайқалтып қызыл туды тігіп тастапты. Түстүсынан Амантайға крестьяндар ағылып, шұбап құйыла бастапты. Белсеніп, күшті билеп, Амантай күндіз-түні даярланыпты. Атбасар, Ақмоланы алу планын жасапты. Атбасар, Ақмола қалаларының өкімдері, байлары алақтапты. Амантайға бөлек-бөлек әскер жіберіп, ештеңе қыла алмапты. Колчактан жәрдем сұрап, Омбыға телеграмманы боздатыпты. Қанды қасқыр алақтап сасыпты. Жандары мұрындарының ұштарына келіпті, Колчак Омбыдан, Қызылжардан «көр қылғыш» әскерін жіберіпті (Карательные отряды). «Көр қылғыш» отрядының бастықтары Омбы мен Қызылжардың белгілі казак-орыс атамандары — Катанаев пен Волков, Шонтонов сияқты «көр қылғыш» офицерлер, 3 атаман Атбасарға келіп, аузынан жалын шашып, қылыштарын жарқылдағып өмірін жүргізіпті. Ақмола, Атбасардың барлық ақ әскерін Амантайға аттандырыпты. Амантайға аттанған Колчактың Ақмола, Атбасар әскерлеріне тіленіп қала байлары да қосылыпты. Аз болса да, «Алашорда» азаматтарымыз деп жүрген мырзалар да қосылыпты. Бәрі шеру тартып аттанып, жүріп келіп, Катанаев, Волковтердің

бұйырған сағатында, танертеңгі алакөбеде, түс-тұсынан Амантайды қамап алыпты. Оңтүстік-күншығыс жағынан Ақмоланың «ақ батырлары», солтүстік жағынан Атбасардың «ақ азаматтары», күнбатыс жағынан Қостанай ақтарының әскерлері де келіпті. Ақмола, Атбасар «батырларының» аралығынан Катанаев, Волковтың Қызылжар — Омбыдан әкелген «кәр қылғыш» әскері келіпті. Сөйтіп, пулемет, бомба, винтовканы автомобильдерге орнатып алып, қалың жау түс-тұсынан Амантайды қоршап алып, бытырлатып оқтың астына алыпты.

Төңкерісшілдер Амантайды айнала ор қазып алып, қарсы атқылап, жауды жібермей жатып алыпты. Амантайдың үсті қалың найзағай ойнағандай шаң-шұң, ың-жың болыпты. Мың найзағай жерге түсіп, жаңбыр жауғандай болыпты.

Оқтары таусылғанша жауын ілгері бастырмапты. Амантайдың оғы таусылған соң, «ақ батырлар» тұмсықтары қанқан болып, шулап, Амантайға кіріпті. Кәр қылғыш «ерлер» Амантайды астын үстіне келтіріпті.

У-шу!.. Адамның жүйке тамырларын шымырлататын жұмыстар жер-көкті тітіретіпті. Талапты. «Олжаға» қарық болыпты.

Сосын автомобильдер бұрқыратып көше-көшемен шапқылап, әрбір үйге керосин шашып, от қойып, өрт салыпты. Үйлерінен үркіп шыққан кемпір-шалды, қатын-баланы «ақ батырлар» найза ұшына іліпті, топырлатып атпен, арбамен бастырыпты. Автомобильмен езгілепті. У-шу болған Амантайды күлмен, қанды топырақпен бастырыпты... Орыстың «ерлерінен» тіленіп еріп барған «Алашорда» азаматтары қалыспапты. Өзі тіленіп келген, Ақмола «Алашорда» комитетінің мүшесі Тәшті Нәсерші баласы қолы, басы, тұмсығы қан-қан болып, екі көк арба «олжа» алып шығыпты.

Сөйтіп, құтырған қасқырлар ер «Амантайды» типыл қылыпты. Амантайды езіскендердің кейбіреулері көзір «советшіл» болып жүр. Қостанайдың, Амантайдың үнін өшірген соң Колчак қанға мас болып, қолына іліккенді ата беріпті. Ақмолада большевикті қуаттайсың деп, іріктеп, қазағы бар, орысы бар жетпіс шамалы кісіні атып өлтіріпті. Кейбіреулерді көшеде айдап келе жатып атып тастапты. Жұртқа көрсетіп, тал түсте де ата беретін болыпты. Ақмоланың қасында салынып жатқан темір жол бойында жұмыстағы біраз ғана жұмыскерлерді бір түнде офицерлер

барып, жусатып қырып кетіпті. «Большевикті жақтайды» дегендерді топырлатып ұстап өкеп, дүрелеп түрмеге толтырыпты. Ауру болған соң, бізден айырып, Ақмола түрмесінде алып қалған біздің жолдасымыз, учитель Нұрғайын Бекмұқамбетұлын атып өлтіріпті. Біреуді біреу араздықпен «пәлен большевик» деп шақса да ұстап, абақтыға қамайтын болыпты. Қарағанды, Спасск, Нілді заводтарын иіскелеп тексеріп, қолға ала бастапты. Жұмыскерлердің бұрын ұсталған алдыңғы бастықтарынан басқа, кейінгілерінен 1917-18 жылы Совдепте болғандарын және «большевиктерге ниеттес» дегендерін ұстап дүрелеп, Ақмола абақтысына өкеліп қамапты. Бұлар: Орынбек Бекұлы, П. Умашұлы, Самузин, Ушаков, Қасен Мұсаұлы және бұлардан азғана бұрын, бір күні заводтың көшесінде келе жатып, Нұрмақ Байсалықұлын біреуді «жолдас» (орысша «товарищ») деп қалған бір ауыз сөзі үшін Колчак солдаттары ұстап дүрелепті. Үйін тінтіпті. Кемпір шешесін, қарындастарын қорқытып, шулатып бастарынан асыра мылтық атыпты. Нұрмақты Ақмолаға апарып қамап, бір Бабайұлы деген ноғай байының ара түсуімен шығарыпты. Қысқасы, Ақмола, Атбасар, Қостанай аудандарында Колчактың «батырлары», «білімді өкімдері» құтырған қасқырша ойнақ салыпты. Майлы тұмсықтарын қызыл қанға батырыпты. Атбасарда 1918 жылы совдепте болып, ел арасында жасырынып жүрген фельдшер Әділбек Майкөтұлын «Алашорда» «азаматтары» ұстап, абақтыға қамапты. Түрмеде азғана ұстап «көр қылғыш» «сары орыс» әскеріне тал түсте атқызыпты. Жұрттың көзінше! Көр қылғыш солдаттары атуға айдап бара жатқан Әділбектің соңынан самсап телміріп қарап тұрған жұрттың көзінше кішкене баласы жылап жүгіріпті.

Әділбек баласымен қоштасуға бұрылып тұра қалыпты. Солдаттар баланы да атуға мылтықтарын кезеп тұра қалыпты... Әділбек қолын бір-ақ сілтеп, жүре беріпті. Жүз адым жерге барған соң, Әділбекті жұрттың көзінше атып, қанға бояп жусатып салыпты...

Міне, қылықтары осындай.

Ақмолаға Омбы лагерінен қашып келген біздің Макалкин деген жолдасты ұстап алып, атып тастапты.

Бұлар өншейін мыңнан бірін ғана айтып отырған мысалдар. Өйтпесе «оқыған», «білгіш», «адамшылықтары зор»

мырзалардың қылықтарының бұл әншейін ұшқындары ғана ғой...

Кешікпей Ақмола өкімдері сыбырлап көзін қадап, мені де іздей бастады. Біздің елді бағып отырған Нілді заводындағы Колчак милициясының аудандық бастығы Ефремов деген орыс жігіті екен. Ефремов Ақмолада менімен бірге оқыған жігіт еді. Милицияларының бір-екеуі біздің елдің жігіттері еді. Ақмола өкімдері, менің қашып келгенімді ести сала мені ұстауға Ефремовқа жасырын тығыз бұйрық жіберген екен. Бір күні заводқа барған сол заводтың жұмыскері біздің ауылдардың Сәден деген бір пысықтау жігітінен Ефремов маған құпия сөлем айтып жіберіпті. «Сәкенді ұстап, қалаға жеткіз» деген жасырын тығыз бұйрық бар. Мен қалаға бұл ауданға «келген Сәкен білінбейді» деп қағаз қайырайын, Сәкен сақтанып, көрінбей жүрсін. Онан соң большевиктер келгенде Сәкен мені де есіне алсын», — депті.

— Жарайды, — дедім.

Және менің халімнің онша қауіпті бола қоймағаны — біздің аудандағы ел мені Колчакқа ұстап бермейді. Бір араздықпен болмаса, өкіметтен қашып жүрген кісіні қазақ ұстап бере қоймайды.

Біздің екі болыс елдің болыстары (болыстық управалары) менімен әрбір істер туралы ақылдасып жүретін болды. Сол қарсанда ояздық земствоның бұйрығымен болыс басына жиырма аттан жинаған алымды менің айтуыммен біздің Нілді елі байларға салды.

Тез Түркістанға жүріп кетуге болмады. Өйткені жол қиын.

Түркістанға Ақмола облысының оңтүстік шетіндегі атакты Бетпақ дала (Голодная степь) арқылы жүреді. Біздің елден Бетпақ далаға дейін үш жүз шақырым. Бетпақ даланың өзінің жалпақтығы 4–5 жүз шақырымдай. Одан өрі Түркістан аймағы басталады. Оның жері құм. «Бетпақ дала» — шөл, елсіз, аннан басқа жан жоқ. Киік, қасқыр, түлкі ғана мекен қылады. Сарыарқаның шалқар көлдері, ұзын аққан көкорай өзендері, сылдырап таудан аққан бұлақтары Бетпақ далада жоқ.

Асанқайғы айтқан: Бетпақ дала — қуарған қу дала, тастақ. Көкорай шалғыны да жоқ. Көк бетегелі белдері де

жоқ. Сыңсыған орманы да жоқ. Бетпақ дала жып-жылмағай. Сұлап жатқан өліктей сұп-сұр, қураған дала.

Сұп-сұр бетінде тырбиған, күнге күйіп қуарып қалған баялыш. Және тырбиған көкпенкөк сояудай қоңыр жусан, селдіреген қызыл изен. Бәрінің де түрі құп-қу. Анда-санда соқырдың көзіндей сығырайған шұңқыр құдық бар. Суы аз, ащы. Ішінде қаңбақ, бақа, қосаяқ және басқа мақұлықтар толған. Бұл соқыр құдықтарды Бетпаққа жетік кісілер ғана біледі.

Бетпақ пен Түркістан аймағының шегінде Шу өзені бар. Біздің шеткі елдердің біразы Шуды қыстайды. Арқадан Шу қыстауға барған ел Бетпақтан өтіп барады. Барғанда, күзгі қар суымен көшіп барады да, Арқаға Бетпақты басып Шудан қайтқанда, жазғы қар суымен көшіп қайтады. Сол себепті Түркістанға тез жүріп кете алмай, салқын түсуді, Шуға көшетін шеткі елдердің көшуін күтіп жаттым.

Атбасардың оңтүстік жағынан кісілер келді. Ер Амантай көтерілісінің жайын анықтап білдім. Және Қостанай көтерілісі мен оған жапсарлас Торғай «Алашордасының» әрекеттерін білдім. Және Атбасар уезін басып, Торғай уезінің шетін жанап, біздің жолдас Сабыр Шәріпұлының Совет үкіметі қолындағы Ақмешіт қаласына өтіп кеткенін білдім. Бұл туралы қысқаша болса да кейін біраз жазбақпын. Өйткені Сабырдың бастан кешірген істері ертегі тәрізді.

Торғай «Алашордасы»

Қазақстанда «Алашорда» үкіметі екіге бөлініп құрылғаны белгілі. «Алашорда» үкіметінің күншығыстағысы Семейде, күнбатыстағысы Орал облысында, Жымпиты қаласында, бұл екі «Алашорда» үкіметінің аралығында Торғайда бір үкіметі болды. О да белгілі. Торғайдағы «Алашорда» үкіметі маңындағы жапсарлас Қостанай, Ырғыз аудандарын да бағындырып тұруға талпынып жатты. Бір кезде жапсарлас аудандарды бағындырып та тұрды. Мұны енді бұл арада қысқаша бастан айтайын.

Әуелі 1918 жылы наурызда Ырғыз қаласында совет үкіметі жасалады. Бірақ Ырғыз советінің өмірі ұзақ болмады. 1918 жылы маусымның басында чехословактар бунт бастап, Сібір аймағында совет үкіметін құлатқан соң, сол

маусымның ішінде Ырғызға белгілі Орынбор казак-орыс атаманы Дутов әскері Торғайдан келіп, советті таратып, өз үкіметін жасап кетеді. Бұдан кейін төрт-бес айдан соң, қазан кезінде Ырғызда қайтадан совет үкіметі құрылады. Үкімет құрушылардың басында учитель Бөймен Алманұлы мен Кисилев жолдас болады.

Бұдан кейін біраздан соң Каспий теңізінен өтіп, түйелі керуенмен көп қару-жарақ, оқ-сайман алып, Адайдың көсілген көшпелі құмды далаларынан өтіп, Ақтөбе майданына Жангелдин келеді. Оқтары таусылып, сасып тұрған қызыл әскерді керуенмен әкелген оқ-сайманға молайтып тастап, Жангелдин аз ғана әскермен Ырғызға келеді.

Ырғыздан бастығы Алманұлы болып, біраз кісі қосып алып, Торғайға аттанады. Торғайға келіп совет орнатады. Торғайдағы «Алашорда» өзінің әскерімен сол Торғай ауданындағы бір шет ауылға барып орнап жатады. Содан 1919 жылдың наурыз кезінде, ауылдағы «Алашорда» Торғай қаласындағы совет үкіметіне сөз салады:

«Енді біз Торғай советіне бағынғымыз келеді. Осы қалпымызбен, қару-жарақ, әскерімізбенен Торғайға барып, совет үкіметінің өмірімен қызмет қылып тұрсақ екен», — дейді.

Ол уақытта Жангелдин Ырғызда болады. Жангелдин телеграммен сөйлесіп, «Алашорда» тілегін қабыл қылып, «Алашорда» бастықтарының бірі Ахмет Байтұрсынұлын қасына шақыртып алады. «Алашорда» әскерін шұбатып, тымағының құлағын жымыра киіп, көзін қасындағы жолдасына қыса түсіп, кер дөненді кері айылдап, кер тартып, кер қамшылап, кердең басып саусылдап Торғайға кіреді. Жайланып орналасады. Совет мекемелеріне кісілерін кіргізеді. Әскерге комиссарлардың помощнигі қылып Кәрім Тоқтыбайұлын кіргізеді. Ел билеу, саясат істеріне Дулатұлы, Есполұлдары кіріседі. Байтұрсынұлы Жангелдинмен Мәскеуге кетеді.

Кешікпей «Алашорда» көтеріліс (бунт) жасап, Торғайды «өзінікі» қылып жариялайды. Жангелдиннің қойып кеткен Амангелді Иманұлы деген комиссары мен оның біраз сенімді жолдастарын тұтқынға алып, қамап тастайды.

Содан кейін кешікпей Торғайға, өлгі Қостанайда Колчак үкіметіне қарсы көтеріліс жасап, Қостанайды төрт-бес күн алып тұрып, саны, сайманы асқан ақтарға шыдай алмай қашқан қызыл партизан отрядтары келеді.

Қызыл партизандар Торғайда совет үкіметі бар деп келеді. Өуелі Торғайға Таранның отряды келеді. Отряд Торғайға жақындаған соң, Таран қасына он шақты жолдас алып, Торғайға озып келеді. «Алашорда» бұларды ұстап, бір-екі жолдасы мен Таранның өзін атып өлтіреді де, өзгесін абақтыға қамап тастайды. Сөйтіп, дереу Таранның келе жатқан отрядының алдынан алдау-арбау білетін бастықтарымен отряд шығарады. Алашорда отряды Таран отрядына келіп арбасады. «Алашорда» отрядының бастықтары Таран отрядымен сөйлеседі. Мұның алдында Таран отряды пәлені сезінкіреп қалады. Дұдамалданады. «Алашорда» сөйлейді. Сөйлегенде бұй дейді:

«Біздің Торғай совет үкіметінің қолында. Біз совет әскеріміз. Сендердің кім екендеріңді біз білмейміз, сол себепті сақтанамыз. Біздің Торғайға кіретін болсаңдар, қазір бізге қару-жарақтарыңды жинап беріп кіресіңдер. Сендер қызыл болсаңдар, Торғайдан кетерінде жарақтарыңды қайтып береміз... Егерде бұл жерде бізге қару-жарақтарыңды бермесендер, сендердің ойларың түзу деп біз сене алмаймыз. Онда біз сендерді Торғайға бұл түрлеріңмен кіргізе алмаймыз. Бізге сенбесендер, міне, советтің комиссары Жангелдин қол қойған мандат...» — деп қағаздарын көрсетеді.

Таран отряды лажсыз қару-жарақтарын «Алашорда» отрядына жинап береді.

Қару-жарақты жинап алған соң, «Алашорданың» қулары Таран отрядын тұтқынға алып, Торғайға апармай, Атбасарға қарай айдап кетеді.

Іле Таран отрядының соңынан Торғайға Қостанайдан шыққан Желаевтың қызыл партизан отрядтары келеді. Желаев жолшыбай «Алашорданың» Таранға қылғанын естіп келеді. Тағы Торғайдан Желаевқа қарсы «Алашорда» әскері шығады. Желаев келген бетімен «Алашорда» әскеріне оқ жаудырады. «Алашорда» әскері тым-тырақай қашады. Далбақтап, тоңқандап Торғайдағы «Алашорда» қашады. Қашқанда тек кетпейді, түрмедегі комиссар Амангелді Иманұлы мен жолдастарын өлтіріп кетеді. Желаев Торғайды алып, керекті азық-түлігін тиеп алып, жүріп кетіп, совет үкіметінің қолындағы Ырғыз қаласына соғып, Шалқарлатып соғыс майданындағы қызыл әскерге барып қосылады. Желаев отряды кеткен соң «Алашорда» ұрандасып, қайтадан Торғайға келеді. «Алашорда» енді қодандап,

қайраттанады. Кешікпей 1919 жылы мамыр айында Желлаевтың ізімен Ырғызға әскер жібереді. «Алашорда» әскері Ырғыз советінің аз ғана жарақты қызыл отряды екі бөлек болып, Ырғыздан ұзақ кежеуілге кеткенде келеді. Әскерсіз қалған Ырғызды «Алашорда» алады. Үкіметін жасайды. Ырғыз исполкомында болған кейбір қазақ жігіттері (Жаманмұрынұлы, Тойбазарұлы, Сүгірбайұлы) жалт беріп, «Алашордаға» кірісіп кетеді. Ырғызды жау алғанын Алманов, Кисилевтер қызыл отрядпен кежеуілде жүргенде естіп, Шалқар ауданын басып, соғыс майданындағы қызыл әскерге барып қосылады.

Кисилев пен Алмановтың қасындағы орысы бар, қазағы бар, біраз жолдастары қысалшаң уақытта Ақтөбедегі соғыс майданынан қолдарындағы саймандарымен «Алашордаға» қашып барып кіріп кетіпті.

Большевикке қосылып іс қылғаны үшін, Ырғыздан «Алашорда» сегіз (8) қазақ жігітін атып өлтіреді. (Өлмен учитель, Қайнарбай учитель, Молдақұл ұста және басқалар). Торғайдан «большевик болдың» деп он сегіз (18) қазақты атып өлтіреді.

Міне, бажайламай, қысқаша айтқанда, елден алған «алымы», «салығын», елді дүрелегендерін айтпағанда, Торғай «Алашордасының» қылықтары осындай.

Торғай «Алашордасының» басында болған білімділері: Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Мырзағали Есполұлы, Сәлімгерей Қаратілеуұлы, Асфандияр Кенжеұлы, Кәрім Тоқтыбайұлы тағы толып жатқан оқыған «алаштың азаматтары»...

Түркістан, Шуға қарай Бетпақ даламен көшетін елдердің көшуін күтіп мен жүрдім... Ақмоламен астыртын хабарласып тұрамын. Омбыдағы лагерьден босанып келген Баймағамбеттен хабар келді. Омбы лагеріндегі ауырып қалған жолдастардың көбі өліпті. Өлмегендерінің қаша алғаны қашыпты, қаша алмағандарын жырақ күншығыс Сібірге айдап жіберіпті. Өлгендердің ішінде біреуі қазақ Бөкен, біреуі ноғай Хафиз, өзгелері орыс.

Ақмола уезінің оңтүстік жырақ шетіндегі Күнек еліндегі 1916 жылғы қазақ қозғалысында Николайдың елге шыққан «Көр қылғыш» әскерінің бір бастығы мен жеті атты солдатын өлтірген, азырақ оқыған баласы 1917–1918 жылы

Ақмолада большевиктерге қосылған Тақыр Омардың үйінен жасырынып жүрген Әділұлдары туралы хабарлар келді.

Біраз күн өтті...

Күз таянды. Қолчактың жаны күре тамырына таянғаны сезіле бастады. Елге тіміскілеп, кежуілші, тыңшы отрядтары көбірек шыға бастады. Біздің Нілді заводына келді. Мені іздей бастады. Бір күні күн батып бара жатқанда, біздің ауылдар үрпиісіп, қозғалысып, сыбырласып қалды... Бір алқап-ойлау жерде отырған екі ауыл едік. Кешке жақын тыста тұр едім. Үстімдегі киімдерім қазақша еді. Күншығыс жақтан, кең алқап ойды өрлеп желе шоқытып, қоқырандап салт атты екі солдат алдыңғы ауылға келді. Ауыл бір бай ағайын ауыл еді. Бай үйінің алдына келіп, екі атты солдат мінбелеп тұра қалды. Аттарынан түспей тұрды. Ауылдың жігіт-желең, қатын-баласы екеуінің маңына жиналып қалды.

«Танымас, өзім көріп, жөндерін біліп қалайын» деп, солдаттар тұрған ауылға қарай жаяу аяндап жүрдім. Солдаттардың айналасына жиналған тобырдан қарына құрық ілген бір атты кісі біздің ауылға қарай жүрді. Желіп келеді. Байдың Өреш деген жылқышысы екен. Маған қарсы келеді. Қозғалған болып, маған қамшысын қарсы сілтеді: «Қайт» дегеніне түсіне қалдым да, бірдемеге айналған болып отырдым.

Өреш келді. Түсі сұрланыңқырап кетіпті. Жай бетімен жүріп келе жатқан кісіше маған бұрылмай:

— Қайт кейін, аналар сені сұрап тұр. Тұрлері жаман. Жылдам ауылдарына жүріп, мына атқа мініп, анау біздің жылқыға кеткен жылқышы болып кетіп қал! — деді.

Өреш те, мен де ауылға келдік. Біздің ауыл үрпиісіп қалған екен. Шешей байғұс пен қарындастарым жылай бастады. Оларға кейіп, жастарын сұрткіздім де, Өрештің атына мініп, қолыма құрық алып, жайылып жатқан мырзаның ауылының жылқысына кетіп қалдым. Жылқыда жүрдім. Күн батты. Апақ-сапақ бола бастады. Солдаттар өлгі байдың ауылынан қастарына бір атты кісіні ертіп алып, жылқыға қарай қиыстап келеді. Аяндап, байқастап жүрмін. Желе шоқытып өтіп кетті. Біраздан соң бір атқа мініп, өлгі байдың жылқышысы Өреш келді. Мен ауылға келдім.

Жатарда мен ауылға түнеуге сақтық қылып, ауылдың тұсындағы бір қалың қарағанның шетінде төбешіктегі төрт

бұрышты, биікшелеу қылып шикі қыштан соққан бейітке бардым. Түнде жалғыз келіп бейіттің есігінен кіріп, үнірейген, томпайған қабырлардан аттап, бейіттің бұрышындағы шөптесінге жатып ұйықтап қалдым. Қараңғы түн. Бейіттің іші тым-тырыс.

XIV

ТҮРКІСТАНҒА ЖҮРУ

Күз басталды. Салқын түсті. Түркістан шекарасындағы Шу өзеніне қарай Бетпақ дала арқылы шеткі елдер көше бастады. Мен де жүруге қамдандым. Жолдас пен ат іздедім. Еріп жүретін жолдас табылды. Бірақ мінетін мықты ат табылмады. Өрине, ол кездегі біздей кісіге жалпылама кісі жолдас болмайды да. Ауылын, әке-шеше, қатын-баласын қызықты көретіндер ондайда жолдас болмайды. Біздей «қашқынға» ұзақ жолға жортуыл іздеген, қиыншылықта «қайрат көрсетуге» құмар, «ерлік», «жігіттік» іздеген жігіттер ғана ереді. Мұндай жігіттер табылды. Бірақ оларға мінгізіп алып жүретін тәуір ат табылмады. Ұзақ, қиын жолға мінетін мықты ат өзіме де табылмады. Біздің әкейдің бір ат, бір айғыры бар. Он шақты жылқысының өзгесі — тайбайтал, құлынды бие. Айғыры нашар, аты мықты. Бірақ ол қыстай аң аулайтын кәсібіне мінетін жалғыз аты. Ат сатып алуға артық шама жоқ. Бай ағайындар бар. Бірақ олар нашар күнінде, жаяу жүрген күнінде ат бермейді. Бұғып жүрген, жаяу жүрген күндерінде, басыңа қиыншылық іс түскен кезде ағайын болмайды. Ондай кезеңде қайта табалап, мазақтап, күліп отырады. Ал «ұлық» болған кезінде, күшті кезінде, ақшалы кезінде, жаяу жүрмей, почтамен, автомобильмен жүрген кезінде ағайын, бауыр да көп, ат та көп, дос та көп болады. Елге қашып келген соң, ағайын арасындағы жалғыз ер көңілділеуі Дәулетбек деген ағайын мінуге бір атын берген еді.

Ол арықтап қалды. Ұзақ жолға жарамайды. Ат таба алмай қысылдым. Бай ағайындардан ат сұрап бет қайтты. Көңіл қалды. Жерге түкіріп шықтым. Ыза қайнады, түрлі ой келді...

Жасымнан, үйден шығып жүргелі, көлік кемтарлығының ызасын талай тартқандарым көз алдыма келді... Ең алғаш-

қы Нілді (Успен) заводына кішкене күнімде орысша оқуға жібергенде өкей бір жамағайын Райыс деген кісінің інісі Өкілдік дегеннің түйесінің артына мінгестіріп жіберіп еді. Нілді заводынан оқудан қайтқанда Өкілдіктің ағасы Райыстың артына мінгесіп қайтқан едім.

Одан соң, Ақмолада оқып жүргенімде, жазғы босаған уақыттарда үш рет өзіміздің елдің Ұзын Омар, Садық дегеннің жүкті арбасына ілесіп, жаяулап елге қайтқан едім.

Ақмолаға барғанда да әркіммен ілесіп баратын едім. Бірде жақын ағайынымыз Қанекен мен Бидің үйлерінің аттарын мініп, Өзімқан деген ағайын жігіт екеуміз қашып кетіп едік. Одан кейін Омбыға оқуға барып, қайтып жүргенде де жүргіншілерге еріп жүретін едім. Бірде Ақмола ноғайы, ұста Мұқаметжан Манасапұлының көк шолақ ат жеккен арбасына мініп кеткен едім. Бірде Ақмола қазағы Қожамберді Сәрсенұлының арбасына отырып кеткен едім. Тіпті, 1916 жылы семинарияны бітіріп, «кісі болып» ауылға келіп едім. Қайтадан Ақмолаға қарай жүрерде бай ағайындар шеткі поселкеге шейін арбаға жегуге ат бермеп еді. Сонда бөрінің жылқылары қара құрттай қыбырлап, шырк айналады. Кең сары даланың, құба жонның үстері қаптаған жылқыдан көрінбейді, қап-қара бырдай болып жатады. Сонда бір Ыбрайымбек деген нашарлау ағайынның балалары ғана торы ала атын жегуге беріп еді...

Ақырында, өкейдің күрең шолақ атын мініп, қасыма жолдас ерте алмай, бір көрші елден Шуға көшетін онаша ауылмен сөз байлап, сол ауылға, Түркістанға жалғыз жүріп кеттім.

Онаша ауылмен көшіп, ел шетіне шықтық. Өзге көшкен ел қара озып кетіп қалыпты. Жалғыз ауыл тауларды аралай көшіп келеміз.

Таулар — көпті көрген қарттардың беттеріндей беттерін әжім айғыздаған, қабағын салған Арқаның таулары, адырлар, бұйраттар. Олардан асқан соң ұшы-қиыры жоқ, шөбі сұйық құба жондар, шұбалған қиырсыз далалар.

Ауылға түйеге артқан қосы бар төрт-бес кісі келіп қосылды. Бұлар ауылмен жақын таныс, Шуға көшіп бара жатқан Тарақты елінің адамдары Мәдібек, Ақбергендер екен. Ақмола қаласына барып, болыстарының үстінен қиянаттарын айтып арыз беріп, түк қыла алмай келеді екен. Бұлармен танысып, шүйіркелесіп, өте жақындасып қалдым.

Бәрі де адамшылықтары бар жайдары жігіттер. Бір-бірімізді сыйлап, араласып алдық. Бұлар Ақмоладан біраз хабар айтып келді.

Бәріміз үш-төрт үйлі онаша ауылмен көшіп келеміз. Бірімізге-біріміз серік. Жортуылшы ұры көп, қорқыныш.

Онаша ауыл сақпыз... Мәдібектер келіп қосылған жерде, ауыл тау ішіндегі қыстау үстінде екі-үш күн отырды. Ауылдың Темірқазық жағында бұралған кең өзектің бойында сол тауларды қыстайтын шеткі елдердің аз үйлі 4–5 ауылдары отырды.

Түн еді. Ұйықтап жатыр едік. Мен бір жігітпен қыстаудың балшық үйінде жатыр едім. Мені шығарып сала келген біздің әкей киіз үйде еді. Түн ортасы кезінде мені біреу оятты. Ояндым. Серік ауылымыздың бастығының жігіт баласы екен.

— Немене? — дедім.

Күбірледі:

— Ойбай, түр! Бір қызық бар... Бір-екі поштабай, бірі қазақ, бірі орыс-ау деймін, мына ауылға келіп жатыр. «Балқаш теңізінен келеміз», — дейді. «Әнеугі осы жақтан барған он екі әскер орысқа жолбасшы болып, апарып салып келеміз, — дейді. Әнеугіні осы жақтан, өне бойлары толған қару-жарақ, он екі төре Балқашқа қарай өткен екен ғой. Соларды апарып салып келе жатса керек... Түрегел, барайық, сен қағаздарын көр... Бұл құдай айдап келген олжа ғой... Бізге не қылады?.. Бұлардың апарып салып келе жатқандары қашқындар ғой, — деді.

Ойыма сап ете түсті. Мен ауылдан Түркістанға бет алып шығардың аз ғана алдында біздің елдің шетін басып, қастарында бір әйел бар, қару-жарақты он екі орыс, беті Балқаш болып өтіп кетті деп еді. Жұрттың айтуына қарағанда, дені офицерлер еді. Біздің елдің бір ауылының жылқысын иіріп тұрып, алты-жеті ірі ат-айғырын тізіп алып кетті деп еді. Соларды апарып салып келе жатқан кісілер екенін біле қалдым.

— Е, о не керек... жүре берсін. Апарып салып келе жатқан кісілері кім екенін, не екенін қайдан білдіңдер?.. Қой, текке пәлеге соқтықпай, жай жүруге керек! — деп жатып қалдым.

Таң атты...

Түндегі, мына ауылдағы екі поштабайдың аттарын ұры әкетті. Өздеріне қазақтар лау бермей жатыр. Лау бермеу

былай тұрсын, қоржындағы нәрселерің, ер-тоқымдарын алып қойыпты десті.

Түсте бір-екі кісімен әлгілер жатқан ауылға келдім.

Ауыл алқапта. Күздігүнгі жылы, қоңыр күн. Дала шуақтау. Қарғаларша үймелеп ауылда жиналып жүрген қазақ. Поштабайлар отырған үйге келіп отырдық. Көрдім: «қазақ поштабайы» дегендерін таныдым. Мен Ақмола түрмесінде отырғанда, бір кездерде терезе алдына келіп, маған тілдесіп, газет әкеп беретін өзіміздің көк көз сары Рақымжан екен. Екіншісін де шырамыттым. Нілді заводының ноғайы Бәуеттен екен. Мені олар таныған жоқ. Сөйлесіп отырдық. Екеуін қазақтар тысқа дамылсыз алып шығып, оңашалап бұлдыратып сөйлесіп жүр. Байқаймын, олжаламақ.

Жөн сұрасқанда Бәуеттен қазақша білетін орыс «төре» болып шықты. Мен нанған болып отырдым.

Сол елдің бала оқытып жатқан учителі келді.

Учитель екі төренің қағаздарын сұрады. Аналар алып көрсетті. Мен учительдің қасына келіп тұрған болып, жай қағаздарына қарадым. Балқашқа апарып салған «төрелерінің» мыналарға «күш-көмек қылу» туралы мөр басып берген бұйрық қағаздары екен. «Полковник пәлен... Адьютант пәлен...» деп қол қойыпты.

Рақымжан мені тысқа алып шықты. Ауылдың сыртында топтанып сөйлесіп жүрген қазақтардың бір жақ шетіне бөлек шығып біз де отырдық.

— Мен сіздің жөніңізді сұрап, Жұмақас екеніңізді жаңа ғана білдім. Біздің құда екенсіз. Мен Кәлпемұраттың Скәндірінің жақын туысқан ағайыны едім. Ана жылғы сіздің Скәндірге беретін қаракер атыңызды Скәндірден мен алған едім... Сіз маған жәрдем қылыңыз. Мынау ел мені өуре қылып отыр. Өнеугүні осы жақтан Балқашқа барған бір төрелерді апарып салып қайтып келе жатыр едік. Осы ауыл күнде аттарымызды ұрлап алды. Ер-тоқымдарымызды, қоржындағы түлкілерімізді сыпырып алып отыр, лау да бермей отыр. Не деген бұзылған ел екенін білмеймін. Сіз Қарқаралы уезінің адамы болсаңыз да, мыналар сөзіңізді тастамас, сыйлар... Сіз мыналарға айтыңыз!.. Нәрселерімізді жинатып беріп... Міне жерде, бір ауылда біздің ағайын Сейфулла деген кісі жатыр дейді, соған жеткіздіртіп салыңыз... Сонсоң Сейфулла бірдеме қылар еді... — деді.

— Сейфулланыз кім? — дедім.

— Ойбай, Сейфулланы білмеуші ме едіңіз? Сәкеннің әкесі... Сәкенді білуші ме едіңіз?.. Шіркін, Сәкен екеуіміз дос болушы едік... Әйтеуір, құтылып келіп, Түркістан кетті ғой! — деді.

Енді бір жарты сағаттың ішінде қазақтарға айтып, Рақымжандардың қоржындарын, нәрселерінің біразын, ертоқымдарын жинатқызып бергізіп, әкейлер жатқан серік ауылға алып келдім.

Бәуеттен жолшыбай ноғай екенін мойнына алды. Қазақтар болмастан үш-төрт тұлкілерін «олжалап» алысты...

Серік ауылдың әкейлер отырған бастығының үйінде Рақымжан, Бәуеттен, біздің әкей, Мәдібектер, тағы он шақты кісілер толып отырдық. Киіз үй. Ортада қазан асулы. Қазандағы ет шымырлап қайнайды. Қойдың сары қиы маздап жанады. Рақымжан мен Бәуеттен мені әлі «Қарқаралы уезінің Жұмақасы» деп отыр. Ағайыны Сейфулланың қасына келген соң, Рақымжан жарқылдап қуанып, көңілденіп алды. Қолында домбыра, екпіндете шертеді. Мол қалаған сары қи маздап жанып жатқан соң, қазанда ет шымырлап қайнап жатқан соң, үйде отырған жұрт та ойнағысы келіп отырды.

Домбыраны шерте түсіп, Рақымжан маған қарап сөйлейді:

«Жұмақас құда!..» — деп қояды.

Отырған жұрт не қыларын білмейді. Кейбіреулер шыдай алмай, теріс қарап, ақырын күледі... Рақымжан сезбейді... Рақымжан жарқылдап, домбыраны шерте түседі.

— Шіркін, Сәкен домбырашы еді ғой!.. Ақмолада қымызшыларды аралап, қымыз ішкенде екеуіміз ылғи бірге жүруші едік. Кейде қымыз ішіп отырып, домбыраны алып, қағып-қағып жіберіп өн салушы еді... Тамаша еді ғой! — дейді...

Мәдібек сездірмей:

— Көне, Сәкен салатын бір өнге салып жіберіңізші! — деді.

Өзгелер де күлімдеп, қозғалып қойып:

— Е, е! Көне, салып жіберіңіз! — десті.

Рақымжан мөз.

— Жарайды... Сәкеннің тәуір көретін өнінің бірі, өлгі жанада өзіміздің Тінәлі-Темеш ішінде жүрген бір Мәриям

Жәгөр деген орыс қызы шығарған «Дудар» деген өні еді. —
Ендеше, соны салып көрейін, — деді Рақымжан.

— I-м-м!..

Мәриям Жәгөр деген орыс қызы,
Он алты, он жетіге келген кезі.
Қазаққа Дудар деген ғапық болып,
Мінеки Мәриямның айтқан сөзі!..
Дудар-ай! Дудар, Дудар-ай, Дудар.
Дудар-ай, Дудар... е-е-ей!..

Қолында Мәриямның өткір қайшы,
Қағазға атым Мәриям жазылсайшы,
Қор болып бір қоқолға кеткенімше,
Алдымнан қазылған көр табылсайшы!
Дудар-ай, Дудар...

Дударды көп көргем жоқ, бірен-саран!..
Дудардың ауылы алыс, бітеу арал:
Ашықтық тілегіме жете алмасам,
Ілгері көрер күнім болды қараң.
Дудар-ай, Дудар...

Ауылым Өтебайдың қырқасында,
Бірде қар, бірде жанбыр бұрқасында.
Мойнына ақ білекті орай салсам,
Алмасам, өзің жазып, қырқасың ба!
Дудар-ай, Дудар!..

Дудар-ай, көк атыңды жемдедің бе!
Жеріңе уәде айтқан келмедің бе?
Жеріңе уәде айтқан келмегенің, —
«Мариям заты орыс» деп сенбедің бе?
Дудар-ай, Дудар!..

Үйдегі жұрт қалжындап отырса да, Рақымжанның өні
маған едәуір әсер берген тәрізді болды.

Рақымжан өнін шорт үзіп тоқтатып, домбыраны қат-
тырақ шертіп-шертіп жіберді.

— Сәкен өстіп салушы еді, — деп, домбыраны қоя салды...

Ертеңінде Рақымжан, Бәулеттен, біздің әкей — бәрі біздің
елге жөнелді. Мен Рақымжан мен Бәулеттенге танытпай
қалдым.

Біз енді көшіп, жылжи бердік.

Оның ертесіне тау ішінде, қыстауының жанында отырған Шуға көшпейтін Мәдібектердің бір ағайындары, баяғы Байқазы батырдың немересі Сейдуәли дегеннің ауылына кез болдық. Көштен бұрылып, Мәдібек бәріміз Сейдуәлидің үйіне түстік.

Түстеніп отырдық. От жанып, қазан қайнап тұр, Мәдібек Сейдуәлимен сөйлесіп отырды. Сейдуәли, сары тіс болған, шоқша сақалды, денелі құба кісі... Ақмоланың жайын, «арғы ұрыс болып жатқан жақтың жайын», «сары орыс пен большевиктердің» жайын сұрап отырды. Мәдібек:

— Күллі жерде большевиктер Колчакты жеңіп алып келеді. Ендігі Ақмола да алынған шығар... — деп мөлдіретіп сөйлеп отырды.

Сейдуәли уайымдап, қорқыныш қылып тындап отырды.

— Е-е, большевиктер алса, әлгі Сейфулланың баласы тағы да шыға келеді десейші!.. Дым-ақ діні қатты, бұзық бала деп еді... Тағы да шыға келеді десейші! — деді.

Мәдібек сездірмей менің санымды қысып қояды. Түртіп, қыздырмалап, Сейдуәлиге мені жамандап, сөзін қостай берді.

Мен шыдай алмай:

— Отағасы, діні қатты болғанда, бұзық болғанда, Сәкен не қылып еді? — дедім.

Сейдуәли тігініп, мені көрсетіп, Мәдібектен:

— Бұл кім еді? — деді. Мен:

— Тоқамын... Сол Сәкеннің ағайынымын, — дедім.

— Е, ағайыны болсаң, діні қатты емей, немене, әлгі, болып тұрғандарында, Ақмолада уезной комитеттен өзінің жақын ағасы, елінің ақсақалы Битабарды қуып шығыпты. Өзінің әкесін қуып шығыпты... Бұзық емей, немене, бір күні некесін бұзып, байынан он сегіз әйелді босатып жіберіпті. Намаз оқымайды дейді. Пайғамбарды «өзіміздей кісі» деп айтады дейді, — деді.

Әрине, Сейдуәлиге сыр білдірмей аттандық.

Содан жалғыз ауыл жылжып, елсізге, шөлге шықтық. Үлкен таулар артта қалды. Енді шөлге, «Бетпақ далаға» шықтық. Қуарған құба жондар, ұшы-қиыры жоқ төрізді, таусылмайды. Елсіз, жансыз бетпақ дала... Арқаның шалғыны бірте-бірте селдіреп, үзілді. Бірте-бірте қалың бетегелер де таусылды. Бірте-бірте «Бетпақ даланың» белгілері көріне бастады... Селдіреген сұр сояу жусан, тырбиған сұр-

ғылт көкпек. Тырбиған, қуарған баялыш, боз қараған. Жерінің қыраңы тастақ, ойпаңы шаңат, сортаң. «Бетпақ дала» сұп-сұр, жан жоқ, көлбеген өлік төрізді қиырсыз дала. Бетпақ далада сыдырта аяндап келеміз. Он шақты түйеге төрт үйдің жүксымақтарын артып, тізген. Ауыл бастығының әйелі салт атпен көшті алып келеді. Әйел үсті-басына қабаттап киінген. Кей түйелердің үстінде жаман шекпен күпісіне оранып, шошайып отырған кемпір, бала-шағалар көрінеді.

Елсіз ен даланы қақ жарып, изендеп, ырғалып, аяндап, шұбалып, тізіліп көш келеді. Ұшы-қиыры жоқ теңіз үстінде тізбектеліп, шұбап дүзіп келе жатқан бір топ құс төрізді. Көштің жанында бір-екі салт атты әйел келеді. Көштің алды-артына шығып, жортып төрт-бес ит келеді. Көшті қабырғалап, бір үйір жылқысын айдап, бір бала мен ауыл бастығы келеді. Жылқымен жедел, ауылдың үркердей қойын айдап, жирен байталды, жыртық шекпен күпілі сары бала келеді. Көштің алдында бес-алты атты кісі Мәдібектер мен біз келеміз. Бөріміз де ырғалып аяндаймыз да отырамыз. Сұп-сұр болған айнала, қиырсыз, көлбеген, қуарған дала...

Ел жоқ... Жан жоқ... Ұшы-қиыры жоқ. Бетпақ далада шоқтай болып, сыдыра сау аяндап жүреміз. Теңізде малтығандай қыбырлап, көктегі күннің астына қарай жылжимыз да отырамыз... Таусылмайды. Ылғи құба жоң, ылғи сұр дала. Бүгін де сол, ертең де сол. Біріне-бірі ұқсайды. Таусылмайды. Біз де бетпақты қақ жарып, таусылмайтын жондарды, қырқаларды сыдыртып, бөгелмей, жалықпай сау аяндай береміз. Елсіз, шұбалған «Бетпақ дала» да таусылмайды. Біз де ұшы-қиыры жоқ даланы қақ жарып, жан-жаққа бұрылмай, ілгері, ылғи бір қалыппен сыдыра аяндап, ырғақтай береміз. Жүре береміз... Жүрісімізді бір күйге салыстырғанда, ылғи бір қалыпты ырғалып шұбырған «бал-бырауын» күйі төрізді немесе құдды «танго» төрізді деуге болады.

Кештетіп келіп, соқыр құдыққа жете қонамыз. Лезде баспаналар тігіледі. Біреулер үй іргесінен оп-оңай баялыш шауып өкеледі. Тамызық тигізіп қалса, қу баялыш ду етіп жанады. Қызуы қатты-ақ. Біреулер соқыр құдықтан барып су өкелді. Суға талғау жоқ. Табылса болғаны. Тез шай да қайнайды. Ет те асылады. Жылқы мен аттарымыз ауыл қасында жайылып, жусан, изен, ебелекті тырсылдатып жұлып жатады. Қой мен түйелер іңірге шейін ауылды

айнала жайылып, көз байлана ғана қотанға иіріледі. Түнде төрт жаппа, бір қара қос шоқтай болып, бір-біріне тығылғандай бүрісіп, қиырсыз бетпақ далада бүкіл дүниеден адасқандай кіп-кішкентай болып отырады. Баялышты маздатып жағып, отты жарқылдатып, оттың айналасында сығылысып, әңгімелесіп отырамыз. Домбыра шертеміз. Кейде оттың жарығымен карта ойнаймыз. Ауылдың бір-екі жігіті гармонь ойнайды. Бір-екі кішкене қыз бала өн салады.

Сол көшіспен көп күн көштік...

Екі жерде бір жақтан жылқы алып бара жатқан екі топ жау қудық. Екі жылқы түсіріп алдық.

Ақырында Шуға көшіп бара жатқан Мәдібектердің елдерін қуып жеттік. Енді тұрмыстың өзінше қызығы да бола бастады. Бірақ жаза бергенге уақыт жоқ. Бетпақ дала тұрмысынан талай жазарлық түрлер бар... Бірде, кезінде басқа ишаратпен жазылар... Шуға таяндық.

Бір түні үйдің артында арқандаулы тұрған менің күрең атымды ұры әкетті, сол елдің ұрылары қашып бара жатқан жалғыз аттының атын «олжа» қылды. Қатар отырған төрт-бес ауылдың күзетсіз жатқан төрт түлік малы аман, жалғыз менің атымды ғана қадап ұрлады. Тағы да жаяу тастап, шоңқайтты да кетті. Мал ұрлауға шебер қазақ ұрлықты шығаруға қандай шебер. Ертеңінде-ақ сол түнгі «жортқан» ұрылар білінді. Бірақ ондай кезде бізге ұрылар теңдік бере ме? Ол түнгі «жортты» деген ұрылар аяқтарына да отырғызған жоқ. Бірақ шындықтарына жету қиын — сол түні «пөлен ұры жүріс қылған екен, түген ұры жүріс қылған екен» деген сөз таратып, атты шын ұрлаған ұры, алдырған кісіні бөтен ізге салып жіберуі де мүмкін. Күрең ат жоқ болды. Бетпақта жаяу қалдым. Көңіл жететін жерден мінетін ат іздедім. Бірте-бірте күн өтті. Қалың ел Шудың қабағына келді. Сол біздің Тарақты елімен жапсар екінші болысқа қарайтын Тама елінде біздің бір бай ағайынның Мақажан деген құдасы бар еді. Соған барып Мақажанның Жұмаділдасынан бір мықты ат сұрап мініп, Өулиеата қаласына жүрдім. Қасыма үш-төрт жігіт жолдас болды. Біреуінен басқасы Мәдібектің жақын інілері. Біреуі Батырбек және шойындай Сүйіндік батыр. Өулиеатаға қарайтын жапсар елдерді Батырбек пен Сүйіндік жақсы біледі. Құдандал. Батырбектің қатыны сол елдің біреуінің қызы екен.

Шудан өттік. Қыс болса да жер қара. Қалың сексеуіл басқан жота-жота, үйдім-үйдім қалың құм теңізге кірдік. Сарыарқадан «Бетпақ дала», Шу бойы, одан құм теңіз, құм іші көзге бір түрлі жат көрінді. Жүріп келеміз. Жүріс қатты.

Кешке Әулиеатаға баратын шеткі елге, Батырбектің қайнысының ауылына келдік. Арқадан бұл елге бірінші мәрте келген маған бұлардың жерінің, малдарының, адамдарының, үйлерінің түрі, барлық қайбаты тіпті басқаша көрінді. Екінші бір жат дүниенің жандарындай көрінді. Әуелі сексеуіл арасында жүрген жылқыларына кез болдық. Әдейі тоқтап, бір жылқыларды айдап көрдім. Жүндері тықыр, мойындары жіңішке, шөмек, маймиған, қамыс құлақ, тұяқтары қалың, үлкен. Одан құмдардың араларында, ойда жүрген түйелеріне кездестік. Түйелері де тықыр, сида, жүндері күнге күйген, қара. Одан аулына келдік, үйлері шошақ, тік. Адамдары ылғи сары тонды. Кеуделері тар, етегі ұзын, жеңдері тар, шолақ. Аяқтарында кебіс байпақ, не жаман кішкене етік. Адамдары өңсіз, ұяң көзінің астымен қарайды. Сөзді айқын сөйлемейді. Ішінен бір қулық даярлап отырған тәрізді.

Батырбектің қайынына екі күн қондық. Батырбек сонда қалды. Өзгеміз жүріп кеттік. Ол ауылдан шығып араға бес қонып, бірде ел таба алмай, құм арасына қалып, Әулиеата қаласына келдік...

Сағынған советке жүрек лүпілдеп келдік. Қасымызда Әулиеатаға таянып қонған елдің орысша азырақ оқыған жігіт баласы бар. Әдейі бізді ертіп шыққан. Әулиеатаға кештетіп келіп бір шеткі үйге қонып, ертеңінде әлгі жігіт бастап бізді Әулиеатаның іс басындағы қазақ жігіттеріне жағалатып ертіп әкелді. Әуелі бір әскерлік жігітке әкелді. Атын ұмыттым, өте тәуір жігіт көрінді. Пәтерінде газет, журналдары бар. Оқыған жігіт тәрізді. Жөнiмдi айтқан соң, әлгі жігіт дереу киініп, бізді құрметтеп атына мініп, бізді алып жүрді. Чеканың (ЧК) бастығына өкеп, менің жайымды баяндады. Ол бір жанып тұрған отты жас жігіт, қазақ, Жылыспайұлы. Ол да құрмет қылды. Өзі елге шығып бара жатыр екен. Одан кейін исполкомға әкелді.

Сағынған исполком жүрекке, көзге сондай ыстық. Исполкомға кірдік. Қабырғаларда ілулі Лениннің, Троцкийдің суреттері жапсырулы және түрлі жалынды сөзді суреттер тұр. Исполкомның төрағасы Қабылбек Сармолдаұлы отыр-

ған бөлмесіне кірдік. Тесіле қараймын. Алдында үстеліне қарсы отырған бір-екі орыспен сөйлесіп отыр. Біз кейінірек тұрған орындыққа отырдық. Исполкомның төрағасы Сармолдаұлының аузына, бетіне қадалып, сөздерін қадала тындап отырмын. Орыстар ақша бөлімдерінің басқарушылары төрізді, әлі ұмытқам жоқ. Орыс қызметкерлер жұрттан ақша алып, ақша беру ретін қалай төртіпке қою жөнін сұрап отырды. Сармолдаұлы кәдімгідей ақыл, жөн айтып отырды. Біртүрлі сүйініп кеттім. Жап-жас жігіт, қазақ большевик, уездік исполкомның бастығы! Кәдімгідей жөн айтып, өмір айтып отыр. Бұл уездің совет үкіметінің ең басында отырған қазақ большевиктерін менің ең бірінші көрген кісім. Бұған едәуір қуандым.

Бізді ертіп келген әскерлік жігіт Қабылбектің қазына кісілеріне айтып отырған сөзін бөліп, құлағына күбірлеп бізді айтты. Қабылбек те дереу үйіріле қалды. Қазына кісілерін қоя берді. Исполкомның бір қазақ мүшесін шақыртып алып, бізді күтуге, жататын, тұратын жайларымызды реттеуге соған тапсырды. Кенен іс қылдық. Әр қызметтегі жігіттердің күнде біреуі қонаққа алып жүрді. Бір қырғыз, бір ноғай, бір өзбек жігіттері де қонаққа шақырып сыйлады. Жататын үйіміз сол Әулиеата қаласындағы Қалмағамбет деген аз ғана оқыған арғындікі болды. Қалмағамбет бізді үйіне өзі ертіп апарды. Судыраған екпінді кісі қазақша «ағайын-бауыр» тартып күтіп, асты-үстімізге түсіп сыйлап жатыр.

Сол Әулиеатаның бір-екі мұғаліміне «Жас қазақ марсельезасы» деген өлеңімді көшіріп бердім. Әнін салып бердім. Мұғалімдер қуанып, «Жас қазақ марсельезасын» жырлап кетті...

Газет, телеграмма хабарын бас алмай оқып жатырмын. Колчактың, Деникиннің быт-шыт болып жатқан хабарларын оқып, жүрек лепірді.

Шоқайұлы «Қоқанды билеп» қоқайып жүргенде, оны естімей жатқан Түркістан еңбекші табының қазақ азаматтары қозғалып, большевик жолына кіре бастап, уездік совет үкіметінің бастығы жас қазақ большевик болып іс басқарып отырғанға көңілім толып еді. Енді, «Барлық Түркістан совет республикасының бастығы да қазақ, большевик Тұрар Рысқұлұлы деген жігіт» деп есіткен соң көңіл онан сайын толды. Республиканың қазақ большевиктерінен болған ең

бірінші бастығы! «Алашорда» ділмарлары қазақ большевиктерін газеттері арқылы сөккенде: «Қаңғырған, қағылған, соғылған, елден шыққан бірен-саран бұзықтар, қулар, большевик бола қалғансып...» — деп, балағаттаушы еді. Жоқ, «Алашорда-еке», қағылған, соғылған емеспіз!.. Біз бірен-саран да емеспіз!.. Дұрыстық біздің түскен жолымызда! Сондықтан біздің санымыз күн сайын көбеюлі. Көпшілік те бізде, күш те бізде!» — деген ойлар кірді. Өлгі оязды және барлық аймақ — республиканы басқарып отырған жас қазақ большевиктерін көріп көңіл толғанда, көңіл осы, жоғарғы ойлармен толды. Кешікпей Колчактың қолға түскенін жариялаған телеграммалар келді. Жүрек лепіріп, қайтуға талпындым. Қабылбек Сармолдаұлы «қызметке қал» деп көп жабысты. Партияның мұсылман бюросының (мұс. бюро) кең алқа мәжілісіне салып, бюро атынан менің қызметке қалуыма ұсыныс қылды. Мен бюроға Ақмоланың шабыншылық көрген ауыл халдерін айтып, баяндама қылып, мені қайтаруларын өтінген соң, ақырында, көнді. Қабылбек енді жіберетін болған соң, ұсыныс қылып, мұс. бюро маған күш көмек қылып, едәуір ақша мен жолшыбай Ақмолаға шейін үгіт, баяндама жасап отыруға мандат беретін болып, қаулы жасасты.

Қабылбектен ертеңіне мұсылман бюро атынан және исполкомның билеу бөлімі атынан мандаттар алып және ақша алып, елге тарататын екі қоржын үгіт-жобалар басылған кітапшалар алып, екі милиция алып, лаумен Ақмолаға қайттық.

Қабылбектің тек ауызша айтқанға сеніп, бұл істеген жәрдем-көмегі біздің жолымыз оңайлауына кез болғандай болды. Әулиеатаға келгенде Колчактан қашқан совдепші екендігіме күдіксіз дәлел боларлық жөнді қағаздарым да жоқ еді. Және Әулиеатада мені танытын бір адам да жоқ еді. Сенбейін деген кісі «ақтардың кісісі» деп сенбеуге де мүмкін ғой. Қабылбек білгіштік қылды. Ақтан қашқан екенімді күдіксіз танығандығы бізге үлкен жақсы болды. Мен тәрізді Омбыдан әрі қарай қашып, одан қайта Көкшетау, Атбасар, Торғай уездерін басып, Ақмешітке келген Сабыр Шәріпұлына Ақмешіт исполкомының басында отырғандар нанбаған. «Колчактың жіберіп отырған тыңшысы» деп ұйғарған. Ұстап, абақтыға тығып қойған. Бір тозақтан аман келген Сабыр іздеп келген қызылдардың абақтысына

түскен. Ақмешітте танитын адамы жоқ. «Колчак тыңшысы» саналып, абақтыда пұшайман болып жатқан. Бұдан талай жауап алған. Сабыр күйіп-жанып, «Колчактан қашқан совдепші большевик» екенін түсіндіріп, баяндап айтып баққан. Ақмешіттің топас әкімдері оған ешбір нанғысы келмеген. Сабыр едәуір жатқан, көп азап көрген.

Ақырында мұны сынамаққа түрмеден шығарып, қасына мылтықты бір-екі солдат қосып, Атбасар уезінен ашығып жатқан Ақмешітке астық келтіруге жіберген. Сабыр аз уақытта Атбасар уезіне, Есілге шейін барып, өдемі тізбек байланыс жасап, Атбасардың Ақмешіт жақ шетіндегі «Қасен ханмен» шарт (договор) жасасып, көп түйелік керуенмен Ақмешітке астық апарған. Бір емес әлденеше апарып, ашығып жатқан Ақмешіт қаласына көп пайда көрсеткен. Сабырдың мұнысына да азық-түлік комиссарынан басқа Ақмешіт әкімдері тиісті баға бере алмаған. Ақмешіттің азық-түлік комиссарын Ташкентке шақырып өкеткеннен кейін «Сабыр Шәріпұлын мұнда жібер» деген Ақмешіт исполкомына Ташкенттегі Аймақтық ЧК-дан телеграмма келген. Сабырды тағы да тұтқын қылып, бір солдатпен Ташкенге айдап жіберген. Сабырлар Ташкенге белгілі Осипов көтерілісі болып күшпен басылып, енді Ташкен советінің төңкерісшіл Комитеті мен Чекасы (ЧК) қаланы тінтіп, тексеріп, күдікті адамдарды «шапшаң сотпен» атып жатқан үстіне тура барады. Үрпип, демін ішіне тығып алған қалаға келеді. Сабырды турадан-тура «шапшаң сотқа» апарды. Сол қаһарлы тынысын ішіне тартқан, қимылы шапшаң, қабағы түйілген «шапшаң сот» үш-төрт-ақ жауап сұрайды. Соттың бір мүшесі:

— Ө-ө, мұны білемін, Колчактың облыстық комитетінің мүшесі! — дейді.

Соттың бастығы «апар» дейді.

Атылатындарды шығаратын есікке қарай Сабырды жетелейді. Атылуға апаратындардың аты-жөнін жазып алып отырған жігіт Сабырдың аты-жөнін жаза бастайды. Көк тырнақты көрі ажал Сабырды бүріп құшақтап алады. Ұзақ азап тартқан жанның енді тыныштанатын минуты жетеді. Сабыр сол арада біраз мөңгі тыныштық мұнарына мең-зең болып елтіп отырып, селк етіп ышқынады. Жан алқымға келеді. Сабыр жұлқынып, тағы да сотқа өзінің кім екенін жан ұшырып асығып сөйлей берді. «Шапшаң сот»

азырақ ойланып, шын күйініп сөйлеген сөзді тексермек болады.

— Білетін кісің бар ма? — дейді.

Сабыр әлгі Ақмешіттен Ташкенге шақырылып келген азық-түлік комиссарын айтады. Сөйтсе, ол Ташкенге келген соң, Чеканың бастығы болған екен. Осипов оны өлтіріп кеткен екен. Тағы да Сабырға:

— Сені ертеңге дейін кепілге алатын кісі табыла ма? — дейді. Ондай кісі жоқ. Сабыр аларып айнала қаранады... Сабырдың қасында тұрған, Сабырды Ақмешіттен өкелген қызыл солдат:

— Мен кепілге аламын, — дейді.

Сабырды қызыл солдатқа бір тәулікке кепілге береді. Содан ілініп, Сабыр сол уақытта Түркістанның ЧК-сының бақылау комиссиясының мүшесі, Түркістан республикасына ең алдымен совет туының шылауын көтерген, қолмен санарлық азаматтың бірі Дүйсебай Нысанбайұлына жолығып, істі баяндап, ақырында өлмей қалады.

Бұдан соң Сабыр Дүйсебайлармен жақындасып, Мәскеуден Түркістан келген Куйбышевке кіріп, баяндама жасап, Апинға жолығып, бұлардан мандат алып, партияның тапсырған жобаларымен Түркістаннан Торғай, Ақмола губернияларының оңтүстік жақтарына шығып кетеді...

Сабыр сөйтіп Ақмешіт әкімдерінің топастығынан көп бейнет көріп, ақырында текке атылып қала жаздайды.

Ал Әулиеатаның Қабылбек басқарған үкіметі ондай топастық көрсетпеді.

Біз тағы да екі қоржын кітапшалар және жолға керек нәрселер алып, сексеуілді «құм теңізбен», Шумен, Бетпақ даламен Ақмолаға қайттық...

(ақыры бар)

1926 жыл, 17-сәуір.

Қызылорда.

Сәкен.



“Тар жол, тайғақ кешу” романының авторы **Сәкен Сейфуллин** (1894–1938) қазіргі Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Нилдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы приход мектебінде, Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқиды. Тұңғыш өлеңдер жинағы “Өткен күндер” деген атпен 1914 жылы Қазан қаласында жарық көреді. Барлық жанрда қалам сілтеген қаламгер өз дәуірі үшін жаңа тақырыптар көтерді, қазақ жырының құрылымына тың өрнектер қосады, “Біздің тұрмыс” атты елеусіз жүрген романымен қазақ прозасында психологиялық талдау тәсілдерін орнықтыру үшін зор үрдіс қалады.

Сәкен Сейфуллин қазақ жерінде Қазан төңкерісін жүзеге асырушылардың бірі болды. Ақмола Совдепін құрып, азамат соғысы жылдарында атаман Анненковтың азап вагонында, Колчак лагерінде қорлық көріп, мекнат тартты. Сәкенді адам ретіндегі қайсарлығы, принципке адалдығы үшін де бағалау керек. Ол көптеген жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының басшысы, Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры, “Еңбекші қазақ” газеті, “Әдебиет майданы” журналының редакторы, Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Советінің Председателі болды.

Халық бақытын жұмысшы-шаруа революциясынан таппақ ниеттегі жалынды қайраткер өзі құрысқан мемлекет ұстанған теріс саясат құрбаны болды.

Дәуір ұранына сәйкес қазақ топырағында тарихи-революциялық тақырыпқа барған тұңғыш роман – “Тар жол, тайғақ кешу”. Ол 1922 жылдары жазыла бастап, 1927 жылы жеке кітап болып шықты. 1936 жылы өңделіп, толықтырылып, екінші рет басылды. Шығармада 1916–1919 жылдардың оқиғалары қамтылады.

Роман сюжетіне дінгек боп орналасқан аса көрнекті азамат ақын, күрескер Сәкен Сейфуллин тұлғасы зор тарихи-әлеуметтік құбылыстың қазақ жеріндегі дүмпуін, сахара халқының ұлттық-саяси бостандыққа ұмтылған алмағайып тағдырын елестетеді. Автор – қаһарман бар болмыс-бітімі мен дара характер ерекшеліктеріне қарамастан, үлкен

жалпылаушылық сипаттарға бай. Қаламгер өз басынан кешкен сұрапыл оқиғаларды еске түсіре отырып, эпизодтық кейіпкерлер өмірінен тікелей баяндау немесе авторлық шегіністер арқылы уақыт шындығын көрсететін мәлімет, хабарлар келтіріп отырады. Романда төңкеріс қарсаңы мен кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның бар түкпіріндегі саяси-қоғамдық істердің бағыты, барысы, салалары кең пайымдалады. Автобиографиялық кейіпкер тіршілігі ел ішіндегі іргелі әлеуметтік-психологиялық құбылыстармен тығыз байланысты. Роман композициясындағы екі сюжеттік жұлгенің бірлесе дамуын, бір-бірін толықтырып, мазмұндық жағынан байытуын аңғарамыз. Сәкеннің жеке басынан өткен жағдайлар газет мақалалары, хат, телеграмма мәтіндері, лирикалық шегіністер, әңгімелеу түрлеріндегі тарихи шындық деректерін нақты мысалмен өрнектейді.

Романда белгілі қаһармандар тобының арасында фабулалық негіз бойынша тұтанып, өрістейтін, шарықтау шегіне жетіп, шешімді табатын әдеттегідей тартыс жоқ. Мұндағы тартыс жалпылық көлемде алғанда не ықылым заманнан бері тақымға басқан үстемдігінен айрылғалы тұрған байболыс, төрелер мен патша жандайшаптары және материалдық игіліктер бөлісінен ысырылып қалған, әлеуметтік-құқылық бостандығы шектеулі еңбекші бұқара арасындағы әскери, идеологиялық қақтығыс. Тар мағынасында – Анненков, Колчак армиясын жақтаушылар мен Ақмола Совдепі мүшелерінің күресі. Біз қазір құндылықтар парадигмасын ауыстырғанмен, “Тар жол, тайғақ кешудегі” бас қаһарманмен бірге абақты азабын, Анненков вагонын, Омбы лагерінің темір шынжырын көрген Катченко, Бачок, Дризге, Павлов, Нүркин, Асылбеков, Кондратьева, Панкратова тәрізді большевиктердің сенім күші мен төзім қуатын, табандылығын мансұк ете алмаймыз.

Жоғарыдағы ар-ождандық, әлеуметтік-психологиялық сапалар шығарманың баяндау жүйесі бойынша С. Сейфуллин образында әрекет-сезімдік деректер арқылы мейлінше мол жинақталады. Сәкен революцияға қалыптасқан тұлға ретінде араласады. Образдың туу, өсу тарихынан хабар беретін көріністер жоқ. Іс-қимыл, қайраткерлік ішінде ширығып, шыңдала түсетін тұтас мәнді мінез сипаттарын танимыз. Кейіпкердің саяси-дүниетанымдық бет-әлпеті жауларына

қатысты көзқарасынан байқалады. Ақмоладағы қажы-қалпе, саудагерлермен де, Орал, Торғайдағы Алашорда өкілдерімен де Сәкен публицистикалық стильде ашық айтысқа барады. Біз, әрине, мұндай сәттерге уақыт талабы ыңғайымен, әркім өз талғамына орай, түрлі рәуіште көз салуға еріктіміз. Мәселен, автор теріске шығара көрсететін Алаш қайраткерлерін қазір ұнамды қырынан пайымдауға мүмкіншілігіміз мол. С. Сейфуллин жеке өзіне тән сол кездегі пайыммен, тағдыр нұсқауымен дұшпандық жікке бөлінген қарсыластары туралы субъективті тұрғыдан сөйлеуге құлықты әрі мәжбүр. Кедейлердің “Үш жүз” ұйымын сауатсыздығы, орашалақтығы үшін қостамас, идеологиялық жауларын сынағанмен, олардың білімін, айла-шарғысын, шешендігін бағаламай қоя алмайды.

С. Сейфуллиннің теориялық, таптық ұстанымға сүйенгенін жасыру да, ол үшін жазушыны айыптау да керек емес. “Тар жол, тайғақ кешу” – ең алдымен тарихи, әдеби факт және көркем мәтін. Ал мәтін әр заманда әр адам арқылы әр түрлі оқыла береді.

Қаламгер кедей қауымына әлеуметтік аяда көз салады. Жалшы-жарлының сырт кейпіндегі ерекшеліктер шет-шегі жоқ бейнет тауқыметін бедерлейді. Ішкі әсер күйлерін, кейінгі салдарымен бірге алынған іс-әрекет түрлерін бай ауыл тұрмысындағы жай-жапсарға сай риторикалық-публицистикалық стильде суреттеу реалистік мақамға бай.

Ал бұдан басқаша синаттағы, қыр халқы қадір тұтатын рухани серпіліс сәті – той-думан көрінісі психологиялық тұрғыдан аса қызық. Баяндаушы-қаһарман қалың елмен бірге қуанады. Мұнда шешендік пен поэзия, музыканың беделі өлшеусіз зор. Шұбыра ауылындағы мереке барша сахара жұртына тән ойын-сауық архетипіне сай мезеттерді шебер өрнектейді.

Сондай-ақ “Әуілдек” аталатын тараудағы тағдыр тәлкегінен сүйгеніне қосыла алмай, сол қасіреттен жүрегін жарып шыққан зарлы әнін Әуілдек көлі жағасында әрбір кеш сайын салып, жан жарасына табиғаттың сиқырлы күшінен ем іздейтін әйел жайлы халық жадындағы естелік те қыр өмірінің шынайы детальдармен бейнеленуіне елеулі үлес қосады. Қоршаған ортаның жалпы суретінен әйел зарына ортақ лебіз байқалмайтындай. Алайда қасірет тартқан жан-дарға деген қоғам қатыгездігіне түспалмен мағыналық

егіздесу бар. Шындықты сарабал бейнелеуден С. Сейфуллиннің фольклор мен ауызша поэтикалық дәстүрлерге қатысты жаңашыл қадамы байқалады. Табиғатты суреттеудегі бұл амал ландшафтың сыртқы қасиеттері автор-қаһарман сана сфералары арқылы көрінумен ерекшеленеді. Жазушы кейіпкер жан дүниесіне үңілер сәттерде пейзаждық жекелеген бөлшектер субъективті қызмет атқара бастайды, жылаған бейбаққа қамыс сыбдыры қосылатындай, көл үстіндегі құстар мұңды дауысты іліп әкететіндей.

“Тар жол, тайғақ кешу” автобиографиялық сипаттағы роман болғандықтан, көп жағдайда автор мен баяндаушы бірігіп, ортақ қызмет атқарады. Алайда бұл екі ұғымның ара-жігі көрінетін сәттер де жиі ұшырасады. Баяндаушы-қаһарман өзінің сюжеттік желіге негізгі түйін ретінде тартылуы нәтижесінде зор тарихи-әлеуметтік оқиғаларға, айналадағы сан алуан құбылыстарға жеке көзқарасы тұрғысынан баға береді. Ол ең алдымен тура сол сәттегі жағдаяттар, көңіл-күй әсерлерін нақты қалпында бейнелеуге міндетті. Шығармада бұл процесс әрі қоғам қайраткері, әрі белгілі жазушы Сәкен Сейфуллиннің Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардағы түсінік, толғамдарымен толыға түсіп, барынша объективтендірілген.

Романдағы баяндаушы-кейіпкер тек байқап қоюшы ғана емес, шығарма фабуласындағы әр түрлі мағыналық астарларды талдап, қорытушы, оған қатысты ой-сезімді ашық жеткізуші орайында белсенді эмоционалдық рөл атқарады. Міне, дәл осы тәрізді экспрессивті актілерде авторлық позиция анық бетін танытады. Белгілі бір оқиға, құбылысқа байланысты әсер, толғаныс сипаттары баяндаушы-қаһарманның сол сәттегі жан дүниесінен хабар береді де, автор бейнесі арқылы дәлелденген сенімді интонация иеленеді. Мұндай жағдайларда мезгіл алшақтықтары сыналған көзқарас дұрыстығы нәтижесінде мазмұндық бірлікке ұласады. С. Сейфуллин романы онда суреттелетін уақыттан көп қалыс жазылмаған. “Тар жол, тайғақ кешуді” осы заман туралы тарихи туынды деп қабылдауға әбден болады. Сондықтан да баяндаушы-қаһарман мен автор арасында дүниетанымдық, саяси айырым жоқ. Алғашқысы тас өткел, тар босағадан

жанталаса өтіп жүрсе, соңғысы әлгі ерлігіне, революционер достар өміріне, дауылды кезеңге таңырқай қарап, ойлана жауап іздейтін азамат-жазушы.

Пейзаж, портрет жасаудағы С. Сейфуллиннің суреткерлік ерекшелігін тану үшін “Әуілдек” әнінің туу тарихы, кешкі ән-сауықта ерекше көрінген Қабипа атты қыздың бет-келбетін сипаттау тәрізді эпизодтарға көңіл аударсақ, терең авторлық толғаныстардың эмоционалды-бейнелеушілік күші мол екенін көреміз.

С. Сейфуллин шығармада ұшырасатын көптеген кейіпкерлерге толық тоқталып жату мүмкіндігі болмағандықтан, авторлық мінездеме беріп отырады. Мысалы, Ақмола үйездік Совдеп мүшелерін ресми түрде санамалай келіп, өзіне неғұрлым таныс кейбір адамдардың, әдеттегідей шыққан тегі мен кәсібін атаумен шектелмей, оған қосымша адамгершілік, азаматтық қасиеттерін, ең басты характер сипатын ескертіп өтеді. Бұл тұста автор-қаһарман істес болған адамдармен ғана танысып қоймаймыз, жазушының едәуір тұрақты, тыныш психологиялық жағдайларда бұрынғы айтыс-дау, жасырын әрекеттердің қызу көрігінен өткен серіктерін бағалаудағы көңіл күйі мен негізгі ұждандық-этикалық ұстанымдарын аңғарамыз. Жолдастарына берілетін анықтамалардан әсіресе оқшау, ұнамды мінез көрінетіні – қажырлылық, бірсөзділік, ақылдылық.

Алдымен субъектінің іс-әрекеті, мақсаты баяндалады, одан соң автордың эмоционалды-баға беруші тұжырымы түйіледі. Катченкоға байланысты қаламгер ұлттық характер туралы ой қорытқанда, тарихи-әлеуметтік негіздерге жүгінетінін байқаймыз. Ал Дризге мен Павлов мінездемесі қарама-қарсылығы бойынша емес, бірлігі, туыстығы орайында салыстырыла беріледі.

Романда айналада өтіп жатқан оқиға, құбылыстарды терең қуатпен бейнелейтін әсерлі жолдар жиі кездеседі. Бірінде автор-қаһарман халық басына түскен ауыртпалыққа күңіренеді, бірінде идеологиялық қарсыластарына ашынады немесе өзінің, достарының қателіктеріне күйінеді, бұқараның аңқау, надандығына кейиді. Әйтпесе, тұтқында жатқанда көрген азап-тауқиметтерін еске түсіріп шамырқанады, қиын-қыстаудан халықпен бірге шығар жол іздеп, ширығады.

Сәкен Сейфуллин романы ұлттық прозаның балаң шағында туғандығына қарамастан, жазушы көркемдік құралдарының әр алуан түрін пайдаланады. Бұл жолда ұлттық әдебиет үшін мүлде тың тақырып әрі жөргекке ораулы роман жанрының автобиографиялық үлгісіне тән кейбір стильдік-композициялық шектеулер әкелетін кедергілерді жеңе білді. Мәселен, жазушы мұрат тұтатын кейбір характер өлшеміне қарама-қарсы келетін мінез-қылықтарды кездестіріп, ашына толғанатын шағынан басқа жерде аса ірі рухани-эволюциялық мәні бар монологтарға барған. Ширыққан тақырыпқа толы бұл монологтар дүниетанымдық, әлеуметтік-ұждандық сауалдарға терең сезім толқынымен жауап іздеу, нағыз ақиқатқа үмтылу пафосын өрнектеген. С. Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешуі” қазақ ұлты бастан кешкен XX ғасыр басындағы тарихи оқиғаның талғап оқитын көркем шежіресі болып табылады.



МАЗМҰНЫ

I. РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛЫ — 1916 ЖЫЛ	3
II. ҚАЗАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ (1916 жыл)	22
III. РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫ (Керенский заманында)	37
IV. СОВЕТ ҮКІМЕТІ ЗАМАНЫНДА	66
V. ЧЕХОСЛОВАК ЛАҢЫ, АҚМОЛАДА СОВЕТ ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰЛАУЫ (1918 жыл, 3 маусым)	189
VI. АҚМОЛА ТҮРМЕСІНДЕ	208
VII. КОЛЧАК ӨКІМШІЛІГІ	247
VIII. АТАМАН АННЕНКОВ ОТРЯДЫНЫҢ ҚОЛЫНДА. АҚМОЛАДАН АЙДАЛУ (1918 жыл, 5 қаңтар)	260
IX. АТАМАН АННЕНКОВТЫҢ «АЗАП ВАГОНЫНДА»	276
X. ОМБЫ ЛАГЕРІНДЕ	315
XI. ҚАШЫП ШЫҚҚАН СОҢ (Кереку жолы)	331
XII. БАЯНАУЫЛҒА КЕЛУ	361
XIII. КОЛЧАКТЫҢ ЖАНТАЛАСҚАН ШАЛЫҒЫ	401
XIV. ТҮРКІСТАНҒА ЖҰРУ	411
<i>Түсініктер</i>	425

Сәкен СЕЙФУЛЛИН

ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ

Роман-эссе

Редактор *Есенбай Дүйсенбайұлы*
Техникалық редактор *Зайра Бошанова*
Көркемдеуші редактор *Бейсен Серікбай*
Компьютерде беттеген *Дилярам Мансурова*

ИБ № 7044

Теруге 20.08.2009 жіберілді. Басуға 28.09.2009 қол қойылды.
Қалыбы 84x108^{1/32}. Офсетті басылыс. Қаріп түрі «Тип-таймс».
Баспа табағы 27,0. Шартты баспа табағы 22,68.
· Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1006.

Қазақстан Республикасы “Жазушы” баспасы, 050009.
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

ISBN 978-601-200-207-2



9 786012 002072

9147π



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-34, 394-39-42, 394-39-22,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru